

12009

16337K

ЛЕНИН

Барлық елдердің пролетарлары бірігіңдер!

ЛЕНИН

ШЫҒАРМАЛАР

2

РК(б)П ІХ СЪЕЗІНІҢ
және ССРО СОВЕТТЕРІНІҢ
II СЪЕЗІНІҢ
КАУЛЫСЫ БОЙЫНША
БАСЫЛЫП ОТЫР

ИНСТИТУТ МАРКСА — ЭНГЕЛЬСА — ЛЕНИНА
при ЦК ВКП(б)

В. И. ЛЕНИН

СОЧИНЕНИЯ

Издание четвертое

ОГИЗ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ ИЗДАТЕЛЬСТВО
ПОЛИТИЧЕСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ
1941

МАРКС—ЭНГЕЛЬС—ЛЕНИН ИНСТИТУТЫНЫҢ
ҚАЗАҚ ФИЛИАЛЫ

В. И. ЛЕНИН

ШЫҒАРМАЛАР

Қазақша бірінші басылуы

ҚАЗАҚТЫҢ
БІРІККЕН МЕМЛЕКЕТ БАСПАСЫ
1948

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қазақша аудармасын
ҚК(б)П Орталық Комитетінің
редакциялық комиссиясы қараған
ҚК(б)П Орталық Комитеті унатқан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

В. И. ЛЕНИН

2
ТОМ

1895 — 1897



АЛҒЫСӨЗ

Бұл томға В. И. Лениннің 1895—1897 жылдарда жазған шығармалары кірді.

Томда басылған еңбектердің бір тобы — «Фридрих Энгельс», «Социал-демократиялық партияның программасының жобасы және оны түсіндіру», «Орыс социал-демократтарының міндеттері» және «Біз қай мұрадан бастартамыз?» деген шығармалар — орыс марксистерінің программалық, тактикалық және ұйымдастырушылық міндеттерін белгілеуге арналған.

Бұл томның едәуір бөлімі Лениннің халықшылдарға қарсы бағытталған мынадай экономикалық шығармаларынан құралған: «Экономикалық романтизмнің сыйпаттамасы жөнінде», «Пермь губерниясындағы 1894/95 жылдағы майдагерлік санақ және «майдагерлік» өнеркәсіптің жалпы мәселелері», «Халықшылдардың қыяли жобаға әуестігінің үлгілері» және басқалар.

Бұл томда басылған еңбектердің үшінші тобына Лениннің мынадай үгіт шығармалары кіреді: «Фабрикалар мен заводтарда жұмысшылардан алынатын штрафтар туралы заңды түсіндіру» және «Фабрикалық жаңа заң» деген кітапшалар, «Торнтон фабрикасының жұмысшылары мен жұмысшы әйелдеріне» және «Патша үкіметіне» деген үндеухаттар, «Біздің министрлер не ойлайды?» деген мақала.

1897 және 1898 жылдары «Экономикалық романтизмнің сыйпаттамасы жөнінде» деген шығармасын жарыя басуға дайындаған кезде Ленин, цензуралық жағдайларды еске ала отырып «марксизм теориясы» деудің орнына

«ең жаңа теория» деп, «Маркс» деудің орнына «немістің белгілі экономисі» деп, «бұл социализм» деудің орнына «бұл ғылым» деп лажсыздан әдейі жазған, т. с. 1908 жылы осы еңбегін басып шығарарда Ленин осы айтылған сөздердің едәуірін не текстің өзінде түзеткен немесе бет соңындағы ескертулерде түсінік беріп отырған. Шығармалардың 2—3-ші басылуында Лениннің бұл түзетулері бет соңындағы ескертулерде көрсетілген. Қазіргі басылуына бұл ескертулер негізгі текске енгізілді.

В. И. Ленин шығармаларының бұрынғы басылуында «Орыс социал-демократтарының міндеттері» деген еңбек Лениннің қолжазбасының көшірмесі бойынша басылған. Бұл көшірмеде көшірушілерден кеткен бірқатар жазу хатесі және басқа да дәл көшірілмеген сөздер бар. Шығармалардың қазіргі басылуында бұл еңбек Ленин қарап шығып түзеген, 1902 жылы шыққан кітапшаның тексті бойынша басылды.

В. И. ЛЕНИН
1897



ФРИДРИХ ЭНГЕЛЬС

1895 жылдың күзінде жазылған
Бірінші рет 1896 ж. „Работник“
жыйнағының 1—2-ші номерінде
басылған

„Работник“ жыйнағының тексті
бойынша басылып отыр

ПРОЛЕТАРІИ ВСѢХЪ СТРАНЪ, СОЕДИНЯЙТЕСЬ!

РАБОТНИКЪ

№ 1 и 2.

НЕПЕРІОДИЧЕСКІЙ СБОРНИКЪ

Съ портретомъ Фридриха Энгельса

Изданіе „Союза Русскихъ Соціалъдемократовъ“.

ЖЕНЕВА

Типографія „Союза Русскихъ Соціалъдемократовъ“.

1896

„Работникъ“ жыйнагының ішкі беті;
онда В. И. Лениннің „Фридрих Энгельс“ деген некролог мақаласы
бірінші рет басылған. — 1896 ж.

Неткен сөнді ақыл-ойдың шырағы,
Неткен жүрек соғуынан тоқтады!²

1895 жылы жаңа стильмен 5 августа (24 июльде) Лондонда Фридрих Энгельс қайтыс болды. Өзінің досы Карл Маркстен кейін (1883 жылы өлген), Энгельс бүкіл цивилизациялы дүниеде қазіргі замандағы пролетариаттың ең тамаша оқымыстысы мен ұстазы болған еді. Тағдір Карл Марксті Фридрих Энгельске жолықтырғаннан былай, екі достың өмірлік еңбегі бұлардың ортақ ісі болып алды. Сондықтан, Фридрих Энгельстің пролетариат үшін не істегенін түсіну үшін, қазіргі замандағы жұмысшылар қозғалысының дамуында Маркстің ғылымы мен еңбегінің қандай маңызы болғанын жақсы ұғынып алуымыз керек. Маркс пен Энгельс жұмысшы табы және оның талаптары қазіргі экономикалық тәртіптің — буржуазиямен бірге пролетариатты ылажсыз тудыратын және ұйымдастыратын тәртіптің болмай қоймайтын туындысы екенін алғаш көрсетті; олар кейбір ізгі адамдардың жақсы ниетті әрекеттері емес, ұйымдасқан пролетариаттың тап күресі адамзатты осы кезде жаныштап отырған көмтарлықтан кұтылдыратынын көрсетті. Маркс пен Энгельс өздерінің ғылыми еңбектерінде социализм қыялшылдардың ойдан шығарғаны емес, қазіргі замандағы қоғамда өндіргіш күштердің дамуының түпкі мақсаты екенін және соның ылажсыз туатын нәтижесі екенін түсіндірді. Осы күнге дейін бүкіл жазба тарих тап күресінің тарихы, қоғамдық бір таптардың екінші таптарға үстемдігінің және жеңістерінің ауысып отыруы болып

келді. Кашан тап күресі мен тап үстемдігінің негіздері — жеке меншік пен тәртіпсіз қоғамдық өндіріс — жоғалғанша, бұл осылай бола бермек. Пролетариаттың мүдделері осы негіздердің жойылуын талап етеді, сондықтан да ұйымдасқан жұмысшылардың саналы тап күресі осыларға қарсы жұмсалуды керек. Ал тап күресі атаулының бәрі — саяси күрес.

Маркс пен Энгельстің бұл көзқарастарын өзінің азаттығы үшін күресіп отырған бүкіл пролетариат қазірде ұғынып алды, бірақ екі дос 40-шы жылдары өз тұсындағы социалистік әдебиет пен қоғамдық қозғалыстарға қатысқан кезде, бұл көзқарастар барып тұрған жаңалық еді. Ол кезде саяси азаттық жолындағы күреске, патшалардың, полицияның, поптардың самодержавиесіне қарсы күреске елігіп, буржуазия мен пролетариаттың мүдделерінің қарама-қарсы екенін көрмеген дарынды-дарынсыз, адал-арам адамдар көп болды. Ол адамдар жұмысшылар қоғамдық дербес күш ретінде бас көтеріп шығуы керек екен-ау деп ойларына да алған жоқ. Екінші жағынан, қазіргі замандағы қоғамдық тәртіпте әділеттіктің жоқтығын үкімет басындағылар мен үстем таптарға айтып сендірсе-ақ болғаны, жер жүзінде татулық пен жаппай көнелушілік орнайды деп ойлаған қыялшылдар да, кейде данышпан қыялшылдар да, болды. Олар күрессіз социализм орнатуды арман қылды. Ақырында, ол кездегі барлық дерлік социалистер және жалпы жұмысшы табының достары пролетариатты жара деп қана таныды, өнеркәсіптің өсуімен бірге бұл жараның да ұлғайып бара жатқанын көріп, үрейленді. Сондықтан олардың бәрі өнеркәсіп пен пролетариаттың дамуын қалай тоқтату, «тарихтың тегершігін» қалай тоқтату жағын ойлады. Пролетариаттың дамуын көріп жаппай қорқушылыққа қарама-қарсы, Маркс пен Энгельс пролетариаттың дамылсыз өсуінен ғана үміт етті. Пролетарлар неғұрлым көп болса, революцияшыл тап ретінде, олардың күші де соғұрлым көп болады, социализм де соғұрлым жақын, соғұрлым мүмкін болады. Маркс пен Энгельстің жұмысшы табы алдында сіңірген еңбегін бірер сөзбен былай деп айтуға болады: олар жұмысшы табын өзін өзі тануға,

өзін өзі түсінуге үйретті, сөйтіп арманның орнына ғылым орнатты.

Міне сондықтан да Энгельстің аты мен өмірі әрбір жұмысшыға таныс болуға тиіс, міне сондықтан да орыс жұмысшыларының таптық санасын оятуды мақсат ететін барлық шығармаларымыз сыяқты осы жыйнағымызда да біз қазіргі замандағы пролетариаттың екі ұлы ұстазының бірі Фридрих Энгельстің өмірі мен еңбегінің очеркін беруге тиіспіз.

Энгельс 1820 жылы Бармен қаласында, Пруссия корольдігінің Рейн провинциясында туған. Оның әкесі фабрикант болған. 1838 жылы Энгельс семья жағдайларының себептерінен, гимназияны бітірместен, Бремендегі бір сауда үйіне ылажсыздан приказчик болып орналасады. Сауда ісімен айналысу Энгельстің өзінің ғылыми және саяси білімін көтеру жұмысына кедергі болмады. Гимназист кезінің өзінде-ақ самодержавиеге және чиновниктердің озбырлығына оның қаны қас еді. Философиямен айналысу оны бұдан да асып түсірді. Ол кезде неміс философиясында Гегельдің ғылымы үстем болатын, ал Энгельс соның ізін ұстады. Берлин университетінің профессоры болып, самодержавиелік Пруссия мемлекетінің қызметін атқарып жүрген Гегельдің өзі сол самодержавиелік Пруссия мемлекетіне бас иетін болса да, — Гегельдің *ғылымы* революцияшыл ғылым еді. Адамның ақыл-ойы мен правосына Гегельдің сенімі және оның дүниеде өзгеру мен даму процесі үнемі болып отырады дейтін гегельдік философияның негізгі қағыйдасы берлиндік философтың қазіргі өмірге көңісі келмейтін шәкірттерін осы өмір шындығына қарсы күрестің, болып отырған терістікке және барлық зұлымдыққа қарсы күрестің түп тамыры мәңгі дамудың дүниелік заңында ғой деген ойға апарып түсірді. Егер бәрі де дамып жататын болса, егер бір қалып екінші қалыпқа ауысып жататын болса, онда Пруссия королінің немесе орыс патшасының самодержавиесі, анағұрлым басым көпшіліктің есебінен болмашы азшылықтың байып жатуы, буржуазияның халыққа үстемдігі неліктен мәңгі бақый бола бермек? Гегельдің философиясы рух пен идеяның дамуы туралы айтты, сондықтан ол *идеалистік*

философия еді. Бұл философия рухтың дамуынан әкеліп жаратылыстың, адамның дамуын, адамдық, қоғамдық қатнастың дамуын, тудырды. Маркс пен Энгельс дамудың мәңгі процесі туралы Гегельдің пікірін ұстап қалды да*, оның ойдан шығарған идеалистік көзқарасын тастады; өмірге көз сала келіп Маркс пен Энгельс жаратылыстың дамуын түсіндіретін рухтың дамуы емес, қайта — рухты жаратылысқа, материяға негіздеп түсіндірген жөн екенін көрді... Гегельге және басқа гегельшілдерге қарама-қарсы, Маркс пен Энгельс материалист болды. Дүние мен адамзатқа материалистік тұрғыдан қарай келіп, олар жаратылыстың барлық құбылыстарының негізінде материялық себептер жататыны сыяқты, адам қоғамының дамуы да материалдық, өндіргіш күштердің дамуына байланысты екенін көрді. Адамның керектерін қанағаттандыруға қажетті заттарды өндіру үстінде пайда болатын адамдардың бір-бірімен қатнастары өндіргіш күштердің дамуына байланысты. Қоғам өмірінің барлық құбылыстарының, адам талаптарының, идеялардың, заңдардың себептері міне осы қатнастарда жатыр. Өндіргіш күштердің дамуы жеке меншікке сүйенетін қоғамдық қатнастарды тудырды, бірақ енді нақ сол өндіргіш күштердің дамуы меншікті көпшіліктен тартып алып, болмашы азшылықтың қолына шоғырландырғанын көріп отырмыз. Өндіргіш күштердің дамуы қазіргі замандағы қоғамдық тәртіптің негізі болып отырған меншікті жояды, оның өзі де социалистер алға қойып отырған мақсатқа тырысады. Енді тек социалистер социализмді жүзеге асыру қазіргі замандағы қоғамда өзінің жағдайы жағынан қандай қоғамдық күштің мүддесіне сай келетінін түсінулері керек және сол қоғамдық күшке өзінің мүдделері мен тарихи міндеттерін жеткізіп айтып берулері керек. Мұндай күш — пролетариат. Энгельс осы пролетариатпен Англияда, ағылшын өнеркәсібінің орталығы Манчестерде танысты; ол онда 1842 жылы барып, өзінің әкесі

* Маркс пен Энгельс өздерінің ақыл-ойларының жетілуінде немістің ұлы философтарына, әсіресе Гегельге міндеттіміз деп әлденеше рет айтқан. «Неміс философиясы болмайынша, — дейді Энгельс, — ғылыми социализм де болмас еді»³.

пайшыларының бірі болған сауда үйіне қызметке кірді. Мұнда Энгельс фабрика конторында отырып қана қойған жоқ, — ол жұмысшылар ыбырсып жатқан ылас кварталдарды аралап жүрді, бұлардың қайыршылығы мен жоқшылығын өз көзімен көрді. Бірақ ол өзінің көргендерімен қанағаттанып қана қойған жоқ, ол ағылшын жұмысшыларының хал-жағдайлары туралы бұған дейін табылғандардың бәрін оқып шықты, ол қолы жеткен ресми документтердің бәрін зерттеді. Бұл зерттеулерінің, көріп-білгендерінің жемісі 1845 жылы шыққан «Англиядағы жұмысшы табының жағдайы»⁴ деген кітап болды. «Англиядағы жұмысшы табының жағдайының» авторы ретінде, Энгельстің сіңірген еңбегінің ең бастысы не екенін біз жоғарыда атап та өткенбіз. Энгельске дейін де талай адамдар пролетариаттың азап шегуін көрсеткен болатын және оған жәрдемдесу қажет екенін айтқан болатын. Пролетариаттың азап шегуші ғана тап емес екенін *алғаш* айтқан Энгельс; атап айтқанда пролетариат душар болған экономикалық масқара жағдай оны шыдатпай ілгері итереді және өзінің түпкілікті азаттығы үшін күрестіреді. Ал күресуші пролетариат *өзіне өзі жәрдем береді*. Жұмысшы табының саяси қозғалысы жұмысшыларды социализмнен басқа жолдары жоқ екенін ұғынуға сөзсіз жеткізеді. Екінші жағынан, социализм жұмысшы табының *саяси* күресінің мақсатына айналғанда ғана күш болады. Энгельстің Англиядағы жұмысшы табының жағдайы туралы кітабының негізгі пікірлері, қазір бүкіл ойлаушы және күресуші пролетариат ұғынып алған, бірақ ол кезде барынша жаңалық болған пікірлері, міне осы. Ағылшын пролетариатының жоқшылығын көрсететін барынша шын және жан тербеткендей суреттерге бай кітабында бұл пікірлерді ол қызғылықты етіп жазған. Бұл кітап капитализм мен буржуазияны сұмдық айыптау болды. Оның жұртқа туғызған әсері өте-мөте зор еді. Сол замандағы пролетариаттың жағдайын жақсы суреттеген деп, қай жерде де Энгельстің осы кітабын сөз қылысатын. Шынында да, 1845 жылға дейін де, одан соң да жұмысшы табының жоқшылығын нақ осындай айқын және шын көрсету бірде-бір болған емес.

Энгельс тек Англияда ғана социалист болып алды. Манчестерде ол сол кездегі ағылшын жұмысшы қозғалысының қайраткерлерімен байланыс жасады және ағылшынның социалистік баспасөзіне жаза бастады. 1844 жылы Германияға қайтып бара жатқан жолында Парижда ол Маркспен танысты; Маркс пен Энгельс ертеректе-ақ хат жазыса бастаған болатын. Француз социалистерінің және француз өмірінің әсерімен Парижда Маркс те социалист болып алған. Екі дос, осы жерде бірлесіп «Хасиетті семья, яки сыншыл сынның сыны»⁵ деген кітап жазды. «Англиядағы жұмысшы табының жағдайынан» бір жыл бұрын шыққан және көп бөлігін Маркс жазған бұл кітапта революцияшыл-материалистік социализмнің негіздері салынған; мұның басты-басты пікірлерін біз жоғарыда айтып өткенбіз. «Хасиетті семья» — ағалы-інілі философ Бауэрлерге және олардың жолын ұстағандарға қойылған ат. Бұл мырзалар қандай өмір шындығынан болса да жоғары тұратын, партиялар мен саясаттан жоғары тұратын, қандай да болса практикалық істі теріске шығаратын және айналадағы дүниеге, онда болып жатқан оқыйғаларға тек «сын көзімен» қарап қана қоятын сынды дәріптеп жүрді. Бауэр мырзалар пролетариат туралы, бұлар сыншыл бұқара емес деп, биіктен тұрып төрелік айтты. Осы сөкет және зыянды бағытқа қарсы Маркс пен Энгельс батыл күресті. Нағыз адам баласының — үстем таптар мен мемлекеттен тепкі көріп отырған жұмысшының хұрметі үшін, олар кұр қарап қана отыруды емес, қоғамды жақсылап ұйыстыру үшін күресуді талап етті. Олар мұндай күресті жүргізуге қабілеті бар және осыған өзінің мүддесі сай күш, әрине, пролетариат деп таныды. «Хасиетті семьяға» дейін де, Энгельс Маркс пен Ругэнің «Неміс-Француз Журналына»⁶ «Саяси экономия жөніндегі сын очерктерін»⁷ жазған: бұл очерктерінде, жеке меншік үстемдігінің ылажсыз туған салдары болып табылатын қазіргі замандағы экономикалық тәртіптің негізгі құбылыстарын социализм тұрғысынан қарап шыққан. Маркстің саяси экономияға, өзінің еңбектері бүтін бір төңкеріс жасаған ғылымға, бел байлап кірісуіне Энгельспен қарым-қатыс жасаудың жәрдемі тигені даусыз.

Энгельс 1845 жылдан 1847 жылға дейінгі уақытты Брюссель мен Парижда өткізіп, өзінің ғылыми қызметтерін Брюссель мен Париждағы неміс жұмысшыларының арасында жүргізген практикалық істерімен біріктіре отырды. Осы жерде Энгельс пен Маркстің «Коммунистер Одағы»⁸ атты құпия неміс қоғамымен байланысы басталды, «Коммунистер Одағы» бұларға өздері жасаған социализмнің басты-басты негіздерін жазып шығуды тапсырды. 1848 жылы басылып шыққан Маркс пен Энгельстің атақты «Коммунистік партияның манифесі» осылай пайда болды. Бұл кішігірім кітапшаны бірнеше томдарға балауға болады; цивилизациялы дүниенің бүкіл ұйымдасқан және күресуші пролетариаты осы уақытқа дейін сол кітаптың рухымен тіршілік етіп, ілгері басып отыр.

Әуелі Францияда лап беріп көтерілген, одан соң Батыс Европаның басқа елдеріне де тараған 1848 жылғы революция Маркс пен Энгельсті туған еліне қайта алып келді. Мұнда, Рейндік Пруссияда бұлар Кельнде басылып шығып тұрған демократияшыл «Жаңа Рейн Газетін»⁹ басқара бастады. Екі достың екеуі де Рейндік Пруссиядағы барлық революциялық-демократиялық талаптардың дем берушілері болды. Соңғы мүмкіншіліктеріне дейін олар халық мүдделері мен бостандық мүдделерін реакцияшыл күштерден қорғады. Жұртқа белгілі, реакцияшыл күштер жеңді. «Жаңа Рейн Газетіне» тыйым салынды, өзінің эмигранттық тұрмыста тұрған кезінде Пруссияда азаматтық правосынан айрылған Маркс жер айдалды, ал Энгельс қарулы халық көтерілісіне қатнасты, үш ұрыста бостандық үшін соғысты да, көтерілісшілер жеңілгенсоң Швейцария арқылы Лондонға қашып барды.

Маркс те сонда көшіп барды. Энгельс көп ұзамай өзі 40-шы жылдары қызмет еткен Манчестердегі сауда үйіне қайтадан приказчик болды, одан соң пайщик те болып алды. 1870 жылға дейін Энгельс Манчестерде, ал Маркс Лондонда тұрды; ол екеуінің нағыз тығыз рухани қарым-қатнас жасап тұруына мұның кедергісі болмады: олар күн сайын дерлік хат жазысып тұрды. Екі дос бұл хаттарында бір-бірінің көзқарастарымен, білімдерімен танысты және біргелесіп ғылыми социализмді

жасаумен болды. 1870 жылы Энгельс Лондонға көшіп барды, сөйтіп 1883 жылға дейін, Маркс қайтыс болғанға дейін, бұлардың дамылсыз жұмыс үстіндегі бірлескен рухани өмірі тоқтаған жоқ. Мұның жемісі — Маркс тарапынан — біздің ғасырдың саяси-экономикалық ұлы шығармасы «Капитал» болды, Энгельс тарапынан — толып жатқан ірілі-уақты шығармалар болды. Маркс капиталистік шаруашылықтың күрделі құбылыстарын талдау жұмысымен айналысты. Энгельс ұғымға өте жеңіл және көбінесе айтыс түрінде жазылған еңбектерінде тарихты материалистік түсінудің және Маркстің экономикалық теориясының рухында барынша жалпылама ғылыми мәселелерді және өткен дәуір мен қазіргі дәуірдің түрліше құбылыстарын байымдады. Энгельстің бұл жұмыстарының ішінде мыналарды атап өтейік: — Дюрингке қарсы айтыс шығарма (мұнда философия, жаратылыстану және қоғамдық ғылымдар саласындағы ұлы-ұлы мәселелер талданған)*, «Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы» (орыс тіліне аударылған, С.-Петербургте басылған, 3-ші басылуы, 1895)¹¹ «Людвиг Фейербах» (орысша аудармасы Г. Плехановтың ескертуімен шықты, Женева, 1892)¹², орыс үкіметінің сыртқы саясаты туралы мақала (Женева «Социал-Демократының» 1-ші және 2-ші номерлерінде орыс тіліне аударылған)¹³, пәтер мәселесі туралы тамаша мақалалар¹⁴, ақырында, Россияның экономикалық дамуы туралы кішкене, бірақ өте бағалы екі мақала («Фридрих Энгельс Россия туралы», орыс тіліне аударған В. И. Засулич, Женева, 1894)¹⁵. Маркс капитал туралы өзінің зор еңбегін біржолата өңдеп аяқтай алмай, қайтыс болды. Дегенмен мұның қаралай жұмысы біткен еді; енді досы қайтыс болғаннан кейін Энгельс «Капиталдың» II және III томын өңдеу және бастырып шығару жөніндегі ауыр еңбекке кірісті. Ол 1885 жылы II-ші томын, 1894 жылы III-ші томын бастырды (IV-ші томын ол өңдеп үлгірмеді)¹⁶. Бұл екі том өте көп

* Бұл бір өте-мөте мазмұнды және өнегелі кітап. Бірақ, амал не, мұның социализм дамуының тарихи очеркісі бар кішігірім бөлігі ғана орыс тіліне аударылды («Ғылыми социализмнің дамуы» 2-ші басылуы, Женева, 1892)¹⁰.

еңбек сіңіруді керек етті. Энгельс «Капиталдың» II-ші және III-ші томдарын бастырып шығарып, өзінің да-нышпан досына аса ұлы ескерткіш орнатты, мұнда ол еріксіз өз атын да өшпес бейнелі оюмен ойды, деп Австрия социал-демократы Адлер дәл айтқан. Шынында да, «Капиталдың» бұл екі томы — екеуінің: Маркс пен Энгельстің — еңбегі. Ескілікті аңыздарда достықтың жан тербеткендей үлгілері айтылатын. Европа пролетариаты біздің ғылымымызды адам достығы туралы ежелгілердің жан тербеткендей барлық жырларындағыдан да бетер дос болған екі ғалымымыз бен күрескеріміз жасады, деп айта алады. Энгельс қашанда, — жалпы алғанда мұнысы мүлде әділ де — өзін Маркстен кейін қойып отыратын. «Маркстің тірі кезінде мен екінші скрипканы ойнадым»¹⁷ деп жазған ол өзінің бір ескі досына. Энгельстің Маркс тірі кезінде оған сүйіспендігі, ал ол өлген соң оның аруағын сыйлауы шексіз еді. Бұл қатал күрескердің, қатты ойшының жан-тәнімен беріліп сүйгіш жүрегі бар еді.

1848—1849 жылдардағы қозғалыстан кейін, қуғында жүрген кездерінде Маркс пен Энгельстің қызметтері ғылым ғана болған жоқ. Маркс 1864 жылы «Жұмысшылардың халықаралық қоғамын» құрды және бүтін он жылдың бойында осы қоғамға басшылық етті. Оның істеріне Энгельс те қолма-қол қатнасып отырды. Маркстің ойынша, барлық елдердің пролетарларын біріктірген «Халықаралық қоғамның» ісі жұмысшы қозғалысының дамуында зор маңыз алды. Бірақ 70-ші жылдары «Халықаралық қоғам» жабылғаннан кейін де, Маркс пен Энгельстің біріктіргіш рольдері тоқталған емес. Қайта, жұмысшы қозғалысының рухани басшылары ретінде, олардың маңызы үнемі артып отырды деуге болады, өйткені қозғалыстың өзі үздіксіз өсіп отырды. Маркс қайтыс болғаннан кейін, Энгельс бір өзі европалық социалистердің кеңесқойы мен басшысы болып қала берді. Үкімет қуғындарына ұшырап жүрсе де, күші тез және дамылсыз өсіп бара жатқан неміс социалистері де, артта қалған елдердің өкілдері де — мысалы, өздерінің алғашқы адымдарын ақылға салып өлшеп отыруларына тура келген испандар да, румындар да, орыстар да — бәрі бірдей ке-

ңес, нұсқау сұрап Энгельске баратын болды. Олардың бәрі де қарт Энгельстің білімі мен тәжірибесінің бай қазнасынан керегін алып отырды.

Екеуі де орыс тілін білетін және орыс кітаптарын оқып жүрген Маркс пен Энгельс Россияны жіті біліп отыруға тырысты, орыстың революциялық қозғалысын тілектестікпен қадағалап отырды және орыс революционерлерімен байланыс жасап тұрды. Олардың екеуі де *демократтардан* шыққан социалистер еді, сондықтан да саяси озбырлыққа демократиялық *өшпенділік* сезім оларда айрықша күшті болды. Осы тікелей саяси сезім, оның үстіне саяси озбырлықтың экономикалық езумен байланысын теория жағынан терең түсінушілік, сонымен қатар өмірден алынған бай тәжірибе Маркс пен Энгельсті нақ *саяси* жағынан өте-мөте көреген етіп шығарды. Сондықтан ат төбеліндей аз орыс революционерлерінің күдіретті патша үкіметіне қарсы қаһарман күресіне бұл сыннан өткен революционерлер шын жүректерінен тілектестік үн қосты. Ал қайта, жалған экономикалық тиімділіктерге бола орыс социалистерінің ең таяудағы және ең маңызды міндетінен — саяси бостандықты жеңіп алу міндетінен — теріс айналып кету әрекеті олардың көз алдында өзінен өзі күдікті нәрсе болып көрінді және тіпті олар мұны әлеуметтік революцияның ұлы ісіне тура опасыздық етушілік деп есептеді. «Пролетариаттың азат етілуі оның өз ісі болуға тиіс», — міне Маркс пен Энгельс үнемі осыны үйретті. Ал, өзінің экономикалық азаттығы жолында күресу үшін, пролетариат өзіне белгілі бір *саяси* праволар жеңіп алуға тиіс. Оның үстіне, батыс-европалық жұмысшы қозғалысы үшін де Россиядағы саяси революцияның зор маңызы болатынын Маркс те, Энгельс те анық білді. Самодержавиелік Россия қашанда бүкіл-европалық реакцияның сүйеніші болып келді. Германия мен Францияның арасына ұзақ уақытқа араздық салып кеткен 1870 жылғы соғыстың нәтижесінде Россияның айрықша тиімді халықаралық жағдайға ие болуы, әрине, реакциялық күш ретінде, самодержавиелік Россияның маңызын тек көтерө түсті. Поляктарды, финдерді, немістерді, армяндарды және басқа ұсақ ұлттарды езуді де,

Францияны Германиямен үнемі шағыстырып отыруды да керек қылмайтын азат Россия ғана қазіргі Европаға соғыс ауыртпалығынан еркін дем алуға мүмкіндік береді, Европадағы барлық реакциялық элементтерді әлсіретеді және европалық жұмысшы табының күшін арттырады. Міне сондықтан Энгельс Батыстағы жұмысшы қозғалысының табысы үшін де Россияда саяси бостандықтың орнауын қатты тіледі. Орыс революционерлері Энгельстей ең жақсы досынан айрылып отыр.

Пролетариаттың ұлы күрескері мен ұстазы Фридрих Энгельстің есімі мәңгі жасасын!

ФАБРИКАЛАР МЕН ЗАВОДТАРДА
ЖҰМЫСШЫЛАРДАН АЛЫНАТЫН
ШТРАФТАР ТУРАЛЫ ЗАҢДЫ
ТҮСІНДІРУ¹⁸

*1895 жылдың күзінде жазылған
Жеке кітапша болып бірінші
рет Петербургте басылған,
1895 ж.*

*1897 жылғы басылуымен салысты-
рылған 1895 жылғы басылуы
бойынша басылып отыр*

ОБЪЯСНЕНІЕ
ЗАКОНА
О
ШТРАФАХЪ, ВЗИМАЕМЫХЪ
СЪ
рабочихъ на фабрикахъ и заводахъ.



ХЕРСОНЪ.
Типографія К. Н. Субботина, Екатерин. ул. д. Калинина.
1895.

В. И. Лениннің „Фабрикалар мен заводтарда жұмысшылардан алынатын штрафтар туралы заңды түсіндіру“ деген кітапшасының тысы. -- 1895 ж.

I

ШТРАФ ДЕГЕН НЕ?

Егер жұмысшыдан: штрафтың не екенін білесің бе? деп сұрасаң, ол мұндай сұрауға таңырқар еді. Өйткені, ылғый төлеп келе жатқан штрафты ол неге білмесін? Бұл арада сұрайтын не бар?

Бірақ бұл солай сықылды ғана болып көрінеді, бұл арада сұрайтын да ешнәрсе жоқ тәрізді. Ал шынына келгенде жұмысшылардың көпшілігі штрафты дұрыс түсіне алмай жүр.

Әдетте жұрт — штраф дегеніміз жұмысшының қожайынға келтірген зыяны үшін сол қожайынға төленетін төлем деп ойлайды. — Бұл дұрыс емес. — Штраф және зыян үшін төленетін төлем — екеуі екі басқа нәрсе. Егер бір жұмысшы екінші бір жұмысшыға қандай да болса бір зыян келтірсе, онда ол зыянды өтеуді (мысалы, бүлінген матаның төлеуін) талап ете алады, бірақ оған штраф сала алмайды. Нақ сол сықылды, егер бір фабрикант екінші бір фабрикантқа зыян келтірсе (мысалы, товарды мезгілінде жетістіріп бермесе), онда ол фабрикант зыянын өтеуді талап ете алады, бірақ екінші фабрикантқа штраф сала алмайды. — Зыянды өтеу дәрежесі тең адамнан талап етіледі, ал штрафты тек бағынышты адамға ғана салуға болады. Сондықтан, зыянды өтеуді сот арқылы талап ету керек болады, ал штрафты сотсыз қожайынның өзі белгілейді. Штраф кейде қожайынға ешқандай зыян келмеген реттерде де салынады: мысалы, темекі тартқан үшін де штраф салынады. Штраф дегеніміз зыянды өтеу емес, жазалау. Айталық, егер жұмысшы темекі тартып тұрғанда отын тү-

сіріп алып, қожайынның матасын күйдірсе, онда қожайын оған темекі тартқаны үшін штраф салып қана қоймайды, оның үстіне күйген матаның хақын да шегеріп қалады. Штрафтың зиянды өтеуден айырмашылығы осы мысалдан айқын көрініп тұр.

Штраф салудың мақсаты — зиянды өтеу емес, тәртіп орнату, яғни жұмысшыларды қожайынға бағындыру, жұмысшыларға қожайынның бұйрығын орындаттыру, жұмыс кезінде қожайынның айтқанын тыңдату. — Штраф туралы заңда тура былай делінген: штраф — «фабрика меңгерушілерінің өз билігімен тәртіп сақтауы үшін салынатын ақшалай салым». Сондықтан, штрафтың мөлшері зиянның мөлшеріне қарай белгіленбейді, жұмысшының тәртіпсіздігіне қарай белгіленеді: тәртіпсіздік неғұрлым көп болса, қожайынға бағынбау, қожайынның талаптарын орындамау неғұрлым зор болса, штрафтың мөлшері де соғұрлым көп болады. Кімдекім қожайынға жұмыс істейтін болса, оның еріксіз адамға айналатыны түсінікті; ол қожайынның айтқанын тыңдауға тиіс, ал қожайын оны жазалай алады. — Крепостной шаруалар помещиктерге жұмыс істеді де, помещиктер оларды жазалап келді. — Жұмысшылар капиталистерге жұмыс істейді де, капиталистер оларды жазалайды. — Бар айырмашылық тек мынада ғана: бұрын еріксіз адамды таяқпен ұрып жұмсаушы еді, ал қазір оны теңгемен ұрып жұмсайды.

Бәлкім, бұған қарсы шығып — тәртіп болмаса, көп жұмысшының фабрикада немесе заводта бірлесіп жұмыс істеуі мүмкін емес: жұмыста тәртіп керек, осы тәртіптің орындалуын бақылап отыру керек және тәртіп бұзушыларды жазалап отыру керек, деушілер болар. Сондықтан, штраф жұмысшылардың еріксіз халық болғандығынан алынбайды, жұмысты бірігіп істеуі үшін тәртіп керек болғандықтан алынады, дер.

Мұндай қарсы дау, — алғаш қарағанда жұртты адастырарлық болса да, — тіпті дұрыс емес. Жұмысшылардың еріксіз халін олардың өзінен жасырғысы келетін адамдар ғана осындай қарсы дау соғады. Рас, бірлесіп істейтін жұмыстың қандайында болса да тәртіп керек. Бірақ жұмыс істеп жүрген адамдардың фабриканттардың зорлық-зомбылығына, яғни өздері жұмыс істемей-

тін және барлық машиналарды, құралдарды, материалдарды өз қолдарына жыйып алғандықтан ғана күшті болып отырған адамдардың зорлық-зомбылығына бағынуы қажетті нәрсе ме? Тәртіп болмайынша және жұрттың бәрі осы тәртіпке бағынбайынша бірлесіп жұмыс істеуге болмайды; бірақ жұмысшыларды фабриканттар мен заводшыларға бағындырмай-ақ бірлесіп жұмыс істеуге болады. Бірлесіп істелетін жұмыс, расында да, тәртіпті бақылап отыруды керек қылады, бірақ ол басқаларды бақылап отыру билігі, әрқашан да, өзі жұмыс істемей, кісі еңбегімен күн көретін адамдардың қолында болуын тіпті де керек қылмайды. — Осыдан ақ көрініп тұр, штрафтың алынатын себебі — адамдардың бірлесіп жұмыс істейтіндігі емес, оның себебі — қазіргі капиталистік тәртіптердің кезінде барлық жұмысшы адамдардың ешқандай меншігі жоқ: машиналардың, құрал-саймандардың, шикізаттардың, жердің, астықтың бәрі байлардың қолында. Аштан өлмеу үшін жұмысшылар соларға сатылуға тиісті. Ал сатылғансын-ақ, олар, әрине, байларға бағынуға және олардың жазасына көнуге міндетті болады.

Штрафтың не екенін түсінгісі келетін әрбір жұмысшы мұны ұғынуға тиіс. Штраф бейнебір қажет нәрсе, өйткені онсыз бірлесіп жұмыс істеу бейнебір мүмкін емес деген әдеттегі (және тіпті хате) пікірді теріске шығару үшін, мұны білу қажет. Штрафтың зиянды өтеуден қандай айырмасы бар екенін және штрафтың жұмысшылардың еріксіз халін, олардың капиталистерге бағыныштылығын көрсететіндігі неліктен екенін әрбір жұмысшыға түсіндіре білу үшін, мұны біліп қою қажет.

II

БҰРЫН ШТРАФ ҚАЛАЙ САЛЫНЫП КЕЛДІ ЖӘНЕ ШТРАФ ТУРАЛЫ ЖАҢА ЗАҢНЫҢ ШЫҒУЫНА НЕ СЕБЕП БОЛДЫ?

Штраф туралы заңдар жуықта шықты: оған небары тоғыз жыл болды. 1886 жылға дейін штраф туралы ешқандай заң болған емес, — фабриканттар не үшін және қанша штраф алғысы келсе де ала алатын. Ол кезде фабриканттар штрафты өрескіл көп мөлшерде алып, штраф-

тан орасан көп пайда келтіретін еді. — Штрафтар кейде тек «қожайынның ұйғаруынша» белгіленетін, штрафтың не себепті алынатыны көрсетілмейтін. — Штрафтардың мөлшері кейде *табыстың тең жартысына дейін* баратын, сөйтіп жұмысшы тапқан бір сомының елу тыйынын штраф ретінде қожайынға беріп отыратын. — Штрафтың үстіне, келісім шартын орындамау төлемі белгіленген реттер де болатын; мысалы, фабрикадан кеткені үшін 10 сом алынатын. Әрқашан да, фабриканттың ісі оңға баспаса-ақ, ол, жасалған шартқа қарамастан, жалақыны кеміте салатын. — Ол мастерлерге штрафты қатаңырақ алуға және товарды бракқа шығарып отыруға бұйыратын: бұл да жұмысшының жалақысын кеміткенге есеп болатын.

Жұмысшылар бұл қысымның бәріне ұзақ уақыт шыдап келді, бірақ ірі заводтар мен фабрикалар, әсіресе тоқыма фабрикалары неғұрлым дамып, ұсақ кәсіпорындар мен қолдан кездеме тоқушыларды ығыстырған сайын, жұмысшылардың зорлық-зомбылыққа, қысымшылыққа қарсы ашынуы соғұрлым күшейе түсті. Бұдан он жыл бұрын купецтер мен фабриканттардың істері тоқырауға, дағдарыс дегенге, кездесті: товар өтпеді; фабриканттар зыян көрді де, штраф салуды бұрынғыдан да күшейте түсті. Табыстары мұнсыз да аз болып келген жұмысшылар енді жаңа қысымға көне алмады, сондықтан 1885—1886 жылдары Москва, Владимир және Ярославль губернияларында жұмысшылардың бүліктері басталды. Шыдарлық жайы қалмаған жұмысшылар жұмысты тоқтатып, қысым жасаушылардан қатты кек алды: фабрика үйлері мен машиналарды қыйратты, кейде оларды өртеп жіберді, администрацияны ұрып-сабады, тағы басқа сондай істер істеді.

Осы стачкалардың бәрінің ішіндегі ең тамашасы — Тимофей Саввич Морозовтың әйгілі Никольск мануфактурасындағы (Москва-Нижегород темір жолының Орехово станциясы жанындағы Никольск дейтін жердегі) стачка болды. Морозов 1882 жылдан бастап ақыны кеміте бастады, 1884 жылға дейін бес рет кемітті. Мұнымен бірге штраф та барған сайын көбейе берді: бүкіл фабрикада жұмысшылардың табысының төрттен бірі дерлік штрафқа кететін болды (бір сом табысқа 24

тыйын штраф салынды), ал кейде штраф кейбір жұмысшылардың табысының тең жартысына жетіп жүрді. Мұндай өрескіл штрафтарды жасыру үшін, бүлік алдындағы соңғы жылда контор мынадай амал істеді: штрафтары табысының тең жартысына жеткен жұмысшыларды контор зорлап жұмыстан шығарып, есебін берді, ал содан кейін бұл жұмысшылар тіпті сол күні-ақ қайтадан жұмысқа кіріп, жаңа книжка ала алатын болды. Сөйтіп өте көп штрафтар жазылған книжкалар осындай амалмен құртылып отырды. — Жұмысқа шықпай қалған реттерде жұмысқа шықпаған бір күнін 3 күнге есептеді; бір рет темекі тартқаны үшін 3, 4 және 5 сомнан штраф салды. Шыдамы біткен жұмысшылар 1885 ж. 7 январьда жұмысты тастап, бірнеше күн бойына фабриканың дүкенін, Шорин деген мастердің пәтерін және фабриканың басқа да бірсыпыра үйлерін қыйратты. Он мыңдаған жұмысшылардың (жұмысшылардың саны 11 000дай болған) бұл сұрапыл бүлігі үкіметті қатты қорқытты: Орехово-Зуевоға дереу әскер сау ете қалды, Владимирден губернатор, прокурор келді, Москвадан прокурор келді. — Стачкашылармен сөйлескен кезде топ ішінен бастықтарға «жұмысшылардың өздері жазған шарттар» берілді; бұл шарттарда жұмысшылар 1884 жылғы Пасхадан бергі штрафтардың қайтарылуын, бұдан былай штраф табысының 5 процентінен аспауын, яғни бір сом табысқа 5 тыйыннан артық штраф салынбауын, бір күн жұмысқа шықпағанға 1 сомнан артық алынбауын талап етті. Мұның үстіне жұмысшылар жалақының 1881—1882 жылдардағы мөлшеріне жеткізілуін, қожайынның айыбынан жұмыс істелмеген күндерге оның ақы төлеуін, жұмысшылармен толық есеп айыратын болғанда, мұның 15 күн бұрын ескертілуін, товардың жұмысшылар арасынан белгіленген куалар алдында қабылдануын, т. с. талап етті.

Бұл орасан зор стачка үкіметке өте күшті әсер етті; жұмысшылар бірігіп қыймыл жасаса, әсіресе, бірігіп қыймыл жасаушы жұмысшылар бұқарасы тура өздерінің талаптарын қойса, мұндай кезде жұмысшылардың хауіпті күш болатынын үкімет өз көзімен көрді. Фабриканттар да жұмысшылардың күшін сезіп, аяғын аңдап баса бастады. — Мысалы, «Новое Время»¹⁹ газетін-

де Орехово-Зуеводан алынған бір хабарда: «Өткен жылғы бүліктің (яғни 1885 жылғы январьда Морозов фабрикасында болған бүліктің) маңызы сол — ол Орехово-Зуево фабрикаларында да, оның маңайындағы фабрикаларда да бұрынғы тәртіптерді бірден өзгертті» делінген. Демек, жұмысшылар өрескел тәртіптерді жоюды бірлесіп талап еткеннен кейін, ол тәртіптерді тек Морозов фабрикасының қожайындары ғана өзгертіп қоймай, сонымен қатар, өздерінде бүліктің болуынан қорққан көршілес фабриканттар да жұмысшылардың талаптарын орындай бастаған. «Ең басты нәрсе: — деп жазды сол газетте, — қазірде жұмысшыларға бұрынғыдан гөрі адамшылық көзбен қарайтын болды, бұрын мұндай көзқарас фабрика әкімдерінің тек кейбіреулерінде ғана болған еді».

Тіпті «Московские Ведомости»²⁰ де (бұл газет қашан да болса фабриканттарды жақтап, барлық айыпты жұмысшылардың өздеріне аударады) бұрынғы тәртіптерді сақтаудың мүмкін еместігін түсініп, жөнсіз штраф сала беру — «барып тұрған сорақы қыянаттарға апарып соққызатын жауыздық» екенін, «фабрика дүкендері — нағыз тонаушы орын» екенін, сондықтан штрафтар туралы заң мен ереже шығару қажет екенін мойындауға тиіс болды.

Бұл стачканың орасан зор әсері жұмысшыларды соттау нәтижесінде одан сайын күшейе түсті. Стачка кезінде жанжал шығарғаны үшін, әскер қарауылына шабуыл жасағаны үшін (бір бөлек жұмысшылар стачка кезінде тұтқынға алынып, бір үйге қамалған болатын, бірақ жұмысшылар есікті сындырып, шығып кеткен еді) 33 жұмысшы сотқа берілді. Сот 1886 ж. майда Владимирде болды. Присяжныйлар соттылардың бәрін ақтап жіберді, өйткені сотта құлалардың — оның ішінде фабриканың қожайыны Т. С. Морозовтың, фабриканың директоры Диановтың және көптеген тоқымашы-жұмысшылардың, — берген жауаптары жұмысшыларға көрсетілген сорақы қысымның бәрін ашып берді. Соттың бұл үкімі тек Морозов пен оның администрациясын ғана емес, сонымен қатар фабрикалардағы бұрынғы тәртіптің бәрін де турадан-тура айыптаған үкім болды.

Фабриканттардың сойылын соғушылар қатты сасып,

ызаланды. Бүліктен кейін ескі тәртіптердің сорақылығын мойындаған сол «Московские Ведомости» енді мүлде басқаша әнге басты: «Никольск мануфактурасы ең жақсы мануфактуралардың қатарына қосылады»-мыс. «Жұмысшылар фабрикаға ешқандай крепостнойлық немесе міндетті қарым-қатнаста емес, олар өз еркімен келеді және бөгетсіз кетеді. Штрафтарға келетін болсақ, — фабрикаларда штраф қажет нәрсе; онсыз жұмысшылармен ешқандай келісе алмас едің, онда фабриканы жауып тастауға тура келер еді». — Барлық айып, «азғындыққа, маскүнемдікке, салақтыққа салынған» жұмысшылардың өздерінде-міс. Сот үкімі тек әншейін «халық бұқарасын аздырады»*. — «Бірақ халық бұқарасымен ойнау хауіпті, — деп лепірді «Московские Ведомости». — Владимир сотының ақтаған үкімі жөнінде жұмысшылар не ойлауға тиіс? Бұл шешімнің хабары лезде-ақ бүкіл осы мануфактуралы аймаққа тарайды. Үкім шығарылғаннан кейін іле-шала Владимирден шыққан біздің тілшіміз бұл үкім туралы барлық станцияларда есітіпті...»

Сөйтіп, фабриканттар: егер бүгін жұмысшылардың бір талабын орындасаң, олар ертең екінші бір талап қояды, деп үкіметті қорқытқысы келді.

Бірақ жұмысшылардың бүлігі одан да қорқынышты болды, сондықтан үкіметке жұмысшылардың талабын орындауға тура келді.

1886 ж. июньде штрафтар туралы жаңа заң шықты; бұл заңда қандай реттерде штраф алуға болатынын көрсетті, штрафтың ең көп мөлшерін белгіледі және штрафтан жыйналған ақша фабриканттардың қалтасына түспей, жұмысшылардың өздерінің мұқтажына жұмсалуға тиіс деп тоқтам етті.

Көп жұмысшылар бұл заңды білмейді, ал білетіндері — штрафты үкімет жеңілдетті, сондықтан осы жеңіл-

* Егер жұмысшылар өздерінің халін ойлай бастаса, өздерінің праволарын талап ете бастаса және қожайындардың сорақылықтарына, қысымдарына бірлесіп қарсылық көрсете бастаса, фабриканттар мен олардың сойылын соғушылар мұның бәрін әрдайым тек «азғындық» деп білді, қазірде де осылай қарайды. — Әрине, жұмысшылардың өз халін ойламағаны, өз праволарын түсінбегені қожайындарға пайдалырақ болады.

дік үшін бастықтарға алғыс айту керек, деп ойлайды. Мұның дұрыс емес екенін біз жоғарыда көрдік. — Фабрикалардағы ескі тәртіптер соншама сорақы бола тұрса да, жұмысшылар сол тәртіпке қарсы бүлік шығармайынша, ыза кернеген жұмысшылар фабрикалар мен машиналарды қыйрату, товарлар мен материалдарды өртеу, администрация мен фабриканттарды ұрып, сабауға дейін бармайынша, бастықтар жұмысшыларға жеңілдік жасау жөнінде ешнәрсе де істеген жоқ. — *Үкімет тек сол оқыйғалардан кейін ғана қорқып, жұмысшылардың талабын орындады.* — Жұмысшылар бұл жеңілдік үшін бастықтарға алғыс айтуға тиіс емес, сорақы қысымшылықтарды құртуға тырысқан және соған қолы жеткен өзінің жолдастарына алғыс айтуға тиіс.

1885 жылғы бүліктердің тарихы бізге жұмысшылардың біріккен наразылығында қандайлық зор күш бар екенін көрсетіп отыр. — Тек бұл күштің саналылықпен жұмсалуды, оның босқа сарп етілмеуін, белгілі бір фабриканттан немесе заводшыдан кек алуға, белгілі бір жеккөрінішті фабриканны немесе заводты қыйратуға жұмсалмауын қамдау керек, осы ызадан, осы ешпенділіктен туған барлық күштің түгелінен күллі фабриканттарға, заводшыларға қарсы, күллі фабриканттар мен заводшылар *табына* қарсы жұмсалуды, сол таппен үнемі, тайсалмай күресу жолына жұмсалуды қамдау керек.

Енді штрафтар туралы заңдарымызды толық қарап шығайық. Бұл заңдармен танысу үшін мына мәселелерді ашып алу керек: 1) Заң, қандай реттерде немесе қандай себептермен штраф салуға рұхсат етеді? — 2) Заң бойынша штрафтардың мөлшері қандай болу керек? 3) Заңда штраф салудың қандай тәртібі көрсетілген? — яғни заң бойынша штрафты кім белгілей алады? бұл жөнінде шағым беруге бола ма? штрафтар жазылған табельді жұмысшыға күн ілгері қалай жарыялау керек? штрафтар кітапқа қалай жазылуға тиіс? — 4) Штрафтардан түскен ақша заң бойынша не нәрсеге жұмсалуға тиіс? ол ақшалар қайда сақталады? жұмысшылардың мұқтажына қай ретпен жұмсалады және нақ қандай мұқтажына жұмсалады? Ақырында, соңғы сұрау: 5) Штрафтар туралы заң жұмысшылардың бәріне бірдей қолданыла ма?

Осы мәселелердің бәрін анықтап алғаннан кейін, біз тек штрафтың не нәрсе екенін ғана біліп қоймаймыз, сонымен қатар штраф туралы орыс заңдарының барлық өзгеше ережелері мен толық қаулыларын да білеміз. Ал, штрафтың әділетсіз салынған әрбір кезіне саналылықпен қарау үшін, түрлі әділетсіздіктердің неліктен болатынын, — фабрика бастығының заңды бұзатындығынан бола ма немесе заңның өзінде осындай әділетсіз ережелердің барлығынан бола ма, осыны, — жолдастарға түсіндіре білу үшін, осыған сәйкес, қысымшылықтарға қарсы күрестің лайықты түрін таңдап ала білу үшін, мұны жұмысшылар біліп алуы қажет.

III

ФАБРИКАНТ ҚАНДАЙ СЕБЕПТЕРМЕН ШТРАФ САЛА АЛАДЫ?

Заң бойынша, штраф салудың себептері, яғни фабрика немесе завод қожайынының жұмысшыларға штраф салуына право беретін кінәлі істер мыналар: 1) жұмысты нашар істеу; 2) қыдырымпаздық; 3) тәртіпті бұзу. «Бұдан басқа себептермен ешқандай айып салуға болмайды» — делінген заңда*. Осы үш себептің әрқайсысын жеке-жеке кұнттап қарап шығайық.

Бірінші себеп — жұмысты нашар істеу. Заңда: «жұмысшының салақтықтан сапасыз бұйымдар істеп шығаруы, оның жұмыс кезінде материалдарды, машиналарды және басқа өндіріс құралдарын бүлдіруі — жұмысты нашар істегендік болып есептеледі» делінген. Бұл арада «салақтықтан» деген сөзді есте ұстау керек. Бұл сөздің өте маңызы бар. — Демек, тек салақтық үшін ғана штраф салуға болады. Егер бұйым жұмысшының салақтығынан емес, мысалы, қожайынның жаман материал бергендігінен сапасыз болып шықса, онда фабриканттың штраф салуға правосы жоқ. Жұмысшылардың

* Біздің әңгіме етіп отырған заңымыз — «Өнеркәсіп туралы устав»; бұл устав орыстың «Заңдар жыйнағының» он бірінші томының екінші бөліміне кіреді. — Заң қайта номерленген жеке статьяларда баяндалып жазылған. — Штрафтар туралы 143, 144, 145, 146, 147, 148, 149, 150, 151 және 152-статьяларда айтылады.

мұны жақсы түсінулері қажет, ал жұмысшының кінасынан және оның салақтығынан болмаған себеппен нашар істелген жұмыс үшін штраф салынған ретте оған наразылық білдірулері қажет, өйткені мұндай ретте штраф салу — мүлде заңға қарсы. — Тағы бір мысал келтірейік: завод жұмысшысы электр шамының жанындағы станокта жұмыс істеп жатсын. Темірдің сынығы ұшып барып тура шамға тиеді де, оны сындырады. Қожайын: «материалдарды бүлдірген үшін» штраф жазып қояды. Оның мұны істеуге правосы бар ма? Жоқ, правосы жоқ, өйткені жұмысшы шамды салақтығынан сындырған жоқ; жұмыс кезінде ұшпай тұрмайтын темірдің сынықтарынан шамды ешнәрсемен қорғамағаны үшін жұмысшы айыпты емес*.

Енді мынадай сұрақ туады: бұл заң жұмысшыны жеткілікті қорғай ма? заң жұмысшыны қожайынның зорлық-зомбылығынан, әділетсіз штраф салудан қорғай ма? Әрине, қорғамайды, өйткені істелген бұйымның сапалы немесе сапасыз екенін қожайын өз бетімен белгілейді; жазықсыз кіналаушылық әрдайым болуы мүмкін, қожайынның бұйымның сапасыздығы үшін штрафтарды күшейте түсіп, сол штрафтар арқылы баяғы бір ақыға бұрынғыдан көп жұмыс істетуі әрдайым мүмкін нәрсе. — Заң жұмысшыны қорғаусыз қалдырады, қожайынның қысым жасауына мүмкіндік береді. — Заңның біржақты екендігі, фабриканттардың пайдасына жасалғандығы және әділ емес екендігі анық.

Жұмысшыны қай ретпен қорғау керек болар еді? Мұны жұмысшылар әлдеқашан-ақ көрсетіп берген болатын: Морозовтың Никольск фабрикасындағы тоқымашылар 1885 жылғы стачка кезінде мынадай талап қойған болатын-ды: «товарды өткізгенде, егер екі жақ келісе алмаса, товардың сапалы немесе сапасыздығы сол маңда жұмыс істейтін жұмысшылардың куалары қатыс-

* Петербургте, портта (жаңа Адмиралтейство) дәл сондай оқыйра болды; порттың командирі Верховский жұмысшыларға қысым жасап аты шыққан адам еді. Жұмысшылардың стачкасынан кейін ол сынған шамдар үшін алынатын штрафтардың орнына, сынған шам үшін мастерскойдың барлық жұмысшыларынан ақша шегеріп қалатын болды. Штрафтар сыяқты, мұндай ақша шегерудің де заңсыз екені түсінікті.

тырыла отырып белгіленетін болсын, осының бәрі товарды қабылдау кітабына жазылсын». (Бұл талап «жұмысшылардың жалпы рыйзалығы» бойынша жасалған және стачка кезінде топ ішінен прокурорға берілген дәптерге жазылған еді. — Бұл дәптер сотта оқылды). Бұл талап өте әділ талап, өйткені товардың сапалылығы туралы талас туған кезде қожайынның зорлық-зомбылығына жол бермеу үшін куалар қатыстырудан басқа амалдың болуы мүмкін емес, ал ол куаларды қалайда жұмысшылардан алу керек: мастерлер немесе қызметкерлер ешуақытта қожайынға қарсы шығуға бата алмайды.

Штраф салудың екінші себебі — қыдырымпаздық. Заң не нәрсені қыдырымпаздық деп атайды? «Қыдырымпаздықтың жұмысқа уақытында келмеуден немесе жұмыстан өз бетімен кетіп қалудан айырмашылығы сол — кемінде жарты жұмыс күніндей уақыт жұмысқа шықпай қалу қыдырымпаздық болып есептеледі» делінген заңда. Жұмысқа уақытында келмеу немесе жұмыстан өз бетімен кетіп қалу заң бойынша «тәртіпті бұзғандық» болып есептеледі, ал бұған аз штраф салынады; біз мұны қазір көреміз. Егер жұмысшы заводқа бірнеше сағат кешігіп келсе, бірақ дегенмен түс болмай келсе, бұл қыдырымпаздық болмайды, тек тәртіпті бұзғандық қана болады; ал егер ол түс кезінде келсе, онда бұл қыдырымпаздық болады. — Нақ осы сыяқты, егер жұмысшы сұраусыз өзбетімен түстен кейін жұмыстан кетіп қалса, яғни бірнеше сағат уақыт жұмыста болмаса, онда бұл тәртіпті бұзғандық болады, ал егер ол тұтас жарты күнге кетсе, онда бұл қыдырымпаздық болады. — Егер жұмысшы қатарынан үш күннен артық немесе бәрін қосқанда айына алты күннен артық қыдырып жүрген болса, онда фабрикант онымен есептесіп жұмыстан шығарып жіберуге праволы, делінген заңда. — Жарты немесе толық бір күн жұмыс істемеу әрдайым да қыдырымпаздық болып есептеле ме? деген сұрау туады. — Жоқ, есептелмейді. Жұмысқа шықпаудың кешірімді себептері болмаған күнде ғана қыдырымпаздық болып есептеледі. — Жұмысқа шықпаудың кешірімді себептері заңда атап көрсетілген. Ол себептер мыналар: 1) «жұмысшының еркінен айрылуы». Демек, мысалы, жұмыс-

шы тўтқынға алынса (полицияның бұйрығы бойынша немесе мировой судьяның үкімі бойынша), онда есеп айырған кезде, қыдырдың деп жұмысшыға штраф салуға фабриканттың правосы жоқ; 2) «бақытсыздық бір жағдайдан кенет бүліншілікке ұшырау»; 3) «өрт»; 4) «өзеннің тасуы». Мысалы, жазғытұрым су тасып, жұмысшы өзеннен өте алмай қалса, фабриканттың оған штраф салуға правосы жоқ; 5) «үйден кетуге мүмкіншілік бермейтін ауру» және 6) «ата-аналарының, ерінің, әйелінің және балаларының қайтыс болуы немесе қатты науқастануы». Осы алты реттің бәрінде де жұмысшының жұмысқа шықпауы кешірімді болып есептеледі. Қыдырып қалдың деп штраф салмауы үшін жұмысшы дәлел табудың қамын істесе болғаны: оның кешірімді себеппен жұмысқа шықпай қалдым деген сөзіне контордағылар нанбайды. Дәрігерден (мысалы, науқастанып қалған болса) немесе полициядан (мысалы, өрт болса) куәлік алу керек. Егер куәлікті нақ сол сағатында ала алмаған күнде оны кейінірек болса да әкеліп, заң бойынша штрафтың салынбауын талап ету керек, ал егер штраф салынып қойған болса, оның қайтып алынуын талап ету керек.

Жұмысқа шықпаудың кешірімді себептері туралы заңның осы ережелері жайында мынаны айта кету қажет: бұл ережелер — ерікті адамдарға қолданылмай, казармадағы солдаттарға қолданылатындай қатаң ережелер. Бұл ережелер сотқа келмеудің заңды себептері туралы ережелерден көшіріліп алынған: егер біреуге пәлендей бір қылмыс істеді деген айып тағылса, оны сот тергеушісі жауапқа шақырады, ал айыпкер келуге міндетті. Жұмысшылардың жұмысқа келмеуіне қандай реттерде рұхсат етілсе, айыпкердің тергеушіге келмеуіне де тек сондай реттерде ғана рұхсат етіледі*. Демек, заң кәззаптарға, ұрыларға, т. с. қалай қатаң қараса, жұмысшыларға да дәл солай қатаң қарайды. Сотқа келу туралы ережелердің не себепті мұндай қатаң болатынын жұрттың бәрі түсінеді, — өйткені қылмыстыларды қудалау — бүкіл қоғамға қатысы бар іс. Бірақ жұ-

* Айыпкерлерді шақыру туралы заңда тек «өрт» туралы ғана айтылмаған.

мысшының жұмысқа шығуы тіпті де бүкіл қоғамға қатысы бар іс емес, тек бір ғана фабрикантқа қатысы бар іс, ал оның үстіне, жұмыстың тоқтамауы үшін, бір жұмысшыны екінші бір жұмысшымен алмастыра қою опонай. Демек, бұл заңның әскер заңындай соншама қатаң болуының ешбір қажеті жоқ еді. Бірақ капиталистер, фабрикада жұмыс істету үшін, жұмысшының барлық уақытын өз қолына алумен қанағаттанбайды; мұнымен қатар олар жұмысшының еркінің бәрін, фабрикадан басқа мүдделері мен ойының бәрін өздеріне қаратып алғысы келеді. Жұмысшыларға еріксіз адамдар деп қарайды. — Сондықтан да осындай казармалық, кеңсешіл-кіналағыш ережелерді жасап шығарады. Мысалы, «ата-аналарының, ерінің, әйелінің және балаларының қайтыс болуы немесе қатты науқастануы» заң бойынша келмеудің кешірімді себебі деп тағылатынын әлгіде ғана көрдік. — Сотқа келу туралы заңда осылай делінген. — Жұмысшының жұмысқа келуі туралы заңда да дәл осылай делінген. Демек, мысалы, жұмысшының әйелі емес, қарындасы қайтыс болса, онда жұмысшы ол күні жұмысқа бармай қала алмайды, өлген адамын жерлеуге уақытын бөле алмайды: уақыт оның өзінікі емес, фабриканттікі. Ал өлген адамды қою полицияның да қолынан келеді, — бұған қам етудің қажеті қанша. Сотқа келу туралы заң бойынша, семьяның мүддесі қоғамның мүдделеріне жол беруге тиіс, өйткені қоғамға қылмыстыларды қудалау қажет. — Жұмысқа келу туралы заң бойынша, жұмысшының семья мүдделері фабриканттың мүдделеріне жол беруге тиіс, өйткені фабрикантқа пайда түсіру қажет. — Мұндай заңдарды жасап шығарушы, орындаушы және қорғаушы бикүнә мырзалар осыдан кейін де, семья тұрмысын бағаламайды деп, жұмысшыларды айыптай алады-ау!..

Қыдырымпаздық үшін салынатын штрафтар туралы заң әділ заң ба? соны қарастырайық. Егер жұмысшы жұмысын тастап бір күнге, екі күнге кетіп қалса, бұл қыдырымпаздық болып есептеледі, бұл үшін жұмысшы айып тартады, ал қатарынан үш күннен артық қыдырып қалса, оны қуып жібере алады. — Ал егер фабрикант (мысалы, берілген заказ жоқ болғандықтан) жұмысты тоқтатып тастаса немесе жетісіне алты күндік жұмыс

берудің орнына тек бес күндік жұмыс берсе, онда қалай болады? Егерде жұмысшылар фабриканттармен шынында тең праволы болса, онда заң жұмысшы үшін қандай болса, фабрикант үшін де нақ сондай болуға тиісті болар еді. — Егер жұмысшы жұмысты тоқтатса, онда ол ақыдан айрылады және штраф төлейді. Демек, егер фабрикант өз бетімен жұмысты тоқтатса, ол, біріншіден, фабриканың тоқтаған уақытының бәріне жұмысшыға толық жалақы төлеуге, екіншіден, штраф тартуға тиісті болар еді. — Бірақ заңда мұның екеуі де жазылмаған. Біздің штраф туралы бұрынғы айтқандарымыз осы мысалдан айқын дәлелденіп отыр; атап айтқанда: штрафтар капиталистердің жұмысшыларды құлдыққа салып отырғанын көрсетеді, жұмысшылардың өмір бойы капиталистер үшін жұмыс істеуге, соларды байытуға, осының үшін шағын тұрмысына да жетпейтін болмашы ақы алуға кіріптар болған, дәрежесі төмен, еріксіз тап екендігін көрсетеді. — Өз бетімен жұмысты тоқтатқаны үшін фабриканттардың штраф төлеуі туралы сөз болуы да мүмкін емес. Бірақ, жұмыстың тоқтауына жұмысшылар кінәлы болмаған күнде, фабриканттар жұмысшыларға жалақы да төлемейді. Бұл — нағыз жан түршігетін әділетсіздік. Заңда тек мынадай ғана ереже бар: «өрттің, селдің салдарынан, паровиктің жарылуынан, тағы басқа сондай себептерден фабрикада немесе заводта жұмыс 7 күннен артық тоқтап қалса», фабрикант пен жұмысшының арасындағы договор бұзылады. Жұмысшылар, жұмыс тоқтап қалған уақытта фабрикантты жұмысшыға жалақы төлеуге міндетті ететін ереже шығуын талап етуге тиіс. — 1885 жылы 11 январьда, Т. С. Морозовтың фабрикасында болған әйгілі стачка кезінде, орыс жұмысшылары бұл талапты жұрт алдында ұсынған да болатын*. Жұмысшылардың талаптары

* Айта кету керек, ол кезде (1884/85 жылы) фабриканың жұмысшылардан болмаған себеппен тоқтап қалатын уақыттары өте көп болатын, өйткені ол кезде сауда мен өнеркәсіп дағдарысқа ұшыраған еді: фабриканттардың товары өтпей қалды, сондықтан олар өндірісті ықшамдауға тырысты. Мысалы, 1884 жылы декабрьде үлкен Вознесенский мануфактурасы (Москва губерниясында, Москва-Ярославль темір жолының Талица станциясының жанында) жұмыс күнінің санын азайтып, жетісіне 4 күнге түсірді.

жазылған дәптерде мынадай талап бар еді: «қыдырымпаздық үшін шегерілетін ақша бір сомнан аспайтын болсын, сөйтіп, машинаның тоқтап қалуы, қайта жөнделуі сыяқты қожайынның кінасынан жұмыс істелмеген күндерге қожайын да ақы төлейтін болсын, осы мақсатпен, мұндай жұмыс істелмеген әрбір күн есеп-қыйсап дәптеріне жазылып отыратын болсын». — Жұмысшылардың бірінші талабы (қыдырымпаздық үшін салынатын штраф бір сомнан аспайтын болсын деген талап) орындалып, штрафтар туралы 1886 жылғы заңға енгізілді. Екінші талабы (қожайынның кінасынан жұмыс істелмеген күндерге қожайын ақы төлейтін болсын деген талап) орындалмады, сондықтан жұмысшылар әлі де болса бұл талапты орындаттыруы керек. Мұндай талап үшін күрестің ойдағыдай болуы үшін, бұл заңның әділ емес екенін, не нәрсені талап ету керек екенін барлық жұмысшылардың айқын түсінулері керек. Белгілі бір фабрика немесе завод тоқтап қалып, жұмысшылар ақы ала алмаған әрбір ретте, жұмысшылар мұның әділсіздік екені туралы мәселе көтеруге тиіс, фабрикантпен екі арадағы договор бұзылмай тұрғанда фабриканттың әрбір күнге ақы төлеуге міндетті екендігін қатты талап етуге тиіс, мұны инспекторға мәлімдеуге тиіс; инспектордың берген түсінігі жұмысшыларға бұл туралы шындығында заңда ешнәрсе айтылмағанын дәлелдеп береді, сөйтіп заңды жұмысшылардың талқысына түсіреді. Олар мүмкіндігі болғанда, сотқа арыз беріп, өздерінің істеген жұмысына тиетін ақыларын фабриканттан өндіріп беруді өтінуге тиіс, — ақырында, жұмыс тоқтап қалған күндерге жалақы төлету туралы жалпы талаптар қоюға тиіс.

Штраф салудың үшінші себебі — «тәртіпті бұзу». — Заң мынадай 8 түрлі істі тәртіп бұзғандыққа жатқызады: 1) «жұмысқа мезгілімен келмеу немесе жұмыстан өз бетімен кетіп қалу» (бұл пункттің қыдырымпаздықтан қандай айырмашылығы бар екенін әлгіде ғана айтып өттік); 2) «фабриканың немесе заводтың меңгерушісі, 105-статьяның 1-ескертуіне сүйеніп, жұмысшылар-

Сдельной жұмыс істеген жұмысшылар бұған стачка жасаумен жауап берді, бұл стачка 1885 жылы январьдың бас кезінде қойылған талапты фабриканттың орындауымен аяқталды.

мен екі арадағы жалдау договорын бұзуды қажет деп таппаған реттерде, завод немесе фабрика үйлерінде отпен пайдалану жөнінде белгіленген сақтық ережелерін орындамау». — Бұл, жұмысшы отқа сақ болу ережелерін бұзса, ондай реттерде жұмысшыға не штраф салуды немесе оны жұмыстан қуып шығаруды (заңның айтуы бойынша, «жалдау договорын бұзу») заң фабриканттың еркіне береді деген сөз; 3) «завод немесе фабрика үйлерінде тазалық сақтамау, жыйнақты болмау»; 4) «жұмыс кезінде шу көтеріп, айқайлап, сөгісіп, ұрсысып немесе төбелесіп, тыныштықты бұзу»; 5) «тіл алмау». Бұл пункт жөнінде мынаны айта кету керек: жұмысшы заңды талапты, яғни договорға сүйенген талапты орындамаған күнде ғана фабрикант жұмысшыға «тіл алмады» деп штраф салуға праволы. — Егер жұмысшының қожайынмен екі арадағы договорына сүйенбеген қайдағы-бір жөнсіз талап қойылған болса, — онда жұмысшыға «тіл алмады» деп штраф салуға болмайды. — Мысалы, жұмысшы сдельной жұмыс туралы шарт бойынша жұмыс істейді. Мастер оған, бұл жұмысты тастап, басқа бір жұмысты істеуге бұйырады. Жұмысшы бұған көнбейді. — Мұндай ретте тіл алмады деп штраф салу дұрыс болмас еді, өйткені жұмысшы тек бір жұмыс жөнінде ғана шарт жасады және, ол сдельной жұмыс істейтін болғандықтан, басқа іске көшу оған жұмысты тегін істегендік болар еді; 6) «жұмысқа мас болып келу»; 7) «рұхсат етілмеген ойындарды ақша салып ойнау (карта, орлянка ойнау, т. с.)» және 8) «фабрикалардағы ішкі тәртіп ережелерін орындамау». Бұл ережелерді әрбір фабрика мен заводтың қожайыны белгілейді, оны фабрика инспекторы бекітеді. — Бұл ережелерден алынған үзінділер есеп-қыйсап кітаптарында басылады. — Ішкі тәртіп ережелерін орындамағаны үшін өздеріне штрафтың дұрыс немесе бұрыс салынатындығын тексеру үшін, жұмысшылар бұл ережелерді оқып, біліп алуы керек. — Бұл ережелерді заңнан айыра білу керек. Барлық фабрикалар мен заводтар жөнінде заң біреу; ішкі тәртіп ережелері әрбір фабрикада әртүрлі болады. — Заң патшаның өкімімен бекітіледі немесе бұзылады; ішкі тәртіп ережелерін бекітуші немесе бұзушы — фабрика инспекторы. — Сондықтан, егер бұл

ережелер жұмысшыларға қысымшылық жасайтын болса, онда инспекторға шағым беріп, оны бұздыруға болады (егер ол шағымды аяқсыз қалдырса, оның үстінен фабрика алқасына шағым беруге болады). — Заңды ішкі тәртіп ережелерінен айыра білу қажет екенін көрсету үшін, мынадай мысал келтірейік. Мейрам күні немесе кесімді уақыттан тысқарғы мезгілде жұмысқа келмегені үшін жұмысшыға, мастердің талап етуі бойынша, штраф салынады делік. — Мұндай штраф дұрыс па, дұрыс емес пе? — Бұған жауап беру үшін, ішкі тәртіп ережелерін білу керек. — Егер, мастердің талап етуі бойынша жұмысшының кесімді уақыттан тысқарғы мезгілде жұмысқа шығуға міндетті екендігі туралы ережелерде ешнәрсе айтылмаған болса, — онда мұндай штраф заңсыз болады. Ал егер ережелерде, жұмысшы бастықтардың талап етуі бойынша мейрамдарда немесе кесімді уақыттардан тысқарғы мезгілде жұмысқа шығуға міндетті делінген болса, — онда штраф заңды болады. — Бұл міндеткердікті жойғызу үшін, жұмысшылар штрафтар жөнінде шағым жасамай, ішкі тәртіп ережелерінің өзгертілуін талап етуге тиіс. — Барлық жұмысшылар өзара сөз байласып алуы керек, сонда жұмысшылар бірігіп қыймылдау арқасында ондай ережелерді жойғыза алады.

IV

ШТРАФТЫҢ КӨПТІГІ ҚАНДАЙ БОЛУЫ МҮМКІН?

Енді біз заң бойынша жұмысшыларға қандай реттерде штраф салуға болатынын түгел білеміз. — Штрафтардың мөлшері туралы заңның не айтатынын қарастырайық. Заң штрафтардың мөлшерін барлық фабрикалар мен заводтар үшін бірдей етіп белгілемейді. Заң штрафтың ең арғы шегін, одан артық салуға болмайтын шегін ғана белгілейді. Бұл шек штраф салудың үш түрлі ретінің (жұмысты нашар істеу, қыдырымпаздық және тәртіпті бұзу) әрқайсысы үшін жеке-жеке көрсетілген. — Атап айтқанда, қыдырымпаздық үшін салынатын штрафтың шегі мынадай: күндік ақы төленгенде алты күндік табыстың суммасынан (тұтас бір айдың

штрафтарын қосқанда) артпауға тиіс, яғни қыдырымпаздық үшін бір айдың ішінде алты күндік табыстың мөлшерінен артық штраф салуға болмайды*. Егерде сдельной төленетін болса, онда қыдырымпаздық үшін салынатын штрафтың шегі — күнге 1 сомнан, ал бір айға 3 сомнан артпауы керек. Мұның үстіне, жұмысшы қыдырып қалған кезде, барлық қыдырған уақытының ақысынан айрылады. Одан соң, тәртіпті бұзғандығы үшін салынатын штрафтың шегі — тәртіпті бұзған әрбір ретте бір сомнан аспауы керек. Ақырында, нашар істелген жұмыс үшін салынатын штрафтарға келсек, заңда оның шегі тіпті көрсетілмеген. — Барлық штрафтарды бірге қосып алғанда: қыдырымпаздық үшін, тәртіп бұзғандық үшін және нашар істелген жұмыс үшін салынатын штрафтардың тағы бір жалпы шегі көрсетілген. Осы алымдардың барлығын бірге қосқанда, бұл «ақы төленетін белгілі мерзімде жұмысшының қолына нақты тиетін табысының үштен бірінен артпауға тиіс». Яғни, егер жұмысшы, айталық, 15 сом алуға тиіс болса, онда тәртіп бұзғандығы бар, қыдырғандығы бар, нашар істеген жұмысы бар, бәрін қосқанда, одан заң бойынша 5 сомнан артық штраф алуға болмайды. Егер штрафтар одан көп болып шықса, фабрикант оларды кемітуге тиіс. Бірақ мұндай ретте заң фабрикантқа тағы бір право береді: атап айтқанда, егер жұмысшыдан алынатын штрафтар оның табысының үштен бірінен асып кетсе, онда фабриканттың договорды бұзуға правосы бар**.

Бұл заң ережелері туралы, штрафтардың өң арғы мөлшері жөнінде мынаны айту керек: бұлар жұмысшыға өте қатаң тиеді және, жұмысшыға зыян келтіріп, тек бір ғана фабрикантты қорғайды. — Біріншіден, заң штрафтың өте көп алынуына — табыстың үштен біріне

* Күндік ақы төленетін ретте бір күн қыдырғаны үшін салынатын штрафтың шегі көрсетілмеген. Тек: «жұмысшының жалақысына қарай салынады» деген. Штрафтардың мөлшері әрбір фабрикадағы айып төлету табелінде дәл көрсетілген; мұны қазір көреміз.

** Договордың бұзылуын дұрыс емес деп тапқан жұмысшы сотқа шағым бере алады, бірақ мұндай шағым беру үшін өте қысқа мерзім: бір ай (әрине, есеп-қыйсап айырған күннен бастап) белгіленген.

дейін алынуына жол беріп отыр. Бұл жөнсіз көп штраф. Бұл мөлшерді штрафтардың жұртқа мәлім өте көп алынған реттерімен салыстырып қарайық. Владимир губерниясының фабрика инспекторы Микулин мырза (ол 1886 жылғы жаңа заң туралы кітап жазған) бұл заңнан бұрын фабрикаларда штрафтардың қаншама көп болғанын айтады. Штрафтар бәрінен де тоқыма өндірісінде көп болған, тоқыма фабрикасындағы ең көп штраф жұмысшылардың табысының 10 проценті, яки табысының оннан біріндей болған. — Владимир губерниясының фабрика инспекторы Песков мырза өзінің берген есебінде* өте-мөте көп штрафтар туралы мысалдар келтірген: олардың ішіндегі ең көбі — 32 сом 31 тыйын табыстан алынған 5 сом 31 тыйын штраф. Бұл 16,4 процент болады (бір сомға 16 тыйын), яки табыстың алтыдан бір бөлегінен кемірек. Мұндай штрафты көп деп есептейді және бұлай есептейтін жұмысшы емес, инспектор. Ал біздің заңымыз штрафты бұдан екі есе көп алуға, табыстың үштен бірін, бір сомнан $33\frac{1}{3}$ тыйын алуға жол беріп отыр! Сірә, азды-көпті жөні түзу фабрикаларда, біздің заңымыздың рұхсат еткеніндей штраф болмаған болар. — 1885 жылғы 7 январьдағы стачканың алдында Т. С. Морозовтың Никольск мануфактурасында болған штрафтар туралы мәліметтерді алып қарайық. Күалардың айтуына қарағанда, бұл фабрикадағы штрафтар маңайдағы фабрикалардағыдан көп болған. Ондағы штрафтар тіпті сорақы болғандықтан, 11 000 адам бұған ешбір төзе алмады. — Егер біз бұл фабриканы — штрафты жөнсіз көп алатын фабриканың үлгісі деп есептесек, сірә, хателесе қоймаспыз. — Бұл фабрикада штрафтың көптігі қандай болды? — Тоқыма мастери Шориннің сотта берген жауабына қарағанда, бұл фабрикада штрафтар, жоғарыда айтқанымыздай, табыстың тең жартысына дейін барған, жалпы алғанда 30 проценттен 50 процентке дейін болған, 1 сомға 30 тыйыннан 50 тыйынға дейін штраф салынған. — Бірақ оның жауабы, біріншіден, айқын мәліметтер бойынша

* 1885 жылғы бірінші есеп. Фабрика инспекторларының тек алғашқы есептері басылып шықты. Үкімет есептерді басуды дереу тоқтатты. Фабрика тәртібін суреттеген есептерді жарыялаудан қорққаны, бұл тәртіптің, сірә, жақсы болғаны ғой.

дәлелденбеді, екіншіден, не кейбір жеке реттерге, не жалғыз бір мастерскойға жатады. — Стачкашылардың сотында штрафтар туралы кейбір мәліметтер жарыяланды. — Табыстың (айлық) және 17 ретте төленген штрафтардың мөлшері көрсетілді: бүкіл табыс 179 сом 6 тыйын, ал штрафтар 29 сом 65 тыйын болған. Бұдан 1 сом табысқа 16 тыйын штраф салынғаны көрініп отыр. Осы 17 реттің барлығындағы ең көп штраф — 12 сом 40 тыйын табысқа 3 сом 85 тыйын болған. Бұл бір сомға $3\frac{1}{2}$ тыйыннан келеді — сонда да, біздің заңымыздың жол беріп отырғанынан аз. — Бірақ бәрінен де бүкіл фабрика жөніндегі мәліметтерді алған артық. — 1884 жылғы штрафтар одан ілгергі жылдардағы штрафтардан көп болған: ол штрафтар бір сомға $23\frac{1}{4}$ тыйыннан келген (бұл ең көп мөлшер: штрафтар $20\frac{3}{4}$ проценттен $23\frac{1}{4}$ процентке дейін болған). Сонымен, штрафты жәнсіз көп алып әйгілі болған фабрикадағы штрафтар, не дегенмен, орыс заңының жол беріп отырған штрафтарынан аз болған!.. Несін айтасын, мұндай заң жұмысшыларды жақсы-ақ қорғайды! — Морозов фабрикасындағы стачкашылар: «штрафтар табыстың бір сомының 5 процентінен артпайтын болсын, ал оның үстіне, жұмысты жаман істегені үшін жұмысшыны айына көп дегенде 2 рет шақырып алып, оған ескерту жасалынатын болсын» деген талап қойған болатын. Біздің заңдарымыз рұхсат ететін штрафтарды қайдағыбір өсімқорлардың алатын өсім проценттерімен ғана салыстыруға болады. Штрафты осыншама көбейтуге анауынау фабрикант бел байлай алар ма екен; заң бұған жол береді-ау, бірақ жұмысшылар бұған көне қоймас*.

Штрафтардың мөлшері туралы заңдарымыздың өзгешелігі — оның тек өрескел қысым жасаушылығында ға-

* Бұл жөнінде мынаны айта кетпей болмайды: Петербург округіндегі фабрикалардың бұрынғы бас инспекторы Михайловский мырза мұндай заңды — «жұмысшы таптарының қамын ойлау ісінде орыстың императорлық үкіметіне үлкен абырой әперетін нағыз адамгершілік (адамды сүюшілік) реформа» деп атауды әділдік іс деп табады. (1893 жылғы Чикагодағы дүниежүзілік көрмеге арнап орыс үкіметінің бастырған орыстың фабрика-завод өнеркәсібі туралы кітабында осындай баға берілген). Орыс үкіметінің қамқорлығы міне қандай десеңізші!!! Жұмысшының 1 сомынан 23 тыйын шегеріп қалып отырған тонаушылар фабриканттардың ішінен

на емес, сонымен бірге адам айтқысыз әділетсіздігінде болып отыр. Егер штраф өте көп болса (үштің бірінен артып кетсе), онда фабрикант екі арадағы договорды бұза алады, ал жұмысшыға мұндай право берілмейді, яғни, штраф көп салынып, табысының үштен бірінен асып кеткен реттерде жұмысшының фабрикадан кетуіне право берілмейді. Штрафтың салынуына тек жұмысшылар айыпты болатындай, заң тек фабриканттың қамын ойлайтыны айқын нәрсе. Ал шындығында, фабриканттар мен заводшылардың екінің бірінде ешбір кінәсыз-ақ жұмысшыларға штраф сала беретіні, мысалы, жұмысшыларға барынша аянбай жұмыс істеттіру үшін де штраф салатыны жұрттың бәріне мәлім. Заң тек фабрикантты ғана дегеніне көнбейтін жұмысшыдан қорғайды, ал жұмысшыны өте қысымшыл фабриканттардан қорғамайды. Демек, бұлай болғаннан кейін, жұмысшының мені қорға деп баратын ешкімі жоқ. Өздері туралы және фабриканттармен күресу туралы жұмысшылардың өздері ойлануға тиіс.

V

ШТРАФ САЛУДЫҢ ТӘРТІБІ ҚАНДАЙ?

Заң бойынша штрафтар фабрика немесе завод меңгерушілерінің «өз билігімен» салынатынын жоғарыда айтып өттік. Олардың бұйрықтарының үстінен шағым беру жөнінде заң былай дейді: «фабрика немесе завод меңгерушісінің жұмысшыларға айып салу туралы бұйрығының үстінен шағым беруге болмайды. Бірақ фабрика инспекциясының қызметкерлері фабрикаға немесе заводқа барған кезде, жұмысшылардың мәлімдемелерінен, жұмысшыларға салынған айыптың заңға қайшы келетіні анықталса, онда меңгеруші жауапқа тартылады». — Бұл қаулының өте көмескі екенін және бір сөзі

заңнан бұрын да және ешқандай заң болмаса да табыла беретін. Ал заң, жұмысшылардың қамын ойлап: 1 сомнан 33¹/₂ (отыз үш және үштен бір) тыйыннан артық ұсталмасын! деп қаулы етті. Ал, үштен бір тыйынды тастап, қалған отыз үш тыйынды қазір заң бойынша да ұстап қалуға болады. — Шынында да, «нағыз адамгершілік реформа» екен!

екіншісіне қайшы келетінін өздеріңіз көріп отырсыз: бір жағынан, жұмысшыға — штраф салғанға қарсы шағым беруге болмайды, дейді. Ал екінші жағынан, салынған штрафтың «заңға қайшы» екендігі туралы жұмысшылар инспекторға «мәлімдей» алады, дейді. Орыс заңдарымен таныс болып көрмеген адам: «заңсыздық туралы мәлімдеу» мен «заңсыздық туралы шағым берудің» арасында қандай айырмашылық бар? деп сұрар еді. Айырмашылық жоқ, бірақ заңның бұл пәлекор қаулысының көздеген мақсаты өте айқын: әділдікке және заңға қайшы келетін штраф салғаны үшін фабриканттардың үстінен шағым беру жөнінде заң жұмысшының правосына қысым жасағысы келеді. Енді бір жұмысшы заңсыз штраф салды деп инспекторға арыз ететін болса, инспектор оған: «Штраф салғанға қарсы шағым беруге заң рұхсат етпейді», деп жауап бере алады. — Айлалы заңмен таныс болып, оған: «Мен шағым беріп тұрғаным жоқ, тек мәлімдеймін» деп жауап бере алатын жұмысшылар көп пе. — Инспекторлар — жұмысшылардың фабриканттармен қатнасы туралы заңдардың орындалуын бақылап отыру үшін қойылған адамдар. Инспекторлар заңды орындамаушылық туралы берілген мәлімдемелердің қандайын болса да қабыл алуға міндетті. Ереже бойынша (финанс министрі бекіткен «фабрика инспекциясының қызметкерлеріне тапсырманы» қараңыз), инспектор, тілеген адамдарын қабылдап, олармен ауызба-ауыз сөйлесіп түсінісу үшін, ең кемі жетісіне бір күнді белгілеуге тиіс, бұл белгіленген күндер туралы әрбір фабрикада құлақтандыру ілінуге тиіс. — Сонымен, егер жұмысшылар заңды білсе және ол заңды бұлжытпай орындатуға мықтап бел байласа, онда жаңағы айтылған заңның айласы іске аспайды, сөйтіп жұмысшылар заңды дұрыс қолданылатын ете алады. — Жұмысшылардан штраф жолсыз алынған болса, штраф ақшаны қайтарып алуға олардың правосы бар ма? Ақылға салып қарағанда, әрине, правосы бар, деп жауап беруге болар еді. Фабриканттың жұмысшыға жолсыз штраф салуына және жолсыз ұстап қалған ақшаны қайтармауына жол беріп қоюға болмайды ғой. Бірақ, бұл заңды мемлекеттік кеңесте талқылағанда, бұл туралы *әдейі* үндемеуге қаулы алыныпты. Мемле-

кеттік кеңестің мүшелері: жұмысшыларға, жолсыз алынған ақшаларды қайтаруды талап етуге право берсек, онда, «жұмысшылардың арасында тәртіп орнату үшін фабрика меңгерушісіне берілетін мән-маңыздың жұмысшылар алдында қадірі түсіп қалады» деп тапқан. Мемлекет адамдары жұмысшылар туралы міне осылай ойлайды! Егер фабрикант жұмысшыдан ақшаны жолсыз алған болса, онда жұмысшыларға оны кері қайтарып алуға право берудің қажеті жоқ екен. Жұмысшыдан оның өз ақшасын не үшін тартып алады? Себебі, шағым арыздар беру «меңгерушілердің маңызын түсіреді!» Демек, жұмысшылардың өз правоарын білмейтіндігі және, бастықтар заңды бұза тұрса да олардың үстінен шағым беруге «батылы бармайтындығы» арқасында ғана «меңгерушілердің маңызы артып», «фабрикаларда тәртіп орнайды» екен ғой? Демек, мемлекет адамдары, жұмысшылар штрафтың дұрыс салынуын бақылап жүрмесін, деп қатты қорқады екен ғой! Жұмысшыларға үкіметтен не күтуге болатынын көрсетіп, ашып бергені үшін, жұмысшылар мемлекеттік кеңестің мүшелеріне алғыс айтуға тиіс. Фабриканттар қандай адам болса, өздерін де сондай адам деп есептейтінін, өздерінің тілсіз мал есебінде ұсталуына көнбейтінін жұмысшылар көрсетуге тиіс. Сондықтан, штрафтың жолсыз салынған реттерінің бірде-біреуін шағымсыз қалдырмауды, қалай да ақшаның қайтарылуын талап етуді, — не инспектор арқылы, не, инспектор қабылдамаса, сот арқылы талап етуді жұмысшылар өздерінің міндеті деп білуге тиіс. — Жұмысшылар инспектордан да, соттан да қайыр көрмей-ақ қойсын, — сонда да олардың еңбегі босқа кетпейді: олар жұмысшылардың көзін ашады, біздің заңдарымыздың жұмысшылардың правоарына қалай қарайтындығын оларға көрсетіп береді.

Сонымен, біз енді, штрафтар меңгерушілердің «өз билігімен» салынатынын білеміз. — Бірақ әрбір фабрикада штрафтардың мөлшері әртүрлі болуы мүмкін (өйткені заң штрафтың ең арғы шегін, штрафты одан әрі арттыруға болмайтын шегін ғана көрсетіп береді), ішкі тәртіп ережелерінің де түрліше болуы мүмкін. Сондықтан заң, штраф салынуға тиісті тәртіп бұзушылықтың бәрінің және әрбір тәртіп бұзушылық үшін салынатын

штрафтың мөлшерінің *айып салу табельдерінде* күн ілгері көрсетілуін талап етеді. Бұл табельді әрбір фабрикант пен заводшы жеке жасайды да, фабрика инспекторы бекітеді. Заң бойынша, ол табельді әрбір мастерскойда іліп қою керек.

Штрафтың дұрыс салынуын және қанша салынғанын бақылап отыруға болатын ету үшін, штрафтардың бәрі де дұрыс жазылып отырылуы керек. Заң штрафтардың «салынған уақытынан бастап үш күннен қалмай» жұмысшының есеп-қыйсап кітабына жазылуын талап етеді. Жазғанда, біріншіден, штраф салудың себебін көрсету керек (яғни не үшін штраф салынғанын, — нашар істелген жұмыс үшін, атап айтқанда, нені нашар істегені үшін салынғанын, қыдырғандығы үшін немесе тәртіп бұзғандығы үшін, атап айтқанда тәртіпті қалай бұзғандығын көрсету керек), ал, екіншіден, салынған штрафтың мөлшерін көрсету керек. — Штрафтарды есеп-қыйсап кітабына жазып отырудың қажеттігі мынау: жұмысшылар штрафтың дұрыс салынғандығын тексеріп отыра алатын болуы керек және қандай да болсын заңсыздық байқалса дер кезінде шағым бере алатын болуы керек. Сонсын, штрафтардың барлығы жіп өткізілген ерекше-бір кітапқа жазылып отыруға тиіс; штрафтарды инспекцияның тексеріп отыруы үшін, бұл кітап әрбір фабрикада немесе заводта болуға тиіс.

Бұл жөнде, фабриканттар мен инспекторлардың үстінен берілетін шағымдар туралы бір-екі ауыз сөз айта кетудің, бәлкім, артықтығы болмас, өйткені жұмысшылардың көбі кімге және қалай шағым беруді білмейді. — Заң бойынша, фабрикадағы немесе заводтағы заңды бұзушылықтың қандайы жөнінде болса да фабрика инспекторына шағым беру керек. Ол, наразылық білдірген ауызба-ауыз арыздарды да, жазба арыздарды да қабылдауға міндетті. Егер фабрика инспекторы өтінішке құлақ қоймаса, онда бас инспекторға арыз беру керек; бас инспектордың да арыз айтушыларды қабыл алатын белгілі күндері болуға тиіс. — Мұның үстіне, справка яки түсінік алатын немесе арыз беретін адамдар үшін бас инспектордың кеңсесі күн сайын ашық тұруға тиіс. («Фабрика инспекциясының қызметкерлеріне тапсырманы» қараңыз, 18-ст.). Инспектордың шығарған қарары-

ның үстінен фабрика істерін қарайтын Губерндялық алқаға шағым беруге болады*. Заңда, мұндай шағымдар беру үшін инспектордың бұйрығы жарыяланған күннен бастап бір ай мерзім белгіленген. Сонсын, фабрика алқасының қаулысы үстінен нақ сондай мерзімнің ішінде финанс министріне шағым беруге болады.

Өздеріңіз көріп отырсыздар, шағым беруге болатын адамдар заңда өте көп көрсетілген. Оның үстіне, фабриканттың да, жұмысшының да шағым беруге бірдей правосы бар. Бірақ бұл қорғау тек қағаз жүзінде қалып қояды; барлық бәле міне осында. Фабриканттың шағым беруге толық мүмкіндігі бар, — бос уақыты бар, адвокат жалдауға т. с. қаражаты бар, міне сондықтан фабриканттар шынында инспекторлардың үстінен шағым түсіріп, министрге дейін барып жүр, сөйтіп түрліше жеңілдіктер де алды. Ал жұмысшының шағым беру правосы — ешбір маңызы жоқ кұр сөз ғана. Бәрінен бұрын, оның инспекторларға, кеңселерге барып жүруге уақыты жоқ! ол жұмыста, ал «қыдырып қалса», оған штраф салады. Адвокат жалдауға оның ақшасы жоқ. Ол заңдарды білмейді, сондықтан өз правосын қатты талап ете алмайды. Ал жұмысшылардың заңдармен таныс болуына бастықтардың қам қылмайтыны былай тұрсын, қайта ол заңдарды жұмысшыдан жасыруға тырысады. Бұған нанбайтындарға біз «Фабрика инспекциясының қызметкерлеріне тапсырмадан» (бұл тапсырманы министр бекіткен және ол фабрика инспекторларының правосы мен міндеттерін түсіндіреді) мына ережені келтірейік: «Өнеркәсіп орнының иесіне немесе оның меңгерушісіне заңды және оны толықтыру ретінде шығарылған міндетті қаулыларды бұзғандық жөнінде қандай да болса түсінік бергенде, фабрика инспекторы жұмысшы жоқ жерде түсінік беруге тиіс»**. Солай екен. Егер фабрикант заңды бұзса, онда инспектор оған бұл

* Фабрика алқасы кімдерден кұралады? Губернатордан, прокурордан, жандарм басқармасының бастығынан, фабрика инспекторынан және екі фабриканттан кұралады. — Егер бұған түрменің бастығы мен казактардың командалшысын қосса, онда «орыс императоры үкіметтің жұмысшы таптарына қамқорлығын» жүзеге асыратын чиновниктердің барлығы түгелденген болар еді.

** «Тапсырманың» 26-статьясына жазылған ескерту.

туралы жұмысшылардың көзінше ештеңе айта алмайды: министр рұхсат етпейді! Олай болмаған күнде, жұмысшылар шынында заңды біліп қояр еді де, оның орындалуын талап еткісі келер еді! «Московские Ведомости»: бұл тек «азғындықтың» дәл өзі болар еді деп, бостан-бос жазған жоқ қой!

Шағым беру, әсіресе инспектордың үстінен шағым беру өздерінің мүлде қолы жетпейтін дерлік іс екенін жұмысшылардың қайсысы болса да біледі. Мұны айтқанда, әрине, жұмысшылар шағым бермеуі керек демекші емеспіз: қайға, титтей де болса мүмкіншілік болған уақыттың бәрінде қалайда шағым беріп қалу керек, өйткені жұмысшылар осылай еткенде ғана өздерінің праволарымен танысып, фабрика заңдарының кімдердің мүддесіне бола жазылғанын түсіңізін болады. Біздің айтайық дегеніміз мынау ғана: шағым беру арқылы жұмысшылардың тұрмыс күйін ешбір айта қаларлықтай етіп, жалпы жақсартуға болмайды. Мұның үшін тек бір ғана жол бар — өздерінің праволарын қорғау үшін, қожайындардың қысымына қарсы күресу үшін, тәуірлеу табысқа, бұрынғыдан қысқартылған жұмыс күніне қолы жетуі үшін, жұмысшылар өзара бірігуі керек.

VI

ШТРАФТАН ТҮСКЕН АҚША, ЗАҢ БОЙЫНША, ҚАЙДА ЖҰМСАЛУҒА ТИІС?

Енді, штрафтар жөніндегі ең соңғы мәселеге келейік: штрафтан түскен ақша қалай жұмсалады? 1886 жылға дейін бұл ақшаның фабриканттар мен заводшылардың қалтасына түсіп келгенін жоғарыда айтып өттік. Бірақ бұл тәртіптер толып жатқан қыянатшылық туғызды және жұмысшыларды қатты ашындырды, сондықтан, бұл системаны жоюдың қажеттігін қожайындардың өздері де мойындады. Кейбір фабрикаларда штрафтан түскен ақшадан жұмысшыларға жәрдем беріп отыру әдеті өзінен өзі орнады. Мысалы, сол Морозовтың фабрикасының өзінде тіпті 1885 жылғы стачкадан бұрын-ақ: темекі тартқаны үшін және жұмысқа арақ әкелгені үшін салынатын штрафтар мертiгiп мүгедек болған адамдарға жәрдем беруге жұмсалсын, ал

нашар істелген жұмыс үшін салынатын штрафтар қожайынға берілсін, деген қаулы болған.

1886 жылғы жаңа заң: штрафтар қожайынның қалтасына түспейді, деген жалпы ереже белгіледі. Заңда былай делінген: «Жұмысшылардан өндірілетін ақшадан әрбір фабрикада ерекше капитал құрылады; бұл капитал фабрика басқармасының қарауында болады. Бұл капиталды, ішкі істер министрімен келісіп финанс министрі шығаратын ережелер бойынша, инспектордың рұхсатымен жұмысшылардың өздерінің мұқтажына ғана жұмсауға болады». Сөйтіп, заң бойынша, штрафтар жұмысшылардың өздерінің мұқтаждарына ғана жұмсалуға тиіс. Штрафтан түскен ақша — жұмысшылардың өз ақшасы, олардың табыстарынан шегерілген ақша.

Штраф капиталын жұмсау жөнінде заңда айтылып отырған ережелер, 1890 жылы ғана (4 декабрьде), яғни заң шыққан соң 3¹/₂ жылдан кейін басылып шықты. Ережелерде, штрафтан түскен ақша *көбінесе* жұмысшылардың мынадай мұқтаждарына жұмсалады делінген: «а) біржолата жұмысқа жарамай қалған немесе науқастанып уақытша жұмысқа жарамай қалған жұмысшыларға жәрдем беруге жұмсалады». Осы кезде, мертігіп мүгедек болған жұмысшылардың әдетте күн көруге ешқандай қаражаты болмайды. Фабрикантпен соттасу үшін олар адвокаттардың қарамағына көшеді; адвокаттар олардың ісін жүргізеді, жұмысшыға берген тыйын-тебені, тамағы үшін кейіннен сот ұйғарған ақшадан орасан көп үлес алып қалады. Егер де жұмысшы сот арқылы тек азын-аулақ ақша өндіре алатын болса, онда ол тіпті адвокат таба да алмайды. Мұндай реттерде қалайда штраф ақшасынан пайдалану керек; штраф капиталынан жәрдем алса, жұмысшы біраз уақыт ептеп күнелтеді және қожайынмен дауласу үшін, өзіне адвокат тауып ала алады, мұқтаждықпен қожайынның қанауынан адвокаттың қанауына түспейді. Науқастықтан жұмыссыз қалған жұмысшылар да өздерінің штраф капиталынан жәрдем алып тұруға тиіс*.

Ережелердің осы бірінші пунктін түсіндіру ретінде

* Штраф капиталынан жәрдем алу, мысалы, мертігіп мүгедек болып қалған ретте жұмысшының фабриканттан ақы талап ету правосын жоймайтыны өзінен өзі түсінікті.

С.-Петербургтің фабрика алқасы: жәрдем ақша дәрігердің куәлігі бойынша берілсін және бұрынғы табысының тең жартысынан аспайтын болсын, деп қаулы шығарды. Жақшаның ішінде айта кетелік, С.-Петербургтің фабрика алқасы бұл қаулыны 1895 ж. 26 апрельде болған мәжілісінде шығарды. Демек, ережелер басылып шыққаннан кейін $4\frac{1}{2}$ жылдан соң түсінік берілген, ал ережелердің өзі заң шыққаннан кейін $3\frac{1}{2}$ жылдан соң шықты. Демек, *заңның жеткілікті дәрежеде түсіндірілуіне ғана барлығы сегіз жыл уақыт керек болған!!* Заңның жұрттың бәріне мәлім болып, іс жүзінде қолданыла бастауы үшін енді қанша жыл керек?

Екіншіден, штраф капиталының ақшасы «б) босанатын уақыты жақындаған және босануынан 2 жеті бұрын жұмысын тоқтатқан екіқабат жұмысшы әйелдерге жәрдемге» беріледі. Петербургтің фабрика алқасының берген түсінігі бойынша, бұл жәрдем тек 4 жеті бойына ғана (босану алдынан екі жеті және босанғаннан кейін екі жеті) беріліп тұруға тиіс және жәрдемнің мөлшері бұрынғы табысының тең жартысынан аспауға тиіс.

Үшіншіден, жәрдем «в) өртке немесе өзге бақытсыз жағдайға ұшырап мүлкінен айрылған немесе мүлкі бүлінген ретте» беріледі. Петербург алқасының берген түсінігі бойынша, мұндай жағдайды растау үшін полицияның куәлігін тапсыру керек, ал бұған берілетін жәрдемнің мөлшері жарты жылдық табыстың $\frac{2}{3}$ бөлігінен аспауға тиіс (яғни төрт айлық табыстан аспауға тиіс).

Ақырында, төртіншіден, жәрдем «г) өлген адамды жерлеуге» беріледі. С.-Петербург алқасының берген түсінігі бойынша, бұл жәрдем белгілібір фабрикада жұмыс істеген және сонда қайтыс болған жұмысшылар үшін ғана, немесе олардың ата-аналары мен балалары үшін ғана берілуге тиіс. — Жәрдемнің мөлшері 10 сомнан 20 сомға дейін.

Ережелерде көрсетілген жәрдем берудің 4 түрлі ретіміне осындай. — Бірақ жұмысшылардың басқа реттерде де жәрдем алуға правосы бар: ережелерде, жәрдемнің «көбінесе» осы 4 түрлі ретте берілетіндігі көрсетілген. Жұмысшылар тек жаңағы аталып өткен реттерде ғана емес, одан басқа қандай мұқтажына болса

да жәрдем алуға праволы, Петербург алқасы да штрафтар туралы ережелерге берген түсінігінде (бұл түсінік фабрикалар мен заводтарда ілініп қойылған) былай дейді: «Басқа реттердің бәрінде де жәрдем инспекциясының рұхсатымен белгіленеді», мұнымен қатар Петербург алқасы жәрдем беру фабриканың түрліше мекемелерге (мысалы, мектептерге, ауруханаларға, т. с.) жұмсайтын шығындары мен міндетті шығындарын (мысалы, жұмысшылар тұратын үйлерді жөндеуге, дәрігерлік жәрдемге, т. с. жұмсалатын шығындарды) ешқандай кемітпеуге тиіс екенін көрсетті. Бұл — штраф капиталынан берілген жәрдемді өзінің шығынына есептеуге фабриканттың правосы жоқ деген сөз; бұл шығын оныкі емес, сол жұмысшылардың өздерінікі. Фабриканттың шығындары бұрынғы күйінде қалуға тиіс.

Петербург алқасы мұның үстіне: «үнемі беріліп отыратын жәрдемдердің суммасы штрафтардың жылдық түсімінің тең жартысынан артпауға тиіс» деген ереже шығарды. Бұл арада үнемі беріліп отыратын жәрдемдердің (белгілібір уақыттың ішінде берілетін, мысалы, ауру адамға немесе мәртігіп мүгедек болған адамға беріліп отыратын жәрдемдердің) біржолғы жәрдемдерден (бір рет берілетін, мысалы, өлген адамды жерлеуге немесе өрт болған ретте берілетін жәрдемдерден) айырмашылығы көрсетіледі. Біржолғы жәрдемдерге ақша қалдыру үшін, үнемі беріліп отыратын жәрдемдер барлық штрафтардың тең жартысынан аспауға тиіс.

Штраф капиталынан жәрдемді қалай алу керек? Ереже бойынша, жұмысшылар жәрдем туралы қожайынға өтініш жасауға тиіс, ал қожайын инспекцияның рұхсатымен жәрдем береді. Қожайын жәрдем беруден бастартса, онда инспекторға бару керек, ол өз билігімен жәрдем белгілей алады.

Фабрика алқасы сенімді фабриканттарға, инспектордың рұхсатын сұрамай-ақ, азын-аулақ жәрдем (15 сомға дейін) беріп тұруға рұхсат ете алады.

100 сомға дейінгі штраф ақшасы қожайында сақталады, ал егер одан көп болса, сақтық кассаға салынады.

Егер белгілібір фабрика немесе завод жабылатын болса, онда штраф капиталы бүкіл губернияға ортақ жұмысшы капиталына беріледі. Бұл «жұмысшы капи-

талының» (бұл жөнде жұмысшылар тіпті ешнәрсе білмейді, біле де алмайды) қалай жұмсалатындығы ережелерде айтылмаған. «Қайда жұмсалатыны ерекше белгіленгенше» оны Мемлекеттік банкіде сақтау керек делінген. Егер жеке фабрикалардағы штраф капиталын жұмсау туралы ережелер шығару үшін астананың өзінде 8 жыл уақыт керек болған болса, онда, «губернияға ортақ жұмысшы капиталын» жұмсау туралы ереже шығарғанша, бәлкім, бірнеше он жыл күтуге тура келер.

Штраф ақшаларын жұмсау туралы ережелер міне осындай. Көріп отырсыздар, бұл ережелер өте-мөте қиын және түсініксіз, сондықтан да ондай ережелердің бар-жоғын осы кезге дейін жұмысшылардың мүлде дерлік білмеуі таңқаларлық нәрсе емес. Быйылғы жылы (1895) Петербург фабрикалары мен заводтарында бұл ережелер туралы жарнамалар қағылып отыр*. Бұл ережелерді жұрттың бәрінің білуі үшін, штраф капиталынан берілетін жәрдемнің не екенін жұмысшылардың дұрыс аңғара білуі үшін — оны фабриканттардың берген жәрдемі, қайыр-садақасы деп білмей, өздерінің табыстарынан шөгеруден құралған өз ақшасы деп білуі үшін және бұл ақша жұмысшылардың өз мұқтаждарына ғана жұмсалатындығын білуі үшін, енді жұмысшылардың өздері талаптануы керек. Бұл ақшалардың өздеріне берілуін талап етуге жұмысшылардың толық правасы бар.

Бұл ережелер жөнінде, біріншіден, олардың қалай қолданылатындығын, қолданылғанда қандай ыңғайсыздықтар және қандай қыянат істеушіліктер туатындығын айта кету қажет. Екіншіден, бұл ережелер әділдікпен жасалған ба, олар жұмысшылардың мүдделерін жеткілікті қорғай ма, осыларды қарастырып өту керек.

Ережелерді қолдану жағына келетін болсақ, онда ең алдымен Петербург фабрика алқасының мынадай түсі-

* Сөйтіп, Петербургте штрафтар туралы 1886 жылғы заңды орындауға тек 1895 жылы ғана кірісілді. Ал, біз жоғарыда айтып өткен бас инспектор, Михайловский мырза, 1893 жылы: 1886 жылғы заң «қазір мүлтіксіз орындалып отыр» — деген болатын. — Американдарды орыс фабрикаларындағы тәртіптермен таныстыруға арналған кітапта фабрикалардың бас инспекторының қандай өрескіл өтіріктерді жазғанын біз осы кішкене мысалдан айқын көріп отырмыз.

нігін көрсетіп өту қажет: «Егер кезінде штраф ақшасы болмаса..., онда жұмысшылар фабрика басқармаларына ешқандай талап қоя алмайды». Бірақ, штрафтан түскен ақшаның бар-жоғын, ал егер бар бола қойса, оның қанша екенін жұмысшылар қалай біледі? деген сұрау туады. Фабрика алқасы мұны жұмысшыларға мәлім сыяқты етіп байымдайды, ал шынында ол штраф капиталының қандай жайда екенін жұмысшыларға білдіру жөнінде түк істеген жоқ, штраф ақшалары туралы құлақтандыру қағуды фабриканттар мен заводшыларға міндет еткен жоқ. — Фабрика алқасы: жұмысшылар мұны, штраф ақша болмаған кезде жәрдем сұраушыларды қуып шығаратын қожайыннан сұрап білсе болғаны, деп ойламай ма екен? Бұл сорақылық болар еді, өйткені онда жәрдем алғысы келген жұмысшыны қожайындар қайыршыдай көрер еді. — Жұмысшылар, әрбір фабрикада немесе заводта штраф капиталының жайы туралы: қолда қанша ақша барлығы, соңғы айда қанша ақша алынғаны, «қандай мұқтажға» қанша ақша жұмсалғаны туралы ай сайын құлақтандыру қағылуын талап етулері керек. Олай болмаған күнде жұмысшылар өздерінің қанша ақша ала алатындығын біле алмайды; штраф капиталының өздерінің талаптарын түгел қанағаттандыра алатынын немесе жарым-жартылап қана қанағаттандыра алатынын біле алмайды, — жарым-жартылап қана қанағаттандырарлық болса, онда аса мұқтаж нәрсені көрсету әділдік болар еді. Кей жерлерде, жұмысты жақсылап жолға қойған заводтар мұндай жарнаманы өздері енгізді: С.-Петербургтегі Сименс пен Гальск заводында және қазна патрон заводында осылай болса керек. Егер жұмысшы инспектормен әңгімелескен сайын оған бұл жағдайды қағты ескертіп отырса, құлақтандыру қағу қажет екенін мәлімдеп отырса, онда жұмысшылар мұны барлық жерде енгіздірер еді. Сонсын штраф капиталынан жәрдем сұрап арыз беру үшін фабрикалар мен заводтарда баспаға басылған бланкілер* қолданылатын

* Яғни баспаға басылған арыздар; бұл арыздарда өтініштің өзі баспаға басылады да, фабриканың атын, не жөнде жәрдем сұрайтынын, тұрған жерін жазу үшін, қолын қою үшін, тағы сондайлар үшін ақ жерлер қалдырылады.

болса, жұмысшыларға өте қолайлы болар еді. Мысалы, Владимир губерниясында осындай бланкілер қолданылатын болған. Бүкіл арызды өзі жазу жұмысшыға жөңіл соқпайды, оның үстіне жұмысшы не керегінің бәрін түгел жаза алмайды, ал бланкіде бәрі көрсетіледі, сондықтан жұмысшы ақ қалған жерлерге бірнеше сөз жазса болғаны. Егер бланкілер қолданылмаса, онда көп жұмысшылар арыз жаздырып алу үшін хатшыға баруға тиісті болады, ал бұған шығын шығару керек болады. Әрине, ереже бойынша, жәрдем сұрап ауызша да өтініш қылуға болады, бірақ, біріншіден, ереже бойынша, жұмысшы бәрібір полицияның немесе дәрігердің қағазға жазылған куәлігін алуы керек (өтініш бланкіге жазылған болса, сол бланкінің өзіне куәлік те жазылады), ал, екіншіден, ауызша өтінішке кейбір қожайынның жауап бермеуі де мүмкін, ал қағаз бетіндегі өтінішке ол жауап беруге міндетті. Фабриканың немесе заводтың конторына берілетін арыздар баспаға басылып берілсе, онда жәрдем сұраған өтініштің тіленшілік сыйпаты жойылады; қожайындар өтініштерге сондай сыйпат бергісі келеді. Көп фабриканттар мен заводшылар штраф акшасының өз қалталарына түспей, жұмысшылардың мұқтаждарына жұмсалатындығына өте-мөте наразы. Сондықтан, жұмысшылар мен инспекторларды алдап, заңнан бұлтару үшін, олар көп қулық-сұмдық, айла-амалдар істеп бақты. Жұмысшылардың есіне салу үшін, біз осындай айла-амалдардың кейбіреулерін көрсетіп өтеміз.

Кейбір фабриканттар штрафты кітапқа жазғанда, штраф деп жазбай, жұмысшыға берілген ақша деп жазып отырған. Жұмысшыға бір сом штраф салса, кітапта жұмысшыға бір сом берілді деп жазады. Жалақы берген кезде, бұл бір сомды шегеріп қалады, сөйтіп ол бір сом қожайынның қалтасына түседі. Бұл — заңды аттап өткендік қана емес, бұл турадан-тура алдау, подлог жасағандық.

Фабриканттардың екінші біреулері қыдырғандық үшін салатын штрафтың орнына жұмысшыға жұмыс күнін түгел жазып отырмайтын болған, яғни жұмысшы жетісінде бір күн қыдырып қалды десек, онда оған бес күн жазудың орнына төрт күн жазатын болған: сөйтіп бір күннің жалақысын (бұл ақша қыдырғандық үшін са-

лынған штраф болып, штраф капиталына түсуге тиіс қой) қожайын алып қалып отырған. Бұл да нағыз өрескел алдаушылық. Реті келгенде айта кетейік: жұмысшылардың мұндай алдаушылыққа* қарсы істейтін ешбір амалы жоқ, өйткені штраф капиталының қандай халде екені оларға құлақтандырылмайды. Тек ай сайын толық құлақтандырылып отырса ғана (әрбір мастерскойда жеті сайын түскен штрафтардың саңы көрсетілсе) жұмысшылар штрафтардың іс жүзінде штраф капиталына түсуін бақылап отыра алады. Осы кітапқа жазылғандардың дұрыс-бұрыстығын жұмысшылардың өздері бақылап отырмаса, басқа кім бақыламақшы? Фабрика инспекторлары бақыламақшы ма? Бірақ пәлендей бір цифрдың кітапқа әдейі теріс жазылғанын инспектор қалай біледі? Фабрика инспекторы, Микулин мырза, бұл сыяқты алдаушылықтар туралы айта келіп:

«Егер жұмысшылар арыз етіп, турадан-тура көрсетіп бермесе, мұндай реттердің бәрінде де қыянат істі ашу өте қиын болады» — дейді. Жұмысшылар көрсетпесе, алдаушылықты аша алмайтынын инспектордың өзі мойындап отыр. Ал фабриканттар штраф туралы құлақтандыру қағуға міндетті болмаса, жұмысшылар алдаушылықты көрсете алмайды.

Фабриканттардың үшінші біреулері жұмысшыларды алдаудың және заңды аттап өтудің анағұрлым ыңғайлы әдістерін ойлап шығарған, бұл әдістер өте-мөте айлалы, сұмдықты болғандықтан, ол туралы дауласу да оңайға соқпайды. Владимир губерниясындағы мақтамата тоқыйтын көп фабрикалардың қожайындары матаның әрбір сортына бір емес, екі түрлі немесе тіпті үш түрлі нарық қойып, инспектордың бекітуіне тапсырып жүрген; нарыққа жазылған ескертуде: товарды мүлтіксіз жақсы істеп шығарған тоқымашылар жоғарғы бағамен ақы алады, товарды нашарлау істеп шығарғандар екінші нарықпен ақы алады, ал жарамсыз деп та-

* Ал мұндай алдаушылықтың болып тұратындығын айтып отырған басқа ешкім емес, 1886 жылғы жаңа заң туралы жазған кітабында Владимир губерниясының *фабрика инспекторы* Микулин мырза айтып беріп отыр.

былған товарға ең төмен баға қойылады деген*. Мұндай қулықтың қандай мақсатпен ойлап шығарылғандығы айқын: жоғарғы нарық пен төменгі нарықтың арасындағы айырма қожайынның қалтасына түседі, ал шынында бұл айырма — нашар істелген жұмыс үшін салынатын айып, сондықтан ол штраф капиталына түсуге тиіс. Мұның заңды, заң болғанда штрафтар туралы заңды ғана емес, сонымен қатар нарықты бекіту туралы заңды да өрескел аттап өткендік болып табылатындығы айқын; нарық бекітілгенде қожайынның жалақыны өз бетімен өзгерте алмауы үшін бекітіледі, ал егер нарық біреу болмай, бірнеше болса, онда қожайынның озбырлық жасауына толық мүмкіндік туатыны түсінікті.

Фабрика инспекторлары мұндай нарықтардың *«анығында, заңды аттап өтуді көздейтінін»* білді (мұның бәрін жоғарыда айтылған кітапта сол Микулин мырзаның өзі айтып отыр), бірақ солай бола тұрса да, хұрметті фабрикант *«мырзаларды»* ренжітуге *«өздерін праволы деп есептемеді»*.

Неге ренжітсін. Фабриканттарды ренжіту оңай ма (мұндай қулықты бір фабрикант қана емес, бірнеше фабрикант бірден ойлап шығарған). Ал егер заңды фабрикант мырзалар емес, жұмысшылар аттап өткен болса қайтар еді? Онда, жұмысшыларды заңды аттап өтуге әрекет жасадың деп ренжітуге *«өздерін праволы деп есептемейтін»* бірде-бір фабрика инспекторы бүкіл Россия империясынан табыла қояр ма екен? — осыны білетін екен өзін.

Сонымен, осы екі-үш еселенген нарықтарды фабрика инспекциясы бекітіп, іске асырып отыр. Бірақ, нарық қою мәселесіне, заңды аттап өту әдістерін ойлап шығаратын жалғыз фабрикант мырзалар ғана емес, сол фабриканттардың ізгі ниеттеріне кедергі жасауға өздерін праволы деп есептемейтін жалғыз инспектор мырзалар ғана емес, олардан басқа... жұмысшылар да көңіл аударып отырған болып шықты. Жұмысшылар фабрикант мырзалардың кәззаптығына ондай мейрімділік істемейтін

* Мұндай нарықтар Петербург фабрикаларында да бар; мысалы, пәлендей товарға жұмысшы 20 тыйыннан 50 тыйынға дейін ақы алады, деп жазады.

болып шықты, сондықтан олар бұл фабриканттардың жұмысшыларды алдап-арбауына жол бермеуге «өздерін праволы деп есептеді».

Бұл нарықтар — дейді инспектор Микулин мырза — «жұмысшылардың арасында үлкен наразылық туғызды; қарулы күштің қатысуын *керек қылған* жанжалды тәртіпсіздіктердің шығуына басты себептердің бірі осы наразылық болды».

Дүниеде істің жайы міне осылай болады! Алғашында, фабрикант мырзалардың заңды бұзып, жұмысшыларды алдауына жол бермеуге «өздерін праволы деп есептемеді», — ал мұндай сорақылықтарға ызаланып ашынған жұмысшылар көтеріліс жасаған кезде, қарулы күшті «керек қылды»! Бұл қарулы күш өздерінің *заңды* праволарын қорғаған жұмысшыларға қарсы «керек болып», көрер көзге заңды бұзған фабриканттарға қарсы керек болмауының себебі не? Қалай болғанда да, жұмысшылардың көтерілісінен кейін ғана «губернатордың бұйыруымен мұндай нарықтар жойылған болатын». Жұмысшылар өздерінің талабын қабылдады. Заңды фабрика инспекторы болып жүрген мырзалар енгізген жоқ, жұмысшылардың өздері енгізді; жұмысшылар өздерін қорлауға жол бермейтіндігін және өздерінің праволарын табан тіреп қорғай алатындығын көрсетті. «Бұдан кейін — дейді Микулин мырза — фабрика инспекциясы мұндай нарықтарды бекітуден бас тартты». Сөйтіп, жұмысшылар инспекторларға заңды қалай қолдану керек екендігін үйретті.

Бірақ бұдан жалғыз Владимир фабриканттары ғана сабақ алды. Ал оның бержағында фабриканттар барлық жерде де: Владимирде де, Москвада да, Петербургте де бірдей. Владимир фабриканттарының заңнан амалын асырмақ болған әрекеті іске аспады, бірақ олардың ойлап шығарған әдісінің сол күйінде қалғаны былай тұрсын, сонымен қатар Петербургтің бір данышпан заводшысы бұл әдісті одан әрман дамытты.

Владимир фабриканттарының әдісі қандай әдіс еді? Оның әдісі — штраф деген сөзді қолданбай, оның орнына басқа сөздерді қолдану болды. Егер мен, жұмысшы жұмысты нашар істегені үшін бір сомды кем алады десем, — онда бұл штраф болады, сондықтан оны штраф

капиталына беруге тура келеді. Ал егер мен, жұмысшы жұмысты нашар істегені үшін ақыны төменгі нарықпен алады десем, — онда бұл штраф болмайды, сондықтан бір теңге менің қалтама түседі. Владимир фабриканттары осылай ойлады, бірақ жұмысшылар олардың айтқанын теріске шығарды. Бұдан басқашарақ ойлауға да болады. Жұмысшы жұмысшы нашар істеген күнде *сыйлықсыз* ақы алады, онда бұл тағы да штраф болмайды, сондықтан бір теңге қожайынның қалтасына түседі, деп айтуға да болады. Петербургтің айлакер заводшысы, механика заводының қожасы Яковлев міне осындай амалды ойлап шығарған. Ол былай дейді: сіз күніне бір сомнан ақы аласыз, ал егер сіздің ешбір айыбыңыз болмаса, қыдырмасаңыз, өрескел сөйлемесеңіз, жұмысты нашар істемесеңіз, онда сіз 20 тыйын «сыйлық» аласыз. Ал егер жұмысшы айыпты болып шықса, онда қожайын жыйырма тыйынды шегеріп қалады да, оны, әрине, өзінің қалтасына салады, өйткені бұл штраф емес, «сыйлық ақша» ғой. Қандай жазықты істерге айып салуға болатыны туралы және қандай мөлшерде салынатыны туралы, айып ақшаларды жұмысшылардың мұқтаждықтарына қалай жұмсау керек екендігі туралы заңдардың бәрі Яковлев мырза үшін дүниеде жоқ заңдар болып шықты. Заң «штраф» жөнінде жазылған, ал оныкі «сыйлық ақша». Айлакер заводшы өзінің оңбағандық қылығымен жұмысшыларды күні бүгінге дейін алдап келеді. Сірә, Петербургтің фабрикалық инспекторы да оның заңнан бұлтаруына жол бермеуге *«өзін праволы деп есептемеген»* болар. Петербург жұмысшылары Владимир жұмысшыларынан қалыспас, инспектор мен заводшыға заңды қалай орындауды үйретер, деп сенеміз.

Штрафтардан керемет көп ақша жыйналатындығын көрсету үшін, Владимир губерниясындағы штраф капиталдарының мөлшері туралы мәліметтер келтірейік.

Владимир губерниясында жұмысшыларға жәрдем беру 1891 жылы февральдан басталған. 1891 жылдың октябріне дейін 3 665 адамға 25 458 сом 59 тыйын сомасында жәрдем берілген. Штраф капиталы 1891 жылдың 1 октябрінде 470 052 сом 45 тыйын болған. Штраф ақшасының тағы бір нәрсеге жұмсалғанын реті келгенде айта кету керек. Бір фабрикада 8 242 сом 46 тыйын

штраф капиталы болған. Бұл фабрика банкроттыққа ұшырап, жұмысшылар қысты күні нансыз, жұмыссыз қалған. Сонда бұл капиталдан жұмысшыларға 5 820 сом жәрдем үлестірілген, онда 800 ге жуық жұмысшы болған.

1891 жылдың 1 октябрінен 1892 жылдың 1 октябріне дейін жұмысшылардан 94 055 сом 47 тыйын штраф алынған, ал 6 312 адамға 45 200 сом 52 тыйын жәрдем берілген. Жеке статьялар бойынша бұл жәрдем былай бөлінген: жұмысқа жарамайтындарға ай сайын берілетін пенсия ретінде 208 адамға 6 198 сом 20 тыйын берілген, демек, орта есеппен жылына бір адамға 30 сомнан келеді (он-он мың сомдаған штраф ақшасы пайдаланусыз жатқан уақытта, осындай қайыршының садақасы сықылды жәрдем белгіленеді!). Сонсын, мүліктерінен айрылуы себепті 1 037 адамға 17 827 сом 12 тыйын берілген; орта есеппен адам басына 18 сомнан келеді. Жүкті әйелдерге 2 669 ретте 10 641 сом 81 тыйын берілген; орта есеппен 4 сомнан келеді (бұл — босанар алдынан бір жеті, босанғаннан кейін екі жеті, барлығы үш жетіге берілгені). Аурулығы себепті 877 жұмысшыға 5 380 сом 68 тыйын берілген; орта есеппен 6 сомнан келеді. Өлген адамды жерлеу үшін 1 506 жұмысшыға 4 620 сом берілген (3 сомнан) және басқа реттерде — 15 адамға 532 сом 71 тыйын берілген.

Біз енді штраф ақшасы туралы ережелермен және ол ережелердің қалай қолданылатынымен әбден таныстық. Бұл ережелер әділ ережелер ме және олар жұмысшылардың праволарын жеткілікті қорғай ала ма, енді осыларды қарастырайық.

Заңда, штраф ақшасы қожайындікі емес, ол жұмысшылардың мұқтаждарына ғана жұмсалады деген қаулының бар екенін білеміз. Ақшаны жұмсау туралы ережелерді министрлер бекітуге тиіс болған.

Бұл ережелерден не шықты? Бұл ақшалар жұмысшылардан жыйналып, солардың мұқтаждарына жұмсалады, — ал штраф капиталының не халде екенін қожайындардың жұмысшыларға жарыялап отыруға міндетті екендігі ережелерде тіпті айтылмаған. Ақшаның штраф капиталына дұрыс түсуін қадағалап отыру үшін, жұмысшылардың арызын қабылдап, жәрдемді бөліп

отыру үшін өздерінің қалаған адамдарын сайлауға жұмысшыларға право берілмеген. Занда жәрдем «инспектордың рұхсатымен» беріледі делінген, ал министрлердің шығарған ережелері бойынша, жұмысшылар жәрдем сұрап қожайынға өтініші беретін болып шыққан. Не үшін қожайынға бару керек? Бұл ақша қожайынның ақшасы емес, жұмысшылардың табысынан шегеріліп, содан кұралған жұмысшылардың өз ақшасы ғой. Қожайынның бұл ақшаға өздігінен тиюге правосы жоқ: егер қожайын бұл ақшаны жұмсап қойса, ол бұл ақшаны өзіне сіңірген, орынсыз шашқан болып танылып, кісі ақшасын жұмсағанға қалай жауапты болса, бұған да бәрібір солай жауапты болады. Сірә, министрлер мұндай ережені шығарарда, қожайындарға жағыну үшін шығарған болар: енді жұмысшылар қожайыннан жәрдемді садақаретінде сұрауға тиіс болып отыр. Рас, қожайын жәрдем беруден бас тартса, инспектордың өзі жәрдем белгілей алады. Бірақ инспектордың өзі ешнәрсе білмейді ғой, қожайын оған: бұл жұмысшы сондай жаман адам, жәрдем беруге татымайтын адам десе, инспектор соған сенеді ғой*. Оның үстіне инспекторға шағым етіп жататын, соған бара беруге, өтініш жазуға, тағы сондайларға уақытын өткізетін жұмысшылар көп бола қояр ма екен? Шындығында, министрлер шығарған ережелердің салдарынан, жұмысшылардың қожайындарға тәуелді болуының жаңа формасы ғана келіп шығады. Қожайындар өздері жек көретін, мүмкін, жәбіріне көнбегені үшін жек көретін жұмысшыларды қыса түсуге мүмкіндік алады: қожайындар мұндай жұмысшының өтінішін қабыл алмай, оны тегінде толып жатқан әуре-сарсаңға

* Жоғарыда айтқанымыздай, Владимир губерниясының фабрика алқасы фабрикалар мен заводтарға таратқан және жұмысшылардың «ережелерді» қолдануына неғұрлым қолайлы болып отырған, жәрдем туралы баспа арызда мынадай сөздер бар: «фабриканың конторы қойылған қол мен арыздағы сөздерді куаландырады және, контордың пікірінше, өтініш иесіне пәлендей мөлшерде жәрдем беруге болатынын көрсетеді».

Демек, контор қай уақытта болса да, тіпті себептерін түсіндірмейінше де, «контордың пікірінше» өтініш иесіне жәрдем беруге болмайды деп жаза алады.

Жәрдемді мұқтажлық көріп отырған адам алмайды, «фабриктардың пікірінше жәрдем беруге татырлық» адамдар алады.

салады, оған тіпті түк жәрдем бердірмей қоюы да мүмкін. Керісінше, қожайынға жағымпазданатын, қожайынның алдында кұрша жөрғалайтын, жолдастарының үстінен оған сөз тасып отыратын жұмысшыларға қожайындар мейлінше көп жәрдем бергізе алады, басқа жұмысшының өтініші қабылданбай қалатын реттерде де жәрдем бергізе алады. Штраф жөнінде жұмысшылардың қожайындарға тәуелді болуын жоюдың орнына, жұмысшылардың берекесін кетіретін, жарамсақтық пен қулық-сұмдық туғызатын жаңа тәуелділік пайда болады. Ал сонсын, ережелер бойынша, жәрдем алудың жолы қыйындатылып, сорақы қағазбастылық туатынын да ескеріңіз: жұмысшы әрдайым куәлік сұрап біресе дәрігерге барады, одан қатты сөздер естиді, біресе полицияға барады, полиция парасыз ешнәрсе істемейді. Тағы да айтамыз: заңда мұның бірі де жоқ; мұны министрлердің ережелері белгілеген; бұл ережелер көрер көзге фабриканттардың пайдасына жасалған; бұл ережелер көрер көзге жұмысшыларды қожайындарға тәуелді етудің үстіне чиновниктерге де тәуелді ету үшін жасалған, жұмысшылардың өздерінен алынған штраф ақшаларын олардың мұқтаждарына жұмсау ісін жұмысшыларды тіпті қатыстырмау үшін жасалған, жұмысшыларды топастандырып, аздыратын* мағнасыз қазналық формалистиканың торын кұру үшін жасалған.

Штраф ақшасынан жәрдем беруге рұхсат ету ісін қожайынның еркіне беру — барып тұрған әділсіздік. Штрафтардың штраф капиталына түсуін бақылап отыратын, жұмысшылардың жәрдем сұраған арыздарын қабылдап, оларды тексеріп отыратын, штраф капиталының жайы және оның жұмсалуды туралы жұмысшыларға есеп беріп отыратын депутаттарды (сайланулы адамдарды) сайлауға өздеріне заң бойынша право берілуін жұмысшылар қатты талап етулері керек. Қазіргі кезде депутат-

* Жұмысшылардың берекесін кетіретін, жарамсақтық туғызатын, жаман әдеттерді өршітетін.

тар бар заводтарда, ол депутаттар штраф ақшасына назар салулары керек, штрафтар туралы барлық мәліметтердің өздеріне білдіріліп тұруын талап етулері керек, жұмысшылардың арыздарын алып, оларды бастықтарға тапсырып отырулары керек.

VII

ШТРАФТАР ТУРАЛЫ ЗАҢДАР ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ БӘРІНЕ ҚОЛДАНЫЛА МА?

Басқа орыс заңдарының көпшілігі сыяқты, штрафтар туралы заңдар да, фабрикалар мен заводтардың жұмысшылардың бәріне бірдей қолданыла бермейді. Орыс үкіметі, заң шығарғанда, әрқашан сол заң арқылы фабрикант пен заводшы мырзаларды ренжітіп алам ба деп қорқады; кеңсе ережелерінің және чиновниктердің праволары мен міндеттерінің қулық-сұмдықтары басқа бір кеңсе ережелеріне (ал ондай ережелер бізде қыйсапсыз көп), басқа бір чиновниктердің праволары мен міндеттеріне қайшы келіп қала ма деп қорқады; ол чиновниктер, өздерінің жұмысына басқа бір жаңа чиновник қол сұқса, өлердей зәбірленеді, «ведомствоның шегін ашу» туралы айтысып, қазнаның шелек-шелек сыясы мен құшақ-құшақ қағазын тауысады. Сондықтан, шек қоюшылық жасамай, қорқақтық жасап, кейінге қалдырмай, министрлердің және басқа чиновниктердің заңнан шегінуге рұхсат етуіне мүмкіндік туғызбай, бүкіл Россия үшін бірден енгізілетін заң бізде сирек кездеседі.

Осының бәрі штрафтар туралы заңда ерекше айқын көрінеді; ол заңның капиталист мырзалар арасында күшті наразылық туғызғанын, бұл заң жұмысшылардың айбарлы көтерілістерінің дүмпуімен ғана жүзеге асырылғанын жоғарыда көріп өттік.

Біріншіден, штрафтар туралы заң Россияның тек аз ғана жерінде қолданылады*. Бұл заң, жоғарыда айт-

* Бұл заң «фабриканттар мен жұмысшылардың өзара қатынастары туралы айрықша ережелер» деп аталатын ережелердің бір бөлігі. Бұл «айрықша ережелер» «фабрика-завод өнеркәсібі едәуір өркендеген жерлерде» ғана қолданылады; бұл жерлерді біз төменде текстіде көрсетіп өтеміз.

қанымыздай, 1886 жылы 3 июньде шығарылып, 1886 жылдың 1 октябрінен бастап тек үш губернияда ғана: Петербург, Москва және Владимир губернияларында ғана қолданылды. *Бес жыл* өткеннен кейін (1891 жылы 11 июньде) заң Варшава және Петроков губернияларында қолданылды. Одан соң үш жылдан кейін, 1894 жылы 15 мартта шыққан заң бойынша, ол заң тағы да 13 губернияда қолданылатын болды (атап айтқанда орталық губерниялардан — Тверь, Кострома, Ярославль, Нижегород және Рязань губерниялары; остзей губернияларынан — Эстляндия және Лифляндия губерниялары; батыс губерниялардан — Гродно және Киев губерниялары; оңтүстік губерниялардан — Волынь, Подольск, Харьков және Херсон губерниялары). 1892 жылы штрафтар туралы ережелер тау-кен өндірісінің жеке иелікті заводтары мен кәсіпшіліктерінде қолданылды.

Россияның оңтүстігінде капитализмнің тез дамуы және тау-кен жұмысының орасан өркендеуі ол жақта жұмысшыларды мықтап көбейтті, сондықтан үкімет ылажсыздан тезірек қыймылдауға тиіс болды.

Көріп отырсыздар, үкімет ескі фабрикалық тәртіптерден тым баяу бас тартып отыр. Бас тартқанда жұмысшылардың дүмпуі күшейгендіктен ғана бас тартып отырғанын бұл арада айта кету керек: Польшада жұмысшылар қозғалысы мен стачкалар күшейгендіктен бұл заң Варшава мен Петроков (Лодзь қаласы Петроков губерниясына қарайды) губернияларына таратылды. Рязань губерниясының Егорьев уезіндегі Хлудов мануфактурасында болған орасан зор стачка заңды дереу Рязань губерниясына да қолдандырды. Бұл іске жұмысшылардың өздері араласқанша, капиталист мырзалардың бақылаусыз (өз бетімен) штраф салу правосын жоюға, сірә, үкімет те «өзін праволы деп есептемесе» керек.

Екіншіден, фабрикалар мен заводтарды бақылап отыру туралы шығарылған барлық ережелер сыяқты, штрафтар туралы заң да қазна мен үкімет мекемелеріне қарайтын кәсіпорындарда қолданылмайды. Қазна заводтарында өздерінің жұмысшыларды «қамқорлығына» алатын бастықтары болады; заң оларды штрафтар туралы ере-

желермен машақаттағысы келмейді. Шынында, завод бастығының өзі чиновник болып отырғанда, қазна заводтарын бақылап отырудың не қажеті бар? Жұмысшылар сол чиновниктің үстінен соның өзіне шағым бере алады. Қазна заводтарының мұндай бастықтарының арасында, мысалы, Петербург портының командирі Верховский мырза сыяқты сұрқыялардың ұшырайтындығы ғажап емес.

Үшіншіден, жұмысшылардың өз мұқтаждарына жұмсалатын штраф капиталдары туралы ережелер пенсия немесе көмекші-сақтық кассалары бар темір жолдардың мастерскойларында істейтін жұмысшыларға қолданылмайды. Штраф ақшалары осы кассаларға түседі.

Бұл шек қоюшылықтың бәрі әлі қалайда жеткіліксіз болып көрінген, сондықтан заңда: министрлердің (финанс және ішкі істер министрлерінің), бір жағынан, «шынымен қажет болған реттерде бірлі-жарым фабрикалар мен заводтарды» бұл ережелерге «бағынушылықтан босатуға», ал екінші жағынан, бұл ережелерді қолөнер кәсіпорындарының «едәуіріне» қолдануға правосы бар деген қаулы алынған.

Сонымен, заңның министрге штраф ақшалар туралы ережелер шығаруды жүктегені былай тұрсын, ол, мұның үстіне, министрлерге кейбір фабриканттарды заңға бағынушылықтан босатуға право да берді! Біздің заңның фабрикант мырзаларға рахымшылық етуі міне осындай шекке жетіп отыр! Министрдің түсініктерінің бірінде: фабрика алқасы *«кәсіпорнының иесі жұмысшылардың мүдделеріне зыян келтірмейтініне сенсе»*, министр тек сондай фабриканттарды ғана заңға бағынушылықтан босатады, делінген. Фабриканттар мен фабрика инспекторлары бір-бірімен өте дос адамдар, олар бір-бірінің сөзіне сенеді. Жұмысшылардың мүдделеріне зыян келтірмеймін деп «сендіріп» тұрған фабрикантқа ережелерді жүктеп, ауыртпалық жасаудың қажеті не? Ал егер жұмысшы, фабриканттың мүдделеріне зыян келтірмейтіндігіне «сендіріп», инспектордан немесе министрден өзін ережелерді орындаудан босатуды өтінсе, онда қалай болар еді? Бәлкім, ондай жұмысшыны жынданған деп есептер еді.

Бұл жұмысшылар мен фабриканттардың «тең правослылығы» деп аталады.

Штрафтар туралы ережелердің қолөнер кәсіпорындарының едәуіріне қолданылуына келсек, біздің білуімізше, күні бүгінге дейін бұл ережелер үйді-үйінде істейтін тоқымашыларға жіп үлестіріп отыратын конторларға ғана (1893 жылы) қолданылды. Министрлер штрафтар туралы ережелерді қолдануға асықпайды. Үйді-үйіне қожайындардың, үлкен магазиндердің, т. с. жұмысын істейтін орасан көп жұмысшылар күні бүгінге дейін бұрынғы күйінде, қожайындардың зорлық-зомбылығына толық бағынышты болған күйінде келеді. Бас қосып бірігу, өздерінің мұқтаждары туралы сөйлесіп, ауыз біріктіру, қожайындардың қысымдарына қарсы бірлесіп күресу бұл жұмысшыларға қыйындау соғады, сондықтан да оларға көңіл бөлінбейді.

VIII

ҚОРТЫНДЫ

Біз енді штрафтар туралы заңдарымызбен және ережелерімізбен, осы ерекше қыйын системаның күллісімен танысып болдық; бұл система өзінің құрғақ сөзділігімен және кеңселік жабайы тілімен жұмысшыны үркітіп отыр.

Біз енді әуелде қойылған мәселеге тағы қайта орала аламыз; ол мәселе мынау: штрафтарды капитализм туғызды, яғни жерді, машиналарды, фабрикалар мен заводтарды, материалдар мен құрал-жабдықтарды меншіктенушілер болып және ешбір меншігі жоқ, сондықтан капиталистерге сатылуға, соларға жұмыс істеуге тиісті адамдар болып, халық екі тапқа бөлінген кездегі қоғамдық құрылыс туғызды.

Қожайынға жұмыс істеген жұмысшылар әрқашан да нашар істелген жұмыстардың қандайына болса да қожайынға штраф төлеп отыруға тиісті болып келген бе?

Ұсақ кәсіпорындарда, — мысалы қалалық қолөнершілерде немесе жұмысшыларда, — штраф жоқ. Онда жұмысшы қожайыннан мүлде шеттеп кетпейді, олар бірге

тұрады және бірге жұмыс істейді. Қожайын штраф енгізуді ойламайды да, өйткені жұмысты оның өзі бақылап отырады, сондықтан жұмыстың өзіне ұнамаған жерін әрқашан жөндеткізіп отыра алады.

Бірақ ондай ұсақ кәсіпорындары мен ұсақ өндірістер бірте-бірте жойылады. Жақсы құралдарды, машиналарды қолданып, толып жатқан жұмысшылардың еңбегін біріктіріп отырған ірі фабрикалардың, заводтардың, және ірі қожайындардың бәсекесіне майдагерлер мен қолөнершілер, сол сыяқты ұсақ шаруалар да, төтеп бере алмайды. Сондықтан да біз майдагерлердің, қолөнершілердің, шаруалардың күйзелген үстіне күйзеле беретіндігін, фабрикалар мен заводтарға жұмысшы болып жалданатынын, деревняны тастап, қалаға кетіп жатқанын көріп отырмыз.

Ірі фабрикалар мен заводтарда қожайын мен жұмысшылардың арасындағы қатнастар тіпті де ұсақ мастерскойлардағы қатнастардай емес. Байлығы жағынан, өзінің қоғамдағы орны жағынан қожайынның жұмысшыдан жоғары тұратындығы сонша — олардың арасы жер мен көктей, олар көбінесе бірін-бірі тіпті білмейді және олардың бір-біріне ешқандай қатысы да болмайды. Жұмысшының қожайындар қатарына қосылуына ешқандай мүмкіндік жоқ: оған өзі де білмейтін байлардың жұмысын істеп, өмірбақи кедейлікте қалуға жазған. Ұсақ қожайында болған екі-үш жұмысшының орнына, енді, түрліше жерлерден келген және үнемі ауысып отыратын толып жатқан жұмысшылар жұмыс істейді. Қожайынның жеке-жеке беретін бұйрықтары орнына, жұмысшылардың бәріне міндетті болатын жалпы ережелер шығарылады. Қожайын мен жұмысшының арасындағы бұрынғы баянды қатнас жойылады: қожайын жұмысшыны ешбір бағаламайды, өйткені ол кім болса соған жалдануға әзір болып отырған қаптаған жұмыссыздардың арасынан басқа бір жұмысшыны әрқашан да оп-оңай тауып алады. Сөйтіп, қожайынның жұмысшыларға жүргізетін өктемдігі күшейе береді, қожайын бұл өктемдігін пайдаланып, жұмысшыны штрафтар арқылы фабрика жұмысының қатаң қыспағына тү-

сіріп алады. Жұмысшы өзінің праволары мен өзінің табысына жаңадан шөк қойылуына бағынуға тиісті болды, өйткені ол енді қожайынның алдында дәрменсіз болып қалды.

Сөйтіп, штрафтардың жарық дүниеге шыққанына өте көп уақыт болған жоқ — штрафтар ірі фабрикалармен және заводтармен бірге, ірі капитализммен бірге, байқожайындар мен қаратабан-жұмысшылардың бүтіндей ажырасуымен бірге жарыққа шықты. Штрафтар капитализмнің толық дамуының және жұмысшының толық құлдыққа түсуінің нәтижесі болды.

Бірақ бұл ірі фабрикалардың дамуы және қожайындардың қысымының күшеюі тағы да басқа бір нәтижелерге әкеп соқтырды. Фабриканттардың алдында мүлде дәрменсіз болып шыққан жұмысшылар, егер өздері бытыранды күйінде қала берсе, бүтіндей азып, қайыршылық халге ұшырайтынын түсіне бастады. Капитализм туғызып отырған аштық өлімнен, азғындаушылықтан құтылу үшін өздерінің бір ғана құралы бар екенін, ол құрал — жалақы жолында, тұрмыс халдерін жақсарту жолында фабриканттарға қарсы күресу үшін бас қосып бірігу екенін жұмысшылар түсіне бастады.

80-жылдарда біздің фабриканттардың жұмысшыларға қандай сорақы қысым жасағанын, олардың нарықты төмендетумен ғана қанағаттанбай, штрафтарды жұмысшылардың жалақысын азайту құралына қалай айналдырғанын көрдік. Капиталистердің жұмысшыларды езуі өзінің ең жоғарғы шегіне жетті.

Бірақ бұл езушілік жұмысшылардың қарсыласуында туғызды. Жұмысшылар қысым жасаушыларға қарсы көтеріліс жасап, жеңіп те шықты. Зәресі ұшып қорққан үкімет олардың талаптарын қабылдап, штрафтарды жою туралы заң шығаруға асықты.

Бұл жұмысшылардың талабын қабылдағандық болды. Үкімет штрафтар туралы заңдар мен ережелер шығарып, штраф ақшасынан жәрдем берілетін етіп, жұмысшыларды бірден қанағаттандырам, оларға өздерінің бәріне ортақ ісін, фабриканттарға қарсы күресін ұмыттырам, деп ойлады.

Бірақ, өзін жұмысшылардың қорғаушысы етіп көрсететін үкіметтің мұндай үміті іске аспай отыр. Жаңа заңның жұмысшыларға әділдік істемейтінін, тіпті Морозов фабрикасындағы стачкашылар қойған талаптармен салыстырғанда да жұмысшылардың қабылданған талаптары өте аз болғанын көрдік; заңды бұзғысы келетін фабриканттардың заңды бұзуына қайда болса да жол қалдырылғанын, жәрдем туралы ережелер фабриканттардың мүдделеріне сәйкес шығарылғанын, бұл ережелер қожайындардың зорлығын чиновниктердің зорлығымен ұштастыратынын көрдік.

Мұндай заң, мұндай ережелер қолданылған кезде, жұмысшылар олармен танысып, заңның өздеріне қысым жасап отырғанын өздерінің бастықтармен соқтығысуларынан біле бастаған кезде, — сол кезде олар өздерінің еріксіз адамдар екенін аздап біле бастайды. Байлардың жұмысын істеуге және ауыр еңбегіне алатын тыйын-тебенге қанағат етуге өздерінің тек жоқшылықтан ғана еріксіз көніп отырғанын жұмысшылар түсінетін болады. Үкімет және оның чиновниктері фабриканттардың сойылын соғатынын, ал заң шығарылғанда, қожайынның жұмысшыға қысым жасауына жеңілдік келтіргендей етіп шығарылатындығын олар түсінетін болады.

Ақырында, жұмысшылар капиталистерге тәуелді болып тұрғанда, өздерінің тұрмыс-халін жақсарту үшін заңның ешнәрсе істемейтінін де жұмысшылар білетін болады, өйткені заң қашан да болса капиталист-фабриканттарды жақтайды, өйткені заңды аттап өту үшін фабриканттар әрқашан да амал-айла таба алады.

Мұны түсінген жұмысшылар өздерін қорғаудың тек бір ғана құралы бар екенін, ол құрал — фабриканттарға және заң белгілеген әділетсіз тәртіптерге қарсы күресу үшін бас қосып бірігу екенін көреді.

ГИМНАЗИЯ ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫ ЖӘНЕ ҚҰЛЫҚ ТҮЗЕТУ ГИМНАЗИЯЛАРЫ

(„РУССКОЕ БОГАТСТВО“)

Россиядағы капитализм туралы мәселенің халықшылдар ұсынып отырған және соңғы кезде бәрінен дә гөрі «Русское Богатство»²¹ қатты жақтап отырған шешімі көптен мәлім. Капитализмнің бар екендігін бекер дей алмай, оның дамып отырғанын ылажсыз мойындай келіп, халықшылдар, алайда, біздің капитализм — Россиядағы товарлы шаруашылықтың ғасырлық дамуын аяқтап шығатын табиғи және қажетті процесс емес, ұлттың бүкіл тарихи өмірі сызып берген жолдан ауғандықты ғана көрсететін, берік негізі жоқ кездейсоқ іс, деп есептейді. «Біз отанымыз үшін басқа жол таңдап алуымыз керек», капитализмнің болымсыздығына қазірдің өзінде бейнебір көзі жете бастаған «бүкіл» «қоғамның» қолда бар күштерінен пайдалана отырып, капитализм жолынан шығу керек, сөйтіп өндірісті «қауымдастыру» керек — дейді халықшылдар.

Егер отан үшін басқа жол сайлап алу мүмкін болса, егер мұның қажеттігін бүкіл қоғам түсіне бастаса, онда өндірісті «қауымдастырудың» оншама қыйыншылығы жоқ екені және даярлық жасайтын белгілібір тарихи дәуірді керек қылмайтыны айқын. Осындай қауымдастыру жоспарын жасаса, тиісті адамдарды мұның іске асатындығына сендірсе болғаны, — сонда «отанымыз» капитализмнің хате жолынан шығып, қоғамдастыру жолына түседі екен.

Сондай тамаша болашақты үміттендіретін мұндай жоспардың өте-мөте қызықты екенін әркім түсінеді, сондықтан орыс жұрты «Русское Богатствоның» тұрақты

қызметкерлерінің бірі Южаков мырзаға, осындай жоспарды жасап шығаруды міндетіне алғаны үшін зор алғыс айтуға тиіс. «Русское Богатствоның» майдағы кітабында оның: «Ағарту утопиясы» деген мақаласын көрдік, ол мақаланың: «Бүкіл халыққа міндетті орта білім беру жоспары» деген бір бөлімі бар.

Өндірісті «қауымдастыруға» мұның қандай қатысы бар? — деп сұрар оқушы. Мұның оған тікелей қатысы бар, өйткені Южаков мырзаның жоспары өте кең. Автор әрбір болыста мектеп жасындағы (8—20 жас, тахитиш 25 жасқа дейін) еркек-әйелдің бәрін қамтыйтын гимназия ашуға жоба жасаған. Мұндай гимназиялар егін және құлық шаруашылығын жүргізетін өндірісті ұйымдар болып құрылуға тиіс; олар өздерінің еңбегімен гимназиялардың халқын (Южаков мырзаның есебінше, бұл — бүкіл халықтың *бестен бірі*) асырап қана қоймай, оның үстіне *барлық балаларды* асырап, тәрбиелеуге керекті қаражатты да беріп тұратын болу керек. Автордың сондай бір болыстық гимназияны (ол әрі — «фермалық гимназия», «гимназия шаруашылығы» немесе «егіншілік гимназиясы») үлгіге алып жасаған толық есебі мұндай гимназиялар небары *жергілікті халықтың жартысынан көбін* асыруға тиіс екенін көрсетеді. Егер біз, әрбір осындай гимназияға (Россияда небары екі-екіден 20 000 гимназия, яғни еркектер үшін 20 000 гимназия, әйелдер үшін 20 000 гимназия ашуға жоба жасалған) жер және өндіріс құралдары берілетіндігін еске алсақ (үкімет кепіл болып, земствоның облигациялары шығарылмақ, ол облигациялардың төлеу өсімі 4½ процент, өтеу өсімі ½ процент болмақ), сонда Южаков мырзаның «жоспарының» шынында қандай «зор» екенін түсінеміз. Халықтың бүкіл жарма-жары үшін өндіріс қоғамдастырылады. Демек, отан үшін бірден басқа жол таңдап алынады! Және бұған «үкімет, земство және халық тарапынан ешбір шығын шығармай-ақ» (*sic!**) қолымыз жетеді. Бұл «алғашында ғана утопия болып көрінеді», ал шындығында «бүкіл халыққа бастауыш білім беруден әлдеқайда іске асымды жұмыс». Южаков мырзаның өзі, бұған керекті қаражат табу «қол жетпейтін қыял, утопия емес»,

* — солай! *Ред.*

қайта бұл мақсатқа, жоғарыда айтылғандай, шығынсыз, ешбір шығынсыз жете аламыз, ол түгіл тіпті «қалыптасқан оқу жоспарларын» өзгертпейінше-ақ жете аламыз!! деп күаландырып отыр. «Тек тәжрибемен ғана қанағаттанып қоймай, шын мәнісінде бүкіл халықтың білім алуына ұмтылсақ, мұның бәрінің зор маңызы бар» деп Южак-ков мырза өте дұрыс айтады. Рас, ол: «орындалуға тиісті жоба жасауды мақсат еткенім жоқ» дейді, бірақ ол бір гимназияда оқыйтын еркек-әйелдің мөлшерлі санын да, гимназиядағы барлық халықтың күн көрісіне керекті жұмыс күшін де, педагог және әкімшілік қызметкерлерді де, гимназия мүшелеріне керек азық-түлікті де, педагогтардың, дәрігерлердің, техниктердің және мастерлердің жалақысына керекті ақшаны да есептеп шығарған. Автор екіншілік жұмыстарына керекті жұмыс күнінің санын, әрбір гимназияға керекті жердің мөлшерін, бастап шаруашылық құруға керек болатын ақшаның санын толық есепке алған. Ол, бір жағынан, бүкіл халықтың орта білім алу игілігінен пайдалана алмайтын бұратаналар мен сектанттардың тағдірін, екінші жағынан, жаман қылығы үшін гимназиядан қуылатындардың тағдірін күн ілгері ойластырған. Автор үлгі ретінде алынған бір гимназияның есебін шығарумен қанағаттанбаған. Тіпті де олай етпеген. Ол, екі-екіден 20 000 гимназияның бәрін түгел жүзеге асыру мәселесін алға қойған және бұған керекті жерді қалай табу туралы, «қанағаттандырарлық оқытушыларды, әкімдерді, қожайындарды» қалай жетістіру туралы нұсқау берген.

Мұндай жоспардың өте-мөте қызғылықты екені, — тек теория жүзінде ғана емес (өндірісті қауымдастырудың мұндай нақты жасалған жоспары барлық скептиктерді біржолата сендіріп, мұндай жоспарларды іске аспайды дейтіндердің бәрін үндетпей тастауға тиіс екені айқын), нағыз практика жүзінде де қызғылықты екені түсінікті. Егер, бүкіл халыққа міндетті түрде орта білім беру ісін ұйымдастыру жобасына жоғарғы үкімет көңіл бөлмесе, — әсіресе ұсыныстың авторы: істі «ешбір шығынсыз» орындауға болады, бұған «міндеттің финансылық және экономикалық жағдайларынан гөрі, мәдени жағдайлар көбірек бөгет жасайды», алайда бұл «мең-

геріп әкетуге болмайтын бөгет емес» деп батыл айтып отырғанда көңіл бөлмесе, — бұл таңқаларлық іс болар еді. Мұндай жоба тек халық ағарту министрлігіне ғана емес, сол сыяқты ішкі істер министрлігіне де, финанс министрлігіне де, егіншілік министрлігіне де, тіпті, — біз мұны төменде көреміз, — соғыс министрлігіне де тікелей қатысы бар. Жобада көрсетіліп отырған «құлық түзету гимназиялары» заң министрлігінің сыбағасына тисе керек. Южаков мырзаның айтуынша «жоғарыда көрсетілген тілектердің бәріне (яғни білім алуға және тіршілік етуге), мүмкін, басқа да, көп тілектерге сай келетін» бұл жобаға басқа министрліктердің де көңіл бөлетіндігіне шүбалануға болмайды.

Сондықтан, егер біз осындай тамаша жобаны толық тексерсек, оқушы бізді жазғырмас деп сенеміз.

Южаков мырзаның негізгі пікірі мынадай: жазда мүлде оқу оқылмайды, ылғый егіншілік жұмыстары істеледі. Сонсын, гимназияны бітіріп шыққан оқушылар біраз уақытқа гимназияда қалдырылады, онда қызметкер болып жұмыс істейді; олар қысқы жұмыстарды істейді, кәсіпшілік жұмыстарына пайдаланылады, бұл кәсіпшіліктер егіншілікке қосымша кәсіп болып, әрбір гимназияға өз еңбегімен барлық оқушыларын және жұмысшыларын, барлық оқытушыларын және әкімшілік қызметкерлерін асырауға, білім алу шығынын өтеуге мүмкіндік береді. Мұндай гимназиялар үлкен егіншілік артельдері болар еді деп Южаков мырза дұрыс айтады. Южаков мырзаның жоспарын өндірісті халықшылдарша «қауымдастырудың» алғашқы адымы деп, капитализмнің сергелдеңінен аулақ болу үшін, Россияның таңдап алатын жаңа жолының бір бөлегі деп тануға праволы екендігімізге, Южаков мырзаның жаңағы соңғы сөзінен кейін ешбір күман қалмайды.

«Қазіргі кезде, — дейді Южаков мырза, — гимназияны 18 — 20 жасқа келгенде бітіреді, ал кейде 1 — 2 жыл кеш бітіреді. Міндетті оқу тұсында... кеш бітіру сдан да көп болады. Егер курс бітірмейінше оқудан шығарылатындардың жасының ең арғы шегі 25 жас болса, оқуды кеш бітіретін болады, ал жоғарғы үш кластың

оқушылары 16 жастан 25 жасқа дейінгілер болады. Сөйтіп, бесінші класта жасы озған қосымша ересектер болатынын еске алсақ, гимназиядағы оқушылардың үштен біріне жуығы... жұмысшы жасындағылар деп батыл айтуға болады». Гимназияның 8 класына, бастауыш даярлық мектеп үшін 2 класс қосып (бұған хат танымайтын сегіз жасар балалар алынар еді), автордың одан әрі шығарған есебі бойынша, бұл процентті төрттің біріне түсіргенде де, — жартылай жұмысшылардың көмегімен жазғы жұмыстарды атқарып отыратын жұмысшылар өте көп болады. Бірақ «он класы бар фермалық гимназияға, — дейді маңызданып Южаков мырза, — белгілі мөлшерде қыстық жұмысшылар сөзсіз керек болады». Оларды қайдан алу керек? Автор оған екі жол ұсынады: 1) жұмысшы жалдау («олардың кейбір еңбек сіңіргендерін табысқа қатнастыруға болар еді»). Гимназия шаруашылығы табысты шаруашылық болуға тиіс, сондықтан жалдаған жұмысшының шығынын өтейтін болуға тиіс. Бірақ автор «екінші бір жолды маңыздырақ көреді»: 2) гимназияны бітіргендер, бастапқы кластарда оқығанда оларға ұсталған оқу, тамақ, киім шығынын жұмыс істеп өтуге міндетті болады. Бұл олардың «тікелей міндеті», — деп қосады Южаков мырза, — әлбетте, бұл оқу ақысын төлеуге шамасы келмейтіндердің ғана міндеті ғой. Қысқы жұмысқа керекті жұмысшылар және жазғы жұмысқа керекті қосымша жұмысшылар міне осылардан құралады.

Жобасы жасалып отырған, халықтың бестен бірін егіншілік артельдеріне біріктіріп «қауымдастыруға» тиіс болған ұйымның бірінші сыйпаты осындай. Біз осының өзінен-ақ отан үшін басқа жол таңдап алудың сапасы қандай болатынын көре аламыз. Асырау ақысы мен «оқу ақысын төлеуге шамасы келмейтін» адамдар үшін қазір бірден-бір күнелту амалы болып отырған жалдама еңбек орнына міндетті тегін еңбек қолданылатын болады. Бірақ біз бұған танданбауымыз керек: мұның есесіне халық жалпыға бірдей орта білім алу игілігінен пайдаланатындығын ұмытуға болмайды.

Ілгері барайық. Еркек, әйел балаларды бірге оқыту

тегі пайдалырақ болса да, бұған қарсы Европа континентінде үстем болып отырған қаңқу сенімге еріп, автор еркек, әйел гимназияларын жеке ашуға жоба жасаған. «Бір класқа 50 оқушы немесе барлық он класқа 500 оқушы немесе гимназия шаруашылығына 1 000 оқушы (500 еркек бала және 500 қыз) болса», бұл орташа гимназияның «нағыз бір қалыпты құрамы болады». Гимназияда 125 «пар жұмысшы» және тиісті мөлшерде жартылай жұмысшылар болады. «Егер мен, — дейді Южаков, — осыншама жұмысшы, мысалы, Малороссияда 2 500 десятина егістік жерді ұқсата алады десем, онда гимназия еңбегінің қандай зор күш екенін әркім де ұғады»!..

Бірақ бұл жұмысшылардан басқа, оқу шығыны мен асырау шығынын «жұмыс істеп өтеп жүрген» «тұрақты жұмысшылар» бар. Олар қанша болады? Жыл сайын, еркек-әйелі бар, 45 оқушы оқу бітіреді. Оқушылардың үштен бірі 3 жыл бойына әскер қызметін өтейді (бұл кезде төрттің бірі өтеп жүр. Автор, қызмет мерзімін 3 жылға дейін қысқартып, мұны үштің біріне дейін көбейтіп отыр). «Қалған үштің екісін де осы жағдайға қою, яғни олардың өздерінің оқуының, сол сыяқты әскерге кеткен жолдастарының оқуының шығынын жұмыс істеп өтеу үшін гимназияда қалдыру әділсіздік болмайды. Барлық оқушы қыздарды да осының үшін қалдыруға болады».

Басқа жол таңдап алған отанымызда орнатылатын жаңа тәртіптің қалай ұйымдастырылатыны бірден-бірге айқындалып келеді. Бұл күнде орыс қоластындағылардың бәрі әскер қызметін атқаруға міндетті болып есептеледі, ал әскерге шақыру жасындағылардың саны керекті әскердің санынан артық болғандықтан, керек әскерлер жеребемен алынады. Қауымдастырылған өндірісте де рекруттар жеребемен алынады, бірақ қалғандарын «осы жағдайға қоюға», яғни үш жыл бойына қызмет істеуге, рас, әскери қызмет емес, гимназия қызметін істеуге міндеттендіруге ұйғарылады. Олар әскерге кеткен жолдастарының гимназияда тұрғанда жасаған шығынын жұмыс істеп өтеуге тиіс. Бәрі де жұмыс істеп өтеуге тиіс пе? Жоқ. Оқу ақысын төлей алмайтындар ғана. Бұл ескертуді автор жоға-

рыда көрсетті, ал төменде біз, оқу ақысын төлеуге шамасы келетіндер үшін автор, тегінде, ескі қалпын сақтайтын ерекше гимназиялар ашуға жоба жасайтынын көреміз. Әскерге кеткендердің шығынын жұмыс істеп өтеу оқу ақысын төлей алатындарға жүктелмей, төлей алмайтындарға жүктелуінің себебі не? деген сұрау туады. Себебі тіпті түсінікті. Егер гимназистер төлеп оқушы, тегін оқушы болып екіге бөлінсе, онда реформа қазіргі замандағы қоғам құрылысын қозғамайтыны айқын: мұны Южакков мырзаның өзі де жақсы біледі. Ал егер осылай болса, онда мемлекеттің жалпы (солдатқа ұсталатын) шығынын күнелту қаражаты жоқтардың көтеретіні түсінікті*, — дәл сондай-ақ, олар қазірде де бұл шығынды, мысалы, жанама салық, т. с. түрінде көтеріп отыр. Жаңа құрылыстың айырмашылығы неде? Оның айырмашылығы сол — бұл күнде қаражаты жоқтар жұмысшы күшін сата алады, ал жаңа құрылыста олар *тегін* (яғни тек асырағаны үшін) жұмыс істеуге *міндетті* болады. Россияның осы жолмен капиталистік құрылыстың барлық сергелдеңіне соқпай өтетініне ешбір күман болмауға тиіс екен. «Пролетариаттың кеселін» туғызатын ерікті жалдама еңбек қуылып, міндетті тегін еңбөкке орнын береді-міс.

Міндетті тегін еңбек қарым-қатнасына түскен адамдар, осы қатнасқа сәйкес жағдайда болатынына танданатын түгі де жоқ. Халықшылдың («халық досының») бізге жаңағының артынша тағы не айтатынын тыңдай беріңіз:

«Егер мұнымен қатар оқуды бітіріп, гимназияда 3 жылға қалатын жастардың некеленуіне рұхсат берілетін болса; егер семьялы жұмысшылар үшін жеке үйлер салынатын болса; егер ол семьялар гимназиядан шеттетілгенде, оларға ақшадай және заттай шамалы жәрдем көрсетуге гимназияның табысы мүмкіндік беретін болса, онда үш жыл гимназияда болудың ауыртпалығы әскер қызметінің ауыртпалығынан едәуір жеңіл болады»...

* Әйтпесе, алғашқы соңғыларына үстемдік етіп отыра алмас еді.

Мұндай жеңілдіктер жасалғандықтан халықтың бар жан-тәнін салып гимназияға түсуге ұмтылатыны айқын емес пе. Өздеріңіз ойлап қараңыздаршы: біріншіден, некеленуге рұхсат етіледі. Рас, осы күнгі қолданылып жүрген азаматтық заңдар бойынша, мұндай рұхсат (бастықтан) алудың тегі қажеті жоқ. Бірақ бұлардың *гимназистер* мен *гимназисткалар* екенін, — рас, 25 жасқа жеткен, бірақ, дегенмен, гимназистер екендігін еске алыңыз. Егер университеттің студенттеріне некеленуге рұхсат етілмесе, гимназистерге некеленуге рұхсат етуге болатын ба еді. Оның үстіне, мұндай рұхсат беру гимназия бастықтарының, демек, жоғары білімі бар адамдардың еркінде болады: сондықтан қыянат істейді деп қорқудың орны жоқ екендігі анық. Алайда, гимназия бітірген және сонда тұрақты жұмысшы болып қалған адамдар енді гимназистер емес қой. Солай бола тұрса да, некеге рұхсат беру туралы әңгіме солар жөнінде—21—27 жастағы адамдар жөнінде болып отыр. Отанның таңдап алған жаңа жолы орыс азаматтарының азаматтық правоға иелігінің біраз кемуімен байланысты екенін мойындамай болмайды, бірақ жаппай орта білім алу игілігін шығынсыз қолға түсіруге болмайтындығында мойындау керек. Екіншіден, семьялы жұмысшылар үшін жеке үйлер салынбақ, ол үйлер осы күнде фабрика жұмысшылары тұратын лашықтардан жаман болмас. Ал 3-ден, тұрақты жұмысшылар мұның үшін «шамалы жәрдем» алады ғой. Күман жоқ, халық бастықтардың қанатының астындағы тыныштық өмірдің осы жеңілдіктерін капитализмнің тынышсыздығынан артық көреді, артық көретіндігі сонша — кейбір жұмысшылар үнемі сол гимназияда қалып қояды (оларға некеленуге рұхсат еткеніне ырза болып қалуы ықтимал): «Гимназияда түпкілікті қалып қойған және онымен біте қайнасып кеткен (sic!!) аз ғана тұрақты жұмысшылар гимназия шаруашылығындағы осы жұмысшы күшін толықтырып отырады. Біздің егіншілік гимназиямыздың мүмкіндігі бар және тіпті де утопиялық емес жұмысшы күші міне осындай».

Өзіңіз ойлаңызшы! Мұның «утопиялығы» қайсы? Өздеріне некеленуге рұхсат ететін қожайындарымен «біте

қайнасып кеткен» тұрақты тегін жұмысшылар болады, — кез келген қарт шаруадан сұрасаңыз, осы айтылғандардың бәрін толық жүзеге асыруға болатындығын ол сізге өз тәжірибесі бойынша айтып бере алады.

(Жалғасы бар)*

1895 жылдың күзінде жазылған

„Самарский Вестник“²²
газетінің 254-номерінде,
1895 ж. 25 ноябрьде басылған;
қол қойған К. Т—ин

„Самарский Вестник“ газетінің
тексті бойынша басылып отыр

* — Жалғасы «Самарский Вестник» газетінде болмай шықты.
Ред.

ТОРНТОН ФАБРИКАСЫНЫҢ ЖҰМЫСШЫЛАРЫ МЕН ЖҰМЫСШЫ ӘЙЕЛДЕРІНЕ²³

Торнтон фабрикасының жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері!

6-шы және 7-ші ноябрь күндері біздің бәріміз үшін естен шықпайтын күндер болуға тиіс... Тоқымашылар ауыз біріктіріп, қожайынның қыспағына соққы берді, сөйтіп, қыйын-қыстауда біздің мүдделерімізді, жалпы жұмысшылардың мүдделерін қорғай білетін адамдар ортамызда әлі табылатынын, біздің мейрімшілсінген қожайындар бізді өздерінің түпсіз қалтасын толтырып отыратын құлақкесті құлдарына әлі ада-жұда айналдыра алмағанын дәлелдеді. Жолдастар, табандылықпен, бұлтармай өз жолымызды аяқтап шығайық, өзіміздің халімізді бәріміз жабыла күш салу арқылы оңдай алатынымызды естен шығармайық. Бәрінен де бұрын, жолдастар, Торнтон мырзалардың айламен құрған торына түсіп қалып жүрмеңіздер. Олар былай ойлайды: «қазір товардың өтінкіремей тұрған кезі, солай болған соң, фабрикада жұмыс шарттары бұрынғы күйінде тұрғанда біз бұрынғы пайдамызды ала алмаймыз... Ал одан азға біз көнбейміз... Демек, жұмысшыларға міне түсу керек, рыноктегі бағаның кемісін олар өздерінің маңдай терімен көтерсін... Тек бұл істі қалай болса солай істемеу керек, шеберлікпен істеу керек, біздің оларға нендей сыйлық даярлайтынымызды жұмысшылар аңқаулығынан сезбей де қалатын болсын... Бәріне бірден тисең, бәрі бірден көтеріліп кетеді де, оларға түк істей алмайсың, сондықтан біз алдымен тоқыма-

шы байғұстарды алдап соғайық, сонсын басқалары да тырп ете алмайды... Бұл адамсымақтардан қысылып-қымтырылу біздің әдетімізде болған емес, оның тағы қажеті не? Біздің жаңа сыпырғыштарымыз тазалап сыпырады...». Сонымен, жұмысшылардың қамын жегіш қожайындар тоқымашыларды қандай халге ұшыратса, ақырындап, ептеп отырып, фабриканың барлық бөлімдеріндегі жұмысшыларды да келешекте нақ сондай халге жеткізгісі келеді... Сондықтан, егер біз бәріміз тоқымашылар бөлімінің тағдырына араласпай шет қалып қойсақ, онда біз өзімізге өзіміз ор қазамыз, сонсын көп ұзамай өзімізді де осы орға итере салады. Тоқымашылар соңғы кезде, орта есеппен, жарты айына 3 сом 50 тыйыннан тауып отырды, ал семьясында 7 адамы барлары осы уақыттың ішінде, амалдап 5 соммен күнелтті, ал ері, әйелі және баласы бар семья небары 2 соммен күнелтті. Қамқоршы Торнтондар өздерінің миллиондарына миллиондар қосып жатқанда, тоқымашылар ақтық киімдерін сатып, ауыр еңбекпен тапқан соңғы тыйын-тебенін күн көрісіне жаратты. Бірақ осының бәрі де аз көрінді, сондықтан жұмысшылардың көз алдында құлқынқұмар қожайынның толып жатқан жаңа құрбандары фабриканың қорасынан үсті-үстіне қуып шығылып жатты, ал жұмысшыларды қыспаққа салушылық өз ретінше айуандық қаталдықпен күшейтіле берді... Ешбір ескертпестен жүнге ноллес пен кнопты²⁴ араластырып жіберетін болды, сондықтан товарды жасау өте шабандады, арқау жіпті іліп алатын сым темірлер, әдейі емес, аңдаусызда болғандай, көбейтіле берді, ақырында тура жұмыс сағатын кеміте бастады, ал енді кездеменің бір тобын 9 шмицтің²⁵ орнына 5 шмицтен шығара бастап отыр, ондағысы — арқау жіпті алу, даярлау үшін тоқымашы қайта-қайта ұзақ әуреге түссін дейді, ал бұл үшін оның соқыр тыйын ақы алмайтыны мәлім. Біздің тоқымашыларды қалжыратып барып көндіргісі келеді; кейбір тоқымашылардың есеп кінешкелерінде қазірден-ақ көріне бастаған 1 сом 62 тыйындық жарты айлық табыс таяу уақытта тоқыма бөліміндегілердің бәріне бірдей табыс болып қалуы мүмкін... Жолдастар, сіздер де қожайынның

осындай қайырымын күтесіздер ме? Ал егер күтпейді екенсіздер, егер өздеріңіз тәрізді кедейлердің хасіреттеріне жүректеріңіз тас болып әлі қатпаған екен, онда өзіміздің тоқымашылардың төңірегіне берік ұйымдасыздар, бәрімізге ортақ талаптарымызды алға қоялық және әрбір реті келген сайын езушілерімізден тиімді үлесімізді жеңіп алып отырайық. Жіп иіру бөлімінің жұмысшылары, табыстарыңыздың тұрақты болғанына және азырақ артқанына мәз болмаңыздар... Сіздердің бауырларыңыздың $\frac{2}{3}$ бөлігі дерлік фабрикадан шығарылып отыр ғой, жақсы табысты да өздеріңіздің жұмыстан шығарылған жіп иіруші жолдастарыңыздың аштыққа ұшыратылуы арқасында алып отырсыздар ғой. Бұл да тағы сол қожайындардың айла-сұмдығы; егер бүкіл мюльиіргіш бөлімнің бұрын қанша өндіргенін, қазір қанша өндіріп отырғанын есептесең-ақ, бұл айланы ұғыну қиын емес. — Жаңа бояухананың жұмысшылары! Бояудың жанды уландырған буы өн бойыңа сіңіп жүріп, күн сайын $14\frac{1}{4}$ сағат еңбек істегенде айына табатындарың қазірдің өзінде 12 сом! Біздің талаптарымызға көңіл бөліндер: мастерлеріңнің олақтығы үшін сендердің жалақыларыңнан заңсыз ақша ұстап қалушылыққа да біз тыйым салғымыз келеді.—Фабрикадағы қара жұмысшылар мен жалпы мамандығы жоқ жұмысшылар! Маман тоқымашыға күнтәулігіне 20 тыйынмен қанағаттануға тура келіп отырғанда, күндіктеп алатын 60—80 тыйын табыстарыңды сол қалпында сақтап қаламыз деп шынымен сенесіндер ме? — Жолдастар, сақ болындар, қожайындардың тұзағына түсіп қалып жүрмендер, бірінді бірің мықтап сүйендер, әйтпесе осы қыс біздің бәрімізге ауыр соғады. Біздің қожайындардың бағаны төмендету жөнінде істейтін әдіс-айлаларын бәрімізде аса қырағылықпен бақылап отыруымыз керек және өзімізді апатқа ұшырататын бұл әрекетке бар күшімізбен қарсы тұруымыз керек... Олардың кәсіп жағдайы нашар деген сылтауына құлақ аспаңдар: бұдан олардың капиталына қосылатын пайдасы ғана азаяды, ал біздің семьяларымыз соңғы бір кесек қара нанынан айрылып, аштық азабына ұшырайды; бұл екеуін бір таразының екі басына салуға бола ма? Қазір алдымен тоқымашыларды

қыспаққа алып отыр, сондықтан біз мынадай талаптар қоюымыз керек:

1) тоқыма жұмыстарының бағасы көктемгі мөлшеріне жеткізілсін, яғни бір шмицке 6 тыйын шамасындай арттырылсын;

2) жұмысшыға жұмыс басталар алдынан оның бұл жұмыстан қанша табыс табатыны жариялануға тиіс деген заң тоқымашылар жөнінде де орындалып отыратын болсын. Фабрика инспекторы қол қойған табель тек қағаз жүзінде ғана қалып қоймай, заңның талап етуінше іс жүзіне асырылатын болсын. Мысалы, тоқу жұмысы үшін, осы күнгі жұмыс бағасымен бірге жүннің сапасы, оған араласқан ноллес пен кноптың мөлшері көрсетілуі керек, дайындау жұмыстарына кететін уақыт есептелуі керек;

3) жұмыс уақытын бөлгенде, жұмысшы амалсыз жұмыстан қалмайтындай етіп бөлу керек; мысалы, қазір мынандай етілген: тоқымашы бір топ кездеменің арқауын алу үшін бір күн уақытын жоғалтады, ал ол кездеменің кесегі екі есе дерлік кішірейетіндіктен тоқымашы бұдан да, табельдегі бағаға қарамастан, екі есе зыян көреді. Қожайын біздің табысымызды осы жолмен талағысы келеді екен, онда бізден не жырып алғысы келетінін анық білуіміз үшін, мұнысын ашып істесін;

4) фабрика инспекторы жұмыс бағасында алдаушылық болмауын, бағаның екі түрлі болмауын бақылап отыруға тиіс. Мұның мәнісі — мысалы, баға табелінде бір сорттас, бірақ аты әртүрлі товарға екі түрлі баға қоюға жол берілмеу керек. Мәселен, біз биберді 4 сом 32 тыйыннан, уралды²⁶ небары 4 сом 14 тыйыннан тоқыдық, — ал жұмысы жөнінен бұл екеуі бір емес пе? Аты бір-ыңғай товардың жұмысына екі түрлі баға қойылуы одан да сорақы алдаушылық болып табылады. Сөйтіп, Торнтон мырзалар штраф туралы заңды аттап өтіп отыр, ал ол заңда жұмысшының мұқиятсыздығынан бүлінген зат үшін ғана штраф салуға болады, мұндай ретте жалақыдан ұстап қалған ақша штраф салынғаннан кейін үш күн ішінде жұмыс кінешкесінің штраф деген графасына жазылуға тиіс. Қайткенмен де штрафтың бәрі бірдей катал

есепте болуға тиіс, ал одан құралған сома фабриканттың қалтасына түспей, осы фабрикадағы жұмысшылардың мұқтажына жұмсалуды керек. Ал біздің кінешкелерімізге қарасаңыз — тап-таза, штраф деген жоқ, біздің қожайын басқа қожайындардың бәрінен де өте-мөте қайырымды-ау деп ойлап қалуға болады. Ал шынында олар біздің білмейтіндігімізді пайдаланып, заңды аттап өтеді де, айламен өздерінің пайдасын оп-оңай шығара қояды... Көресіздер ме, бізге штраф салмайды, бізге арзан бағамен ақы төлеп, бізден шегеріп қалады, ал екі баға — төмен баға мен көтеріңкі баға — болып тұрғанда, оларға ештеңе дей алмайсың, олар өз пайдасына үсті-үстіне ақша ұстап қала береді;

5) бір баға енгізілумен бірге, әрбір шегерілген ақша штраф графасына жазылсын және оның неге шегерілгендігі көрсетілсін.

Сонда жолсыз штрафтың салынғаны бізге көрініп тұрады, біздің еңбегіміздің текке кетуі азаяды және осы күнге дейін болып келген сорақылықтар азаяды, мысалы, бояуханада осындай сорақылықтар болып келді; онда мастердің олақтығынан жұмысшылар кем өндірген, заң бойынша бұл — еңбекке ақы төлемеуге себеп болмауға тиіс, өйткені бұған жұмысшының салақтығының қатысы жоқ. Өзіміздің түк айыбымыз болмаса да, біздің бәрімізден мұндай ақша ұстап қалған реттер аз ба?

6) бізден пәтер ақыны 1891 жылға дейін қанша алып келсе, қазір де сонша алуын, яғни кісі басына айына 1 сомнан алуын талап етеміз, өйткені біздің табысымыз мұндай болып отырғанда, пәтерге төлейтін 2 сомды мүлде алар жеріміз жоқ және оны не үшін төлемекпіз?.. Осы мына кір, сасық, тар және өрт жағынан хауіпті жеркепе үшін бе? Естеріңізде болсын, жолдастар, бүкіл Питерде айына 1 сом пәтер ақы жеткілікті болып есептеледі, тек біздің қамқоршысыған қожайындар ғана бұған қанағаттанбай жүр, біз бұл жөнде де олардың қомағайлығын тежей түсуіміз керек. Жолдастар, біз бұл талаптарды қорғағанда тіпті де бүлік шығарып отырғанымыз жоқ, басқа фабрикалардағы барлық жұмысшылар заң бойынша қазір нені пайдаланып отырса,

бізді өз праволарын қорғай білмейді деп үміттеніп, бізден нені тартып алса, тек соны ғана беруін талап етеміз. Біздің «камқоршыларымыздың» хателескенін бұл жолы іс жүзінде көрсетейік.

1895 ж. ноябрьде жазылып, бірінші рет мимеографта басылған

„Работник“ жыйнағының (1895 ж.) 1—2-номеріндегі текстімен салыстырылған үндеу хаттың тексті бойынша басылып отыр

БІЗДІҢ МИНИСТРЛЕР НЕ ОЙЛАЙДЫ?

1896 жылдың аяғында
«Районное Дело»
журналы үшін жазылған

Бірінші рет: 1924 ж. басылған

Полция Департаментінің архивынан
табылған көшірме бойынша
басылған отыр

Ішкі істер министрі Дурново ізгі синодтың бас прокуроры Победоносцевке хат жазған. Хат 1895 ж. 18 мартта жазылған, № 2603; хаттың үстінде «мүлде құпия» деген жазу бар. Демек, министр бұл хатты өте құпия сақтамақ болған. Бірақ орыс азаматтары үкіметтің ниетін білуге тиіс емес деген министр мырзаның пікірлерін қостамайтын адамдар табылыпты, міне енді осы хаттың қолдан жазылған көшірмесі жер-жердің бәрінде тарап жүр.

Дурново мырза Победоносцев мырзаға не туралы жазған?

Ол жексембілік мектептер туралы жазыпты. Хатта айтылғаны: «Соңғы жылдардың ішінде алынған мәліметтерге қарағанда, саяси жағынан сенімсіз адамдар, сол сыяқты белгілі бағыттағы бірсыпыра оқушы жастар, 60-шы жылдардың үлгісі бойынша, жексембілік мектептерге кіріп, оқытушы, лектор, кітапханашы, тағы сол сыяқты қызметкер болуға ұмтылатын көрінеді. Мұндай мектептердегі қызметке ақы төленбейтін болғандықтан, үнемі осындай қызметке ұмтылушылықты тіпті күнелтуге қаражат табу үшін істеліп отырған амал деуге болмайды; мұның өзі әлгі айтылғандардың үкіметке қарсы элементтердің Россиядағы қазіргі мемлекеттік тәртіппен қоғамдық құрылысқа қарсы жарыя (заңға сүйенген) күресінің бір амалы екенін дәлелдейді».

Министр мырза міне осылай деп ойлайды! Білімді адамдардың ішінде өздерінің білімдерінен жұмысшы-

ларға ауысқысы келетіндер, білімнің тек өздеріне ғана емес, халыққа да пайда келтіргенін тілейтіндер болады ғой, — мұндайда министр дереу: бұл «үкіметке қарсы элементтердің ісі» деп, яки жексембілік мектептерге жұртты қайдағыбір заговорщиктер азғырып жүр деп ұйғара қояды. Біреу-міреу азғырмай-ақ кейбір білімді адамдарда баскаларға оқу-білім беру керек деген тілек тұмай ма екен? Бірақ министрді жексембілік мектептердің оқытушыларының жалақы алмайтыны тандандырады. Ол өзіне қызмет ететін шпиондар мен чиновниктердің тек жалақы үшін қызмет ететінін, ақшаны кімдекім көп төлесө соның қызметін істейтінін көріп дағдыланып қалған, ал мына мектептерде жұрт әлдебір себептен жұмыс істейді, қызмет етеді, оқытады және осының бәрін... тегін істейді. Сезікті іс екен! деп ойлайды министр, сөйтеді де бұл істі барлап қайтуға шпиондарын жұмсайды. Бұл хатта одан әрі былай делінген: «Төмендегі мәліметтерден» (сол қызметі үшін жалақы алып күн көретін шпиондардан түскен мәліметтерден) «мынадай жағдай анықталды: зыянды бағыттағы адамдар тек оқытушылар арасында ғана кездесіп қоймайды, кейде мектептердің өздеріне де сенімсіз адамдардың тұтас бір үйірмесі жасырын басшылық етіп отырады, ресми қызметкерлер санына мүлде қосылмайтын ол үйірменің мүшелері, өздері қойған мұғалімдердің және мұғалімдердің шақыруы бойынша, кешке қарай лекциялар оқыйды, оқушыларды оқытады... Бөтен адамдарға лекция оқуға мүмкіндік беретін тәртіп тура революцияшылар арасынан келген адамдардың лекторлар қатарына кіруіне кең жол ашады».

Сонымен, поптар мен шпиондар тексеріп, мақұлдамаған «бөтен адамдар» жұмысшыларды оқытқысы келсе, бұл тұпа-тура революция жасау болады екен! Министр жұмысшыларды оқдәрі деп, ал оқу мен білімді ұшқын деп біледі; егер ұшқын келіп дәріге түссе, тұтанған жалынның ең алдымен үкіметке қарай лап беретініне министрдің сенімі кәміл.

Мұндай сирек кездесетін ретте бұл тақсырдың көзқарасына толығынан және сөзсіз қосылатынымызды шын ықласпен білдіріп қалудан бас тарта алмаймыз.

Одан кейін министр хатында өзінің «мәліметінің» дұрыстығына «дәлелдер» келтіреді. Бұл дәлелі тамаша!

Біріншіден, «жексембілік мектептердің бірінің оқытушысының хаты, оның фамилиясы осы күнге дейін анықталмай калып отыр». Бұл хат тінткен кезде табылған. Хатта тарих сабақтарының программасы туралы, сословиелерді құлдыққа түсіру және құлдықтан құтқару идеясы туралы айтылған, Разин мен Пугачевтің бүлігі туралы айтылған.

Сірә, қайрымды министр дәл осы адамдардың аттарынан өте қорқып кетсе керек: оның көзіне самсаған айыр елестеген болса керек.

Екінші дәлелі:

«Ішкі істер министрлігінде жасырын жолмен алынған программа бар, ол Москваның жексембілік мектептерінің біреуінде жұрт алдында оқытылатын лекциялардың программасы; оның мазмұны мынау: «Қоғамның тууы. Алғашқы қоғам. Қоғамдық ұйымның дамуы. Мемлекет және оның не үшін керектігі. Тәртіп. Бостандық. Әділеттік. Мемлекеттік құрылыстың формалары. Абсолюттік және конституциялық монархия. Еңбек — жалпы игіліктің негізі. Пайдалылық және байлық. Өндіріс, айырбас және капитал. Байлық қалай бөлінеді. Әркімнің өз мүддесін көздеуі. Меншік және оның қажеттігі. Шаруаны жерімен бірге азат ету. Рента, пайда, жалақы. Ақы және оның түр-түрі не нәрсеге байланысты. Жыйнақтылық».

Осындай халық мектебі үшін сөзсіз зыянды болып табылатын программа бойынша оқу тыңдаушыларды бірте-бірте Карл Маркстің, Энгельстің, т. с. теорияларымен де таныстыруға лекторға толық мүмкіндік береді, ал лекцияда социал-демократиялық насихаттың бастамасы барлығын епархия бастықтарының тағайындауына қатысып отыратын адам аңғара ала қояр ма екен?»

Сірә, «Маркс пен Энгельстің теорияларының» тіпті ізі де жоқ программаның өзінен сол теориялардың «бастамасын» тапқанына қарағанда, министр мырза «Маркс пен Энгельстің теориясынан» қатты қорқатын болса керек. Министр бұл программаның қай жерін «зыянды»

деп тауып отыр? Сірә, мемлекеттік құрылыстың формалары мен конституция туралы мәселе ғой.

Министр мырза-ау, география кітаптарының кез келген біреуін алып қарасаңыз да, сіз одан осы мәселелерді табасыз! Балаларға үйрететін нәрсені ересек жұмысшылардың білуіне болмай ма екен?

Бірақ, министр мырза епархия мекемесі қойған адамдарға сенбейді: «сірә, не айтылып тұрғанын түсіне қоймас» дейді.

Хаттың аяғында Москвадағы Прохоров Мануфактурасы Серіктігінің фабрикасы жанынан ашылған жексембілік шіркеу-мәхәллә мектебіндегі, Ельцы қаласының жексембілік мектебіндегі және Тифлис қаласында ашылғалы тұрған мектептегі «сенімсіз» оқытушылардың аттары тізіп көрсетіледі. Дурново мырза Победоносцев мырзаға «мектептерде сабақ беруге рұхсат етілген адамдарды жете тексеруге» кеңес береді. Енді осы оқытушылардың тізімін оқығанында төбе шашың тік тұрады: бәрі де бұрынғы студент, бәз-баяғы бұрынғы студент, тағы сол бұрынғы курсистка. Министр мырза оқытушылардың бұрынғы унтерлерден болғанын жақсы көрер еді.

Министр мырза айрықша үрейленіп, Ельцы қаласындағы мектеп «Сосна өзенінің арғы бетінде, бұл жақта көбінесе қара халық» (о, сұмдық!) «және мастеровойлар тұрады және темір жол мастерскойы бар» дейді.

Мектепті «қара халық пен мастеровойлардан» неғұрлым алыс, неғұрлым аулақ ұстау керек дейді.

Жұмысшылар! Жұмысшы адамдар мен білімді бір жерге қосудан біздің министрлердің өлердей қорқатынын көріп отырсыздар ма! Жұмысшылардың санасын ешқандай күш тартып ала алмайтындығын бүкіл жұртқа көрсетіндер! Білімі болмаса, жұмысшылар — дәрменсіз; білімі болса, олар — зор күш!

СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ
ПАРТИЯНЫҢ
ПРОГРАММАСЫНЫҢ ЖОБАСЫ
ЖӘНЕ ОНЫ ТҮСІНДІРУ²⁸

1895—1896 жылдарда түрмеде жазылған

Бірінші рет 1924 ж. басылған

„Программаның жобасы“ 1900 жылғы 5-номерлі „Научное Обозрение“ журналының жол арасында қалам сиямен жазылған қолжазба бойынша, ал „Программаны түсіндіру“ гектографиялық дәптер бойынша басылып отыр

ПРОГРАММАНЫҢ ЖОБАСЫ

А. 1. Россияда ірі фабрикалар мен заводтар ұсақ майдагерлер мен шаруаларды күйзелте отырып, оларды дымы жоқ жұмысшыларға айналдыра отырып, халықты қалаларға, фабрикалы және өнеркәсіпті селолар мен қалашықтарға қуып тығуын бірден бірге көбейте отырып, барған сайын тездете дамып келеді.

2. Капитализмнің бұл өсуі үркердей фабриканттардың, купецтердің және жер иелерінің байлығының, сән-салтанатының аса күшті өсуін және жұмысшылардың қайыршылығы мен езушілігінің одан да гөрі тезірек өсуін көрсетеді. Ірі фабрикалардың өндірісті жақсартып, машиналарды енгізу, қоғамдық еңбек өнімділігінің өсуіне жағдай туғыза отырып, капиталистердің жұмысшылар үстінен жүргізетін өкімін күшейтеді, жұмыссыздықты көбейтеді, ал сонымен бірге жұмысшыларды әрі қорғансыздыққа ұшыратады.

3. Бірақ, капиталдың еңбекті қанауын жоғарғы сатыға жеткізе отырып, ірі фабрикалар капиталға қарсы күрес жүргізуге мүмкіншілік ала алатын айрықша жұмысшы табын құрады, өйткені оның тіршілік жағдайларының өзі оның меншікті шаруашылықпен байланысының бәрін бұзады және, жұмысшыларды ортақ жұмыс арқылы құрастыра отырып, оларды фабрикадан фабрикаға көшіре отырып, жұмысшы халықтың бұқарасын топтастырады. Жұмысшылар капиталистерге қарсы күресе бастайды, сөйтіп олардың арасында бірігуге талпынушылық күшейеді. Жұмысшылардың жеке көтерілістерінен орыс жұмысшы табының күресі өсіп шығады.

4. Жұмысшы табының капиталистер табына қарсы бұл күресі — біреудің еңбегімен күн көретін барлық таптарға қарсы және қанаушылық атаулыға қарсы күрес. Бұл күрес саяси өкіметтің жұмысшы табының қолына көшумен ғана, барлық жерді, құрал-саймандарды, фабрикаларды, машиналарды, рудниктерді социалистік өндіріс құру үшін бүкіл қоғамның қолына берумен ғана бітеді; социалистік өндірістің тұсында жұмысшылардың барлық өндіргені және өндірісте болған барлық жақсартулар еңбекшілердің өз пайдасына жұмсалуға тиіс.

5. Орыс жұмысшы табының қозғалысы өзінің сыйпаты мен мақсаты жағынан барлық елдердің жұмысшы табының халықаралық (социал-демократиялық) қозғалысының бір бөлігі болып саналып, соған кіреді.

6. Орыс жұмысшы табының өз азаттығы жолындағы күресінде басты бөгет — тежеусіз самодержавиелік үкімет, оның жауапсыз чиновниктері. Жер иелері мен капиталистердің артық дәрежелілігіне және олардың мүдделерін жарамсақтанып орындаушылыққа сүйеніп, үкімет төменгі сословиелерді толық правосыз күйде ұстап отыр, сонымен жұмысшылардың қозғалысын матап, бүкіл халықтың дамуына кедергі болып отыр. Сондықтан орыс жұмысшы табының өз азаттығы жолындағы күресі самодержавиелік үкіметтің тежеусіз өкіміне қарсы күресті лажсыз тудырады.

Б. 1. Орыс социал-демократиялық партиясы орыс жұмысшы табының бұл күресіне жұмысшылардың таптық сана-сезімін дамыту арқылы, олардың ұйымдасуына көмек көрсету арқылы, күрестің міндеттерін және мақсаттарын көрсету арқылы жәрдем беруді өзінің міндеті деп жарыялайды.

2. Орыс жұмысшы табының өз азаттығы жолындағы күресі — саяси күрес, сондықтан оның бірінші міндеті саяси бостандыққа жету болып табылады.

3. Сондықтан орыс социал-демократиялық партиясы өзін жұмысшы қозғалысынан бөлектемей, самодержавиелік үкіметтің тежеусіз өкіміне қарсы, артық дәрежелі жер иеленуші дворяндар табына қарсы және бәсекееріктілігін қысымдайтын крепостниктік тәртіп пен сословиелік тәртіптің барлық қалдықтарына қарсы қоғамдық қозғалыстың қандайын болса да қолдайды.

4. Екінші жағынан, орыс социал-демократиялық жұмысшы партиясы еңбекші таптарды тежеусіз үкіметтің және оның чиновниктерінің қамқорлығына алып жарылқау және капитализмнің дамуын кідірту, ал олай болса жұмысшы табының өсуін кідірту талаптарының бәріне қарсы соғыс жүргізіп отырады.

5. Жұмысшы табын азат ету жұмысшылардың өздерінің ісі болуға тиіс.

6. Орыс халқына керегі — тежеусіз үкіметтің және оның чиновниктерінің жәрдемі емес, қайта олардың езуінен азат болу.

В. Осы көзқарастарға сүйеніп, орыс социал-демократиялық партиясы ең алдымен мыналарды талап етеді:

1. Конституция жасап шығару үшін барлық азаматтардың өкілдерінен құрылған Земство жыйынын шақыру.

2. Дін және ұлт айырмашылығына қарамай, 21 жасқа толған орыс азаматтарының бәрі үшін жалпыға бірдей, төте сайлау правосының болуы.

3. Жыйналыстар, одақтар және стачкалар бостандығы.

4. Баспасөз бостандығы.

5. Сословиектің жойылуы және барлық азаматтардың заң алдында толық тең болуы.

6. Дінге бостандық болу және барлық ұлттардың правосының тең болуы. Метрика жүргізіп отыруды полицияға бағынбайтын, істі өздігінше жүргізетін халық чиновниктерінің қолына беру.

7. Қандай чиновникті болса да, бастықтарға шағым етпестен, соттатуға әрбір азаматқа право беру.

8. Паспортты жою, бір жерден бір жерге көшуге және қоныс ауыстыруға толық бостандық болу.

9. Кәсіпкерлікке, түрлі кәсіп істеуге бостандық беру және цехтарды жою.

Г. Жұмысшылар үшін орыс социал-демократиялық партиясы мынаны талап етеді:

1. Өнеркәсіп тарауларының бәрінде капиталистер мен жұмысшылардан тең сайланып қойылған судьялары бар өнеркәсіптік сот құру.

2. Жұмыс күнін тәулігіне 8 сағаттан арттырмауды заңмен белгілеу.

3. Түнгі жұмыс пен түнгі сменаға заңмен тыйым салу. Жасы 15ке толмаған балалардың жұмыс істеуін тоқтату.

4. Мейрам күндерінде демалуды заңмен белгілеу.

5. Фабрикалық заңдарды және фабрикалық инспекцияны бүкіл Россиядағы өнеркәсіптің барлық тарауларына, қазна фабрикаларында және үйінде істейтін майдагерлерге де қолдану.

6. Фабрикалық инспекцияның өз алдына ережесі болсын және финанс министрлігінің қарауында болмасын. Өнеркәсіптік соттардың мүшелері фабрикалық заңдардың орындалуын бақылау жөніндегі фабрикалық инспекциямен бірдей право алады.

7. Товарлай ақы төлеушілікке қай жерде болса да сөзсіз тыйым салу.

8. Бағаны дұрыс белгілеуді, товарды бракқа шығаруды, штрафтан түскен ақшаларды жұмсауды және жұмысшылардың фабрикалық пәтерлерін жұмысшылардан сайланып қойылатын адамдардың бақылауы.

Қандай жолдармен болса да (штраф, бракқа шығару және басқалар) жұмысшылардың жал ақысынан ұстау, барлығын қосқанда, сомына 10 тыйыннан аспауы туралы заңның болуы.

9. Жұмысшылардың мүгедек болғандығына фабриканттардың жауаптылығы, айып жұмысшылар жағында болған күнде мұны фабриканттардың дәлелдеуге міндеттілігі туралы заңның болуы.

10. Фабриканттардың мектеп ұстауға және жұмысшыларға дәрігерлік жәрдем беруге міндеттілігі туралы заңның болуы.

Д. Шаруалар үшін орыс социал-демократиялық партиясы мынаны талап етеді:

1. Сатып алу төлемін²⁹ жою және төленіп қойылған сатып алу төлемі үшін шаруаларға ақы төлеу. Шаруалардың қазнаға артық төлеген ақшаларын қайтарып беру.

2. 1861 жылы шаруалардан кесіліп алынған жерлерді өздеріне қайыру.

3. Шаруалардың жері мен помещиктердің жерінің алым, салық төлеуде толық тең болуы.

4. Жаппай кепілдікті³⁰ және шаруалардың өз жерлерін билеуіне бөгет болатын барлық заңдарды жою.

ПРОГРАММАНЫ ТҮСІНДІРУ

Программа негізгі үш бөлімге бөлінеді. Бірінші бөлімде барлық көзқарастар айтылады, программаның басқа бөлімдері осы көзқарастардан туады. Бұл бөлімде қазіргі қоғамда жұмысшы табының қандай орын алатындығы, оның фабриканттарға қарсы күресінің қандай маңызы, мағнасы барлығы және орыс мемлекетінде жұмысшы табының саяси орнының қандай екендігі көрсетіледі.

Екінші бөлімде *партияның міндеті* айтылады және оның Россиядағы басқа саяси бағыттармен қатнасының қалай екендігі көрсетіледі. Мұнда партияның және өзінің таптық мүдделерін түсінген барлық жұмысшылардың істерінің қандай болуы керектігі және олардың орыс қоғамының басқа таптарының мүдделері мен талаптарына қалай қарауы керек екендігі айтылады.

3-ші бөлімде партияның практикалық талаптары айтылған. Бұл бөлім 3 бөлімшеге бөлінеді. 1-ші бөлімшеде жалпы мемлекеттік қайта құру талабы айтылған. 2-ші бөлімшеде жұмысшы табының талаптары мен программасы айтылған. 3-ші бөлімшеде шаруалардың пайдасын көздеген талаптар айтылған. Бұл бөлімшелер жөнінде кейбір алдын ала айтылатын түсініктер төменде, программаның практикалық бөліміне көшу алдында берілген.

А. 1. Программа бәрінен бұрын ірі фабрикалар мен заводтардың тез өсуі туралы айтады, өйткені бұл — ескі тұрмыс жағдайының бәрін, әсіресе еңбекші таптың тұрмыс жағдайын мүлдем өзгертетін қазіргі Россиядағы басты құбылыс. Ескі жағдайлардың тұсында байлықтың бәрін дерлік халықтың анағұрлым көпшілігі болған ұсақ қожайындар өндірген. Халық қозғалмастан деревняларда тұрды, өнімнің көпшілігін я өзінің жеке тұтынуына, я басқа көрші рыноктермен байланысы аз, маңайдағы селендердің кішкене рыноктері үшін өндірді. Помещиктерге де жұмыс істегендер сол ұсақ қожа-

йындар, сондықтан помещиктер оларға өнімнің көпшілігін жеке тұтынуына өндірттіріп отырды. Үйде өндіріліп шығарылған өнімдер деревняларда тұрған, немесе маңайдағы жерлерден жұмыс алып жүрген қолөнершілерге өңдеу үшін беріліп отырды.

Міне осы, шаруалар азат етілгеннен бері халық бұқарасының бұл тұрмыс жағдайлары толығынан өзгеріске ұшырады: ұсақ қолөнер өндірістерінің орнына аса тез өскен ірі фабрикалар шыға бастады; олар ұсақ қожайындарды ығыстырды, оларды жалдама жұмысшыға айналдырды және жүздеген, мыңдаған жұмысшыларды бірге істеттіріп, бүкіл Россияға сатылатын аса көп товарлар өндіртті.

Шаруаларды азат ету халықтың бір орыннан қозғалмайтындығын жойды және шаруаларды қолдарында қалған бір жапырақ жермен тамақ асырай алмайтындай халге түсірді. Халық бұқарасы фабрикаларға, Россияның түкпір-түкпірін қосатын және ірі фабрикалардың товарларын түрліше жаққа тасыйтын темір жолдарға барып табыс іздеуге шықты. Халық бұқарасы табыс табу үшін қалаларға барды, фабрика-үйлері мен сауда үйлерін салу, фабрикаларға отын жеткізу, оларға материал әзірлеу істерімен айналысты. Ақырында, көп адамдар өздерінің өндірістерін кеңейтуге үлгіре алмаған фабриканттар мен купецтердің таратқан заттарын үйіне алып істеді. Осындай өзгерістер егіншілікте де болды, помещиктер астықты сату үшін өндіре бастады, шаруалар мен купецтердің ішінен ірі егіншілер шықты, жүз миллиондаған пұт астықтар шет елдерге шығарылып сатыла бастады. Өндіріс жұмысына жалдамалы жұмысшылар керек болды, сондықтан жүз мыңдаған, миллиондаған шаруалар өздерінің болмашы жер үлестерін тастап, астықты сату үшін өндіретін жаңа қожайындарға батрактыққа және күндік жұмысқа шықты. Программа ескі тұрмыс жағдайларының міне осы өзгерістерін суреттейді, ірі фабрикалар мен заводтардың ұсақ майдагерлер мен шаруаларды күйзелтетінін, оларды жалдама жұмысшыларға айналдыратынын айтады. Ұсақ өндіріс-тің орнына қай жерде де ірі өндіріс ауысып отыр және бұл ірі өндірістегі жұмысшылардың көпшілігі — енді

капиталистке жалақы үшін жұмыс істейтін жай жалдамалы жұмысшылар; ол капиталистің аса көп капиталдары бар, ол зор мастерскойлар құрады, көп материалдар сатып алады және біріккен жұмысшылардың бұл көп өндіргенінен шыққан пайданың бәрін өзінің қалтасына салады. Өндіріс капиталистік өндіріс болды және ол барлық ұсақ қожайындарды аяусыз, рахымсыз түрде қысады, олардың деревняларда бір орыннан қозғалмай отыратын тұрмысын бұзады, оларды капиталға өздерінің еңбегін сату үшін бүкіл елдің ол шеті мен бұл шетіне жай қара жұмысшы болып жүруге ықтырсыз айдайды. Бірден екі халықтың көпшілігі деревнядан және ауыл шаруашылығынан мүлде қол үзеді, қалаларға, фабрикалық және өнеркәсіпті селолар мен қалашықтарға жыйналады, ешбір меншігі жоқ адамдардың өзгеше табын, өзінің жұмыс күшін сатумен ғана күн көретін жалдамалы жұмысшы-пролетарлар табын құрады.

Міне ірі фабрикалар мен заводтардың елдің тұрмысына енгізген зор өзгерістері осы: ұсақ өндірістің орнына ірі өндіріс болады, ұсақ қожайындар жалдамалы жұмысшыға айналады. Бұл өзгеріс бүкіл еңбекші халыққа нені көрсетеді және бұл неге апарып соғады? Программа бұдан ары міне осыны сөз қылады.

А 2. Ұсақ өндірістің ірі өндіріске айналуымен қатар жеке қожайынның қолындағы ұсақ ақша қаражаты зор капиталға айналады, ұсақ, болмашы пайда миллиондаған пайдаға айналады. Сондықтан капитализмнің өсуі қай жерде де сән-салтанат пен байлықтың өсуіне жеткізеді. Россияда ірі ақша шонжарларының, фабриканттардың, теміржолшылардың, купецтердің, банкирлердің бүтін бір табы құрылды, өнеркәсіпшілерге процентке беріп отырылатын ақша капиталының табысымен тұрушы адамдардың бүтін бір табы құрылды; шаруалардан жер үшін көп төлем алып, арендаға берілген жердің бағасын жоғарылату үшін шаруалардың жерге мұқтаждығынан пайдаланып, өзінің имениелерінде қант қызылшасын өңдейтін және шарап ашытатын ірі заводтар салып, ірі жер иелері байып кетті. Осы бай таптардың бәрінде сән-салтанат пен ағыл-тегіл байлық бұрын бол-

маған дәрежеге жетті, сөйтіп үлкен қалалардың салтанатты көшелерінде олардың князьдің палаталары мен сәнді сарайлары салынды. Бірақ капитализм өскен сайын жұмысшылардың жағдайы тіпті нашарлай берді. Шаруалар азат болғаннан кейін, олардың табысы кейбір жерлерде көбейтілген күнде де, өте аз көбейтілді және бұл көбейту ұзаққа барған жоқ, өйткені деревняда топ-тобымен келіп жатқан аш халықтар бағаны төмен түсірді, ал сонымен қатар ішіп жеуге, тіршілікке керекті заттар қымбаттай берді, сөйтіп тіпті жұмысшылардың ақысы көбейтілген күнде де, тіршілік қаражаттарын аз алуына тура келді; табыс табу бірден бірге қыйындай түсті, сөйтіп байлардың сәнді палаталарымен қатар (немесе қаланың сыртында), амалсыздықтан астыңғы үйлерде, дымқыл және салқын тар пәтерлерде, ал ол болмаса жаңа өнеркәсіп орындарының айналасындағы жеркешелерде тұратын жұмысшылардың лашығы қаулап өсті. Капитал ірілене түсіп, жұмысшыларға ауыр салмағын сала берді, оларды қайыршылыққа айналдырды, барлық уақытын фабрикада өткізетін қылды, жұмысшылардың әйелдері мен балаларын жұмысқа айдады. Сонымен, капитализм өсуінің апарып соғатын бірінші өзгерісі мынау: үркердей аз капиталистердің қолында орасан зор байлық жыйналады, ал халықтың көпшілігі қайыршылыққа айналады.

Екінші өзгеріс: ұсақ өндірістің орнына ірі өндірістің болуы өндірісті көп жақсартты. Бәрінен бұрын әрбір кішкене мастерскойда, әрбір ұсақ қожайында жалғыздап, бытырап, жеке-жеке еңбек етудің орнына, бір фабрикада, бір жер иесінде, бір подрядчикте бірлесіп еңбек ететін жұмысшылар жұмыс істейтін болды. Бірлескен еңбек жалғыздап істеуден анағұрлым үлгірімдірек (өнімдірек) және товарды анағұрлым жеңіл, тез өндіруге мүмкіндік береді. Бірақ бұл жақсартулардың бәрін капиталист жалғыз өзі пайдаланады, ол жұмысшылардың өздерінің өндіргенінен оларға болмашы тыйын-тебен төлейді де, жұмысшылардың бірлескен еңбегінен шығатын барлық пайданы тегін иеленеді. Капиталист одан сайын күшейе береді де, жұмысшы одан сайын нашарлай береді, өйткені жұмысшы белгілібір жұмысқа дағдыланып

қалады да, басқа жұмысқа көшу, кәсібін өзгерту оған қыйынырақ болады.

Өндірісті жақсартатын тағы бір, анағұрлым маңызды нәрсе — капиталистің қолданатын *машиналары*. Машинаны қолданудан еңбектің өнімділігі әлденеше рет артады; бірақ капиталист бұл тиімділіктің бәрін жұмысшыларға қарсы жұмсайды: машинаның дене еңбегін аз керек қылатынын пайдаланып, капиталист машинаға әйелдер мен балаларды қояды да, оларға ақыны аз төлейді.

Машинаны қолданғанда жұмысшылардың анағұрлым аз керектігін пайдаланып, капиталист жұмысшыларды топ-тобымен фабрикадан шығарады және, жұмысшыны әлде де құлдықта күштірек ұстау үшін, жұмыс күнін ұзайту үшін, жұмысшылардың түнгі демалысын жою үшін, оны машинаның жай бір шылауына айналдыру үшін, осы жұмыссыздықты пайдаланады. Машиналарды қолданудан туған және үнемі өсе беретін жұмыссыздық енді жұмысшының ешбір қорғансыз қалуына апарып соғады. Оның өнерінің бағасы түседі, оның орнына машинаға тез жаттығатын және аз ақыға істеуге де ырза болатын жай қара жұмысшыны оңай ғана ауыстыра қояды. Капиталдың бірден бірге күшейе түскен қысымынан өзін сақтап қалу үшін қандай да болса қам істесе, капиталист оны есебін беріп шығарып жібереді. Жалғыздаған жұмысшы капиталға қарсы тұруға тіпті күшсіз болып шығады, машина оны басып-жаншып тастау хауіпін туғызады,

А 3. Алдыңғы пунктке берген түсінігімізде біз, машинаны қолданып отырған капиталистке қарсы тұруға жалғыздаған жұмысшылардың күшсіз және қорғансыз болатындығын көрсеттік. Жұмысшының, өзін сақтап қалу үшін, капиталиске қарсы соққы беруге қалайда болса, құрал іздеуіне тура келеді. Ал мұндай құралды олар *бірігуден* табады. Жалғызында күшсіз жұмысшы өзінің жолдастарымен біріккенде күшейеді, капиталиске қарсы күресуге және оған соққы беруге мүмкіндік алады.

Енді ірі капиталға қарсы тұрған жұмысшы үшін *бірігу* қажет болады. Бірақ, бір фабрикада жұмыс істеп жүргенмен, бірін бірі білмейтін қырық ру халықты

біріктіру мүмкін бе? Программа жұмысшыларды бірігуге дайындайтын және олардың біріге білуін, бірігу қабілетін өсіретін жағдайларды көрсетеді. Бұл жағдайлар мыналар: 1) жыл бойына үздіксіз жұмыс істеуді керек қылатын машиналы өндірісі бар ірі фабрика жұмысшының жермен және меншікті шаруашылықпен байланысын мүлдем үзеді, оны толық пролетарға айналдырады. Ал бір жапырақ жердегі меншікті шаруашылық жұмысшыларды бір бірінен айырушы еді, олардың әрқайсысына жолдасының мүддесінен басқа кейбір өзгеше мүдде туғызушы еді, сөйтіп олардың бірігуіне бөгет болушы еді. Жұмысшының жерден айрылуы бұл бөгетті бұзады. 2) Сонсын, жүздеген, мыңдаған жұмысшылардың бірігіп жұмыс істеуінің өзі, барлық жұмысшылар бұқарасының халдері мен мүдделері бірдей екендігін айқын көрсетіп, жұмысшыларды өз мұқтажын бірігіп талқылауға, бірігіп күш жұмсауға үйретеді. 3) Ақырында, жұмысшыларды фабрикадан фабрикаға үнемі көшіріп отырушылық оларды түрліше фабрикалардағы жағдайлар мен тәртіптерді салыстырып қарауға, барлық фабрикалардағы қанаудың бірдей екендігіне көз жеткізуге, басқа жұмысшылардың капиталиспен қағысуындағы тәжірибесін пайдалануға үйретеді, сөйтіп жұмысшылардың тығыз бірігуін, ынтымағын күшейтеді. Міне осы жағдайлардың бәрін бірге алғанда, ірі фабрикалар мен заводтардың жарыққа шығуы жұмысшылардың бірігуін керек қылды. Орыс жұмысшыларының арасында бұл бірігушіліктің болуын бәрінен де гөрі жиірек, бәрінен де гөрі күштірек көрсететін нәрсе — стачка (одақтар мен кассалар түрінде бірігуге біздің жұмысшылардың неліктен қолы жетпейтіндігі туралы кейін айтамыз). Ірі фабрикалар мен заводтар неғұрлым күшті дамыса, жұмысшы стачкалары соғұрлым жиі, күшті және табанды болады, демек, капитализмнің езуі неғұрлым күшті болса, жұмысшылардың бірігіп қарсылық көрсетуі соғұрлым керек болады. Стачкалар және жұмысшылардың жеке көтерілістері, программада айтылғандай, қазіргі уақытта орыс фабрикаларында ең көп таралған нәрсе болып отыр. Бірақ, капитализм өскен

сайын және стачкалар жиіленген сайын, бұлар жеткіліксіз болады. Фабриканттар бұларға қарсы жалпы шаралар қолданып отырады: олар өзара одақ жасайды, олар жұмысшыларды басқа орындардан шақырады, олар мемлекеттік өкіметтен көмек сұрайды; мемлекеттік өкімет жұмысшылардың қарсылығын басуда оларға жәрдем етеді. Жұмысшыларға енді қарсы тұрған — әрбір жеке фабриканың жеке фабриканты емес, оларға қарсы тұрған — жәрдем беретін үкіметі бар *бүкіл капиталистер табы*. Бүкіл капиталистер табы, стачкаларға қарсы жалпы шаралар іздеп тауып, жұмысшыларға қарсы үкіметке заңдар шығартып, фабрикалар мен заводтарды түкпірірек жерлерге көшіріп, жұмыстарын үйге істеуге беруді және жұмысшыларға қарсы мындаған басқа да түрлі қулық-сұмдықтарды пайдаланып, бүкіл *жұмысшылар табына* қарсы күреске шығады. Бүкіл капиталистер табына соққы беру үшін жеке фабриканың жұмысшыларының бірігуі, тіпті өнеркәсіптің жеке тарауларындағы жұмысшылардың бірігуі де жеткіліксіз болады, *бүкіл жұмысшылар табының* бірігіп күш жұмсауы сөзсіз керек болады. Сөйтіп, жұмысшылардың жеке көтерілістерінен бүкіл жұмысшы табының күресі өсіп жетіледі. Жұмысшылардың фабриканттарға қарсы күресі *тап күресіне* айналады. Барлық фабриканттарды біріктіретін бір мүдде — жұмысшыларды бағынышты етіп ұстау және оларға мүмкін болғанынша жұмыс ақысын аз төлеу. Сондықтан, бүкіл фабриканттар табы бірігіп әрекет етпейінше, мемлекеттік өкіметке ықпалын жүргізбейінше, өздерінің ісін сақтап қала алмайтындығына фабриканттардың көздері жетеді. Жұмысшыларды да байланыстыратын нақ сондай бір жалпы мүдде — өзін капиталистің жаншуына бермеу, өмір сүруге және адамша тіршілік етуге өз правосын сақтап қалу. Сондықтан, жұмысшыларға бірігудің керектігіне, бүкіл таптың — жұмысшы табының — бірге күш жұмсауының керектігіне және бұл үшін мемлекеттік өкіметке ықпалын жүргізе алудың қажеттігіне жұмысшылардың да нақ сондай көзі жетеді.

А 4. Фабрикалық жұмысшылардың фабриканттарға қарсы күресінің тап күресіне айналуы, жұмысшы табы-

ның — пролетарлардың — капиталистер табына — буржуазияға қарсы күресіне айналуы қалайша және неліктен екенін біз түсіндірдік. Бұл күрестің бүкіл халық үшін және бүкіл еңбекшілер үшін маңызы қандай? деген сұрау туады. 1-ші пунктті түсіндіргенде біз айтқан қазіргі жағдайларда жалдамалы жұмысшылар арқылы істелетін өндіріс бірден бірге ұсақ шаруашылықты ығыстырып шығарады. *Жалдамалы еңбекпен тұратын* адамдардың саны тез көбейеді және тек үнемі фабрикаларда істейтін жұмысшылардың саны ғана көбейіп қоймайды, сонымен қатар, тамағын асырау үшін, сол жалдамалы жұмысты іздейтін шаруалардың саны да бұрынғыдан бетер көбейе түседі. Қазіргі уақыттың өзінде жалданып жұмыс істеу, капиталиске жұмыс істеу жұмыстың ең таралған формасы болды. Капиталдың еңбекке үстемдік етуі тек өнеркәсіпте ғана емес, екіншілікте де көптеген халықты қамтыды. Жалдамалы еңбекті міне осылай қанауды, қазіргі замандағы қоғамның негізінде тұрған қанауды, ірі фабрикалар дамудың жоғарғы сатысына жеткізеді. Өнеркәсіптің барлық тарауларында капиталистердің бәрі қолданып отырған, Россиядағы жұмысшы халықтың бүкіл бұқарасына зәбір көрсетіп отырған қанаудың барлық тәсілдері, — осында, фабрикада, бір жерге жыйналады, күшейеді, үнемі қолданылатын ережеге айналады, еңбектің, жұмысшы тұрмысының барлық жақтарына тарайды, капиталист тарапынан жұмысшының сөлін сығып алудың бүтін бір тәртібі, бүтін бір системасы болып шығады. Мұны мысалмен түсіндірейік: жұмысқа жалданған әрбір кісі қай жерде болса да және әрқашан да дем алады, егер мейрамын қаланың сыртында өткізетін болса, мейрамда жұмыс істемейді. Фабрикада іс тіпті басқаша: жұмысшыны жалдап алған соң, фабрика жұмысшының әдетіне, дағдылы тіршілік салтына, семьялық жағдайына, рухани мұқтаждарына ешбір көңіл бөлместен, оны өзінің тілегенінше, қалай болса солай пайдаланады. Фабрика жұмысшыны қалаған уақытында жұмысқа қуады, жұмысшының демалысын бірнешеге бөлшектеп, сменамен істейтін кезде, түнде де, мейрам күндерінде де жұмыс істетіп, жұмысшының барлық өмірін

фабриканың тілегіне лажсыз әкеліп бағындырады. Фабрика жұмыс уақыты жөніндегі қолдан келетін зұлымдықтардың бәрін де қолданады, ал сонымен қатар, әрбір жұмысшыға міндетті қылып, өз «ережесін», өз «тәртібін» шығарады. Фабрикалық тәртіп, жалданған жұмысшының шамасы келетін еңбегін тегіс сығып алу үшін, мүмкін болғанша тез сығып алып, сонсын оны шығарып тастай салу үшін әдейі ыңғайланып жасалған болып шығады! Екінші мысал. Жұмысқа жалданғандардың қайсысы болса да қожайынына бағынуға, бұйырғанын орындауға, әрине, міндетті етіледі. Бірақ жалданушы, уақытша жұмысты орындауға міндетті болғанмен, өзінің ерікті болуынан тіпті де бас тартпайды; қожайынның талабын дұрыс емес, немесе тым шамадан тыс деп тапса, одан шығып кетеді. Ал фабрика жұмысшының ерікті болудан мүлде бас тартқанын талап етеді; фабрика өз ішінде тәртіп орнатады, жұмысшыны қоңырау бергенде жұмысқа шығып, қоңырау бергенде жұмысты тоқтататын қылады, ол жұмысшыны жазалау правосын өзі иеленіп алады және ол өзінің жасаған ережесін бұзған сайын жұмысшыға штраф салады немесе жұмысшының ақысынан ұстап қалып отырады. Жұмысшы зор машина аппаратының бір бөлшегі болып қалады: ол, машина сыяқты, үнсіз кұлдыққа түскен, өз еркінен айрылған болуға тиіс.

Тағы 3-ші мысал. Жұмысқа жалданушылардың қайсысы болса да, екінің бірінде қожайынына наразы болады, оның үстінен сотқа немесе бастыққа шағым береді. Бастық та, сот та дауды әдетте қожайынның пайдасына шешеді, соның қолтығынан сүйейді, бірақ мұндай қожайынның мүддесін көздеушілік жалпы ережеге немесе заңға негізделмейді, — не қожайынға таныстығынан, не жұмыс жағдайын білмейтіндігінен және жұмысшыны түсіне білмегендігінен істі қожайынның пайдасына әділетсіз шешетін, оны кейде көп, кейде аз қорғайтын жеке чиновниктердің жағымпаздығына негізделеді. Мұндай әділсіздіктің әрбір жеке оқыйғалары жұмысшының қожайынмен әрбір жеке қағысуына, әрбір жеке чиновникке байланысты. Ал фабриканың жұмысшылардың көпшілігін бір жерге біріктіретіні сонша,

қыспаққа салушылықты орасан дәрежеге жеткізетіні сонша — әрбір оқығаны айрықша тексеруге мүмкіндік болмайтын болады. Жалпы ереже жасалады, жұмысшылардың фабриканттарға қатысы туралы жалпыға міндетті заң шығарылады. Сөйтіп бұл заңда қожайынның мүддесін көздеушілік енді мемлекеттік өкімет арқылы нығайтылады. Жеке чиновниктердің әділсіздігінің орнына заңның өзінің әділсіздігі келіп орнайды. Мысалы, мынадай ережелер шығады: жұмысшы жұмысқа бармай қыдырғаны үшін тек жалақысын ғана жоғалтпайды, әрі штраф та төлейді, ал қожайын жұмысшыны қыдыруға жібере тұрып, оған түк те төлемейді; қожайын жұмысшыны дөрекі мінезі үшін жұмыстан шығарады, ал жұмысшы қожайынның сондай мінезі үшін одан шығып кете алмайды; қожайын штраф салуға, жалақыдан ұстап қалуға немесе мөлшерлі уақыттан тыс жұмыс істетуге, т. с. праволы болады.

Бұл мысалдардың бәрі бізге фабриканың қай ретпен жұмысшыларды қанауды күшейтетіндігін және мұны жалпылама қанауға айналдыратынын, бұдан бүтін бір «тәртіп» жасайтындығын көрсетеді. Жұмысшы тілесін-тілемесін, енді оған жеке қожайынға және оның еркіне, қысымына емес, бүкіл қожайындар табының зорлығына, қысымына қарсы тұруға тура келеді. Езушілерінің жеке бір капиталист емес, бүкіл капиталистер табы екендігіне жұмысшының көзі жетеді, өйткені барлық орындарда да қанаудың тәртібі бірдей; жеке капиталиске тіпті бұл тәртіптен шегінуге де болмайды: егер ол, мысалы, жұмыс уақытын қысқартуды ойлаған болса, онда оған өзінің көршісіне қарағанда, сондай ақы үшін жұмысшыға ұзақ істеткізетін басқа фабрикантқа қарағанда, товар қымбатқа түскен болар еді. Енді жұмысшының өзінің күйін жақсарту үшін, капиталдың еңбекті қанауына бағытталған бүкіл қоғамдық құрылыспен күресуіне тура келеді. Енді жұмысшыға жай бір чиновниктің жеке әділсіздігі қарсы тұрмайды, бүкіл капиталистер табын қорғайтын және сол таптың пайдасына жалпыға міндетті заңдар шығаратын мемлекеттік өкіметтің өзінің әділсіздігі қарсы тұрады. Сөйтіп фабрика жұмысшыларының фабриканттарға қарсы кү-

ресі лажсыздан барып бүкіл капиталистер табына қарсы, капиталдың еңбекті қанауына негізделген бүкіл қоғамдық құрылысқа қарсы күреске айналады. Сондықтан да жұмысшылардың күресі қоғамдық маңыз алады, басқаның еңбегімен күн көретін барлық таптарға қарсы барлық еңбекшілердің атынан жасалған күрес болып шығады. Сондықтан жұмысшылардың күресі орыс тарихының жаңа дәуірін ашады және жұмысшылар азаттығының таң сәулесі болып табылады.

Жұмысшы халқының бүкіл бұқарасына жүргізетін капиталистер табының үстемдігі неге сүйенеді? Барлық фабрикалардың, заводтардың, рудниктердің, машиналардың, еңбек құралдарының капиталистердің қолында, солардың жеке меншігінде болуына сүйенеді; жердің орасан көпшілігі солардың қолында болуына сүйенеді (Европалық Россияның барлық жерінің $\frac{1}{3}$ бөлігінен артығы, саны жарты миллионға жетпейтін жер иелерінің қолында). Жұмысшылар, өздерінің ешбір еңбек құралдары және материалдары болмағасын, өздерінің жұмыс күшін капиталистерге сатуға тиіс болады; капиталистер жұмысшыларға тек күн көріп тұруға ғана жететін ақы төлейді, ал еңбектен өнген артық пайданың бәрін өзінің қалтасына салады; сөйтіп олар жұмысшының жұмысқа жұмсаған уақытының тек қана бір бөлегіне төлейді, ал қалған бөлегін өздері иеленеді. Жұмысшы бұқарасының еңбегінің бірігуінен немесе өндірістің жақсартылғанынан шыққан көп байлықтың бәрі капиталистер табына тиеді, ал ата-бабасынан бермен қарай еңбек етіп келе жатқан жұмысшылар бұрынғысындай түгі жоқ пролетарлар болып қала береді. Сондықтан капиталдың еңбекті қанауын жою үшін бір ғана жол бар, атап айтқанда, ол жол: еңбек құралдарын жеке меншіктенуді жою, — барлық фабрикаларды, заводтарды, рудниктерді және де барлық ірі иениелерді, т. с. бүкіл қоғамның қолына беру және жұмысшылардың өздері басқаратын жалпы социалистік өндірісті құру. Сол уақытта жалпы еңбектен өнген өнім еңбекшілердің өз пайдасына жұмсалатын болады, ал олардың күн көру керегінен артылып қалғаны жұмысшылардың өздерінің керегін қанағаттандыруға, олардың барлық қабілеттерін толық өсі-

руге және ғылым мен көркем өнердің табыстарын тең правода пайдалануына жұмсалады. Сондықтан да жұмысшы табының капиталистерге қарсы күресінің тек осымен ғана тынатындығы программада көрсетілген. Ал бұл үшін саяси өкімет яғни мемлекеттік басқару билігі капиталистер мен жер иелерінің ықпалында тұрған үкіметтің қолынан, немесе тікелей капиталистердің сайланып қойылған өкілдерінен құралған үкіметтің қолынан жұмысшы табының қолына көшуі керек.

Жұмысшы табы күресінің түпкі мақсаты міне осындай, оның толық азат болуының шарттары міне осындай. Саналы, біріккен жұмысшылар осы түпкі мақсатқа ұмтылулары керек; бірақ олар біздің Россияда өздерінің азаттығы үшін күресуіне кедергі жасайтын әлі толып жатқан бөгеттерді кездестіріп отыр.

А 5. Қазіргі уақыттың өзінде барлық европалық елдердің жұмысшылары және сол сықылды Америка мен Австралияның жұмысшылары да капиталистер табының үстемдігіне қарсы күрес жүргізіп отыр. Жұмысшы табының бірігуі және ұйымдасуы бір елдің шеңберінде немесе бір ұлттың шеңберінде болумен тынып отырған жоқ: түрліше мемлекеттердің жұмысшы партиялары бүкіл дүние жүзіндегі жұмысшылардың мақсаты мен мүддесінің толық бірдей (ынтымақты) екендігі туралы айқын айтып отыр. Олар жалпы конгрестерде бір жерге жыйылады, барлық елдердің капиталистер табының алдында жалпы талаптар қояды, біріккен, өзінің азат болуына ұмтылатын бүкіл пролетариаттың халықаралық мейрамын белгілейді (1-май), сөйтіп барлық ұлттардың және барлық елдердің жұмысшы табын бір ұлы жұмысшы армиясына ұйымдастырады. Барлық елдердің жұмысшыларының бұл бірігуі қажетті нәрсе болады, өйткені жұмысшыларға үстемдік етіп отырған капиталистер табы өзінің үстемдігін бір елде ғана жүргізумен тынбайды. Әртүрлі мемлекеттердің арасындағы сауда қатнасы бірден бірге жиіленіп, кеңейе береді; капитал үнемі бір елден екінші елге өтіп отырады. Капиталды жан-жақтан жыйнайтын, оны қарызға капиталистерге таратып беретін, ка-

питалдың зор склады болып табылатын банкілер ұлттық банкілерден халықаралық банкілерге айналады, капиталды барлық елдерден жыйнайды, оны Европа мен Американың капиталистеріне таратады. Зор акционерлік компаниялар капиталистік кәсіпорындарды енді бір елде құру үшін емес, бірден бірнеше елде құру үшін ұйымдастырылады; капиталистердің халықаралық қоғамдары пайда болады. Капиталдың үстемдік етуі халықаралық көлемде болады. Міне сондықтан барлық елдердің жұмысшыларының азаттық жолындағы күресі де халықаралық капиталға қарсы жұмысшылар бірігіп күрескенде ғана жеңісті болып шығады. Міне сондықтан капиталистер табына қарсы күресте немістің жұмысшысы да, поляктің жұмысшысы да, француздың жұмысшысы да — орыс жұмысшысының жолдасы; дәл сол сықылды, орыстың да, пәляктің де, француздың да капиталистері — орыс жұмысшысының жауы. Мәселен, соңғы уақытта шет елдердің капиталистері өздерінің капиталдарын қуана-қуана Россияға көшіруде, Россияда өздерінің фабрикаларының, заводтарының бөлімшелерін құруда және Россиядағы жаңа кәсіпорындар үшін компаниялар ұйымдастыруда. Олар жас елге аранын аша ұмтылуда, өйткені мұнда үкімет капиталға басқа елдерден гөрі көбірек хұрмет көрсетіп, жарамсақтанады, мұнда капиталистер Батыстағыдан гөрі бірігуі нашарырақ, соққы беруге бейімділігі нашарырақ жұмысшыларды кездестіреді, мұнда жұмысшылардың тұрмыс дәрежесі, ал олай болса жалақысы да анағұрлым төмен, сондықтан шет елдердің капиталистері, өздерінің елдерінде естілмеген, аса көп пайда таба алады. Халықаралық капитал осы күннің өзінде Россияға да қолын созды. Орыс жұмысшылары халықаралық жұмысшы қозғалысына қолын созады.

А 6. Біз ірі фабрикалар мен заводтардың еңбекті капиталдың езуін жоғарғы сатыға қалай жеткізетіні туралы, олардың қанау тәсілінің бүтін бір системасын қалай жасайтындығы туралы, жұмысшылардың капиталға қарсы көтеріліс жасай отырып, барлық жұмысшыларды біріктіруді, бүкіл жұмысшы табының бірігіп күресуін қалай сөзсіз қажет деп таныйтындығы туралы

жоғарыда айтып өттік. Капиталистер табына қарсы осы күресте, жұмысшылар капиталистерді және олардың мүдделерін өз қорғауына алған жалпы мемлекеттік заңдарды кездестіреді.

Ал егер жұмысшылардың, бірігу арқасында, капиталистерді дегеніне көндіруге, оларға соққы беруге шамасы келетін болса, онда жұмысшылар, дәл сол сыяқты, өздерінің бірігуі арқылы мемлекеттік заңдарға ықпалын жүргізе де алар еді ғой, оларды өзгерттіре де алар еді ғой. Барлық басқа елдердің жұмысшылары нақ осылай істеп те отыр, бірақ орыс жұмысшылары мемлекетке ықпалын тура жүргізе алмайды. Россияда жұмысшылар жай азаматтық правосы да жоқ жағдайларға қойылған. Олар жыйыла да алмайды, өздерінің істерін бірігіп талқылай да алмайды, одақтар құра да алмайды, өздерінің арыздарын баспасөз бетіне шығара да алмайды, басқа сөзбен айтқанда — мемлекеттік заңдар тек капиталистер табының мүддесі үшін ғана құрылғаны былай тұрсын, сонымен қатар олар осы заңдарға ықпал жүргізудің және оларды өзгерттірудің қандайда болса мүмкіншілігінен жұмысшыларды турадан-тура құр қалдырып отыр. Мұның бұлай болуының себебі — Россияда (барлық европалық елдердің ішінде тек бір Россияда ғана) осы күнге дейін самодержавиелік үкіметтің тежеусіз өкімі сақталып қалып отыр, яғни бүкіл халыққа міндетті заңдарды жалғыз патша ғана өз билігімен шығаратын, ал бұл заңдарды соның өзі қойған чиновниктер ғана орындай алатын мемлекет құрылысы сақталып қалып отыр. Заңдарды шығаруға, оларды талқылауға, жаңа заңдарды ұсынуға, ескі заңдарды жоюды талап етуге қандай да болса қатысуына азаматтардың еркі жоқ. Чиновниктерден есеп сұрауға, олардың істеген істерін тексеруге, оларды сот алдында айыптауға азаматтардың ешбір правосы жоқ. Азаматтар тіпті мемлекеттік істерді талқыға салу правосынан да айрылған: олар сол чиновниктердің рұхсатынсыз жыйылыс та жасай алмайды, одақтар да құра алмайды. Сонымен сөздің толық мағнасында чиновниктерде жауапкерлік жоқ; олар азаматтардың үстінен қойылған айрықша каста сыяқты болады. Чиновниктер-

дің жауапсыздығы, озбырлығы және халықтың өзінің үн шығармауы чиновниктер өкіметінің адам айтқысыз қыянат жасауын және жай халықтың правосын бұзушылықты туғызады — мұндай істің европалық елдердің қайсысында болса да болуы мүмкін бола қояр ма екен.

Сөйтіп, заң бойынша орыс үкіметі мүлдем тежеусіз үкімет болып табылады, ол барлық сословиелер мен таптардан жоғары тұрған, халыққа ешбір тәуелсіз үкімет сыяқты болып есептеледі. Бірақ егер бұл шындығында солай болатын болса, онда жұмысшылардың капиталистермен қағысуларының бәрінде заңның да, үкіметтің де капиталистер жағында болуы неліктен? Капиталистердің саны көбейіп, байлығы өскен сайын бірден бірге көбірек көмек көріп отыратыны, ал жұмысшылардың бірден бірге көбірек қарсылық, қысым көріп отыратыны неліктен?

Шындығында үкімет таптардан жоғары тұрмайды, ол біріне бірі қарсы тұрған таптардың біреуін өзінің қорғауына алады, жарлы табына қарсы тұрған бай табын, жұмысшыларға қарсы тұрған капиталистерді өзінің қорғауына алады. Егер тежеусіз үкімет бай таптарға барынша жеңілдік және сүйемелдеушілік көрсетпеген болса, сондай зор мемлекетті басқарып та отыра алмаған болар еді.

Заң бойынша үкімет тежеусіз және тәуелсіз өкімет болса да, іс жүзінде капиталистер мен жер иелерінің үкіметке, мемлекеттік істерге ықпалын жүргізе алатын мыңдаған амалдары бар. Олардың заң жүзінде танылған сословиелік мекемелері, дворяндық және купецтік қоғамдары, сауда және мануфактура комитеттері, т. с. бар. Олардың сайланған өкілдері я турадан-тура чиновник болып алады да, мемлекетті басқару жұмысына қатысады (мысалы: дворяндардың басшылары), я болмаса барлық үкіметтік мекемелерге мүшелері есебінде шақыртылады: мысалы, фабриканттар заң бойынша фабрикалық алқаларда (бұл — фабрикалық инспекцияның үстінен қарайтын басшылар орны) мәжіліс жасайды, оған өздерінің өкілдерін сайлайды. Бірақ олар мемлекетті басқару ісіне осындай турадан-тура

қатысқандығына қанағаттанбайды. Олар өздерінің қоғамдарында мемлекеттік заңдарды талқылайды, жобалар жасайды, үкімет те әрбір мәселе жөнінде әдетте олардың пікірін сұрап отырады, үкімет оларға белгілі-бір жобаны ұсынып, оған пікірлерін білдіруін сұрайды.

Капиталистер мен жер иелері жалпыроссиялық съездер шақырады, онда өздерінің істерін талқылайды, өз табының пайдасына түрліше шаралар қарастыра келіп, барлық дворян-помещиктердің, «жалпыроссиялық купецтердің» атынан, ескі заңдарды өзгертіп, жаңа заңдар шығару туралы тілектерін білдіреді. Өздерінің істерін олар газет бетінде де талқылай алады, өйткені үкімет өзінің цензурасы арқылы баспасөзді қанша қысымға алса да, дәулетті таптардың өздерінің істерін талқылау правосын жоюды ол тіпті ойлай да алмайды. Олар мемлекеттік өкіметтің жоғарғы адамдарына қалай болса солай қолы жетеді, бара алады және төменгі чиновниктердің озбырлығын оп-оңай тексере алады, айрықша қысым көрсететін заңдар мен ережелерді оңай жойдыра алады. Ал егер дүние жүзінде бір елде де мұндай толып жатқан заңдар мен ережелер жоқ болса, үкіметке мұндай өлшеусіз полициялық қамқорлық жасаушылық жоқ болса, қамқорлық болғанда — түрлі ұсақ-түйектердің бәрін есепке алатын және нақты істің бәрін дерексіз қылып жіберетін қамқорлық жоқ болса, — сол сыяқты дүние жүзінде бір елде де жоғарғы бастықтың мархабатты әмірі бойынша бұл буржуазиялық ережелер мұндай оңай бұзылмайды, бұл полициялық заңдар мұндай оңай елеусіз қалмайды. Ал бұл мархабатты әмірден ешқашан да тартынып тұрмайды³¹.

Б 1. Программаның бұл пункті ең маңызды, ең басты пункт, өйткені ол жұмысшы табының мүддесін қорғайтын партияның істейтін істері және барлық саналы жұмысшылардың істейтін істері не болуға тиіс екенін көрсетеді. Ол — социализмге ұмтылу, адамды адамның мәңгі қанауын жоюға ұмтылу және ірі фабрикалар мен заводтардың жасаған тұрмыс жағдайынан туатын халық қозғалысы бір бірімен қалай қосылуы тиіс екенін көрсетеді.

Партияның істейтін істері жұмысшылардың таптық

күресіне жәрдем беру болу керек. Партияның міндеті жұмысшыларға жәрдем берудің қандай да болса бір салтты жолын ойлап шығару емес, жұмысшылардың қозғалысына араласу, оған сәуле кіргізу, жұмысшылардың өздері қазірдің өзінде жүргізе бастаған күрестеріне жәрдем беру. Партияның міндеті — жұмысшылардың мүдделерін қорғау және бүкіл жұмысшы қозғалысының мүдделерін көздеу. Жұмысшылардың күресіне берілетін жәрдем қандай болуы керек?

Программа бұл жәрдем, 1-шіден, жұмысшылардың таптық сана-сезімін өсіру жөнінде болуы керек дейді. Жұмысшылардың фабриканттарға қарсы күресі пролетариаттың буржуазияға қарсы таптық күресіне қалай айналатыны жөнінде біз жоғарыда айтқанбыз.

Жұмысшылардың таптық сана-сезімі деп нені түсіну керек екендігі біздің сондағы айтқанымыздан көрінеді. Жұмысшылардың таптық сана-сезімі дегеніміз — өздерінің жағдайын жақсартудың және азаттыққа жетудің бірден-бір шарасы ірі фабрикалар мен заводтар туғызған капиталистер мен фабриканттар табына қарсы күресуде екенін жұмысшылардың түсінуі. Сонсын, жұмысшылардың сана-сезімі дегеніміз — сол елдің барлық жұмысшыларының мүдделері бірдей екендігін, ынтымақтас екендігін, олардың бәрі қоғамдағы басқа таптардан бөлек бір тап екендігін түсіну. Ақырында, жұмысшылардың сана-сезімі дегеніміз — өздерінің мақсатына жету үшін, мемлекет істеріне ықпалын жүргізген және ықпалын жүргізіп келе жатқан жер иелері мен капиталистер сыяқты, жұмысшылардың да мемлекет істеріне ықпалын жүргізуі керектігін түсіне білуі.

Мұның бәріне түсінуге жұмысшылар қандай жолдармен жетеді? Жұмысшылар бұған, бірден бірге дамып, айқындалатын, ірі фабрикалар мен заводтар өскен сайын жұмысшыларды көбірек қамтыйтын, фабриканттарға қарсы жүргізе бастаған сол күресінің өзінен үнемі ала отырып жетеді. Жұмысшылардың капиталға дұшпандығы өздерінің қанаушыларына өштігін тек күңгірт сезумен ғана, өздерінің құл болып, езіліп жүргендігін күңгірт ұғумен ғана және капиталистерден *кек алуды* тілеумен ғана тынып жүрген уақыттар да бол-

ды. Ол кездегі күрес үйлерді бұзатын, машиналарды сындыратын, фабриканың бастықтарын ұратын, тағы сондайларды істейтін жұмысшылардың жеке көтерілістері түрінде ғана болушы еді. Бұл — жұмысшы қозғалысының *бірінші*, бастапқы формасы болды және мұның қажет болған себебі — әрқашан да және қайда болса да, капиталисті жек көру жұмысшыларды өзін қорғауға ұмтылуға талпындыратын бірінші түрткі болды. Бірақ орыс жұмысшы қозғалысы бұл бастапқы формасынан әлдеқашан өсіп есейді. Капиталисті күңгірт жек көрудің орнына, жұмысшылар табының мүддесі мен капиталистер табының мүддесінің бір-біріне жау екендігін жұмысшылар енді түсіне бастады. Езуді күңгірт сезудің орнына, олар капиталдың *дәл қалай және дәл немен* қысатындығын енді айыра бастады және капиталдың қысымына шек қоя отырып, капиталистің озбырлығынан өзін қорғай отырып, езудің қандай формасына болса да қарсы көтеріліс жасап отыр. Капиталистерден кек алуды тілеу орнына, олар енді капиталистерден жеңілдік алу жолындағы күреске көшіп отыр, олар капиталистер табына бір талаптан соң екінші талап қоя бастап отыр және өзінің тұрмысын жақсартуды, ақыны жоғарылатуды, жұмыс күнін қысқартуды талап етіп отыр. Әрбір стачка жұмысшы табының душар болып отырған жағдайларының кейде бір түріне, кейде екінші түріне жұмысшылардың барлық күшін, барлық назарын аударады. Әрбір стачка бұл жағдайларды талқылауды керек қылады, оларды жұмысшылардың бағалай білуіне, мұнда капиталдың қысымының не жөнінде екенін, бұл қысымға қарсы қандай шаралар қолданып күресу керек екендігін айыра білуіне жәрдем береді. Әрбір стачка бүкіл жұмысшы табының тәжірибесін байытады. Егер стачка сәтті болып шыкса, онда ол жұмысшы табына жұмысшылардың бірігуінің күшін көрсетеді және басқаларды жолдастарының жеңістерін пайдалануға жұмылдырады. Егер стачка сәтсіз болып шыкса, онда ол жеңе алмай қалудың себептерін талқылауды және күрестің жақсы тәсілдерін іздеуді керек қылады. Россияның қай жерінде болса да қазірдің өзінен бастап, жұмысшылардың өздерінің өте

керекті мұқтаждары үшін, жеңілдік алу үшін, тұрмыс жағдайларын жақсарту үшін, жалақыны көбейтіп, жұмыс күнін азайту үшін бұлтармай күресуге кіріскені — орыс жұмысшыларының зор адыммен алға басқандығы болып отыр, сондықтан социал-демократиялық партияның және барлық саналы жұмысшылардың назарының дені осы күреске және оған жәрдем беруге аударылуы керек. Жұмысшыларға берілетін жәрдем — орындалуы үшін күресуді керек қылатын ең қажетті мұқтаждарды көрсету жөнінде, жұмысшылардың қай-қайсысының болса да жағдайын өте-мөте нашарлататын себептерді тексеру жөнінде, фабрикалық заңдар мен ережелерді түсіндіру жөнінде болу керек, ал ол фабрикалық заңдар мен ережелерді бұзу (және капиталистердің алдау тұзағы) жұмысшыларды ылғый екі есе талаушылыққа ұшыратып жүр. Берілетін жәрдем жұмысшылардың талаптарын дәлденкіреп және анықтаңқырап көрсету, ол талаптарды жұрт алдында ұсыну жөнінде болу керек, қарсылық жасау үшін ең жақсы кезенді таңдап алу жөнінде болу керек, күрестің әдістерін таңдап алу, жағдайды және күресуші екі жақтың күшін талқылау, күрестің әлде де жақсырақ әдістерін табуға бола ма, соны талқыға салу болу керек (турадан-тура стачка жасауға, т. т. көшуге болмаса, жағдайларға қарап, мүмкін, фабрикантқа хат жазу, немесе инспекторға я дәрігерге арыз ету сыяқты).

Орыс жұмысшыларының мұндай күреске көшуі олардың зор адыммен алға басқандығын көрсететінін біз айттық. Бұл күрес жұмысшы қозғалысын тура жолға салады (шығарады) және оның келешектегі жеңістеріне шын кепіл болады. Бұл күресте жұмысшы халқының бұқарасы, 1-ден, капиталистік қанаудың тәсілдерінің бірінен соң бірін түсінуді және айыра білуді үйренеді, оларды заңмен де, өздерінің тұрмыс жағдайларымен де, капиталистер табының мүдделерімен де салыстырып, ақылға салып қарауды үйренеді. Қанаудың жеке формалары мен реттерін айыра отырып, жұмысшылар бүкіл қанаудың маңызына, мәніне түсінуді үйренеді, капиталдың еңбекті қанауына негізделген қоғам құрылысын түсінуді үйренеді. 2-ден, бұл күресте жұмысшылар өз-

дерінің күштерін сынайды, бірігуге үйренеді және оның қажеттілігіне, маңызына түсінуді үйренеді. Бұл күрестің кеңеюі және қағысудың жиіленуі, күресті ұлғайтуға, бірлік сезімін дамытуға, ең әуелі белгілі бір жердегі жұмысшылардың арасында, сонсын бүкіл елдің жұмысшыларының арасында, бүкіл жұмысшы табының арасында өзінің ынтымақтық сезімін дамытуға сөзсіз жеткізеді. 3-ден, бұл күрес жұмысшылардың саяси санасын өсіреді. Жұмысшы халқының бұқарасы тұрмыстың өзінің жағдайлары арқылы мынадай халге түсірілген: олардың қандай болса да мемлекеттік мәселелер туралы ойлауға уақыты да, мүмкіншілігі де болмайды (бола алмайды). Бірақ жұмысшылардың өздерінің күнделікті мұқтаждары үшін фабриканттармен күресуі өзінен өзі және сөзсіз түрде жұмысшыларды мемлекеттік мәселелерге, саяси мәселелерге итермелейді, орыс мемлекеті қалай басқарылып отыр, заңдар мен ережелер қалай шығарылып отыр және олар кімнің мүддесін көздейді деген мәселелерге итермелейді. Фабрикадағы әрбір қағысу жұмысшыларды мемлекеттік өкіметтің заңдарымен және өкілдерімен қағысуға лажсыз әкеліп соқтырады. Жұмысшылар мұнда ең бірінші рет «саяси сөздерді» естиді. Ең әуелі фабрикалық инспекторлардан-ақ естиді; олар жұмысшыларға — фабриканттың жұмысшыларды жетесіне жете қанап отырған амалдары тиісті өкімет орындарының бекіткен ережелерінің, жұмысшыларды жетесіне жете қанауды фабриканттың еркіне қалдырып отыратын ережелердің дәлме-дал мағнасына негізделеді деп, немесе фабриканттың қысымдауы толық заңды, өйткені фабрикант тек өз правосын ғана пайдаланады, мемлекеттік өкіметтің өзі бекіткен және оның өзі қорғайтын пәлендей заңдарына сүйенеді деп түсінік береді. Инспектор мырзалардың берген саяси түсінігіне кейде министр мырзаның одан да гөрі пайдалырақ «саяси түсінігі» қосылып отырады; министр «христиандық сүю» сезімі туралы, бұл жөнде жұмысшылардың еңбегінен фабриканттар миллиондаған байлық жыйып отырғандары үшін фабриканттарға жұмысшылардың алғыс айтуға міндетті екені туралы жұмысшылардың есіне салады. Кейін, мемлекеттік өкімет

өкілдерінің беретін бұл түсінігіне және бұл өкіметтің кімнің пайдасын қорғайтынын жұмысшылардың өздерінің тікелей білуіне тағы да социалистердің үндеу хаттары немесе басқа түсініктері қосылады, сонымен мұндай стачкада жұмысшылар өзінің саяси тәрбиесін толық алып болады. Олар жұмысшы табының тек өзгеше мүдделерін түсінуді ғана үйренбейді, сонымен қатар мемлекетте жұмысшы табының алып отыратын өзгеше орнын түсінуді де үйренеді. Сөйтіп, жұмысшылардың тап күресіне социал-демократиялық партияның көрсететін *жәрдем*і міне мынадай болу керек: өздерінің ең мұқтаж болған керектері үшін күресінде жұмысшыларға көмек көрсету арқылы олардың таптық сана-сезімін өсіру болу керек.

Берілетін екінші *жәрдем*, программада айтылғандай, жұмысшылардың ұйымдасуына көмектесу болу керек. Жаңағы біз сыйпаттап өткен күрес жұмысшылардың ұйымдасуын қажет қылады. Ұйым стачканы ойдағыдай жүргізу үшін де, стачкашылардың пайдасына қаражат жыйнауға да, жұмысшы кассаларын құруға да, жұмысшылардың арасында үгіт жүргізуге, олардың арасына үндеухаттарды, жарнамаларды, ұрандарды, т. с. таратуға да қажет болады. Полиция мен жандармерияның қудалауынан жұмысшылардың өзін қорғауына, жұмысшылардың барлық бірігулерін және барлық қатнастарын аналардан жасыруға, жұмысшыларға кітаптар, кітапшалар, газеттер, т. т. жеткізуге ұйымның болуы одан да гөрі қажетті. Бұлардың бәріне жәрдем беру — партияның екінші міндеті міне осындай.

Үшінші жәрдем — күрестің нағыз мақсатын көрсету болу керек, яғни жұмысшыларға капиталдың еңбекті қанауының неде екенін, оның неге сүйенетінін, жерді және еңбек құралдарын жеке меншіктенушіліктің қай ретпен жұмысшы бұқарасын қайыршылыққа соқтыратынын, оларды өзінің еңбегін капиталистерге сатуға және жұмысшының еңбегінен өнген өнімінің оның күн көруіне қарағанда қаншалықты артық екенін, бәрін капиталистерге босқа беруге қай ретпен амалсыздан көндіретінін түсіндіру болу керек, сонсын, бұл қанаудың капиталистерге қарсы жұмысшылардың тап күресіне қалай сөзсіз апарып со-

ғатынын, бұл күрестің шарттарынын және оның түпкі мақсаттарының қандай екендігін түсіндіру болу керек — бір сөзбен айтқанда, осы программада қысқаша көрсетілгендерді түсіндіру болу керек.

Б 2. Жұмысшы табының күресі — саяси күрес дегеніміздің мағнасы не? Мұның мағнасы — жұмысшы табы мемлекеттік істерге, мемлекетті басқару ісіне, заңдар шығаруға ықпалын жүргізе алмайынша, өзінің азаттығы үшін күрес жүргізе алмайды. Бұл ықпалдың қажеттілігіне орыс капиталистері алдақашан-ақ түсінген; полициялық заңдардың қандай тыюына болса да қарамастан, капиталистердің мемлекеттік өкіметке ықпалын жүргізуге мындаған амалдарды қандай жолдармен тапқанын және ол өкіметтің капиталистер табының мүддесін қалай көздейтінін біз жоғарыда көрсеттік. Мемлекеттік өкіметке ықпалын жүргізбейінше жұмысшы табының да күрес жүргізуіне мүмкін болмайтыны, тіпті өзінің күйін үнемі жақсарту беруіне мүмкін болмайтыны осыдан өзінен өзі белгілі болып отыр.

Жұмысшылардың капиталистерге қарсы күресі оларды үкіметпен сөзсіз қағысуға апарып соғатынын және жұмысшылар тек күрес арқылы, бірігіп қарсылық көрсету арқылы ғана мемлекеттік өкіметке ықпалын жүргізе алады деп жұмысшыларға дәлелдеуге үкіметтің өзі бар күшімен тырысатынын біз жоғарыда айтып өттік. Әсіресе мұны Россияда 1885—1886 жылдары болған ірі стачкалар айқын көрсетеді. Үкімет дереу жұмысшылар туралы ережелер шығаруға кірісті, жұмысшылардың қатаң қойған талаптарына бірқатар көніп, дереу фабрикалық тәртіптер туралы жаңа заңдар шығарды (мысалы, штрафтарға шек қою жөнінде және ақыны дұрыс есептеп төлеу туралы ережелер шығарылды); нақ сол сықылды қазіргі (1896 ж.) стачкалар тағы да үкіметтің қатысуын дереу керек қылды, тұтқынға алумен, жер аударумен қанағаттанып қоюға болмайтынына, фабриканттардың ізгілігі туралы мағнасыз өсиеттермен жұмысшыларды жұбату күлкі екендігіне үкіметтің өзі де енді түсінді (қараңыз: финанс министрі Виттенің фабрикалық инспекторларға жазған әмірі. 1896 жылдың көктемі). «Біріккен жұмысшылар — санасуға тура келе-

тін күш» екенін үкіметтің көзі жетті, сондықтан үкімет фабрикалық заңдарды қайта қарауды қазірден-ақ қолға алды және жұмыс күнін қысқарту туралы, жұмысшыларға сөзсіз берілетін басқа да жеңілдіктер туралы мәселелерді талқылау үшін, С.-Петербургте фабрикалық бас инспекторлардың съезін шақырып отыр.

Сонымен, жұмысшы табының капиталистер табына қарсы күресі сөзсіз саяси күрес болуы керектігін көріп отырмыз. Бұл күрес, шынында да, қазірдің өзінде-ақ мемлекеттік өкіметке ықпалын жүргізіп, саяси маңыз алып отыр. Бірақ жұмысшылар қозғалысы неғұрлым ілгері дамыған сайын, жұмысшылардың бұрынғы айтқанымыздай саяси толық правосыздығы, жұмысшылардың мемлекеттік өкіметке ашықтан-ашық және тура ықпалын жүргізуіне тіпті мүмкіндігі болмайтындығы соғұрлым ашық, айқын көрініп, айқын сезіледі. Сондықтан жұмысшылардың ең қажетті талабы және жұмысшы табының мемлекеттік істерге ықпал жүргізу жөніндегі бірінші міндеті *саяси бостандыққа жету* болу керек, яғни барлық азаматтардың мемлекетті басқару ісіне турадан тура, заң (конституция) арқылы қамтамасыз етіліп қатысуына жету болу керек, еркін түрде жыйналыс жасауға, өздерінің істерін талқылауға, одақтары мен баспасөздері арқылы мемлекеттік істерге ықпал жүргізуге барлық азаматтардың праволы болуын қамтамасыз ету болу керек. Саяси бостандыққа жету *«жұмысшылардың ең керекті ісі»* болады, өйткені онсыз жұмысшылардың мемлекеттік істерге ешбір ықпалы болмайды және бола да алмайды, сөйтіп олар лажсыздан правосыз, зәбірленген, үнсіз тап болып қала береді. Ал егер қазірдің өзінде, жұмысшылардың күресі және олардың ұйымдасуы тек жаңа ғана басталып жатқан кезде, үкімет қозғалыстың бұдан былай өсуін тоқтату үшін осы күнде-ақ жұмысшыларға жеңілдіктер жасауға асығып отырса, жұмысшылар бір саяси партияның басшылығымен жыйналып, ұйымдасқан кезде, олардың үкіметті тізе бүгуге көндіретіндігінде, өзіне және бүкіл орыс халқына саяси бостандық алатындығында күман жоқ!

Программаның алдыңғы бөлімдерінде осы замандағы

қоғамда және осы замандағы мемлекетте жұмысшы табының қандай орын алатындығы, жұмысшы табының күресінің мақсаты қандай екендігі және жұмысшылардың мүдделерін көздейтін партияның міндеті не екені көрсетілген. Россияда үкіметтің тежеусіз өкімі болып тұрған кезінде ашықтан-ашық саяси партия жоқ, болуға мүмкін де емес, бірақ басқа таптардың мүдделерін көздейтін және қоғамдық пікірге, үкіметке ықпалын жүргізе алатын саяси бағыттар бар. Сондықтан, социал-демократиялық партияның алатын орнын анықтау үшін, жұмысшылардың өздеріне кімнің, қай кезге дейін одақ бола алатынын және жауының кім екенін белгілеуі үшін, енді орыс қоғамындағы басқа саяси бағыттар жөнінде социал-демократиялық партияның көзқарасын көрсету қажет. Міне бұл программаның кейінгі 2 пунктінде көрсетіледі.

Б 3. Программа жұмысшылардың одақтасы, 1-шіден, самодержавиелік үкіметтің тежеусіз өкіміне қарсы шығатын қоғамның барлық топтары деп жарыялайды. Бұл тежеусіз өкімет жұмысшылардың өздерінің азаттығы жолындағы күресінде басты кедергі болғандықтан, жұмысшылардың тура мүддесінің абсолютизмге (абсолюттік нәрсе тежеусіз нәрсе деген сөз; абсолютизм — үкіметтің тежеусіз өкімі) қарсы бағытталған қоғамдық қозғалыстың қандайын болса да қолдауды керек қылатыны өзінен өзі түсінікті. Капитализм неғұрлым күштірек дамыған сайын, осы чиновниктік басқарудың және дәулетті таптардың өздерінің мүдделерінің, буржуазия мүдделерінің арасындағы қайшылықтар соғұрлым тереңдей береді. Сондықтан социал-демократиялық партия тежеусіз үкіметке қарсы шығатын буржуазияның барлық топтары мен разрядтарын қолдайтындығын жарыялайды.

Жұмысшылар үшін буржуазияның мемлекеттік істерге қазіргі сатылғыш және жүгенсіз чиновниктердің тобыры арқылы ықпалын жүргізгенінен гөрі, буржуазияның *ықпалын тұна-тура* жүргізгені өте-мөте тиімді болады. Жұмысшылар үшін буржуазияның қазіргі *бүркелген* ықпалынан гөрі, бейнебір күдіретті «тәуелсіз» үкіметтің тарапынан *бүркелген* ықпалынан гөрі, буржуазияның саясатқа *ашық* ықпал жүргізгені анағұрлым

пайдалырақ; бұл «тәуелсіз» үкімет «күдайдың мархабаты» деп жазылады да, «өзінің мархабатын» зәбірленген, еңбек сүйгіш жер иелеріне және жұтаған, езілген фабриканттарға үлестіріп отырады. Бүкіл орыс пролетариаты жұмысшылардың қандай мүдделер үшін күресіп жатқанын көруі үшін, күресті қалай жүргізу керек екенін үйренуі үшін, буржуазияның көксеген тілектері мен талаптары ұлы князьдардың ауыз үйлерінде, сенаторлар мен министрлердің қонақ үйлерінде, жұрттың бәріне жабық департаменттік кеңселерде жасырынып қалмас үшін, олардың сыртқа шығып, шындығында үкіметтің саясатын жүргізіп отырған кім екендігін, капиталистер мен жер иелерінің неге ұмтылатынын барлық жұртқа және әрбір кісіге көрсету үшін жұмысшыларға капиталистермен *ашық күрес жүргізу* керек. Сондықтан, капиталистер табының қазіргі ықпалын бүркейтіндердің бәрі жойылсын; сондықтан, чиновниктерге, чиновниктік басқаруға қарсы, тежеусіз үкіметке қарсы *шығатын* буржуазия өкілдерінің бәрін, олардың қандайын болса да қолдайтын болайық! Бірақ социал-демократиялық партия, абсолютизмге қарсы қоғамдық қозғалыстың қандайын болса да өзінің қолдайтындығын жарыялай отырып, өзін жұмысшы қозғалысынан бөлектемейтінін мойындайды, өйткені жұмысшы табының басқа барлық таптардың мүддесіне қарсы тұратын өзінің өзгеше мүддесі бар. Саяси бостандық жолындағы күресте буржуазияның барлық өкілдерін қолдай отырып, жұмысшылар — дәулетті таптардың жұмысшыларға тек уақытша ғана одақтас болатындығын, жұмысшылар мен капиталистердің мүдделері қосыла алмайтындығын, үкіметтің тежеусіз өкімін құлату жұмысшыларға өздерінің капиталистер табына қарсы күресін ашық және кең түрде жүргізу үшін ғана керек екендігін есінен шығармауға тиіс.

Сонсын, социал-демократиялық партия дәрежелі дворяндардың — жер иелерінің табына қарсы көтеріліс жасаушылардың бәрін қолдайтындығын жарыялайды. Россияда дворян-помещиктер мемлекеттегі бірінші сословие болып саналады. Олардың шаруаларға крепостниктік өкім жүргізуінің қалдықтары халық бұқарасын

осы күнге дейін езіп отыр. Помещиктердің билігінен құтылу үшін шаруалар әлі де төлем төлеуде. Арзан және көнбісті батрактарға помещик мырзалар мұқтаж болмас үшін, шаруалар әлі де жерге байланып отыр. Шаруалар осы күнге дейін, правосыз және жасы жетпеген балалар сыяқты, чиновниктердің еркінде болып отыр; чиновниктер чиновниктің қалтасын қорғайды; шаруалардың крепостник-помещиктерге сатып алу төлемін немесе оброкті «түзу» төлеуі үшін, шаруалардың помещиктерге жұмыс істеуден «жалтара» алмауы үшін, мысалы, басқа жаққа көшіп кете алмауы үшін, мұнысымен, бәлкім, помещиктерді бөтен жақтан ондай арзан емес және ондай мұқтаждық көріп езілмеген жұмысшыларды жалдап алуға ділгер етпеуі үшін, чиновниктер шаруалардың тұрмысына қол сұғып отырады. Помещик мырзалар миллиондаған және он миллиондаған шаруаларды өзінің қызметінде құлдыққа ұстайды және олардың правосыздығын қолдайды, бұл ерлігі үшін мемлекеттік жоғары дәрежемен пайдаланады. Дворяндар — жер иелері көбінесе-ақ мемлекеттік жоғары орындарға қойылып отырылады (заң бойынша да мемлекеттік қызметте дворян сословиесі ең үлкен правомен пайдаланады); атақты помещиктер ордаға басқалардан гөрі жақын тұрады және үкімет саясатын өз жағына басқалардан гөрі тікелеу және оңайырақ бейімдетеді. Олар, мемлекеттік қазнаны талау үшін және халық ақшасынан кейде қызмет еткеніне берілетін ірі поместьелер түрінде, кейде «жеңілдіктер» түрінде миллиондаған сом сыйлық, олжа алу үшін, өзінің үкіметке жақындығын пайдаланады*.

* — МЭЛИдегі гектографиялық дәптер осы жерден үзіледі.
Ред.

ПАТША ҮКІМЕТІНЕ³²

Үстіміздегі 1896 жылдың ішінде орыс үкіметі жұмысшылардың фабриканттарға қарсы күресі туралы жұртқа міне екі рет мәлімдеме жасады. Басқа мемлекеттерде мұндай мәлімдеме жасау жиі болады, — онда, мемлекет ішінде не болып жатқанын жасырмайды, стачка туралы хабарларды газеттер емін-еркін баса береді. Ал, Россияда үкімет фабрикалардағы тәртіптерді және оқыйғаларды жарыя етуден өрттен бетер қорқады: ол газеттерде стачкалар туралы жазуды тыйды, ол фабрика инспекторларының өз есептерін бастыруын тыйды, ол стачкалар туралы істерді кәдімгі соттарда, жұрттың қатысуына ашық соттарда тексермейтін болды, — қысқасын айтқанда, фабрикаларда және жұмысшылар арасында болып жатқан істердің бәрін өте-мөте құпия сақтау үшін ол барлық шараларды қолданды. Енді келіп, осы полициялық айла-амалдар, сабынның көбігіндей, жоқ болып кетеді де, жұмысшылардың фабриканттарға қарсы күресіп отырғанын үкіметтің өзі-ақ ашықтан-ашық айтып беруге мәжбүр болады. Мұндай өзгеріс неден туды? — 1895 жылы жұмысшылардың стачкалары айрықша көп болды. Бұл рас, бірақ стачкалар бұрында болды ғой, алайда үкімет құпияны сақтай біліп еді ғой және ол стачкалар бүкіл жұмысшы бұқарасы үшін құпия күйінде қалып еді ғой. Қазіргі стачкалар бұрынғыдан әлдеқайда күшті және бәрі бір жерге шоғырланған. Бұл рас, бірақ ондай күшті стачкалар бұрында болып келді ғой, — мысалы 1885—1886 жылдары Мос-

ква мен Владимир губернияларындағы стачкаларды алыңыз. — Бірақ сонда да үкімет сыр бермей келген, жұмысшылардың фабриканттарға қарсы күресі туралы сөз қозғамаған. Ендеше оның бұл жолы сөз қозғауы неліктен? Мұның себебі — бұл жолы жұмысшыларға социалистер келіп көмектесті, олар істің мәнісін жұмысшыларға түсіндіруге, барлық жерде, жұмысшылар арасында да, қоғам ішінде де оны жарыялауға, жұмысшылардың талаптарын дәл айтып беруге, үкіметтің арам ниетін және озбырлық күштеушіліктерін жұрттың бәріне көрсетуге жәрдемдесті. Стачка туралы жұрттың бәрі біліп отырғанда үндемей қалу ақымақтық болатынын үкімет өзі көрді, — сонсоң ол да жұрттың ыңғайына көшті. Социалистердің үндеухаттары үкіметті жауапқа шақырды, үкімет жауапқа келді де, жауап берді.

Жауабы қандай болды, көрселік.

Алғашында үкімет халық алдында әшкере жауап беруден жалтармақ болды. Министрлердің біреуі, ақша министрі Витте, фабрика инспекторларына әмір таратты, бұл әмірінде жұмысшылар мен социалистерді «қоғамдық тәртіптің қас дұшпаны» деп атады, фабрика инспекторларына — жұмысшыларды қорқытындар, оларды фабриканттардың жұмысшыларға жеңілдік беруіне үкіметтің тыйым салатыны жөнінде сендіріндер, оларға фабриканттардың жақсы ниеті мен меірімділік ойын көрсетіндер, фабриканттардың жұмысшыларға және олардың мұқтаждарына қамқорлық етіп отырғанын, фабриканттардың «жақсы ниетке» мол адамдар екенін айтындар деп кеңес берді. Стачкалардың өзі туралы үкімет ешнәрсе айтпады; стачкалардың неден шыққаны туралы, фабриканттардың сорақы қысымдары және заңды бұзушылықтары қандай болғаны туралы, жұмысшылардың нені талап еткені туралы үкімет бірауыз сөз айтпады; қысқасын айтқанда, ол 1895 жылдың жазы мен күзінде болған стачкаларды мүлде *жалғанға* шығарды, жұмысшылар зорлық істемесе де, зорлық істеген тек полиция ғана болса да, жұмысшылардың зорлығы және «заңға қарсы» әрекеті туралы тозығы жеткен ерғашты сөздерді айтып кұтылғысы келді. Министр бұл әмірін жасырын

қалдырғысы келсе де, оның сеніп тапсырған чиновниктері сыр сақтай алмады, сөйтіп әмір жұртқа тарап кетті. Кейіннен оны социалистер бастырып шығарды. Мұнан кейін үкімет өзінің енді белгілі болып қалған «құпияларымен» әдеттегіше ақымақ болғанын көріп, әмірді газеттерге басып шығарды. Бұл, біздің жоғарыда айтқанымыздай, 1895 жылдың жазы мен күзіндегі стачкаларға берілген жауап еді. Бірақ 1896 жылдың көктемінде қайталаған стачкалар одан да қаттырақ болды. Бұл туралы ел аузындағы сыбысқа социалистердің үндеухаттары қосылды. Үкімет алғашқы кезде іс қалай тынар екен деп күтіп, қорқақтық жасап, үндемеді, ал соңынан, жұмысшылардың көтерілісі тыныштанғаннан кейін үкімет, істі өткізіп жіберіп жасаған полиция протоколы сыяқты, оқыйғаның артын ала кеңсешілдік даналықпен мәлімдеме жарыялады. Бұл жолы әрі ашықтан-ашық, әрі бүкіл үкімет болып мәлімдеме жасауға тура келді. Өкімет мәлімдемесі «Правительственный Вестниктің» 158-номерінде басылып шықты. Бұл жолы жұмысшылардың стачкаларын бұрынғыдай жалғанға шығара алмады. Істің жайы қалай болғанын, фабриканттардың қысымы қандай болғанын, жұмысшылар нені талап еткенін айтып беруге тура келді; жұмысшылар өздерін «тәртіпті» ұстағанын мойындауға тура келді. Сөйтіп жұмысшылар үкіметке полициялық ұятсыз өтірігін қойдыртты: қалың көпшілік болып көтерілгеннен кейін, істі әйгілеу үшін үндеухаттарды пайдаланғаннан кейін жұмысшылар үкіметті шындыққа мойындатты. Бұл — зор табыс. Өздерінің мұқтажын жұрт алдында айтудың, бүкіл Россиядағы жұмысшылардың күресі туралы жарыялаудың бірден-бір құралы не екенін жұмысшылар енді білетін болды. Үкіметтің өтірігін жұмысшылардың өздерінің тек біріккен күресі және өздерінің правосын алуға саналылықпен қарауы арқылы ғана әшкерелеуге болатынын жұмысшылар енді білетін болды. Істің жайы қандай болғанын айта келіп, министрлер түрлі сылтаулар ойлап шығара бастады, олар өздерінің мәлімдемесінде: стачка тек «мақта иіретін және жіп иіретін өндірістің өзгешеліктерінен» ғана туды деп сендіруге тырысты. Солай деңіз! Бүкіл Россия өндірісінің

өзгешеліктерінен емес пе екен, өздерін қысымнан қорған бейбіт жұмысшыларды қудалап, ұстап әкетуге полицияға ерік беріп қойған орыстың мемлекет тәртібінің өзгешеліктерінен емес пе екен? Қайрымды министр мырзалар-ау, тіпті мақта туралы да емес, жіп туралы да емес, орыс азаматтарының правосыздығы туралы, капиталистерге жағымпазданып отырған үкіметтің айуандық озбырлығы туралы айтылған үндеухаттарды жұмысшылардың таласып алып оқуы және сол үндеухаттарды тағы да сұрауы неліктен екен; жоқ, бұл жаңа сылтау — барлығын «азғырушыларға» аударған финанс министрі Виттенің әміріндегі сылтаудан да жаман, одан да гөрі сұм ниетті дерлік сылтау. Министр Витте стачка туралы фабриканттардан ауыз бастырық алатын кәдімгі полиция чиновниктерінше ойлайды: азғырушылар келіп еді — стачка болды, дейді. Енді, 30 мың жұмысшы қатысқан стачканы көріп, министр біткеннің бәрі ойлануға кірісті, ақырында: стачка азғырушы социалистердің келгендігінен тумайды екен, стачка басталғандықтан, жұмысшылардың капиталистерге қарсы күресі басталғандықтан социалистер келеді екен деген ойға келіп тоқтады. Енді министрлер: кейіннен социалистер стачкаға «қосылды» деп сендіріп отыр. Бұл — финанс министрі Виттеге жақсы сабақ. Байқаңыз, Витте мырза, жақсылап үйреніңіз! Стачканың неден туғанын алдын ала тексеріп үйреніңіз, өзіңіз де сөздеріне түк сенбейтін полиция сұрқыяларының айтқанына емес, жұмысшылардың талаптарына дұрыс қарап үйреніңіз. Министр мырзалар жұртты сендірмек болып: тек «арам ниетті адамдар» ғана стачкаға «қылмыстық саяси сыйпат» бермек болды дейді, немесе, бір жерінде «әлеуметтік сыйпат» деп те айтады (министр мырзалар социалистік деп айтпақшы болған, бірақ сауатсыздығынан немесе кеңсешіл қорқақтығынан әлеуметтік деп кеткен де, онысы мағнасыз бір нәрсе болып шыққан: социалистік — капиталға қарсы күресте жұмысшыларды қуаттайтын деген сөз, ал әлеуметтік — жай қоғамдық деген сөз. Стачкаға қалайша қоғамдық сыйпат беруге болады? Мұның өзі — министрге министрлік чин беру дегенмен бірдей ғой!). Міне қызық! Социалистер стач-

қаға саяси сыйпат береді! Үкіметтің өзі, социалистердің бәрінен бұрын, стачкаға саяси сыйпат беру үшін барлық шараларды колданды ғой. Бейбіт жұмысшыларды қылмыстылар ретінде ұстай бастаған, тұтқынға алып, айдай бастаған үкіметтің өзі емес пе? Жер-жерге шпиондар мен провокаторларды жұмсаған үкіметтің өзі емес пе? Қолына түскендердің бәрін ұстаған үкіметтің өзі емес пе? Фабриканттар дегенінен қайтпасын деп, оларға көмектесуге уәде берген үкіметтің өзі емес пе? Стачкашылардың пайдасына жай ғана ақша жыюшы жұмысшыларды қудалаған үкіметтің өзі емес пе? Жұмысшылардың фабриканттарға қарсы соғысы лажсыздан үкіметке қарсы соғыс болуға тиіс екенін жұмысшыларға бәрінен гөрі жақсылап түсіндірген үкіметтің өзі. Социалистерге қалған жұмыс — тек осыны растап, үндеухаттарда жарыялау ғана болды. Тек осы ғана. Бірақ орыс үкіметі екіжүзділік істеу өнеріне әбден жетілген, сондықтан министрлер біздің үкіметтің қандай жолмен «стачкаға саяси сыйпат бергені» туралы айтпауға тырысты, ол қалың жұртқа социалистердің үндеухаттарының қай күні шыққанын айтты, — ал, қала бастығының және басқа баскесерлердің бейбіт жұмысшыларды тұтқынға алу туралы, әскерді қаруландыру туралы, шпиондар мен провокаторлар жіберу туралы бұйрықтарының қай күні шығарылғанын ол неліктен айтпаған? Олар жұртқа социалистердің қанша үндеухаттары болғандығын санап айтқанда, қанша жұмысшылар мен социалистердің ұсталғанын, қанша семьяның күйзелушілікке ұшыратылғанын, қанша адамның сотсыз жер аударылғанын, түрмеге камалғанын неліктен айтпаған. Мұның себебі не? Себебі: қаншама ұятсыз бола тұрса да, тіпті орыс министрлері де мұндай қаракшылық істерді жұртқа айтудан сақтанады. Өздерінің праволары үшін көтеріліс жасаған, өздерін фабриканттардың озбырлығынан қорғаған бейбіт жұмысшыларға мемлекеттік өкіметтің барлық күші, полициясы мен әскері, жандармдары мен прокурорлары тегіс шұйлікті, өздерінің және өз жолдастарының, ағылшын, поляк, неміс, австриялық жұмысшылардың тыйын-тебенін напақа қылған жұмысшыларға, мемлекеттік

казнанын барлық күші қарсы шығып, фабрикант байғұстарға көмектесуге уәде берді.

Жұмысшылар бірікпеген еді. Олардың ақша жыйнауына, басқа калаларды, басқа жұмысшыларды өздеріне тартуына мүмкін болмады, оларды қай жерде болса да қудалады, олар мемлекеттік өкіметтің барлық күші алдында шегінуге тиіс болды. Министр мырзалар үкіметтің жеңгеніне шаттанып лепіріп жүр!

Жеңіс-ақ екен! Ақшасы жок 30 мың бейбіт жұмысшыларға өкіметтің барлық күші, капиталистердің барлық байлығы қарсы қойылды! Мұндай жеңіске мақтанбай тоқтай тұрса, министрлердің мұнысы ақылдылық болар еді, ал олардың бұл мақтануы, стачкада *таяқ жемей* құтылғанына мәз болатын полиция солдаттарының мақтаншы сыяқты.

Үкімет капиталистердің көңлін жұбатып: социалистердің «айдап салуынан» іс шықпады деп мерейленіп жарыя жасады. Біз де бұған былай деп жауап береміз: я, айдап салушылықтың қандайы болса да, үкіметтің бұл жөніндегі қылығының барлық Петербург жұмысшыларына, барлық орыс жұмысшыларына еткен әсерінің жүзден біріндей де әсер ете алмас еді! Жұмысшылар үкіметтің саясатын — жұмысшылардың стачкалары туралы үндемей қалу, оларды жалғанға шығару саясатын — айқын көрді. Жұмысшылар өздерінің бірлескен күресі полициялық, екіжүзділік өтірікті қойдыртқанын көрді. Жұмысшылар фабриканттарды қолдауға уәде берген үкіметтің кімнің мүдделерін қорғайтынын көрді. Заң мен тәртіпті бұзбаған жұмысшыларға қарсы, оларды жаудай көріп, әскер мен полиция жіберілгеннен кейін, жұмысшылар өздерінің шын дұшпаны кім екенін түсінді. Министрлер күрестен іс шықпады деп қаншама даурыққанмен, жұмысшылар фабриканттардың қай жерде болса да жуасығанын көріп отыр және үкіметтің енді фабрика инспекторларын жұмысшыларға қандай жеңілдіктер беру туралы кеңесуге шақырғанын біліп отыр; өйткені жеңілдік беру қажет екенін үкімет көріп отыр. 1895—1896 жылдардағы стачкалар текке кетпеді. Олар орыс жұмысшыларына өте

көп пайда берді; олар жұмысшыларға өз мүдделері үшін қалай күресу керек екенін көрсетті. Олар жұмысшыларға *жұмысшы табының саяси халі мен саяси мұқтажын* түсінуді үйретті.

Ноябрь, 1896 жыл.

*Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағы*³³.

1896 жылдың күзінде түрмеде жазылған

Үндеухаттың тексті бойынша басылп отыр

1896 ж. ноябрьде мимеографта басылған

ЭКОНОМИКАЛЫҚ РОМАНТИЗМНІҢ СЫЙПАТТАМАСЫ ЖӨНІНДЕ

(СИСМОНДИ ЖӘНЕ ӨЗ ЕЛІМІЗДІҢ СИСМОНДИСТЕРІ)¹

1897 ж. көктемде жазылған

Бірінші рет „Новое Слово“² журналында басылған, 7-10 кітап, апрель — июль 1897 ж.

Қол қойған: К. Т-н

Владимир Ильин — „Экономикалық этюдтер мен мақалалар“ деген жыйнақта қайта басылған, 1898 ж.

„Новое Словоның“ текстімен және Владимир Ильин — „Аграрлық мәселе“, 1908 ж., деген жыйнақтың текстімен салғастырылған „Экономикалық этюдтер мен мақалалар“ деген жыйнақтың тексті бойынша басылып отыр



В. И. Лениннің: „Экономикалық романтизмнің сыйпаттамасы жөнінде“ және „Бір газет мақаласы жөнінде“ деген мақалалары бірінші рет басылып шыққан „Новое Слово“ журналының тысы.—1897 ж.

Кішірейтілген

Осы кезде Россияда ерекше қатты қойылып отырған жалпы экономикалық мәселелерді шешу үшін үстіміздегі ғасырдың бас кезінде жаза бастаған Швейцария экономисі Сисмонди (J.-C.-L. Simonde de Sismondi) ерекше көңіл аударуды керек қылады. Егер мұның үстіне, басты-басты ағымдардан шеткері бола отырып, Сисмонди саяси экономияның тарихында айрықша орын алады, ол ірі кәсіп иелерін жақтаушылар мен соны дәріптеушілерге қарсы шығып (осы күнгі орыс халықшылдары да оларға дәл осылай қарсы шығып отыр), ұсақ өндірісті өте қатты жақтаған адам деген сөзді қосатын болсақ, онда оқушымыз Сисмондидың ғылымының очеркін бергелі отырған ниетімізді, бергенде, оның ғылымының басты-басты бейнелерінің және оның экономикалық ғылымның басқа — осы кездегі және бұдан былайғы — бағыттарына қатысының очеркін бергелі отырған ниетімізді түсінеді. Сисмондидың ғылымын зерттеуге көңіл қоюдың нақ осы кезде күшейіп отырған себебі: өткен 1896 жылы шыққан «Русское Богатство» журналынан біз Сисмондидың ғылымын баяндап өтуге арналған мақаланы кездестіреміз (Б. Эфрусси: «Сисмонди де-Сисмондидың әлеуметтік-экономикалық көзқарастары». «Р. Б.», 1896 жыл, № 7 және 8) *.

«Русское Богатствоның» қызметкері салған жерден-

* Эфрусси 1897 жылы өлген. Ол қайтыс болғанда көңіл айтқандардың сөздері «Русское Богатствоның» 1897 жылғы мартта шыққан кітабында басылған.

ақ: Сисмонди сыяқты «соншамалық дұрыс бағаланбаған» жазушы жоқ, былайша айтқанда, жұрт Сисмондиды біресе реакционер етіп, біресе утопист етіп көрсетіп, «әділетсіздік» істеді дейді. — Олай емес, мұның өзі дәл керісінше. Сисмондига нақ *осындай* баға беру әбден дұрыс. Ал «Русское Богатствоның» мақаласы, Сисмондидың айтқанын толық және жыйнақы етіп қайтадан айтып бере отырып, оның теориясын мүлде теріс сыйпаттайды*, Сисмондиды, оның ғылымының көбінесе дәл халықшылдарға жақын келетін пункттеріне келгенде дәріптеп, Сисмондидың экономикалық ғылымның былайғы ағымдары жөніндегі көзқарасын елемей, теріс түсіндіріп отыр. Сондықтан Сисмондидың ғылымын біздің баяндап және талдап шығуымыздың өзі де Эфрусидың мақаласын сынап өту болмақшы.

І ТАРАУ

РОМАНТИЗМНІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТЕОРИЯЛАРЫ

Сисмонди теориясының айрықша өзгешелігі — оның табыс жөніндегі, табыстың өндіріске және халыққа қатысы жөніндегі ғылымы. Сисмондидың басты шығармасының өзі де былай деп аталған: „Nouveaux principes d'économie politique ou de la richesse dans ses rapports avec la population“ (Seconde édition. Paris, 1827, 2 vol.** Бірінші басылуы 1819 жылы шыққан) — «Саяси экономияның жаңа негіздері немесе халыққа қатысы бар байлық туралы». Бұл тақырып, орыстың халықшылдық әдебиетінде «капитализм үшін ішкі рынок жайындағы мәселе» деген атпен мәлім болып жүрген мәселеге ұқсас дерлік тақырып. Атап айтқанда Сисмонди былай деген: өнеркәсіп пен егіншілікте ірі кәсіп иелері мен жалдама еңбектің өршуі мынаған соқтырады: өндіріс қайткенмен де тұтыну дәрежесін қуып жетіп, тұ-

* Сисмондиды — социалист емес деу әбден әділ айтылған сөз, мұны, Липперттің айтқанын қайталап, мақаласының бас кезінде Эфрусиді көрсете кетіп отыр („Handwörterbuch der Staatswissenschaften“ — ді қараныз, V. Band, Artikel „Sismondi“ von Lippert, Seite 678) («Мемлекеттік ғылымдардың сөздігі», V том, Липперттің «Сисмонди» деген мақаласы, 678-бет. *Ред.*)

** — Екінші басылуы. Париж, 1827, 2-том. *Ред.*

тынушылар табу сыяқты шешілмейтін міндетке кездеседі; өндіріс ел ішінде тұтынушы таба алмайтын болады, өйткені оның өзі халық бұқарасын күндікшілерге, қарапайым жұмысшыларға айналдырады және қолы бос халықты көбейтеді, ал дүниежүзілік аренаға жаңа капиталистік елдердің шығуымен сыртқы рынок іздеу бірден-бірге қыйындай түседі. Бұл мәселелер В. В. мен Н.—он мырзалар³⁶ бастаған халықшыл экономистердің шұғылданып жүрген мәселелерінің нақ өзі екенін оқушымыз көріп отырған болар. Ал енді Сисмондидың келтірген дәлелінің кейбір жерлеріне және ол дәлелдің ғылыми маңызына тоқталып өтейік.

УСАҚ ӨНДІРУШІЛЕРДІҢ КҮЙЗЕЛІСКЕ УШЫРАҒАНДЫҒЫНАН
ІШКІ РЫНОК ШАҒЫНДАЛА МА?

Өздерінің баяндаған ой-пікірлерінде қалыптасып болған капиталистік құрылысты сөз қылып және жұмысшылар табының болуын өзінен өзі белгілібір нәрсе деп қараған экономист-классиктерге қарама-қарсы Сисмонди ұсақ өндірушінің күйзелу процесінің нақ өзін, — осы тапты жасаған процестің нақ өзін айрықша көрсетеді. Капиталистік құрылыстағы болатын бұл қайшылықты көрсеткені Сисмондидың сіңірген еңбегі болып табылады — бұған дау жоқ, бірақ мәселе мынада: «Сисмонди экономист бола тұрып, бұл құбылысты түсіне алмады және өзінің дәйекті түрде анализ жасауға шамасы келмегендігін «жақсы тілектермен» бүркемеледі. Сисмондидың пікірінше, ұсақ өндірушінің күйзелуі ішкі рыноктың шағындалуын дәлелдейтін сыяқты.

Шығармасының «сатушы өзінің рыногін қалай көңейтеді?» деген тарауында (ch. III, livre IV, t. I, p. 342 et suiv.)***, — Сисмонди былай дейді: «Егер фабрикант то-

* — III тарауы, IV кітабы, I том, 342 және келесі беттері. Ред.

** Бұдан былайғы келтірілетін цитаттардың барлығы, айрықша көрсетілмей-ақ, жоғарыда көрсетілген „Nouveaux Principes“ деген кітаптан алынатын цитаттар болады.

варын арзан бағамен сататын болса, онда ол көп сатады, өйткені басқалары аз сатады. Сондықтан фабрикант әрдайым жұмысшылардың еңбегінен немесе шикі заттардан бір нәрсе үнемдеуге күш салады; бұлай үнемдеуі өз серіктерінен товарын арзан сатуға оған мүмкіндік берер еді. Ал шикі заттардың өзі бұрын жұмсалған еңбектің өнімі болғандықтан фабриканттың үнем жасауы, сайып келгенде, әрдайым сол өнімнің өзін өндіруге аз еңбек жұмсауға келіп тіреледі». «Рас, кейбір фабрикант жұмысшылардың санын кемітпей, өндірісті ұлғайтуға тырысады. Айталық, мұны ол істей алады, товардың бағасын арзандатып, алушыларды ол өзінің бәсекелестерінің алдынан жырып әкетеді дейік. Сонда мұның «ұлттық нәтижесі» қандай болмақ?». Басқа фабриканттар өзінде әлгі фабриканттың өндіріс тәсілдерін қолданады. Сонда бұлардың бірі болмаса бірінің, жаңа машинаның, еңбектің өндіруші күшін арттыруына қарай жұмысшыларының біразын босатуына тура келетіні өзінен өзі түсінікті. Егер тұтыну бұрынғы қалпында қалса, егер бір мөлшердегі еңбекті он есе аз жұмысшы орындайтын болса, онда жұмысшы табының бұл бөлегінің табыстарының оннан тоғызы оның қолынан тартып алынады, сондықтан оның тұтынуы да барлық жағынан сондайлық мөлшерде кемиді... Демек, жаңалық ойлап табудың нәтижесі — егер ұлттың сыртқы саудасы болмаса және тұтыну дәрежесі бұрынғы қалпында қалатын болса — барлық жұртқа зыян болып тиеді, ұлттық табысты кемітеді, мұның кемуі келесі жылы жалпы тұтыну дәрежесін кемітеді» (I, 344). «Мұның осылай болуы да керек: еңбектің өзі табыстың еңбір маңызды бөлімі болады (Сисмонди жалақыны айтып отыр), сондықтан ұлтты мейлінше кедейлікке ұшыратпайынша, еңбекті керексіну дәрежесін кемітуге болмайды. Сондықтан да өндірістің жаңа әдісін ойлап шығарудан келетін пайда әрдайым дерлік шет ел саудасының есебінен болады» (I, 345).

Осы сөздердің өзінен-ақ, капитализм дамуының салдарынан «ішкі рынок шағындалып отыр», осының себебінен сыртқы рынок қажет болып отыр деген өзіміз-

ге әбден мәлім «теорияның» келіп шыққанын оқушымыз көріп отыр. Сисмонди бұл пікірге өте-мөте жиі оралып отырады, онымен өзінің дағдарыстар жөніндегі теориясын да, халық жөніндегі «теориясын» да байланыстырып отырады; орыс халықшылдарының ғылымындағы сыяқты, бұл пікір де оның ғылымындағы өзекті басым пункт.

Жаңа катнастардың тұсындағы күйзелушілік пен жұмыссыздықтың «сауда байлығының» өсуімен қосарланып отыратындығын, әңгіме ірі өндірістің, капитализмнің дамуы жөнінде болуға тиіс екендігін Сисмонди, әлбетте, ұмытпаған. Ол мұны жақсы түсінген, сондықтан да капитализмнің өсуі ішкі рынокті шағындайды деген болатын: «Барлық жұрттың дәулеті мен тұтынуының теңгерілуге жуықтау-жуықтамауы, немесе бір уыс азшылықтың барлық жағынан да молшылықта болып, ал бұқараның аса мұқтаждыққа ұшырап ең қажетті нәрсеге ғана азар жетуі азаматтардың игілігі үшін немкұрайды қарай салатын нәрсе емес екендігі сыяқты, табысты бөлісудің осы екі түрі *сауда байлығының* (richesse commerciale) дамуы үшін де немкұрайды қарай салатын нәрсе емес*. Тұтынудың теңгерілуі қашанда болса түбінде өндірушілердің рынокін кеңейтуге тиіс, ал тұтынудың теңгерілмеуі — *рынокті шағындауға тиіс*» (de le (le marché) resserrer toujours davantage) (I, 357).

Сонымен, Сисмонди бөлістің капитализмге тән тең еместігі ішкі рынокті шағындайды, рынок құрылғанда табысты теңбе-тең бөлісу арқылы құрылуға тиіс дейді. Ал Сисмондидың байқаусыз көшкен мәселесі — *сауда байлығының* кезінде бұл айтылып отырған нәрсе қалай істелмекші (Сисмондидың бұл мәселеге көшпесіне де болмады, өйткені олай етпеген күнде *рынок* туралы ол сөз қыла алмаған болар еді)? Мұны ол зерттемейді. Сауда байлығының тұсында, *яғни* жеке өндірушілердің арасында бәсеке болып тұрғанда өндірушілердің теңбе-тең болуын сақтау мүмкіндігін ол немен дәлелдейді? Тіпті ешнәрсемен де дәлелдей алмайды. Ол кұр әншейін осы-

* Бұл арадағы курсив, барлық басқа жерлердегі сыяқты, егер айрықша ескерту айтылмайтын болса, біздің курсивіміз.

лай болуға тиіс деп соғады. Өзі өте орынды көрсетіп өткен қайшылыққа ілгері қарай анализ берудің орнына, ол жалпы қайшылық атаулының керексіздігі туралы сөз қылуға ұмтылады. «Мүмкін, ұсақ егіншіліктің орнына ірі егіншілік орнасымен жерге капитал көп жұмсалған болар, бүкіл егіншілер бұқарасының арасында бұрынғыға қарағанда мол байлық бөлінген болар»... (яғни, «мүмкін» *сауда* байлығының нақ абсолютті мөлшерімен белгіленетін ішкі рынок өскен болар? — оның өзі капитализмнің дамуымен бірге өскен болар?)... «Бірақ ұлт үшін бай фермерлердің бір семьясының тұтынуы қайыршы күндікшілердің 50 семьясының тұтынуымен қосып есептегенде шаруалардың 50 семьясының тұтынуына тең келмейді, шаруалардың бұл 50 семьясының бірде-біреуі бай емес, бірақ оның есебіне олардың бірде-біреуі (шағын) тәп-тәуір рызығынан айрылған жоқ» (*une honnête aisance*) (I, 358). Басқа сөзбен айтқанда: фермерліктің дамуы капитализм үшін, мүмкін, ішкі рынок жасайтын да болар. Сисмонди аса білімді, ар-ұяты бар экономист болды, сондықтан ол бұл фактыны бекер дей алмайды, бірақ... бірақ бұл жерде автор өзінің жүргізген зерттеуінен безіп, сауда байлығының «ұлты» деудің орнына турадан-тура шаруалар «ұлты» дегенді тықпалап отыр. Өзінің ұсақбуржуазиялық көзқарасын теріс көзқарас деп табатын қолайсыз фактыдан жалтарып, ол тіпті өзінің бұдан біраз бұрынырақ айтқан нәрсесін, атап айтқанда: сауда байлығының дамуы арқасында «фермерлер» «шаруалардың» ішінен шығып жетілді дегенін ұмытып кетіп отыр. Сисмонди былай деген болатын: «Алғашқы кездегі фермерлер қарапайым диқандар болды... Олар шаруа болудан қол үзген емес... Олар бірлесіп жұмыс істеу үшін ешқашан да дерлік күндіктеп істейтін қызметшілерді пайдаланған емес, әрдайым өздеріне теңдестердің ішінен іріктеп алған жалшыларды (батрактарды — *des domestiques*) пайдаланды, оларға өздерімен тең адамдарша қарады, тамақты олармен бірге ішті... олардың бәрі бір ғана шаруалар табы болды» (I, 221). Демек, істің түйіні мынаған тіреледі: өздерінің патриархтық батрактары бар осы патриархтық мужиктер

автордың әбден жанына жағады, сондықтан ол, «сауда байлығы» өсуінің осы патриархалдық қатнастарға жасаған өзгерістерінен бойын аулақ салып, сырт айналып отыр.

Бірақ Сисмондидың мұны мойындайын деген ешбір ниеті жоқ. Ол әлі де сауда байлығының заңдарын зерттеп жүрмін деп ойлауда, сондықтан өзінің бір кездегі ескерткендерін ұмытып, турадан тура былай дейді:

«Сонымен, мүліктердің азғана ғана меншік иелерінің қолына жыйналуы салдарынан *ішкі рынок барған сайын шағындалып келеді(!)*, сондықтан өнеркәсіптің барған сайын сыртқы рыноктерде товар өткізу жолын іздеуіне тура келеді, сыртқы рыноктерде оған зор шайқалу хаупі төнуде (*des grandes révolutions*) (I, 361). «Сонымен, ұлт дәулеті артпайынша ішкі рынок ұлғая алмайды» (I, 362). Сисмондидың айтып отырғаны халық дәулеттілігі, өйткені ол фермерствоның тұсында «ұлттың» дәулетті тұрмысының мүмкін екендігін әлгіде ғана мойындаған болатын.

Біздің экономист-халықшылдарымыздың да бұлжытпастан дәл осыны айтатынын, оқушымыз көріп отыр.

Сисмонди шығарманың ақырында, «Халық туралы» деген VII-кітабындағы: «Машиналар ойлап шығарудың салдарынан басы артық болып қалған халық туралы» деген VII-тарауында бұл мәселеге тағы қайта оралады.

Деревняда ірі фермалар системасын қолдану ісі Улы Британияда жер жалдаушы-шаруалар табын (*fermiers pausans*) жойып жібереді, ол шарулардың өздері жұмыс істеді, оның үстіне шағын рызықтары да болды; халық едәуір азайды; ал халықтың тұтыну жағы, оның санының азаюынан да гөрі көбірек кеміді. Дыйқаншылық жұмыстарының бәрін атқаратын күндікшілер, нағыз мұқтаж нәрсесін ғана ала отырып, қала индустриясын ілгері кездегі бай шаруалардың қолдағанындай қолдай (*encouragement*) алмай отыр» (II, 327). «Қала халқында да осындай өзгеріс болды... Усақ саудагерлер, ұсақ өнеркәсіп иелері жойылып барады, сөйтіп олардың жүзінің орнын бір ғана ірі кәсіп иесі басып отыр; бәлкім, олардың барлығы жыйы-

лып, кәсіп иесіндей бай болмаған шығар. Сөйткенмен де олар жыйнастырып келгенде, кәсіп иесінен гөрі артық тұтынатын еді. Оның сән-салтанаты индустрияны өзі орнын басқан жүз шаруашылықтың шағын рызығынан әлдеқайда аз қолдайды (ib.*).

Сисмондидың капитализм дамыған кезде ішкі рынок шағындалады деген бұл теориясы неменеге келіп тіреледі? деген сұрау туады. Ол мынаған келіп тіреледі: істің жайына тура көз жіберуге әрең-әрең тырысқан, ол теорияның авторы капитализмге («сауда байлығы» және өнеркәсіп пен егіншіліктегі ірі кәсіп иелері, өйткені Сисмонди «капитализм» деген сөзді білмейді. Ұғымның үйлес келуі бұл сөзді осылай қолдануды әбден дұрыс етеді, сондықтан біз бұдан былай тек «капитализм» демекшіміз) сәйкес келетін жағдайларға анализ жүргізуден бой тартқан, сөйтіп анализ жасаудың орнына өзінің ұсақбуржуазиялық көзқарасы мен ұсақбуржуазиялық утопиясын тықпалаған. Сауда байлығының, демек, бәсекенің дамуы, өзінің «шағын рызығы» бар және батрактар жөнінде өзінің ескі көзқарастары бар бір тегіс, орта шаруаларды ешкім қол сұға алмайтын күйде қалдыруға тиіс.

Бұл сәбилік тілек Сисмондидың және «интеллигенциядан» шыққан өзге де романтиктердің ерекше алданышы болып отырғаны, ол тілектің күн санап шындыққа қайшы келетіні, шындық болғанда түпкі мәнісін Сисмонди әлі бағалай алмай жүрген қайшылықтарды өршіткен шындыққа зор қайшы келе беретіні түсінікті нәрсе.

Теориялық саяси экономия, өзінің ілгері карай дамуында ** классиктерге қосылып, Сисмондидың дәл беркерге шығарғысы келген нәрсесін, атап айтқанда: жалпы алғанда капитализмнің дамуы, оның ішінде фермерствоның дамуы ішкі рынокті шағындамайды, қайта оны жасайтын болады дегенін дәлелдеп анықтап бергені жұртқа түсінікті. Капитализмнің дамуы товарлы шаруашылықтың дамуымен бірге жүреді, сөйтіп үй өн-

* — Ibidem — бұ да сонда. Ред.

** Әңгіме марксизм туралы болып отыр (1908 жылғы басылуына автордың жазған ескертуі. Ред.)

дірісінің сатуға арнал бұйым шығаратын өндіріске орын беруіне қарай, ал майдагердің фабрикаға орын беруіне қарай капитал үшін рынок құрылып отырады. «Шаруалар» «фермерлерге» айналғандықтан егіншіліктегі ығыстырылып шығарылған «қуядікшілер» қанағал үшін жұмыс күшіне жетістіріп беріп отырады, ал фермерлер индустрия өнімдерін сатып алушы болады және олар тек тұтыну заттарын ғана сатып алып қоймайды (тұтыну заттарын бұрын үйді-үйінде шаруалар немесе село қолөнершілері өндіретін), сонымен қатар өндіріс құралдарын да сатып алушы болып отырады, өйткені өндіріс құралдары ұсақ егіншіліктің орнын ірі егіншілік басқан кезде бұрынғы күйінде қала алмайды*. Бұл соңғы айтылған жағдайды айрықша көрсетіп өтуіміз керек, өйткені дәл осыны әсіресе Сисмонди елемеген; шаруалар мен фермерлердің «тұтынуы» туралы өзіміз цитата келтіріп отырған жердегі оның сөзіне қарағанда, жалаң ғана адамның жеке басының тұтынуы (астықты, киім-кешекті, тағы басқаларын тұтыну) болған сыяқты; машина, құрал-сайман, тағы басқаларын сатып алу, үй, склад, фабрика, тағы басқаларын салу тұтыну заты болмаған сыяқты, тұтыну заты болған күнде де басқа түрлі, атап айтқанда: *өндіретін тұтыну заттары*, адамның тұтыну заты емес, капиталдың тұтыну заты болатын сыяқты. Тағы да айта кетуге тура келеді, Сисмондидың Адам Смиттен алған дәл осы хатесін, мұны біз қазір көреміз, ешбір шашау шығармастан біздің халықшыл-экономистеріміз де өздеріне тән етіп алған**.

II

СИСМОНДИДЫҢ ҰЛТТЫҚ ТАБЫС ПЕН КАПИТАЛ
ЖӨНІНДЕГІ КӨЗҚАРАСЫ

Сисмондидың капитализмнің орнауы мен оның даму мүмкіндігіне қарсы келтіретін дәлелі тек осы айтыл-

* Сонымен өзгермелі капиталдың да («ерікті» жұмысшы), тұрақты капиталдың да элементтері біркезде туып отыр; тұрақты капиталға ұсақ өндірушінің ажырайтын өндіріс құрал-жабдықтары кіреді.

** Сисмондидың доктринасының осы бөлегі жөнінде — капит-

ғандармен ғана тынбайды. Ол өзінің табыс жөніндегі ғылымынан да дәл осындай қорытындылар жасаған. Айта кету керек, Сисмонди еңбек кұны теориясы мен табыстың үш түрі: рента, пайда, жалақы жөніндегі теорияны түгелімен Адам Смиттен алып пайдаланған. Ол тіпті кей жерлерде табыстың үшінші түріне қарама-қарсы оның алғашқы екі түрін қосып жіберуге де әрекет жасайды: мысалы, ол кейде жалақыға қарсы қойып, оларды біріктіріп те жібереді (I, 104 — 105); рента мен пайда жөнінде Сисмондидан тіпті: *prix-value* (үстеме кұн³⁷) деген сөз де кездеседі (I, 103). Алайда, «Сисмондидың теориясы қосымша кұнды зат теориясына бір табан жақын келеді» («Р. Б.» № 8, 41-беті) деп, сірә, Эфрусидің асыра маңыз беретіні сыяқты, бұлай сөз қолдануға асыра маңыз беруге болмайды. Дұрысында, Сисмондидың Адам Смиттен озып кеткен ешнәрсесі жоқ; Адам Смит те: рента мен пайда дегеніміз «еңбектен шегеріліп қалынатын» нәрсе, қызметшінің өнімге қосып отыратын кұнды затының сыбағалы үлесі деген болатын («Байлықтың тегі мен себептері туралы зерттеу» дегенді қараңыз, орысша аудармасы Бибииковтікі, I том, «Жалақы туралы» деген VIII тарауы мен «Товар бағасының кұрамына кіретін бөлшектер туралы» деген VI тарауын қараңыз). Сисмонди да бұдан асып кете қойған жоқ. Бірақ ол жаңадан жасалып шығатын өнімнің осы үстеме кұн мен жалақыға бөлінуін қоғамдық табыс, ішкі рынок теориясымен және капиталистік қоғамдағы өнімді өткізу мәселесімен байланыстыруға әрекет жасады. Сисмондидың ғылыми маңызына баға беру үшін және оның доктринасы мен орыс халықшылдарының доктринасының арасындағы байланысты ашу үшін бұл әрекеттердің өте зор маңызы бар. Сондықтан бұларды толығырақ қарап шыққанымыз жөн.

Табыс туралы мәселені, табыстың өндіріске, тұтыну-

лизмінің дамуы салдарынан ішкі рыноктың шағындалатындығы туралы — Эфрусидің ешнәрсесі айтпай отыр. Сисмондидың *тұрғысын* және оның ғылымына халықшылдардың көзқарасын анағұрлым айқын сыйпаттап беретін нәрсенің дәл өзін Эфрусидің айтпай өткенін тағы да әлденеше рет көреміз.

ға, халыққа қатысы жөніндегі мәселені барлық жерде бірінші кезекке көтергенде, Сисмонди, әрине, «табыс» деген ұғымның теориялық негіздерін де қарастырып өтуге тиіс еді. Сонымен біз оның шығармасының ең бас жағынан табыс туралы мәселеге арналған үш тарауды кездестіреміз (I, II, ch. IV—VI). «Капиталдан табыс қалай шығады» деген IV тарауда капитал мен табыстың айырмашылығы туралы сөз болады. Сисмонди бұл мәселені тура бүкіл қоғамға қатысты етіп баяндай бастайды. «Әрбір адам бүкіл жұрт үшін жұмыс істейтін болғандықтан, — дейді ол, — барлық жұрттың өндірген өнімін жұрттың бәрі де тұтынуға тиіс... Капитал мен табыстың арасындағы айырмашылықтың қоғам үшін мәні бар нәрсе» (I, 83). Бірақ бұл «мәнді» айырмашылық жеке кәсіп иесі үшін жай ғана нәрсе болғанмен қоғам үшін жай нәрсе болмайтынын Сисмонди сезіп отыр. «Біз саяси экономияның ең абстракты және ең қиын мәселесіне таянып отырмыз, — дейді ол. — Капитал мен табыстың түпкі тегі біздің ұғынуымызда үнемі бір жерден шығып отырады: *біреуге табыс болатын нәрсенің екінші біреуге капитал болатынын*, ал бір бұйым қолдан-қолға өткенде, оған бастан-аяқ түрліше ат қойылатынын көреміз» (I, 84), яғни оған біресе «капитал» деген ат, біресе «табыс» деген ат қойылатынын көреміз. «Бірақ бұларды шатастырғанымыз хатө болады» дейді Сисмонди. (*leur confusion est ruineuse*, p. 477). «Қоғамдық капитал мен табысты айыра білу қаншалық қиын болса, олардың арасындағы айырмашылық та соншалық маңызды нәрсе» (I, 84).

Сисмондидың қиын деп отырғанының мәнісі неде екенін оқушы байқаған болар: егер белгілібір тұтыну заттарына* жұмсайтын өзінің келтірген пайдасы кейбір жеке кәсіп иесінің табысы болатын болса, кейбір жеке жұмысшының пайдасы оның жалақысы болатын болса, онда «қоғам табысын» шығару үшін бұл табыстарды бір-біріне қосуға бола ма? Олай болғанда, мәселен, машина өндіретін капиталистер мен жұмысшылардың жайы қалай болмақ? Олардың өндіретін өнімдері тұ-

* Дәлірек айтқанда: пайданың қор жыйнауға жұмсалмайтын бөлімі.

тынуға болмайтын (яғни адамның жеке басына тұтынылмайтын) түрде болады. Ол өнімді тұтыну заттарына апарып қосуға болмайды. Бұл өнімдер — капитал болуға арналған. Демек, ол өнімдер өз өндірушілері үшін *табыс* болып (табыс болғанда, оның пайда мен жалақының орнын толтыратын бөлегі табыс болады), сатып алушылар үшін *капиталға* айналады. Қоғамдық табыс деген ұғымды анықтауға кедергі жасайтын бұл былықты қалай түсіну керек?

Сисмондидың, мәселені қарауға кірісе салысымен-ақ, мынау «қыйын мәселе» екен дегенге салынып, одан сол сағатында бас тартқанын біз жоғарыда көрдік. Ол турадан-тура: «әдетте жұрт табыстың: рента, пайда және жалақы деген үш түрі бар екенін мойындайды» (I, 85) дейді, сөйтіп олардың әрқайсысы жөніндегі А. Смиттің ғылымын қайталап айтуға көшеді. Қоғам капиталы мен табысының айырмашылығы туралы қойылған сұрауға жауап берілмей қалды. Мәселенің бұдан былайғы баяндалуында қоғамдық табыстың жеке табыстан ерекше айырымы көрсетілмейді. Бірақ өзінің қарамай кеткен мәселесіне Сисмонди тағы қайта оралып отыр. Табыстың алуан түрлері болғаны сыяқты, «байлықтың да неше алуан түрлері» (I, 93) бар дейді ол, атап айтқанда, олары: *негізгі капитал* — машиналар, өндіріс құралдары, тағы басқалар; *айналмалы капитал* — алғашқыға қарағанда тез жұмсалып және түрі өзгеріп отыратын капитал (тұқым, шикі заттар, жалақы), ақырында, *капиталдан түсетін* табыс, бұл ұдайы өндіріске түспей, тұтынуға кетіп отырады. Бұл арада бізге керегі: негізгі капитал мен айналмалы капитал жөніндегі ғылымда Смиттің жасаған хателерінің бәрін Сисмондидың тағы қайталап отырғаны емес, қайталағанда айналу процесіне тән бұл категорияларды өндіріс процесінен туатын категориялармен (тұрақты және өзгермелі капитал) шатастырып отырғандығы емес. Бізге керегі Сисмондидың табыс туралы ғылымы. Сонымен бұл мәселе жөнінде байлықтың жаңағы көрсетілген үш түрге бөлінуінен ол мынадай қорытынды жасайды:

«Айта кету қажет, байлықтың бұл үш түрі бірдей тұтынылады; өйткені өндірілген нәрсенің бәрінің де

адам үшін кұнының болатын себебі, оның бәрі адамның керектерін өтейді, ал ол керектер тек тұтыну арқылы ғана қанағаттандырылады. Бірақ негізгі капитал адамның керегін жанама түрде өтейді (*d'une manière indirecte*); негізгі капитал, адамның тұтынатын нәрсесін өндіруде адамға көмек етіп, бірте-бірте жайлап тұтынылады (I, 94—95), ал айналмалы капитал (Сисмонди оны өзгермелі капиталмен теңеп отыр), *жұмысшының тұтыну қорына*» (I, 95) айналып отыр. Сонда, демек, жеке тұтынуға қарағанда, *қоғамдық тұтыну* екі түрлі болып шығады. Қоғамдық тұтынудың бұл екі түрінің бірінен бірінің өте зор айырмашылығы бар. Мәселе, әрине, негізгі капиталдың бірте-бірте жайлап тұтынылатынында емес, мәселе оның қоғамның бірде-бір табы үшін *табыс* (тұтыну қорын) кұрамай тұтынылатындығында, оның адамның қара басына тұтынылмай, өнім өндіру үшін тұтынылатындығында. Бірақ Сисмонди мұны көрмей отыр, сөйтіп қоғамдық капитал мен табыстың арасындағы айырмашылықты іздеймін деп жүріп тағы да адасқанын сезіп*, ол дәрменсіз түрде былай дейді: «Байлықтың бұл қозғалысы аса абстракт нәрсе, оны әбден ұғынып алу үшін (*pour le bien saisir*) ол аса күшті назар аударуды керек қылады, сондықтан біз ең оңай мысал алып қарауды пайдалы деп білеміз» (I, 95). Шынында да «ең оңай» мысал алынып отыр: өз алдына бөлек тұратын фермер (*un fermier solitaire*) егістігінен 100 қап бидай алған; оның бірсыпырасын фермер тұтынған, бірсыпырасы тұқымға кетеді, бірсыпырасы жалдап алынған жұмысшылардың тұтынуына кетеді. Енді келесі жылы 200 қап бидай алды. Оны кім тұтынады? Фермердің семьясы оның бәрін тұтынарлықтай тез өсіп кете қоймайды. Негізгі капитал (тұқым) мен айналмалы капиталының (жалақы) және фермердің тұтыну қорының арасындағы айыр-

* Атап айтқанда Сисмонди әлгіде ғана *капиталды табыстан* бөліп алып қараған еді. Біріншісі өндіріске жұмсалады, екіншісі тұтынуға жұмсалады деген. Бірақ әңгіме қоғам туралы болып отыр ғой. Ал қоғам негізгі капиталды да «тұтынады» ғой. Жоғарыда келтірілген айырмашылық былай қалып қойды, сөйтіп «біреу үшін капитал» болатын нәрсені «екінші біреу үшін табыс» ететін қоғамдық-шаруашылық процесс анықталынбай қалып отыр.

машылықты осы мысалмен (тым орынсыз мысалмен) көрсете келіп, Сисмонди былай дейді:

«Біз жеке бір семьядағы байлықтың үш түрін анықтадық; енді оның әрбір түрінің бүтін бір ұлтқа қатысты жағын алып қарап, байлықтың бұлай бөлінуінен ұлттық табыстың қалай туатынын тексеріп көреміз» (I, 97). Бірақ мұнан кейінгі небар айтатыны мынау ғана: қоғам ішінде де байлықтың сол үш түрінің: негізгі капиталдың (Сисмонди бұл жерде негізгі капиталға белгілібір мөлшерде еңбек жұмсауға тура келеді дегенді көрсетеді, бірақ ол негізгі капиталды өндіріп жатқан капиталистер мен жұмысшыларға қоректі тұтыну заттарына негізгі капиталдың қалай алмастырылатынын түсіндірмейді?); онсоң шикі заттың (бұл арада Сисмонди оны ерекше көрсетеді); онан кейін жұмысшылардың күн көруіне қоректі қаражат пен капиталистердің алатын пайдасының жаңғыртылып отырылуы қажет. Міне IV тарауда айтылған нәрселер осылар. Бұл арада ұлттық табыс туралы мәселенің шешілмей қалып отырғаны айқын нәрсе, ал табыстың бөлінуін Сисмондидың тексеріп қарастырмағаны былай тұрсын, ол тіпті табыс деген ұғымды да тексермеген. Қоғамның негізгі капиталын да жаңғыртып отырудың қажет екендігін көрсету теория жағынан зор маңызды нәрсе екенін Сисмонди лезде ұмытады да, келесі тарауда «азаматтардың түрлі таптарының арасында ұлттық табыстың бөлінуі» туралы сөз қылып (с. V), ол табыстың үш түрі бар дегенді ашық айтады және, рента мен пайданы бірге қосып, ұлттық табыс екі бөлімнен: байлықтан түсетін пайда (яғни дәл мағнасын алғанда рента мен пайда) мен жұмысшылардың күн көру қоректерінен құралады (I, 104—105), дейді. Ол-ол ма, Сисмонди былай дейді:

«Дәл сол сыяқты жылдық өнім немесе ұлттың бір жыл ішінде істеген барлық жұмыстарының нәтижесі де екі бөлімнен құралады: біреуі... бұл — байлықтан шығатын пайда; екіншісі — еңбек ету қабілеттілігі (*la puissance de travailler*), еңбек ету қабілеттілігі байлықтың өзі айырбасталатын бөліміне немесе еңбекші таптардың күн көру қоректеріне теңбе-тең болса керек». «Сөйтіп,

ұлттық табыс пен жылдық өнім өзара теңгермеленіп, бір мөлшерлі нәрсе болып шығады. Бүкіл жылдық өнім бір жылдың ішінде тұтынылып бітеді, тұтынғанда оның біразын жұмысшылар тұтынады, олар оның орнына өзінің еңбегін сіңіріп, оны капиталға айналдырады, оны жаңалап өндіріп отырады; біразын капиталистер тұтынады, олар тұтынылған өнімнің орнын табысымен жауып, одан дәнеңе қалдырмайды» (I, 105).

Сонымен, Сисмондидың өзі аса маңызды және қыйын мәселе деп айқын мойындаған ұлттық капитал мен табысты айыра білу жөніндегі мәселені ол тектен-текке елеусіз қалдырып, бұдан бірнеше бет бұрынырақ айтылған нәрсені мүлде ұмытып отыр! Сөйтіп Сисмонди бұл мәселені елеусіз қалдырып, өзінің мүлде маңасыз жағдайға ұшырағанын байқамай отыр. Өнім өндіру үшін капитал керек болып отырғанда, дәлірек айтқанда, өндіріс құрал-жабдықтары мен өндіріс құралдары керек болып отырғанда жылдық өнім қалайша түгелімен табыс ретінде жұмысшылар мен капиталистердің тұтынуына кетеді. Өндіріс құрал-жабдықтары мен құралдарын өндіру керек, олар жыл сайын өндіріліп те отырады (мұны Сисмондидың өзі де әлгіде ғана мойындаған). Міне сонымен өндіріс құралдары, шикі заттар, тағы басқаларының бәрі аяқ астынан есептен шығарылады да, сөйтіп капитал мен табыстың айырмашылығы жөніндегі «қыйын» мәселе — жылдық өнім ұлттық табысқа тең болады деген ешнәрсеге жанаспайтын дәлелмен шешіле салынады.

Капиталистік қоғамның бүкіл өндірісі екі бөлімнен — жұмысшылар бөлімі (жалақы, немесе қазіргі терминология бойынша өзгермелі капитал) мен капиталистер бөлімінен (үстеме құн) құралады деген бұл теория Сисмондидың айрықша белгісі бола алмайды. Ол теория оның теориясы емес. Ол тіпті бірнеше адым артқа шегініп, ол теорияны түгелімен Адам Смиттен алды. Бұдан былайғы саяси экономияның бәрі де (Рикардо, Милль, Прудон, Родбертус) осы хатені қайталады, бұл хатені II томның III бөлімінде «Капиталдың» авторы ғана әйгілеп ашып берді. Біз оның көзқарастарының негізін төменде баяндаймыз. Ал қазір бұл хатені біздің халық-

шыл-экономистердің де қайталап отырғанын айта кетейік. Оларды Сисмондимен салғастырудың айрықша маңызы болатын себебі, халықшыл-экономистер осы хате теориядан тура Сисмондидың жасаған қорытындыларының дәл өзін жасап отыр*, атап айтқанда: капиталистік қоғамда үстеме күнды өткізудің мүмкін еместігі туралы; қоғамдық байлықты өркендетудің мүмкін еместігі туралы; ел ішінде үстеме күнның өткізіле алмайтындығы салдарынан сыртқы рынокке ұмтылудың қажеттігі туралы; акырында, өнімдерді әлгіде айтылған жұмысшылар мен капиталистердің тұтынуына сіңірудің мүмкін болмауынан туатын сыяқты болып көрінген дағдарыстар туралы қорытынды жасап отыр.

III

КАПИТАЛИСТИК ҚОҒАМДАҒЫ ЖЫЛДЫҚ ӨНІМНІҢ ЕКІ БӨЛІМІ ТУРАЛЫ
ХАТЕ ҒЫЛЫМНАН СИСМОНДИДЫҢ ЖАСАҒАН ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

Сисмондидың доктринасын оқушы түгелімен түсіну үшін біз ең әуелі оның осы теориядан шығарған басты-басты қорытындыларын баяндап шығамыз, ал содан кейін Сисмондидың негізгі хатесіне жасалған түзетуге көшеміз, бұл түзету Маркстің «Қапиталында» берілген.

Ең алдымен, Сисмонди Адам Смиттің бұл хате теориясынан: өндірілетін өнім тұтынуға сайма-сай келуге керек, өндірілетін өнім табыс арқылы белгіленеді деген қорытынды жасайды. «Өнім мен тұтынудың, шығын мен табыстың бірін бірі белгілеуі» деген VI тарау түгелімен осы «ақыйқатты» (капиталистік өндірістің сыйпатын мүлде түсінбеушілікті көрсететін «ақыйқатты») бастан-аяқ түсіндіруге арналған. Сисмонди үнемшіл шаруаның моралін турадан-тура капиталистік қоғамға қолданады да, мұнымен ол Смиттің ғылымына түзету енгіздім деп ойлайды. Шығармасының ең басында, кіріспе бөлімінде (I кітабы, ғылым тарихы) Адам Смит жөнінде айта келіп, ол: «тұтыну — қор жыйнаудың бірде-бір мақсаты» (I, 51) деген қағыйдамен Смиттің ғылымын «толықтырып отырмын» дейді. «Тұтыну

* Адам Смиттің хатесін қайталаған басқа экономистердің ондай қорытындылар жасамауы орынды болған.

ұдайы өндірісті белгілейді» (I, 119—120), «ұлттық шығын ұлттық табысты реттеп отыруға тиіс» (I, 113) дейді ол; осы сықылды қағыйдалар шығарманың өнбойына толған. Сисмондидың доктринасының осыған тікелей байланысты тағы да бір айрықша екі белгісі бар: 1-ден, капитализмнің дамуына сенбеушілік, капитализмнің өндіруші күштерді арттырған үстіне арттыра беретінін түсінбеушілік, өндіруші күштердің арту мүмкіндігін бекер деушілік, — дәл осылай, орыс романтиктері де капитализм еңбекті, тағы сондайларды ысырап етеді деп «үйретеді».

«Шексіз өндіре беруді қолдайтын адамдар хателеседі», дейді Сисмонди (I,121). Өнімнің табыстан артып кетуі асыра өндіруді туғызады (I, 106), дейді. Байлық «бірте-бірте жайлап өскенде ғана, оның өсуі өзіне өзі тең болғанда ғана, оның бөлімдерінің бірде-біреуі өлшеусіз тез дамып кетпеген күнде ғана» (I, 409) байлықтың өсуі тиімді болады, дейді. «Теңбе-тең білмаған» даму — даму емес (біздің халықшылдар да осылай ойлайды), дамудың теңбе-тең болмай отырғандығы — қоғамдық шаруашылықтың қазіргі құрылысының және оның қозғалысының заңы емес, заң шығарушының, тағы басқалардың «хатесі», мұның өзі жалған бағытпен кеткен Англияның европалық үкіметтерінің жасанды еліктеуі деп ойлайды қайырымды Сисмонди*. Сисмонди классиктер ұсынған және Маркстің теориясы толық қабылдаған қағыйданы, атап айтқанда өндіруші күштерді капитализмнің дамытатындығын мүлде теріске шығарды. Ол-ол ма, — Сисмонди, қор жыйнау процесін түсіндіру мүлде қолынан келмегендіктен, қор жыйнаудың қандай болса да «аз-аздан» ғана жүзеге асырылуға тиіс деген қорытындыға келеді. Бұл оның көзқарастарының екінші бір аса айрықша белгісі. Оның қор жыйнау жөнінде айтқан пікірі әбден күлкілі пікір:

«Сайып келгенде быйылғы жылы өндірілген өнімнің

* Мысалы, II, 456—457-беттерді, тағы басқа бірсыпыра жерлерін қараныз. Төменде біз олардың шамалы үлгілерін келтіріп өтеміз, сонда оқушымыз Н. — он мырза сыяқты біздің романтиктердің сөйлеу әдісінің де Сисмондидан ешбір айырмасы жоқ екенін көреді.

суммасы қашанда өткен жылғы өндірілген өнімнің суммасына ғана айырбасталады» (I, 121). Бұл жерде қор жыйнау ісі мүлде жоққа шығарылып отыр: сонда капитализм тұсында қоғам байлығының өсуі мүмкін емес сияқты болып шығады. Бұл қағыйда орыс оқушысын оншама таңқалдырмайды, өйткені ол мұны В. В. мырза мен Н. — он мырзадан да естіген болатын. Бірақ солай болғанмен де Сисмонди Смиттің шәкірті еді. Ол өзінің мүлде орынсыз нәрсені айтып отырғанын сезіп, онысын түзегісі келеді:

«Егер өнім жайлап бірте-бірте көбейетін болса, — дейді онан соң ол, — онда әрбір жылғы айырбас жыл сайын азғана ғана зыян шектіреді (*une petite perte*). сонымен бірге келешекке жақсы жағдай жасап та отырады (*en même temps qu'elle bonifie la condition future*) Егер бұл зыян жеңіл болып, дұрыс бөлінетін болса, онда жұрттың бәрі бұған ренжімей-ақ көнеді... Ал егер жаңа өндірілген өнім мен онан бұрынғы өндірілген өнімнің арасындағы үйлеспеушілік зор болатын болса, онда капиталдар кұрылды (*sont enlappés*) азап шегу күйзелушілік туады, сөйтіп ұлт алға басудың орнына кері кетеді» (I, 121). Романтизм мен ұсақ-буржуазиялық көзқарастың капитализм жөніндегі негізгі қағыйдасын осы тирадада айтылғандағыдан гөрі айқынырақ және дәлірек айтып беру қыйын нәрсе. Қор жыйнау ісі неғұрлым тез жүрсе, яғни өндірілетін өнім тұтынудан неғұрлым тез артып отырса, — соғұрлым жақсы болмақ, деп үйреткен классиктер; бұлар қоғамдағы капитал өндіру процесін түсіне білмесе де, қоғамдық өнім екі бөлімнен кұралады деген Смиттің хате пікірінен арыла алмағанмен де: өндіріс өзіне өзі рынок жасайды, тұтынудың мөлшерін өзі белгілейді деген әбден дұрыс қағыйда шығарды. Қор жыйнау жөніндегі мұндай көзқарасты Маркстің теориясы да классиктерден қабылдағаны өзімізге мәлім, қабылдағанда: байлық неғұрлым тез өссе, еңбектің өндіруші күштері мен оның қоғамдастырылуының да соғұрлым толық өрістейтінін, *жұмысшының тұрмыс-күйінің* қоғамдық шаруашылықтың қазіргі системасында жақсаруы мүмкін болғанынша жақсара алатынын мойындай

отырып қабылдады, Романтиктер бұған тура кері пікірде және өздерінің бар үміттерін капитализмнің нашар дамуына артады, капитализмнің дамуын *кідіртуге* шақырады.

Онан соң, өндірістің өзіне рынок кұратындығын түсінбеушіліктен барып үстеме кұнды өткізу мүмкін емес деген ғылым туады. «Табыс өнімді ұдайы еселеп әндіруден шығады, бірақ *өндірілген өнім сол қалпында табыс болып есептелмейді*: өндірілген өнім өткізілгеннен кейін ғана, әрбір өндірілген бұйымды тұтынатын адам табылғаннан кейін ғана, тұтынатын адам болғанда, сол бұйымға мұқтаж немесе сол бұйымнан өзіне рахат табатын (*qui en avait le besoin ou le désir*) адам табылғаннан кейін ғана ол өнім табыс деген ат алады (*се пом!* Сөйтіп, өндірілген нәрсенің, яғни өнімнің табыстан айырмашылығы сөз жүзінде ғана екен!), табыс болып саналады (*elle n'oréte comme tel*) (I, 121). Сонымен, табысты «өнімге» (яғни өндірілген нәрсенің бәріне) ұқсатудан өнімнің өткізілуін *адамның жеке басының* тұтынуына ұқсату туады. Мәселен, темір, көмір, машина, тағы сол сыяқты өнімдердің, жалпы өндіріс кұрал-жабдықтарының басқаша жолмен өткізілетінін Сисмонди ұмытып кеткен; бұрын ол бұл мәселеге бой салып кіріссе де ұмытып кеткен. Өнімнің өткізілуін *адамның жеке басының* тұтынуына ұқсатушылықтан: капиталистер нақ *үстеме кұнды* өткізе алмайды, өйткені қоғамдық өнімнің екі бөлімінің ішінен жалақыны жұмысшылар өзінің тұтынуы арқылы жұмсап бітіреді деген ғылымның тууы табиғи нәрсе. Сисмонди да шындығында осы қорытындыға (кейіннен Прудон неғұрлым толығырақ ұлғайта түскен және біздің халықшылдар үнемі қайталап отырған қорытындыға) келген. Мак-Куллохпен айтысқанда Сисмонди: Мак-Куллох (Рикардонь баяндай отырып) пайданың қалай орналастырылатынын түсіндірмейді дегенді көрсетіп өтеді. Мак-Куллох: қоғамдық еңбек бөлінген кезде бір өнім екінші түрлі өнімге рынок болады, өйткені астық өндіруші адамдар товарларын киім-кешек өндіретіндердің өніміне ауыс-

тырып өткізеді және керісінше де болады деген *. Сисмонди былай дейді: «Автор еңбек пайда келтірмейді (*un travail sans bénéfice*), өнімді ұдайы еселеп өндіру тек *жұмысшылардың* тұтынған затының ғана орнын толтырады деп ойлайды» (II, 384, курсив Сисмондидікі)... «ол қожайынның үлесіне ешнәрсе қалдырмайды»... «біз жұмысшылардың өндірген өнімінің олардың тұтынуынан артып қалатындарының не нәрсеге айналатынын зерттеп отырмыз» (*ib.*). Сонымен біз бұл бастапқы романтиктің: капиталистер *үстеме құнды* өткізе алмайды деп әбден айқын айтып отырғанын көреміз. Бұл қағыйдадан Сисмонди тағы: *өнімді өткізудің тиісті шарттары бойынша капитализм үшін сыртқы рынок* керек болады деген қорытынды жасайды, — халықшылдардың да жасап жүргені дәл осы қорытынды. «Еңбектің өзі табыстың мәнді бөлегі болғандықтан, ұлтты анағұрлым кедейлендірмей тұрып, еңбекті керексіну дәрежесін кемітуге болмайды. Сондықтан өндірістің жаңа тәсілдерінің табылуынан келетін пайда әрқашан да дерлік *шет ел саудасынан* түседі» (I, 345). «Тұңғыш рет пәлендей-бір жаңалық өңізген ұлт ұзақ уақыттың ішінде өзінің рыногін кеңейтіп үлгіреді, кеңейткенде әрбір жаңалық ойлап шығарылған сайын қолы босап қалған жұмысшылардың санына қарап кеңейтеді. Ол ұлт босап қалған жұмысшыларды сол сағатында өнімді көптеп өндіруге пайдаланады, ұлттың ойлап шығарған жаңалығы ол өнімдерді арзан өндіруге мүмкіндік береді. Бірақ, түбінде, бүкіл цивилизациялы дүниенің бір рынок құратын және пәлендей-бір жаңа ұлт ішінен жаңа алушылар тауып алуға болмайтын заман туады. Ол кезде дүниежүзілік рынокте товарды керексіну өзгермейтін қалыпқа айналады (*precise*), бұл қалыпты түрлі өнеркәсіпті ұлттар бірінен бірі жеңіп

* „Nouveaux Principes“ ке берілген қосымшаны қараңыз, 2-басылуы, II том: «Eclaircissements relatifs à la balance des consommations avec les productions» («Өндірілген өнім мен тұтынудың балансына арналған түсінік». *Ред.*), онда Сисмонди Рикардоның шәкіртінің (Мак-Куллохтың): «Қоғамдағы тұтыну қабілеті әрқашан да өндіру қабілетімен бірге өсе ме деген мәселені зерттеу» деген атпен „Edinburgh Review“ те («Эдинбург Шолуы». *Ред.*) басылып шыққан мақаласын аударып, пікір таластырады.

алуға тырысады. Егер бір ұлт рынокке көп өнім түсіретін болса, онда бұл екінші ұлтқа зыян болып тиеді. Жалпы жұрттың тұрмыс-халі жақсармайынша немесе байлардың ғана иеленуінде болған товарлар кедейлердің тұтынуына жұмсалмайынша сатылатын товардың жалпы мөлшерінің көбеюі мүмкін емес» (II, 316). Сисмондидың доктринасы: сыртқы рынок жалпы өнім атаулыны, оның ішінде үстеме құнды өткізу жөніндегі қыйыншылықтан шығу жолы болады деген біздің халықшылдардың әбден жақсы ұғынып алған доктринасы екенін оқушымыз көріп отыр.

Ақырында, ұлттық табыстың ұлттық өніммен ұқсастығы жөніндегі нақ осы доктринадан Сисмондидың дағдарыстар жөніндегі ғылымы туды. Осы жоғарыда айтылғандардың бәрінен кейін Сисмондидың шығармаларының осы мәселеге арналған толып жатқан көп жерлерінен үзінді келтіріп жатуымыздың қажеті бола қоярма екен. Оның өнімді табыспен мөлшерлестіру керек деген ғылымынан өзінен-өзі мынадай пікір: дағдарыстың бәлуы да осындай сәйкестіктің бұзылуының нәтижесі, тұтынуды қуып жеткен өнімнің шектен тыс көп өндірілуінің нәтижесі деген пікір туды. Сисмондидың дағдарыстардың болуының негізгі себебі өнімнің тұтынумен жаңағыдай сәйкес келмеуінен деп санағаны, оның бержағында халық бұқарасының, жұмысшылардың жеткілікті түрде тұтынбауын бірінші орынға қойғандығы жаңағы келтірілген цитатадан айқын көрінеді. Сондықтан Сисмондидың дағдарыстар жөніндегі теориясы (бұл теорияны Родбертус та иемденіп жүр), дағдарыстар тұтынудың жеткіліксіздігінен туады (Unterkonsumption) дейтін теориялардың үлгісі ретінде, экономикалық ғылымда да мәлім теория.

IV

АДАМ СМИТ ПЕН СИСМОНДИДЫҢ ҰЛТТЫҚ ТАБЫС ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ХАТЕСІ НЕДЕ?

Сисмондидың осы қорытындыларының барлығына бастап әкелген негізгі хатесі неде?

Ұлттық табыс туралы және оны екі бөлімге (жұмыс-

шыларға тиесі бөлім мен капиталистерге тиесі бөлімге) бөлу туралы өзінің ғылымын Сисмонди түгелімен Адам Смиттен алған. Оның қағыйдаларына Сисмондидың еш-нәрсе қоспағаны былай тұрсын, оның үстіне ол, бір адым кері шегініп, Адам Смиттің бұл ұғымды теория жағынан дәлелдеуге жасаған әрекетін (сәті түспеген әрекет болса да) ауызға алмаған. Сисмонди жалпы өндіріс жөніндегі ғылымға келгенде бұл теорияның қайшылыққа кездескенін байқамаған сыяқтанады. Шындығына келгенде, кұнды еңбектен туғызатын теория бойынша, әрбір жеке өнімнің кұнына негізгі үш бөлім кіреді; олар: шикі зат пен еңбек кұралдарына шыққан шығынды өтейтін бөлім (тұрақты капитал), жалақыны немесе жұмысшыларға шығатын шығынды өтейтін бөлім (өзгермелі капитал) және «үстеме кұн» (Сисмондиша *plus-value*). Өнімнің кұнына қарай А. Смиттің бірлі-жарымды өнім жөнінде жасаған анализі осындай, Сисмонди да осыны қайталап отыр. *Бірлі-жарымды* өнімдердің жыйынынан кұралатын *қоғамдық* өнім қалайша осы соңғы екі бөлімнен ғана кұралады? Оның бірінші бөлімі — тұрақты капитал қайда кетті? деген сұрақ туады. Сисмондидың бұл сұрауға төңеректеп дұрыс жауап бере алмағанын жоғарыда өзіміз көрдік, ал А. Смит ол сұрауға дұрыс жауап берген. А. Смит былай деген: бұл бөлім дербес түрде бірлі-жарымды өнімде ғана болады. Ал егер бүкіл қоғамдық өнімді алып қарайтын болсақ, онда әлгі бірінші бөлім, өз ретінде, жалақы мен үстеме кұнға бөлінеді — атап айтқанда, осы тұрақты капиталды өндіретін капиталистердің алатын үстеме кұнына бөлінеді деген.

Бірақ мұндай жауап бергенде А. Смит, тұрақты капиталдың, тым болмаса машиналардың кұнының мұндай бөлінуінде тағы да тұрақты капиталдың, яғни біздің мысалымыздағы темірдің, машина жасап шығарылған темірдің, оны жасағанда қолданылған кұралдардың, тағы сондайлардың не себепті есепке кірмей қалғандығын түсіндірмеген. Егер әрбір өнімнің кұнында тұрақты капиталдың орнын толтыратын бөлім болатын болса (мұны экономистердің барлығы да мойындайды), онда ол бөлімді қоғамдық өндірістің қандай тарауынан

болса да шығарып тастау мүлде жөнсіздік болады. «А. Смит еңбек құралдарының өзі жалақы мен пайдаға бөлінеді дегенде, ол оған (дейді «Қапиталдың» авторы): құралдарды өндіруге пайдаланылған *сол тұрақты капиталға да* бөлінеді дегенді қоса айтуды ұмытып отыр. А. Смит бізді кūr-эншейін Понтийдан Пилатқа сілтеп отыр, бір өнімнен екіншіге, екіншіден үшіншіге жармасып дәлел келтіреді»³⁸, мұндай жылжытпадан мәселенің ешбір өзгермейтінін аңғармай отыр. Смиттің бұл жауабы (Маркске дейін болған саяси экономияның бәрі де қабылдаған жауабы) — тек міндеттен бой тартушылық, қыйыншылықтан бұлтарушылық қана. Бұл жөнде қыйыншылықтың бары да рас. Ол қыйыншылық мынада: капитал мен табыс деген ұғымды турадан-тура бірлі-жарымды өнімнен қоғамдық өнімге аударуға болмайтындығында. Қоғамдық тұрғыдан алып қарағанда «біреу үшін капитал болған нәрсе екінші біреуге табыс болады» (жоғарыда Сисмондидың айтқанын қараңыз) деп, экономистер мұны мойындап отыр. Бірақ бұл сөздер қыйыншылықты шешпейді, тек оны *тұжырымдап қана береді* *.

Бұл қыйыншылықтың шешілуі мынада: бұл мәселені қоғамдық тұрғыдан алып қарағанда, өнімдердің заттық түріне көңіл бөлмей өнім туралы жалпы сөз қылуға болмайды. Дұрысына келгенде, әңгіме қоғамдық табыс туралы, яғни тұтынуға түсетін өнім туралы болып отыр. Бірақ өнім атаулының бәрі бірдей жеке *адамның тұтынуы* ретінде тұтыныла бермейді ғой: машина, көмір, темір, тағы сол сыяқты бұйымдар адамның жеке басына тұтынылмай, өнім өндіруге тұтынылады ғой. Жеке кәсіп иесінің тұрғысынан қарағанда, мұндай айырмашылық жасау орынсыз болды: егер біз жұмысшылар өзгермелі капиталды тұтынады деген болсақ, оны біз: капиталистер жұмысшылардың жасап шығарған машиналары үшін алып, сол жұмысшыларға ақы ретінде төлеген

* Біз бұл жерде қыйыншылықты шешіп берген жаңа теорияның мәнін ғана келтіріп отырмыз, ал ол теорияны басқа бір жерде толығырақ баяндап шықпақшымыз. «Das Kapital» ды қараңыз. II, Band. III. Abschnitt («Қапитал», II том, III бөлім³⁹. *Ред.*) Неғұрлым толығырақ баяндауын «Қапитализмнің дамуының» I тарауынан қараңыз)⁴⁰.

ақшаға рынокте жұмысшылар тұтыну заттарын айыр-бастап алады дегенді еске алып айтып отырмыз. Бұл арада біз машиналардың осы астыққа айырбасталуын білгіміз келіп отырған жоқ. Ал қоғамдық тұрғыдан қарағанда мұндай айырбас *болады деп ойлауға* болмайды: машина, темір, тағы сондайларды өндіретін бүкіл капиталистер табы оларды сатып бітіреді, өнімдерін өсітіп өткізіп отырады деуге болмайды. Бұл жерде әңгіменің түйіні қоғамдық өнімнің барлық бөлімдері *қалай* өткізіледі, *яғни қалай* орналастырылады деген мәселеде болып отыр. Сондықтан қоғамдық капитал мен табыс туралы — немесе, бәрібір, капиталистік қоғамда өнімнің өткізілуі туралы — сөз қылғанда бастама пункт болатын нәрсе: қоғамдық өнімнің мүлде өзгеше екі түрін — *өндіріс құрал-жабдықтары мен тұтыну заттарын* — бірінен бірін айыра білу болуға тиіс. Алғашқылары тек өнім өндіру үшін ғана тұтынылады, соңғылары адамның жеке басына ғана тұтынылады. *Алғашқылары тек капитал орнына жүреді, соңғылары табыс болуға тиіс, яғни жұмысшылар мен капиталистер тұтынып бітіруге тиіс. Алғашқылары бүтіндей капиталистердің сыбағасына тиеді, соңғылары — жұмысшылар мен капиталистердің үлесіне түседі.*

Қоғамдық өнімнің екіге бөлінуі ұғынылып, қоғамдық өнімнен оның тұрақты бөлімін (яғни тұрақты капиталдың орнын тұрғызатын бөлімін) шығарып тастаған А. Смиттің хатесі түзетілгеннен соң, капиталистік қоғамда өнімді өткізу жөніндегі мәселе түсінікті болып шығады. Әрине, жалақы жұмысшылардың тұтынуы арқылы орналастырылады, ал үстеме күн капиталистердің тұтынуы арқылы орналастырылады, *осымен ғана іс бітеді* деуге болмайды*. Жұмысшылар жалақыны тұтынғанда, ал капиталистер үстеме күнды тұтынғанда, өнім тұтыну заттары болған күнде ғана, яғни қоғамдық

* Ал біздің халықшыл экономистеріміз, В. В. мен Н. — он мырзалар дәл осылай түсінеді. Біз жоғарыда, өнім өндіруге тұтыну мәселесі мен адамның жеке басының тұтынуы жөніндегі мәселенің маңында, тұтыну заттары мен өндіріс құрал-жабдықтары жөніндегі мәселенің маңында (А. Смит бұлардың арасындағы айырмашылығын Сисмондидан гөрі дәлірек көрсетті) Сисмондидың адасқандықтарына әдейі ерекше толық тоқталдық. Өйткені біз оқу-

өндірістің бір бөлшегі болған күнде ғана тұтына алады. Өндіріс құрал-жабдықтарынан құралатын өнімді олар «тұтына» алмайды: оны *тұтыну заттарына айырбастау керек*. Ал олар өздерінің өнімін тұтыну заттарының дәл қай бөліміне (құнына қарай) айырбастай алады? Сірә, тек *тұрақты бөліміне* ғана (тұрақты капиталға) айырбастай алатын болуы керек, өйткені қалған екі бөлімі тұтыну заттарын өндіретін жұмысшылар мен капиталистердің тұтыну қоры болады. Бұл айырбас, өндіріс құрал-жабдықтарын жасап шығаратын өндірістерде үстеме құн мен жалақыны орналастыра отырып, сонымен қатар тұтыну заттарын жасап шығаратын өндірістердегі тұрақты капиталды да орналастырады. Шынына келгенде, айталық, қант өндіретін капиталисте өнімнің тұрақты капиталдың (яғни шикі зат, көмекші материалдар, машиналар, үй, тағы басқаларының) орнын тұрғызатын бөлімі *қант* түрінде болады. Өнімнің бұл бөлімін өткізу үшін осы тұтыну затының орнына тиісті мөлшерде *өндіріс құрал-жабдықтарын* алу керек. Олай болса, өнімнің бұл бөлімі *тұтыну затын өндіріс құрал-жабдықтары* болған өнімдерге айырбастау арқылы өткізіледі. Енді қоғамдық өнімнің тек бір ғана бөлімінің, атап айтқанда: өндіріс құрал-жабдықтарын жасап шығаратын бөлімшедегі тұрақты капиталдың қалай орналастырылатындығы түсіндірілмей қалып отыр. Өнімнің бұл бөлімі бір жағынан өнімнің бірсыпырасының заттай күйінде қайтадан өндіріске жұмсалуды арқылы орналастырылады (мәселен, тас көмір кәсіп зрнының өндірген көмірінің бірсыпырасы қайтадан көмір шығаруға жұмсалады; фермерлердің алған астығының бірсыпырасы қайтадан егіс егуге жұмсалады, т. с.); ал бір жағынан ол осы бөлімшедегі жеке капиталистердің арасында айырбас жүргізілу арқылы орналастырылады: мәселен, темір өндіру үшін тас көмір керек, ал тас көмір өндіру

шыға: хате теорияның *өнегелі* өкілдерінің ол теорияның қанағаттанарлықсыз теория екенін *сезгендіктерін*, қайшылықты көргендіктерін, одан құтылуға әрекет жасағандықтарын көрсеткіміз келді. Ал біздің «өзімен өзі болған» теоретиктеріміздің ешнәрсені көрмейтіні, ешнәрсені сезбейтіні былай тұрсын, тіпті олар өздерінің ынта салып сөз ғып жүрген мәселесінің теориясын да, тарихын да білмейді.

үшін темір керек. Осы өнімдердің екеуін де өндіретін капиталистер, бұл өнімдердің өздерінің тұрақты капиталының орнын тұрғызатын бөлімін өзара айырбастау арқылы орналастырып отырады.

Бұл анализ (мұны біз жоғарыда көрсетілген себептен тағы айтамыз, нағыз қысқа түрде баяндап отырмыз) барлық экономистер мойындаған қыйыншылықты, олар: «біреу үшін капитал болатын нәрсе, екінші біреуге табыс болады» деген сөзбен көрсеткен қыйыншылықты шешіп берді. Бұл анализ қоғамдық өнімді адамның жалаң өз басының тұтынуына ғана таңудың бүтіндей хате екендігін көрсетті.

Енді біз Сисмондидың (және басқа романтиктердің) өзінің хате теориясынан жасаған қорытындыларын тексеріп шығуға көшеміз. Бірақ алдымен осы анализді жасаған адамның Сисмонди туралы айтқан пікірін келтіріп өтейік; анализді жасаған адам бұл пікірді айтқанда: Смиттің өзінің қайшылығын ақтап шығуға әрекеттенгені жөнінде ләм демей, Сисмонди титтей де нәрсе қоспаған А. Смиттің теориясын әбден толық, барлық жағынан түгел тексеріп өткеннен кейін айтқан:

«Қапиталдың табысқа қатысын әдейілеп қарап шығуға басын қатырып, іс жүзінде бұл қатнастың ерекше сыйпаттамасын өзінің „Nouveaux Principes“ терінде *differentia specifica** ға айналдырып, Сисмонди *бір де* (курсив автордікі) ғылыми сөз айтқан жоқ, мәселені шешуге титтей де нәрсе енгізген жоқ» („Das Kapital“, II, S. 385, 1-te Auflage**).

V

КАПИТАЛИСТІК ҚОҒАМДАҒЫ ҚОР ЖЫЙНАУ

Хате теориядан жасалған ең алғашқы хате қорытынды қор жыйнау жөнінде болып отыр. Сисмонди капиталистік қор жыйнауды мүлде ұғынбаған, бірақ ол бұл мәселе жөнінде Рикардомен қызу талас жасағанда, асылында, Рикардоның пікіріне қосылған болып шық-

* — айрықша белгі. *Ред.*

** — «Қапитал», II том, 385-беті. I-басылуы⁴¹. *Ред.*

ты. Рикардо өндіріс өзіне өзі рынок жасайды дегенді айтты, ал Сисмонди мұны теріс деп білді, осындай теріс бағытпен дағдарыстар жөнінде өзінің теориясын шығарды. Рас, жоғарыда көрсетілген Смиттің негізгі хатесін Рикардо да түзей алмады, сондықтан ол қоғамдық капиталдың табысқа қатысы жөніндегі мәселені және өнімді орналастыру жөніндегі мәселені (Рикардо бұл мәселелерді қараған да жоқ) шеше алмады, — бірақ ол қор жыйнау дегеніміз өнімнің табыстан асып түсуінен жыйналады деген мүлде даусыз фактыны көрсете отырып, буржуазиялық өндіріс әдісінің шын мәнін біле білгендей сыйпаттап берді. Ең соңғы кездегі жасалынған анализдің тұрғысынан қарағанда, мұның өзі осылай болып та отыр. Шынында да, өндіріс өзіне өзі рынок жасайды: өндіріске өндіріс құрал-жабдықтары керек — ал ол құрал-жабдықтар қоғамдық өнімнің айрықша тарауы болып саналады; қоғамдық өнімнің бұл тарауында айрықша өнім өндіретін белгілі мөлшерде жұмысшылар жұмыс істейді; бұл айрықша өнім жарым-жартылап қоғамдық өнімнің осы тарауының өз ішінде орналастырылады, жарым-жартылап басқа тараумен — тұтыну заттарын өндіретін өндіріспен айырбас жасау арқылы орналастырылады. Қор жыйнау дегеніміз шынында да өнімнің табыстан (тұтыну заттарынан) асып түсуінен жыйналады. Өндірісті ұлғайту үшін (терминнің дәл мағынасында алғанда «қор жыйнау» үшін) алдымен өндіріс құрал-жабдықтарын өндіру қажет*, ал, олай болса, бұл үшін қоғамдық өнімнің өндіріс құрал-жабдықтарын істеп шығаратын бөлімінің кеңеюі керек, *бұған қазірдің өзінде тұтыну заттарына мұқтаж болып жүрген жұмысшылардың тартылуы керек. Демек, «тұтыну» «қор жыйнаудың артын ала немесе «өндірілетін өнімнің» артын ала ұлғайып отырады, — бұл қаншалық ғажап болып көрінгенмен де, капиталистік қоғамда осы-*

* Бұл өндіріс құрал-жабдықтарын айқын түрде жеке семьяға бөліп шығарған және қоғам үшін де оларды осы түрде бөліп шығармақшы болған Сисмондидың бұл мәселеге қалай қарағанын оқушының есіне сала кетеміз. Дұрысын айтқанда, Смиттің айтқанын тек қана қайталап айтып отырған Сисмонди бұл мәселемен шұғылданған жоқ, мұнымен Смит «шұғылданды».

лай болмауға мүмкін емес. Демек, капиталистік өнімнің бұл екі бөлімінің дамуында біркелкіліктің болуы міндетті еместігі былай тұрсын, қайта, біркелкісіздіктің болуы сөзсіз нәрсе. Тұрақты капитал өзгермелі капиталдан тез өседі, яғни жаңадан құралатын капиталдардың неғұрлым көпшілігі қоғамдық шаруашылықтың өндіріс құрал-жабдықтарын істеп шығаратын бөліміне айналады, міне капиталдың даму заңы осындай болады, мұның өзі жүртқа мәлім нәрсе. Демек, қоғамдық шаруашылықтың өндіріс құрал-жабдықтарын істеп шығаратын бөлімі тұтыну заттарын істеп шығаратын бөлімнен лажсыз тезірек өседі, яғни Сисмондидың «мүмкін емес», «хауіпті нәрсе», тағы сондай дегендерінің дәл өзі келіп шығады. Демек, адамның өз басының тұтынуына кететін өнімдердің капиталистік өндірістің жалпы жыйынында алатын орны барған сайын кеми береді. Сонымен бұл жағдай капитализмнің тарихи «міндеті» мен оның айрықша әлеуметтік құрылысына толық үйлес келеді: біріншісі қоғамның өндіруші күштерін дамытады (өндіріс үшін өндіру); екіншісі оларды халық бұқарасына пайдаландырмайды.

Біз енді Сисмондидың қор жыйнау жөніндегі көзқарасына толық баға бере аламыз. Қордың тез жыйналуы апаттарға ұшыратады деген оның пікірі мүлде хатте пікір және қор жыйнау ісін түсінбегендіктен гана туатын пікір, сондай-ақ, өнім өндіру тұтыну дәрежесінен асып кетпейтін болсын, өйткені өнімнің мөлшерін тұтыну белгілейді деген толып жатқан мәлімдемелері мен талаптары да мүлде хатте болатын. Іс жүзіне келгенде мұның керісінше болып отыр, сондықтан Сисмонди тұрмыстың айрықша белгілі бір тарихи формасына келгенде одан құр әншейін сырт айналып, анализ жүргізудің орнына ұсақбуржуазиялық моральді тықпайлады. Әсіресе, Сисмондидың бұл моральді «ғылыми» сыйпаттамамен бүркеуге әрекет жасағаны адамның күлкісін келтіреді. «Сей және Рикардо мырзалар, — дейді ол „Nouveaux Principes“ тің 2-басылуына жазған алғысөзінде, — тұтыну ісі табыспен шектелетін болғандықтан... тұтынудың өндіріс шегінен басқа шегі жоқ деген доктринаға келді... Өндірушілердің табысы бар тұтынушыларға ғана арқа сүйеуі керек екенін ол мырзалар

өндірушілерге ескертуге міндетті болған болар еді» (I, XIII) *. Мұндай аңқаулық қазіргі уақытта тек кісінің күлкісін ғана келтіреді. Ал біздің осы күнгі В. В. және Н. — он мырзалар сыяқты романтиктеріміздің жазғандарында осындай нәрселер лық толы емес пе екен? Товар үшін рынок табыла ма? — «банк иелері осыны жақсылап ойлап көрсін»... (II, 101—102). «Жұрт байлықтың артуын қоғамның көздейтін мақсаты деп білгенде, — мақсатқа жету үшін әрдайым ешнәрсе аямайды» (II, 140). «Егер, еңбекті керексінуден желпініс күтудің орнына (яғни жұмысшылардың өнімді керек етуінен өндірісте туатын желпіністің орнына) біз оны бұрынғы өндіріс береді деп ойлайтын болсақ, — онда біз сағат жөнінде не істеген болсақ, нақ соны істеген болар едік, егер біз сағаттың шынжырлы тегершігін кейін шегерудің орнына (*la roue qui porte la chaînette*) басқа тегершігін кейін шегерген болсақ, — онда біз бүкіл машинаны қыйратып алып, оны жүргізбей тастаған болар едік» (II, 454). Сисмонди осылай дейді. Енді Николай — он мырзаның айтқанын тыңдайық. «Біз мұндай дамудың (яғни капитализмнің дамуының) ненің есесінен болатынын аңғармағанбыз, біз қандай өндіріс болса да оның нендей мақсат көздейтіндігін де ұмытып кеткенбіз... мұнымыз түпке жететін адасушылық...» (Н. — он, «Біздің реформадан кейінгі қоғамдық шаруашылығымыздың очерктері», 298). Бұл екі жазушының екеуі де капитализм туралы, капиталистік елдер туралы сөз ғып отыр; екеуі де капиталистік қор жыйнаудың мәнісін мүлдем түсінбейтіндіктерін көрсетіп отыр. Бірақ Николай — он жазу жұмысына Сисмондидан 70 жыл соң араласты деп ойлауға бола ма?

Капиталистік қор жыйнауды түсінбеушілік, өндірілетін бүкіл өнімді тұтыну заттарын өндіру ісіне апарып таңып, хателік жасаумен қалайша байланысатынын, —

* Жұртқа мәлім, жаңа теория бұл мәселе жөнінде (өндірістің өзіне өзі рынок жасайтын, жасамайтыны жөнінде) өндіріс өзіне өзі рынок жасамайды деп жауап берген романтизмге қарсы, өндіріс өзіне рынок жасай алады деп жауап берген классиктерге толық қосылды. «Капиталистік өндірістің нағыз шын шегі болатын нәрсе — капиталдың өзі» («Das Kapital», III, I, 231) («Капитал», III том, I бөлімі, 231-беті⁴². Ред.)

мұны Сисмондидың «Өндірісті арзандату жолындағы күрестің нәтижелері» (IV кітап: «Коммерциялық байлық туралы») деген VIII тарауда келтіріп отырған бір мысалы әбден айқын көрсетіп береді.

Сисмонди: мануфактура иесінің 15 000 франк пайда келтіретін 100 000 франк айналмалы капиталы бар, сол 15 000 франктің 6 000 франкі капиталға жамалатын процент болып капиталиске беріледі, ал 9 000 франкі фабрикантқа түсетін кәсіп иесінің пайдасы болады дейік, дейді. Фабрикант 100 жұмысшының еңбегін пайдаланады, олардың жалақысы 30 000 франк болады дейік. Он соң, капитал көбейіп, өндіріс («қор жыйнау») ұлғая-ақ қойсын. Енді 100 000 франктің орнына негізгі капиталға салынған капитал = 200 000 франк болсын, айналмалы капиталға салынғаны 200 000 франк болсын, барлығы 400 000 франк; одан келетін пайда мен процент = 32 000. + 16 000 франк, өйткені процент 6 проценттен 4 процентке дейін кеміді. Жұмысшылардың саны екі есе артты, бірақ олардың алатын жалақысы 300 франктен 200 франкке дейін кеміді — демек, небары 40 000 франк болды. Сөйтіп өндіріс төрт есе өсті*. Ал Сисмонди: «табыс» немесе «тұтыну заты» алғашында 45 000 франк еді (30 000 франк жалақы + 6 000 франк процент + 9 000 франк пайда), ал қазір 88 000 франк (40 000 франк жалақы + 16 000 франк процент + 32 000 франк пайда) болып отыр, деп қорытады. Сисмонди былай дейді: «Өнім өндіру төрт есе артты, ал тұтыну тіпті екі есе де артқан жоқ. *Машина жасап шығарған жұмысшылардың тұтынуын есепке алудың керегі жоқ.* Олардың тұтынға-

* «Жалақының кеміп, сонымен бірге жұмысшылар санының көбеюі бәсекенің алғашқы нәтижесі» (I, 403) — дейді Сисмонди. Бұл арада біз Сисмондидың жасаған есептерінің дұрыс емес жерлеріне тоқталып жатпаймыз: мәселен, ол негізгі капиталға келетін пайда 8 процент, айналмалы капиталға келетін пайда 8 процент болады, жұмысшылардың саны айналмалы капиталдың көбеюіне барабарлап болып артады (Сисмонди айналмалы капиталды өзгермелі капиталдан дұрыс ажырата білмейді), негізгі капитал түгелімен өнімнің бағасына енеді деп есептейді. Қазір мұның бәрінің де пәлендей қажеттігі жоқ нәрсе, өйткені бұдан шығатын қорытынды дұрыс қорытынды: капиталдың жалпы құрамында өзгермелі капиталдың мөлшерінің кемуі қор жыйнаудың қажетті түрдегі нәтижесі болады.

нын осыған жұмсалған 200 000 франк өтеп отыр; олардың тұтынғаны енді басқа мануфактураның есебіне кіреді, онда да осындай фактылар бар» (I, 405—406).

Сисмондидың есебі өндіріс ұлғайғанда табыстың кемітінін дәлелдеп отыр. Бұл даусыз факт. Бірақ Сисмонди өзі келтірген мысалы арқылы капиталистік қоғамдағы өнімнің орналастырылуы жөніндегі өзінің теориясының кұр далаға кететінін байқамай отыр. Оның машина жасап шығарған жұмысшылардың тұтынуын «есепке алудың керегі жоқ» деген пікірі сорақы пікір. Неге олай? Олай болатын себебі: 1-ден, олардың тұтынғанын 200 000 франк өтеп отыр. Демек, капитал өндіріс кұрал-жабдықтарын жасап шығаратын тарауға ауысқан, — Сисмонди мұны байқамай отыр. Демек, Сисмонди жоғарыда «шағындалуын» сөз ғып өткен «ішкі рынок» тұтыну заттарымен ғана бітіп-тынып қоймайды, сонымен қабат өндіріс кұрал-жабдықтарынан да кұралады. Бұл өндіріс кұрал-жабдықтары адам тұтынуы арқылы «орналастырылмайтын» өзіне айрықша өнім ғой, сондықтан қор жыйнау ісі неғұрлым тездеген сайын, капиталистік өнімнің адам тұтынуына жұмсалмай, өндірістік тұтынуға жұмсалатын өнімді беретін тарауы соғұрлым күшті дамайды. 2-ден, — деп жауап береді Сисмонди, — бұл басқа мануфактураның жұмысшылары, өзге мануфактурада да осындай фактылар бар (*ouí les mêmes faits pourrонт se représenter*). Көріп отырсыздар, мұның өзі Смиттің оқушыны «Понтиядан Пилатқа» сілтөгенін қайталағандық болып отыр. Бірақ осы «басқа мануфактураның» өзінде де тұрақты капитал пайдаланылады ғой, сондықтан тұрақты капиталдың өндірген өнімі де капиталистік өнімнің өндіріс кұрал-жабдықтарын жасап шығаратын тарауына рынок кұрып береді ғой! Біз мәселені бір капиталистен екінші капиталиске, екіншіден үшіншіге қаншама сырғытқанмен де, — бұдан капиталистік өнімнің әлгі тарауы жоғалып кетпейді, ал «ішкі рынок» те жалаң ғана тұтыну заттарына арналмайды. Сондықтан Сисмонди: «бұл есеп... саяси экономияда жұрттың аса қуаттанған аксиомаларының бірін, атап айтқанда, неғұрлым еркін бәсекенің болуы индустрияның неғұрлым тиімді болып дамуын белгілейді дейтін аксиоманы теріске

шығарады» (I, 407) дегенде, ол «бұл есептің» оның өзінің айтқанын да теріске шығаратынын байқамай отыр. Машинаның қолданылуы жұмысшыларды ығыстырып, олардың тұрмыс күйін нашарлататыны даусыз факт, ал бұл жағдайды алғаш көрсеткендердің бірі болған Сисмондидың еңбегі бар екені де даусыз. Бірақ мұның өзі оның қор жыйнау, ішкі рынок жөніндегі теориясының кілең хате теория болуына ешбір кедергі жасамайды. Ал Сисмондидың бұл есебі оның өзінің теріске шығарып қана қоймай, оның үстіне, қор жыйнау ісі мен өнім өндіру тұтынуға сәйкес келуге тиіс, олай болмаған күнде дағдарыс болады деп, тіпті капитализмге қарсы дәлел еткен жағдайының дәл өзін айқын көрсетіп отыр. Дәлдеп айтқанда, оның есебі: қор жыйнау мен өнім өндіру тұтыну *ды қуып жететінін, істің бұдан басқаша болуы мүмкін де емес екенін, өйткені қор жыйналғанда, көбінесе, «тұтынуға» кірмейтін өндіріс құрал-жабдықтарының есебінен жыйналатындығын көрсетіп отыр.* Сисмондидің әншейін хате болып көрінген нәрсе, Рикардоның доктринасындағы қайшылық болып көрінген нәрсе — атап айтқанда, қор жыйнау дегеніміз өнімнің табыстан артып кетуі деушілік, — дұрысында мұның өзі капитализмнің бойына біткен қайшылығын көрсете отырып, шындыққа толық сәйкес келетін нәрсе. Өнім өндірудің табыстан артып кетуі *өндіріс құрал-жабдықтары үшін жаңа рынок ашатын қор жыйнау атаулының бәрінде де қажетті нәрсе; өндіріс құрал-жабдықтары үшін жаңа рынок ашқанда тұтыну заттарының рыногін оған сәйкес түрде көбейтпей-ақ, тіпті бұл рынокті азайта отырып та ашуға болады**. Онсоң, еркін бәсекенің артықшылықтары жөніндегі ғылымды аластағанда, Сисмонди, кұрғақ оптимизммен бірге өзінің даусыз шындықты, атап айтқанда, еркін бәсекенің *қоғамның өндіргіш күштерін дамытатынын* лақтырып тастап отырғанын байқамай отыр; еркін бәсе-

* Жаңа капиталдың тұрақты және өзгермелі бөлімге қай түрде бөлінуіне қарай және өзгермелі капиталдың относительдік мөлшерінің кемуінің бұрынғы өндірілген өнімдерді қай түрде қамтыйтындығына қарай мұндай реттің мүмкін болатындығы да жоғарыда жасалған анализден өзінен өзі көрініп тұр.

кенің қоғамның өндіргіш күштерін дамытатындығы тағы да оның өзінің есебінен айқын көрініп отыр. (Дұрысында, мұның өзі өнеркәсіптің өндіріс құрал-жабдықтарын жасап шығаратын ерекше тарауының құрылу фактысының және оның өте-мөте тез дамуының екіншібір көрінісі ғана.) Қоғамның өндіргіш күштерінің бұлай дамуының тұтыну дәрежесінің дамуына сәйкес келмеуі, әрине, қайшылық болады, бірақ қайшылық болғанда дәл тұрмыста болып отырған қайшылық, капитализмнің шын мәнінің өзінен туып отырған және әсерлі сөздер айтумен жалтаруға болмайтын қайшылық.

Ал романтиктер бұдан нақ осылай жалтарып жүр. Сисмонди сыяқты әбден «заманы өткен» жазушының хателері жөнінде осы күнгі экономистерді құр босқа дәлелсіз кіналайды деп, оқушы бізден күдіктенбес үшін «ең жаңа» жазушы Н. — он мырзадан бір кішкене мысал келтірейік. Ол өзінің «Очерктерінің» 242-бетінде орыстың ұн тарту ісіндегі капитализм дамуы жөнінде пікір қозғайды. Жетілген өндіріс құралдары бар және еңбек өнімділігі екі еседен аса артқан ірі-ірі бу диірмендерінің шыққандығын (диірмендерді қайтадан оңдау ісіне 70-жылдардан бергі жерде 100 миллион сом шамасы қаражат жұмсалған) көрсете келіп, автор сөз ғып отырған оқыйғаны былай сыйпаттайды: «ұн тарту ісі дамыған жоқ, тек ірі кәсіп орындарына ғана жыйнақталды» дейді; сонсоң бұл сыйпаттаманы өнеркәсіптің *барлық* тарауларына қолданып (243-бетте), осыдан барып «қайсысында болмасын барлық реттерде де орасан көп қызметшілер жұмыстан босатылып, істеуге кәсіп таба алмай жүр» (243) және «капиталистік өндіріс халықтың тұтынуының есебінен өркендеді» (241) деген қорытынды жасайды. Оқушыдан сұрайықшы: мұндай пікірдің әлгінде келтірілген Сисмондидың пікірінен титтей де болса айырмашылығы бар ма? Бұл «ең жаңа» жазушы екі факт көрсетеді, онысы Сисмондидың келтірген мысалынан баяғы өзіміз көрген факт, бірақ нақ сондай әсерлі сөздер айтумен сол екі фактының екеуінен де жалтарып кетеді. 1-ден, оның келтірген мысалы, капитализмнің дамуы нақ өндіріс құрал-жабдықтарының есебінен болатынын көрсетеді. Мұның мәнісі капитализм қоғамның

өндіргіш күштерін дамытады деген сөз. 2-ден, оның келтірген мысалы, бұл дамудың капитализмнің бойына біткен қайшылықтардың айрықша жолымен жүретінін көрсетеді: тұтыну ісі өндірістің өсуіне бара-бар өспей тұрып (халықтың ішім-жемі нашарлайды), өндіріс дамып береді (100 миллион сом жұмсау — адам тұтынуы арқылы орналастырылмайтын өнімдерге арналған ішкі рынок), яғни өндіріс үшін өнім өндірілетін болады. Егер Н. — он мырза Сисмонди қарттың аңқаулығындай аңқаулықпен, бұл қайшылықты доктринаның қайшылығы ғана, «түпке жететін адасушылық» қана: «өндірістің түпкі мақсатын ұмытып кеткендігіміз ғана деп ұғатын болса, онда оның бұл қайшылықты тұрмыста болмайтын қайшылық деп ойлағаны!! «*Ұн тарту ісі дамыған жоқ, тек қана ірі кәсіп орындарына жыйнақталды*» деген сөздерден артық сөкет сөз болар ма? Бәлкім, Н. — он мырзаға дамуы *бір жерге жыйнақтау* жолымен жүрмей, *басқа жолмен жүретін* капитализм мәлім болар. Оның бізді мұндай «өзімен өзі болатын», өзінен бұрынғы бүкіл саяси экономияға мәлім болмаған капитализммен таныстырмағаны өкінішті нәрсе!

VI

СЫРТҚЫ РЫНОК—ҮСТЕМЕ КҰНДЫ ОРНАЛАСТЫРУДАҒЫ
„ҚЫЙЫНШЫЛЫҚТАН КҰТЫЛУДЫҢ ЖОЛЫ“

Капиталистік қоғамдағы қоғамдық табыс пен қоғамдық өнім жайындағы хате теориядан шығатын Сисмондидың ендігі хатесі — жалпы өнім атаулыны, оның ішінде үстеме құнды орналастырудың мүмкін еместігі туралы ғылым және оларды орналастырудың мүмкін еместігінің сәлдарынан сыртқы рыноктің қажет болатындығы туралы ғылым. Ал жалпы өнім атаулының орналастырылуына келетін болсақ, онда жоғарыда келтірілген анализден мынаны көреміз: оны орналастырудың «мүмкін еместігі» тұрақты капитал мен өндіріс құрал-жабдықтарын есепке алмай, хате істегендіктен ғана туып отырған нәрсе. Бұл хате түзетілген екен, — онда оны орналастырудың «мүмкін еместігі» де жойылады. Ал оның ішінде үстеме құн туралы да осыны айтуға

тура келеді: бұл анализ үстеме құнның орналастырылуын да түсіндіріп береді. Үстеме құнның орналастырылуы жағынан қарағанда, оны бүкіл өнімнен бөліп шығаруға ақылға сыйымды ешбір дәлел жоқ. Сисмондидың (және біздің халықшылдардың) бұдан басқаша дәлелдеуі — жалпы орналастыру ісінің негізгі заңдарын түсінбегендіктің, құнына қарай өнімнің үш бөлімі болатындығын (екі бөлім емес) және заттық түріне қарай өнімдердің екі түрі болатындығын (өндіріс құрал-жабдықтары мен тұтыну заттары) айыра білмегендіктің нәтижесі ғана. Капиталистер үстеме құнды тұтына алмайды деген қағыйда — жалпы өнім орналастыру жөніндегі Смиттің түсініспеушіліктерін топастықпен қайталағандық қана болады. Үстеме құнның тек *біразы* ғана тұтыну заттарынан құралады; ал өзгесі өндіріс құрал-жабдықтарынан құралады (мысалы, темір-заводшысының жасайтын үстеме құны). *Осы соңғы* үстеме құнды «тұтынғанда» *оны өнім өндіруге жұмсап барып* тұтынады; ал өндіріс құрал-жабдықтары түрінде өнім өндіретін капиталистердің өздері үстеме құнды тұтынбайды, басқа капиталистерден айырбастап алған *тұрақты капиталды* тұтынады. Сондықтан халықшылдар да үстеме құнды орналастырудың мүмкін еместігі туралы сөз қыла келіп, логика жағынан *тұрақты капиталды да* орналастыру мүмкін емес дегенді мойындауға тиіс, сонда, олар шыр-шырғасы шықпастан Адам Смиттің айтқанына қайта айналып оралған болар еді... Әлбетте, «саяси экономияның түпкі атасына» бүйтіп қайта оралушылық — «өздерінің ақыл-ойлары жетіп» ескі хателерді бізге шындық етіп көрсетпекші болған жазушылар үшін орасан зор прогресс жасағандық болар еді...

Ал сыртқы рыноктің жайы қалай? Біз капитализм үшін сыртқы рыноктің қажеттігін мойындаймыз ба? Әрине, мойындаймыз. Бірақ сыртқы рынок жөніндегі мәселенің *өнімді орналастыру жөніндегі мәселемен тіпті ешбір қатысы* жоқ, сондықтан бұл екі мәселені тұтас бір мәселе етіп қосуға әрекет жасаушылық капитализмнің дамуын «бөгеу керек» деген романтиктік тілекті ғана, романтиктік логикаға шалағайлықты ғана сыйпаттайды. Өнімді орналастыру жөніндегі мәселені түсіндірген те-

ория мұны толық айқын етіп көрсетті. Романтик: капиталистер үстеме құнды тұтына алмайды, сондықтан оны шет елге апарып өткізуі керек дейді. Капиталистер өзінің өнімдерін шет ел адамдарына тегін бермей ме екен немесе олар өнімдерін дарияға тастамай ма екен? деген сұрақ туады. Капиталистер өнімдерін сатса — оның орнына төлеу алады; бір түрлі өнімді шет елге шығаратын болса — оның орнына екінші бір түрлі өнімді шет елден алып келеді. Егер бір қоғамдық өнімнің орналастырылуы жөнінде сөз қылатын болсақ, онда мұнымызбен біз ақша айналысын жоққа шығарған боламыз да, өнімге өнім ғана айырбасталынады дейтін боламыз, өйткені өнімді орналастыру жөніндегі мәселенің түйіні — құны жағынан да, заттық түрі жағынан да қоғамдық өнімдердің барлық бөлімдерінің *орнын тұрғызу ісін* талдап шығуда болып отыр. Сондықтан, егер тұрақты капиталды тұтыну заттары арқылы орналастыру жөніндегі сұрауға: капиталистер тұрақты капиталды «сатады» деп жауап беру қандай күлкілі нәрсе болса, әңгімені өнімнің орналастырылуы жайынан бастап, «өнімді ақшаға өткізеді» дегенмен аяқтау да сондай күлкілі нәрсе болады. Бұл әншейін дәрекі логикалық кемшілік: жұрт бүкіл қоғамдық өнімді орналастыру туралы мәселеден «шет ел адамына өнімін сатудан» басқа дәнемені де тілемейтін бірлі-жарымдаған кәсіп иесінің көзқарасына түсіп шатасады. Сыртқы сауданы, шетке өнім шығаруды өнімді орналастыру жөніндегі мәселемен шатастыру — мұның аты мәселені неғұрлым тереңінен қойып, бірақ та оны ешбір түсіндірмей, одан бұлтартқыдай қана болады*. Егер біз бір елдің рыногінің орнына бірнеше елдің рыноктерін алалатын болсақ, өнімді орналастыру жөніндегі мәселе титтей де алға

* Мұның ап-айқын екені сонша — өнімді орналастыру ісін талдап қарағанда ол мәселені сыртқы саудадан бөліп қараудың қажеттігін Сисмондидың өзі де мойындаған. «Бұл есептермен дәлірек танысып, — дейді ол өнімнің тұтынумен сәйкестігі жөнінде, — және мәселені жеңілдету үшін, біз бұған дейін өнімді орналастыру ісін сыртқы саудадан мүлде бөліп қарап келдік; біз оқшау тұрған ұлт бар деп шамаладық; адам баласының қоғамы да нақ сондай оқшау ұлт, сондықтан сыртқы саудасы жоқ ұлтқа тән нәрсенің бәрі бүкіл адам баласы руына да тән» (I, 115).

баспайды. Халықшылдар сыртқы рынокті, өнімді өткізу жөнінде капитализмнің өзіне өзі туғызып отырған «қыйыншылықтан құтылудың жолы»* деп сендіретін болса, олар бұл сөзімен мынадай күйінішті жағдайды ғана бүркемелейді: «сыртқы рынок» халықшылдар үшін «қыйыншылықтан құтылудың жолы» болып табылатындығын; олардың бұл қыйыншылыққа теорияны түсінбегендіктерінің салдарынан ғана ұшырап отырғанын бүркемелейді... Ол ол-ма. Сыртқы рынокті бүкіл қоғамдық өнімді орналастыру жөніндегі мәселемен байланыстыратын теория өнімнің орналастырылуын түсінбегендікті ғана көрсетіп қоймайды, сонымен қатар *осы өнім орналастыру ісіне тән қайшылықтарды да өте үстіртін түсінетіндікті көрсетеді.* «Жұмысшылар жалақыны тұтынып бітіреді, ал капиталистер үстеме құнды тұтына алмайды». Бұл «теорияға» сыртқы рыноктің тұрғысынан қарап ой жіберіп көріңізші. «Жұмысшылардың жалақыны тұтынып бітіретінін» біз қайдан білеміз? Белгілі бір елдегі бүкіл капиталистер табының сол елдегі барлық жұмысшылардың тұтынуына арнаған өнімдері шынында *құны жағынан солардың жалақысына тең* болып шығады, жалақының орнын да тұрғызады, *бұл* өнімдер үшін сыртқы рынок қажет болмайды деп ойлауға қандай дәлел бар? Бұлай деп ойлауға тіпті ешбір дәлел жоқ, ал іс жүзінде бұл тіпті де бұлай емес. Жалғыз үстеме құнның орнын тұрғызатын өнімдер (немесе өнімдердің бір бөлегі) ғана емес, сонымен қатар өзгермелі капиталдың орнын тұрғызатын өнімдер де, жалғыз өзгермелі капиталдың орнын тұрғызатын өнімдер ғана емес, сонымен қатар тұрақты капиталдың (Смитпен... тектес екендіктері естерінде жоқ біздің «экономистер» тұрақты капиталды ұмытып жүр) орнын тұрғызатын өнімдер де; тұтыну заттары түрінде болған өнімдер ғана емес, сонымен қатар өндіріс құрал-жабдықтары түріндегі өнімдер де, — бұлардың бәрі бір қалыпта орналастырылады; орналастырылғанда, капитализмнің өрістеуіне қарай күшейе беретін қыйыншылықтардың ішінде ғана, үнемі болып тұратын ауытқулардың ішінде ғана, аласұрған бәсекенің ішінде

* Н. — он, 205-бетінде.

ғана орналастырылады, бұл бәсеке әрбір кәсіп иесін, өз мемлекетінің шегінен шығып, капиталистік товар айналысына әлі де араласпаған елдерден жаңа рыноктер іздеуге аттана отырып, өндірісін шексіз ұлғайта беру ісіне тырысуға *мәжбүр* етеді. Біз енді капиталистік ел үшін сыртқы рыноктің қажет болу себебі не? деген мәселеге келдік. Капиталистік құрылыста, жалпы алғанда, өнім орналастырыла алмайтын болғандықтан ғана сыртқы рынок қажет болып отырған жоқ. Бұл — бос сөз. Қауымның, вотчинаның, тайпаның, территориялық округтің немесе мемлекеттің шегінен әрі шыға алмаған бұрынғы өндіріс әдістерінің бәріне қарама-қарсы — *өлшеусіз* ұлғая беруге ұмтылушылық капиталистік өндіріске *тән* нәрсе болғандықтың салдарынан сыртқы рыноктің маңызы жөнінде біріне бірі бүтіндей шаруашылықтың барлық бұрынғы тәртіптерінің тұсында өндіріс бұрын қалай жүрген болса, әр уақытта сол бір калпында, сол бір мөлшерде қайта жаңарып отырған, — капиталистік құрылыста өндірістің бір қалыпта қайта жаңарып отыруы *мүмкін болмайды*, өйткені мұндағы өндіріс заңы *өлшеусіз* ұлғая беру, үнемі алға бара беру болады*.

Сонымен, өнімнің орналастырылуын түрліше түсінушілік (дәлірек айтқанда, романтиктердің оны біржақты түсінуі және, екінші жағынан, оны бүтіндей түсінбеуі) сыртқы рыноктің маңызы жөнінде біріне бірі бүтіндей қарама-қарсы екі түрлі көзқарас туғызалы. Біреулер үшін (романтиктер үшін) — сыртқы рынок қоғамның дамуына капитализмнің *жасап отырған* «қыйыншылығының» көрсеткіші болып көрінеді. Екінші біреулер үшін, бұған керісінше, сыртқы рынок: түрлі қауымдық, тайпалық, территориялық, ұлттық межелер ретінде қоғамның дамуына тарихтың қойып отырған қыйыншылықтарын капитализмнің қалай *жоятынын* көрсетеді**.

Көріп отырсыздар ғой, айырмашылық тек «көзқа-

* *Зибер*. «Давид Рикардо, тағы басқалары» дегенін салыстырыңыз. СПб. 1885, 466-беті, ескертуі.

** Төменде: „Rede über die Frage des Freihandels“ дегенді салыстырып қараңыз. (К. Маркс. «Еркін сауда туралы сөйленген сөз». *Ред.*).

раста» ғана екен... Я, осында «ғана» екен! Капитализм жөнінде сөз қылатын романтик адамдардың затында басқалардан айырмашылығы «тек» «көзқарасында» ғана, «тек» мынада «ғана»: олардың біреулері кейінгі жақтан, ал екіншілері — ілгері жақтан сөз қылады, біреулері — капитализм қыйратып жатқан құрылыстың тұрғысынан, екіншілері — капитализмнің жасап жатқан құрылысының тұрғысынан қарап сөз қылады*.

Романтиктердің сыртқы рынокті дұрыс түсінбеушілігі әдетте белгілі бір елдегі капитализмнің халықаралық жағдайының «өзгешеліктерін», рынок табудың мүмкін еместігін, тағы сондайларды көрсетумен ұштасып отырады; осы дәлелдердің бәрі капиталистерді сыртқы рынок іздеуден «бой тарттыруды» көздейді. «Көрсетумен» дегенде, біз, тегінде, мұны дәл мағнасында айтып отырғанымыз жоқ, өйткені елдің сыртқы саудасына, оның жаңа рыноктер жөніндегі алға басқан қадамына, оның отарлауына, тағы сондайларына романтик іс жүзінде анализ жасаған жоқ. Шын процесті зерттеу және оны анықтау романтикті әсте қызықтырмайды; оған керегі *осы процеске қарсы жұмсалатын мораль* ғана. Осы күнгі орыс романтиктері мен француз романтигінің ұғымында бұл моральдің әбден ұқсас екендігіне оқушының көзін жеткізу үшін француз романтигінің пікірлерінің біраз үлгілерін келтірейік. Сендер рынок таба алмайсыңдар деп, Сисмондидың капиталистерді қалай қорқытқанын біз жоғарыда көріп өттік. Бірақ ол осыны ғана айтып қойған жоқ. Сисмонди былай деді: капитализм жолымен жүрудің мүмкін еместігін, одан басқа жол сайлап алу керек екендігін дәлелдеп, «дүниежүзілік рынок жеткілікті түрде қамтамасыз етіліп отыр» (II, 328) деді... Ол ағылшын кәсіп иелерін: егіншіліктегі фермелі шаруашылықтың босататын жұмысшыларының бәрін капитализм түгелімен пайдалана алмайды (I, 255—256) деп сендірді. «Егіншілерді құрбандыққа шығарып отырған адамдардың өздері бұдан

* Мен бұл жерде капитализмді ұғыну жөнінде емес, оған берілген баға жөнінде ғана айтып отырмын. Капитализмді ұғыну жөнінде романтиктердің классиктерден асып кеткен дәнеңесі жоқ, мұны біз жоғарыда көргенбіз.

пәлендей пайда таба ала ма? Егіншілер ағылшын мануфактураларының ең жақын, ең сенімді тұтынушылары ғой. Олардың тұтынудан қалуы индустрияға соққы берген болар еді, соққы бергенде ең ірі сыртқы рыноктердің бірінің жабылғанынан гөрі анағұрлым ойсырата соққы берген болар еді» (I, 256). Ол ағылшын фермерлерін: сендер поляктың кедей шаруасының бәсекесіне шыдай алмайсындар, поляк шаруасына астық дегенін бұйым емес (II, 257), Қара теңіз порттарынан келетін орыс астығының керемет бәсекесі сендерге одан да гөрі зор хауіп туғызыя тұр деп сендірді. Ол: «Америкалықтар жаңа принципке түсті: өнім өндіргенде рынок мәселесін таразыға салмай-ақ өндіре беретін болды (*produire sans calculer le marché*) және мүмкін қадері көбірек өндіретін болды», сөйтіп «елдің бір шетінен екінші шетіне жетіп отыратын Құрама Штаттардың саудасының айрықша белгісі сол — әлденеше түрлі товарлар тұтыну мұқтаждығынан артып қалып отырады... үнемі банкроттыққа ұшырау — табысқа айырбастала алмайтын сауда капиталдарының осылай артып қалуының нәтижесі болады» (I, 455 — 456) деп соқты. Ой, рахымды Сисмонди-ай! Ол осы күнгі Америка туралы, романтиктердің теориясы бойынша «шағындалуға» тиісті болған «ішкі рыноктің» дәл өзінің есебінен адам айтқысыз өркендеген Америка туралы не айтар еді!

VII

ДАҒДАРЫС

Адам Смиттің теріс теориясына алып жасаған Сисмондидың үшінші хате қорытындысы — оның дағдарыстар туралы ғылымы. Сисмондидың: қор жыйнау ісі (жалпы өнімнің артуы) тұтыну арқылы белгіленеді деген көзқарасынан және бүкіл қоғамдық өнімнің (жұмысшылар мен капиталистердің табыстан алатын үлесіне жатқызылатын өнімнің) орналастырылуын теріс түсіндіруінен өзінен-өзі және сөзсіз түрде мынадай ғылым: дағдарыстар өндірілетін өнім мен тұтынудың арасында сәйкестік болмағандықтан болып отыр деген ғылым туды. Сисмонди бүтіндей осы теорияны қуатта-

ды. Ол теорияға сәл ғана басқаша сыйпаттама беріп, оны Родбертус та меншіктеніп алды; Родбертус: өндіріс артқанда жұмысшылардың өнімдегі үлесі кемиді, дағдарыстардың болатыны осыдан деп түсіндірді; ал оның бержағында ол да, Адам Смит кұсап, бүкіл қоғамдық өнімді жалақы мен «рентаға» бөліп (оның терминологиясынша «рента» дегеніміз үстеме кұн, басқаша айтқанда пайда мен жер рентасының жыйынтығы) хате істеді. Капиталистік қоғамдағы қор жыйнау ісі* мен өнімнің орналастырылуына жасалған ғылыми анализ бұл теорияның барлық негіздерін талқандады, сонымен бірге ғылыми анализ мына жағдайды: нақ дағдарыстардың алдындағы дәуірлерде жұмысшылардың тұтыну дәрежесінің артатындығын, жеткілікті дәрежеде тұтынбаушылық (дағдарыс осы жеткілікті дәрежеде тұтынбаудан туатын сыяқты) шаруашылықтың нағыз әрқыйлы тәртіптерінің тұсында болғанын, ал дағдарыстар бір ғана тәртіптің — капиталистік тәртіптің айрықша белгісі болатынын көрсетті. Бұл теория: дағдарыстар басқа қайшылықтан, атап айтқанда өндірістің (капитализм қоғамдастырған өндірістің) қоғамдық сыйпаты мен иемденудің жеке, дара әдісінің арасында болатын қайшылықтан туады деп түсіндіреді. Бұл теориялардың бірінен бірінің зор айырмашылығы бар екені өзінен өзі айқын сыяқты, ал біз олардың айырмашылығына толығырақ тоқталып өтуге тиіспіз, өйткені Сисмондидың жолын қушы орыстардың нақ өзі бұл айырмашылықты жоққа шығарып, мәселені шатастыруға тырысып жүр. Өзіміз сөз қылып отырған дағдарыстар жөніндегі екі теория дағдарыстарды мүлде әртүрлі түсіндіреді. Бірінші теория дағдарыстар өндірілген өнім мен жұмысшы табының тұтынуының арасындағы қайшылықтан туады деп түсіндіреді, екіншісі, өндірістің қоғамдық сыйпаты мен иемденуінің жеке сыйпатының арасындағы қайшылық-

* Капиталистік шаруашылықта бүкіл өнім екі бөлімнен кұралады деген ғылымға байланысты А. Смит пен одан бергі экономистерде «бірлі-жарымды капиталдың қорлануын» хате ұғынушылық бар. Атап айтқанда, олар пайданың қор ретінде жыйналатын бөлімі түгелімен жалақыға жұмсалады деп үйретті; ал іс жүзіне келгенде ол: 1) тұрақты капиталға, - 2) жалақыға жұмсалады. Сисмонди классиктердің осы хатесін де қайталап отыр.

тан туады деп түсіндіреді. Демек, біріншісі оқыйғанын түпкі тамырын өндірістен *тыс* деп біледі (мәселен классиктер өндіріс мәселесімен ғана шұғылданып, тұтыну мәселесін елемейді деп Сисмондидың оларға жалпы жала жабатыны осыдан); екіншісі — өндіріс жағдайларының нақ өзінде деп біледі. Қысқасын айтқанда, бірінші теория дағдарыстың болуын тұтынудың жеткілікті дәрежеде болмауынан деп түсіндіреді (*Unterkonsumption*); екіншісі, — өндірістің тәртіпке қойылмағандығынан деп түсіндіреді. Сөйтіп, екі теорияның екеуі де дағдарыстардың болу себебін шаруашылық құрылысының өз бойындағы қайшылықпен түсіндіре отырып, бұл қайшылықты көрсетуде мүлде ажырасып отыр. Бірақ мынадай сұрау туады: өндіріс пен тұтынудың арасында қайшылықтың болу фактысын, тұтынудың жеткіліксіз болу фактысын екінші теория бекер дей ала ма? *Әлбетте, бекер* демейді. Екінші теория бұл фактыны әбден мойындайды, бірақ оған бүкіл капиталистік өндірістің бір ғана тармағына тән факт ретінде өзіне лайық, бағынышты орын береді. Ол теория, осы күнгі шаруашылық системаның басқа, анағұрлым терең негізгі қайшылығынан туатын, атап айтқанда: өндірістің қоғамдық сыйпаты мен иемденудің жеке сыйпатының арасындағы қайшылықтан туатын дағдарыстардың себебін бұл факт түсіндіре алмайды деп үйретеді. Сондықтан, асылына келгенде бірінші теорияны қолдап, екінші теорияның өкілдерінің өндіріс пен тұтынудың арасындағы қайшылықты қалай көрсетіп отырғанын дәлел қылып, өздерін бүркемелеп отырған адамдар туралы не айту керек? Сірә, бұл адамдар екі теорияның айырмашылықтарының негізіне *жете көз жібермеген* және екінші теорияны жақсылап түсінбеген болу керек. Мәселен, Н. — он мырза (В. В. мырзаны былай қойғанда) осы адамдардың қатарына қосылады. Олардың Сисмондидың жолын қуғандардың қатарына қосылатынын Туган-Барановский мырза біздің әдебиетіміздің бетінде көрсетіп өткен болатын («Өнеркәсіп дағдарыстары», 477-беті, онда Н. — он мырза жөнінде: «сірә» деген ғажап ескерту бар). Бірақ Н. — он мырза «ішкі рыноктың шағындалуы» туралы, «халықтың тұтыну қа-

білетінің төмендеуі» (оның көзқарастарының өзекті жерлері) туралы сөз қыла отырып, әйткенмен де өндіріс пен тұтынудың арасындағы қайшылық фактысын, тұтынудың жеткіліксіз болу фактысын атап *көрсетіп отырған* екінші теорияның өкілдерін дәлел қылады. Мұндай дәлелдер, тегінде, орынсыз цитаталар келтіруге икемді болу бұл автордың бойына біткен өзгешелігі екенін ғана көрсететіні, одан басқа оның қолынан ешнәрсе келмейтіндігін көрсететіні түсікті нәрсе. Мәселен, оның: «жұмысшылар товар сатып алушы ретінде рынок үшін өте керек болады, бірақ капиталистік қоғам оларды өз товары — жұмыс күшін сатушы ретінде баға минимумы арқылы тежеп отыруға тырысады» («Очеркілер», 178-беті) деген «цитатасы» оның «Очеркілерімен» таныс оқушылардың бәрінің де, әрине, есінде болар; сонымен қатар, Н. — он мырзаның «ішкі рыноктің шағындалуын» да (ib., 203 және басқа беттерінде), дағдарыстарды да (298 және басқа беттерінде) осыдан туғызғысы келетіні оқушылардың есінде болар. Бірақ, бұл цитатаны келтіргенмен де (мұның ешнәрсені де дәлелдемейтіндігін біз түсіндіріп өткенбіз), біздің автор оның үстіне өзінің цитата алған ескертуінің *аяғын қалдырып кетіп отыр*. Бұл цитата «Капиталдың» II томындағы II бөлімнің қолжазбасына қосылған мақала еді. Бұл мақала қолжазбаға қосылғанда «соңынан оны тыңғылықтырақ етіп дамыту үшін» қосылған еді, сондықтан қолжазбаны бастырып шығарушы ол мақаланы ескертудің ішіне апарып қосқан. *Жоғарыда келтірілген сөздерден кейін бұл мақалада былай делінген: «Алайда, мұның бәрі тек келесі бөлімге ғана тиісті**, — яғни үшінші бөлімге тиісті делінген. Бұл үшінші бөлім дегені қандай бөлім? Бұл бөлім — бүкіл қоғамдық өнімнің екі бөлімі жөніндегі А. Смиттің теориясына (Сисмонди туралы жоғарыда айтылған пікірмен бірге) сын берілген және «бүкіл қоғамдық капиталдың ұдайы өндірілуі мен айналуына», яғни өнімнің орналастырылуына анализ жасалған бөлім. Сөйтіп, Сисмонди не айтса, соны көрсетіп отырған өзінің көзқарастарын дә-

* „Das Kapital“. II. Band, S. 304. («Капитал», II том, 304-беті⁴³. Ред.). Орысша аудармасы, 232-беті. Курсив біздікі.

делдеу үшін біздің автор Сисмондидың айтқанын теріске шығаратын «бөлімге ғана» тиісті мақаланы, мақала болғанда: капиталистердің үстеме кұнды орналастыра алатынын және сыртқы сауданы өнімді орналастыру жөніндегі талдауға жатқызу — сорақылық екендігі... көрсетілген «бөлімге ғана» тиісті мақаланы цитатқа алып отыр.

Екі теорияның айырмашылығын жоққа шығарып, жаңа ғылымдарға сүйену арқылы бұрынғы романтиктік қоқсықты жақтауға жасалған екінші бір әрекет Эфрусидің мақаласынан табылады. Эфруси, Сисмондидың дағдарыстар жөніндегі теориясынан үзінді келтіре отырып, ол теорияның теріс екендігін көрсетеді («Р. Б.» № 7, 162-беті). Оның көрсеткендері өте күңгірт және біріне бірі қайшы келеді. Ол, бір жағынан, ұлттық керексіну қолма-қол тұтынылатын заттармен қанағаттандырылмайды деп келіп, біріне бірі қайшы теорияның дәлелдерін қайталап отыр. Ол, екінші жағынан, Сисмондидың дағдарыстар жөнінде берген түсінігі «ұлттық өнімді халықтың керексінуі мен оның сатып алу қабілетіне қарай бөлу ісін қыйындататын бірқатар жағдайлардың бірін ғана көрсетеді» дегенді айтады. Ол, демек, оқушыны: дағдарыстардың болу себебі «ұлттық өнімді бөлу ісінде» болып отыр, ал Сисмондидың хатесі өнімді бөлу ісін қыйындататын себептерді толық көрсетпеуде ғана болып отыр, деп ойлауға итермелейді! Бірақ басты мәселе бұл емес... «Сисмонди, — дейді Эфруси, — жоғарыда келтірілген түсінікпен тоқтаған жоқ. «Nouv Princip.» -тің 1-басылуының өзінен-ақ біз: „De la coⁿnaissance du marche“ деп аталған, әбден үлгі аларлық тарауды кездестіреміз. Бұл тарауда Сисмонди бізге өнім мен тұтынудың арасындағы (бұл есіңізде болсын!) теңбе-теңдіктің бұзылуының негізгі себептерін айқын түрде ашып береді, бұл мәселе жөнінде біз мұндай айқындықты біраз экономистерден ғана кездестіреміз» (ib.). Сонымен, фабриканттың рынокті біле алмайтындығы жөнінде цитаталар келтіре отырып, Эфруси: «Энгельстің айтып отырғаны да дәл осыған жақын» (163-бетінде) дейді, — бұдан соң фабриканттың

* — «Рынокті біле білу жөнінде». *Ред.*

керексінуді біле алмайтындығы жөнінде цитата келтірілген. Мұнан кейін «өнім мен тұтынудың арасында теңбе-теңдік орнатуға бөгет болатын басқа да кедергілер» (164-бет) туралы тағы да цитаталар келтіріп, Эфрусси: «дағдарыстар жөнінде барған сайын үстем болып отырған түсініктің дәл өзі осы цитаталарда беріліп отыр»!, деп сендіреді. Мұның үстіне Эфрусси: «біз халық шаруашылығында болатын дағдарыстардың себептері жөніндегі мәселеде соңғы кездерде анағұрлым дәйекті және анағұрлым айқын түрде дамып отырған көзқарастардың негізін салушы болған Сисмондиге сүйенуге толық правомымыз» (168-бет) деп табады.

Бірақ осының бәрі Эфрусидің мәселені мүлде түсінбейтіндігін көрсетеді! Дағдарыс дегеніміз не? — Дағдарыс дегеніміз товарлардың артық өндірілуі, бұл артық өндірілген товарлар орналастырыла алмайды, оларды керек етуші адамдар табылмайды. Егер товарлар керек етуші адамдарды таба алмаса, — онда, товарларды өндіргенде, фабриканттың керексінудің қандай болатынын білмегені ғой. Енді: дағдарыстардың мүмкін екендігінің бұл шартын көрсету дағдарыстар жөнінде түсінік беру болғаны ма? Оқыйғаның мүмкін екендігін көрсету мен оның сөзсіз болатынын түсіндірудің арасындағы айырмашылықты Эфрусидің түсінбегені ме? деген сұрау туады. Сисмонди былай дейді: дағдарыстар мүмкін нәрсе, өйткені фабрикант товардың жұртқа қаншалық керек болатынын білмейді; дағдарыстар болмай қоймайды, өйткені капиталистік өндірісте өнімнің тұтынумен теңбе-тең болуы мүмкін емес (яғни өнімнің орналастырылуы мүмкін емес) дейді. Энгельс былай дейді: дағдарыстар мүмкін нәрсе, өйткені фабрикант товардың жұртқа қаншалық керек болатынын білмейді; дағдарыстардың болмай қоймайтын себебі тіпті де өнімнің жалпы орналастырыла алмайтындығына емес. Бұл дұрыс емес: өнім орналастырыла алады. Дағдарыстардың болмай қоймайтын себебі — өндірістің коллективті сыйпаты иемденудің дара сыйпатына қайшы келеді. Міне сөйтіп, Энгельстің айтып отырғаны да «дәл осыған жақын»; Сисмонди «дағдарыстарды дәл осылай түсіндіреді!» деуші экономисті ұшыратып отырмыз. «Сондықтан мен Туган-Баранов-

ский мырзаның... Сисмонди ғылымының ең маңызды, ең бағалы жерін ұмытып кеткендігіне танданам» (168-беті) — деп жазады Эфруси. Бірақ Туган-Барановский мырза ешнәрсені де ұмытқан жоқ*. Қайта, ол негізгі қайшылықты толық дәлме-дәл көрсетіп берді, жаңа теория мәселені осы негізгі қайшылыққа тіреп отыр (455 және басқа беттерінде), сөйтіп дағдарыс арқылы болатын қайшылықты жұрттан бұрын көрсетіп, бірақ оған дұрыс түсінік бере алмаған Сисмондидың маңызын ашып берді (457-бетте: Сисмонди дағдарыстардың шаруашылықтың осы күнгі ұйымдастырылуынан туатындығын Энгельстен бұрын көрсетті; 491-бетте: Сисмонди дағдарыстардың мүмкін болатындығының шарттарын баяндаған болатын, бірақ «мүмкін нәрсенің бәрі бірдей іс жүзіне асырыла бермейді» деген). Ал Эфруси бұған мүлде түсінбеген, сөйтіп, мәселенің бәрін бір жерге үйіп-төгіп, өзінің шатасып отырғанына «таңқалады!» «Рас, біз Сисмондидан «өндіріс анархиясы», «өндірістің жоспарлы болмауы» (Planlosigkeit) деген сыяқты жалпыға мәлім болған сөздерді кездестіреміз, бірақ осы сөздер арқылы бүркемеленіп тұрған істің мәні Сисмондида әбден анық көрсетілген» (168-бет) дейді «Русское Богатствоның» экономисі. Ең жаңа романтик өткен күндердегі романтикті қандай оп-оңай жаңғыртып отыр! Мәселе сөздердегі айырмашылыққа тіреледі! Іс жүзінде мәселе өзінің қайталап отырған сөздерін Эфрусидің түсінбейтіндігіне тіреліп отыр. «Өндіріс анархиясы», «өндірістің жоспарлы болмауы» деген сөздер нені көрсетеді? Бұл сөздер: өндірістің қоғамдық сыйпаты мен иемденудің дара сыйпатының арасындағы қайшылықты көрсетеді. Ал біз талқыланып отырған экономикалық әдебиетпен таныс адамдардың қай-қайсысынан болса да: Сисмонди немесе Родбертус бұл қайшылықты мойындаған ба? Олар дағдарыстар осы қайшылықтан туады деген қорытынды шығарды ма?, деп сұраймыз. Жоқ,

* «Капитализмнің дамуы» (16 және 19-беттерінде) деген еңбегімде (Шығармалар, III томы, I тарауы, VI параграфын қараңыз. *Ред.*) мен Туган-Барановский мырзаның соңғы кезде оны бүтіндей буржуазиялық экономистердің лагеріне шығарған кемістік жерлері мен хателерін айтып өткен болатынмын. (Автордың 1908 жылғы басылуына жазған ескертуі. *Ред.*)

ондай қорытынды шығарған жоқ және шығара да алмады, өйткені *олардың бірде-біреуі де бұл қайшылықты тіпті түсінген жоқ*. Капитализмді сынағанда жалпы жұрттың бақытты болуы жөніндегі *, немесе «өзімен өзі болған товар алыс-берісінің»** дұрыс еместігі жөніндегі кұрғақ сөздерге сүйеніп сынамай, өндіріс қатнастарының даму сыйпатына сүйеніп сынау қажет деген идеяның өзі — оларға мүлде жат идея болды.

Дағдарыстар жөніндегі жоғарыда көрсетілген екі түрлі теорияның арасындағы айырмашылықты жоққа шығаруға біздің Россия романтиктерінің не үшін бар күшін салып отырғанын біз әбден түсінеміз. Мұның себебі: капитализм жөніндегі негізінен түрліше көзқарастар жоғарыда көрсетілген теориялармен мүлде тұптура, мейлінше тығыз байланысты. Шынына келгенде, егер біз дағдарыстардың болуын өнімдерді орналастырудың мүмкін еместігімен, өндіріс пен тұтынудың арасындағы болатын қайшылықпен түсіндіретін болсақ, онда біз мұнымен шындықты теріске шығарамыз, капитализмнің жүріп келе жатқан жолы жарамсыз жол деген боламыз, оны «жалған» жол деп жарыялап, «одан басқа жолдар» іздеуге жұмыламыз. Дағдарыстарды біз осы қайшылықтан туады деп қорытынды шығарғанымызда, ол қайшылық неғұрлым әрі ұлғая түссе, қайшылықтан шығу *соғұрлым қыйынға соғатынын* да ойлауымыз керек. Сисмондидың асқан аңқаулықпен нақ осы пікірді айтып салғанын жоғарыда көріп өттік те; бұл пікірді айтқанда ол: егер капитал баяу түрде қорланатын болса, онда бұған төзуге болар да; ал егер **тез** қорланатын болса, онда бұған төзуге болмас, деген

* Cf. Sismondi, I. c., I. 8 (Цитата келтірілген жердегі Сисмондидың айтқандарымен салыстырып қараңыз. I, 8. *Ред.*)

** Родбертус. Реті келген соң айта кетелік, Бернштейн, жалпы буржуазиялық экономияның соқыр сезімдерін жаңғырта отырып, бұл мәселе жөнінде де шатасты; шатасқанда, Маркстің дағдарыстар жөніндегі теориясының Родбертустың теориясынан оншалық айырмашылығы жоқ („Die Voraussetzungen etc.“ Stuttg. 1899, S. 67. *(Е. Бернштейн. «Социализмнің бастама негіздері мен социал-демократияның міндеттері»*, Штутгарт, 1899, 67-беті. *Ред.*) және Маркс бұқараның тұтынуының кемудің дағдарыстардың ең соңғы себебі деп танып, өзіне өзі қайшы шығып отыр деп шатасты. (Автордың 1908 жылғы басылуына жазған ескертуі. *Ред.*)

болатын. — Егер біз, мұның керісінше, дағдарыстардың болуын өндірістің қоғамдық сыйпаты мен иемденудің дара сыйпаты арасындағы қайшылық арқылы түсіндіретін болсақ, біз мұнымен капиталистік жолдың дұрыстығын, прогрестігін мойындап, «басқа жол» іздеушілікті мағнасыз романтизм деп теріске шығарамыз. Мұнымен біз бұл қайшылық неғұрлым әрі ұлғая түссе, одан құтылу *соғұрлым оңайлана* беретінін, сөйтіп қайшылықтан құтылудың жолы нақ капиталистік құрылыстың дамуында болып отырғанын мойындаған боламыз.

Оқушы көріп отырған шығар, біз бұл арада да түрлі «көзқарастарға» кездесіп отырмыз...

Біздің романтиктердің өздерінің көзқарастарына теориялық дәлелдер іздеп жүргені әбден табиғи нәрсе. Бұл іздеу оларды батыс Европаның алдақашан лақтырып тастаған ескі-күскыларына жолықтыратыны әбден табиғи нәрсе. Мұны сезіп, олардың, біресе батыс Европаның романтиктерін көріне боямалап, біресе орынсыз бұрмаланған цитаталарды бетке ұстап романтизмді тасымалдап, осы ескі-күскыны жаңғыртуға әрекеттеніп жүргені әбден табиғи нәрсе. Бірақ, егер олар мұндай контрабанда әйгіленбей қала береді деп ойлайтын болса, қатты хателеседі.

Сисмондидың *негізгі* теориялық доктринасы мен оның осы доктринадан жасаған басты-басты теориялық қорытындыларын баяндауды осымен тамамдай келіп, біз тағы да Эфрусига арнап азырақ қосымша жасауға тиіспіз. Сисмонди туралы жазған екінші бір мақаласында (бірінші мақаласының жалғасы) ол былай дейді: «Сисмондидың табыстың әркыйлы түрлері жөніндегі көзқарастары (капиталдан түсетін табыс жөніндегі ғылымға қарағанда) онан сайын қызықты көзқарас» («Р. Б.», № 8, 42-беті). Былайша айтқанда, Сисмонди да, Родбертус кұсап, ұлттық табысты екі бөлімге бөліп отыр: «бір бөлімі жер мен өндіріс құралдарының иелеріне тиеді, екінші бөлімі — еңбек иелеріне тиеді» (ib.). Бұдан соң, жалғыз ұлттық табыс қана емес, сонымен бірге бүкіл өнімнің де осылай бөлінуі жөнінде Сисмонди сөз қылып отырған цитаталар келтіріледі: «Жылдық өнім, немесе халықтың бір жыл ішінде істеген барлық жұмыстарының нәтижесі де екі бөлімнен құралады»,

т. т. („N. Princ.“, I, 105, «Р. Б.» да келтірілген цитата, № 8, 43-беті). Қорыта келіп біздің экономист былай дейді: «Цитатаға алынған жерлер халық табысының жіктелуін жаңадан шыққан экономистердің арасында соншалық маңызы болып отырған жіктелуін, атап айтқанда халық табысының еңбекке негізделген табыс пен еңбексіз табысқа — *arbeitsloses Einkommen* — бөлінетінін Сисмондидың әбден ұғынатындығын (!) айқын сыйпаттайды. Жалпы айтқанда Сисмондидың табыс мәселесі жөніндегі көзқарастары әрдайым айқын, анық бола бермегенмен де, сонда да оның көзқарастарында жеке шаруашылық пен халық шаруашылығы табысының арасындағы айырмашылықты мойындайтындығы көрініп тұр» (43-бет).

Бұған біз былай дейміз: цитатаға алынған жерлер неміс оқу құралдарының асыл ойларын Эфрусидің әбден ұғып алғандығын айқын сыйпаттайды, бірақ, бұған қарамастан (мүмкін, нақ осының нәтижесінде), жеке адамның табысына қарағанда ұлттық табыс туралы мәселенің теория жағынан қиындығын ол мүлде байқамаған дейміз. Эфрусиді тіпті аңғармай сөйлейді. Мақаласының алғашқы бөлегінде оның белгілі бір бағыттағы ағымның теоретиктерін «жаңадан шыққан экономистер» деп атағанын біз жоғарыда көрген болатынбыз. Бұл жолы да әңгіме солар туралы болып отыр деп ойлауға оқушының хақысы бар. Бірақ ақиқатында автор бұл жерде мүлде басқа бір нәрсені ойлап отыр. Енді жаңадан шыққан экономистердің орнына немістің катедер-социалистері алынып отыр. Сисмондиды жақтағандықтың белгісі сол, автор оның теориясын осы жаңа экономистердің ғылымымен жанастырып отыр. Ал Эфрусидің бұл «жаңадан шыққан» кемеңгерлерінің ғылымы қандай ғылым? — Олардың ғылымы — ұлттық табыс екі бөлімге бөлінеді дейтін ғылым.

Бұл ғылым өзі эсте «жаңадан шыққан экономистердің» ғылымы емес, Адам Смиттің ғылымы ғой! Табысты жалақы, пайда және рентаға бөлгенде (I кітап, «Халық байлықтары» деген VI тарау; II кітап, II тарау), А. Смит соңғы екеуін еңбексіз табыс ретінде алғашқысына қарама-қарсы қойды, қарама-қарсы қойғанда оның екеуін де еңбектен түсетін табыс деп атады (I кі-

тап, VIII тарау) және пайда дегеніміз ерекше бір еңбекке төленетін бәзбаяғы жалақы деп пікір таластырды (I кітап, VI тарау). Сисмонди да, Родбертус та, неміс оқу құралдарының «жаңадан шыққан» авторлары да тек әншейін Смиттің осы ғылымын қайталап отыр. Олардың арасындағы айырмашылық тек мынау ғана: А. Смит ұлттық табысты ұлттық өнімнен айыра білу өзінің қолынан келе қоймайтындығын мойындаған; ұлттық өнімнен тұрақты капиталды (осы күнгі терминология бойынша) шығарып тастағанда өзінің қайшылыққа тап болатынын мойындаған; тұрақты капиталды ол жалғыз-жарым өнімге енгізген болу керек. Ал «жаңадан шыққан» экономистер А. Смиттің жасаған хатесін қайталай отырып, оның ғылымына тек неғұрлым көпірме түр берді («ұлттық табыстың жіктелуі»), А. Смиттің өзі шеше алмаған қайшылығын мойындамады. Бұл тәсілдердің ғалымдық тәсіл болуы мүмкін, бірақ әсте ғылыми тәсіл емес.

VIII

КАПИТАЛИСТІК РЕНТА
ЖӘНЕ КАПИТАЛИСТІК ХАЛЫҚ АРТЫЛЫСЫ

Сисмондидың теориялық көзқарастарын баяндай берейік. Біз оның басты-басты көзқарастарының бәрін — өзге экономистердің бәрінен оны айрықша сыйпаттайтын көзқарастарының бәрін жоғарыда қарастырып өттік. Бұдан былайғы жерде сөз болатын көзқарастары не оның жалпы ғылымында пәлендей маңызды роль атқармайды, не бұрынғыларының қорытындысы болады.

Айта кетелік, Сисмонди да, дәл Родбертус кұсап, Рикардоның рента жөніндегі теориясына қосылмады. Рента жөнінде өзалдына теория ұсынбастан, ол аса әлсіз пікірлермен Рикардоның ғылымын шайқалтуға тырысты. Ол бұл арада ұсақ шаруа идеологінің нақ өзі болып бой көрсетеді; ол тегінде товарлы шаруашылық пен капитализм категорияларын егін шаруашылығына көшіруді теріс деп тапқаны болмаса, Рикардоның ғылымын теріске айналдырып отырған жоқ. Бұл екі мәселе жөніндегі оның көзқарасы мейлінше ро-

мантикке тән көзқарас. 3-кітаптың XIII-тарауы * «Рикардо мырзаның жерден алынатын рента жөніндегі теориясына» арналған. Рикардо доктринасының оның өз теориясына бүтіндей қайшы келетіндігін бірден мәлімдей келіп, Сисмонди: пайданың жалпы мөлшері (Рикардоның теориясы осыған негізделген) ешуақытта белгіленбейді, егіншілікте капиталдың еркін орналасуы деген болмайды деп қарсы пікірлер білдіреді. Егіншілікте өнімнің рынок ауытқуына тәуелді болмайтын және иесіне «таза өнім» (*produit net*), «табиғат еңбегін» беретін ішкі құндылығы (*la valeur intrinsèque*) бар деп қарау керек (I, 306). «Табиғат еңбегі дегеніміз күш, ішкі құны жағынан тексеріліп отырған жер кәсібінен шығатын таза өнімнің көзі» (*Intrinsèquement*) (I, 310). «Біз рентаны (*le fermage*) немесе, дәлірек айтқанда, таза өнімді, меншік иесінің пайдасына тікелей жер кәсібінен шығатын нәрсе деп қарадық; меншік иесі фермердің де, тұтынушының да ешқандай үлесіне қыянат етпейді» (I, 312). Ескі физиократиялық соқыр сезімдерді осылай қайталауды тағы да мынадай өсиет айтумен келіп қорытады: «Жалпы алғанда, абстракциялардан сақтанған сыяқты, саяси экономияда абсолюттік ұйғарындылардан да сақтану керек (*se défier*)».

* Баяндау желісінің өзі де өзгеше: 3-кітапта «территориялық байлық» (*richesse territoriale*) жер байлығы, яғни егіншілік туралы сөз болады. «Сауда байлығы жөніндегі» (*de la richesse commerciale*) келесі 4-кітапта — өнеркәсіп пен сауда туралы сөз болады. Жер кәсібінің өнімі мен жердің өзі де капитализм үстемдігінің тұсында товар болмаған сыяқты! Сондықтан бұл екі кітаптың арасында сәйкестік те болмай отыр. Өнеркәсіпті сөз қылғанда, осы замандағы Сисмонди оны капиталистік формада ғана сөз қылады. Ал егіншілік жер пайдаланудың түрлі системаларының әрқайсы тізбектері арқылы суреттеледі: жерді патриархтық жолмен пайдалануы, құлшылық жолымен, теңсерік жолымен, барщиналық жолымен, оброк жолымен, фермерлік жолымен, эмфитевтік жолымен (мәңгі-мұралық арендаға беру жолымен) пайдалану арқылы суреттеледі. Осының нәтижесінде мейлінше шатасқандық туып отыр: автор егіншіліктің тарихын да көрсете алмай отыр, өйткені бұл «системалардың» бәрі де өзара байланыспайтын системалар; капиталистік шаруашылықтағы егіншілікке анализ жүргізу оның шығармасының арнаулы пәні бола тұрса да және өнеркәсіп жөнінде сөз қылғанда ол оны капиталистік формада сөз қыла тұрса да, капиталистік шаруашылықтағы егіншілікке анализ де жүргізе алмады.

(I, 312)! Мұндай «теорияны» тіпті қарастырудың да қажеті жоқ еді, өйткені «табиғат еңбегі» деген сөзге қарсы жазған Рикардоның кішкене ескертуінің өзі де әбден жеткілікті*. Бұл тек әншейін анализ беруден бас тартып, Рикардоға қарағанда орасан зор кейін шегінгендік болады. Бұл процеске анализ беру арқылы жақындаудан қорқып, оны жарамсыз етуге асыққан Сисмондидың романтизмі бұл арада да әбден айқын көрініп отыр. Естеріңізде болсын, ол мына фактыны: егіншіліктің Англияда капиталистік жолмен дамып отырғандығын, шаруалардың орнын фермерлер мен күндікшілер басып отырғанын, континентте де істің осы бағытта өрістеп отырғанын бекер демейді. Бұл фактылардан ол тек әншейін жалтарып отыр (капиталистік шаруашылық туралы пікір қозғағанда бұл фактыларды ол тексеріп шығуға міндетті еді), жерді патриархтық жолмен пайдалану системасының артықшылығы жөнінде биязы сөздер қозғауды тәуір көрді. Біздің халықшылдар да дәл осылай істеп отыр, олардың ешқайсысы да мына фактыны: товарлы шаруашылықтың егіншілікке таралып отырғанын, оның егіншіліктің қоғамдық сыйпатына күрделі өзгеріс жасамай қоймайтындығын бекер деуге ұмтылған жоқ, — бірақ сонымен қатар капиталистік шаруашылық туралы пікір қозғай отырып, олардың ешқайсысы да сауда егіншілігінің өсуі туралы мәселе көтермей, «халық өндірісі» туралы өсиет-уағыздар, пікірлер білдірумен кұтылуды тәуір көреді. Бұл арада біз әзірше Сисмондидың теориялық экономиясын талдап тексерумен ғана айналысамыз, сондық-

* Рикардо. Шығармалары. Зибердің аудармасының 35-бетінде былай дейді: «Табиғат мануфактуралы өнеркәсіпте адам үшін ешнәрсе істемей отыр ма? Машиналарымызды жүргізіп отырған және теңізде жүзуге жәрдем етіп отырған жел мен судың күшінің ешқандай маңызы болмағаны ма? Біздің нағыз адам таңқаларлық машиналарды жүргізуімізге мүмкіндік беретін атмосфераның салмағы, пардың серпінділігі табиғаттың берген олжасы емес пе? Металдарды жұмсартып, балқытатын жылылықтың әсерін былай қойғанда, ауаның бір нәрсені кұлпыртып, көпіртуге қатысуын былай қойғанда, табиғаттың адамға жәрдем бермей отырған, жәрдем бергенде тегін, жомарттық жәрдем бермей отырған мануфактураның бірде-бір тарауы жоқ».

тан жерді «патриархтық жолмен пайдалану» ісімен неғұрлым толығырақ танысуды кейінге қарата тұрамыз.

Сисмондидың баяндауы айнала төңіректен жүрген екінші бір теориялық пункт — халық туралы ғылым. Сисмондидың Мальтус теориясы жөніндегі көзқарасы мен капитализм жасайтын басы артық халық жөніндегі көзқарасын сөз қылып өтейік.

Сисмонди Мальтустің пікірімен келіскенде: халық төтенше азап шегудің көзі бола отырып, төтенше тездікпен көбейе алатындығы жөнінде ғана келісе алады деп сендіреді Эфруси. «Басқа мәселелер жөнінде олар бір-біріне мүлде қарама-қарсы болып шығады. Сисмонди халық туралы мәселенің бәрін әлеуметтік-тарихи негізге қояды» («Р. Б.», № 7, 148-беті). Осы сыйпаттаманың өзінде де Эфруси Сисмондидың өзгеше көзқарасын (дәл ұсақбуржуазиялық көзқарасын) және оның романтизмін мүлде бүркемелеп отыр.

«Халық туралы мәселені әлеуметтік-тарихи негізге қою» дегеннің мәнісі не? Мұның мәнісі — шаруашылықтың әрбір тарихи системасындағы халықтың өсіп-өну заңын өз алдына тексеріп, оның сол системамен байланысын және арасалмағын зерттеу деген сөз. Сисмондидың зерттегені қай система? Оның зерттегені капиталистік система. Олай болса, «Русское Богатствоның» қызметкері Сисмонди халықтың өсіп-өнуінің капиталистік заңын зерттеді деп біледі. Бұлай деп айтуда шындықтың біраз жұрнағы бар, тек жұрнағы ғана бар. Бірақ Сисмондидың халықтың өсіп-өнуі туралы білдірген пікірлеріндегі оның кемістік жерлерін тексеру Эфрусидың ойына кіріп те шықпағандықтан, және Эфруси: «бұл жөнде Сисмонди — ең көрнекті жаңа экономистердің алдында болған адам»* (148-бет) деп отырғандықтан, — сайып келгенде, дағдарыстар мен ұлттық табыс туралы мәселе жөніндегі жоғарыда өзіміз көрген боямалаушылық қандай болған болса, бұл

* Реті келгенде ескерте кетейік, бұл арада Эфрусидің «ең көрнекті жаңадан шыққан экономист» деп отырғанының кім екенін, романтизмге мүлдем жат, белгілі бір бағыттың өкілі ме немесе ең қалың хандбукхтың авторы ма? бұл арасын біз біле алмай отырмыз.

мәселеле де ұсақбуржуазиялық романтикті дәл солай боямалаушылық болып отыр. Бұл мәселелер жөнінде Сисмондидың ғылымының жаңа теориямен ұқсастық жері неде? Оның ұқсастық жері: Сисмондидың капиталистік қор жыйнау ісіне тән қайшылықтарды көрсетіп бергендігі болып отыр. Бұл ұқсастықты Эфрусси көрсетіп өтті. Жаңа теориядан Сисмондидың айырмашылық жері неде? Оның айырмашылығы: 1-ден бұл қайшылықтарға ғылыми анализ беру ісін ол титтей де алға бастырған жоқ, қайта кейбір реттерде классиктерге қарағанда бұл жөнде бір қадам кері де шегінді, — 2-ден, оның айырмашылығы мынада: ол өзінің анализ беру қолынан келмейтіндігін (бір жағынан өзінің анализ бергісі келмегендігін), ұлттық табысты шығыпмен, өнімді тұтынумен тура келтіру керек деген, тағы сондай ұсақбуржуазиялық моральмен бүркемеледі. Эфрусси бұл айырмашылықты жоғарыдағы көрсетілген пункттердің бірде-біреуі жөнінде *көрсеткен жоқ*, сөйтіп Сисмондидың шын мәнін және оның жаңа теорияға көзқарасын ол мүлде теріс ұғындырды. Қазіргі мәселе жөнінде де біз нақ осыны көріп отырмыз. Сисмондидың жаңа теориямен ұқсастығы бұл жөнде де *қайшылықты көрсетумен* ғана тынады. Бұл жөнде де оның ғылымының жаңа теориядан айырмашылығы ғылыми анализ жасалмағандығында және мұндай анализдің орнына ұсақбуржуазиялық моральді қолданғандығында болып отыр. Мұны түсіндіріп өтейік.

Өткен ғасырдың аяқ кезінен бастап капиталистік машиналы индустрияның дамуы басы артық халықтың құрылуын туғызды, сөйтіп саяси экономияның алдына осы оқыйғаны түсіндіру міндеті қойылды. Жұртқа мәлім, Мальтус ол оқыйғанын қоғамдық шаруашылықтың белгілі бір, айқын тарихи құрылысынан туатындығын мүлде бекерге шығарып және осы факт арқылы ашылып отырған қайшылықтарды мүлде көрмей, ол оқыйғаны табиғи-тарихи себептер арқылы түсіндіруге тырысты. Сисмонди бұл қайшылықтарды және машиналардың халықты ығыстырып отыратынын көрсеткен болатын. Мұны көрсету жөнінде оның еңбегі барлығы даусыз нәрсе, өйткені оның жазу ісіне араласқан зама-

нында мұндай мәселені көрсету деген жаңалық нәрсе еді. Бірақ оның бұл фактыға қалай қарағанына көз жіберейік.

7-кітаптың («Халық туралы») 7-тарауында «машиналар ойлап шығарудың нәтижесінде басы артық болып шығатын халық туралы» әдейілеп сөз қозғалады. Сисмонди «машина адамдарды ығыстырып отырады» (р. 315, II, VII) деп көрсетеді де, дереу мынадай сұрау қояды: машиналар ойлап шығару ұлтқа пайдалы ма немесе оның басына орнаған бақытсыздық па? Бұл мәселенің капиталистік ел үшін емес, жалпы алғанда барлық елдер мен барлық заманалар үшін «шешілуі» мағынасыз ескілік болатындығы түсінікті нәрсе: «тұтыну затын керек ету халықтың қолындағы өндіріс құрал-жабдықтарынан артық болса» пайдалы (*les moyens de produire de la population*) (II, 317), ал «өндірілетін өнім тұтынуға толық жеткілікті болса» апатқа ұшырағандық болады дейді. Басқа сөзбен айтқанда: Сисмондидың қайшылықты көрсетуі — қазірдің өзінде ешбір қайшылық жоқ және есепшіл шаруаның хұлқын қолдануға болатын пәлендей-бір абстракт қоғам жөнінде пікір қозғау үшін сылтау ғана болады! Сисмонди бұл қайшылықты талдап шығуға, қазіргі капиталистік қоғамда оның қалай пайда болатынын, оның неменеге апарып соғатынын, тағы тағысын тексеруге әрекет жасап та отырған жоқ. Жоқ, ол бұл қайшылықты пайдаланғанда адамгершілік жағынан өзінің мұндай қайшылықты жек көруіне материал ретінде ғана пайдаланып отыр. Бұл тараудың бұдан былайғы жердегі мазмұнының бәрі де бұл теориялық мәселе жөнінде тіпті ешнәрсе де бермей, зарлану, шағым қылу және сәбилік тілектермен тынады. Ығыстырылып отырған жұмысшылар — тұтынушылар еді... ішкі рынок азаюда... ал сыртқы рынокке келсек, бұл жағынан дүние жүзі жеткілікті түрде қамсыздалған... шаруалардың шағын аukatы зат өткізу ісіне жақсы кепіл болған болар еді... континент мемлекеттері соңынан еріп отырған Англиядан асқан адам таңғаларлық сұмдық тәжірибе жоқ — міне құбылысты талдап шығудың орнына Сисмондидың айтып отырғаны осындай өсиет уағыздар! Сисмондидың мәселеге көзқарасы біздің халықшылдардың көзқарасынан тура ай-

нымайды. Халықшылдар да халықтың басы артып қалу фактысын көрсетумен ғана тынады, сөйтіп бұл фактыны капитализм жөнінде зарланып, шағым қылуға ғана пайдаланады (Н. — он, В. В., тағы басқаларын салыстырып қараңыз). Бұл басы артық халықтың капиталистік өндірістің талаптарына қандайлық қатысы бар екендігін талдап шығуға Сисмондидың ешбір әрекеттенбейтіні сыяқты, халықшылдар да ешуақытта мұндай мәселені алдарына қойып көрген емес.

Мұндай тәсілдің мүлде теріс екендігі осы қайшылыққа ғылыми анализ беру арқылы анықталды. Бұл анализ: басы артық халық (артық өнім және артық тұтынумен қатар) сөзсіз қайшылық бола тұрып және капиталистік қор жыйнаудың қажетті нәтижесі бола тұрып, сонымен қабат капиталистік механизмнің *қажетті негізгі бір тұлғасы* болып табылатындығын анықтады*. Ірі индустрия неғұрлым ілгері дамыған сайын, дағдарыстарға байланысты немесе бүкіл ұлттық өндірістегі, яки оның әрбір жеке тарауындағы болатын гүлдену дәуіріне бай-

* Біздің білуімізше, басы артық халық жөніндегі бұл пікірді „Die Lage der arbeitenden Klasse in England“ (1845) (Энгельс, «Англиядағы жұмысшы табының халі». Ред.) деген шығармасында ең алғаш Энгельс айтқан. Ағылшын өнеркәсібінің қалыпты өнеркәсіптік циклін суреттей келіп, автор былай дейді:

«Сауданың неғұрлым қызу жүріп жатқан айларында рыноктің керек ететін товарларын көптеп шығаруға мүмкіндік алу үшін, өнеркәсіптің аса гүлденіп өркендеуінің біраз уақытынан басқа уақыттардың барлығында да ағылшын өнеркәсібінде жұмысшылардың қолы бос резервті армиясы болуға тиіс екендігі осыдан айқын көрінеді. Резервті армия мүшелерінің азды-көпті бөлегіне кәсіп тауып беретін рыноктің жайына қарай бұл армия көбейіп немесе азайып отырады. Егерде рыноктің анағұрлым қызған кезінде, өндірістің жалпы гүлденуі онша жайыла қоймаған егіншілік округтер мен өнеркәсіп тараулары мануфактураларға уақытша белгілібір мөлшерде жұмысшылар беріп отыратын болса, мұндай жұмысшылардың өзі азғана ғана болады, сондықтан бұлар да дәл солай резервті армияның қатарына жатады; олардың жалғыз айырмашылығы сол ғана — өндірістің тез гүлденіп көркеюінің нақ өзі олардың осы армияға жататындығын ашу үшін керек болды»⁴⁴.

Соңғы сөздердегі, өнеркәсіпке барып уақытша жұмыс істейтін *егіншілік кәсібіндегі* халықтың бір бөлегінің резервті армияның қатарына жатқызылатындығын айтып өту қажет. Мұның өзі соңғы кездегі теорияның басы артық халықтың *жасырын* түрі деп атаған нәрсесінің дәл өзі (Маркстің «Капиталын» қараңыз).

ланысты жұмысшыларды керексіну ісі соғұрлым зор ауытқушылықтарға ұшырап отырады. Бұл ауытқушылықтар — капиталистік өндірістің заңы; кез келген өнеркәсіп тарауына немесе кез келген кәсіп орнына әрбір белгілі кезеңде жұмысшы жетістіріп беруге әзір тұратын басы артық халық болмаған болса (яғни капитализмнің жұмысшыларды керексінуінің *орта мөлшерінен* артық халық болмаса), капиталистік өндіріс *өмір сүре алмаған болар еді*. Капитализм тамыр жайған өнеркәсіп тарауларының бәрінде де, — өнеркәсіптегі сыяқты, дәл егіншілікте де, — басы артық халықтың құралатынын және басы артық халық түрлі формаларда болатынын анализ айқын көрсетіп берді. Басы артық халықтың басты-басты формалары үшеу: * 1) *Аумалы артық халық*. Бұған өнеркәсіпте істемейтін жұмысшылар жатады. Өнеркәсіптің өркендеуімен бірге олардың саны да лажсыз өседі. 2) *Жасырын артық халық*. Бұған жататын — капитализм өркендегендіктен өзінің шаруашылығынан айрылып, егіншіліктен тысқары басқа кәсіп таба алмайтын село халқы. Бұл халық кез келген кәсіп орындарына жұмысшы жетістіріп беруге қашан да болсын әзір тұрады. 3) *Тоқраулы артық халық*. Бұл халықтың жұмыс істеуі, әдеттегі қалыптан төмен жағдайларда болғандықтан, «өте-мөте қолайсыз». Бұған жататындар көбінесе үйді-үйлерінде отырып фабриканттар мен магазиндердің жұмысын істейтін село халқы мен қала халықтары. Сөйтіп халықтың осы жіктерінің бәрінің жыйыны *относительді басы артық халықты*, немесе *резервті армияны құрастырады*. Соңғы термин әңгіменің қай халық туралы болып отырғанын өте айқын көрсетеді. Бұл — кәсіп орындарын *мүмкін қадері кеңейту* үшін капитализмге керекті, бірақ ешуақытта да үнемі жұмыста болып отырмайтын жұмысшылар.

Сонымен, бұл мәселе жөнінде де теория романтиктердің жасаған қорытындысына бүтіндей карама-қарсы қорытындыға келеді. Романтиктердің ойынша басы артық халық капитализмнің мүмкін еместігін немесе

* *Зибердің* «Давид Рикардо, тағы басқалар» дегенін салыстырып қараңыз, 552—553-беттері. СПб. 1885.

оның «хателіктен» болғандығын көрсетеді. Ал шынына келгенде, — істің жайы дәл мұның керісінше болып отыр: басы артық халық өнімді артық өндірудің қажетті қосымшасы бола отырып, капиталистік шаруашылықтың қажетті бір бөлегі болып табылады, *онсыз капиталистік шаруашылық өмір сүре де алмас еді, өркендей де алмас еді*. Эфруси бұл арада да, жаңадан шыққан теорияның осы қағыйдасы туралы жұмған аузын ашпай, мәселені мүлде теріс көрсетіп отыр.

Біздің халықшылдардың жоғарыда көрсетілген екі түрлі көзқарастың қайсысына қосылатындығы туралы қорытындыға келу үшін сол көзқарастарды жай ғана салғастырып өтудің өзі-ақ жеткілікті болады. Жоғарыда Сисмондидан келтірілген тарау Н. — он мырзаның «Біздің реформадан соңғы қоғамдық шаруашылықтың очерктері» дегенінде әбден орын алуға тиіс еді.

Реформадан соңғы Россияда басы артық халықтың кұралғанын айта келіп, халықшылдар жұмысшылардың резервті армиясын капитализмнің қаншамалық керек ететіндігі туралы ешуақытта мәселе қозғаған емес. Үнемі басы артық халық кұралып отырмаған болса, темір жолдар салынған болар ма еді? Бұл сыяқты еңбекті керексінудің жылдан жылға қатты ауытқып отыратыны жұртқа мәлім ғой. Осындай жағдай болмаса өнеркәсіп өркендей алар ма еді? (Жұмыстың қызу кездерінде өнеркәсіп жаңадан салынатын фабрика, үй, склад, тағы басқалары үшін кұрылыс жұмысшыларын көп керек қылады және егіншіліктен тысқарғы шет кәсіпшілік дейтіннің денін қамтыйтын күндіктеп істелетін түрлі-түрлі көмекші жұмыстарды да керек қылады.) Осындай жағдай болмаса біздің шет аймақтарда жүз мыңдаған, миллиондаған күндікшілерді керек ететін капиталистік егіншілік пайда болар ма еді?, ал оның бер-жағында бұл еңбекті керексінудің өлшеусіз зор ауытқып отыратыны жұртқа мәлім. Басы артық халық кұралмайынша ағаш өнеркәсібінің иелері фабрикалардың керегіне адам айтқысыз тездікпен ағаш жеткізіп берер алар ма еді? (Село халықтарының кәсіп иелеріне істейтін еңбектерінің өзге формалары сыяқты, ағаш кәсібінің жұмыстары да ақыны өте аз төлейтін, жұмысы өте нашар қойылған кәсіп орындарының қатарына қосы-

лады.) Осындай жағдай болмаса купецтердің, фабриканттардың, магазиндердің қалалар мен деревняларда жұмысшылардың үйді-үйіне жұмыс үлестіріп беру системасы өрістей алған болар ма еді? бұл система майдагерлік кәсіпшілік дейтіндерде өте кең өріс алған нәрсе еді. Еңбектің бұл тарауларының бәрінде де (көбінесе реформадан кейін өркендеген тарауларында) жалдама еңбекті керексінудің ауытқуы өте зор. Ал жалдама еңбекті осындай керексінудің ауытқуының мөлшері капитализм *керек* ететін басы артық халықтың мөлшерін анықтайды ғой. Экономист-халықшылдар өздеріне бұл заңның мәлім екендігін ешбір жерде көрсеткен жоқ. Әрине, біз бұл арада бұл мәселелердің мән-жайын тексеріп жатпақшы емеспіз*. Бұл біздің міндетімізге кірмейді. Біздің мақаламыздың сөз қылатын мәселесі — батыс-европалық романтизм және оның орыс халықшылдарына қатысы. Бұл ретте де бұл айтылып отырған қатыс бұрынғы айтылғандардағыдай болып отыр: басы артық халық жайындағы мәселе жөнінде халықшылдар бүтіндей романтизмнің көзқарасында болып отыр, романтизмнің көзқарасы жаңадан шыққан теорияның көзқарасына негізінен қарама-қарсы келеді. Жұмыстан босатылатын жұмысшыларды капитализм жұмысқа қоспайды, — дейді олар. Демек, капитализмнің болуы мүмкін емес, «хателіктен болған», тағы сондай сөз. Бұл тіпті де «олай» емес. Қайшылықтың болуы — капитализм мүмкін емес деген сөз болмайды (*Widerspruch* деген *Widersinn* дегенмен бір нәрсе емес). Капиталистік қор жыйнау дегеніңіз бұл өндіріске бола өнім өндіре берудің нағыз өзі, мұның өзі де қайшылық болып табылады. Бірақ бұл қайшылық қор жыйнаудың өмір сүруіне және шаруашылықтың белгілі бір системасының заңы болуына бөгет болмайды. Капитализмнің барлық өзге қайшылықтары туралы да нақ осыны айту керек. Жоғарыда келтірілген халықшылдық пікір: күрғақ сөздер арқылы осы қайшылықтардың бәрінен жал-

* Сондықтан біз бұл жерде мына бір қызық оқығашыға: осы өте көп жұмысшылардың тіркелмегендігі халықшыл-экономистер үшін оларды *есепке алмауға* дәлел болып отырғандығына тоқталып жатпаймыз.

тарушылық ауруының орыс интеллигенциясының бойына әбден сіңіп алған нәрсе екенін ғана «көрсетеді».

Сонымен, Сисмонди халықтың артылып отыруына теориялық анализ беру жөнінде тіпті ешнәрсе көрсете алған жоқ. Бірақ ол бұған қалай қарады? Оның көзқарасы ұсақбуржуазиялық тілектестік пен мальтусшілдікті шебер етіп ұштастырудан құралады. «Осы кездегі әлеуметтік ұйымның зор кемшілігі сол, — дейді Сисмонди, — кедей адам еңбекті керексінудің қандай түріне арқа сүйейтіндігін ешуақытта біле алмайды» (II, 261), сөйтіп Сисмонди «деревня етікшісі» мен ұсақ шаруаның өз табыстарын анық білген заманаларын күрсініп арман етеді. «Кедей адам меншік атаулыдан неғұрлым айрылған сайық, ол соғұрлым өзінің табысы жөнінде хателесу хаупіне ұшырайды және еңбекті керексінуден сәйкес келмегендіктен күн көру қорегін таба алмайтын халықты туғызуға жағдай жасау хаупіне (*contribuer à accroître une population*) ұшырайды» (II, 263—264). Көріп отырсыздар: жартылай тағы халықтың патриархалдық қарым-қатнастарын сақтау үшін бүкіл қоғамдық дамуды тоқтатқысы келетіні ұсақбуржуазияның бұл идеологиясына аз болып отыр. Ұсақ буржуазияны сақтауға жарайтын болса болғаны, адам баласының жаратылысына қандай болса да залал келтіруге ол әзір отыр. Осы соңғы пункт жөнінде күман болмау үшін тағы бірнеше үзінділер келтірейік:

Фабрикада жартылай қайыршы жұмысшыға жеті сайын ақы төлеп отыру ісі оны өзінің болашағын келесі жетіден әрі ойламауға дағдыландырды: «сонымен оның адамгершілік сапалары мен сүйкімділік сезімін мұқалдырды» (II, 266), оның адамгершілік сапалары мен сүйкімділік сезімі, мұны біздің қазір көретініміздей, «ерлі-зайыптылығының тату-тәтті болуына байланысты»!.. — «оның семьясының қоғамға неғұрлым ауыртпалығы түскен сайын, оның семьясы соғұрлым көбейе туседі; сөйтіп өзінің күн көру қаражаттарының дәрежесіне қарай теңестірілмеген (*disproportionnée*) халықтың езуімен ұлт азап шегеді (*gémira*)» (II, 267). Адамның күн көру дәрежесін төмендетіп, адам баласының жаратылысын бұрмалап болса да, қайткен күнде

ұсақ меншікті сақтап қалу керек! Сисмондидың ұраны міне осы. Сөйтіп Сисмонди, мемлекет адамы болғансып, халықтың өсуі қай кезде «керекті» екені туралы әңгіме қыла келіп, «үйлесімсіз» неке қыйысуды айыптамағаны үшін дінді кіналап айрықша арнаулы тарау жазады. Оның — ұсақ буржуазиялық идеалына жанасып кетсең-ақ, Сисмонди мальтустің өзінен де асқан мальтусшіл болып шыға келеді. «Қайыршылық өмір үшін ғана туатын балалар, — деп дінге өсиет етеді Сисмонди, — сонымен бірге бұзықтық үшін де туады... Әлеуметтік құрылыс мәселелері жөнінде надан болушылық оларды (дін өкілдерін) күнасыздықты некеге тән адалдықтардың қатарынан шығарып тастауға мәжбүр етті және ол надандықтың өзі халық пен оның күн көру қоректерінің арасында өзінен өзі орнайтын сәйкестікті бұзып отыратын үнемі бола беретін себептердің бірі болды» (II, 294). «Семья жаңартқан адамдардың өзі әйелдерімен тәтті-тату адал тұруы, бойдақ адамдардың өз әйелі емес әйелдермен тәтті-тату адал тұруынан кем соқпауы керек екендігін дін өсиеті адамдарға үйретуге тиіс» (II, 298). Сөйтіп, затында теоретик-экономист атағын алуға ғана дәмелі болмай, сонымен бірге данышпан әкім адам атағын алуға да дәмелі болып жүрген Сисмонди дәл сол арада: «семьяны жаңарту» үшін «жалпы алғанда және орта есеппен әйелдің үш рет бала тапқаны» керек деп есептейді, сөйтіп үкіметке былай деп ақыл береді: «семьялы болуға мүмкіндік беретін тәуелсіз күйге үміттендіріп жұртты алдамау керек, бұл алдаушы мекеме (*cet établissement illusoire*) олардың азап шегуге, қайыршылыққа, өлімге басын байлайды» (II, 299). Әлеуметтік ұйым еңбекшілер табын пәлендей бір меншігі бар таптан бөлмеген кезде қайыршылық азабын (*le fléau*) жою үшін жалаң жұртшылық пікірінің өзі-ақ жеткілікті болған еді. Екінші адам үшін — өзінің аталарының мұрасын сату, ұсақ қолөнерші үшін — өзінің аз ғана капиталын ысырап етушілік қашан да болсын ұят нәрсе болып көрінген еді... Бірақ Европаның осы күнгі қоғам құрылысында... қашан да болса ешбір меншігі болмауға жазған адамдар қайыршылық күйге түсуді ешуақытта да ар көрмейді» (II, 306—307). Ұсақ меншікшінің топас-

тығы мен қатып сенген пыйғылын бұдан айқынырақ көрсету қыйын нәрсе! Сисмонди бұл арада теоретик болудан қалып, француз шаруасының ойдағыдай қолданып жүргені жұртқа мәлім моральды уағыздайтын практика жүзіндегі ақыл берушіге айналып отыр. Сисмонди кұр ғана Мальтус емес, мұның үстіне әдейілеп ұсақ буржуаның үлгісімен пішілген Мальтус. Сисмондидың кітабының осы тарауларын оқығанда, мальтусшілдік дегеніміз ерлі-зайыптылық практиканы... жаратылыстан тыс кейбір бұзықтықты уағыздаушылық болып табылады деп дәлелдеген Прудонның аса ызалы қылықтарын ықтыарсыз есіңе түсіресің*.

IX

КАПИТАЛИСТІК ҚОҒАМДАҒЫ МАШИНАЛАР

Басы артық халық жайындағы мәселемен байланысты жалпы *машинаның* маңызы туралы мәселе көтеріліп отыр.

Сисмондидың машина жөнінде жасаған тамаша «ескертүлерін» Эфруси ықласымен айта келіп, «оны техника табыстарына дұшпан болды деу дұрыстық емес» (№ 7, 155-бет), өйткені «Сисмонди машинаға жаңалық енгізуге қарсы болған жоқ» (156-бет) дейді. «Жұмысшы табына машина мен техникадағы жаңалықтардың өздігінен өзі зиянды емес, олар еңбек өнімділігінің өсуі жұмысшы табының тұтыну дәрежесін де арттырмай, жұмыс уақытын да азайтпай отырған осы замандағы шаруашылықтың жағдайларының салдарынан ғана зиянды болады, деген пікірді Сисмонди сан рет атап көрсеткен болатын» (155-бет) дейді.

Бұл мәлімдемелердің бәрі де әбден әділ нәрсе. Сонда да болса Сисмондига *осылай* баға беру, *романтикті* халықшылдың мүлде *түсіне* алмағандығын, капитализм жөніндегі романтизмге тән *көзқарасты* және ол көзқарастың ғылыми теорияның көзқарасынан негізгі айыр-

* Мальтустің: «Халықтың өсіп-өнуі жөніндегі тәжірибе» дегенінің орысша аудармасына қосылған қосымшаны қараңыз (Бибииковтың аудармасы, СПб. 1866). Прудонның «Әділеттік жөнінде» деген шығармасынан келтірілген үзіндіні қараңыз.

машылығын түсіне алмағандығын тамаша айқын көрсетеді. Халықшылдар мұны түсіне де алмады, өйткені халықшылдардың өзі романтизмнен ұзап кете қойғая жок. Ал егер Сисмондидың машинаны капиталистік жолмен пайдаланудың қайшылық сыйпаттары бар екенін көрсетуі 1820 жылдардағы ірі прогресс болған болса, онда қазір бұл сыяқты дәрекі сынмен шектеліп, оның ұсақбуржуазиялық өрісі тар сын екенін түсінбеу нағыз кешірімсіз нәрсе.

Бұл жөнінде (яғни Сисмондидың ғылымының жаңадан шыққан теориядан айырмашылығы жөніндегі мәселеде)* Эфруси өз пікірінен ешбір қайтпай отыр. Ол әуелі мәселені қоя да білмейді. Сисмонди машинаны капиталистік жолмен пайдалануды қайшылық деп білді дегенді айтып, Эфруси осымен қанағаттана да салып отыр, оныңша тарих ешуақытта да капитализмді сынаудың нағыз алуан-алуан тәсілдері мен әдістерін көрсетпеген сыяқты. Сисмонди машиналарды өздігінен зыянды деген жок, олардың осы күнгі әлеуметтік құрылыстың кезінде пайдаланылуының салдарынан зыянды деді, деп Эфруси осы пікірдің жалаң өзінде-ақ нендей дәрекі, сентименталдық-үстіртін көзқарастың бар екендігін байқамай да отыр. Сисмонди шынында да: машина зыянды ма, яки зыянсыз ба? деп байымдап, мәселені: өнім тұтынумен сәйкес келетін кезде ғана машина пайдалы болады, деп уағыз айтумен «шешкен» («Р. Б. — дағы» цитатаны салыстыр, № 7, 156-бетінде). Осы жоғарыда баяндалғандардың бәрінен кейін бұл арада біздің — мәселені бұлай «шешу» капитализмге ғылыми анализ жасаудың орнына ұсақбуржуазиялық қыялды тықпалау болатынын, онан басқа дәнеме де емес екендігін дәлелдеп жатуымыздың қажеті жок. Сисмондиды капитализмге ғылыми анализ жасамады деп кінәлауға болмайды. Тарихи қайраткерлердің сіңірген тарихи еңбектері олардың осы күнгі талаптарға қарағанда жаңалық енгізбегеніне қарай бағаланбайды, өзінің алдындағы өткендерге қарағанда олардың қандай жаңалық

* Біз Эфрусидің барлық жерде де Сисмондиды осы күнгі теориямен осылай салыстыруға тырысқанын жоғарыда сан рет көргенбіз.

енгізгендігіне қарай бағаланады. Бірақ біз бұл арада Сисмонди туралы және оның дәрекі, сентименталдық көзқарасы туралы әңгіме қылып отырғанымыз жоқ, «Р. Б. — во»ның экономисі жөнінде әңгіме қылып отырмыз, «Р. Б.—воның» экономисі мұндай көзқарастың жаңадан шыққан теориядан қандай айырмашылығы бар екенін күні бүгінге дейін түсінбей келеді. Бұл айырмашылықты сыйпаттау үшін мәселені Сисмондидың машинаға қарсы болғандығы яки қарсы болмағандығы жөнінде қоймай, машинаның капиталистік қоғамда маңызы болатынын Сисмонди түсінді ме? ол машинаның *бұл құрылыстағы прогресс жасау факторы* ретіндегі ролін түсінді ме? міне мәселені осы жөнінде қою керек екендігін «Р. Б. — во»ның экономисі түсінбей отыр. Егер мәселені осылай қойған болса, «Р. Б. — во»ның экономисі: өзі *ұсақбуржуазиялық, қыяли* көзқараста болғандықтан Сисмондидың мұндай мәселені *қоя да алмағандығын*, ал жаңадан шыққан теорияның айырмашылығы — оның бұл мәселені қоя біліп және шешеді білгендігінде екенін байқаған болар еді. Мұны байқаған болса Эфруси мынаны түсінген болар еді: қазіргі капиталистік қоғамдағы машиналардың тарихи ролі жөніндегі мәселені — жалпы машина атаулының «тиімді», «пайдалы» болатын жағдайлары жөніндегі мәселемен алмастыра отырып, Сисмондидың өзінен өзі капитализм мен машинаның капиталистік жолмен пайдаланылуы «хауіп» туғызады деген ғылымға келгендігін, жұртты капитализмнің өсуін «кідірту керек», «баяулату керек», «белгілі тәртіпке бағындыру керек» дегенге шақырғанын, сөйтіп осының салдарынан *реакционерге* айналғанын, түсінген болар еді. Прогрестің факторы ретіндегі машинаның тарихи ролін түсінбеушілік — жаңадан шыққан теорияның Сисмондидың ғылымын *реакцияшыл ғылым* деп таныған себептердің бірі болып табылады.

Әлбетте, біз бұл арада машиналы өндіріс жөніндегі ең жаңа ғылымды (яғни Маркстің ғылымын) баяндап жатпаймыз. Сонда да болса оқушы Н. Зибердің жоғарыда аталған зерттеуіне меңзеп, сонымен таныстырайық; онысы «Машиналар мен ірі өнеркәсібі» деген X тарау және әсіресе «Машиналы өндіріс теориясын талқылау»

деген XI тарау*. Тек қысқа түрде ғана осы теорияның мәнісін айтып өтейік. Оның мәнісі мынадай екі пунктке келіп тіреледі: 1-ден, капитализм дамуының бірсыпыра басқа сатыларында машиналы өндірістің алатын орнын және капитализм дамуының осы бұрынғы сатыларына (капиталистік жай кооперация мен капиталистік мануфактураға) машиналы индустрияның қатнасын анықтап берген тарихи анализге тіреледі; 2-ден, машинаның капиталистік шаруашылықтағы роліне анализ жасауға тіреледі және әсіресе машиналы индустрияның халықтың барлық тұрмыс жағдайларын қайта құруына анализ жасауға тіреледі. Бірінші пунктте: теория машиналы индустрияның капиталистік өндірістің бір ғана сатысы (атап айтқанда жоғарғы сатысы) болатынын анықтады және оның мануфактурадан туатынын көрсетті. Екінші пунктте теория мына жағдайды анықтады: машиналы индустрияның капиталистік қоғамдағы орасан зор прогресс болатын себебі, тек оның өндіргіш күштерді зор дәрежеде арттырып және бүкіл қоғамда еңбекті қоғамдастырып отырғандығында ғана емес**, сонымен қатар оның орасан зор прогресс болатын себебі — машиналы индустрия мануфактуралық еңбек бөлінуін қыйратып отыр, жұмысшылардың бір түрлі кәсіптен екінші түрлі кәсіпке көшуін қажетті етіп отыр, мешеуліктің белгісі болатын патриархтық қатнастарды, әсіресе деревняда***, біржола қыйратып отыр, әрі жоғарыда көрсетілген себептерден, әрі индустриялы халықтың жыйнақталуы салдарынан да

* Шынын айтқанда, — дейді Зибер осы тараудың бас жағында, — машиналар мен ірі индустрия туралы баяндалып отырған ғылым жаңа ой-пікірлер мен ең маңызды зерттеулердің сарқылмас бұлағы болып отырғандығы сонша, егерде кімде-кімнің бұл ғылымның бір шама жақсы жақтарын таразыға тартып, толық байқағысы келсе, ол адамның жалаң осы мәселенің өзінен ғана бір кітап жазып шығуына тура келер еді» (473-бет).

** Қауым мен капиталистік қоғамдағы «еңбек үйлестігін» машиналы индустриямен салғастыра келіп, Зибер: «Мысалға алғанда, 10 деген бірлік сан мен 100 деген бірлік санның арасында қандай айырмашылық болса, қауымның «қосынды саны» мен машинамен өнім өндіретін қоғамның «қосынды санының» арасында да мөлшермен алғанда дәл сондай айырмашылық бар», деп әбден дұрыс айтып отыр (495-бет).

*** Зибер, жоғарыда аталған шығармасының 467-бетінде.

қоғамның прогрестік қозғалысына күштірек демеу беріп отыр. Капитализмнің басқа да прогрестері сыяқты, бұл прогресс те қайшылықтар «прогресімен», басқаша айтқанда қайшылықтардың шиеленісіп, кеңеюімен қағар жүріп отырады.

Бұл сыяқты жалпы жұртқа мәлім мәселе жөніндегі Сисмондидың көзқарастарын және жұрттың бәрі де «таныс», жұрттың бәрі де «келісетін» жаңа теорияның бұлай жалпы көрсетілуін талқылаудың не мәнісі бар? деп оқушының сұрауы да мүмкін.

Ал енді жаңа теорияға жұрттың «келісетіндігін» байқап көру үшін, біз қазір ең жаңа теорияны мүлтіксіз қолдануға дәмесі бар көрнектірек халықшыл экономист Н.—он мырзаны алып қараймыз. Жұртқа мәлім, өзінің «Очеркілерінде» Н.—он мырза орыстың тоқыма индустриясының капитализм жолына түсуін зерттеуді өзінің арнаулы міндеттерінің бірі етіп қойған, ал тоқыма индустриясының айрықша сыйпатының өзі сол — онда машиналар анағұрлым көп қолданылады.

Бұл мәселе жөнінде Н.—он мырза қандай көзқараста: Сисмондидың көзқарасында ма (капитализм жөніндегі тіпті бірсыпыра көп мәселелерде ол Сисмондидың көзқарасына ортақ болып отыр, мұны жоғарыда өзіміз көрдік) немесе жаңадан шыққан теорияның көзқарасында ма? деген сұрау туады. Мұндай маңызды мәселеге келгенде ол романтик пе немесе... реалист пе? * деген сұрау туады.

Жаңадан шыққан теорияның бірінші айырмашылығы — машиналы индустрияның капиталистік мануфактурадан туатындығына тарихи анализ жасау екендігін жоғарыда көріп өттік. Н.—он мырза орыстың машиналы индустриясының қайдан туғандығы жөнінде мәселе қойды ма? Жоқ, қоймады. Рас, орыстың машиналы индустриясынан бұрын жұрттың үйді-үйінде капиталиске жұмыс істегендігін және қол еңбегі қолданылатын «фабри-

* «Реалист» деген сөз бұл арада: тек қана цензуралық пікірден туып отырған *марксист* деген сөздердің орнына қойылып отыр. «Капиталды» дәлелге алудың Маркстің «Капиталындағы» айтылғандарды қайталап айтқан Зибердің кітабын дәлелге алумен алмастырылуының себебі де осы цензуралық пікірлерден туып отыр. (Автордың 1908 жылғы басылуына жазған ескертуі. *Ред.*).

кавын» болғандығын ол көрсетті*, бірақ ол машиналы индустрияның оның одан бұрынғы сатысына қатысы жөніндегі мәселені түсіндірмегені былай тұрсын, тіпті әуелі кұмансыз капиталистік мануфактура болып сыйпатталына-тын индустрияның бұрынғы сатысын (үйді-үйінде не-месе капиталистің мастерскойында қол еңбегімен өнім өндіру ісі) ғылыми терминология бойынша фабрика деп айтуға болмайтындығын да «байқамады»**.

Оқушы мұны оншама маңызды «кемістік» емес деп ойламасын. Қайта, оның өте зор маңызы бар. І-ден, Н.—он мырза капитализмді машиналы индустриямен бір деп санап отыр. Бұл — өрескел хателік болады. Ғылыми теорияның маңызы дәл мынада — ол теория капитализм-нің бір сатысы ретіндегі машиналы индустрияның шын орнын түсіндіріп берді. Егерде Н.—он мырза осы теория-ның тұрғысында болған болса, онда ол машиналы ин-дустрияның өсуі мен табысын «екі түрлі шаруашылық формалардың күресі»: «шаруалардың өндіріс құралда-рын немденуіне негізделген» пәлендей бір дерексіз «фор-ма»*** мен «капитализмнің күресі» (2, 3, 66, 198 және басқа беттері) деп түсінер ме еді?, ал шындығында біз машиналы индустрияның капиталистік мануфактурамен күресетіндігін көріп отырмыз. Зерттеу жүргізу үшін өзі-нің әдейілеп алып қараған (79-бет) тоқыма индустрия-сында, жоғарыда келтірілген оның сөзіне қарағанда, ка-питализмнің екі формасы дәл осы түрде алмасып отырса

* 108-бет. «Москва губерниясы жайындағы санақ мәліметтері жыйнағынын» VII томы, III кітабының 32-бетінде мынадай цитата келтірілген (санақшылар бұл арада Қорсактің «Өнеркә-сіптің формалары туралы» дегенін баяндап отыр): «Қолөнер кәсі-бінің ұйымдастырылуының өзі 1822 жылдан бастап мүлде өзгеріп кетіп отыр: өзіне дербес ұсақ колөнерші өндірушілер болудың ор-нына шаруалар ірі фабрикалы өндірістің кейбір операцияларын орындаушы ғана болып отыр, олар істегеніне қарай ақы алумен қанағаттанады».

** Зибер ғылыми зерттеулер жүргізу үшін әдеттегі терминология-ның (фабрика, завод, тағы сондайлардың) жарамсыз екендігін және машиналы индустрияны капиталистік мануфактурадан айы-рым қараудың қажет екендігін көрсетіп, әбден дұрыс істеп отыр: 474-бетінде.

***Н.—он, 322-бетінде: Сисмондидың патриархтық шаруа шаруашылығын дәріптейтіндігінен мұның тіпті титтей де болса айырмашылығы бар ма?

да, Н. — он мырза бұл күрес жөнінде дәнеме де айтқан жоқ; бұл алмасуды Н. — он мырза «халық өндірісінің» «капитализммен» алмасуы деп бұрмалап отыр. Асылына келгенде *машиналы* индустрияның *шын* дамуы жөніндегі мәселеге оның ешбір шұғылданбағаны және «халық өндірісі» дегенінде Сисмондиға әбден ұнамды қыялдың тасаланып тұрғандығы айқын емес пе? 2-ден, егерде Н. — он мырза орыстың машиналы индустриясының тарихи дамуы жөнінде мәселе қойған болса, онда ол үкімет көмегі мен үкімет жәрдемінің фактыларына — Европада да болған фактыларға сүйене отырып, «капитализмді қолдан орнату» (331, 283, 323 және басқа беттері) жөнінде сөз қыла алар ма еді? Ол Сисмондиға еліктей ме (Сисмонди да дәл осылай «капитализмді қолдан орнату» жөнінде әңгіме қылған еді) немесе мануфактураның орнын машиналы индустрияның басқанын зерттеген ең жаңа теорияның өкіліне еліктей ме? деген сұрау туады. 3-ден, егерде Н. — он мырза Россиядағы капитализм формаларының тарихи дамуы (тоқыма өнеркәсібінде) жөнінде мәселе қойған болса, онда ол орыстың «майдагерлік кәсіптерінде» капиталистік мануфактураның болғанын елемеген болар ма еді?». Егерде ол *шынымен* жаңа теорияның жолын ұстап және дәл осы «халық өндірісінің» тіпті шамалы тармағына болса да ғылыми анализ беріп өтуге әрекеттенген болса, — онда оның орыстың қоғамдық шаруашылығы жөніндегі өрескел бояма сыйпаттамасының жайы қалай болған болар еді?; бұл сыйпаттама қайдағыбір күнгірт түрдегі «халық өндірісі» мен одан айырым қалған, «бір шоғыр» ғана жұмысшы-

* Біз бұл жерде жалпы жұртқа мәлім бұл фактыны дәлелдеп жатудың қажеті жоқ шығар деп ойлаймыз. Павловтағы темір уста кәсібін, Богородскийдегі былғары илеу кәсібін, Кимрыдағы етікшілік кәсібін, Молвитин ауданындағы шапка тігу кәсібін, Туладағы гармон және самауыр жасау кәсібін, Красносельский мен Рыбнослободскийдегі сән-салтанат бұйымдарын жасау кәсібін; Семеновскийдегі қасық жасау кәсібін, «Устьянщинадағы» мүйізден зат жасау кәсібін, Нижегород губерниясы Семенов уезіндегі жүннен байпақ басу кәсібін, тағы басқа кәсіптерді еске түсірсек болғаны. Біз: майдагерлік өнеркәсібіне жүргізілген зерттеудің кез келгенін алып қарайтын болсақ, тізімді ұшы-қыйырсыз ұзарту беруге болады, деп жатқа айта аламыз.

лардың мүддесін қамтыйтын «капитализмді» суреттейді (326 және басқа беттері).

Қорытайық: машиналы индустрияның ең жаңа теориясының романтиктік теориядан айырмашылығын көрсететін бірінші пункт жөнінде Н. — он мырза *ешуақытта да бірінші теорияның бағытын ұстаушы адам деп танылуы мүмкін емес*, өйткені капитализмнің айрықша сатысы болатын машиналы индустрияның шығуы жөнінде мәселе қоюдың қажеттігін де ол түсінбей отыр және капитализмнің машиналардан бұрынғы сатысы капиталистік мануфактураның болғанын сөз де қылмай отыр. Тарихи анализ берудің орнына ол «халық өндірісі» деген қыялды тықпалап отыр.

Екінші пункт ең жаңа теорияның қоғамдық қатнастарды машиналы индустрияның қайта құратындығы туралы ғылымына қатысты пункт. Н. — он мырза бұл мәселені қарастыруға әрекет жасаған да емес. Ол капитализм жөнінде көп зарланды, фабриканы жоқтады (Сисмонди да айна хатесіз фабриканы осылай жоқтаған), бірақ ол фабриканың қоғамдық жағдайларды қайта құрғанын зерттеуге әрекеттенген де емес*. Бұл үшін машиналы индустрияны Н. — он мырзадағы айтылмай отырған оның *бұрынғы сатыларымен* салғастырып шығу керек болар еді ғой. Солай-ақ, *қазіргі капиталистік қоғамның* прогресінің факторы болған машинаға ең жаңа теорияның көзқарасы да оған мүлде жат көзқарас. Ол тағы да бұл жөнінде мәселе де қоймады**, әуелі қоя да алмады, өйткені бұл мәселе капитализмнің бір формасының екінші формамен алмасуын тарихи тұрғыдан алып зерттеудің нәтижесі ғана болады, ал Н. — он мырзаша «капитализм» *tout court* *** «халық өндірісінің»... орнын басады.

Егер *Россиядағы тоқыма индустриясының капита-*

* Бұл терминнің ғылыми маңызының жайшылықтағыдай емес екенін ұмытпауды сұраймыз. Ғылым ол терминнің қолданылуын тек ірі машиналы индустриямен ғана байланыстырады.

** Мәселен, ол мәселені А. Волгиннің қойғанындай «Воронцов (В. В.) мырзаның еңбектеріндегі халықшылдықтың дәлелдемесі» деп қойған жоқ. СПб. 1896.

*** — жай әншейін. *Ред.*

лизм жолына түсуі туралы Н. — он мырзаның жүргізген «зерттеулеріне» сүйеніп, жұрт: Н. — он мырза машинаға қалай қарайды екен?, деген сұрау қойса — онда біз сонау Сисмондидан мәлім жауаптан өзге жауап ала алмас едік. Н. — он мырза машинаның еңбек өнімділігін арттыратынын мойындайды (мұны мойындамай қайда барсын!), — мұны кезінде Сисмонди да мойындаған. Н. — он мырза: машиналар зыянды емес, оларды капиталистік жолмен қолдану зыянды дейді, — Сисмонди да осылай деген. Н. — он мырза: «біз» машинаны қолданғанда мынаны ескермей кеткен екенбіз — өндірілетін өнім «халықтың тұтынарлық дәрежесіне» сәйкес келуге тиіс еді деп ойлайды, — мұны Сисмонди да осылай ойлаған.

Болғаны осы. Н. — он мырза бұдан басқа ешнәрсе ойламайды. Ең жаңа теорияның кезекке қойып және шешіп берген мәселелері жөнінде Н. — он мырзаның білгісі де келмейді, өйткені ол Россиядағы капиталистік өндірістің түрліше формаларының тарихи алмасуында (жаңағы алынған тоқыма индустрияның мысалы арқылы болса да), *кәзіргі* капиталистік құрылыстағы прогрестің факторы болған машинаның ролін де қарастыруға әрекет жасамады.

Сөйтіп, машиналар туралы мәселе жөнінде де — теориялық экономияның бұл ең ірі мәселесі жөнінде — Н. — он мырза Сисмондидың көзқарасында болып отыр. Н. — он мырза мәселеге *нағыз романтикше қарайды*, бұл, әрине, оның цитаталар келтіре беруіне ешбір бөгет болмайды.

Бұл жалғыз тоқыма индустриясы жөніндегі мысалға ғана қатысты емес, Н. — он мырзаның барлық пікірлеріне қатысты нәрсе. Тым болмаса жоғарыда келтірілген ұн тарттыру өндірісі жөніндегі мысалды есіңізге түсіріп қараңыз. Машинаның қолданылуын көрсету Н. — он мырзаның: еңбек өнімділігінің бұлай артуы «халықтың тұтыну дәрежесіне» сәйкес келмейді деп, сентименталды түрде қайғыруына сылтау ғана болады. Ол жалпы машиналы индустрияның қоғамдық құрылыстағы жасайтын өзгерістерін (оның Россияда шынымен жасаған өзгерістерін де) тексеріп қарауды да ойламады. Қа-

зіргі капиталистік қоғамда бұл машиналардың прогресс болған, болмағандығы жөніндегі мәселе оған мүлде түсініксіз мәселе болды*.

Ал Н.—он мырза жөнінде айтылғандардың „*a fortiori*“** халықшыл экономистердің басқаларына да қатысы бар: экономикалық анализ жасаудың орнына сентименталдық тілектерді білдіріп, халықшылдар машиналар жөніндегі мәселеде күні бүгінге дейін ұсақбуржуазиялық романтизмнің тұрғысында болып келеді.

X

ПРОТЕКЦИОНИЗМ^а

Сисмондидың көзқарастарының системасындағы біздің көңілімізді аударатын ең соңғы мәселе — протекционизм жөніндегі мәселе. „Nouveaux Principes-те“ бұл мәселеге едәуір орын берілген, бірақ онда ол мәселе көбінесе практикалық жағынан — Англиядағы астық заңдарына қарсы қозғалыс жөніндегі мәселе жағынан тексеріліп отыр. Бұл соңғы мәселені біз төменде қарастырамыз, өйткені ол басқа да анағұрлым көлемді мәселелерді қамтыйды. Ал бұл жерде әзірге біздің білгіміз келетіні Сисмондидың протекционизм жөніндегі көзқарасы ғана. Бұл мәселенің мәні Сисмондидың бұдан бұрын айтылмай қалған тағы бір пәлендей жаңа экономикалық ұғымында болып отырған жоқ, оның, «экономика» мен «қондырманың» арасындағы байланысты түсінуінде болып отыр. Эфрусси «Р. Б.—ны» оқыйтын адамдарды: Сисмонди — «қазіргі замандағы тарихи мектептің алдында өткен адамдардың ең таңдаулыларының және ең таланттыларының бірі», ол «экономикалық құбылыстарды барлық өзге әлеуметтік факторлардан бөлектеуге қарсы» күреседі деп сендіреді. «Сисмондидың еңбектерінде: шаруашылық құбылыстар басқа әлеуметтік факторлардан бөлектенілмеуге тиіс, олар әлеуметтік-

* Текстіде, Маркстің теориясына сүйеніп, Н.—он мырзаның көзқарастарын сынау міндеттері белгіленіп отыр; бұл міндеттерді мен соңғы кезде «Капитализмнің дамуы» деген еңбегімде орындап шықтым. (1908 жылғы басылуына автордың жазған ескертуі. *Ред.*)

** — көбінесе. *Ред.*

саяси сыйпаты бар факторлармен байланыстырылып зерттелуге тиіс деген көзқарас бар» («Р. Б.», № 8, 38—39). Міне енді біз осы алынған мысал арқылы шаруашылық кұбылыстардың әлеуметтік-саяси кұбылыстармен байланысын Сисмондидың қалай ұғынғанын қарастырамыз.

«Шеттен бұйым әкелуге тыйым салу да, — дейді Сисмонди «таможнялар жайындағы» тарауда (I. IV, ch. XI), — шетке бұйым шығаруға тыйым салу сыяқты ақылсыздық іс, апатқа ұшырататын іс: бұлар мануфактурасы жоқ елге мануфактура жолдау үшін шығарылған нәрсе; онсоң бұлардың жаңадан істей бастаған индустрия үшін ең зор мақтаулы тартумен бірдей болатынын мойындамауға болмайды. Бәлкім, бұл мануфактура ұлттың күллі тұтынуына керекті белгілібір товарлардың мөлшерінің жүзден бір бөлегін әрең дегенде ғана өндіреді: жалғыз бір сатушының қолынан товар алу үшін жүз алушы бірімен бірі бәсекелесетін болады, ал сатушы товарын сатпаған тоқсан тоғыз алушы, контрабандалы товарлармен жұбануға мәжбүр болады. Бұлай болған күнде ұлтқа келетін зыян 100-ге тең, ал пайда — 1-ге тең болады. Бұл жаңа мануфактура ұлтқа қандайлық пайда келтірсе де, ол пайданың соншама көп шығындарды өтеу үшін жетімсіз өте аз болатынында күман жоқ. Мұндай мануфактураны іске икемдеу үшін ысырап неғұрлым аз болатын жолдарды әрқашан да табуға болар еді» (I, 440—441).

Міне Сисмонди бұл мәселені: протекционизм «ақылға сыймайтын» нәрсе, өйткені «ұлт» одан зыян шегеді! деп осылайша жай ғана шеше салады.

Біздің экономистің айтып отырғаны қай «ұлт»? Ол белгілібір әлеуметтік-саяси фактыны қандай шаруашылық қатнастармен салғастырып отыр? Ол ешқандай белгілібір қатнастарды алып отырған жоқ, ол *өзінің пәлендей болу керек деген жорындылары бойынша* ұлт қандай болуға тиіс, сол ұлт туралы жалпы сөз қылады. Ал пәлендей болу керек деген бұл жорындылардың капитализмнің болмайтындығына, дербес ұсақ өндірістің үстем болуына негізделіп құрылғаны өзімізге мәлім.

Белгілібір шаруашылық құрылысқа, тек соған ғана қатысы бар әлеуметтік-саяси факторды қайдағыбір жорамалды құрылыспен салыстыру — бұл тіпті барып тұрған сорақылық қой. Протекционизм — капитализмнің «әлеуметтік-саяси факторы», ал Сисмонди оны капитализммен салғастырмай, *жалпы* қайдағы бір ұлтпен (немесе дербес ұсақ өндірушілер ұлтымен) салғастырады. Ол, бәлкім, протекционизмді тіпті индиялық қауымның өзімен салыстырса да, одан әрман айқын «ақылсыздық іске», «түшке жететін» нәрсеге ұшырар еді, бірақ бұл «ақылсыздық» тағы да протекционизмге қатысты болмай, оның салыстыруына қатысты болып шығар еді. Бұқараның есебіне камқорлық етушілік өте аз адамдарға ғана тиімді болатынын дәлелдеу үшін Сисмонди балалық бақай есеп жасап отыр. Мұны тіпті дәлелдеудің де керегі жоқ, өйткені мұның өзі протекционизм деген ұғымның өзінен-ақ айқын көрініп тұр (бұл тікелей сыйлық беру бола ма немесе шет ел бәсекешілерін шеттету бола ма, мұның бәрібір). Протекционизмнің өзі қоғамдық қайшылықты көрсетеді, бұған — талас жоқ. Бірақ протекционизмді тұғызған құрылыстың шаруашылық тұрмысында қайшылықтар жоқ па! Қайта, онда қайшылықтан көп нәрсе жоқ, сондықтан өзінің баяндаған мәселелерінің бәрінде бұл қайшылықтарды Сисмондидың өзі де көрсетіп өткен. Бұл қайшылықты шаруашылық құрылыстың жоғарыда өзі көрсетіп өткен қайшылықтарынан *ажырағып* айырым бөліп қараудың орнына, Сисмонди, өз пікірін мүлде мағнасыз «сәбилік тілекке» айналдырып, экономикалық қайшылықтарды *елемей отыр*. Сисмондидың айтуынша, азғана ғана топқа пайда келтіретін бұл тәртіпті бір елдің бүкіл шаруашылығындағы осы топтың күйімен және осы топтың мүдделерімен салыстырудың орнына, ол оны «жалпы игілік» жөніндегі дерексіз қағыйдамен салыстырып отыр. Демек, біз бұл арада, Эфрусидің айтқанына қарама-қарсы, Сисмондидың шаруашылық құбылыстарды басқа құбылыстардан тура *оқшаулап* отырғанын (протекционизмді шаруашылық құрылыспен байланыстырмай қарап, оқшаулап отырғанын) және экономикалық фактылар мен әлеуметтік-саяси фактылардың арасында-

ғы байланысты мүлде түсінбей отырғанын көреміз. Біз жоғарыда келтіріп өткен тирадада Сисмондидың, теоретик ретінде, протекционизм жөніндегі мәселе жайында айта алатын нәрсесінің бәрі бар: қалғаны — осыны қайталап айту ғана болады. «Өздерінің бұл пайдаға (мануфактураның дамуына) және өздерінің тұтынушыларға артып отырған өрескел шығындарына ненің күшімен жетісіп отырғанын үкіметтердің толық түсінуі екіталай нәрсе» (I, 442—443). «Европа үкіметтерінің жаратылысты күшпен бағындырғысы келді» (*faire violence à la nature*). Қандай жаратылысты бағындырғысы келді? Протекционизм «күшпен бағындырып отырған» капитализмнің жаратылысы емес пе? «Былайша айтқанда (*en quel que sorte*) ұлтты жалған іске зорлап қосты» (I, 448). «Кейбір үкіметтер купецтердің товарды арзанға сатуына мүмкіндік беру үшін оларға ақша төлеп отыратын болған; бұл, шығын неғұрлым өрескел болған сайын, ол неғұрлым нағыз жай есепке қайшы келген сайын, үкіметтер оны соғұрлым нағыз келіскен саясат деп санайды... Үкіметтер өздерінің купецтеріне ақша төлегенде өздеріне бағынышты жұрттың есебінен төлейді» (I, 421), т. т. және т. с. Міне Сисмонди бізге осындай пікірлерді тарту етіп отыр! Ол басқа бір жерлерде осы пікірлерден қорытынды жасаған болып, капитализмді «жасанды» және «екпелі» (I, 379, *opulence factice*), «қолдан өсірілген» (II, 456) нәрсе деп атайды, т. т. Осы қайшылықтарға анализ берудің орнына сәбилік тілектерді тықпалаудан бастаған Сисмонди осы тілектердің пайдасын көздеп, шындықты тура бұрмалап отыр. Жұрт әбден «қолдап отырған» капиталистік өнеркәсіп нашар, негізсіз, тағы сондай болатын сыяқты, елдің шаруашылығында көрнекті роль атқармайтын сыяқты, демек, бұл көрнекті роль ұсақ өндірістікті болатын сыяқты, т. т. Протекционизмді белгілібір шаруашылық құрылыс пен осы құрылыстың белгілібір қайшылықтары ғана туғызғандығы жөніндегі, оның халық шаруашылығында көрнекті ролі бар нақтылы бір таптың нақтылы мүдделерін көздейтіндігі жөніндегі күмансыз, даусыз факт, — дәнеме болмай шықты, қайта тіпті бірсыпыра әсерлі сөздер арқылы өзінің қарама-қарсы түріне айналды! Мұның

тағыбір кішкене үлгісін келтірейік (егіншілік протекционизмі жөнінде, — I, 265, астық заңдары жайындағы тарау):

«Ағылшындықтар бізге өздерінің ірі фермаларын аграрлық техникалық егістерді жақсартудың бірден-бір шарасы етіп көрсетіп отыр, яғни неғұрлым арзан бағамен өздеріне ауыл шаруашылық өнімдерін мол беретін етіп көрсетіп отыр, бірақ шынына келгенде, дәл мұның керісінше, олардың өндіретін — ауыл шаруашылық өнімдері қымбатқа түседі»...

Бұл үзінді, романтиктік пікірлердің орыс халықшылдары түгелімен ұғып алған тәсілдерін сондайлық айқын көрсететін тамаша өзгешелігі бар үзінді! Фермерствоның және онымен байланысты техникалық прогрестің даму фактысы әдейілеп енгізілген система ретінде көрсетіледі: ағылшындықтар (яғни ағылшын экономистері) аграрлық техниканы жетілдірудің бұл системасын бірден-бір шара деп түсінеді. Сисмондидың фермерстводан былайғы басқа шаралар да аграрлық техниканы көтере «алар еді» дегісі келеді, басқаша айтқанда тағы да белгілібір тарихи дәуірдегі нақтылы бір қоғамда, товарлы шаруашылыққа негізделген қоғамда емес, пәлендей бір абстракт қоғамда «солай бола алар еді» дегісі келеді; ағылшын экономистері осы товарлы шаруашылыққа негізделген қоғам туралы сөз қылып отыр, Сисмонди да сол туралы сөз қылуға тиіс еді. «Аграрлық техникалық егістерді жақсарту деген сөз өзіне (ұлтқа?) өнімді аса мол жыйып алу *деген сөз*» дейді. Тіпті де олай «деген сөз» емес. Аграрлық техниканың жақсартылуы мен бұқараның ішім-жем жағдайларының жақсаруы тіпті де бір нәрсе емес; Сисмондидың соншама жалтарғысы келіп отырған шаруашылық құрылысында бұл екеуінің бір-біріне үйлес келмеуі мүмкін ғана нәрсе емес, сонымен қатар қажетті де нәрсе. Мәселен, картофель егістерінің артуы егіншілікте еңбек өнімділігінің артуын (тамырлы егістерді қолдану ісін) және жұмысшылардың ішім-жемінің нашарлануымен қабат үстемө құнның арта түсуін көрсетуі мүмкін. Бұл — шын тұрмыстың қайшылықтарынан құрғақ сөздермен жалтар-

мақ болған халықшылдықтың... айтпақшы, романтиктің ежелгі әдеті ғой.

«Шынында, — дейді бұдан соң Сисмонди, — соншалық бай, соншалық интеллигентті, ғылым прогресінің қандайы болса да соншалық сүйейтін (*secondés*), жегін саймандары сондайлық әдемі, үй айналасындағы қоршаулары сондайлық мықты, егіндері арам шөптерден әбден тазартылған бұл фермерлер, — поляктің бишара шаруасының, надан, құлдықпен жаншылған, маскүнемдікпен ғана өзін жұбататын, аграрлық техникасы өнердің әлі де жетіле алмаған қалпында болған шаруасының бәсекесіне төтеп бере алмайды. Польшаның орталығында жыйналған астық, өзен жолдарымен де, күрғақ жолдармен де, теңіз жолдарымен де жүретін талай-талай жүздеген *льё* жерлерге кіре ақысын төлегенде, астықтың өз құнының 30 және 40% -ін басқа бір елге әкелу бажына төлегенде, — соның өзінде де Англияның ең бай графстволарының астығынан арзан сатылады» (I, 265). «Бұл ерекше айырма ағылшын экономистерін абдыратып отыр». Олар халықтан алынатын алымдарды, т. с. дәлел қылады. Бірақ мәселе мұнда емес. «Жерді пайдалану системасының өзі сорақы, хауіпті негізге сүйенген... Бұл системаны осы жақында барлық жазушылар біздің мақтаныш етуімізге тұрарлық нәрсе етіп көрсетті, бірақ біз, қайта, оған еліктеуден сақтану үшін онымен жақсылап танысуымыз керек» (I, 266).

Ағылшын капитализмінің (фермерствоны) экономистердің теріс түсіндірген системасы етіп көрсететін, фермерствоның қайшылықтарын көрмейтін экономистердің «абдырауын» фермерлерге қарсы бағытталған жеткілікті дәлел деп ойлайтын бұл романтиктің шексіз аңқау екендігі рас емес пе? Шаруашылық прогрестерді түрлі топтардың мүдделері арқылы түсіндірмей, экономистердің, жазушылардың, үкіметтердің адасқандықтары арқылы түсіндірмекші болған оның ұғымы қандай үстіртін десейші! Ағылшын фермерлері, сонымен қатар континент фермерлері де мұндай «сорақы» системаларға еліктемеу үшін қайрымды Сисмонди оларды ұялтып, қызартпақ болады!

Онсоң, мұның бұдан 70 жыл бұрын жазылғандығын, Сисмондидың сол кездегі мүлде жаңа осы кұбылыстардың алғашқы қадамдарын бақылағанын естеріңізден шығармаңыздар. Оның аңқаулығы кешіерерлік те нәрсе, өйткені бұл жаңа кұбылыстарды адам баласы жаратылысының мәңгілік және табиғи хасиеттерінің жемісі деп санаған экономист-классиктердің де (оның замандастарының) аңқаулығы аз болған жоқ. Бірақ біз, Россиядағы дамып келе жатқан капитализмге қарсы жасаған өздерінің «қарсылықтарында» біздің халықшылдар Сисмондидың дәлелдеріне бірде-бір түйінді сөз қосты ма екен? деп сұрағымыз келеді.

Сөйтіп, Сисмондидың протекционизм жөніндегі пікірлері оған тарихи көзқарастың мүлде жат екендігін көрсетеді. Қайта, ол XVIII ғасырдың философтары мен экономистерінше мүлде абстракт түрде байымдайды; оның олардан айырмашылық жері мынау ғана: ол буржуазиялық қоғамды қалыпты, заңды қоғам деп жарыяламай, дербес ұсақ өндірушілер қоғамын қалыпты заңды қоғам деп жарыялайды. Сондықтан протекционизмнің белгілібір шаруашылық кұрылыспен байланысты екенін ол мүлде түсінбейді және шаруашылық өмірдегі қайшылықтар жөнінде «жалған», «хауіпті», хате, ақылға сыйымсыз, т. с. деген сөздермен кұтылғаны сыяқты, әлеуметтік, саясат жағындағы бұл қайшылықтан да сондай әсерлі сөздер айтумен кұтыла кетеді. Сондықтан протекционизм мен фритредерство⁴⁶ жөніндегі мәселені ол «жалған» және «дұрыс» жол жайындағы мәселе (яғни, оның терминологиясы бойынша, капитализм жайындағы немесе капиталистік емес жол жайындағы мәселе) деп түсініп, істі мүлде үстірт суреттейді.

Жаңадан шыққан теория протекционизмнің қоғамдық шаруашылықтың белгілібір тарихи кұрылысымен байланысты екенін, осы кұрылыстағы үкіметтер қолдайтын басшы таптың мүдделерімен байланысты екенін көрсетіп, әлгі адасуды әбден әйгілеп ашты. Ол теория протекционизм мен сауда бостандығы туралы мәселенің кәсіп иелерінің арасындағы (кейде әр елдердің кәсіп иелерінің арасындағы, кейде белгілібір елдің кәсіп иелерінің түрлі фракцияларының арасындағы) мәселе екендігін көрсетті.

Протекционизм жөніндегі осы екі түрлі тұрғымен ол жөніндегі экономист-халықшылдардың көзқарасын салыстыра келіп, біз экономист-халықшылдардың бұл мәселе жөнінде де бүтіндей романтиктердің көзқарасында болып отырғанын, протекционизмді капиталистік елмен салыстырмай, қайдағы бір абстракт елмен, tout court «тұтынушылармен» салыстырғанын, оны «қолдан өсірілген» капитализмді «жаңылыс», «ақылға сыйымсыз» түрде қолдағандық болады деп жарыялағанын көреміз, т. т. Мәселен, ауыл шаруашылық машиналарын баж төлемей шеттен әкелу жөніндегі мәселеде, мәселе болғанда, индустриялық және ауыл шаруашылық кәсіп иелерінің арасында шатақ туғызатын мәселеде, халықшылдар, *әлбетте*, мейлінше селолық... кәсіп иелерін жақтайды. Біз олардың мұнысы дұрыс емес еді дегіміз келмейді. Бірақ бұл — шын болған мәселе, қазіргі тарихи кездегі мәселе, капитализм дамуының жалпы мүдделерін кәсіп иелерінің қай фракциясының басымырақ көксейтіндігі жөніндегі мәселе. Халықшылдардың мұнысы дұрыс болған күнде де, әрине, баж төлеу «капитализмді» «әдейілеп» «қолдап», ал баж төлетпеу «ежелгі» халық кәсібін қолдағандықты көрсететіндіктен дұрыс болып отырған жоқ, олардың мұнысы тек егіншілік капитализмінің (машиналарға мұқтаж болатын) дамуы деревнядағы ортағасырлық қатнастардың құрып бітуі мен индустрия үшін ішкі рыноктың жасалуын тездете отырып, жалпы алғанда капитализмнің неғұрлым кең, неғұрлым емін-еркін және неғұрлым тез дамуын көрсететіндіктен ғана дұрыс болады.

Біз бұл мәселе жөнінде халықшылдарды осылай романтиктердің қатарына қосқандық жайында бір қарсы пікірдің болатынын күні бұрын болжап отырмыз. Сірә, бұл арада Н.—он мырзаны бұдан бөлу керек, өйткені ол ашықтан-ашық сауда бостандығы мен протекционизм жайындағы мәселе — капиталистік мәселе деп жүр ғой және мұны әлденеше рет айтып, тіпті «цитаталап» та жүр ғой... дейтіндер болар. Солай, солай, Н.—он мырза тіпті цитата да келтіріп жүр! Ал жұрт бізге оның «Очерктерінің» осы арасын дәлелге келтіретін болса, онда біз «Очерктердің» капитализмді қолдауды капитализмді «орнықтыру» деп жарыялайтын (оның үстіне

«Жыйнақтар мен қорытындыларда»! осылай деп отырғанын, 331, 323 және 283-беттерде), капитализмді дәріптеушілікті «түпке жететін адасушылық» деп түсіндіріп, «біздің есімізде болмаған», «біз ұмытқанбыз», «біздің көзімізді байлаған» дейтін, тағы сол сыяқты (298-беті. Сисмондидың айтқандарымен салыстырып көріңіз!) *басқа да жерлерін* дәлелге келтіреміз. Бұл сөзді, капитализмді (шетке шығарылатын товарға сыйлық белгілеу арқылы) қолдау — «шаруашылық тұрмысымызды кернеген толып жатқан қайшылықтардың бірі; * барлық өзге қайшылықтар сықылды, ол қайшылықтың болуы да өндіріс атаулының бәрі қабыл алған форманы туғызуға тиісті (286-беті) деген сөзбен қалай сыйыстыруға болады? Естеріңізде болсын: *өндіріс атаулының бәрі қабыл алған!* «Өндіріс атаулының бәрі қабыл алған форманы» қолдауды — «адасқандық» деп түсіндіретін бұл жазушы қандай тұрғыда екен? Сисмондидың тұрғысында ма немесе ғылыми теорияның тұрғысында ма?, деп біз кез келген адал адамнан сұраймыз. Н.—он мырзаның «цитаталары» бұл жерде де (жоғарыда тексерілген мәселелердегі сықылды) бұл «цитаталардың» орыс тұрмысына қолданылатын я қолданылмайтындығы жөніндегі шын сенімді титтей де көрсетпейтін екіұшты, үйлесімі жоқ қыстырынды нәрсе болып отыр. Н.—он мырзаның «цитаталары» — жаңа теорияның оқушыларды ғана шатастыратын сыртқы көрінісі. Бұл — дұрыстап кигізілмеген «реалистің» костюмы, романтиктің нағыз өзі осы костюммен бойын жаеырып жүр**.

XI

СИСМОНДИДЫҢ САЯСИ ЭКОНОМИЯ ТАРИХЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ МАҢЫЗЫ

Біз енді Сисмондидың теориялық экономия жағына қатысты ең басты қағыйдаларының бәрімен таныстық. Осыларды қорыта келгенде, біз барлық жерде де Сис-

* Дәл осы сыяқты «Очерктерде» де: «бізге» деген үндеулер, «біз» деген танданулар және бұл қайшылықтарды елемейтін тағы сондай құрғақ сөздер «толып» кеткен.

** Біз, Н.—он мырза бұл «цитаталарды» өзін сын атаулының бәрінен қорғайтын тұмар деп санамай ма екен деп күдіктенеміз.

мондидың өзіне өзі сөзсіз сенетіндігін, оның көзқарасының өзгермейтіндігін көреміз. Барлық пункттерде оның классиктерден айырмашылығы сол — капитализмнің қайшылықтарын көрсетеді. Бұл бір жағынан. Екінші жағынан, классиктердің жасаған анализын ол бірде-бір пунктта да ілгері қарай жүргізе алмайды (тіпті жүргізгісі де келмейді), сондықтан да капитализмді ұсақ буржуазияның тұрғысынан биязылап сынаумен қанағаттанады. Ғылыми анализдің мұндай биязы шағымдармен, зарланумен алмастырылуы оның ұғымының өте-мөте үстірттігін көрсетеді. Жаңадан шыққан теория капитализмнің қайшылықтары жөнінде айтылғандарды қабыл алып, ол қайшылықтарға да ғылыми анализ берді, сөйтіп барлық пункттар жөнінде Сисмондидың қорытындыларына мүлде негізінен жуыспайтын қорытындыларға келді, сондықтан да бұл қорытындылар жаңадан шыққан теорияны капитализм жөнінде Сисмондидың көзқарасына мүлде қарама-қарсы көзқарасқа келтіріп отыр.

«Саяси экономияның кейбір қағыйдаларының сынында» („Zur Kritik“⁴⁷. Орыс тіліндегі аудармасы, М. 1896 ж.) Сисмондидың ғылым тарихындағы жалпы маңызы былай сыйпатталынған:

«Сисмонди айырбас құнды заттың көзі болатын еңбектің мазмұнын ақша өзгертіп жібереді деген Буагильбердің ұғымынан көптен арылған, бірақ ол, дәл Буагильбердің ақшаға шабуыл жасағаны сыяқты, ірі өнеркәсіп капиталына шабуыл жасайды» (36-бет).

Автордың былай дегісі келеді: өзі «жат элемент» (30-бет, *ibid.*) деп білген ақшаға қарсы ереуіл жасай отырып, Буагильбердің товар айырбасына табиғи құрылыс ретінде үстірт қарағаны сыяқты, Сисмонди да ұсақ

Олай болмағанда мына жардайды ұғыну қыйынға соғады: Н. — он мырза, өз ғылымының Сисмондидың доктринасымен салғастырылғанын Струве мен Туган-Барановский мырзалардан біле отырып, «Р. В.—да» (1894 ж., № 6, 88-бетінде) басылған өзінің мақалаларының бірінде жаңа теорияның өкілінің Сисмондиды ұсақбуржуазиялық реакционерлер мен утопистерге теңейтін пікірін «цитата» етіп келтірген. Осындай «цитата» келтіру арқылы ол өз мәртебесінің Сисмондидімен салғастырылуын «бекерге шығардым» деп өсе қатты сенуі мүмкін.

өндіріске табиғи құрылыс ретінде қарап, өзі жат элемент деп білген ірі капиталға қарсы ереуіл жасады. Буагильбер ақшаның товар айырбасымен тығыз және табиғи байланысты екенін түсінбеген, «буржуазиялық еңбектің» (ibid. 30—31) екі формасын жат элементтер ретінде біріне бірін қарама-қарсы қойып отырғандығын түсінбеген. Сисмонди ірі капиталдың дербес ұсақ өндіріспен тығыз және табиғи байланысты екенін түсінбеген, мұның — товарлы шаруашылықтың екі түрлі формасы екендігін түсінбеген. Буагильбер, «буржуазиялық еңбекке оның бір формасы жағынан қарсы ереуіл жасап», «утопияға белшесінен бата отырып, екінші формасы жағынан оны дәріптейді, көкке көтереді» (ibid.). Сисмонди ірі капиталға қарсы, яғни товарлы шаруашылықтың бір формасына, нақ анағұрлым өрістеген формасына қарсы ереуіл жасап, утопияға белшесінен бата отырып, ұсақ өндірушіні (әсіресе шаруаларды), яғни товарлы шаруашылықтың екінші формасын, тек бастама формасын дәріптеді.

«Рикардо сыяқты, — дейді сонсоң «Сынның» авторы, — саяси экономия қалай болғанмен де өзінің ең соңғы қортындысын шығарып, осымен тынатын болса, ал Сисмонди саяси экономияның өзіне күмандана отырып, бұл нәтижені толықтырады» (36-бет).

Сонымен, «Сынның» авторы Сисмондидың маңызын: Сисмонди капитализмнің қайшылықтары туралы *мәселе көтерді*, сөйтіп ол оған әрман қарай анализ жүргізу міндетін қойды дегенге әкеп тірейді. Сөзі цитатаға алынып отырған автор, жаңағы мәселеге де *жауап* бергісі келген Сисмондидың барлық дербес көзқарастарын ғылыми көзқарастар емес, үстірт және оның реакцияшыл ұсақбуржуазиялық пікірін көрсететін көзқарастар деп таныйды (жоғарыда айтылған пікірлерді қараңыз, ал бір пікір Эфрусидың «цитатасына» байланысты төменде келтіріледі).

Сисмондидың доктринасын халықшылдықпен салыстырғанда, біз бұл екеуінің арасында барлық пункттер жөнінде дерлік (Рикардоның рента теориясы мен Мальтустың шаруаларға насихат айтуын теріске шығарудан басқасы) өте ұқсастық бар екенін, кейде тіпті сөздері-

нің де дәлме-дәл келетінін көреміз. Экономист-халықшылдар бүтіндей Сисмондидың көзқарасына қосылады. Төменде, теориядан Сисмондидың практикалық мәселелер жөніндегі көзқарастарына көшкенімізде, бұған әбден көзіміз жетеді.

Ақырында, Эфрусиге келсек, ол бірде бір пункт жөнінде Сисмондига дұрыс баға берген жоқ. Сисмондидың капитализм қайшылықтарын баса көрсеткенін және оларды жамандағанын көрсете отырып, Эфруси оның теориясының ғылыми материализмнің теориясынан зор айырмашылығы бар екенін де, капитализм жөніндегі романтиктік және ғылыми көзқарастарға мейлінше қарама-қарсы екендігін де мүлде түсінбеген. Халықшылдың романтикке іштартуы, олардың әсерлі ауыз бірлігі экономикалық ғылымдағы романтизмнің бұл тандаулы өкілін «Русское Богатствода» басылған мақалалардың авторының дұрыс сыйпаттауына кедергі жасады.

Біз жаңа Сисмонди туралы, саяси экономияға «ол өз ішінен өзі күманданады» деген пікірді келтіріп өттік.

Бірақ Сисмонди мұндай рольмен тына қоямын деп ойлаған да жоқ (бұл роль экономистердің арасында оған хұрметті орын береді). Ол, өзіміз көріп өткендей, күманды істерді шешуге тырысты, бірақ онысы өте сәтсіз болып шықты. Ол-ол ма, Сисмонди классиктер мен олардың ғылымына кіна таққанда, ол ғылымның қайшылықтарға анализ жүргізуде соған бөгелгендігі үшін емес, оның бейне теріс тәсілдерге түскендігі үшін кіна тақты. Сисмонди өзінің кітабының 2-басылуына жазған «алғысөзінде» «ескі ғылым бізді» жаңа апаттарды «түсінуге де, оларды болғызбауға да үйретпейді» (I, XV) деп, бұл фактыны осы ғылымның жасаған анализінің толық еместігімен, дәйексіздігімен түсіндірмей, ол ғылымның бейне «абстракцияға ұшырауымен» (I, 55: А. Смиттің Англиядағы жаңа шәкірттері «адам» туралы ұмытып, абстракцияға ұмтылды (se sont jetés) деген сыяқтымен және «жалған жолға түсуімен» (II, 448) түсіндірді. Сисмондидың мұндай қорытынды жасауына жол берген, оның классиктерге қарсы таққан айыбы қандай?

«Анағұрлым атақты экономистер тұтыну және товар өткізу ісіне өте аз көңіл бөлді» (I, 124).

Бұл айып Сисмондидың заманынан бері сан рет қайталанып келді. «Тұтынуды» ғылымның ерекше тарауы ретінде «өнімнен» бөліп қарау керек десті; тұтыну адамдардың еркіне байланысты бөлу-үлесу арқылы белгіленіп отырғанда, өнім табиғи заңдарға байланысты десті, т. т. және т. с. Біздің халықшылдардың да, өнімдерді бөлу-үлесу ісін бірінші орынға қойып, сол идеяларды қолдайтыны жұртқа мәлім*.

Мұндай айыптаудың қандай мәні бар? Мұның өзі саяси экономияның тексеретін пәнінің өзін мүлде ғылыми жолмен түсінбеушілікке ғана негізделген. Оның тексеретін пәні — екінің бірінде айтылып жүргендей — тіпті де «құнды заттарды өндіру» емес (бұл — технологияның тексеретін пәні), адамдардың өндіріс жөніндегі қоғамдық қатнастары. «Өндірісті» тек алғашқы мағнада түсінгенде ғана, одан «үлесті» айрықша бөліп қарауға болады, сонда өндіріс жөніндегі «тарауда» қоғамдық шаруашылықтың тарихи жағынан белгілібір формалардағы категорияларының орнына жалпы алғанда еңбек процесіне қатысы бар категориялар пайда болады: әдетте мұндай мағнасыз ескірген сөздер тек кейіннен тарихи-элеуметтік жағдайларды көмескілейді. (Мысалы — капитал туралы ұғымды-ақ алыңыз). Егерде біз «өндіріске» дәйекті түрде өндіріс жөніндегі қоғамдық

* Әлбетте, Эфруси бұл үшін де Сисмондиды мақтауды ұмытқан жоқ. «Р. Б.»-ның № 8-нің 56-бетінен біз мынаны оқыймыз: «Сисмондидың ғылымында оның ұсынып отырған жеке, арнаулы шаралары, оның күллі системасына тараған жалпы рухтай, оншама мәнді емес. Классиктік мектепке қарсы, ол өндіріс мүдделерін емес, өнімдерді бөлу-үлесу мүдделерін аса күш салып жоғары көтереді». «Жаңадан шыққан» экономистерді тағыда «дәлелге» алғандығына қарамастан, Эфруси олардың ғылымын мүлде түсінбеген және капитализм жөніндегі дәрекі сынды сыйпаттайтын биязы сандырақты әлі де тастамай отыр. Біздің халықшыл бұл арада да Сисмондидың «тарихи мектептің бірсыпыра көрнекті өкілдерімен» салыстыру арқылы басын сақтап қалғысы келеді; бақсақ, «Сисмонди тіпті терең кетсе» кепек (ibid) ал Эфруси бұған әбден қанағаттанады! Неміс профессорларынан да «терең кетіпті» — бұдан артық сізге не керек? Барлық халықшылдар сықылды, Эфруси салмақтың денін Сисмонди капитализмді сынады дегенге аударуға тырысады. Капитализмді түрліше сынауға болатынын, капитализмді биязы көзқараспен де, ғылыми көзқараспен де сынауға болатындығын «Р. Б. — во» экономисі, сірә ұқпайтын болу керек.

қатнастар деп қарайтын болсақ, онда «бөлу-үлесу» де, «тұтыну» да дербес маңызының бәрінен айрылады. Өндіріс жөніндегі қатнастар анықталған болса, — онда *мұнымен* өнімнің жеке таптарға келетін үлесі де, олай болса, өнімді «бөлу-үлесу» мен «тұтыну» да анықталды. Ал, бұған керісінше, өндіріс қатнастары анықталмаған күнде (мысалы, тұтас күйінде алғанда бүкіл қоғамдық капиталды өндіру процесін түсінбеген күнде) тұтыну мен бөлу-үлесу жөніндегі сөздердің қандайы болса да ескірген сөздерге немесе романтиктік сәбилік тілектерге айналады. Сисмонди — осындай пікірлердің арғы атасы болып табылады. Родбертус та «ұлттық өнімді бөлу-үлесу» жайында көп сөздер айтты, Эфрусидың сөз қылып жүрген «жаңа» кемеңгер адамдары тіпті ерекше «мектептер» де құрған, бұл мектептердің көздеген принциптерінің бірі — өнімді бөлу-үлесу ісіне айрықша көңіл бөлу болды*. «Бөлу-үлесу» мен «тұтыну» мәселелерін қарастырған бұл тоеретиктердің бәрі де ең болмағанда қоғамдық капиталдың қоғамдық табыстан айырмашылығы жөніндегі негізгі мәселені де шеше алмады, бұлардың бәрі де А. Смит шеше алмаған қайшылықтарға шатыса берді**. — Бөлу-үлесу ісін ешқашан да айырым қарамаған, «бөлу-үлесу» жөніндегі «тұрпайы» пікірлерге мейлінше қарсы шыққан экономист қана мәселені шеше алды (Маркстің Гота про-

* «Біз қазірдің өзінде-ақ (!!) Сисмондидың мемлекет жөніндегі көзқарасына қосылдық, қосылғанда, қоғамдық бірлестік пен ең жаңа прогрестің игіліктерін, мүмкіндігінше, қоғамның барлық таптарына таратудың... қамын жейтін күш ретінде қосылдық» (215) деген аңқаусыған мәлімдеме жасай келіп, Ингремнің Сисмондиды «катедер-социалистерге» жақындастыруы өте әділ нәрсе («Саяси экономия тарихының» 212-беті. М. 1891). Сисмондидың: бұл «көзқарастарының» қандай терең өзгешелігі бар екендігін біз жоғарыда протекционизм жөніндегі мысалда көріп өттік.

** Мәселен, Р. Мейердің „Handw. der St.“ басылған «Табыс» деген мақаласын қараңыз: (орысша аудармасы «Өнеркәсіп» жыйнағында), бұл мақала немістің «жаңа» профессорларының осы пән жайындағы пікірлерінде болған дәрменсіз шатасушылықтың бәрін бастан-аяқ баяндаған. Р. Мейер, турадан-тура Ад. Смиттің қағыйдасына сүйене отырып және әдебиетті көрсеткенде «Капиталдың» II томының Смиттің пікірін бүтіндей теріске шығаратын тарауларының нақ өзін дәлелге келтіре отырып, бұл туралы текстіде дәнеме айтпағаны қызық нәрсе.

граммасына жасаған сындарын салғастырып қараңыз, бұл сындарды *П. Струве* «Сын заметкалары» дегенінде цитата етіп келтірген, 129-беті. IV тарауға арналған эпиграф)⁴⁸. Ол-ол ма. Мәселені шешудің өзі қоғамдық капиталды *ұдайы өндіруге* анализ жасауда болған еді. Тұтыну туралы да, бөлу-үлесу туралы да автор айрықша мәселе қойған жоқ; бірақ *өндіріске* анализ жасау ісі ақырына жеткізілгеннен кейін, бұлардың екеуі де өзінен өзі толық анықталды.

«Өндірістің капиталистік әдісіне ғылыми анализ жасау ісі мынаны дәлелдейді:... асылына келгенде өндіріс шарттарымен бірдей болатын бөлу-үлесу шарттары өндіріс шарттарының екінші жағын көрсетеді, сондықтан бұлардың екеуінің де тарихи жағынан көшпелі сыйпаты бірдей болады». «Жалақы — жалдама еңбекті туғызады, пайда — капиталды туғызады. Олай болса, бөлу-үлесудің осы белгілібір формалары өндіріс шарттарының белгілібір қоғамдық белгілерін (*Charaktere*) және өндіріс агенттерінің белгілібір қоғамдық қатнастарын туғызады. Демек, бөлу-үлесудің белгілібір қатнасы — өндірістің тарихи-белгілібір қатнасының бейнесі ғана болады»... «Бөлу-үлесудің әрбір формасы өндірістің белгілібір формасының жоғалуымен бірге жоғалады, өйткені бөлу-үлесудің формасы сол өндіріс формасына сәйкес келеді және содан туады».

«Өндірістегі қатнастарды емес, бөлу-үлесудегі қатнастарды ғана тарихи деп білетін көзқарас, бір жағынан, буржуазиялық экономияның жаңадан ғана пайда болып келе жатқан, әлі бауырын жаза қоймаған (дәйексіз, *befangen*) сынының көзқарасы ғана болады. Ал екінші жағынан, ол көзқарас өндірістің қоғамдық процесін еңбектің қарапайым жай процесімен шатастыруға, сонымен бір санауға негізделген, еңбектің бұл қарапайым жай процесін ешбір қоғамдық жәрдемсіз-ақ беталды оқшауланылған адам да жүргізуге тиіс. Еңбек процесі дегеніміз адам мен табиғаттың арасындағы ғана процесс болғандықтан, — оның қарапайым жай элементтері дамудың қоғамдық формаларының бәріне бірдей болады. Бірақ бұл процестің әрбір белгілі тарихи формасы оның заттық негіздері мен қоғамдық фор-

маларық ілгері қарай дамытады» («Капитал», III том, 2, неміс оригиналының 415, 419, 420-беттері⁴⁹).

Сисмондидың классиктерге жасаған бұдан басқа да шабуылдарынан оншама ұта қойған ешнәрсесі жоқ, ондай шабуылдар оның „Nouveaux Principes“-інде көп орын алады. «А. Смиттің Англиядағы жаңа шәкірттері адам туралы ұмытып, абстракциямен айналысып кетті»... (I, 55). Рикардо үшін «барлық нәрсенің тұтқасы — байлықта, ал адам — ешнәрсеге тұрмайды» (II, 331). «Олар (сауда еркіндігін жақтайтын экономистер) адамдар мен нақтылы мүдделерді екінің бірінде абстракт теорияға құрбан етеді» (II, 457), т. с.

Бұл шабуылдар қашанғы ескі шабуылдар, бірақ сонымен бірге әлі де ізі суымай отырған жаңа шабуылдар! Мен бұл арада ол шабуылдарды, Россияның капиталистік жолмен дамуын ашықтан-ашық оның нағыз, шын және сөзсіз дамуы деп тану жөнінде үлкен шу көтерген халықшылдардың қайта жаңғыртқандығын айтып отырмын. «Ақша құдірегінің жақтаушысы» жөнінде, «социал-буржуазиялық», тағы сондайлар туралы айқай көтергенде, олардың түрлі күйге салып, қайталап жүргені соның дәл өзі емес пе? Ал капитализмді жалпы түрде биязылап сынау ісіне арналған мына төмендегі ескерту Сисмондиге қарағанда халықшылдарға *анағұрлым лайықты болатын нәрсе*: Man schreie nicht zu sehr über den Zynismus! Der Zynismus liegt in der Sache, nicht in den Worten, welche die Sache bezeichnen Циннизм туралы аса шу көтере бермеңіздер! Циннизм тұрмыс шындығын суреттейтін сөздерде емес, сол тұрмыс шындығының дәл өзінде!

«Анағұрлым лайықты болатын нәрсе», — дедік біз. Бұлай деуіміздің себебі: батыс еуропалық романтиктерінің алдында капитализмнің қайшылықтарына ғылыми анализ жасау болған жоқ еді, олар бұл қайшылықтарды тұңғыш рет көрсетті, олар бұл қайшылықтарды *көрмеген* адамдарды талқандады (айтқандайын, «аянышты сөздермен» талқандады).

Рикардоның буржуазиялық қоғамды бақылаудан, зерттеуден жасаған қорытындыларының бәрін соншалық айқын етіп жасағандығы үшін Сисмонди оған зілін тәкті: Рикардо өндірістің өндіріс үшін өмір суретінін де,

жұмыс күшінің товарға айналатынын да, өзге товар атаулының бәріне жұрт қалай қарайтын болса, жұмыс күшіне де дәл сондай қарайтынын да, — ал «қоғамға» тек таза табыстың, басқаша айтқанда, пайда мөлшерінің ғана керекті екенін де ашықтан-ашық сыйпаттады*. Бірақ Рикардоның айтқаны әбден дұрыс нәрсе: *іс жүзінде мұның бәрі де нақ осылай болып отыр*. Егер бұл ақыйқат Сисмондиға «өрескел ақыйқат» болып көрінетін болса, онда бұл өрескелдіктің себептерін ол тіпті де Рикардоның теориясынан іздемеуі керек еді, мүлде «абстракцияға» шабуыл жасамауы керек еді; оның Рикардо жөнінде таңданып үн көтеруі түгелімен «өзінің бізден жоғарымын деп алдануы» жағына қатысты нәрсе.

Ал біздің осы күнгі романтиктер ше? Олар «ақша әмірінің» шындығын бекерге шығаруды ойлай ма? Олар ақша әмірінің тек өнеркәсіп халқы арасында ғана емес, сонымен қатар егіншіліктегі халықтың арасында да, кез келген «қауымдық», кез келген қараңғы түкпірдегі деревняда да мейлінше құдіретті екендігін бекерге шығаруды ойлай ма? Олар бұл *фактының* товарлы шаруа-

* Мәселен, Эфрусси маңызданып, Сисмондидың: кәсіп иесінің таза табысының артуы халық шаруашылығына пайдалы болып табылмайды деген, тағы сондай биязы құрғақ сөздерін қайталайды, сөйтеді де ол мұны «әлі әбден айқын мойындаған жоқ» (43-беті, № 8) деп оны кінәлаған болады.

Мұнымен капитализм жөніндегі ғылыми анализдің нәтижелерін салыстырып өткеніміз теріс болмас:

Қоғамның жалпы табысы (Roheinkommen) жалақыдан + пайда + рентадан құралады. Таза табысы (Roheinkommen) дегеніміз қосымша құн.

«Егер бүкіл қоғамның табысын алып қарайтын болсақ, онда ұлттық табыс жалақының, пайданың, рентаның қосындысынан, басқаша айтқанда, жалпы табыстан құралады. Бірақ, мұндай көзқарас мына жағынан алып қарағанда абстракция ғана болып табылады: бүкіл қоғам, капиталистік өндірістің негізінде, капиталистік көзқараста болады да, пайда мен рентадан құралатын табысты ғана таза табыс деп есептейтін болады» (III, 2, 375—376)⁵⁰.

Сөйтіп, автор Рикардоға және оның «қоғамның» «таза табысы» жөніндегі анықтамасына, анықтамасы болғанда, Сисмондидың: «Бұл қалай? Байлық — барлық нәрсенің тұтқасы болады да, ал адам — ештемеге тұрмайды?» (II, 331) деген «әйгілі қарсы пікірін» туғызған («Р. Б.» № 8, 44-бетінде) анықтамасының дәл өзіне қосылып отыр. Осы күнгі қоғамда — әрине, дәл солай.

шылықпен лажсыз байланысты екенін бекерге шығаруды ойлай ма? Олар бұған шұба келтіруге де әрекет жасамаған. Олар тек бұл туралы сөз қозғамауға тырысады. Олар әр нәрсені өзінің шын атымен атаудан қорқады.

Біз олардың неліктен қорқатындығын әбден жақсы білеміз: шындықты ашық мойындау капитализмді биязылап (халықшылдық тұрғыдан) сынаудың негізінің қандайын болса да жойған болар еді. Олардың әуелі романтизмнің тот басқан қаруын тазартып ала алмай жатып, тартысқа соншалық ынтамен ұмтылуы таңданарлық нәрсе емес. Олардың күресу жолдарын түсінбейтіндігі, *биязы* сынға өшпенділікті жалпы сын атаулыға өшпенділік етіп көрсеткілері келетіндігі таңданарлық нәрсе емес. Олар өздерінің өмір сүруге праволы болуы үшін күресіп жүр ғой.

Сисмонди тіпті өзінің биязы сынын *әлеуметтік ғылымның айрықша методы* етіп дәріптеуге де тырысқан. Сисмонди Рикардоны кіналағанда оның объективті анализі капитализм қайшылықтарынан шыға алмағандығы үшін кіналамай (бұлай кіналау орынды болған болар еді), оның анализінің дәл *объективті* болғандығы үшін кіналағанын өзіміз жоғарыда көрдік. Сисмонди: Рикардо «адамды ұмытып кетіп отыр» деген „Nouveaux Principes“ тің екінші басылуына жазылған алғысөзде мынадай бір тираданы кездестіреміз:

«Мен әлеуметтік ғылымдарға қатысы бар шығарма туралы қозғалған пікірлердің әдеттегі, екінің бірінде соншалық байыпсыз, екінің бірінде соншалық жалған болып шығатын тәсілдеріне қарсы шығуды қажетті деп санаймын. Әлеуметтік ғылымдардың шешуге тиісті мәселесі, жаратылыс тану ғылымдары шешетін мәселелердің барлығынан да асып түсетін анағұрлым қыйын мәселе; сонымен қабат бұл әлеуметтік ғылымның шешетін мәселесінің ақыл-ойға қандай қатысы болса, жүрекке де дәл сондай қатысы бар» (I, XVI). Жаратылыс тану ғылымдары мен әлеуметтік ғылымдардың біріне бірінің қарама-қарсылығы туралы, әлеуметтік ғылымдардың «жүрекке» қатыстылығы жөніндегі бұл идеялар орыс

оқушысына әбден таныс!*. Сисмондидың бұл арада айтып отырған пікірлері, бірнеше он жылдардан кейін Европаның қыйыр шығысында «социологтердің орыс мектебі» «қайтадан ашқан» және «социологиядағы» ерекше «субъективті метод» ретінде жүретін пікірлердің дәл өзі... Сисмонди, — біздің өз еліміздің социологтері кұсап, — «ақыл-ойға қандай» сүйенсе, әрине, «жүрекке де сондай» сүйеніп отыр**. Бірақ біз, күрделі мәселелердің бәрінде де ұсақ буржуазияның «жүрегі» теоретик-экономистің «ақыл-ойынан» үстем болып шыққанын жоғарыда көріп өттік.

ПОСТ - СКРИПТУМ***

Сисмондидың ғылыми-«объективті» Рикардоға көзқарасы жөнінде осында нәзік сезімді Сисмондидің беріл-

* «Саяси экономия дегеніміз қарапайым есеп-қыйсаптың ғылымы емес (n'est pas une science de calcul), моральдық ғылым... Ол ғылым, адамдардың сезімі, керегі және құмарланатын ісі еске алынған күнде көздеген мақсатқа жеткізеді» (I, 313). Субъективті мектептің орыс социологтері өздерінің дәл осы сықылды таңдануларында бұл әсерлі сөздерде әлеуметтік ғылым жөнінде жаңа ұғымдар бар деп білгені сықылды, Сисмонди да мұнда жаңа ұғымдар бар деп отырған бұл әсерлі сөздер шынында буржуазиясының ол кезде қандай албырт жабайы қалыпта болғанын көрсетеді. Қайшылықтарға ғылыми анализ жасау ісі, қатаң объективті «есеп-қыйсап» бола тұрып, «адамдардың» «сезімін, керектерін және құмарланатын істерін», құмарланатын істері болғанда, жалпы «адам» атаулының — романтик те, халықшыл да айрықша ұсақ-буржуазиялық мазмұнмен толтырып отырған бұл абстракцияның құмарланатын ісін түсіну үшін емес, — белгілі бір таптардың адамдарының құмарланатын ісін түсіну берік негіз бермей ме? Бірақ мәселе мынада: Сисмонди теория жүзінде экономистердің пікірін теріске шығара алмады, сондықтан да биязы құрғақ сөздермен қанағаттанды. «Утопиялық дилетантизм буржуазиялық тәртіпті қорғайтын азды-көпті оқымысты атаулының бәріне де теория жағынан ырық беруге мәжбүр. Өзінің дәрменсіздігін сезіп отырғандығын білдірмеу үшін утопист, өзінің дұшпандарын объективті адамдарсындар деп кіналап: дегенмен, сендер менен гөрі оқымыстырақсындар, бірақ оның есесіне мен сендерден гөрі қайрымдырақпын деп, өзін өзі жұбатады» (Бельтов, 43-бет)⁵¹.

** Дәл осы сықылды, жаратылыс тану ғылымдарынан туатын «мәселелердің» де «жүрекке» қатысы жоқ?!

*** Пост скриптум 1908 жылғы басылуына арналып жазылған. Ред.

ген бағаның дұрыстығын «Қосымша кұн теорияларының» („Theorien über den Mehrwert“, II B., I, Th., S. 304 u. ff. „Bemerkungen über die Geschichte der Entdeckung des sogenannten Ricardoschen Gesetzes,*** 1905 жылы шыққан екінші томындағы Маркстің пікірі толық дәлелдейді. Жиренішті әдебиет қарақшысы, мүліктеріге сатылған адвокат, ар-ұятсыз бүлікші Мальтусті, ғылым адамы болған Рикардоға қарама-қарсы қоя келіп, Маркс былай дейді:

«Рикардо өндірістің капиталистік әдісін жалпы өндіріс үшін ең тиімді, байлық кұрау үшін ең пайдалы әдіс деп қарайды, сондықтан өз заманы үшін Рикардоның мұнысы әбден дұрыс нәрсе. Ол *өндіріс үшін өндірістің болуын* тілейді, оның мұнысы да дұрыс. Өндірістің нақ өзі түпкі мақсат болып табылмайды дегенді көрсетіп, Рикардоның сыпайы дұшпандарының қарсы болғандығы сыяқты, бұған қарсы болушылық — мұның аты өндіріс үшін өндірістің болуы — адам баласының өндіргіш күштерінің дамуынан басқа, яғни, *түпкі мақсат ретінде адам баласы жаратылысының байлығын өркендетуден* басқа ешнәрсе де емес екендігін ұмыту деген сөз болады. Егер бұл мақсатқа, Сисмонди кұсап, жеке адамдардың игілігін қарама-қарсы қойсақ, онда мұның аты: бүкіл адам баласы қоғамының дамуы жеке адамдардың игілігінің қамтамасыз етілуі үшін *кідіртіле* тұруға тиіс дегендік болады; демек, мысал үшін айтқанда, ешқандай соғыс жүргізуге болмайды, өйткені соғыс жеке адамдарды кұртады дегендік болады. Бұл антагонизмді көмескілеп, оны мойындамайтын экономистерге қарсы шыққанда ғана Сисмондидың айтқаны дұрыс болады» (S. 309). Өз тұрғысынан қарағанда, Рикардоның пролетарларды машинаға, капиталистік өндірістері товарға тенеуге толық правосы бар. „Es ist dieses stoisch, objektiv, wissenschaftlich“ бұл — стоицизм, бұл объективті, бұл ғылыми нәрсе» (S. 313). Бұл бағаның белгілі бір заманда ғана, XIX ғасырдың ең бас кезінде ғана болған баға екені түсінікті нәрсе.

* «Қосымша кұн теориялары», II том, I бөлім, 304 және одан соңғы беттері: «Рикардоның заңы дейтіннің шығу тарихы жөніндегі пікірлер»⁵². *Ред.*

И Т А Р А У

РОМАНТИКТЕРДІҢ КАПИТАЛИЗМДІ СЫНАУ ТҮРІ

Сисмондидың «ақыл-ой жүйесін» біз жетерліктей сөз ғып өттік. Енді оның «жүрегінде» не бар екендігіне жақындап көз жіберейік. Оның *тұрғысы* жөнінде (өзіміз бұған дейін теориялық мәселелерге қатысы бар нәрсе ретінде ғана зерттеп келген тұрғысы), оның капитализмге *көзқарасы* жөнінде, оның қоғамдық пыйғылдары жөнінде, өзі қатысқан заманның «әлеуметтік-саяси» міндеттерін оның қалай түсінгендігі жөнінде айтылғандардың бәрін бір жерге жыйнастырып көрейік.

I

КАПИТАЛИЗМДІ СЕНТИМЕНТАЛДЫ ТҮРДЕ СЫНАУ

Сисмонди жазу ісіне араласқан заманның өзгеше белгісі — *айырбас* ісінің (осы күнгі терминология бойынша — ақша шаруашылығының), әсіресе француз революциясы феодализм қалдықтарын жойғаннан кейін айқын көріне түскен тез дамуы еді. Сисмонди, қаймықпастан, айырбастың бұлай тез дамуы мен күшеюін іске алғысыз етті, «хатерлі бәсекеге» шабуыл жасап, «үкіметті бәсекенің кеселдерінен халықты қорғау ісіне» (ch. VIII, 1, VII) шақырды, т. с. «Айырбас істерінің тездеуі халықтың мейрімді мінез-құлықтарын бұзады. Затты пайдалы ғып сатудың үнемі қамын жеу сұрамсақтануға, жұртты алдауға ұшыратпай қоймайды, сондықтан ылғи айырбаспен күн көретін адамның күн көруі неғұрлым қыйындай түссе, ол адам соғұрлым алдау-арбау ісін үдете түсуге құштар болады» (I, 169). Ақша шаруашылығына біздің халықшылдардың шабуыл жасағаны құсап шабуыл жасау үшін міне осындай аңқаулық керек болған еді! «...Сауда байлығы — маңыздылық жағынан экономиялық құрылыста екінші орын ғана алады; ал күн көру қоректерін беретін территориялық байлық (*territoriale* — жер байлығы) бірінші орынға шығуға тиіс. Саудамен күнелтетін бұл толып жатқан таптың бәрі жер кәсібі өнімдерін жарым-жартылап алатын болғанда, сол өнімдер болған күнде ғана алуға тиіс; ал бұл өнімдер қаншалық көбейсе, ол да (бұл тап

та) соншалық көбеюге тиіс» (I, 322—323). Сауда мен өнеркәсіптің өсуі егіншіліктің дамуын қуып жететіндігі жөнінде әлденеше беттерді толтыра жазып шағым еткен Н.—он мырза осы патриархтық романтиктен бір адым болса да ілгері басты ма? Романтик пен халықшылдың бұл шағымдары олардың капиталистік шаруашылықты мүлде түсінбейтіндіктерін ғана дәлелдейді. Капитализм тұсында сауда мен өнеркәсіптің дамуы егіншілікті қуып жетпейтін болса, ондай капитализмнің өмір сүруі мүмкін бе? Капитализмнің өсуі дегеніміз — товарлы шаруашылықтың өсуі ғой, яғни қоғамдық еңбек бөлінісінің өсуі ғой; еңбек бөлінісі алғашында шикі затты өндіруге, оны бір өзіндік шаруашылықта өңдеп, тұтынуға байланысты болған шикі зат өңдеу түрлерін бірінен соң бірін егіншіліктен айырып отырады. Сондықтан капитализм қашан да болса және барлық жерлерде де егіншілікке қарағанда сауда мен өнеркәсіптің неғұрлым тез дамуын, сауда-өнеркәсіп халқының неғұрлым тез өсуін, қоғамдық шаруашылықтың жалпы құрылысында сауда мен өнеркәсіптің салмағы мен маңызының зор болатынын көрсетеді*. Басқаша болуы мүмкін емес. Ал Н.—он мырза мұндай шағымдарды қайталай отырып, мұнысымен ол өзінің экономикалық көзқарастарында үстіртін, сентименталды романтизмнен әрі ұзай алмағандығын дәлелдеген үстіне дәлелдей түседі. «Кәсіп иелерінің бұл ақылға сыймайтын рухы (esprit d'entreprise), Америкада толып жатқан күйреушілік туғызып отырған неше алуан сауданың шамадан артық көбеюі, ешбір күмансыз, банктердің санының арта түскендігінен және алдамшы кредиттің оп-оңай реалды мүліктің орнын басуы ұлғая түскендіктен болып отыр» (fortune réelle) (II, 111) және сондай ұшы-қыйыры жоқ т. т. Сисмонди неменеге бола ақша шаруашылығына (және капитализмге) шабуыл жасады? Ол оған не нәрсені қарама-қарсы қояды? Деревняда дербес ұсақ өндірісті, шаруалардың тұйық шаруашылығын, қа-

* Капиталистік дамудың тұсында егіншілік әрдайым және барлық жерде де сауда мен өнеркәсіптен кейін калады, ол әрдайым соларға бағынышты болып, солар арқылы пайдаланылып отырады, олар оны әрдайым тек кейіннен ғана капиталистік өндірістің жолына тартады.

лада — қол өнеркәсібін қарама-қарсы қояды. «Патриархтық ауыл шаруашылығы туралы» (ch. III, 1. III, „De l'exploitation patriarcale“ — жерді патриархтық жолмен пайдалану туралы 3-кітабы «территориялық» байлық немесе жер байлығы туралы сөз қылады) деген тарауда шаруалардың тұйық шаруашылығы жөнінде ол былай дейді:

«Алғашқы жер иемденушілердің өздері дихан болған еді, олар егіс жұмыстарының бәрін өз бала-шағалары мен малайларының еңбегімен орындап отырған. Бірде-бір әлеуметтік құрылыс* ұлттың неғұрлым көбірек табына зор бақыт, зор ишарат келтіріп отырмайды, жұрттың бәрінің аса молшылықта (opulence) болуын, қоғамдық тәртіптің аса берік болуын қамтамасыз етпейді... Екінші меншік иесі болған елдерде (où le fermier est propriétaire), өнімдері түгелімен (sans partage) барлық жұмыстарды өздері атқарған адамдардың өзіне тиетін елдерде, яғни ауыл шаруашылығын өзіміз патриархтық шаруашылық деп атап отырған елдерде, — біз өзі тұратын үйін, өзі күтетін жерін екіншінің жақсы көретіндігінің белгісін екінші бірінде кездестіреміз... Еңбектің өзі оған қызықты нәрсе... Екіншілігі патриархтық қалыпта болған бақытты елдерде әрбір егістік жердің өзгеше жаратылысы зерттеліп отырады, сөйтіп бұл біліктер әкеден балаға көшіп отырады... Неғұрлым бай адамдар басқаратын ірі фермерлі шаруашылық, бәлкім, ескі тәртіптер мен ескі әдеттен жоғары тұрар. Бірақ біліктер (l'intelligence, яғни ауыл

* Байқаңыздар, Сисмонди — бейнебір біздің халықшылдар қушап, — шаруалардың дербес шаруашылығын бірден «әлеуметтік құрылысқа» айналдырып отыр. Барып тұрған өңін айналдырғандық. Түрлі жерлердегі бұл шаруалардың басын қосып біріктіріп отырған не нәрсе? Олардың басын қосып біріктіріп отырған нәрсе — феодалдық қатнастардың орнын басқан дәл қоғамдық еңбектің бөлінісі мен товарлы шаруашылық. Товарлы шаруашылық құрылысындағы қоғамның бір мүшесін дәріптеп утопияға айналдырып, қалған мүшелерін түсінбегендігі бірден сезіледі. Н. — он мырзаның 322-беттегі: «Шаруалардың өндіріс құралдарын иемденуіне негізделген өнеркәсіптің формасы» дегенін салғастырып қараңыз. Шаруалардың бұл өндіріс құралдарын иемденуі — тарихи жағынан да, логика жағынан да — дәл капиталистік өндірістің негізгі пункті болатындығын Н. — он мырза сезбей де отыр.

шаруашылығындағы білік) өзі жұмыс істейтін адамдарға дейін барып жетпейді, сондықтан нашар қолданылады... Патриархтық шаруашылық ұлттың егіншілік жұмыстарының бәрін атқаратын бұл сансыз көп бөлегінің адамгершілігі мен мінез-кұлқын ондайды. Меншік тәртіпті және күнтты болу әдетін туғызады, үнемі молшылық болуы қомағайлыққа (*gougnandise*), маскүнемдікке аңсары аууды жояды... Тек бір ғана табиғатпен дерлік ісі болған оның (егіншінің) адамдарға сенбейтін және оларға қарсы арамдықтың қаруын жұмсай беретін сылтаулары, басқа өнеркәсіп жұмысшысының қай-қайсысінікінен болса да аз болады» (I, 165—170). «Алғашқы фермерлер қарапайым диханшылар болған еді; олар егіншілік жұмыстарының денін өз қолдарымен атқарып отырды; олар өз кәсіптерін өз семьяларының күшіне лайықтап кұрған... Олар шаруа болудан арылған жоқ; соқаны өздері басқарады (*tiennent eux-mêmes les cornes de leur charrue*); далада болсын, қорада болсын малды олардың өздері күтеді; түнкілікті еңбек пен азынаулақ тамаққа көндігіп, таза ауада тұрады; бұлардың өздері адамдарды мықты етіп, қайратты солдат етіп шығарады*. Олар бірігін істейтін жұмыстарға ешқашан да күндікші жұмысшыларды пайдаланбайды, тек әрқашан да өздерімен теңдес адамдардың арасынан таңдап алған қызметшілерді ғана (*des domestiques*) пайдаланады, бұларға өздерімен тең адамша қарайды, тамақты бірге отырып ішеді, ішетін шараптары да бір, киімді де бірдей киеді. Сөйтіп, егіншілер өздерінің қызметшілерімен бірге жаңағыдай сезімдермен рухтанған, сол сыяқты рахатқа да ортақ, жаңағыдай ықпалдарға түсетін, ата-тегінен бермен осындай жолдармен байланысты болған шаруалардың бір табын кұрайды» (I, 221).

Міне атышулы «халық өндірісінің» жайы осындай! Ал жұрт Сисмонди өндірушілердің басын қосу қажеттігін ұқпайды дей көрмесін: Сисмонди турадан-тура «мен де (Фурье, Оуэн, Томпсон, Муирон сыяқты) ассоциацияның болуын тілеймін» (II, 365), деп отыр (мұны

* Оқушы, XIX ғасырдың аяқ шеніндегі «алдыңғы қатарлы» публицисті кемпірдің осы дәмді әнгімелерімен салыстырып қараңыз. Струве мырза өзінің «Сын заметкаларында» (17-беті) осы «алдыңғы қатарлы» публицистен цитата келтіріп отыр⁵³.

төменгіден қараңыз). Жұрт Сисмонди дәл *меншіктің болуын* жақтайды дей көрмесін: қайта, оның негізгі көздейтіні ұсақ меншік емес, ұсақ шаруашылық (II та-рауды салыстыр, 355). Ұсақ шаруа шаруашылығын бұл сыяқты дәріптеу басқа тарихи жағдайлар мен тұрмыс жағдайларында айрықша түр алатыны түсінікті нәрсе. Бірақ романтизм де, халықшылдық та нақ ұсақ шаруа шаруашылығын дәріптеп көкке көтереді — бұған күман келтіруге болмайды.

Сисмонди жабайы қолөнер кәсібін де, цехтарды да дәл осылай дәріптейді.

«Әрі күпец, әрі фабрикант, әрі қызметші болған де-ревня етікшісі кісіден заказ алмайынша бір де пар етік тікпейді» (II, 262), ал капиталистік мануфактура, ке-рексінудің қандай екенін білмей, апатқа ұшырауы мүм-кін. «Цехтарды құру ісі (corps de métier) басы артық халықтың құралуына бөгет болғаны және бөгет болуға тиісті де екені теория жүзінде де, іс жүзінде де күман-сыз нәрсе. Қазіргі уақытта басы артық халықтың бар екені де, оның осы күнгі құрылыстың қажетті түрдегі нәтижесі екені де дәл сол сыяқты күмансыз нәрсе» (I, 431). Мұндай үзінділерді өте көп келтіруге болар еді, бірақ біз Сисмондидың практикалық рецептерін қарас-тыруды кейінге қарата тұрамыз! Ал бұл жерде, Сис-мондидың көзқарасына түсіну үшін, жоғарыда айтылып өткендермен қанағаттана тұрамыз. Жоғарыда келтіріл-ген пікірлерді былайша қорытуға болады: 1) ақша ша-руашылығы ұсақ өндірушілердің қамтамасыз етілген күйі мен олардың өзара жақындасуын (бұл жақындасу қолөнершінің тұтынушыға жақындығы немесе егіншінің өзіне тең егіншілерге жақындығы түрінде бола ма, бас-қаша бола ма) бұзатындығы үшін ол шаруашылық іске алғысыз етіледі; 2) өндірушінің дербестігін қамтамасыз етіп, капитализмнің қайшылығын жоятын болғандықтан ұсақ өндіріс дәріптеледі.

Бұл идеялардың екеуі де халықшылдықтың көрнекті мұрасы болатындығын айта кетейік*, сондықтан бұлар-дың мазмұнына көз жіберіп көрейік.

* Н. — он мырза бұл мәселе жөнінде де толып жатқан қайшы-лықтарды үйіп-төге салды, мұның ішінен арасында ешбір байла-

Романтиктер мен халықшылдардың ақша шаруашылығын сынауы: ақша шаруашылығы туғызатын дарашылдық* пен антагонизмді (бәсекені), сонымен қатар өндірушінің қамтамасыз етілмеуі мен қоғамдық шаруашылықтың тұрақсыздығын** көрсетуге тіреледі.

Алдымен «дарашылдық» жайында әңгіме қылайық. Әдетте олар белгілібір қауымдағы шаруалар одағын немесе белгілібір қолөнер кәсібіндегі қолөнершілер (немесе майдагерлер) одағын бұл байланыстарды бұзатын, оларды бәсекемен алмастыратын капитализмге қарама-қарсы қояды. Бұл пікір романтизмнің кейіптес хатесін қайталайды, атап айтқанда: капитализм қайшылықтарынан келіп онда *қоғамдықтың жоғарғы формасы* болмайды деген қорытындыны қайталайды. Орта ғасырлық қауымдық, цехтық, артельдік, тағы сондай байланыстарды қыйрататын капитализм олардың орнына басқа қатнастарды қоймай ма? Товарлы шаруашылық өндірушілердің арасындағы *байланыс* емес пе, байланыс болғанда, *рынок арқылы* орнайтын байланыс емес пе?*** Бұлай байланыстың ауытқулар мен қайшылықтарға толы антагонистік сыйпаты ол *байланыстың бар екендігін* бекерлеуге право бермейді. Қайшылықтардың өршуінің өзі бұл байланыстың күшін барған сайын мейлінше

нысы жоқ *кез келген* қағыйдаларды таңдап алуға болады. Алайда, «халық өндірісі» деген күңгірт термин арқылы шаруа шаруашылығының дәріптелініп отырғанына күман келтіруге болмайды. Күңгірт нәрсе — жаңадан безенудің қандайына болса да өте-мөте қолайлы жағдай.

* Н. —онды салыстырыңыз. 321-беті in f. (in fine — аяқ шенінде. *Ред.*) және басқалары.

** Ibid., с. 335. 184-бетінде: капитализм «тұрақтылықты жояды». Толып жатқан тағы басқа сондайлар.

*** «Шындығына келгенде: *қоғам, ассоциация* деген сөздер қоғам атаулының қандайына болса да феодалдық қоғамға да, бәсекеге негізделген ассоциация болатын буржуазиялық қоғамға да беруге болатын атаулар. Ал *ассоциация* деген сөздің жалаң бір өзімен бәсеке дегенді жоққа шығаруға болады деп санайтын жазушылар қалай өмір сүре алады». (Марк. „Das Elend der Philosophie“) (Маркс. «Философия бишаралығы»⁵⁴. *Ред.*). Бәсекені сентименталды түрде жоққа шығарушылықты мейлінше қатты сынай отырып, автор турадан-тура бәсекенің *прогрестік жағын*, «техникалық прогресс пен әлеуметтік прогресті» алға итермелейтін оның қозғаушы күшін көрсетіп отыр.

айқындай беретіні, қоғамның барлық жеке элементтері мен таптарын бірігуге *мәжбүр ететіні*, біріккенде де бір қауымның немесе бір округтың тар көлемдерінде ғана бірікпей, *бүкіл бір ұлттағы*, тіпті түрлі мемлекеттердегі белгілі бір таптың барлық өкілдерін бірігуге *мәжбүр ететіні* бізге мәлім де. Бұл байланыстардың бар екендігін және олардың территориялық, профессионалдық, діни, тағы сондай мүдделерге негізделмей, халық шаруашылығындағы рольдердің бірлігіне негізделген аса зор маңызын тек романтик қана өзінің реакциялық тұрғысынан қарап бекерге шығара алады. Егер де мұндай пікір, капитализмнен туған бұл жаңа байланыстардың өмір сүруі әлі де ұйтқы күйінде ғана болған заманда жазу ісіне араласқан Сисмондиға романтик налдық, діни, тағы сондай мүдделерге негізделмей, халықшылдарға ерте бастан-ақ осындай баға беруге болатын еді, өйткені мұндай байланыстардың орасан зор маңызы барлығын *қазір* мүлде соқыр адамдар ғана бекер дей алады.

Ал өндірушінің қамтамасыз етілмеуі мен қоғамдық шаруашылықтың тұрақсыздығына, тағы сол сыяқтыларға келетін болсақ, бұл — баяғы бір ескі жыр, ол туралы біз сыртқы рынок жөнінде сөз қылғанда айтып өткен болатынбыз. Ғылыми теорияның капитализмдегі бәрінен жоғары бағалайтын нәрсесінің нақ өзін: капитализмнің бойына біткен дамуға ұмтылушылықты, қарыштап ілгері ұмтылушылықты, бір орында тұрып қалудың немесе шаруашылық процестерді бұрынғы бірқалыпты мөлшерлерде қайталаудың мүмкін еместігін қорғалақтап қана керексіз нәрсеге сыятын романтиктің романтиктігі осы сыяқты жалалардан көрініп те тұр. Қоғамның күллісінде ортағасырлық одақтарды (қауым сыяқты) ұлғайтудың утопиялы жоспарларын жасайтын утопист қана мына фактыны: капитализмнің «тұрақсыздығынын» нақ өзі — қоғамдық дамуды тездететін, халық **бұқарасының орасан көпшілігін бірден бірге қоғамдық турмыстың толқынына тартатын**, оларды қоғамдық турмыстың құрылысы туралы ойландыратын, оларды «өз бақытын» өздері «жасап шығаруға» еріксіз көндіретін орасан зор прогрестік фактор болып табылатындығын елемей мүмкін.

Н. — он мырзаның капиталистік шаруашылықтың «тұрақсыздығы» жөніндегі, айырбастың сәйкессіз дамуы жөніндегі, өнеркәсіп пен егіншіліктің арасындағы, өндірілетін өнім мен тұтынудың арасындағы теңбе-теңдіктің бұзылуы жөніндегі, дағдарыстардың қалыптан тыс жайы жөніндегі, тағы сол сыяқты кұрғақ сөздері оның әлі де бүтіндей романтизмнің көзқарасында екенін даусыз дәлелдейді. Сондықтан европалық романтизмге берілген сын бастан-аяқ оның теориясына да қатнасты сын. Оған дәлел мынау:

«Буагильбер қарттың сөзін тыңдап қаралық:

«Товардың бағасы, — дейді ол, — әрдайым құрылымдас болуға тиіс, өйткені тек осындай өзара келісімділік қана оның әр уақытта қайтадан өндірілуіне мүмкіндік береді... Байлық дегеніміз адам мен адамның арасындағы, кәсіп орны мен кәсіп орнының арасындағы ылғый болып отыратын айырбастан басқа ештеме де емес болғандықтан, қайыршылықтың себептерін құрылымдас бағаның ауытқуынан туатын айырбастың бұзылуынан іздемей, басқа нәрседен іздеу масқара адасқандық болар еді».

Тағы бір жаңа* экономистің сөзін тыңдап қаралық:

«Өндіріске қолданылуға тиісті ұлы заң — құрылымдастылық заңы (the law of proportion), бұл заңның бір өзі ғана кұнның тұрақтылығын сақтай алады... Эквиваленттің болуы міндетті болуға тиіс... Ұлт біткеннің бәрі түрлі-түрлі замандарда толып жатқан сауда тәртіптері мен шектеулері арқылы белгілібір дәрежеде болса да осы құрылымдастылық заңын жүзеге асыруға тырысты. Бірақ адам баласының жаратылысына біткен өзімшілдік бұл тәртіпке салу системасының бәрін кұрғаттырды. Құрылымдас өндіріс (proportional production) дегеніміз шын әлеуметтік-экономикалық ғылымның жүзеге асуы болып табылады» (W. Atkinson. „Principles of political economy». London, 1840, p. 170 және 195)**.

Fult Troja!*** Усыныс пен керексінудің арасындағы

* 1847 жылы жазылған.

** — В. Аткинсон, «Саяси экономияның негіздері», Лондон, 1840, 170 және 195-беттері. Ред.

*** — Тройдан айрылды! Ред

Бұл дұрыс құрылымдастық, тағы да қыйсапсыз көп тілектердің көздеген нәрсесі бола бастаған бұл құрылымдастық алдақашаннан-ақ өмір сүруден қалған. Оның заманы өткен; ол құрылымдастық өндіріс құрал-жабдықтары шағын болып, айырбас ісі өте тар көлемдерде жүргізілген заманаларда ғана мүмкін болған еді. Ірі индустрияның шығуымен бұл дұрыс құрылымдастық қажетті түрде (musste) жойылуға тиіс болды, сондықтан өндіріс табиғат заңдарының қосуы бойынша, гүлденудің, кері кетудің, дағдарыстың, тоқырап қалудың, қайтадан гүлденудің, тағысын тағы сондайлардың үнемі бірыңғай ауысып отыруын басынан өткеріп отыруға тиіс болды.

Кімде-кім, Сисмонди кұсап, өндірістің дұрыс құрылымдастығына қайта оралуды және мұнымен қабат қоғамның осы күнгі негіздерін сақтап қалуды тілесе, ондай адамдар реакционер болып шығады, өйткені олар, дәйекті адамдар болу үшін, өткен замандардағы өнеркәсіптің басқа жағдайларын да қайтадан қалпына келтіруге ұмтылуға тиісті еді.

Өндірісті дұрыс құрылымдастықта, немесе дұрыс дерлік құрылымдастықта, сақтаған не нәрсе? Оны дұрыс құрылымдастыққа сақтаған нәрсе — керексіну, керексіну болғанда ұсынысты басқарып, одан бұрын шыққан керексіну; өнім-өндіру бірте-бірте тұтынуға еріп отырды. Ірі индустрия, өзі қолданып отырған құралдарының сыйпатына қарай өнімді барған сайын үнемі көп өндіріп отыруға мәжбүр болатындықтан, керексінуді күтіп отыра алмайды. Өнім өндіру керексінуден алда жүріп оғырады, ұсыныс керексінуді күшпен бағындырады.

Осы күнгі қоғамда, дара айырбасқа негізделген өнеркәсіпте өндіріс анархиясы, зор апаттардың көзі бола отырып, сонымен қабат прогреске де себепші болады.

Сондықтан екінің бірі болуға тиіс: не біздің заманымыздағы өндіріс құрал-жабдықтарының тұсында өткен ғасырлардың дұрыс құрылымдастығын тілеу керек, — ал онда мұның мәнісі бір уақыттың өзінде әрі реакционер, әрі утопист болу деген сөз.

Не анархиясыз прогресс болуын тілеу керек; — ал онда өндіргіш күштерді сақтап қалу үшін дара айырбастан безу керек, („Das Elend der Philosophie“, S. 46 — 48)⁶⁶.

Соңғы сөздер Прудонға арнап айтылған сөздер, демек, автор, өз көзқарастарының Сисмондидың пікірінен де, Прудонның көзқарасынан да басқаша екенін сыйпаттай келіп, Прудонға қарсы шығады. Н. — он мырза өзінің *барлық* көзқарастары жағынан, әрине, бұлардың екеуіне де жуық келмес еді*. Бірақ осы келтірілген үзіндінің мазмұнына жете түсініңдер. Цитата келтірілген автордың негізгі қағыйдасы, оны өзінен бұрын өткендермен келіспейтін қайшылыққа қоятын оның негізгі пікірінің мәні неде? Оның мәні даусыз мынада: капитализмнің *тұрақсыздығы* жайындағы (капитализмнің тұрақсыздығын *бұл үш жазушының үшеуі де* көрсетеді) мәселені ол *тарихи* негізге қояды да, бұл тұрақсыздықты *прогрестік фактор* деп таныйды. Басқа сөзбен айтқанда: біріншіден, өндіріс құрал-жабдықтарының (машиналардың) сыйпатының өзі-ақ өндірісті ұлғайтуға шексіз ұмтыла беруді және ұсыныстың керексінуді үнемі алдынала дайындап отыруын туғызатындығын ол сөз қыла келіп, құрылымдас емес жолдар, дағдарыстар, тағы сондайлар арқылы жүретін қазіргі капиталистік дамуды *қажетті даму* деп таныйды. Екіншіден, олар дағдарыста өндіргіш күштерді дамытатын, бүтін қоғам көлемінде еңбекті қоғамдастыратын, халықтың пысықтығы мен оның саналылығын, тағы сондайларды арттыратын *прогресс элементтері* бар деп біледі. Оның Сисмонди мен Прудоннан айырмашылығы осы пунктпен бітеді; капитализмнің «тұрақсыздығын» және сол тұрақсыздықтың туғызған қайшылықтарын, ол қайшылықтарды жоюды шын пейлімен тілейтіндіктерін көрсетуде Сисмонди мен Прудон онымен бір жерден шығады. Бұл «тұрақсыздық» жалпы алғанда капитализм атаулының, товарлы шаруашылық атаулының бәрінің *қажетті* белгісі болатындығын түсінбеу — оларды *утопияға* арандатады. Осы тұрақсыздыққа *тән* прогрестің элементтерін тү-

* Тіпті, *неліктен* жуық келмес екен? деген сұраудың өзі де үлкен сұрау-ау. Оның себебі: бұл жазушылардың жалпы қазіргі шаруашылық құрылысты, бүкіл адам баласының дамуындағы оның алатын орны мен маңызын еске ала келіп, өздерінің көзқарасына *бір елмен* ғана шек қоймай, — ол ел үшін *айрықша* теория шығаруға болатын сыяқтыдай, — мәселені кеңірек қойып отырғандығында ғана емес пе екен.

сінбеу, олардың теорияларын реакцияшыл* теория етіп шығарады.

Ал енді біз халықшыл мырзалардың мына сұрауға жауап беруін талап етеміз: жоғарыда көрсетілген екі пункт жөнінде Н. — он мырза ғылыми теорияның көзқарасына қосыла ма? капитализмнің тұрақсыздығын қазіргі құрылыс пен қазіргі дамудың сыйпаты деп ол таный ма? ол осы тұрақсыздықта прогрестің элементтері бар екендігін мойындай ма? Мұның бәрін де оның мойындамайтынын, қайта, Н. — он мырза, «тұрақсыз» капитализмнің тарихи маңызы экономикалық тоқырауды қыйратуда болып отырғанда, сол экономикалық тоқыраудың дәл өзін («ғасырлық тіректер», «ғасырлар бойы хасиетті болған негіздер», тағы сондай дегендерін еске түсіріңіздер) дәріптей отырып, капитализмнің бұл «тұрақсыздығын» әншейін қалыптан тыс кеткендік, жолдан таюшылық, тағы сондайлар деп жариялайтынын және оны құлдырағандық, кері кеткендік (жоғарыдағы: «тұрақтылықты жояды» дегенді салыстырыңыз) деп санайтынын, жұрттың бәрі біледі. Сондықтан, біздің оны романтиктердің қатарына қосуымыз әбден дұрыс екені және оның келтірген «цитаталары» мен «дәлелдерінің» ешқайсысы *оның пікірлерінің романтиктік сыйпатын өзгертпейтіні* айқын нәрсе.

Кейінірек біз тағы да бұл «тұрақсыздыққа» тоқталып өтеміз (индустрия халқының есебіне егіншіліктегі халықтың кемитіндігіне романтизм мен халықшылдардың дұшпандық көзбен қарайтындығы жөнінде сөз қыламыз), ал қазір «Саяси экономияның кейбір қағыйдалары сынының» ақша шаруашылығына жабылатын *сентименталды жалаларды* төксеруге арналған бір жерін келтірейік.

* Бұл термин, өздерінің теория құрастыру үлгілерін *ескі* тәртіптерден алатын теоретиктердің *хатесін* ғана сыйпаттау үшін, *тарихи-философиялық* мағнада қолданылып отыр. Ол терминнің бұл теоретиктердің өз бастарының сапаларына да, олардың программаларына да ешбір қатысы жоқ. Сисмондидың да, Прудонның да сөздің кәдуілгі мәнісінде реакционер болмағанын жұрттың бәрі біледі. Біздің бұл сыяқты өте айқын шындықтарды түсіндіріп отырған себебіміз: халықшыл мырзалар күні бүгінге дейін оларды түсініп жетпеген, мұны төменде көреміз.

«Бұл белгілі бір қоғамдық рольдер (атап айтқанда: сатушы мен алушы болу ролі) затында адам баласының даралық қалпынан тумайды, өз өнімдерін товар түрінде өндіретін адамдардың арасындағы айырбас қатнастарынан туады. Алушы мен сатушының арасындағы қатнастардың тіптен дара қатнас болмайтындығы — олардың екеуі де осы қатнастарды жүргізеді; олардың еңбегінің даралық сыйпаты жоққа шығарылғанда, ол еңбек, дара еңбек болмаған себепті ақшаға айналатындықтан ғана жоққа шығарылады. Сондықтан алушы мен сатушы болудың бұл экономикалық-буржуазиялық рольдерін адам баласының оқшаулануының мәңгі қоғамдық түрлері деп санау қаншалық мағнасыздық болатын болса, ол рольдер осы оқшауландудың жойылуына себеп болады деп қайғыру соншалық әділсіздік болады.

Антагонизмнің сатып алу мен сату ісінде көрінетін мүлде үстірт түрінің өзі де ақкөңіл адамдардың соншалық есін кетіретінін Исаак Перейраның: «Leçons sur l'industrie et les finances». Paris. 1832*, деген кітабынан алынған мына төмендегі бір үзінді ашық көрсетеді. „Crédit mobilier“ді** ойлап шығарушы және соны билеп-төстеуші болған Исаактің өзінің Париждың биржалық қасқырларына жаманатты болғандығы жаңағы аталған кітапта экономияның сентименталды сынымен қатар тағы да не айтылатынын көрсетеді. Сол кезде Сен-Симонның апостолы болған Перейра мырза былай дейді: «Жеке адамдар оқшауланып, өндірісте болсын, тұтынуда болсын бірінен бірі бөлектенгендіктен, олардың арасында өздерінің өндірісінен шыққан өнімдерді айырбастау ісі жүргізіліп отырады. Айырбас жүргізудің қажеттігінен бұйымдардың өлшемді құндылығын белгілеудің қажеттігі туады. Сонымен, құндылық пен айырбас идеялары өзара тығыз байланысты, сондықтан өзінің шын формасы жағынан олардың екеуі де даралық пен антагонизмді көрсетеді... Өнімдердің құндылығын анықтау тек сату, сатып алу болғандықтан ғана, басқаша айтқанда, қоғамның түрлі мүшелерінің арасында антагонизм болғандықтан ғана мүмкін болады. Сату, сатып алу ісі жүретін жерде

* «Өнеркәсіп пен финанс туралы лекциялар». Париж. 1832. *Ред.*

** — «Қозғалмалы мүліктерді кепілдікке қоюға арналған банк». *Ред.*

ғана, қысқасы, өзінің өмір сүре алуына керекті бұйымдарды алу үшін әрбір жеке адам күрес жүргізуге тиісті болған жерде ғана баға жөнінде, құнды зат жөнінде қам ойлауға тура келеді» (сол шығарма, 68-беті)⁵⁶.

Бұл арада Перейраның *сентименталдығы* неде? деген сұрау туады. Ол тек капитализмге тән даралық, антагонизм, күрес жайында ғана сөз қылады, сөз қылғанда, біздің халықшылдардың түрлі сапқа салып айтып жүргендерінің нақ өзін сөз қылады, халықшылдардың айтқаны дұрыс сыяқты да көрінеді, өйткені «даралылық, антагонизм мен күрес» шындығына келгенде айырбастық, товарлы шаруашылықтың бойына біткен қажетті нәрсе. Сентименталдылық мынада болып отыр: капитализмнің қайшылықтарын жамандауға еліктеген бұл сен-симонист осы қайшылықтардың тасасынан мына фактыны — айырбастың да қоғамдық шаруашылықтың айрықша формасын көрсететін, олай болса, оның адамдардың арасын ашып қана қоймай (бұл капитализм талқандап отырған орта ғасырлық одақтар жөнінде ғана дұрыс нәрсе), сонымен бірге оларды біріктіріп, оларды рынок арқылы өзара қатнас жасауға итермелейтіндігін көрмей отыр*. Қапитализмді «әбден әшкерелеуге» (утопиялық тұрғыдан алып) еліктеуден туған дәл осы үстіртін түсінік цитата келтіріліп отырған автордың Перейраның сынауын *сентименталдық* сынау деп атауына себеп болып отыр.

Алдақашан ұмытылған сен-симонизмнің алдақашан ұмытылған апостылы Перейраның бізге не керегі бар? Одан да халықшылдықтың жаңа шыққан «апостолын» сөз қылғанымыз жақсы емес пе?

«Өндіріс... халықтық сыйпатынан айрылып, даралық капиталистік сыйпат алды» (Н. — он мырза, «Очерктер», 321—322-беттері).

Бұл бояма шапан жамылған романтиктің: «халық өндірісі дара өндіріске айналды» деп отырғанын көрді-ңіздер ме. Ал автор қауымды «халық өндірісі» деп түсінгісі келеді екен, онда ол, демек, өндірістің *қоғамдық*

* Жергілікті, сословиелік одақтарды—бүтіндей, бір мемлекет көлемінде, тіпті бүкіл дүние жүзі көлемінде адамдардың әлеуметтік күйі мен әлеуметтік мүдделерінің бірлігімен алмастыра отырып біріктіреді.

сыйпатының кемігендігін, өндірістің қоғамдық түрінің шағындалғанын көрсетеді.

Дұрыс па осы? «Қауым» өндірісте ұйымшылдықты туғызғанда әрбір өзге қауымнан бөлектенген тек бір жеке қауымның ішінде ғана ұйымшылдықты туғызды (егер туғызған болса; айтпақшы, біз автор не десе де көнуге әзірміз ғой). Өндірістің қоғамдық сыйпаты тек бір қауымның мүшелерін ғана қамтыды*. Ал капитализм болса бүтінбір мемлекетте өндірістің қоғамдық сыйпатын туғызып отыр. «Даралылықтың» мәні қоғамдық байланыстардың бұзылуында болмақ, бірақ қоғамдық байланыстарды рынок бұзады, бұзғанда олардың орнына қауым жағынан да, сословие жағынан да, профессия жағынан да, шағын көлемді кәсіп жүргізу жағынан да байланысы жоқ толып жатқан адамдардың арасындағы байланыстарды енгізеді, т. с. Ал капитализм туғызатын байланыс қайшылықтар мен антагонизм формаларында жарыққа шығатын болғандықтан, сондықтан біздің романтиктің бұл байланысты көргісі келмейді (өндіріс құрылысы болған қауымның өзі де қайшылықтар мен антагонизмнің өндірістің ескі әдістеріне тән формаларынан басқа түрлерде ешуақытта өмір сүріп көрмесе де, біздің романтиктің бұл байланысты көргісі келмейді). Утопиялық көзқарас капитализм жөніндегі оның сынын да сентименталды сынға айналдырады.

II

РОМАНТИЗМНІҢ ҰСАҚБУРЖУАЗИЯЛЫҚ СЫЙПАТЫ

Ұсақ өндірісті дәріптеу бізге романтиктік және халықшылдық сынның басқа бір айрықша белгісін: оның ұсақ-буржуазиялылығын көрсетеді. Француз романтигі мен орыс романтигінің ұсақ өндірісті ешбір айырмасыз «әлеуметтік құрылысқа», «өндіріс формасына» айналдырып отырғанын, айналдырғанда, ол өндіріс формасын капитализмге қарама-қарсы қойып отырғанын жоғарыда

* Земство санағының мәліметтері бойынша (Елаговещенскийдің «Қортынды жыйнағы») 22 губернияның 123 уезіндегі қауымның орта мөлшерде еркек, әйелімен қосқанда 323 жаны бар 53 үй болады.

көріп өттік. Мұнымен қатар біз, мұндай қарама-қарсы қоюда аса үстірт түсінушіліктен басқа дәнеме жоқ екенін, мұның — товарлы шаруашылықтың бір формасын (ірі өнеркәсіпті капиталды) жасанды түрде, теріс айырым қарау, оны керексіз ету екенін, *дәл сол* товарлы шаруашылықтың *екінші формасын* (ұсақ өндірісті) утопиялық тұрғыдан алып дәріптеу екенін де көрдік. XIX ғасырдың бас кезіндегі европалық романтиктердің де, XIX ғасырдың аяқ кезіндегі орыс романтиктерінің де кеселі мынада: олар қайдағы бір абстракты, өндірістің қоғамдық қатнастарынан тыс тұратын ұсақ шаруашылықты ойлап шығарады, сөйтіп мынабір шамалы жағдайды, жағдай болғанда, бұл ұсақ шаруашылықтың, — әрі 1820 жылдардағы европалық континенттің ұсақ шаруашылығы сыяқты, әрі 1890 жылдардағы орыс шаруашылығы сыяқты, — шындығында *товарлы өндіріс* жағдайында тұрғандығын *көрмейді*. Сондықтан романтиктер мен халықшылдардың дәріптеп көкке көтеріп жүрген ұсақ өндірушісі, — *шынында ұсақ буржуа* болады; бұл ұсақ буржуа, капиталистік қоғамның өзін өзі күрес арқылы қорғап отыратын басқа мүшесінің бәрі қандай қайшы қатнастарда болатын болса, сондай қайшы қатнастарда болады; бұл күрес, бір жағынан, үнемі бір азғантай азшылықты ірі буржуалар етіп шығарады, екінші жағынан, көпшілікті пролетариаттың қатарына ығыстырып шығарады. Шынына келгенде осы бір-біріне қарама-қарсы екі таптың *аралығында* тұрмайтын ұсақ өндірушілер жоқ екенін, ал бұл аралық жағдай лажсыз ұсақ буржуазияның өзгеше сыйпатын, оның екіжақтылығын, екіұштылығын, оның күрестен аман-есен кұтыла кететін азшылыққа бой ұратындығын, оның «жолы болмағандарға», яғни көпшілікке қастық көзбен қарайтындығын туғызады — мұны жұрттың бәрі көріп отыр және бәрі біледі. Товарлы шаруашылық неғұрлым ілгері дамыған сайын, бұл сапалар соғұрлым күшейіп, анық көріне бастайды, ұсақ өндірісті дәріптеудің реакцияшыл, *ұсақбуржуазиялық* көзқарасты ғана көрсететіні соғұрлым айқын бола түседі.

«Саяси экономияның кейбір қағыйдаларының сындары» деген еңбектің авторы дәл Сисмондиға таңған бұл

терминдердің маңызы жөнінде шатаспау керек. Бұл терминдер тіпті де Сисмондидың мешеу қалған ұсақ буржуаларды қорғайтындығын көрсетпейді. *Сисмонди ешжерде де оларды қорғамайды*: ол жалпы еңбекшілер таптарының көзқарасында болуды тілейді, ол бұл таптардың барлық өкілдеріне өзінің тілектестігін білдіреді, мәселен, ол фабрика заңдарына қуанады, ол капитализмге шабуыл жасайды және оның қайшылықтарын көрсетеді. Қысқасы, осы күнгі халықшылдардың көзқарасы қандай болса, оның көзқарасы да дәл сондай.

Сисмондиды ұсақ буржуа деп сыйпаттау неменеге негізделген? деген сұрау туады. Бұл дәл мынаған негізделген: ол ұсақ өндіріс (өзі дәріптеп отырған ұсақ өндіріс) пен ірі капиталдың (өзі шабуыл жасап отырған ірі капиталдың) арасындағы байланысты түсінбейді. Ол сыйпаттама дәл мынаған негізделген: ол өзі ұнатқан ұсақ өндірушінің, шаруаның, шынында, қалай ұсақ буржуаға айналатынын *көрмейді*. Түрлі жазушылардың теорияларын түрлі таптардың мүдделері мен көзқарастарына апарып теңеу жөніндегі мына бір түсінікті ешуақытта ұмытпау керек:

«Усақ буржуазия принципті түрде өзінің өзімшілдік таптық мүдделерін жүзеге асыруға тырысады деп ойлауға болмайды. Ол, қайта, өзін азат ететін *арнаулы* шарттардың, сонымен бірге осы күнгі қоғамды аман сақтап қалуға, тап күресін жоюға бірден-бір мүмкіндік туғызатын *жалпы* шарттар болып табылатындығына сенеді. Сол сыяқты, демократия өкілдерінің бәрін де алаяқтар немесе алаяқтарға бас июшілер деп ойлауға болмайды. Өзінің білімі мен жеке басының дәрежесі жағынан демократия өкілдері алаяқтардан жер мен көктей алыс болуға тиіс. Оларды ұсақ буржуазияның өкілдері етіп отырған жағдай мынау: олардың ақыл-ойы ұсақ буржуалардың тұрмысы аттап өтпейтін шектерден өтіп кете алмайды, сондықтан да ұсақ буржуаның заттық мүддесі мен оның қоғамдық күйі іс жүзінде оны қандай міндеттерге, қандай тоқтамдарға келтірсе, олар да теория жүзінде сондай міндеттерге, сондай тоқтамдарға бел байлайды. Белгілі таптың *саясат және әдебиет жүзіндегі өкілдері* мен солардың өздері шық-

қан таптың арасындағы қатнас жалпы алғанда міне осындай» (К. Маркс, «Луи Бонапарттың Он сегізінші брюмері», Базаров пен Степановтың аудармасы, 179 — 180-беттері)⁵⁷.

Сондықтан ұсақбуржуазиялықты көрсету — өте-өте зәрлі бірнәрсе айту мақсатымен істеліп отырған нәрсе, бұл — кұр әншейін айтыс тәсілі деп ойлайтын халықшылдар тіпті кісі күлерлік халықшылдар болып шығады. Мұндай көзқараспен олар өз дұшпандарының жалпы көзқарастарын түсінбейтіндіктерін, ал әсіресе, — капитализм жөніндегі өздері түп-түгел «ұнатқан» сынның негіздерінің өзін және ол сынның сентименталдық сын мен ұсақбуржуазиялық сыннан қандай айырмашылығы барлығын түсінбейтіндіктерін көрсетеді. Сынның осы соңғы түрлері жөніндегі мәселенің өзіне, ондай сындардың Батыс Европада болып отырғандығы жөніндегі, ол сындардың ғылыми сынға қатысы жөніндегі мәселеге соқпай өте шығуға мейлінше ұмтылудың өзі-ақ халықшылдардың бұл айырмашылықты не үшін түсінгілері келмейтінін айқын көрсетеді*.

Жоғарыда айтылғанды мысал арқылы түсіндірейік. «Русская Мысльдың» 1896 жылғы № 5 (229 және одан кейінгі беттері)⁵⁸ библиографиялық бөлімінде: интеллигенцияның арасында халықшылдыққа негізінен және сөзсіз дұшпандық көзбен қарайтын «бір топтың соңғы кезде пайда болып, керемет тез өсіп келе жатқандығы» туралы сөз болып отыр. Рецензент мырза бұл дұшпандықтың себептері мен сыйпатын өте қысқа түрде көрсетіп өтеді, сондықтан мұнымен халықшылдыққа дұшпандық көзбен қараудың мәнін оның толық дәлме-дәл ба-

* Мәселен, Сисмондидың «капитализмнің өсуіне қалай қарағандығы» жайында Эфруси екі мақала жазған («Р. Б.» № 7, 139-беті), бірақ сөйте тұрса да Сисмондидың бұған дәл қалай қарағандығын мүлде түсінбеген. «Русское Богатствоның» қызметкері Сисмондидың ұсақбуржуазиялық көзқарасын байқамаған. Ал Эфруси Сисмондиды күмансыз білетін болғандықтан; ол Сисмондиды солай сыйпаттаған ең жаңа теорияның өкілімен таныс болғандықтан (мұны төменде көреміз); ол жаңа теорияның осы өкілінің пікірімен де «келіскісі» келетіндіктен — оның түсінбеуінде мүлде белгілі мән бар. Өз бойындағы мінді көрмей отырған халықшыл романтиктің бойындағы мінді де көре алмақ емес.

яндап отырғанын мақұлдап өтпеуіміздің жөні болмайды*. Рецензент мырза бұл көзқарасқа қосылмайды. Ол, таптық мүдделер, тағы сондайлар жөніндегі идеялардың бізге «халық армандарын» («халықшылдардың армандары емес, жай әншейін халық армандарын»: *ibid.*, 229-беті), арман болғанда, шаруалардың, яғни халықтың көпшілігінің тұрмыс-күйін, бостандығы мен саналылығын көрсетеді десіп жүрген «халық армандарын» теріске шығаруды міндет ететін болуын түсінбейді.

«Әрине, басқаларға қарсы болғаны сыяқты, жұрт бізге де: автор-шаруаның армандары (әңгіме бір шаруа адамның білдірген тілектері жөнінде болған) ұсақбуржуазиялық армандар, сондықтан да біздің әдебиетіміз күні бүгінге дейін ұсақ буржуазияның өкілі және соның мүдделерін қорғаушы болып келді деп қарсы болар. Бірақ жұрттың мұнысы кұр кұбыжық қана ғой, сондықтан, Москва өзенінің сыртындағы купец әйелдердің дүниеге көзқарасындай көзқарасы, ақылындай ақыл-ой тәжірибелері бар адамдардан басқа бұл кұбыжықпен кімді қорқытуға болады?..» — дейді рецензент мырза.

Зілді айтылған! Ал тағы тыңдайық:

«...Адам баласы қоғамының тұрмыс жағдайларының да, саналы қоғамдық шаралардың да негізгі өлшеуіші экономикалық категорияларда емес қой, тіпті оның үстіне басқаша жағдайларда қалып алған, елімізге жат болатын шарттардан алынған экономикалық категорияларда емес қой, халықтың көпшілігінің материалдық жағынан да, руханилық жағынан да бақытты, жақсы тұрмыста болуында ғой. Егер де тұрмысты белгілі бір қалпы мен осы қалыпты қолдайтын, дамытатын белгілі бір шаралар осындай бақытқа жеткізетін болса, онда оларды ұсақбуржуазиялық деп немесе басқа бір түрде атасаңыздар да, — бұдан істің мәні өзгермейді: олар — тұрмыстың бұл қалпы мен бұл шаралар — сөйтсе де мән»

* Әрине, басқа біреудің пікірлерін дәл айтып бергендері үшін адамды мақтау деген нәрсе өте өрескел көрінеді!! Бірақ бұдан басқа не істеуге қосасыз? «Русское Богатство» мен Кривенко және Воронцов мырзалардың бұрынғы «Новое Словосының» әдеттегі айтысшыларының арасында *мұндай* айтыстың болуы шынында керемет ерекшелік болады.

ді прогрестік нәрсе болады және оның үстіне *қазіргі жағдайларда, қоғамның қазіргі күйінде қоғамға лайықты жоғарғы мақсат* болып табылмақ» (ib., 229—230-беттері, курсив автордікі).

Айтыстың қызығына түсіп кетіп, өзінің мәселеден сырт кетіп отырғанын рецензент мырза не ғып көрмейді?

Халықшылдарды *ұсақбуржуазияшыл* деп кіналауды асқан қаталдықпен «кұр құбыжық» деп атаған рецензент мырза мұндай пікірін дәлелдеу үшін мына бір: «Критерий... экономикалық категорияларда емес, көпшіліктің бақытты болуында» деген таңқаларлық ережеден басқа дәнеме де келтірмейді. Бұлай деу: әуе райының шарты метеорологиялық бақылауларға байланысты емес, көпшіліктің көңіліне байланысты деумен барабар ғой! Ал бұл «экономикалық категориялар» дегеніміз халықтың, халық болғанда да жалпы «халық» атаулы емес, қоғамдық шаруашылықтың *қазіргі* құрылысында белгілі орын алатын халықтың *белгілібір* топтарының шаруашылығы мен тұрмыс жағдайларының *ғылыми тұжырымы* емей немене? деген сұрау туады. «Көпшіліктің бақыты» жайындағы өте абстракты қағыйданы «экономикалық категорияларға» қарама-қарсы қойғанда, рецензент мырза өткен ғасырдың аяқ шенінен бергі қоғамдық ғылымның күллісін құрдан-құр өшіріп тастап, белгілібір қоғамдық қатнастар мен олардың дамуын елемейтін аңқау ақылғөйшіл саудагерлікке қайта оралып отыр. Қоғамдық құбылыстарды *түсінуге* тырысқан адам баласы ақыл-ойының жүз жылдар бойы іздеп тапқан нәрсесінің бәрін, ол қаламды бір-ақ тартып өшіріп тастайды! Міне, сөйтіп, ғылыми жүктің бәрінен өзін босатып алып, рецензент мырза *мәселені енді шешілді деп есептейді*. Шынында да ол: «Егер белгілібір қалып... осы бақытқа жеткізетін болса, онда, оны қалай атаңыз, бұдан істің мәні өзгермейді» деп ашық қорытынды жасайды. Мәссаған безгелдек! Мәселе сол қалыптың *қандай* қалып екендігінің дәл өзінде еді ғой. Шаруа шаруашылығын өзгеше бір қалып («халық өндірісі» дейсіз бө немесе қалай атасаңыз солай атаңыз) деп таныйтын адамдарға, — бұл тіпті де өзгеше қалып емес, нағыз кәдуілгі *ұсақбуржуазиялық* қалып, товар шаруашылығы

мен капитализм еліндегі өзге ұсақ өндіріс атаулының бәрінде қандай қалып болса, бұ да сондай қалып дейтін, — басқа адамдар қарсы шықты дегенді әлгіде ғана автордың өзі көрсетіп еді ғой. Егер алғашқы пікірден өзінен өзі: «бұл қалып» («халық өндірісі») «бақытқа жеткізеді» деген қорытынды шығатын болса, онда соңғы пікірден де өзінен өзі: «бұл қалып» (ұсақбуржуазиялық қалып) капитализмнен басқа ешнәрсеге соқтырмайды, «халықтың көпшілігін» пролетариаттың қатарына ығыстырып шығарып, азшылықты село (немесе өнеркәсіп) буржуазиясына айналдырады деген қорытынды шығады ғой. Рецензент мырзаның кұр айдалаға оқ атқаны және сол атуының дауысынан, соншалық рахымсыздықпен «кұр кұбыжық» деп аталған соңғы пікірдің теріске шығарған нәрсесінің нақ өзін дәлелденген нәрсе деп білгені даусыз емес пе?

Егер оның соңғы пікірді шындап тексергісі келсе, онда ол, сірә, мына екеуінің бірін дәлелдеуге тиіс еді: не «ұсақ буржуазия» дегеннің теріс ғылыми категория екендігін, капитализм мен товарлы шаруашылықты ұсақ буржуазияға қатыссыз түсінуге болатынын (халықшыл мырзалар осылай түсініп, мұнымен бүтіндей Сисмондидың көзқарасына түсетіні сыяқты); — не болмаса бұл категорияны Россияға қолдануға болмайтынын, басқаша айтқанда, бізде капитализм де, товарлы шаруашылық үстемдігі де жоқ екендігін, ұсақ өндірушілердің товар өндірушілерге айналмайтынын, олардың ішінде жоғарыда көрсетілген көпшілікті шеттетуге және азшылықтың «дербестілігін» нығайту процесінің болмайтындығын дәлелдеуге тиіс еді. Ал енді халықшылдықтың ұсақ буржуазиялылығын көрсеткендікті рецензент мырзаның халықшыл мырзаларды «жәбірлейтін» кұр бос тілек деп түсінетінін көре отырып және онан кейін «кұбыжық» жайындағы жоғарыда келтірілген кұрғақ сөзді оқып отырып, біз амалсыздан: «Сізге не болған, Қит Қитыч! сізді кім жәбірлеп отыр? — Сіз өзіңіз жүрттың бәрін жәбірлеп отырсыз ғой!» — деген белгілі нақыл сөзді еске түсіреміз.

III

ЕГІНШІЛКТЕГІ ХАЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІНЕН ИНДУСТРИЯ ХАЛҚЫНЫҢ ӨСУІ
ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ

Сисмондиға қайта оралайық. Усақ буржуазияны дәріптеумен қатар, шаруашылықтың қазіргі қоғамдық құрылысының тұсында «шаруалардың» қалай ұсақ буржуазияға айналатындығын романтиктік түсінбеушілігімен қатар Сисмондидың индустрия халқының есесіне егіншіліктегі халықтың кемуі жөнінде өте айрықша көзқарасы бар. Елдің капиталистік жолмен дамуының неғұрлым айқын көріністерінің бірі болатын бұл құбылыстың барлық мәдениетті елдерде, сол сыяқты Россияда да байқалып отырғаны жұртқа мәлім*.

Өз заманының көрнекті экономисі болған Сисмонди, әрине, бұл фактыны көрмей қоймайды. Ол оны ашықтан ашық-ақ көрсетеді, бірақ оның қажетті түрде капитализмнің дамуымен байланысты екенін мүлдем түсінбейді (тіпті жалпы алғанда: оның қоғамдық еңбектің бөлінуімен, осы құбылыстан туатын товарлы шаруашылықтың өсуімен байланысты екенін түсінбейді). Ол бұл құбылысты «системаның» қайдағы бір кемшілігі ретінде, кұрдан-кұр *керексіз етеді*.

Ағылшын егіншілігінің орасан прогресс жасағандығын көрсете келіп, Сисмонди былай дейді:

«Бірақ осы әбден кұнтталып айдалған жерлерге таңданғанда, оны ұқсатып отырған халыққа да көз салу керек; Францияда дәл осындай территорияда қаншалық халық болатын болса, мұндағы халық соның тең жартысынан да аз. Кейбір экономистерге бұл — ұтқандық болып көрінеді, меніңше — бұл зыян шеккендік» (I, 239).

Буржуазия идеологтерінің бұл құбылысты неліктен ұтқандық деп санап отырғаны түсінікті нәрсе (капита-

* Европалық Россияда қала халқының проценті реформадан бергі дәуірдің ішінде өсіп келеді. Біз бұл арада неғұрлым жұрттың бәріне мәлім осы белгіні көрсетумен ғана қанағаттануға тиіспіз, дегенмен ол белгі, Батыс Европаға қарағандағы Россияның елеулі өзгешеліктерін қамтымай, құбылысты *соғұрлым жеткіліксіз* көрсетеді. Бұл өзгешеліктерді (шаруалардың жүріп-тұруға еркі болмауы, өнеркәсіптік және фабрикалық селолардың болуы, елдің өз ішінде отарлау ісінің болуы, т. т.) қарастырып жататын жер бұл емес.

лизм жөніндегі ғылыми сынның да осындай көзқараста екенін қазір көреміз): олар мұнымен буржуазиялық байлықтың, сауданың және өнеркәсіптің өсуін түйіп айтты. Сисмонди бұл кұбылысты *керексіз етуге* асығып, оның себептерін ойлап карауды ұмытып отыр.

«Халықтың бес бөлгенінің төрт бөлігі егіншілік табына жатады делініп жүрген Франция мен Италияда ұлттың бес бөлгенінің төрт бөлігі шет ел астығының бағасы қандай болса да, ұлт астығымен күн көреді» — дейді ол (I, 264). Бұл жөнінде *Fuit Tioja!* деп айтуға болады. Қазірдің өзінде-ақ *астық бағасына*, яғни дүние жүзілік капиталистік астық өніміне бүтіндей тәуелді болмай отырған ел (анағұрлым егінші ел бола тұрса да) жоқ.

«Егер бір ұлт, әркімнен мөлшері бірдей ақыға көп еңбек етуді талап ете отырып, өзінің сауда істейтін халқын көбейтпесе, онда ол ұлт өзінің индустрия халқының көбеюінен хауіптенуге тиіс» (I, 322). Мұның мағна, маңыз дегеннен дәнеме жоқ кұр әншейін жақсылық тілейтін кеңестер екенін оқушы түсініп отырған болар, өйткені бұл арада «ұлт» деген ұғым, осы «ұлтты» кұрайтын таптардың арасындағы қайшылықтарды жасанды түрде абстракциялауға негізделген. Сисмонди, әр уақыттағы істейтіні сыяқты, қайшылықтар бола көрмесін... деген сәбилік тілектер білдірумен мұндай қайшылықтардан жай ғана *жалтарып отыр*.

«Англияда егіншілікті кәсіп ететін небәрі 770 199 үй бар, сауда мен өнеркәсіпте — 959 632 үй, қоғамның өзге кәсіптерінде 413 316 үй бар. Сауда байлығымен күн көретін халықтың соншалық көп болуы — жалпы үй санына 2 143 147 семья немесе 10 150 615 адам келуі — шынында сұмдық нәрсе (*effrayante*). Бақытқа қарай, мұндай орасан көп жұмысшылардың қашықтағы рыноктің сәті түсуіне тәуелді болудан Франция әлдеқайда аулақ болып отыр» (I, 434). Бұл жерде Сисмонди, бұл «бақыттың» Францияның капиталистік жолмен дамуының артта қалғандығына ғана байланысты екенін тіптен әуелі ұмытып отырған сыяқты.

Өзінің тұрғысынан карағанда осы күнгі кұрылыстағы «керекті болатын» өзгерістерді (ол өзгерістер

туралы төменде сөз болады) суреттей келіп, Сисмонди: «мұның нәтижесі (романтиктік пікірдегі қайта құрылыстардың нәтижесі), күмансыз, мынау болар еді: индустриямен ғана күнелтетін бірсыпыра ел толып жатқан мастерскойлардың бірінен соң бірін жабуға тиіс болар еді, сондықтан деревнялардың халқы өсе бастағанда, шамадан тыс көбейген қала халқы тез азайған болар еді» (II, 367) дегенді көрсетеді.

Капитализм жөніндегі сентименталдық сынның дәріменсіздігі мен ұсақ буржуаның болымсыз күйініші бұл мысалдан ерекше айқын көрінеді. Мәселенің басқаша болмай, осылай болып отырғандығына Сисмонди күр *ренжиді**. Патриархтық топастық рахатының бұзылуы мен село халқының езілгендігі жөнінде оның зор қайғырғандығы сонша, біздің экономист тіпті құбылыстың себептерін де айыра алмай отыр. Сондықтан индустрия халқының көбеюінің товарлы шаруашылықпен капитализммен сөзсіз және тығыз байланысты екендігін ол көрмей отыр. Товарлы шаруашылық қоғамдық еңбек бөлінуінің дамуына қарай дамыйды. Ал бұл еңбек бөлінісінің мәні мынада: өнеркәсіп тараулары бірінен соң бірі, шикі өнімді ұқсату түрі бірінен соң бірі егіншіліктен қол үзіп, өз алдына дербес бола бастайды, сөйтіп, демек, индустрия халқын құратын болады. Сондықтан товарлы шаруашылық пен капитализм туралы пікір қозғау — және де индустрия халқының относителді өсу заңын еске алмау, — мұның аты қоғамдық шаруашылықтың *қазіргі* құрылысының *негізгі* хасиеттері жайында ешбір түсінігі болмау деген сөз.

«Өндірістің капиталистік әдісі өзінің жаратылысы жағынан егінші халыққа қарағанда егінші емес халықты үнемі кемітіп отырады, өйткені өзгермелі капиталдың относителді кемуіне қарамастан, индустрия (сөздің тармағнасында) өзгермелі капиталға қарағанда тұрақты капиталдың өсуі өзгермелі капиталдың абсолютті өсіп оты-

* «Бұл бағыт (атап айтқанда, Сисмонди бастаған ұсақбуржуазиялық сынның бағыты) өзінің әрман қарай дамуында істің осы күнгі жайы жөнінде қорқақтап шағымдар жасауға көшті»⁵⁹.

руына байланысты болады*. Оның бержағында, белгілі-бір мөлшердегі жерді пайдалануға керекті өзгермелі капитал егіншілікте абсолютті түрде кемиді; олай болса, бұл капитал жаңадан басқа бір жер ұксатылған күнде ғана өсе алмақ**, ал бұл жағдай өз ретінде егінші емес халықты онан сайын көбейте түседі» (III, 2, 177)⁶⁰.

Жаңадан шыққан теорияның көзқарасы бұл пунктте де романтизмнің сентименталдық шағымдарымен қосып, романтизмге бүтіндей қарама-қарсы келеді. Құбылыстың қажеттілігін түсіну, әрине, оған мүлде басқаша қарауды, оның түрлі жақтарын бағалай білуді керек қылады. Біз сөз ғып отырған құбылыс капиталистік құрылыстың неғұрлым терең, неғұрлым жалпы қайшылықтарының бірі. Қаланың деревнядан бөлектенуі, олардың арасындағы қарама-қарсылық және деревняны қаланың қанауы — дамып келе жатқан капитализмнің барлық жерлерде кездесіп отыратын бұл серіктері — «сауда байлығының» (Сисмондидың сөзімен айтқанда) «жер байлығынан» (ауыл шаруашылық байлығынан) басым болуының қажетті жемісі болады. Сондықтан қаланың деревнядан басым болуы (экономика жағынан да, саясат жағынан да, ақыл-ой жағынан да, бүкіл басқа қатнастар жағынан да) товарлы өндірісі мен капитализмі бар барлық елдердің, соның ішінде Россияның да жалпы және сөзсіз болатын құбылысы: бұл құбылысқа тек сентименталдық романтиктер ғана қайғырады. Ал ғылыми теория, бұған керісінше, ірі өнеркәсіпті капиталдың

* Н. — он мырзаның тілмарлығын оқушының осыдан байқауына болады, Н. — он мырза өзінің «Очерктерінде» өзгермелі капитал мен жұмысшылар санының *относительді түрде* кемуін ешбір шімірікпестен *абсолютті түрде* кемуге айналдырады да, осыдан барып ішкі рыноктің «шағындалуы» жөнінде, тағы сондай толып жатқан нағыз сорақы қортындылар жасайды.

** Россияның өз ішіндегі жерге орналастыру ісі индустрия халқының қауырт өсу заңының жарыққа шығуын қыйындатады дегенде, біздің айтпақшы болғанмыз да нақ осы жағдай еді. Индустрия халқының қалалардың есебіне өсуі фабрикалық селолар мен кішкене қалалардың есебіне өсуіндей болмаған Россияның ертеде орныққан орталығы мен реформадан бергі заманда орныққан Новороссияның арасындағы айырмашылықты еске түсірсек те болады, Новороссияда қалалардың өсуі жылдамдық жағынан Америка қалаларының өсуімен теңестіріледі. Біз бұл мәселені басқа бір жерде толғырақ қарастырамыз деп сенеміз.

бұл қайшылыққа енгізіп отырған *прогрестік* жағын көрсетеді. «Ірі орталықтарда капиталистік өндірістің басын кұрастыратын қала халқының үнемі арта басым болуымен бірге, ол халық қоғамның алға басатын тарихи күшін кұрастырады»⁶¹ (*die geschichtliche Bewegungskraft der Gesellschaft*)*. Егер қаланың басымдығы қажетті нәрсе болатын болса, онда халықты қалаларға тарту ісі ғана бұл басымдылықтың біржақты сыйпатына тоқтау сала алады (шынында да тоқтау салатынын тарих дәлелдеп отыр). Егер деревняны бағынышты, мешеу, дәрменсіз, жаншылған күйде қалдырып, қала өзін қалайда артықшылық халге қойса, онда тек деревня халқының қалаларға ағыл-тегіл келуі ғана, егінші халық пен егінші емес халықтың тек өстіп араласып, бірігуі ғана село халқын өзінің дәрменсіз күйінен кұтқара алады. Сондықтан жаңадан шыққан теория романтиктердің реакцияшыл шағымдары мен зарлануларына жауап ретінде, егінші халық пен егінші емес халықтың тұрмыс жағдайларының мұндай жақындасуы, қала мен деревняның арасындағы қарама-қарсылықты жоюға дәл қалай жағдай туғызатындығын көрсетеді.

Енді бұл мәселе жөнінде біздің экономист-халықшылдарымыз қандай көзқараста екен? деген сұрау туады. Олар сөзсіз сентименталды-романтиктік көзқараста. Қоғамдық шаруашылықтың қазіргі кұрылысының тұсында индустрия халқының өсуінің *қажетті* нәрсе екенін олардың түсінбеуі былай тұрсын, тіпті қанатының астына басын жасырған қайдағыбір кұс тәрізді, кұбылыстың өзінде *көрмеуге тырысады*. Өзгермелі капитал *абсолютті* түрде кемиді деуі («Сын мақалалары», 255-беті) Н. — он мырзаның капитализм туралы пікірлеріндегі дөрекі хатесі болады, индустрия халқының проценті аздығы

* Халықтың ақыл-ойын дамытуда индустриялы орталықтардың прогрестік ролі бар екендігінің ерекше айқын сыйпаттамасын да салыстырып қараңыз: „Die Lage der arbeit. Klasse in England“, 1845.⁶² Бұл рольді мойындау «Англиядағы жұмысшы табының халі» деген еңбектің авторының қаланың деревнядан бөлектенуінен көрініп отырған қайшылықты жете түсінуіне бөгет болған жоқ, мұны оның Дюрингке қарсы жазған айтыс шығармасы дәлелдейді.

жағынан Россияны Батысқа карама-қарсы қойып және капитализмнің дамуы арқасында бұл проценттің артатындығын еске алмауы — сорақылық болады* („Sozialpolitisches Centralblatt“ 1893, №1) деген П. Струвенің нұсқаулары жауапсыз қалды, солай деуге де болатын еді. Россияның өзгешеліктері туралы үнемі сөз қылса да, экономист-халықшылдар Россиядағы индустрия халқының құралуының шын өзгешеліктері жөнінде тіпті мәселе де көтере алмады***, индустрия халқының құралуын біз жоғарыда қысқаша көрсетіп өткенбіз. Халықшылдардың мәселеге теориялық көзқарасы міне осындай. Бірақ іс жүзіне келгенде реформадан кейінгі деревнядағы шаруалардың күйі жайында пікір қозғап отырған және теориялық күмандардан арылмаған халықшылдар егіншіліктен ығыстырылып шығарылатын шаруалардың қалалар мен фабрикалы орталықтарға қоныс аударғанын мойындап отыр, сөйтіп мұны мойындағанда осы құбылысқа күйінумен ғана, күйінгенде Сисмонди құбылысқа қалай күйінген болса, бейнебір дәл солай күйінумен ғана тына салады****. Халық бұқарасының тұрмыс жағдайларын қайта құру жөнінде ре-

* Егіншіліктегі халқы 80 процент болған Францияның «бақыттылығы» туралы сөз қылғанда, Сисмондидың дәл осы хатені жасағанын оқушы есіне түсірсін, бұл жағдай капитализм дамуының мешеулігінің көрінісі болмай, пәлендей бір «халық өндірісінің», тағы сондайлардың өзгешелігі болған сыяқты.

** — «Орталық әлеуметтік-саяси листок». *Ред.*

*** *Волгинді* салыстырыңыз. «Воронцов мырзаның еңбектерінде халықшылдықтың негізделініп көрсетілуі» СПб. 1896, 215—216-беттері.

**** Дегенмен, әділдік мынаны айтуды тілейді: Сисмонди, бірсыпыра елдерде индустрия халқының өсуін бақылап және бұл құбылыстың барлық ел үшін ортақ сыйпатының барлығын мойындай отырып, кей жерлерде мынаны түсінгендігін білдіреді: бұл құбылыстың тек пәлендей бір «ауысуы», т. с. нәрсе ғана болмай, халықтың тұрмыс жағдайларының терең өзгерісі екендігін — өзгеріс болғанда, аздап болса да жақсы жақтары болатынын мойындауға тура келетін өзгеріс екендігін түсінгендігін білдіреді. Қалай дегенмен де, Сисмондидың еңбек бөлінісінің зияндығы жайындағы мына төмендегі пікірі оның көзқарастарының, мәселен, Михайловский мырзаның көзқарастарына қарағанда, анағұрлым терең екендігін көрсетеді; Михайловский мырза қоғамдық шаруашылықтың түрлі

формадан кейінгі Россияда болған терең процесті, — шаруалардың отырықшылығымен бір орынға таңғандық күйін тұнғыш рет бұзып және олардың жүріп-тұруына жол ашқан, егіншіліктегі қызметшілерді егіншіліктен тыс қызметшілерге, деревня қызметшілерін қала қызметшілеріне жақындастырған процесті*, — олар оның экономикалық маңызы жағынан да, оның (сірә, онан да гөрі мәнді) моральдық және білім берерлік маңызы жағынан да мүлдем атаусыз қалдырып, сентименталды-романтиктік өкініштердің болуына сылтау туғызып отыр.

IV

РОМАНТИЗМНІҢ ПРАКТИКАЛЫҚ ТІЛЕКТЕРІ

Енді біз Сисмондидың капитализм жөніндегі жалпы көзқарасын бір жерге жыйнақтауға (оқушының есінде болар, Эфруси да өзінің алдына осы міндетті қойған) және романтизмнің практикалық программасын қарастыруға тырысып көреміз.

Сисмондидың сіңірген еңбегі капитализмнің қайшылықтарын алғаш көрсеткендердің бірі болғандығында

формациялары мен дамудың түрлі дәуірлерінде еңбек бөлінуінің белгілі бір түрде болатындығын талдап шығудың орнына, жалпы «прогресс ережесін» ойлап шығарған.

«Фабрикадағы жұмысшылардың істейтін ісінің қандай болса да кіретін операциялардың бір келкі болуы, сірә, олардың өсуіне (intelligence) зыян келтіруге тиісті, алайда, әділдік мынаны айтуды тілейді: тандаулы төрешілердің (judes. білгіштердің) байқаларына қарағанда, Англиядағы мануфактурада істейтін жұмысшылар өсуі жағынан да, білімі жағынан да және адамгершілігі жағынан да егіншіліктегі жұмысшыларға (ouvriers des champs: қарағанда артық болып отыр» (I, 397). Сисмонди мұның себептерін де көрсетеді: Vivant sans cesse ensemble, moins épuisés par la fatigue, e pouvant se livrer davantage à la conversation, les idées ont circulé plus rapidement entre eux (Олардың өмірінің үнемі бірге өтуінің арқасында, еңбектен көп жәбір көріп азғындамауының арқасында, бірімен бірі әңгімелесуіне көп мүмкіндігі болғандықтан, олардың арасына идеяның неғұрлым тез тарағандығынан осылай болды деп түсіндіреді. *Red.*) Бірақ — тұнжырап ол былай дейді — aucun attachement à l'ordre établi (белгіленген тәртіпке ешбір таңылушылық болмасын. *Red.*).

* Бұл процестің формасы Европалық Россияның орталық аудандарында да, оның иет аймақтарында да түрлі-түрлі болады. *Шер аймақтарға*, көбінесе, орта-қара топырақты губерниялардан егін-

екенін біз жоғарыда көрдік. Бірақ, қайшылықтарды көрсеткенмен, оның оларды талдап шығуға, олардың қайдан шыққандығын, дамуын және бет алысын түсіндіруге талсатпағаны былай тұрсын, тіпті ол бұл қайшылықтарға шындыққа жанаспайтын, белгілі бір қалыптан хателесіп ауытқығандық деп қараған. Бұл «ауытқуларға» қарсы күрескенде ол өсиет айту арқылы, әшкерелеу істері арқылы, оларды жоюға кеңес беру арқылы, тағы сондайлар арқылы аңқаулық жолмен күресті; оныңша бұл қайшылықтар осы күнгі қоғамдық шаруашылықтың жалпы құрылысында белгілі орын алатын халықтың нақтылы топтарының *нақты шын мүдделерін* көздемеген сияқты. Бұл — романтизмнің нағыз айғақ белгісі: мүдделер қайшылығын (қоғамдық шаруашылықтың құрылысының өзінде терең орнығатын мүдделер қайшылығын) доктринаның, системаның, тіптен әуелі шаралардың, тағы сондайлардың қайшылығы немесе хатесі деп қаруашылық. Өзі ұлғайған қайшылықтардан шетте тұрып, екі антипоттың арасында аралық, көшпелі күйде болып отырған *Kleinbürger*-дің* тар ой-өрісі бұл арада аңқау идеализммен ұштасып отыр, — біз бюрократизммен ұштасып отыр деуге де даярмыз, аңқау идеализм қоғамдық құрылысты басқаша жолмен түсіндірмей, адамдардың (әсіресе, билеп-төстеуші мүліктілерден шыққан адамдардың) пікірлерімен түсіндіреді. Сисмондидың барлық осындай пікірлерінің мысалдарын келтірейік.

«Затқа бола адамдарды ұмытып, Англия түпкі мақ-

шіліктегі жұмысшылар мен бірлі-жарымдап өнеркәсіпті губерниялардан егіншіліктен тысқары жұмысшылар барады, бұлар «қолөнері» жөніндегі өздерінің білімдерін шет аймақтарға таратып, таза егіншіліктегі халықтың арасында өнеркәсіп «орнатады». *Өнеркәсіпті ауданнан* кететін егіншіліктен тыс жұмысшылардың бір бөлегі Россияның барлық түкпірлеріне тарайды, көбінесе олар астаналар мен ірі индустриялы орталықтарға барады, он соң бұл индустриялық, егер бұлай деп айтуға болатын болса, ағымның күштілігі сонша — *егіншіліктегі* жұмысшылар жетімсіз болып шығады, бұлар да орта-қара топырақты губерниялардан *өнеркәсіпті губернияларға* (Москва, Ярославль және басқа губернияларға) барады. С. А. Короленконың: «Еркін жалдамалы еңбек, т. т.» дегенін қараңыз.

* — ұсақ буржуаның. *Ред.*

сатты оның жолындағы істерге құрбан етіп отырған жоқ па?

Англияның үлгісі адамды әбден таңғалдырады, өйткені мұның өзі ерікті, білімді, басқару ісі жақсы қойылған ұлт, сондықтан оның кездескен апаттарының барлығы да оның тек жалған экономикалық бағытқа түсіп кеткендігінің себебінен ғана болып отыр» (I, p. IX*). Сисмондиға Англия жалпы алғанда континент үшін қорқыныш үлгі боларлық роль атқарады, — өздерін нағыз қалған-құтқан ескі-құсқыны бермей, жаңа бір нәрсе беретін адамдар сыяқты етіп көрсететін біздің романтиктеріміз де дәлме-дәл осындай пікірде.

«Оқушыларымның назарын Англияға аударғанда, мен өзіміздің болашағымыздың тарихын... көрсеткім келді, оны көрсеткенде, егер біз Англияның үлгі алған принциптерінің ізімен іске кірісе беретін болсақ көрсеткім келеді» (I, p. XVI).

«...Континент мемлекеттері Англияның мануфактуралық карьерасы жөнінде Англиядан үлгі алу керек деп санайды» (II, 300). «Англияның көрінісінен асқан, адам таңғаларлық, жан түршігерлік көрініс жоқ» (II, 332)**.

«Байлық дегеніміздің тұрмыстағы көңілге қонарлық, қолайлы (n'est que la représentation) нәрсе ғана екенін естен шығармау керек» (буржуазиялық байлықтың орнына бұл арада алдақашаннан-ақ жалпы байлық қойылған!), «ал ұлтты іс жүзіндегі жарлылық пен азап шегушілік болатын нәрсенің бәріне душар етіп, қолдан байлық жасау деген сөз, мұның аты заттың есімін заттың мәні етіп алу деген сөз» (prendre le mot pour la chose) (I, 379).

* — I, IX бет. *Ред.*

** *Европа* романтизмінің орыс романтизміне қатысын айқын көрсету үшін, біз осы сызық астында Н. — он мырзадан цитаталар келтіреміз. «Бізге Батыс Европа дамуының шаруашылық барытының берген сабағын біздің пайдаланып қалуға ниетіміз болмаған. Англиядағы капитализм дамуының парасаттылығы бізді әбден таңқалдырды және Америка Штаттарындағы капитализмнің өлшеусіз тез дамып келе жатқандығы да осылай таңқалдырды» т. т. (323). — көріп отырсыздар, тіпті Н. — он мырзаның сөздерінде де ешбір жаңалық көрініп тұрған жоқ! Осы ғасырдың бас кезінде Сисмондиды «таңқалдырған» нәрсенің дәл өзі оны да «таңқалдырады».

«...Ұлттар табиғаттың сілтеуіне ғана (дегеніне, indications) еріп, сол сілтеулердің артықшылықтарымен, артықшылығы болғанда әуе райының, жер қыртысының, табиғаттың жай-жағдайының, шикі заттары болуының беретін артықшылықтарымен пайдаланып келген кезде, олар өздерін табиғи емес күйге қойған жоқ (une position forcée), олар халық бұқарасы үшін шын қайыршылыққа айналатын куманды байлықты (une opulence apparente) іздемеді» (I, 411). Буржуазиялық байлық тек елесті ғана байлық!! «Сыртқы саудадан қашу ұлт үшін хауіпті: бұлай өткенде ұлтты, былайша айтқанда (en quelque sorte) жалған іске зорлап қосады, ондай әрекет ұлттың түбіне жетеді» (I, 448)*.

«Жалақының қажетті бір бөлімі бар, бұл бөлімі оны алатын адамдардың өміріне арқау болып, күшін және денсаулығын сақтауға тиіс... Жалақының бұл бөліміне қол сұғатын үкіметке пәле жаусын, — ол үкімет барлығында (il sacrifie tout ensemble) — адамдарды да, болашақта байлық жыйнау үмітін де кұрбан етеді... Бұл айырмашылық фабриканттардың, көпестер мен меншік иелерінің таза табыстарын көбейтуге қажетті там-тұмдаған жалақыға жұмысшылар табын тұқырып қойған үкіметтердің саясатының әбден жалған екендігін түсінуге мүмкіндік береді» (II, 169)**.

«Ақырында: қайда кетіп барамыз? деп сұрайтын уақыт та жетті» (ou l'on veut aller) (II, 328).

* «...Соңғы 30 жыл ішіндегі өзіміз жүріп келген шаруашылық жол — теріс жол» (281)... «Біз тіпті көпке дейін капитализм мүдделерін халық шаруашылығы мүдделерімен бір санап келдік — мұнымыз түпке жететін қатты адасқандық... Өнеркәсіпті жақтаудың болар-болмас нәтижелері... біздің көзімізді қараңғылағаны сонша, біз мәселенің қоғамдық-халықтық жағын мүлде ұмытып кеткенбіз... мұндай дамудың ненің есебінен болатындығын біз ұмытып, кеткенбіз», біз — капиталистік өндірістен басқа — «өндіріс атаулының қандайының болмасын мақсаты жөнінде ұмытып кеткенбіз» (298).

«Өзіміздің өткен кездегі өмірімізге немқұрайды қарау... капитализмді өсіру болады»... (283... «Біз... капитализмді өсіру үшін барлық амалдарды қолдандық»... (323)... «Біз адастық»... (ibid).

** «...Өндірістің капиталистік формалары шаруаларды экспроприациялауға негізделсе де біз олардың дамуына тосқауыл жасамдық» (323).

«Олардың бөлінуі (атап айтқанда, меншік иелері мен еңбекшілер табы болып бөлінуі), олардың мүдделерінің бір-біріне қарама-қарсы болуы, адам баласы қоғамына өзіміз берген жасанды ұйымның салдары болып табылады... Әлеуметтік прогрестің табиғи тәртібі адамдарды заттан, немесе байлықты еңбектен айырым қарауға тіпті де тырысқан емес; деревняда — меншік иесі егінші болып қала алатын еді; қалада — капиталист қолөнерші (*artisan*) болып қала алатын еді; еңбекші таптың еңбек етпейтін басы бос гаптан бөлінуі қоғамның өмір сүруі үшін немесе өндіріс үшін тіпті де аса қажетті нәрсе болған емес; біз барлық жұрттың мейлінше пайда келтіруі үшін ол таптарды бір-бірінен бөлдік; іс жүзінде осы пайдаға жету үшін оны ретке салу бізге байланысты (*il nous appartient*)» (II, 348).

«Сонымен өндірушілерді бірін біріне (яғни қожайындарды жұмысшыларға) қарсы қойып, оларды қоғам мүдделеріне бүтіндей қарама-қарсы жолмен зорлап жүргізді... Жалақыны кеміту жолындағы үнемі болып отыратын бұл күресте, сірә, әрбір адам қатнасатын әлеуметтік мүддені жұрттың барлығы ұмытып кетеді» (II, 359—360). Мұның алдында да тарих берген жолдар туралы тағы еске түсіретін нәрсе бар: «Қоғамдық тұрмыс басталған кезде *әрбір адамның қолында* капиталы болады, сол арқылы ол өзінің еңбегін сарп етеді, сондықтан қолөнершілердің барлығы пайда мен жалақыдан теңдей құралатын табыспен күн көреді деуге болады» (II, 359)*.

Сірә жетер... Сисмондимен де, Н. — он мырзамен де таныс емес оқушының, екі романтиктің қайсысының, сызықтың астында немесе үстінде келтірілген көзқара-

* «Ғасырлар бойындағы біздің дәстүрлерімізге берік болудың орнына; өндіріс құрал-жабдықтарының қолма-қол өндірушілермен тығыз байланысты болу принципін дамытудың орнына... өндіріс құрал-жабдықтарын оның қолына жыю арқылы оның (*шаруалардың*) еңбегінің өнімділігін арттырудың орнына... осылардың бәрінің орнына біз бұған мүлде қарама-қарсы жолға түсіп кеттік» (322 — 323). «Біз капитализмнің дамуын бүкіл халық өндірісінің дамуы деп білдік... біз біреуінің... тек қана екіншісінің есебіне дамып алатындығын байқамай қалғанбыз» (323), Курсив біздікі.

сының дөрекілеу, аңғырттау екендігін айтуға қыйналатындығына сеніміңіз кәміл болсын.

Сисмонди өзінің «Nouveaux Principes»-терінде әбден көп орын бөлген өзінің практикалық тілектері де бұған толық сай келеді.

Біздің А. Смиттен айырмашылық жеріміз мынада, — дейді Сисмонди өзінің шығармасының I кітабында-ақ, — «біз А. Смиттің теріс деп тапқан үкіметтің араласуын әрдайым дерлік керек етөміз» (I, 52). «Мемлекет бөліс ісін түземейді» (I, 80)... «Заң шығарушы жалпыға бірдей бәсекеге қарсы кедейге біраздаған кепілдік істей алар еді» (I, 81). «Өндірілетін өнім әлеуметтік табыспен шамалас болуға тиіс, сондықтан бұл табысты білудің қамын ойламай шексіз өнім өндіре беруді қуаттайтын адамдар ұлттың баюына жол ашып беремін деп, ұлтты апатқа итермелейді» (Le chemin des richesses) (I, 82). «Байлық прогресі бірте-бірте жүргенде (gradué), ол өзімен өзі шамалас болғанда, оның бөлімдерінің бірде-біреуі шамадан тыс тез дамымағанда, сонда ол жұрттың бәрін бірдей дәулетті ететін болады... Бұл қозғалысты ретке салып отыру үшін оның барысын шабандату (ralentir!!), бәлкім, үкіметтердің міндеті болар» (I, 409—410).

Қоғамның өндіргіш күштерінің нақ осы қайшылықтар мен сәйкессіздіктер арқылы жүретін дамуының орасан тарихи маңызы барлығы жөнінде Сисмонди дәнеме де білмейді!

«Егер де үкімет байлыққа талаптану ісіне оны ретке салатын және тізгіндеп отыратын әрекет жасаса, — оның шексіз рахымды болғаны» (I, 413). «Қазірде жалпы жұрттың пікірі бойынша керексіз деп танылған сауданы ретке салатын кейбір ережелердің — егер олар өнеркәсіпті көтермелеушілік есебінде керексіз деп танылуға лайық болса да — орынды болып ақталуы мүмкін, бәлкім, тізгін есебінде дұрыс деп танылуы мүмкін» (I, 415).

Сисмондидың осы байымдауларының өзінен-ақ оның ғажап тарихи олақтығы көрініп тұр: өзі жасаған дәуірдің бүкіл тарихи мәні — ортағасырлық ережелерге бойсынудан құтылғандықта екендігі жөнінде онда титтей де идея жоқ. Ол өзінің байымдауларының — сол заман-

дағы *ancien régime*'a —ні * жақтайтындардың пікіріне дем бергендік екенін сезбейді, оны жақтайтындар өздері үстем болған Батыс европалық континенттің басқа мемлекеттері былай тұрсын, тіпті Францияда да әлі де болса әбден күшті еді**.

Сонымен, Сисмондидың практикалық тілектерінің негіз етіп алынатын жері — қамқорлыққа алу, кідірту, ережелерге бойсындыру ісі.

Мұндай көзқарас Сисмондидың күллі идеяларынан толық табиғи түрде және сөзсіз туады. Оның өмір сүрген заманы, машиналы ірі индустрияның Европа континентінде өзінің алғашқы адымдарын жасай бастаған кезі еді, машиналардың ықпалымен (байқаңыздар, жалпы «капитализм» атаулының ықпалымен емес, нақ машиналы индустрияның ықпалымен)*** барлық қоғамдық қатнастардың кенет, мейлінше шұғыл қайта құрыла бастаған кезі еді; бұл қайта құрылыс экономикалық ғылымда *industrial revolution* (өнеркәсіп революциясы) деп аталынды. Патриархтық жартылай ортағасырлық қоғамдардың орнына осы заманғы европалық қоғамдарды туғызған төңкерістің бар мәнін бағалай білген таңдаулы экономистердің бірі өнеркәсіп революциясын былай сыйпаттайды:

«...Ағылшын өнеркәсібінің соңғы 60 жыл ішіндегі (1844 жылы жазылған) даму тарихының адам баласы

* — ескі құрылысты. *Ред.*

** Эфрусси Сисмондидың бұл аяныштары мен күшті тілектерінде «азаматтық ерлік» (№ 7, 139-бетінде) бар деп білді. Сентименталды тілектерді баяндап шығу азаматтық ерлікті керек қылғаны ғой!! Гимназиялық тарих оқу құралының кез келгеніне болса да көз жіберсеңіз, сіз одан мынаны оқыйсыз: XIX ғасырдың алғашқы ширегінде батыс-европалық мемлекеттердің мемлекеттік право ғылымының: *Polizeistaat* (полициялық мемлекет. *Ред.*) деген терминмен атайтын кескінмен құрылғандығын оқыйсыз. Сіз одан: бұл ғасырдың осы ширегінің ғана емес, бұдан соңғы ширегінің де тарихи міндетінің сол кескінге қарсы күресу болғандығын оқыйсыз. Сонда сіз: Сисмондидың көзқарасында жаңғырту заманындағы француз ұсақ шаруасының топастығы сезіліп тұрғанын; Сисмонди ұсақ-буржуазиялық сентименталды романтизмнің сирек кездесетін азаматтық жетілмегендікпен ұштасуының үлгісі болатындығын түсінесіз.

*** Капитализм Англияда XVIII ғасырдың аяқ шенінен емес, одан кеп ерте кездерден басталады.

шежіресінде ешнәрсемен теңдесі жоқ. Бұдан 60—80 жыл бұрын Англия басқа елдердің қандайына болса да ұқсас, қалалары кішкене, болмашы, жабайы ғана өнеркәсібі бар, егіншіліктегі халқы сирек болғанмен де басқа елдермен салыстырғанда егіншіліктегі халқы едәуір көп еді. Қазір бұл ел — басқа *ешбір* елге ұқсамайтын, халқы $2\frac{1}{2}$ миллион астанасы бар; өнеркәсіпті ірі қалалары бар; бүкіл дүние жүзіне өнім жетістіріп беріп отыратын, барлық заттарды төтенше күрделі машиналар арқылы өндіретін индустриясы бар; халқының үштен екісі өнеркәсіп және сауда ісімен шұғылданған, мүлде түрліше таптардан құралған тапқыр, интеллигентті, тығыз қоныстанған халқы бар ел; әдет-ғұрыптары бөлек, мұқтаждары өзгеше бұл халық, шынында да, сол замандағы Англияға карағанда мүлде өзгеше ұлт болып табылады. Франция үшін саяси революцияның, Германия үшін философиялық революцияның қандай маңызы болатын болса, Англия үшін өнеркәсіп революциясының да дәл сондай маңызы бар. Ал 1760 жылғы Англия мен 1844 жылғы Англияның арасындағы айырмашылық та, кем дегенде, ancien régime-нің тұсындағы Франция мен июль революциясындағы Францияның арасындағы айырмашылықтай зор айырмашылық»*.

Мұның өзі ұсақ өндіріс экономикалық негізі болған ескі ежелден орнығып алған барлық қатнастарды түгел «қыйратқандық» болды. Сисмонди өзінің реакциялық, ұсақбуржуазиялық көзқарасымен бұл қатнастарды «қыйратқандықтың» маңызын ұғына алмағаны түсінікті нәрсе. Оның ең алдымен және көбінесе «қыйрату ісін тоқтатуды»** тілегені, жұртты соған шақырғаны, соны талап еткені түсінікті нәрсе.

Ал «қыйрату ісін» қалай «тоқтатуға» болады? Тоқтатқанда, ең алдымен, әрине, халықтық... яғни «патриархтық өндірісті», шаруалар мен ұсақ егіншілік атаулыны қолдау арқылы «тоқтатуға» болады. Сисмонди «бә-

* *Engels.* „Die Lage der arbeitenden Klasse in England“⁶³

** Н. — он мырзаның бізге әбден қолайлы, айрықша маңызы бар бұл сөздерін онан алып отырғанымыз үшін (345-беті), ол бізге өкпе қылмас деп сенеміз.

секенің тигізетін кеселдерінен халықты үкіметтің қалай сақтауға тиіс» екендігіне арнап бүтін бір тарау жазып отыр (II. VII, ch. VIII).

«Қызметшілердің (*à ceux qui travaillent*) жарым-жартылап меншігінің болуын қамтамасыз ету, немесе патриархтық егіншілік дегенімізді басқаның қандайынан болса да артық санап қолдап отыру (*favoriser*) үкіметтің егіншілік халқы жөніндегі жалпы міндеті болып табылады» (II, 340).

«Елизаветаның жұрт сақтамаған статуты лашыққа төрт акр мөлшеріндей жер үлесін бермейінше Англияда село лашығын (*cottage*) салғызбайды. Егер бұл заң орындала қалса, күндікшілер өз басына *cottage* салып алмайынша, олардың арасында бір де неке қыйысу болмаған болар еді және *cottager*-дің бірде-біреуі әбден қайыршылық халге түсірілмеген болар еді. Бұл бір қадам ілгері басқандық болар еді (*c'est quelque chose*), бірақ бұл әлі де жеткілікті болмайды; Англия әуе райының жағдайында семья басына 4 акр жері бар шаруа халқы мұқтаждық көріп тұрар еді. Қазірде Англиядағы лашықтылардың, көбісінің $1\frac{1}{2}$ — 2 акр ғана жерлері бар, бұл жерлері үшін олар аренда ақысын әбден көп төлейді. Помещиктер өзінің егіндік жерін толып жатқан *cottagers*-терге үлестірген кезде олардың әрқайсысына күн көре аларлықтай өтіп жеткілікті мөлшерде жер беруді... помещиктерге заңмен міндеттесе жөн болар еді» (II, 342 — 343) *.

* «Біздің ғасырлар бойы келе жатқан дәстүрлерімізден айрылмауымыз керек; (мұның өзі отаншылдық емес пе?)... өндіріс құрал-жабдықтарының қолма-қол өндірушілермен тығыз байланысты болу принципін, өзімізге мұра болып көшкен принципін дамытуымыз керек»... (Н. — он мырза, 322). «Біз неше ғасырлар бойы келе жатқан жолымыздан аудық; біз қолма-қол өндірушінің өндіріс құрал-жабдықтарымен тығыз байланысына, егіншілік пен ұқсатушы өнеркәсіптің тығыз байланысына негізделіп құрылған өндірісті шетке қаға беретін болдық, сөйтіп қолма-қол өндірушілерді өндіріс құрал-жабдықтарынан ажыратуға негізделген капиталистік өндірісті дамыту принципін өзіміздің шаруашылық саясатымыздың негізіне алдық, негізіне алғанда капиталистік өндірістің өзімен қатар жүріп отыратын, қазірде Батыс Европа азап көріп отырған оның апаттарының бәрін бірге өршіту принципін негізге алдық» (281). «Жұрт азап көріп отырған» «апаттарға» қалай қарайтындығы жө-

Романтизм тілектерінің халықшылдардың тілектерімен және программаларымен мүлде *біртекті* екендігін оқушы көріп отыр: ол тілектер мен программалар да *шын* экономикалық дамуды елемеуге және дәурені өткен ескі заманның патриархтық жағдайларын қайыра жаңғыртатын шарттарды машиналы ірі индустрия заманына, алпарысқан бәсеке мен мүдделер күресінің заманына орынсыз тықпалауға негізделіп жасалған.

V

РОМАНТИЗМНІҢ РЕАКЦИЯШЫЛДЫҚ СЫЙПАТЫ

Әлбетте, Сисмонди шын дамудың *қалай* кетіп бара жатқандығын мойындамай тұра алмады. Сондықтан, «ұсақ егіншілікті дәріптеуді» (II, 355) талап ете отырып, ол турадан-тура: «ауыл шаруашылығына оның қазіргі Англияда жүріп бара жатқан бағытына мүлдем қарама-қарсы бағыт беру» керек еді дейді (II, 354—355) *.

«Бақытына қарай, өзінің орасан көп қауымдық жерлерін (*ses immenses communaux*) село кедейлеріне үлестіріп беріп, оларға бірсыпыра жағдай жасауына Англияның мүмкіндігі бар... Егерде оның қауымдық жерлері 20 акрдан 30 акрға дейін еркін участоктерге (*en propriétés franches*) бөлінсе, онда жер ауып келгендердің тәуелсіз және такаббар табының, онда *yeomanry*-дің қалай жетілетінін олар (ағылшындар) өз көздерімен

ніндегі «батыс европалықтардың» өздерінің жоғарыда келтірілген көзқарасын оқушының өзі осы айтылғанмен салғастырып қарасын, т. т. «Принцип... шаруаларға жер үлестіріп беру немесе... өндірушілердің өзіне еңбек құралдарын жетістіріп беру» (2-беті)... «ғасырлар бойындағы халықтық негіздер» (75)... «Демек, бұл цифрларда (атап айтқанда, «шаруашылықтың қазіргі жағдайларының тұсында село халқының заттық тұрмыс-күйін қамтамасыз етуге керекті жер мөлшері *минимум*-ының қалай зор екенін» көрсететін цифрларда) шаруашылық мәселені шешу элементтерінің бірі бар екенін, бірақ тек элементтерінің *бірі* ғана бар екенін көреміз» (65). Байқасаңыздар, батыс-европалық романтиктер «ғасырлар бойындағы дәстүрлерден» халық өндірісін «мақұлдағандықты» іздеуді орыс романтиктерінен кем тәуір көрмеген.

* В. В. мырзаның «тарихты басқа жолмен жүргізу керек» деген халықшылдық программасын салыстырыңыз: Волгиннің айтқанын салыстырыңыз, 1. с. (*locus citato* — үзінді келтірілген жерде. *Ред.*), 181-беті.

көрген болар еді; қазіргі кезде ағылшындар осы таптың бүтіндей дерлік құрып кеткеніне өкініп жүр» (II, 357—358).

Нақты мүдделерді елемеушіліктің арқасында романтизмнің жасаған «жобалары» тым оп-оңай орындалатын болып көрінеді, мұны елемеушілік романтизмнің мәні болып табылады. «Сірә, мұндай ұсыныс (жер иелеріне күндікшілерді қамқорына алу міндетін жүктеп, жерді кіші-гірім ұсақ салаларға бөліп күндікшілерге үлестіріп беру) қазіргі кезде заң шығару билігін Англияда бір өзі пайдаланып отырған ірі жер иелерін ашындыратын болу керек; бірақ, солай болғанмен де, оның өзі әділ ұсыныс... Күндікшілер ірі жер иелерінің бір өзіне ғана қажет; оларды жер иелері туғызды — солай болса оларды жер иелері асырасын» (II, 357).

«Үстіміздегі ғасырдың бас кезінде жазылған мұндай аңқаулық пікірлерді оқығаныңда, романтизм «теориясының» жалпы капитализмнің күйімен, мұншалық жабайы көзқарасты туғызған капитализмнің жабайы күйімен сәйкес екендігіне таңданбайсың. Капитализмнің іс жүзіндегі дамуы — оны теория тұрғысынан түсіну — капитализм жөніндегі көзқарас, мұның бәрінің арасында да бұрынғы кезде сәйкестік болған, сондықтан жұрт Сисмондиды, не дегенмен де, берік, өзіне өзі сенетін жазушы деп түсінеді.

«Цехтар мен корпорациялар (*des jurandes et des maîtrises*) ұйымдастыру кезінде бұл таптың (атап айтқанда қолөнершілер табының) қандайлық қамқорлық көргенін, — дейді Сисмонди, — біз жоғарыда көрсетіп өткенбіз... Әңгіме олардың ғажап және қысымшылық келтіретін құрылысын қайта қалпына келтіру жөнінде болып отырған жоқ... Бірақ заң шығарушы адам: өнеркәсіп еңбегін артықша бағалауды, өнеркәсіпшілерді олардың басындағы тұрақсыз (*précaire*) күйден құтқаруды, сөйтіп, ақырында, өздерінің *дәреже** (*un état*) деп атайтын нәрсесіне олардың ие болу мүмкіндігін жеңілдетуді өзіне мақсат етіп қоюға тиісті... Осы кезде жұмысшылар туғаннан жұмысшы болып туып, дүниеден жұмысшы болып өтеді,

* Курсив автордікі.

ал бұрын жұмысшының дәрежесі неғұрлым мәртебелі дәрежеге жетудің әзірлігі, алғашқы сатысы ғана болған еді. Міне дәл осы мәртебе арттыру мүмкіндігінің (*cette faculté progressive*) қайта орнағаны керек. Қожайындар өздерінің жұмысшыларын неғұрлым мәртебелілеуге тырысатындай ету керек; мануфактураға жалданытын адам шынымен жай жалға жүріп алатын ақы үшін жұмыс істей бастайтын болу керек, бірақ ол адам, жұмыс істегенде мінезді болып, өзін өзі жақсы ұстағанда, кәсіп орындарынан түсетін пайдадан үлес алам деп үнемі үміттенетін болсын» (II, 344—345).

Усақ буржуаның көзқарасын бұдан айқынырақ етіп көрсету қыйын іс! Цехтар — Сисмондидың арман етепін нәрсесі, бірақ оларды қайта орнатудың керексіздігі жөніндегі оның ескертуінің, сірә, мынадай мағнасы ғана болу керек: цехтің принципін, идеясын тән алып (халықшылдардың да қауым деп аталатын осы күнгі қаржы қазнасының одағын тән алмай, қауым жөніндегі принципті, идеяны тән алатыны сыяқты), оның ортағасырлық мүгедектіктерін алмай тастау керек деген сыяқты ғана мағнасы болу керек. Сисмондидың жобасының сорақылығы оның бүтіндей цехтарды жактап, оларды түгелімен қалпына келтіргісі келгендігінде емес — ол өзіне мұндай міндет қойған жоқ. Оның жобасының сорақылығы мынада: ол жергілікті қолөнершілердің бірігуді тілейтін өрісі тар дәрекі тілегінен туған *одақты* үлгі орнына алып, бұл өлшеуішті, бұл үлгіні капиталистік қоғамға қолданғысы келетіндігінде болып отыр, ал капиталистік қоғамдағы біріктіруші, қоғамдастырушы элемент болып табылатын нәрсе — ортағасырлық шеңберлерді қыйрататын, жергілікті, жерлестік қауымға, кәсіпке байланысты айырмашылықтарды жоятын машиналы ірі индустрия. Белгілібір формадағы одақтың, жалпы бірлестіктің қажеттігін мойындай келіп, романтик: патриархтық бір орыннан жылжымайтын қоғамдағы бірлесуді тілейтін тар өрісті тілектерді қанағаттандыратын одақты үлгі етіп алады, сөйтіп сол үлгіні мүлде қайта құрылған қоғамға — көшпелі-конбалы халқы бар, пәлендей бір қауымның немесе пәлендей бір корпорацияның көлемінде емес, бүкіл мемлекеттің көлемінде, тіпті әуелі бір мем-

лекет емес, бірсыпыра мемлекеттің көлемінде еңбекті қоғамдастырып отырған қоғамға қолданғысы келеді*.

Осы хатенің дәл өзі романтикке өзіне әбден лайықты *реакционер* деген атақ бергізеді, оның бержағында, бұл терминнен жай әшейін ортағасырлық мекемелердің қайта орнатылуын тілегендік деген мағна шықпайды, жаңа қоғамды ескі патриархтық өлшеумен өлшеуге нақ әрекет жасағандық деген мағна шығады, үлгіні өзгерген экономикалық жағдайларға мүлде сай келмейтін ескі тәртіптер мен дәстірлерден іздеуді тілегендік деген мағна шығады.

Эфруси бұл жағдайды мүлде түсінбеген. Сисмондидың теориясына реакцияшыл теория деп берілген сыйпаттаманы ол нақ дөрөкі, тұрпайы мағнада түсінген. Эфруси қысылған екен... Цехтарды ешбір қайта орнатқым келіп отырған жоқ деп ол турадан-тура айтып отырғанда, Сисмонди реакционер бола ма?, бұл қалай болғаны — деді Эфруси. Сонымен Эфруси: Сисмондиды «кертартпалық істеді» деп «кіналау» әділсіздік; қайта Сисмонди «цех құрылысына дұрыс көзбен» қарады және «оның тарихи маңызын толық бағалады» (№ 7, 147-беті), былайша айтқанда, бұл пәлендей, түгендей профессорлардың цех құрылыстарының жақсы жақтары жөнінде жүргізген та-

* Жер иеленуінің, мал жайылымының, тағы басқаларының бірінғайлылығы арқылы (әсіресе помещиктік және чиновниктік өкметінің бірінғайлылығы арқылы) байланысқан жергілікті шаруалар бірлестігінің тар өрісті тілектерін қанағаттандырған, бірақ жергілікті, сословиелік, дәрежелік шектердің барлығын қыйрату және қауым ішінде экономика жағынан зор мүдде алалығын енгізетін товарлы шаруашылық пен капитализмнің тілегіне ешбір жауап бермейтін басқа бір одақ (*қауым*) жөніндегі халықшылдардың хатесі дәл осындай хате. Капиталистік қоғамда одақтасуды, бірлесуді тілеушілік бәсеңсіген емес, қайта, өлшеусіз өсіп отырды. Бірақ жаңа қоғамның бұл тілектерін қанағаттандыру үшін ескі өлшеушілікті алу мүлде сорақылық болады. Қазірде бұл жаңа қоғамның тілейтіні, біріншіден, одақтың жергілікті сословиелік дәрежеге қарай құрылған одақ болмауы керек; екіншіден, капитализм және шаруалардың ыдырауы туғызған жұрттың тұрмыс-халі мен мүдделеріндегі айырмашылығы сол одақтың бастама негізі болуы керек. Өзінің экономикалық күйі жағынан да, өзінің мүдделері жағынан да зор айырмашылығы бар шаруалардың басын біріктіріп байланыстыратын жергілікті, сословиелік одақ, қазірде өзінің *міндетті түрде* болатындығынан шаруалардың өзі үшін де және бүкіл қоғамның дамуы үшін де *зиянды* болып отыр.

рихи зерттеулері арқылы анықталды деген шешімге келді.

Quasi — оқымысты * жазушылардан екiнiң бiрiнде-ақ талдың тасасынан тоғайды көрмеушiлiк сыяқты ғажап iскерлiк табыла кетедi! Сисмондидың цехтар жөнiндегi көзқарасының ерекше және мәндi көзқарас болатын себебi дәл мынадан, ол оларды өзiнiң практикалық тiлектерiн осы цехтарға әкелiп байланыстырады **. Дәл сондықтан да реакцияшыл деген сыйпаттама оның ғылымымен байланысты нәрсе. Ал Эфрусидың цехтар жөнiндегi ең жаңа тарихи шығармалар туралы сөз қылып, басын тауға да, тасқа да ұрады.

Осы орынсыз және quasi — оқымыстылық байымдаулардың нәтижесi сол — Эфрусидың мәселенiң бар асылына: Сисмондидың доктринасын реакцияшыл деп сыйпаттаудың әдiлеттiлiк яки әдiлетсiздiк екендiгiне тоқталмай өте шыққан. Ол ең басты нәрсенi — Сисмондидың көзқарасын байқай алмаған. «Менi жұрт саяси экономияда қоғамдық прогрестiң дұшпаны, варварлық және зорлау мекемелерiнiң партизаны етiп көрсеттi, — дедi Сисмонди. Жок, мен болып өткен нәрсенi тiлемеймiн, бiрақ мен қазiргi замандағыға қарағанда басқа бiр тәуiр нәрсенi тiлеймiн. Мен қазiргi заманды өткен заманмен салғастырмайынша, қазiргi заман жөнiнде пiкiр қозғай алмаймын, бiрақ мен, ескi сынықшақтар арқылы қоғамның мәңгi мұқтаждықтарын дәлелдеп отырғанымда сол ескi сынықшақтарды қалпына келтiру ниетiнен аулақпын» (II, 433). Романтиктердiң тiлектерi (халықшылдардiкi сыяқты) өте жақсы тiлек. Капитализмнiң қайшылықтарын мойындау олардың дәрежесiн бұл қайшылықтарды бекер дейтiн су қараңғы оптимистердiң дәрежесiнен жоғары қояды. Жұрт Сисмондиды реакционер деп танығанда тiптi де оның орта ғасырларға қайта оралғысы келетiндiгiнен реакционер деп танымайды; оны жұрт дәл мынасы үшiн, өзiнiң практикалық тiлектерiнде оның «қазiргi заманды» болашақ заманмен салыстырмай, «өткен за-

* — Оқымысты-сымақтар. *Ред.*

** Тым болмаса цехтар туралы өзiмiз пiкiр келтiрген (Эфрусидың пiкiр келтiрiп отырған: 147-бет) жоғарыдағы тараудың тақырыбын қараңыз.

манмен салыстырғаны» үшін, оның «қоғамның мәңгі мұқтаждығын» * жаңа заманғы дамудың көздейтін мақсаттары арқылы дәлелдемей, «сынықшақтар» арқылы дәлелдегені үшін, дәл осынысы үшін реакционер деп танылды. Сисмондимен бір кезде және онан кейін де «қоғамның мәңгі мұқтаждықтарын» дәлелдеп келген басқа жазушылардан Сисмондиды ерекше айырым көрсететін оның дәл осы ұсақбуржуазиялық көзқарасын Эфрусиді түсіне де алмаған.

«Ұсақбуржуазиялық», «реакцияшыл» доктрина деген терминдерді дәл осы сыяқты тар мағынада түсінетіндігі Эфрусидің осы хатесінен көрінді, бұл тар мағынада түсінушілік туралы біз жоғарыда бірінші термин жөнінде сөз қылғанда айтып өткенбіз. Бұл терминдер ұсақ дүкеншінің өзімшілдік пыйғылдарын немесе қоғам дамуын кідіртіп, кейін оралуды тілейтіндікті ешбір көрсетпейді: ол терминдер осы жазушының көзқарасының *хателігін* ғана, оның түсінігінің, ой-өрісінің, ой-өрісі болғанда, практика жүзінде шындыққа аспай қалатын, ұсақ өндірушіні ғана қанағаттандыра алатын немесе ескіні сақтаушылардың қызметін қылатын құралдарды іріктеп алғызатын (аса жақсы мақсатқа жету үшін) ой-өрісінің шамалылығын көрсетеді. Мәселен, Сисмонди тіпті де ұсақ *меншіктің* фанатигі емес. Ол бірлесудің, одақтасудың қажет екенін осы күнгі біздің халықшылдардан биттей де кем түсінбейді. Ол өнеркәсіпті кәсіп орындарындағы «табыстың тең жарысының» «ассоциацияға бірлескен жұмысшыларға бөлініп берілуін» тілейді (II, 346). Ол, «өндірістің» барлық «табыстары өндірісте істейтін адамдардың игілігіне жұмсалатындай» (II, 438) «ассоциация системасының» болуын турадан-тура жақтап сөйлейді. Сол кезде мәлім болған Оуэннің, Фурьенің, Томпсонның, Мюиронның (Muiron) ғылымдарына өз ғылымының қатыстығы жөнінде айта келіп, Сисмонди былай дейді: «Белгілі өнімді бірігіп өндірген адамдарды бір-біріне қарсы оппозицияға қоюдың орнына, олардың арасында ассоциацияның жүзеге асырылуын солар сыяқты мен де

* Тағы да айтайық, оның бұл мұқтаждықтарды *дәлелдегендігі* оны буржуазиялық тар өрісті экономистерден өлшеусіз жоғары дәрежеге көтереді.

тілер едім. Бірақ мен, олардың бұл мақсатқа жету үшін ұсынған шаралары бір кездерде соған жеткізе алады екен деп ойламаймын» (II, 365).

Сисмонди мен бұл жазушылардың арасындағы айырмашылық дәл *көзқарас* жөнінде. Сондықтан, бұл көзқарасты түсінбеген Эфруси, Сисмондидың бұл жазушыларға қалай қарайтындығын мүлде хате суреттегені әбден табиғи нәрсе.

«*Русское Богатствоны*ң» № 8, 57-бетінен біз мынаны оқыймыз: «Егер Сисмонди өз замандастарына өте нашар ықпал етсе, өзінің ұсынған әлеуметтік реформалары жүзеге аспаса, онда мұның себебі көбінесе оның өз заманынан едәуір озық шыққандығынан. Оның жазу ісіне араласқан кезі — өзінің рахат тұрмысының алғашқы дәуірін буржуазияның тойлап жатқан уақыты еді... Әлеуметтік реформаларды талап еткен адамның үні, мұндай жағдайларда, ай-далада зарлаған адамның үнімен бір болып қала беретіні түсінікті нәрсе. Бірақ кейінгі ұрпақтардың да оған бір шама тәуір қарағанын өзіміз білеміз ғой. Бәлкі мұның себебі: жоғарыда өзіміз айтқандағыдай, Сисмондидың өткелді заманның жазушысы болғандығынан шығар; ол ірі өзгерістердің болғанын тілесе де, сонда да болса, ол ескіден біржола қол үзе алмайды. Сондықтан баяу адамдарға ол тым радикалды сыяқтанып көрінді, ал анағұрлым әсірелеу бағыттардың өкілдерінің пікірінше ол тым баяу болды».

Біріншіден, өзінің ұсынған реформаларымен Сисмонди «заманынан озық шықты» деу — өзі жөнінде: мен қазіргіні өткендегімен салыстырдым деп отырған Сисмондидың доктринасының нағыз мәнін мүлде түсінбеу деген сөз. Сисмондидың фабрика заңын*, тағы сондай нәрселерді ұнатқандығына бола ғана, Сисмонди теориясының жалпы рухы мен жалпы маңызын байқамай өте шығу үшін мұлайым соқырлық (немесе романтизмге шексіз құмартушылық) керек болды, т. с.

* Әуелі бұл мәселе жөнінде де Сисмонди заманынан «озық шыққан» емес, өйткені бұл қайта құрылыстардың ірі машиналы индустриямен және оның прогрестік тарихи жұмысымен байланысы барын түсіне алмай, ол қазірдің өзінде-ақ Англияда жүзеге асырылған нәрсені ғана ұната салған.

Екіншіден, Эфруси былай деп жорамалдайды: Сисмонди мен басқа жазушылардың арасындағы айырмашылық ұсынылған реформалардың *батылдық дәрежесінде* ғана: басқа жазушылар ілгері қарай қадам басты, ал Сисмонди болса ескіден толық арылып болған жоқ деп жорамалдайды.

Мәселе мұнда емес. Сисмонди мен бұл жазушылардың арасындағы айырмашылық әлдеқайда тереңде жатыр, ол айырмашылық тіпті де біреулерінің ілгері қадам басып, екіншілерінің жүрексіз қорқақ болғандығында емес*, реформалардың *сыйпатының* өзін Сисмондидың *біріне-бірі мүлде қарама-қарсы* екі түрлі көзқараспен түсінгендігінде. Сисмонди «қоғамның мәңгі мұқтаждықта болғандығын» дәлелдеді, ал бұл жазушылар да қоғамның мәңгі мұқтаждықта болғандығын дәлелдеген. Сисмонди утопист болған, өзінің тілектерін нақтылы мүдделерге емес, абстракт идеяға негіздеп құрған, — бұл жазушылар да утопистер еді, олар да өздерінің жоспарларын абстракт идеяға негіздеп жасады. Бірақ олардың жоспарларының *сыйпатының* нақ өзі мынаның салдарынан мүлде түрліше болып отыр, «мәңгі мұқтаждықтар» туралы мәселе қойған жаңа заманғы экономикалық дамуға олар *мүлде қарама-қарсы* көзқарастардан қарады. Әлгі көрсетілген жазушылар болашақты күні бұрын болжап білді, өздерінің көз алдында бұрынғы машиналы индустрия жүргізген «қыйратудың» көздейтін мақсатын данышпандықпен болжап білді. Олар шын дамудың бағыт алған жағына бет бұрды; олар бұл дамудан шын үздік шықты. Ал Сисмонди бұл дамуға *сырт* айналып қарады, оның утопиясы болашақты күні-бұрын болжамады, өткенді орнына келтірді; ол алға қарай бағыт алмай, «қыйрату ісін тоқтатуды», әлгі аталған жазушылар өз утопиясын келіп

* Бұл жөнінде жоғарыда көрсетілген жазушылардың арасында айырмашылық жоқ деп, айтқымыз келмейді, бірақ ол айырмашылық *мәселені түсіндіріп жетпейді* және Сисмондидың басқа жазушыларға көзқарасын теріс түсіндіреді: жасаған қортындыларының батылдығы және дәйектілігі жағынан ғана айырмашылығы болып, олар бірдей көзқараста болғандай болып шығады. Мәселе Сисмондидың оншама алысқа «ұзамағандығында» емес, мәселе оның *кейін* «шегініп», ал әлгі жазушылардың *алға* қарай «қадам басқандығында».

шығарған* «қыратудың» дәл өзін тоқтатуды арман етіп, кері бағыт алды. Міне сондықтан Сисмондидың утопиясын жұрт реакцияшыл утопия деп таныды — жұрттың бұлай деп тануы әбден әділетті де нәрсе. Тағы да айтамыз, мұндай сыйпаттама бөруге негіз болатын нәрсе тек мынау ғана: Сисмонди өткен ғасырдың аяқ шенінен алып, машиналы ірі индустрияның батыс-европалық мемлекеттердегі ескі, жартылай ортағасырлық, патриархтық қоғамдық қатнастарды «қыратуды» бастауының прогрестік маңызын түсінбеді.

Сисмондидың бұл айрықша көзқарасы әуелі оның жалпы «ассоциация» жөніндегі пікірлерінен де көрінеді. Ол былай дейді: «Мен мануфактура меншігінің (*la propriété des manufactures*) сан миллиондаған ақшасы бар бір адамның қолына жыйналмай, толып жатқан орта капиталистерге өзара бөлініп берілуін тілеймін...» (II, 365). Усақ буржуаның көзқарасы мынадай тирадада одан да айқын көрінді: «Кедейлер табын жоймай, күндікшілер табын жою керек; оларды қайтадан меншікшілер табының қатарына қосу керек» (II, 308). Меншікшілер табының «қатарына қосу керек» — Сисмондидың доктринасының күллі мәні осы сөздерде!

Әлбетте, өзінің жақсылық тілейтін тілектерінің іске аспайтындығын Сисмондидың өзі сезуге тиіс еді, жақсылық тілейтін тілектері мен осы заманғы мүдделер алалығының арасындағы бадырайып тұрған үйлесімсіздікті сезуге тиіс еді. «Белгілі бір өндіріске (*qui sont opposés à la même production*) бірге қатнасатын адамдардың мүдделерін қайта біріктіру міндетінің... қызын іс екені даусыз, бірақ мен бұл қиыншылықты жұрттың жорамалдауындай зор қиыншылық деп ойламаймын» (II, 450)**. Өзінің тілектері мен үміттерінің тұрмыс жағдайларымен және сол

* «Кооперативті фабрикалар мен кооперативті дүкендердің аясы болған, бірақ қайта құрылыстың осы бір-бірінен оқшау элементтерінің маңызы (*l'importance*) жөніндегі өзінің мнрасмдерларының бос қызылына ешбір қосылмаған Роберт Оуэн, — дейді Маркс, — өзінің жасаған тәжірибелерінде іс жүзінде тек фабрика системасын ғана негізге алып қойған жоқ, сонымен қатар, теория жүзінде де оны «әлеуметтік төңкерістің» басталар жері деп жариялады»⁶⁴.

** «Орыс ақшамының шешпекші міндеті күн санап қиындап кетеді. Капитализмнің басшы алуы күннен күнге ұлғайып барады...» (ibid.)

жағдайлардың дамуымен осылай үйлеспей отырғандығын мойындау «меншікшілер қатарына қосылуға», т. б. «әлі де кеш емес» екендігін дәлелдеуге талаптанғызатыны табиғи нәрсе. Романтик осы заманғы құрылыстың қайшылықтарының *дамып жетпегендігіне*, елдің *мешеу қалғандығына* сүйенуге тырысады. «Халықтар біз табалдырығынан аттаған бостандық системасын жеңіп алды (әңгіме феодализмнің құлауы туралы болған); бірақ халықтар ұзақ уақыт бойы мойнынан түспеген бұғауды қыйратқан кезде, еңбекші таптар (*les hommes de peine* — еңбек өкілдері) меншік атаулының бәрінен де ажырамаған еді. Деревняда олар, тең ортақшылар ретінде, чиншевиктер (*censitaires*), арендаторлар ретінде, жер иеленді (*ils se trouvaient associés à la propriété du sol*). Қалаларда — өзара қорғану үшін өздері құрған корпорациялардың, қолөнер одақтарының (*métiers*) мүшелері ретінде, олар дербес өнеркәсіпшілер болған (*ils se trouvaient associés à la propriété de leur industrie*). Тек біздің заманымызда ғана, тек осы ең соңғы кезде ғана (*c'est dans ce moment même*) байлық прогресі мен бәсеке осы ассоциациялардың барлығын қыйратып отыр. Бірақ бұл қыйрату ісінің (*révolution*) әлі тең жартысы да біткен жоқ» (II, 437).

«Рас, қазір жалаң бір ұлт қана осы табиғи емес күйде тұр; жалған байлықтың (*richesse apparente*) және қоғамдық игілік қауымының есебінен күнелтуге мәжбүр болған халықтың оннан бірінің керемет қайыршылығының осы түпкілікті қарама-қарсылығын біз жалаң бір ұлттан ғана көреміз. Бірақ, басқа жөнінен өнеге алуға әбден лайық, тіпті өздерінің хателері жағынан да тым ғажап бұл ұлт, өзінің үлгісімен континенттің барлық мемлекет адамдарын қызықтырды. Ал егер осы ойға шому істері қазір ұлтқа пайда келтіре алмайтын болса, онда мен, ең болмағанда, ұлттың бағыт алып бара жатқан жолының хауіптілігін көрсетіп, оның хауіптілігін өзімнің тәжірибеммен дәлелдеп, адам баласына және өзімнің отандастарыма қызмет етем бе деп ойлаймын; саяси экономияны шексіз бәсеке принципіне негіздеу — мұның аты адам баласының мүддесін кісінің жеке басының құмартатын нәрселерінің бәрінің бір кезде қозуына құрбан

еткендік деген сөз болады» (II, 368)*, Сисмонди өзінің „Nouveaux Principes“-ін осылай аяқтайды.

Сисмонди мен оның теориясының жалпы маңызын мына пікірінде Маркс ап-айқын етіп тұжырып айтқан; Маркстің бұл пікірі алдымен батыс-европалық экономикалық тұрмыстың мұндай теорияны туғызған (туғызғанда да капитализмнің онда машиналы ірі индустрияны жаңадан ғана жасай бастаған дәуірінде туғызған) жағдайларының очеркін баяндап, ал онсоң сол теорияға баға да береді**.

«Ортағасырлық мешандар мен ұсақ шаруалар сословиесі осы заманғы буржуазиядан бұрын болғандар. Өнеркәсіп пен сауда жағынан оншама дамымаған елдерде бұл тап өрістеп келе жатқан буржуазия қасында күні бүгінге дейін мұқтаждықта өмір сүріп келеді.

Осы заманғы мәдениет дамыған елдерде буржуазиялық орта сословие (бұл сословие пролетариат пен буржуазияның арасында ауытқып отырады) құрылған — және капиталистік қоғамның қосымша бөлімі ретінде үнемі жаңадан құрылып та келеді. Бірақ бәсеке бұл тапқа жататын адамдарды ылғый пролетариаттың қатарына ығыстырып отырады, сонымен олар машиналы ірі индустрияның дамуымен, осы заманғы қоғамның өзіне дербес бір бөлегі ретінде өздерінің мүлде жоғалатын кезінің сауда, мануфактурада және егіншілікте де өздерінің орнын надзирательдер мен жалдамалы қызметкерлердің басатын кезінің таянғанын күні бұрын сезе бастап отыр.

Бүкіл халықтың тең жартысынан көбі шаруалар болатын Франция сыяқты елдерде пролетариат жағына шығып алып, капиталистік жағдайларға ұсақбуржуазиялық және ұсақшаруашылық өлшеуішті қолданып, жұмысшылардың ісін ұсақбуржуазиялық тұрғыдан жақтаған жазушылардың пайда болуы табиғи нәрсе. Ұсақбуржуазиялық әлеуметтік ғылым осылай туған.

* «Орыс қоғамы аса қиын, бірақ шешілмеуі мүмкін емес, ұлы міндетті шешуі керек — халықтың өндіргіш күштерін, оны болмашы ғана азшылық емес, бүкіл халық пайдалана алатындай түрде дамытуы керек» (Н. — он, 343).

** «Р. Б.» ның 8-номерінің 57-бетіндегі, сонымен қатар «Р. Б.—60» ның 6-номерінің 94-бетіндегі Н. — он мырзаның мақаласындағы цитаталарды салыстырыңыз.

Сисмонди тек Францияда ғана емес, сонымен қатар Англияда да осы сыяқты әдебиеттің басшысы болып отыр.

Бұл ғылым өндірістің осы заманғы жағдайларының қайшылықтарын тамаша байқай білді. Ол ғылым экономистердің екіжүзділік оптимизмін әшкереледі. Ол ғылым машиналы өндіріс пен еңбек бөлінісінің қыйратушылық қыймылын, капиталдар мен жер меншігінің бір жерге шоғырлануын, өнімнің артық өндірілуі мен дағдарыстарда, ұсақ буржуазия мен шаруалардың сөзсіз апат болатынын, пролетариаттың қайыршылық күйін, өндірістегі анархияны, байлықты бөлісудегі барып тұрған әділсіздікті, ұлттардың өзара жүргізіп жатқан күйзеліске ұшырататын өнеркәсіп соғысын, ескі әдет-ғұрыптардың, ескі семьялық қатнастар мен ежелгі келе жатқан ұлттардың ыдырауын көрсетті*.

Бұл бағыттың қойған талаптарының жақсы жағы не өндіріс пен айырбас ісінің бұрынғы әдістерін, ал сонымен бірге бұрынғы мүлік қатнастары мен бұрынғы қоғамдық құрылысты қайтадан қалпына келтіруде; не болмаса ол бағыт осы күнгі өндіріс әдісі мен айырбас әдістерін бұрынғы мүлік қатнастарының шеңберінен күшпен шығармауға тырысады; бұрынғы мүлік қатнастарын олар қазірдің өзінде-ақ талқандап үлгірген және қажетті түрде талқандауға да тиіс еді. Мұның екеуінде де ол бағыт реакцияшыл, мұнымен бірге утопиялық бағыт болып табылады.

«Өнеркәсіптің құрылысы мен патриархтық ауыл шаруашылығы — ол бағыттың соңғы сөзі»**.

Сисмондидың доктринасының әрбір жеке мүшесін талқылаған кезімізде біз бұл сыйпаттаманың әділдігін көрсетіп өтуге тырысқанбыз. Ал енді, өзінің баяндауындағы,

* Эфруси бұл үзіндіні «Р. Б. — во»ның 8-номерінің 57-бетінде (соңғы қызыл жолдан бастап) келтіріп отыр.

** «Р. Б. — во»дағы жоғарыда көрсетілген мақаланы салғастырыңыз, 1894 ж., № 6, 88-бетінде Н. — он мырза бұл үзіндінің аудармасында екі жерін дәл аудармай және бір жерін қалдырып кетеді. «Усақбуржуазиялық» және «ұсақшаруалық» деп аударудың орнына ол «жалаң мешандық» және «жалаң шаруалық» деп аударады. Түп нұсқасында der Arbeiter деген сөз тұрса да, «жұмысшылардың ісі» деудің орнына «халықтың ісі» деп аударады. «Қажетті түрде талқандауға тиіс еді» (gesprengt werden mussten) деген сөздерді ол қалдырып кетеді⁶⁵.

романтизмді сынап және оған баға беруіндегі барлық кемшіліктерін аяқтау ретінде Эфрусидің осы арада қолданған кісі күлерлік бір тәсілін ғана айтып өтеміз. Мақаласының ең басында («Р. Б.—во»ның № 7-де) Эфрусидің Сисмондиды революционерлердің, утопистердің қатарына қосу «әділетсіздік» және «хате іс» (I, с., 138-беті) дегені, оқушының есінде болар. Мұндай тезисті дәлелдеу үшін, Эфруси, біріншіден, ең басты мәселе жөнінде, атап айтқанда Сисмондидың көзқарасының капиталистік қоғамның ерекше табы — ұсақ өндірушілердің күйі мен мүдделеріне байланысты екені жөнінде тіптен жұмған аузын ашпай жалтармақ болған; екіншіден, Сисмондидың теориясының жеке қағыйдаларын талқыларда, Эфруси оның ең жаңа теорияға көзқарасын бірлі-жарымдап мүлде теріс бағытта түсіндірген, мұны жоғарыда көрсетіп өткенбіз, ал бірлі-жарымдап, Сисмондидан «ары ұзай алмаған» неміс экономистерін дәлелге алумен Сисмондиды жақтап, ең жаңадан шыққан теорияны жай елемей кеткен; үшіншіден, ең соңында Эфруси Сисмондиге берілген бағаны мына түрде түйіп айтпақ болған: «Сисмонда де-Сисмондидың маңызына біздің (!) көзқарасымызды», — немістің бір экономисінің «мына бір сөздерімен түйіп айта аламыз (!!))» («Р. Б.» № 8, 57-беті), — дейді ол, — сонан ары жоғарыда сөз болған үзінді алынған, яғни осы экономистің берген сыйпаттамасының тек *бір аз ғана бөлегі ғана* алынған, бірақ оның дәл мына бөлімі, Сисмонди теориясының осы заманғы жаңа қоғамның айрықша табымен байланысы анықталатын бөлімі, сонымен бірге біржола жасалған қорытындының Сисмондидың реакцияшылдығы мен утопизмін баяндайтын бөлімі де қалдырылып кеткен. Ол-ол ма. Эфруси Сисмондиге берілген *тұтас бір* баға жөнінде ешбір түсінік бермейтін сол бағаның *кішкене ғана бір бөлегін* ала салумен тынбаған, ал сонымен, бұл экономистің Сисмондиге көзқарасын да мүлде теріс бағытта түсіндірген. Ол тағы да дәл сол экономистің көзқарастарын дәріптеуші ғана адам болғансып, Сисмондиды онан әрман әдемілеп көрсетуді тілеген.

«Бұған, — дейді Эфруси, — бірсыпыра теориялық көзқарастар жөнінен Сисмондидың жаңадан шыққан ең көр-

некті экономистерге* жол салғандығын қосайық: оның капиталдан түсетін табыс жөніндегі, дағдарыс жөніндегі көзқарастарын, оның ұлттық табысты түр-түрге бөлуін, тағы басқаларын еске түсірейік» (ibid.). Сонымен, Сисмондидың неміс экономисі көрсеткен еңбектеріне Сисмондидың дәл сол экономист көрсеткен ұсақбуржуазиялық көзқарасын, оның утопиясының реакцияшылдық сыйпатын қосудың орнына, Эфрусидың тағы да сол экономистің берген бағасы бойынша Сисмондидың ғылымындағы бірде-бір ғылыми сөз жоқ бөлімдерінің («ұлттық табысты түр-түрге бөлу» сыяқты) нақ өзін оның *сіңірген еңбектеріне апарып жамайды*.

Экономикалық доктриналарды экономикалық тұрмыстан алып түсіндіру керек деген пікірге Эфрусидың тіпті қысылмауы да мүмкін; А. Вагнердің «ұлттық табысты түр-түрге бөлінуі» жөніндегі теориясының «нағыз көрнекті» теория екендігіне оның әбден көзі жеткен де болар, — деп бізге қарсы шығатындар болар. — Әбден сенеміз. Бірақ іс жүзінде Эфрусидың бұл теорияның Сисмондидің қатыстығын мүлде түсінбей отырғанда және бұл қатыстықты мүлде теріс көрсету үшін мүмкін нәрсенің (тіпті мүмкін емес нәрсенің де) бәрін істеп отырғанда, өзіміз бұл теорияға «қосыламыз» деп айтуды халықшыл мырзалар тәуір көретін теория жөнінде Эфрусидың маңыздануына қандай правосы бар?

Егер мәселе жалғыз Эфрусидың жөнінде ғана — есімі халықшыл әдебиеттен бір емес, әлденеше рет кездесіп жүрген жазушы жөнінде ғана болып отырған болса, онда біз бұл мәселеге осыншалық көп орын беріп жатпаған болар едік. Бізге керегі тіпті де Эфрусидың кара басы емес және оның көзқарастары да емес, бізге керегі жалпы алғанда немістің атақты экономисінің халықшылдар қосылғанына теориясына халықшылдардың қалай қарайтындығы. Эфрусидың әсте өз алдына бір пәлендей айрықша қаралатын адам емес. Қайта, оның үлгісі нағыз кәдуілгі үлгі, сондықтан, мұны дәлелдеу үшін, біз барлық жерлерде де Сисмондидың көзқарасы мен теориясының және Н. — он мырзаның көзқарасы мен теориясының арасына теңесті-

* Адольф Вагнер сықылды ма? К. Т.

ру жүргізіп отырдық*. Бұлардың арасында әбден ұқсастық бар болып шықты: бұл екі жазушының екеуінің де теориялық көзқарастары, капитализмге көзқарасы және практикалық қорытындылары мен тілектерінің сыйпаты да *біртекті* болып шықты. Ал Н. — он мырзаның көзқарастары халықшылдардың ең соңғы табысы деп аталуы мүмкін болатындықтан, біздің: *халықшылдардың экономикалық ғылымы — жалпы европалық романтизмнің орысқа тән бір түрі ғана* деген қорытынды шығаруға правомыз бар.

Бір жағынан, Россияның тарихи және экономикалық өзгешеліктері және, екінші жағынан, оның әлдеқайда көп артта қалғандығы, халықшылдардың ерекше зор айырмашылықтарын туғызатыны өзінен өзі түсінікті. Бірақ бұл айырмашылықтар түр жағының айырмашылықтарының шегінен шығып кете алмайды, сондықтан да халықшылдық пен ұсақбуржуазиялық романтизмнің *біртектілігін* өзгертпейді.

Жаңадан шыққан теория романтизмге мейлінше теріс көзбен қараса да және ұсақбуржуазиялық ғылымдардың барлық түрлеріне қарсы жүргізілген аяусыз күресте өсіп жетсе де, халықшыл экономистердің ең жаңа теориямен «келісетіндігін» мәлімдеуі арқылы және мүмкін жаңа теорияны екінің бірінде *дәлелге* алулары арқылы өзінің романтизмін бүркемелеуге тырысатындығы, бәлкі, халықшылдардың аса көрнекті және өзіне көбірек назар аудартатын айырмашылығы болып табылар.

Сисмондидың теориясын талқылау ерекше мәні болатын себебі дәл мынадан — оны талқылау мұндай киім алмастырудың *жалпы тәсілдерін* талдап қарауға мүмкіндік береді.

Романтизм де, жаңадан шыққан теория да осы күнгі қоғамдық шаруашылықтың *белгілібір* қайшылықтарын көрсететінін өзіміз жоғарыда көргенбіз. Халықшылдар осы жағдаймен пайдаланып та отыр, бұлар дағдарыстардан, сыртқы рынок іздеуден, тұтыну дәрежесі төмендеп

* Екінші бір халықшыл экономист, В. В. мырза, жоғарыда көрсетілген ең басты мәселелер жөнінде Н. — он мырзамен әбден келіседі, бірақ одан айырмашылығы оның одан да әрман дөрекі көзқарапта болуында ғана.

бара жатқанда өнімнің артуынан, баж қамқорлығынан, машиналы индустрияның зиянды әрекетінен, т. т. және т. с. көрінетін қайшылықтарды жаңадан шыққан теорияның мойындайтынын дәлелге алады. Халықшылдардың айтқандары әбден дұрыс нәрсе: жаңадан шыққан теория шынында да романтизм мойындаған бұл қайшылықтардың барлығын мойындайды. Бірақ, қайшылықтарды шаруашылықтың қазіргі кұрылысының негізінен туатын түрлі мүдделерге әкеп тірейтін осы қайшылықтарға жүргізілген ғылыми анализдің қайшылықтар жөніндегі бұл мәлімдемелерді қайрымды тілектер үшін ғана дәріптеушіліктен қандай айырмашылығы бар екендігі туралы халықшылдардың бірде-біреуі бұрынды-соңды мәселе қойды ма? деген сұрау туады. Жоқ, мәселе қойған жоқ, жаңадан шыққан теорияның романтизмнен нақ айырмашылық жерін сыйпаттайтын бұл мәселені халықшылдардың бірде-біреуінің талдап қарағанын көрген емеспіз. Халықшылдар қайшылықтар жөніндегі өздерінің мәлімдемелерін дәл әлгідегідей қайрымды тілектер үшін ғана дәріптейді.

Онан соң, капитализм жөніндегі сентименталдық сынның капитализм жөніндегі ғылыми, диалектикалық сыннан айырмашылығының неде екендігі туралы халықшылдардың бірде-біреуі бұрынды-соңды мәселе қойған ба? деген сұрау туады. — Ең жаңадан шыққан теорияның романтизммен екінші бір негізгі айырмашылығын сыйпаттап көрсететін бұл мәселені халықшылдардың бірде-біреуі қойған емес. Қоғамдық-шаруашылық қатнастардың дәл қазіргі дамуын өз теорияларының өлшемі етіп алуды халықшылдардың бірде-біреуі керекті деп таппаған (ал ғылыми сынның негізгі айырмашылығы осы өлшемді қолданғандығында).

Ақырында, мынадай сұрау туады: романтизмнің ұсақ өндірісті дәріптеп және оның негіздерін «капитализмнің» қыйратуына өкінетін көзқарасының, — машина қолданытын капиталистік ірі өндірісті өз көзқарастарының бастама негізі деп санайтын және ұсақ өндірістің «негіздерін қыйратуды» (біз, жалғыз Россияда ғана емес, барлық жерлерде де қоғамдық ой-пікірді таңғалдырарлықтай шұғыл және қатаң түрде машиналы ірі индустрияның әсерінен болған қоғамдық қатнастарды қайта кұру про-

цесін айқын сыйпаттайтын осы жалпы алынып кеткен халықшылдық сөзді қолданып отырмыз) прогрестік нәрсе деп жарыялайтын, жаңадан шыққан теорияның көзқарасынан айырмашылығы неде екендігі туралы бірде-бір халықшылдардың мәселе қойған кезі болды ма? — Тағы да қойған емес. Халықшылдардың бірде-біреуі бұл мәселемен шұғылданбаған, бірде-біреуі Батыс еуропадағы ұсақ өндірістің «негіздерін қыйратуды» жұртқа зорлық прогрестік нәрсе деп танытқан өлшемдерді орыстың ұсақ өндірісінің «негіздерін қыйрату» үшін қолдануға әрекет жасамаған, сөйтіп олардың барлығы да ұсақ өндірістің негіздері жөнінде уайымдап, қыйратушылықты тоқтатайық дегенді ұсынады, көздерінің жасын төгіп, «жаңадан шыққан теория» дегеніңіз дәл осы деп жұртты сендірмек болады..

Батысеуропа ғылымы мен тұрмысының соңғы табыстарына сүйеніп, өздері капитализм жөніндегі мәселені жаңадан, өз алдына дербес шешетін теория етіп көрсеткен олардың «теориясын» Сисмондидың теориясымен салыстырып қарау мұндай теорияның капитализм дамуы мен қоғамдық ой-өрістің дамуының жабайы дәуірінде шыққандығын айқын көрсетеді. Бірақ істің мәні бұл теорияның ескіргендігінде емес. Россия үшін өте-мөте жаңа болып табылатын Европаның әбден ескірген теориялары аз ба! Істің мәні мынада: *бұл теория пайда болған кезде де, оның өзі ұсақбуржуазиялық, реакцияшыл теория болған.*

VI

АНГЛИЯДА АСТЫҚҚА ТҮСЕПІН БАЖ САЛЫҒЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕНІ РОМАНТИЗМ МЕН ҒЫЛЫМИ ТЕОРИЯНЫҢ БАҒАЛАУЫ

Романтизмнің осы заманғы экономияның басты мәселелері жөніндегі теориясын жаңадан шыққан теориямен салыстыруды біз тағы бір *практикалық* мәселе жөніндегі олардың пікірлерін салыстырумен толықтырамыз. Мұны салыстырудың ерекше қажет болып отырған себебі, бірінші жағынан, бұл практикалық мәселе капитализм жөніндегі ең ірі, жүйелі мәселелердің бірі болып отыр; екінші жағынан, оның себебі: біріне бірі жат бұл теориялардың аса көрнекті екі өкілі бұл мәселе жөнінде өздерінің пікірлерін айтып шықты.

Біз Англиядағы астық заңдары туралы және ол заңдардың бұзылуы жөнінде әңгіме қылып отырмыз⁶⁶. Бұл мәселе үстіміздегі ғасырдың екінші ширегінде жалғыз ағылшын экономистерін ғана емес, сонымен қатар континент экономистерін де әбден қызықтырған мәселе: мұның өзі баж саясатының әсте жеке қарайтын мәселесі емес, сауда еркіндігі жөніндегі, бәсеке еркіндігі жөніндегі, «капитализмнің тағдыры» жөніндегі жалпы мәселе екенін жұрттың бәрі де түсінген. Атап айтқанда әңгіме бәсеке еркіндігін толық жүргізу арқылы капитализмді кемеліне келтіру жөнінде болған, өткен ғасырдың аяқ шенінен алып машиналы ірі индустрияның Англияда ұсақ өндірістің «негіздерін қыйрата» бастағанын аяқтауға жол салу жөнінде болған, егіншілікте осы «қыйратуды» кідіртіп отырған кедергілерді жою жөнінде болған. Өзіміз сөз қылғалы отырған континент экономистерінің екеуі де бұл мәселеге нақ осылай қарады.

Сисмонди өзінің «Nouveaux Principes» терінің екінші басылуына «астық саудасы жөніндегі заңдар туралы» (I, III, ch. X) айрықша тарау қосқан.

Ол ең алдымен мәселенің әдбен толғағы жеткендігін атап көрсетеді: «Осы кезде ағылшын халқының жарым-жартысы астық заңдарының бұзылуын талап етіп отыр, талап еткенде де, ол заңдарды қолдайтын адамдарға қаты ашуланып талап етеді; ал былайғы жарым-жартысы ол заңдарды бұзғысы келген адамдарға кекті ыза үшін білдіріп, ол заңдардың болуын талап етеді» (I, 251).

Мәселені тақлылай келіп, Сисмонди, ағылшын фермерлерінің мүдделері өздеріне *remunerating price* (тиімді немесе шығынсыз бағаны) қамтамасыз ету үшін астыққа баж салынуын тілейтінін көрсетеді. Ал мануфактурашылардың мүдделері астық заңдарының бұзылуын тілейді, өйткені мануфактуралар сыртқы рыноктерсіз тұра алмайды, ал ағылшынның шетке зат шығаруының ілгері қарай дамуы шеттен зат әкелуді тұжыратын заңдары арқылы кідіріп қалды: «Товар өткізетін жерлердегі өзіміз кездестіретін рыноктің товарға лық толғандығы сол астық заңдарының нәтижесі: континенттің бай адамдары біздің товарларымызды сатып ала алмай отыр, өйткені

олар өзінің астығын өткізе алмай жүр, деді мануфактуршылар» (I, 254)*.

«Шет ел астығына рынок ашу, сірә, ағылшынның жер иелерін күйзелтіп, аренда ақысын қыйсапсыз төмендетіп жіберетін болар. Құман жоқ, бұл — үлкен апат, бірақ мұның өзі әділетсіздік болмаған болар еді» (I, 254). Сонымен Сисмонди аңқаулыққа салынған болып мынаны — жер иелерінің табысы, олардың «қоғамға» (капиталистік қоғамға ма?) көрсететін қызметіне (sic!**) сай келуге тиіс дегенді, т. б. дәлелдеуге кіріседі. «Фермерлер, — дейді онан соң Сисмонди, — өз капиталын, ең болмағанда, жарым-жартылап егіншіліктен шығарып алады».

Сисмондидың бұл байымдауында (ол осы байымдаумен қанағаттана салады) экономикалық дамудың тұрмыста бар процесіне жеткілікті көңіл бөлмейтін романтизмнің негізгі кемшілігі көрініп тұр. Англияда фермерствоның бірте-бірте дамып, өсіп келе жатқандығын Сисмондидың өзі айтқанын біз жоғарыда көргенбіз. Бірақ ол бұл процестің себептерін зерттеудің орнына, ол процесті теріске шығаруға асығады. Егіншілікте капитализм дамуының жалпы бағытын және астық заңдарын бұзғанда бұл процестің сөзсіз жылдамдайтындығын, яғни Сисмондидың егіншілік кері кетеді деген пайғамбарлығының орнына егіншіліктің капиталистік прогресс жасағанын Сисмондидың байқамай отырғандығын тек осы асығыстықпен ғана, тарихқа өзінің сәбилік тілектерін таңғысы келгендігімен ғана түсіндіруге болады.

Бірақ Сисмонди өзінікін қуаттайды. Ол осы капиталистік процестің қайшылығына таяу келісімен-ақ ол «ағыл-

* Дағдарыстардың себептерінің неғұрлым тереңіректе екенін және рынок жөнді кеңейтілмегенде дағдарыстардың сөзсіз болатындығын елемейтін ағылшын фабриканттарының бұл түсінігінің қаншалық біржақтылы болғанымен де, онда: шет елге өнім шығарып сату, бүтіндей жалпы алғанда, соған сәйкес шет елден өнім әкелуді керек қылады деген әбден әділ пікірдің барлығы даусыз. — Ағылшын фабриканттарының бұл мәлімдемелерін, капиталистік қоғамда сымді өткізу жөніндегі мәселеден: «товарды шет елге өткізеді» деген теріс ойлы ескерту жасаумен құтыла кететін экономистердің есіне алуын ұсынамыз.

** — Солай!! Ред.

шын жұртшылығының» алған бағытының хателігін дәлелдеуге тырысып, капиталистік процесті аңқаулықпен дереу «бекерлеуге» кіріседі.

«Жұмыс тоқталып, егіндік жер мал жайылымына айналған соң... күндікші не істемек?.. Жұмысқа алынбаған 540 000 семьяның көрген күні не болмақ? Олар өнеркәсіп жұмыстарының қандайына болса да жарап кетеді десек те, қазіргі кезде оларды жұмысқа ала қоятын индустрия бар ма?.. Өзі басқарып отырған ұлттың тең жарысын осындай дағдарысқа ұшыратуға еркімен бел байлайтын үкімет табыла қоя ма?.. Сонымен, өздерінің жолында егіншілерді кұрбандық ететін адамдардың өздері бұдан пәлендей пайда таба ма? Бұл егіншілер — ағылшын мануфактураларының ең жақын және ең сенімді тұтынушылары ғой. Олардың тұтынудан қалуы шет елдің ең ірі рыноктерінің бірінің жабылғанынан гөрі, индустрияға анағұрлым апатқа ұшырататын соққы болып тиер еді» (255—256). Атышулы «ішкі рыноктің шағындалуы» деген тағы да пайда бола кетіп отыр. «Ұлттың тең жарысы болып отырған бүкіл ағылшын егіншілері табының тұтынудан қалуынан мануфактуралар қаншама зыян шегеді? Егіншілік табыстары мүлде кұруға таяйтын бай адамдардың тұтынудан қалуынан мануфактуралар қаншама зыян шегеді?» (267). Фабриканттардың өндірісі мен олардың байлығының дамуына тән қайшылықтар олардың хатесін, олардың есеп білмейтіндігін ғана көрсетеді, дегенді фабрикантқа дәлелдеуге романтик барынша тырысып бағады. Сөйтіп, капитализмнің «хауіптілігіне» фабриканттардың «көзін жеткізу» үшін, Сисмонди поляк астығы мен орыс астығының таяудағы болатын бәсекесін толық суреттеп шығады (р. 257—261). Ол түрлі дәлелдерді келтіріп бағады, тіпті ағылшындардың намысына тигісі келеді. «Егер орыс императоры Англиядан не бары пәлендей бір

* Сисмонди капитализмнің жарамсыздығын «дәлелдеу» үшін дереу шамаға келерлік есеп жасайды (мұндайды, мысалы, біздің орыс экономисі В. В. мырза да соншама тәуір көреді). 600000 семья, — дейді ол, — егіншілікте істейді. Егіндік жерлерді мал жайылымына айналдырып жібергенде бұл санның оннан бір бөлегінен артығы «керек» болмайды... Жазушы бүкіл қыйын процесті неғұрлым кем түсінсе, ол соғұрлым балаларша «көзбен шамалап» есеп жасауды қолдана түседі.

уступка алуды ғана тілесе, Балтық теңізінің порттарын жауып тастап, Англияны аштықпен азаптау оның қолынан келетін болса, онда Англияның абройынан не қалмақшы?» (268). «Ақша құдіретін дәріптеудің» хателігін Сисмондидың зат сатарда оп-оңай көз бояуға болатындығымен қалай дәлелдегенін оқушымыз есіне түсіріп қарасын. Сисмонди бишара шаруалардың бәсекесіне бай фермерлердің төтеп бере алмайтындығын (жоғарыда цитаталанған) көрсете келіп, фермерствоның теориялық түсінік берушілерінің пікірлерін «теріске сайғысы» келеді, сонымен, «ағылшын жұртшылығының» алған бағытының «хателігін» дәлелдегендігіне, сірә, өзінің көзі жеткен. Сисмонди, сайып келгенде, тағы да сол өзі тәуір көретін қорытындысын жасайды. «Ағылшынның үлгісі бізге бұл практиканың (Сисмонди *l'habitude de se fournir soi-même* — «білектің күшімен күн көруді» қарама-қарсы қойып отырған ақша шаруашылығының дамуы) хауіпті болмай қалмайтындығын көрсетеді» (263). «Шаруашылықтың системасының өзі (атап айтқанда фермерство) жаман, хауіпті негізге негізделіп отыр, сондықтан ол системаны өзгертуге тырысу керек» (266).

Шаруашылықтың белгілі системасында белгілібір мүдделердің қағысуынан туған нақтылы мәселе, сонымен, сәбилік тілектердің ағымына еріп кетті! Бірақ мүдделі тараптардың өзінің мәселені қатты қойғандығы сонша — мәселені бұлай «шешумен» қанағаттану (барлық басқа мәселелер жөнінде романтизм осымен қанағаттанады) енді ешбір мүмкін емес.

«Алайда, не істеу керек? — деп ашу кернеп сұрақ қояды Сисмонди, — Англияның порттарын ашу керек пе немесе жабу керек пе? Англияның мануфактурадағы немесе селодағы жұмысшыларын ашаршылыққа, өлімге қыю керек пе? Ақыйқатында, мұның өзі жан түршігерлік мәселе: мемлекет адамдары ғана болатын ағылшын министрствосының басындағы хал ең ауыр халдің бірі» (260). Сонымен, Сисмонди фермерство системасының «хауіптілігі» жөніндегі, «бүкіл егіншілікті саудагерлік системасына бағындырудың хауіптілігі» жөніндегі «жалпы қортындыға» қайта оралады да тұрады. Бірақ, «мануфактураларда істейтін ұлттың тең жарысы аштықтан азап көріп, ал ұлттың сол бөлегінің талап етіп отырғая

шаралары ұлттың егіншілікте істейтін екінші тең жарысын аштыққа ұшыратқалы отырғанда, Англияда ұсақ фермалардың маңызын көтерерлік (*remettraient en honneur*) шараларды, — шара болғанда, мәнді, бірақ сонымен бірге бірте-бірте жүргізілетін шараларды, — қалай қабылдауға болатынын білмеймін. Мен астық саудасы жөніндегі заңдарға едәуір өзгерістер енгізуді қажетті деп санаймын: бірақ мен ол заңдардың толық бұзылуын талап ететін адамдарға мына мәселелерді қадағалап зерттеңіз деп кеңес беремін» (267), — бұдан егіншіліктің кері кетуі, ішкі рыноктың шағындалуы жөніндегі, т. с. ежелгі шағымдары мен ескертулері айтылған.

Сонымен, тұрмыс шындығына алғаш кездескенде-ақ, романтизмнің әбден масқарасы шықты. Ол өзіне өзі *testimonium paupertatis** беруге және оны алғандығына жеке өзі қол қоюға мәжбүр болды. «Теориядағы» барлық мәселелерді романтизмнің қалай оп-оңай, жай «шеше» салғанын естеріңізге түсіріңіздер! Протекционизм — ақылға сыйымсыз нәрсе, капитализм — апатқа ұшырата-тын адасқандық, Англияның алған бағыты — хате және хауіпті бағыт, өнім өндіру ісі тұтынумен теңгерілуге тиіс, өнеркәсіп пен сауда ісі — егіншілікпен теңгерілуге тиіс, машиналар тиімді болғанда ақыны арттырып немесе жұмыс күнін қысқартқан кезде ғана тиімді, өндіріс құрал-жабдықтарын өндірушілердің қолынан ажыратпау керек, айырбас ісі өндірістен алға кетпеуге тиіс, саудагерлікке соқтырмауға тиіс, т. т., т. б. Әрбір қайшылықты романтизм тиісті сентименталдық кұрғақ сөзбен тығындады, әрбір сұрауға тиісті сәбилік тілектермен жауап берді және күнделікті тұрмыстың барлық фактыларына бұл таңбаларды басуды мәселенің «шешілуі» деп атады. Мәселелердің бұлай мейрімділікпен оңай, жеңіл шешілгендігіне таңғалуға болмайды, мәселелерді бұлай шешкенде олар мына бір сәл ғана жағдайды — мүлде шиеленісуінен қайшылық туған нақты мүдделерді елемеді. Бұл қайшылықтың өрши түсуі, астық заңдарының бұзылар алдында Англияда болған партиялар күресі сықылды ерекше күшті дау-шатақтардың біріне романтикті бетпе-бет кездестірген кезде, — біздің романтиктің мүлде есі кетті. Қы-

* — жарлылық туралы куәлік. *Ред.*

ялға шомып, қайырымды тілектер тілеумен жүргенде романтиктің әбден көңілі сергек болды, ол жалпы «қоғам» атаулыға лайықты (бірақ қоғамның ешбір белгілі бір тарихи құрылысына лайықты емес) өсиет-өнеге сөздерді асқан шеберлікпен жазып шықты, бірақ өзін жайлаған қыялдан шығып, шын тұрмыс пен мүдделер күресінің қыспағына түскен кезде — оның қолында нақтылы мәселелерді шешуге керекті құралы да болмай шықты. Дерексіз ой жүйелеріне сүйенуге, мәселені абстракт түрде шешуге әдет алғандық — мәселені: халықтың қайсысын күйзеліске ұшырату керек, егіншіліктегі халықты ма немесе мануфактурадағы халықты ма? деген мазмұнсыз тұжырымға апарып тіреді. — Әрине, романтик ешкімді де күйзеліске ұшыратпау керек, «алған бағыттан ауытқу» керек деген кортынды шығармай тұра алмады... бірақ нақтылы қайшылықтардың оны жан-жағынан тығыз қоршап алғаны сонша, — оның қайтадан қайырымды тілектердің тұманына шомуына ырық бермей отыр, сондықтан романтик *жауап беруге* мәжбүр болды. Сисмонди әуелі катарынан екі бірдей жауап берді: біріншісі — «мен білмеймін» деді; екіншісі — «бір жағынан, мойындамауға болмайды, екіншіден, мойындауымыз керек».

Карл Маркс 1848 жылы 9 январьда Брюссельде көпшілік жыйналысында «сауда еркіндігі туралы сөз»* сөйледі. «Саяси экономия есеп-қыйсап ғылымы емес, өсиет ғылымы» деп мәлімдеген романтизмге қарама-қарсы, ол *мүдделерді* дәл жай ғана байсалды түрде *есепке алуды* өзінің баяндауының бастама жері етіп алды. Астық заңдары жөніндегі мәселеге ұлттың таңдап алып отырған «система» мәселесі ретінде немесе заң мәселесі ретінде қараудың (Сисмонди осылай қараған) орнына, шешен бұл мәселені фабриканттар мен жер иелері мүдделерінің қағысуы етіп көрсетуден бастады, сөйтіп ағылшын фабриканттарының бұл мәселені жалпы халыққа бірдей мәселе етіп танытуға қалай тырысқандығын, өздерін халық

* «Discours sur le libre échange». («Сауда еркіндігі туралы сөз»⁶⁷. *Red.*): Біз немісше аудармасымен пайдаланып отырмыз: «Rede über die Frage des Freihandels».

игілігіне қызмет етудеміз деп, жұмысшыларды сендіруге қалай тырысқандығын көрсетіп берді. Мәселені реформаны жүзеге асырарда заң шығарушының есіне алуына тиісті пікірлері түрінде баяндаған романтикке қарама-қарсы шешен мәселені ағылшын қоғамының нешеалуан таптарының нақтылы мүдделерінің қағысуына әкеліп тіреді. Ол бүкіл мәселенің негізі ретінде фабриканттар үшін шикі заттардың арзандатылуының қажеттігін көрсетті. Ол «Боуринг (Bowring), Брайт (Bright) және солардың жолдас-жоралары сыяқтыларға бола, өзін құрбан етуге даяр адамдарды өзінің ата жауы» деп білген ағылшын жұмысшыларының сенбеушілік көзқарасын сыйпаттап берді.

«Фабриканттар көп шығын шығарып ордалар салады; бұл ордаларда Anti-Corn-Law-League (астық заңдарына қарсы лига)⁶³ өзінше бір тұратын байырғы тұрағын құрады, фабриканттар еркін сауда дінін уағыздау үшін Англияның барлық жерлеріне бүтін бір апостолдар армиясын жібереді. Өзінің жеке мүдделерін қызметші адамға таныту үшін олар мыңдаған дана кітапшалар шығарып, оларды жұртқа тегін таратады. Олар баспасөзді өз жағына қаратып алу үшін орасан көп ақша шығарады. Еркін сауда жасау қозғалысын басқару үшін олар күдіреті күшті әкімшілік аппаратын ұйымдастырады және көпшілік митингілерінде өзінің қызыл тілінің бар өнерін көрсетеді. Осындай митингілердің бірінде бір жұмысшы дауыстап былай деген: «Егер жер иелері біздің сүйектерімізді шығарып сата қалса, сонда сіздер, фабриканттар, су диірменіне жіберіп, сүйектен ұн тарттыру үшін оларды алдымен сатып алар едіңіздер!» Англияның қызмет адамдары жер иелері мен фабриканттардың арасындағы күрестің маңызын әбден жақсы түсінген. Жалақыны кеміту үшін астықтың бағасын кеміткісі келетінін олар жақсы біледі, сонымен бірге рента қаншама төмен түссе, капиталға жамалатын пайданың соншама артатынын да олар жақсы біледі».

Сонымен, мәселенің қойылысының өзі Сисмондидікіне қарағанда мүлде өзгеше болып отыр. Мұндағы қойылып отырған міндет, 1-ден, ағылшын қоғамының түрліше таптарының мүдделері тұрғысынан алғанда олардың мәселеге көзқарасын түсіндіру; 2-ден, ағылшынның қоғамдық

шаруашылығының жалпы эволюциясында реформаның қандай маңызы барлығын ашып өту:

Осы соңғы пунктте шешеннің көзқарастары мына жөнінен Сисмондидың көзқарастарымен бір жерден шығады; шешен де бұл арада дәл Сисмонди сыяқты жеке мәселе емес, жалпы капитализмнің дамуы жөніндегі, системаға айналған «еркін сауда» жөніндегі жалпы мәселені көріп отыр. «Англияда астық заңдарының бұзылуы XIX ғасырда еркін сауданың қолы жеткен ең ұлы жеңісі болды»⁶⁹. «Астық заңдарының бұзылуымен еркін бәсеке, қоғамдық шаруашылықтың осы күнгі құрылысы өзінің дамуының ең ақтық шегіне жеткізіледі»*. Демек, бұл авторлар бұл мәселені, капитализмнің арман қарай дамуын немесе оның кідіртуін, «басқа жолдар» ізделуін, тағы сондайларды *тілегеніміз жөн бе* деп қаралатын мәселе деп түсінеді. Сонымен олардың бұл мәселеге мақұлдап жауап беруі Англиядағы астық заңдары жөніндегі жеке мәселені емес, «капитализмнің тағдырлары» жөніндегі жалпы принциптік мәселені шешкендік болып табылатыны бізге мәлім, өйткені бұл арада анықталған көзқарас бұдан әлдеқайда кейінірек басқа мемлекеттер жөнінде де қолданылған. Авторлар 1840 жылдары Германия жөнінде де, Америка жөнінде де** осындай көзқарастарда болып, бұл елдер үшін еркін бәсекенің прогрес-

* „Die Lage der arbeitenden Klasse in England“ (1845)⁷⁰. Текстіде баяндалып отырған сөз астық заңдары бұзылғаннан кейінгі дәуірде айтылса да, бұл шығарма астық заңдары бұзылмастан бұрын дәл осындай тұрғыда жазылған (1946). Бірақ уақыт жағындағы айырмашылық біз үшін маңызды нәрсе емес: екі автордың екеуінің де мәселе қоюдағы элементтерінің толық ұқсастығын көру үшін Сисмондидың 1827 жылға тән жоғарыда келтірілген байымдауларын 1848 жылғы осы сөзбен салыстырып қараудың өзі жеткілікті. Сисмонди ең соңғы кездегі неміс экономисімен салыстыру идеясының өзін біздер „Handwörterbuch der Staatswissenschaften“ -нен алдық, В. V, Art. „Sismondi“ von Lippert, Seite 679. Бұларды салыстырудың бүгінгі таңда зор маңызы бар мәселе болып шыққандығы сонша, — Липперт мырзаның мәселені баяндауы өзінің бүкіл топастығын бірден жойды...: өзінен өзі «объективтілігін» жойды, сөйтіп қызықты, қызу және тіпті жұрт құштар болғандай баяндау болып шықты.

** „Neue Zeit“ -тен («Жаңа Заман» *Red.*) Маркстің „Westphälisches Dampfboot-та“ («Вестфаль Пароходы»⁷². *Red.*) басылып, жақында табылған мақалаларын салыстыр.

тілігін жарыялады; Германия жөнінде авторлардың біреуі 60-жылдардың өзінде-ақ: Германия тек капитализмнен ғана зыян көріп отырған жоқ, сонымен қатар капитализмнің жеткілікті түрде дамымағандығынан да зыян көріп отыр деп жазған.

Баяндалып отырған әңгімеге қайта оралайық. Біз мәселені ағылшын қоғамының түрліше таптарының мүдделеріне апарып тіреген шешеннің принципіалды түрде басқа көзқараста болғанын жоғарыда көрсетіп өткенбіз. Астық заңдарын бұзудың қоғамдық шаруашылықтағы маңызы жөніндегі оның таза теориялық мәселе қойысында да осындай зор айырмашылықтың бар екенін көреміз. Оның үшін бұл мәселе, Англияның қандай *системадан* үлгі алуы керек, оның қандай жол таңдап алуы керек (Англияның қазірдің өзінде-ақ бұл жолды белгілейтін өткен күндердегі және қазіргі тарихы бар екендігін ұмытып, Сисмонди мәселені осылай қояды) деген абстракт мәселе емес. Жоқ, ол мәселені бірден *қазіргі қоғамдық-шаруашылық* құрылысқа негіздеп қойып отыр; ол өзіне: астық заңдары жойылғаннан кейін бұл қоғамның дамуындағы *келесі қадамы* қандай *болуға тиіс* деген сұрау қояды.

Бұл мәселенің қиындығы астық заңдары бұзылуының *егіншілікке* қалай әсер ететінін анықтауда болды, — өйткені өнеркәсіпке қалай әсер ететіні жұрттың бәріне де айқын еді.

Астық заңдарын бұзудың егіншілікке пайдалылығын дәлелдеу үшін, Anti-Corn-Law-League астық заңдарын жоюдың ағылшын егіншілігіне жақсы әсер ететіндігі туралы жазылатын таңдаулы үш шығармаға бәйге жарыялады. Шешен үш лауреаттың үшеуінің де, Гоп (Норе) Морз (Morse) және Грегтің (Greg), көзқарастарын қысқаша баяндап шығады да, бірден соңғысын өз алдына бөлектеп қарайды; оның шығармасы анағұрлым ғылыми жазылған, классиктік саяси экономияның белгіленген принциптерін анағұрлым қатаң түрде қолданып отырған шығарма.

Көбінесе ірі фермерлер үшін жазу ісімен айналысқан, өзі ірі фабрикант, Грег мына жағдайды дәлелдейді: астық заңдарының бұзылуы ұсақ фермерлерді егіншіліктен ығыстырып шығаратындығын, бұлардың жұмыс іздеп ин-

дустрияға баратындығын, бірақ жерді неғұрлым ұзақ мерзімге жалға алуға, жерге көп капитал жұмсауға астықтың арзандауымен бірге арзандауға тиіс еңбекті аз қолданып, машиналарды көп қолдануға мүмкіндік алатын ірі фермерлерге бұл ұсақ фермерлердің пайдалы болатынын дәлелдейді. Шеттен әкелінетін арзан астықтың бәсекесіне төтеп бере алмайтын сапасы нашар жерлердің ұқсатылудан қалатындығынан жер иелерінің неғұрлым аз рентаны қанағат қылуына тура келеді.

Осы күні бұрын болжап айтылған пікір мен егіншіліктегі капитализмді ашықтан-ашық қорғауды анағұрлым ғылыми нәрсе деп таныған шешеннің мұнысы әбден дұрыс болып шықты. Күнібұрын болжап айтылған нәрсені тарих ақтап шықты. «Астық заңдарының бұзылуы ағылшынның егіншілігіне зор демеу берді... Селонның жұмысшы халқының мүлде кемуі — ұқсатылған жердің кеңейтілуімен, егістің өнімділігімен, жерге жұмсалатын және оны ұқсатуға кететін капиталдың бұрын-соңды болып көрмеген дәрежеде көбейіп қорлануымен, ағылшын агрономиясының тарихында теңдесі болмаған егіншілік өнімінің артуымен, жер иелерінің алатын рентасының өсуімен, капиталистік арендаторлардың байлығының артуымен... қоян-қолтық бірге жүріп отырды. Жаңа әдістердің негізгі шарты — бір акр жерге капиталды көп жұмсау, демек, фермаларды жедел бір жерге әкеліп шоғырлау болды»*.

Бірақ, шешен, әлбетте, Гректің пікірлерінің аса дұрыстығын мойындаумен тына салмаған. Бұл пікір Грегтің айтуында: жалпы ағылшын егіншілігі жөнінде сөз қылып, астық заңдарының бұзылуынан ұлтқа жалпы пайда көлетіндігін дәлелдеуге тырысып жүрген өркін сауданы

* 1867 жылы жазылған⁷³. — Рентаның өсуіне келсек, онда бұл құбылысты түсіндіру үшін дифференциялық рентаға ең соңғы кезде жасалған анализ арқылы анықталған заңды еске алу керек, атап айтқанда, *рентаның көтерілуі астық бағасының төмендеуімен қатар мүмкін болатынын еске алу керек.* «1846 жылы ағылшынның астыққа түсетін төлем салықтары бұзылған кезде, ағылшын фабриканттары біздер мұнымен егіншілік аристократиясын қайыршыға айналдырды деп ойлады. Мұның орнына ол аристократия бұрынғысынан да байып кетті. Бұл қалай болды? Мұның ешнәрсесі жоқ. Біріншіден, контракт бойынша фермерлерден олардың жылына бір акр жерге 8 фунт стерлинг жұмсауының орнына 12 фунт стерлинг

жақтаушылардың сылтауы болған. Жоғарыда өзіміз баяндап өткен пікірден кейін, шешеннің көзқарасының мұндай болмағаны ап-айқын болып тұр.

Ол өз сөзінде еркін сауданы жақтаушылар соншама дәріптеп жүрген астық бағасының төмендеуі жалақының сөзсіз кемуін, товар орнына жүретін «еңбектің» (дәлірек айтқанда жұмыс күшінің) арзандауын көрсететіндігін түсіндіріп берді; астықтың арзандауы жұмысшы үшін бұл ақының төмендеуін бастапқы мөлшерімен ешқашан да теңгеріп ұстап тұра алмайтынын түсіндіріп берді, оның себебі, біріншіден, астықтың бағасы төмендегенде өзіне басқа бұйымдар сатып алуына мүмкіндік алу мақсатымен қызметшінің нан жеуден үнем жасауы қыйынға соғатын болады; оның себебі, екіншіден, индустрия прогресі сыраны арақпен, нанды картофельмен, жүн және зығырды мақтадан тоқылған матамен алмастырып, тұтыну заттарын арзандатады, мұның күллісі арқылы қызметшінің тұтынуы мен тұрмыс дәрежесін төмендетеді.

Сонымен, біз шешеннің, *сірә*, дәл Сисмонди кұсап, мәселенің элементтерін анықтап отырғанын көреміз: ұсақ фермерлердің күйзелуін, өнеркәсіп пен егіншіліктегі жұмысшылардың қайыршылық халге ұшырауын ол да еркін сауданың сөзсіз болатын салдары деп таныйды. «Цитата келтіруге» тамаша шеберлігі жағынан да айырмашылығы бар біздің халықшылдар, дәл осыған келгенде, өздерінің бұған бүтіндей «қосылатындығын» бар көңлімен мәлімдеп, әдетте «көшірмелер» келтіруін доғара қояды. Бірақ мұндай тәсілдер, біріншіден, мәселе қоюдағы жоғарыда өзіміз көрсеткен орасан зор айырмашылықтарды олардың түсінбей отырғандықтарын ғана көрсетеді, екіншіден, олардың мына жағдайды жаңа теорияның роман-

жұмсауын талап ете бастады, ал 2-ден, жер иелері, төменгі палатада көп өкілдері болғандықтан, өздерінің жерлерін құрғату үшін және басқа да берік жақсартулар енгізу үшін мемлекеттен көп қарыз ақша алатын болды. Ең нашар деген жерлер де еш жерде біржола тасталмағандықтан, ал ең ары кеткенде — ондай жерлер басқа мақсаттар үшін пайдаланылып отырғандықтан, пайдаланылғанда да көбінесе уақытылы пайдаланылғандықтан, ренталар жерге капиталдың көп жұмсалыуымен құрамалас түрде өсіп отырды, сондықтан егіншіліктегі аристократия бұрынғысынан да гөрі жақсы жағдайда болып шықты» («Das Kapital» III, 2, 259) («Капитал», III т. 2-бөлім, 259-беті⁷⁴. Ред.).

тизммен негізгі айырмашылығының дәл осы арадан ғана басталатынын байқамай отырғандығын көрсетеді: романтик шын дамудың нақтылы мәселелерінен қыялдарға бет бұрады, ал реалист анықталған фактыларды нақтылы мәселені белгілі түрде шешудің шарты етіп алды.

Жұмысшылардың тұрмыс-күйінің таяуда жақсаратындығын көрсете келіп, шешен онан соң былай деген:

«Біздің мұнымызға экономистер қарсы шығады:

Ал жақсы, біз, еркін сауда үстем болып тұрғанда қызметшілердің арасындағы, сірә, кеми қоймайтын бәсекенің жалақыны товарлардың неғұрлым арзан бағасымен тез сәйкестендіретініне келісейік. Бірақ, екінші жағынан, товар бағасының төмендеуі тұтынуды өсіреді; тұтынудың өсуі өнімді көптеп өндіруді керек қылады, өнімді көптеп өндіру жұмыс күшін керексінуді күшейте түседі; осы жұмыс күшін керексінудің күшейе түсуінің нәтижесі жалақыны арттыратын болады.

Бұл дәлелдердің күллісі мынаған келіп тіреледі: *еркін сауда өндіргіш күштерді арттырады*. Егер өнеркәсіп ұлғая түссе, егер байлық, өндіргіш күштер, бір сөзбен айтқанда, өндіруші капитал еңбекті көп керексінсе, онда еңбектің бағасы, демек, жалақы да көтеріледі. *Капиталдың артуы жұмысшыға неғұрлым қолайлы жағдай болып табылады. Мұнымен келіскеніміз қажет**. Егер капитал бір қалпынан аумаса, онда өнеркәсіп бір қалпынан аумай тұра алмайды, ол құлдырап кейін кете бастайды, сондықтан қызметші бұл ретте оның құлдырауының бірінші құрбандығы болып шалынады. Қызметші капиталистен бұрын мерт болады. Ал капитал арта түскен жағдайда, яғни жоғарыда айтылғандағыдай, қызметшіге *тиімді* ретте арта түскен жағдайда, қызметшінің тағдыры қандай болмақ? Ол бәрібір мұнда да мерт болады...» Сонымен, шешен, ағылшын экономистерінің мәліметтерін пайдалана отырып, мыналарды бастан-аяқ толық түсіндіріп шықты: капиталдың бір қолға шоғырлануы шебер орындалатын еңбекті жай еңбекпен алмастыру арқасында жұмыс күшін арзандататын еңбек бөлінісін қалай күшейтетіндігін, машиналардың жұмысшыларды қалай ығыстыратынын, ірі капитал ұсақ өнеркәсіпшілер мен

* Курсив біздікі.

ұсақ арамтамақтарды қалай күйзелтіп, жұмыссыздардың санын онан әрман көбейтетін дағдарыстарды қалай күшейте түсетіндігін — бастан-аяқ толық түсіндіріп шықты. Оның жасаған анализінен шыққан қортынды мынау: еркін сауда капиталдың еркін дамуын көрсетеді, онан басқа дәнемені де көрсетпейді.

Сонымен шешен: сауда еркіндігі де, оны тежеп отыру да, мұның екеуі де жұмысшыларды күйзелушілікке бастайтынын, алғаш қарағанда осы екеуінің бірін таңдауға лажсыз мәжбүр ететін мәселені, Сисмонди шеше алмай тұйықтаған мәселені шешудің жолын таба білді. *Мұның жолы — өндіргіш күштерінің дамуында.* Мәселенің тарихи негізде қойылуы өзінің дұрыстығын бірден көрсете алды: капитализмді сондай болуға тиіс қайдағыбір абстракт қоғаммен (яғни асылына келгенде утопиямен) салыстырудың орнына, шешен оны қоғамдық шаруашылықтың *одан бұрынғы сатыларымен* салыстырды, капитализмнің түрлі сатыларының бірінен соң бірінің алмасып отырғанына қарай, оларды салыстырып шықты, *сөйтіп капитализмнің дамуы арқасында қоғамның өндіргіш күштерінің даму фактысын көрсетіп берді.* Еркін сауданы жақтаушылардың дәлеліне ғылыми сын көзімен қараған шешен романтиктердің жасайтын дағдылы хатесін жасамады, өйткені романтиктер дәлелінің күллі мәнін теріске сая отырып, «шылапшындағы суды төгемін деп, шомылып отырған баланы да төгіп тастап отырған болса», шешен ол дәлелдің кіршіксіз дәнін, басқаша айтқанда, күмән келтіруге болмайтын орасан зор техникалық прогресс фактысын жеке бөліп қарай алды. Біздің халықшылдар өздеріне тән тілмарлығымен, әрине, мынадай қортынды шығарар еді: *ұсақ өндірушіге қарсы* соншама ашықтан-ашық *ірі капитал жағына шығып отырған* бұл автор, — әсіресе ол континенталды Европаны көре тұрып, ағылшын тұрмысынан жасалған қортындыларды мен машиналы ірі индустриясы сол кезде өзінің ең тұңғыш, жасқаншақ қадамдарын жасай бастаған өз отаныма да қолдандым дегендіктен, — «ақша күдіретін дәріптеуші адам» деген қортынды шығарар еді. Бірақ сонда да болса дәл осы мысалға сүйене отырып (сонымен қатар батыс-европалық тарихтан алынған то-

лып жатқан осындай мысалдарға сүйеніп), олар өздері ешбір түсіне алмай (бәлкі, түсінгілері келмейтін шығар?) жүрген құбылысты, атап айтқанда, ұсақ өндіріске қарағанда ірі капиталдың прогрестілігін мойындаудың «дәріптеушіліктен» әлдеқайда алыс екендігін зерттей алған болар еді.

Сауда еркіндігі туралы сөйленген бұл сөздің теория жағынан да «дәріптеушіліктің» қандайына болмасын қарсы болатындығы жағынан да артықшылығына көзді жеткізу үшін, Сисмондидан алынып жоғарыда баяндалған тарау мен осы сөзді еске алып өтудің өзі жеткілікті. Шешен ірі капиталдың дамуымен қатар жүріп отыратын қайшылықтарды бұрынды-соңды романтиктердің сыйпаттағанынан гөрі анағұрлым дәл, толық, тура, ашықтан-ашық сыйпаттап берді. Бірақ ол ешбір жерде де бұл дамуды өкініш ететін бірде-бір сентименталдық құрғақ сөз айтпады. Қандай болмасын «алған бағыттан ауытқудың» мүмкіндігі туралы ешбір жерде де оның аузынан титтей де сөз шыққан емес. Мұндай құрғақ сөзбен жұрттың мына жағдайды ғана бүркемелейтінін — өзінің алдына тұрмыс қойып отырған мәселеден, басқаша айтқанда, қазіргі экономикалық тұрмыс, қазіргі экономикалық даму, соның негізінде туып отырған қазіргі мүдделер қойып отырған мәселеден жұрттың өзінің басқа жаққа «бұлтартып отырғанын» ғана бүркемелейтінін шешен жақсы түсінді.

Жоғарыда көрсетілген, толық ғылыми жол, оған, дәйекті реалистігінен танбай, бұл мәселені шешіп шығуына мүмкіндік берді.

«Алайда, мырзалар, — деді шешен, — сауда еркіндігін сынай отырып, бізді қамқорлық системасын жақтайды екен деп ойламаңыздар». Сонымен шешен қоғамдық шаруашылықтың осы күнгі құрылысында сауда еркіндігі мен протекционизмнің бірдей негізде екендігін көрсетті, батыс-европалық мемлекеттердегі ескі шаруашылық тұрмыс пен ескі жартылай патриархтық қатнастарды «қыйрату» процесін, процесі болғанда капитализмнің Англия мен континентте жүргізген «қыйрату» процесін қыс-

қаша көрсетіп өтті, мына қоғамдық фактыны: белгілі бір жағдайларда, сауда еркіндігінің бұл «қыйратуды» тездететіндігін көрсетті*. «Міне мырзалар, — деп қорытып өтті шешен, — тек осы мағнада ғана мен сауда еркіндігін жақтап дауысымды беремін»⁷⁶.

* Астық заңдарын бұзудың бұл прогрестік маңызын, ол заң бұзылмай тұрып-ақ „Die Lage“ нің авторы да көрсеткен (I. с., р. 179)⁷⁵, көрсеткенде де, әсіресе, оның өндірушілердің сана-сезіміне әсер ететіндігін баса айта отырып көрсетті.

ФАБРИКАЛЫҚ ЖАҢА ЗАҢ⁷⁷

*1897 жылдың жазында, айдауда
жүргенде жазылған
Қосымшасы 1897 жылдың күзінде
жазылған*

*Жеке кітапша түрінде 1899 ж.
Женевада басылған*

*1899 жылғы басылған тексті бойын-
ша басылып отыр*

ПРОЛЕТАРИИ ВСѢХЪ СТРАНЪ, СОЕДИНЯЙТЕСЬ!

НОВЫЙ
Фабричный Законъ

Издание Россійской Соціалъдемократической Рабочей Партіи.



ЖЕНЕВА

Типографія „Союза Русскихъ Соціалъдемократовъ“
1899

В. И. Ленинъ: „Фабрикалық жаңа заң“
деген кітапшасының тысы—1899 ж.

ФАБРИКАЛЫҚ ЖАҢА ЗАҢНЫҢ ШЫҒУЫНА НЕ СЕБЕП БОЛДЫ?

Фабрикалар мен заводтарда жұмыс күнін қысқарту туралы және мейрам күні демалыс беліглеу туралы 1897 жылы екінші июньде фабрикалық жаңа заң шықты. Жұмысшылардың 1896 жылғы көктемдегі жаппай стачкасынан қорққан үкіметтің сол 1896 жылы-ақ уәде еткен бұл заңның шығуын Петербург жұмысшылары көптен бері күтуде еді. Мақта жіп иіретін және мақта-мата тоқыйтын фабрикаларда болған жұмысшылардың бұл жаппай стачкасының артынша басқа жерлерде де стачкалар болып жатты, ал сонымен қатар жұмысшылар барлық жерде жұмыс күнінің қысқартылуын талап етті. Үкімет бұл стачкаларға қарсы қудалау жазасын орасан күшейтті, толып жатқан жұмысшыларды кез келген жерде ұстап алып, сотсыз, дән емесіз жер аударып жіберді; үкімет қорққанынан, фабриканттар жұмысшыларды христиандықпен жақсы көреді деген ақмақтық бос сөздерді айтып, жұмысшыларға әсер етуге тырысты (министр Виттенің 1895/96 жылдары фабрика инспекторларына арнаған нұсқауы). Бірақ жұмысшылар бұл бос сөздерге күліп қана жауап берді, сондықтан он мыңдаған, жүз мыңдаған жұмысшыларды қамтыған қозғалысты ешқандай қудалаушылық тоқтата алмады. Сонда үкімет икемге келіп, жұмысшылардың қойған талаптарын там-тұмдап болса да орындаудың қажет екенін түсінді. Стачкашыларды айуандықпен қудалаудың және екіжүзділік, өтірік сөздермен алдаркатудың үстіне, Петербург жұмысшылары үкіметтің жұмыс күнін қысқарту туралы заң шығару жөніндегі уәдесін алды. Бұл уәде жұмысшыларға бұрын-соңды бо-

лып көрмеген салтанаттылықпен финанс министрлігі атынан фабрикаларда жапсырылған ерекше жарнамаларда мәлімденді. Жұмысшылар уәденің орындалуын асығып-ақ күтті, заңның 1897 ж. 19 апрельде шығуын күтті, онда да шықпаған соң, үкіметтің толып жатқан мәлімдемелері сықылды, үкіметтің бұл уәдесі де өрескел өтірік уәде болар, деп ойлауға да әзір тұрды. Бірақ үкімет бұл жолы уәдесінде тұрды: заң шықты; бірақ, қандай заң екенін, — төменде көреміз. Біз енді үкіметке уәдені орындаттырған жағдайларды қарастырып өтуіміз керек.

Біздің үкіметіміз жұмыс күнін қысқарту мәселесімен 1896 жылдан бастап қана шұғылданған жоқ, одан әлдеқайда көп уақыт бұрын шұғылданды. Мәселе бұдан 15 жыл бұрын көтерілген болатын: 1883 жылдың өзінде-ақ Петербург фабриканттары осындай заңның шығарылуын өтінген болатын. Басқа фабриканттар да (атап айтқанда, поляк фабриканттары) талай рет осындай өтініш жасаған болатын, бірақ, жұмысшылардың тұрмыс халін ондау туралы басқа да толып жатқан жобалар сыяқты, бұл өтініштердің бәрі де қаралмай жатып қала беретін. Орыс үкіметі мұндай жобаларды қарастыруға асықпайды; ондай жобалар ондаған жылдар бойы сұр болып жата береді. Ал, халық ақшасынан қайыр берілуін «өтінген» адал ниетті орыс жер иелері сыяқты мырзаларға бірнеше миллион сом садақа беру керек болған кезде немесе «тепкі көрген» фабрикант мырзаларға жәрдем немесе сыйлық тағайындау керек болған кезде, — міне онда орыс үкіметі асығады, чиновниктік, министрлік кеңселердің доңғалақтары өте тез жүреді, ерекше бір жақсы «маймен» «майлап қойғандай» зыр айналады. Ал, жұмысшыларға келгенде, заң жобаларының жылдар бойы, ондаған жылдар бойы қаралмай жатып қалатыны былай тұрсын (мысалы, кәсіп иелерінің жауапкерлігі туралы заң жобасының әлі болса «әзірленіп» жатқанына бір он жылдан асып, екінші он жылға кетті), тіпті шығарылған заңдардың өзі де қолданылмайды, өйткені императорлық үкіметтің чиновниктері фабрикант мырзаларды мазалауға ұялады (мысалы, фабриканттарды больницалар ашуға міндетті еткен 1886 жылғы заң көп реттерде күні бүгінге дейін қолданылмай келеді). Ал, бұл жолы, көптен кө-

терілген мәселенің бірден қозғалуының себебі не? кезекке қойылмай, министерство мен Мемлекеттік Совет арқылы бірден шешіліп, жүзеге асырылуының себебі не? бірден заң жобасына айналып, заң болып шығуының себебі не? деген сұрау туады. Чиновниктерді итермелеген, оларды жағасынан алып сілкен, олардың отандық фабрикаларға жаңа талаптар қойып «матасқысы» келмейтін қарыспалығын жеңген, сірә, бір күш болса керек. Бұл күш Петербург жұмысшылары еді және олардың 1895—1896 жылдары жасаған орасан зор стачкалары еді; социал-демократтардың («Күрес Одағы» сыяқты) жұмысшыларға жәрдемдесуі арқасында бұл стачкаларда үкіметке белгілі талаптар қойылды, жұмысшылардың арасына социалистік үндеухаттар мен листовкалар таратылды. Өз мүдделерін ұғынған, күресу үшін бірлескен, жұмысшы ісін қорғайтын социал-демократтар партиясы басшылық етіп отырған жұмысшылар бұқарасын полицияның ешқандай қудалауы жеңе алмайтындығын үкімет жақсы түсінді. Үкімет лажсыздан икемге келуге тиісті болды. Бұдан 11 жыл бұрын 1886 жылы 3 июньде шығарылған ішкі тәртіп ережелері туралы, штрафтар туралы, еңбек нарқы, тағы басқалары туралы заң сыяқты фабрикалық жаңа заңды да жұмысшылар үкіметке *еріксіз* шығарттырды, дәл сол сыяқты бұл заңды да жұмысшылар өздерінің барып тұрған қас-дұшпанынан *тартып алды*. Ол кезде жұмысшылардың күресі бәрінен де Москва, Владимир губернияларында күшті болды. Ол күресте де жаппай стачкалар болды, сол кезде де жұмысшылар үкіметке айқын, нақтылы талаптар қойды, ал атақты Морозов стачкасы кезінде жұмысшылар көпшілігі арасынан инспекторға, жұмысшылардың өздері жазып белгілеген шарттар ұсынылды. Бұл шарттарда, мысалы, жұмысшылардың штрафтарды қысқартуды талап ететіндігі айтылды. Мұның артынша, 1886 жылы 3 июньде шығарылған заңда жұмысшылардың бұл талаптарына тікелей жауап берілді және штрафтар туралы ережелер жазылды*.

Қазір де осылай болып отыр. Жұмысшылар 1886 жылы

* Бұл жөнінде «Штрафтар туралы» деген кітапшаны қараңыз (осы томның 17-беті. *Ред.*).

жұмыс күнінің қысқартылуын талап етті, өздерінің қойған талабын орасан зор стачкалар арқылы қолдады. Үкімет енді бұл талапқа жұмыс күнін қысқарту туралы заң шығарып *жауап беріп отыр*. Ол кезде, 1886 жылы, үкімет жұмысшыларға беретін жеңілдіктерін жұмысшы көтерілістерінің дүмпуінен қорқып орындаған еді, бұл жеңілдіктерді неғұрлым аз мөлшерге түсіруге тырысқан еді, фабриканттардың әдіс-айла жасауына жол қалдыруға тырысқан еді, жаңа ережелердің шығарылуын кідіртуге, жұмысшылардың талаптарынан айлалап алып тастауға болатынының бәрін қамтыған еді. Қазір, 1897 жылы да, нақ сол кездегідей үкімет тек жұмысшы көтерілістерінің дүмпуінен ғана қорқып икемге келіп отыр, дәл сол кездегідей, жұмысшыларға беретінін бар күшін салып азайтуға тырысып отыр, тіпті фабриканттардың ұсынған жұмыс күнін де көбейтіп, бір-екі сағат уақытты *ептеп*, жырып қалуға тырысып отыр, мейрамдарды міндетті демалыс күндерінің санына қоспай, мейрам күндерін фабриканттардың пайдасына көбірек қалдыруға тырысып отыр, басты-басты ережелерді министрлердің келешектегі бұйрықтарына дейін кідірітіп, жаңа тәртіптерді енгізуді соза беруге тырысып отыр. 1886 жылғы 3 июньдегі және 1897 жылғы 2 июньдегі заңдар, Россияда шыққан бұл басты-басты фабрикалық заңдар — мұның екеуі де үкіметтің лажсыздан икемге келушілігі болып табылады, орыс жұмысшыларының полициялық үкіметтен тартып алған заңдары болып табылады. Ол заңдардың екеуі де, жұмысшылардың заңды талаптарына орыс үкіметінің *қалай* қарайтындығын көрсетеді.

II

НЕНІ ЖҰМЫС УАҚЫТЫ ДЕП ЕСЕПТЕУ КЕРЕК?

1897 жылғы 2 июньдегі заңды бастан-аяқ толық қарап шығайық*. Жоғарыда айтқанымыздай, жаңа заң, 1-ден, барлық жұмысшылар үшін жұмыс күніне шек қояды: 2-ден, жексембі күнгі міндетті демалыс пен мейрам күнгі демалысты белгілейді. Жұмыс уақытының мөлшері

* Ол заң 1898 жылғы ноябрьден бастап күшіне кіреді.

туралы ереже шығармай тұрып, заң нақ не нәрсені жұмыс уақыты деп түсіну керек екенін анықтауға тиіс. Жаңа заң бұдан кейін мынадай ереже шағарады: «Жалдану шарты бойынша, жұмысшының жұмыс істеу үшін кәсіпорын үйінде болуға және сол кәсіпорын басқарушының билігінде болуға міндетті уақыты әрбір жұмысшының тәуліктегі жұмыс уақыты немесе жұмыс сағаттарының саны болып есептеледі». Сөйтіп, белгіленген мерзім бойынша немесе кәсіпорнын басқарушының қосуы бойынша жұмысшының фабрикада болатын уақытының бәрі жұмыс күні болып есептелуге тиіс.

Жұмысшы осы уақыттың ішінде нағыз өз жұмысымен немесе дағдылы жұмыспен шұғылданып жатыр ма, немесе басқарушы оны басқа бір жұмыс істеуге қоса ма, немесе тіпті оны жай *күттіріп* қоя ма, — мұның бәрібір: жұмысшының фабрикада өткізген уақытының бәрі жұмыс уақыты болып есептелуге тиіс. Мысалы, кейбір фабрикаларда сембі күндері қоңырау қағылғаннан кейін жұмысшылар машиналарды тазартады; заң бойынша машина тазарту да *жұмыс күнінің бір бөлімі* болып есептелуге тиіс. Демек, егер фабрикант машина тазалағандығы үшін жұмысшыға дәнеме төлемесе, онда фабрикант *жалға жүрген жұмысшының жұмыс уақытынан тегін пайдаланған* болады. Жұмысшыны, сдельной ақы төлейтін болып жалдаған фабрикант жұмысшыны жұмыссыз күттіріп қойса немесе оны істеп жатқан жұмысынан алып, өзіне бөлек ақы төленбейтін басқа жұмысқа қосса (мұның екінің бірінде болатыны әрбір жұмысшыға мәлім), онда фабрикант жалданған қызметкердің *жұмыс уақытынан тегін пайдаланған* болады. Жаңа заңдағы жұмыс күніне берілген бұл анықтаманы жұмысшылардың есте тұтуы керек және, соған сүйене отырып, қожайынның жұмыс күшін тегін пайдаланбақ болған әрекетінің қандайына болса да тойтарыс беріп отырулары керек. Жұмыс күнінің мұндай анықтамасы жалдану шартынан өзінен өзі туатыны жұртқа түсінікті: кейбір жұмысшыға бұл әбден айқын, бұл жөнде сөз қылудың да қажеті жоқ сыяқты болып көрінеді. Бірақ үкімет, капиталистерге жағымпазданып, заңның әрбір жұмысшыға өзінен өзі айқын болып отырған көп жерлерін әдейі күңгірттейді. Міне бұл арада да үкімет фабрикант мырзалардың әдіс-айласына

аз да болса жол қалдыруға тырысқан. Занда: *жалдану шарты бойынша жұмысшының фабрикада болуға міндетті* уақыты жұмыс уақыты болып есептелінеді, делінген. Ал, жалдану шартында жұмысшының күніне пәлендей сағат фабрикада болуға міндетті екендігі туралы дәнеме айтылмаса, онда қалай болады? Мысалы, механика заводтарында көбінесе жұмысшылардың қожайынмен жасасатын шартының мазмұны тек мынадай болады: жұмысшылар пәлендей ақыға пәлендей зат істеп шығаруды (машинаның белгілібір тетігін, пәлендей винт немесе гайка, тағы сондайларды істеп шығаруды) міндетіне алады, ал, жұмысшының бұл жұмысты орындауға сарп ететін уақыты туралы *дәнеме айтылмайды*. Тәулік ішіндегі жұмыс сағатының саны туралы жаңа заңды мұндай ретте қолдануға бола ма? Дұрыс ақылға салып қарағанда, әрине, қолдануға болады, өйткені, жұмысшы жұмысты фабрикада істейді ғой, — мұны жұмыс уақыты деп есептеуге неге болмасын. Бірақ капиталист мырзалар мен оларды қолдайтын үкіметтердің «дұрыс ақылы» мүлде өзгеше. Біз көшіріп жазған статьяның әрпіне сүйенсе, жұмыс уақытын қысқарту туралы заңды мұндай реттерге қолданбай қою да қыйын емес. Фабрикант: шартта жұмысшыға фабрикада болуды *міндет еткенім жоқ*, деп сылтау айтса болғаны. Бірақ, фабрикант атаулының бәрі бірдей бұл қулықты сезе қоятын сұм емес, сондықтан, финанс министрлігінің чиновниктері бүкіл россиялық купецтерге жаңа заңдағы, оларға пайдалы болып отырған осы саңлауды күні бұрын көрсетуге асықты. Финанс министрлігі көптен бері: «Финанс, Өнеркәсіп және Сауда Вестнигі» деген ерекше газет шығарып келеді; бұл — үкімет бұйрықтарын жарыялаудың үстіне орыс капиталистерінің табыстарын мақтауға тырысатын және үкіметтің банкирлерге, фабриканттарға, купецтерге және жер иелеріне қамқорлық істеуін — халықтың қамы, деп асыра дәріптеуге тырысатын ресми газеттердің бірі. Жаңа заң шыққаннан кейін көп ұзамай, бұл газетсымақ жаңа заң туралы мақала басып шығарды («Финанс Вестнигінің» 1897 жылғы 26-номерінде), бұл мақалада бастан-аяқ заңның маңызын түсіндірді және жұмысшылардың денсаулығы-

ның қамын жеу ісі атап айтқанда үкіметтің міндеті болып табылады деп дәлелдеуге тырысты. Міне осы мақалада чиновниктер фабриканттарға жаңа заңды аттап өтуге жол бар екенін көрсетуге тырысты. Бұл мақалада: шартта жұмыс уақыты туралы дәнеме айтылмаған реттерге жаңа заңды қолдануға болмайды, өйткені, жұмысшы белгілі бір жұмысты подретіне алғанда «ол енді жалданушы жұмысшы болмай, заказ алған адам болады», деп ашықтан-ашық түсіндіріп отыр. Демек, қолайсыз заңнан құтылу фабрикантқа оншама қыйын соқпайды: жұмысшыны жұмысшы деп атамай, «заказ алған адам» деп атаса болғаны! Демек, жұмысшының фабрикада кожайынның билігінде болатын уақыты жұмыс уақыты болып саналады деудің орнына, заң әдейі көмескілеп, шарт бойынша жұмысшының фабрикада болуға міндетті уақыты деген. Мұның бәрібір сыяқты көрінеді, бірақ шынында бұл жерде де жұмысшыларға зыян келтіру үшін әдейі ұрымсыздық енгізуден жиренбеген!

III

ЖАҢА ЗАҢ ЖҰМЫС УАҚЫТЫН ҚАНША ҚЫСҚАРТАДЫ?

1897 жылғы 2 июньдегі заң бойынша күндізгі жұмыстың уақыты тәулігіне $11\frac{1}{2}$ сағат болып белгіленген. Сембі күндері мен мейрамның қарсаңындағы күндерде жұмыс уақыты — тәулігіне 10 сағат. Демек, жаңа заң бойынша жұмыс уақытының қысқартылуы тіпті болмашы нәрсе. Кейбір жұмысшылар үшін бұл заң жұмыс уақытын ешқандай қысқартпайды, қайта оның ұзартылу хаупін туғызады, ал Петербургте, мұндай жұмысшылар, сірә, көпшілік болса керек. С.-Петербург заводтарында дағдылы жұмыс уақыты — $10—10\frac{1}{2}$ сағат. Заң бойынша жұмыс күнінің мұндай шамадан тыс ұзақ болып белгіленуі бұл заңның Петербургтегі мақта-жіп иіретін және мақта-мата тоқыйтын фабрикалардағы жұмысшылардың талаптарына жауап ретінде шығарылғандығын айқын көрсетеді. Жаңа заң бұл жұмысшылардың жұмыс күнін, мүмкін, қысқартатын болар, өйткені бұрын олар көбінесе күніне 12—14 сағат жұмыс істеп келді. (Неліктен «мүмкін» дейтінімізді төменде түсіндіріп өтеміз.) Заң бойынша, 10 сағаттық жұмыс

күні қолөнершілер үшін және соғыс министрлігіне қарайтын заводтар үшін белгіленген. Алайда үкімет, фабрика жұмысшыларына жұмысты одан да көп істеткізуге болады, деп ұйғарды! Тіпті Петербург фабриканттары да үкіметтен жұмыс күнін 11 сағатқа дейін қысқартуды өтінді! Жұмысшыларға тәулік бойы екі сменамен жұмыс істеткізіп отырған және жұмысшылардан, сірә, әлі де жеткілікті соққы жемеген Москва фабрикантарының пайдасына үкімет тағы да жарты сағат уақыт қосуға ұйғарды. Жұмысшылардың қамын жейміз деп мақтанатын орыс үкіметі, іс жүзіне келгенде ұсақ саудагердей, сараң болып шықты. Орыс үкіметі жұмысшылардың әрбір жарты сағат артық істеген жұмысынан санмың сом артық пайда түсіретін фабриканттардан да сараң болып шықты. Үкімет фабриканттардың мүдделерін қорғап қана қоймай, оның үстіне *ең зұлым* фабриканттардың мүдделерін де қорғайтындығын, үкімет жұмысшыларға капиталистер табынан да асып түсетін қас дұшпан екендігін жұмысшылар осы мысалдан анық көре алады. Егер де *үкімет кедергі жасамағанда*, Петербург жұмысшыларының өздері үшін де, барлық орыс жұмысшылары үшін де *мұнан да қысқа жұмыс күніне* қолы жеткен болар еді. Бірлескен жұмысшылар фабриканттарды еріксіз икемге келтірді; Петербург фабриканттары жұмысшылардың талаптарын қабылдауға дайын еді; жұмысшыларға жел бермеу үшін үкімет фабриканттарды жұмысшылардың талабын орындаудан тыйды. Бұдан кейін Петербургтегі фабриканттардың көпшілігі жұмысшылардың талабын орындамай болмайтынына көзі жетіп, үкіметтен жұмыс күнін 11 сағатқа дейін қысқартуды өтінді. Бірақ, үкімет жалғыз Петербург фабрикантарының мүддесін ғана емес, бүкіл Россия фабрикантарының да мүдделерін қорғайды, ал хасиетті Русьте Петербург фабрикантарынан да сараңырақ қомағай фабриканттар бар болғандықтан, үкімет, «әділ» болғысы келіп, Петербург фабрикантарының өз жұмысшыларын *өте аз* талауына жол бере алмайды: Петербург фабриканттары басқа орыс фабрикантарының тым алдын орап кетпеуге тиіс; сондықтан үкімет капиталистер өтінген жұмыс күніне жарты сағат уақыт қоса қояды. Үкіметтің мұндай қылығынан жұмысшылардың үш түрлі сабақ алуы айқын:

Бірінші сабақ: алдыңғы қатардағы орыс жұмысшылары неғұрлым артта қалған қызметшілерді бар күшімен қозғалысқа тартуға тырысулары керек. Барлық орыс жұмысшыларын жұмысшы ісі жолындағы күреске тартпайынша, алдыңғы қатарлы, астана жұмысшылары өз фабриканттарын икемге келтірген күнде де, маз ешнәрсе ала алмайды, өйткені үкімет өте-мөте «әділ» болғандықтан, жақсы фабриканттардың жұмысшыларға өте мәнді жеңілдік жасауына жол бермейді. Екінші сабақ: орыс үкіметі орыс жұмысшыларына, орыс фабриканттарынан анағұрлым жауыз дұшпан, өйткені үкімет фабриканттардың мүдделерін қорғап қана қоймайды, олардың мүдделерін қорғау үшін жұмысшыларды айуандықпен күрдалап, тұтқынға алып, жер аударып, күрәлсыз жұмысшыларға әскер күшімен шабуыл жасап қана қоймайды, мұның үстіне ол, жақсы фабриканттардың жұмысшыларға кеңшілік жасау талабына қарсы шығып, *нағыз сараң* фабриканттардың мүдделерін де қорғайды. Үшінші сабақ: жұмыстың *адамға лайықты* жағдайларына қол жеткізу үшін және қазіргі кезде бүкіл дүние жүзінің жұмысшылары ұмтылып отырған 8 сағаттық жұмыс күнін енгіздіру үшін орыс жұмысшылары тек өздерінің бірлік күшіне ғана сенулері керек, үкіметтен жеңілдік үстіне жеңілдікті тартып алып отырулары керек. Тағы да жарты сағат үстетуге болмас па екен деп, үкімет жұмысшылармен нақ саудаласқандай болып отыр — жұмысшылар үкіметке өз талаптарында нық тұра алатындықтарын көрсетеді. Жеңіл-желпі кеңшілік жасап кұтылуға болмас па екен деп, үкімет жұмысшылардың шыдамын сынағандай болып отыр — жұмысшылар үкіметке өздерінің нағыз қажырлы күреске шыдайтындықтарын көрсетеді, өйткені олар үшін бұл күрес — өздерінің өмірі үшін жүргізілетін күрес, жұмысшы халқын мейлінше қорлауға, езуге қарсы жүргізілетін күрес.

IV

ЗАҢ ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ «ТҮНГІ УАҚЫТЫ» ДЕП НЕНІ ЕСЕПТЕЙДІ?

«Бір сменамен жұмыс істегенде — кешкі сағат 9 бен таңертеңгі сағат 5 тің арасындағы уақыт, ал екі және

ғандықтан, ересек жұмысшылар жөнінде де түнгі жұмысқа тыйым салынғаны жөн сыяқты (кейбір өндірістерде әйелдер мен ересек еркек-әйел балалардың түнгі жұмысына тыйым салынғаны, ал жас балалардың жұмысына мүлдем тыйым салынғаны сыяқты), бірақ жұмысшының жалпы тұрмыс-күйі тұрғысынан қарағанда да, түнгі жұмысқа тыйым салуға ешқандай дәлел жоқ; бір қалыпты түнгі еңбек тым ұзақ, бірақ ақысы бірдей күндізгі жұмыстан зыянсызырақ». Орыс үкіметінің чиновниктері халықтың көзін бояуды қандай жақсы біледі! Тіпті ең зұлым фабриканттардың мүдделерін қорғауды да «жұмысшының тұрмыс-күйінің» қамын жегендік етіп көрсетеді. Министрліктің ойлап шығарған ақтауының өзі қандай арсыздық: «бір қалыпты түнгі еңбек», көрдіңіз бе, «тым ұзақ, бірақ, ақысы бірдей күндізгі жұмыстан зыянсызырақ» екен. Жалақының аз болуы, аз болғанда, жұмысшының шамадан тыс ұзақ уақыт істемеуіне болмайтындай аз болуы, жұмысшыны түнде жұмыс істеуге ділгер етіп отыр, дегісі келеді министрлік. Сөйтіп, бұл қалыптың үнемі осы күйде қалатынына, жұмысшының тәуір жалақыға қолы жете алмайтындығына сенген министрлік, беті шімірікпестен: үй-ішін асырауы үшін жұмысшының жөнсіз ұзақ уақыт жұмыс істеуіне тура келсе, онда бірнеше сағат артық жұмысты күндіз немесе түнде істеудің жұмысшыға бәрібір емес пе? дейді. Әрине, егер орыс жұмысшыларының көпшілігінің табысы бұрынғы қайыршылық қалпында қала берсе, онда мұқтаждық оларға еріксізден артық уақыт жұмыс істеттіреді, бірақ түнгі жұмысқа рұхсат етілуіне жұмысшының ауыр тұрмысын дәлел қылу неткен көргенсіздік! «Еңбекке ақы бірдей төленеді» — капиталдың итаршылары үшін істің мәні міне осында, — «ал қазіргі еңбек ақы тұсында жұмысшы артық уақыт жұмыс істемейінше күнелте алмайды». Сараң фабриканттар үшін кулақтық дәлелдер қыйыстыратын мұндай чиновниктер беті-аузы қыйсаймай «жұмысшының жалпы тұрмыс-күйінің тұрғысы» туралы сөз қылады. Тек олар, жұмысшының өнебойы осылай езіле беретіндігіне, «ақының бірдей төленуіне», атап айтқанда, оның еңбегіне төленетін бұрынғы қайыршылық ақыға өнебойы көне беретіндігіне құр босқа

сеніп отырған жоқ па? Аз ақы мен ұзақ жұмыс күні әрдайым бір-бірімен қарайлас жүріп отырады, бірі болмаса, екіншісінің болуы мүмкін емес. Егер ақы аз болса, онда жұмысшыға, өзін асырауына пұл табу үшін, сөзсіз артық уақыт жұмыс істеуге тура келеді, түн, күн дөмей жұмыс істеуге тура келеді. Егер жұмыс уақыты шамадан тыс ұзақ болса, онда ақы өнебойы аз болмақ, өйткені, жұмыс уақыты ұзын болып тұрғанда жұмысшының әрбір сағатта істейтін бұйымы, қысқа жұмыс күніндегіден әрі аз, әрі анағұрлым нашар болып шығады; — оның себебі, шамасыз көп жұмыспен жаншылған жұмысшы қашанда болса езілген және капиталдың қысымына қарсы тұра алмайтын дәрменсіз болып қала бермек. Сондықтан, егер орыс фабриканттарының министрлігі орыс жұмысшыларының осы күнгі өрескел аз жалақысын өзгертпей, сол қалпында қалдыруға ұйғарып отырса және мұнымен қабат «жұмысшылардың тұрмыс-күйі» туралы әңгіме қылып отырса, онда бұл оның екіжүзділігін, айтқан сөздерінің жалғандығын айқын көрсетеді.

V

МЕРЗІМНЕН ТЫС ЖҰМЫСТАРҒА ШЕК ҚОЮ
ЖҰМЫСШЫҒА «ӘДІЛСІЗДІК» ІСТЕГЕНДІК БОЛАР
ЕДІ, ДЕГЕНДІ ФИНАНС МИНИСТРЛІГІ
ҚАЛАЙ ДӘЛЕЛДЕЙДІ?

Біз жаңа заңды — жұмыс күнін қысқарту туралы заң деп атадық. Жаңа заң бойынша жұмыс күні 11 жарым сағат (түнгі жұмыста 10 сағат) болып белгіленгенін біз жоғарыда айттық. Бірақ іс жүзіне келгенде мұның бәрі олай емес, одан әлдеқайда жаман. Заң барлық шекті тек, — *мерзімнен тыс жұмысқа соқпастан*, — дағдылы, қалыпты, мерзімді жұмыстарға ғана қойған. Сондықтан, іс жүзіне келгенде, жұмысшыларға шексіз ұзақ уақыт, тіпті тәулігіне 24 сағат болса да, жұмыс істеткізе алатын «правосынан» фабрикант *титтей де қысылмай пайдалана* алады. Мерзімнен тыс жұмыс туралы заңда былай делінген: «Ішкі тәртіп ережелері бойынша жұмыс істеуге тиісті емес уақытта жұмысшының кәсіпорында істеген жү-

мысы мерзімнен тыс жұмыс болып есептелінеді. Мерзімнен тыс жұмыс, өнеркәсіп орнын меңгерушінің жұмысшымен айрықша келісім жасауы бойынша ғана рұхсат етіледі. Жалдану шартына өндірістің техникалық жағдайы бойынша қажет болатын мерзімнен тыс жұмыстар жөніндегі шарттарды ғана енгізуге болады». Бұл — жаңа заңдағы өте маңызды статья, ол статья бүтіндей жұмысшыларға қарсы бағытталған, сондықтан да фабриканттың зорлық-зомбылығына кең жол ашады. Мерзімнен тыс жұмыстар бұған дейін әдет бойынша істеліп келді; заң олар туралы іштеңе айтқан жоқ. Қазір үкімет бұл мерзімнен тыс жұмыстарды заңды етті. Заңның: бұл жұмыстарды істеу үшін жұмысшының қожайынмен жасасқан «айрықша келісімі» керек деген қосымшасы мүлде мағынасыз бос сөз. Жұмысшылар барлық жұмысты қожайындармен жасасқан «келісім бойынша» істейді; жұмысшылар крепостнойлықтар емес қой (толып жатқан орыс чиновниктері бар күштерін салып оларды крепостнойларға айналдыруды тілесе де); олар жалданып, яғни келісім бойынша жұмыс істеп жүр. Мерзімнен тыс жұмыстар үшін келісім керек деудің керегі де жоқ еді. Үкімет мерзімнен тыс жұмыстарға шек қойғысы келеді-мыс деген болып, көз бояу үшін, ол бұл күрғақ бос сөзді заңға қыстыра салған. Ал шынында бұл арада ешқандай шек қоюшылық жоқ; бұрын қожайын жұмыскерге: «істегің келсе — мерзімнен тыс жұмыс істе; істегің келмейді екен — есебінді ал!» деген болса, қазір де соны айтады. Бұл бұған дейін тек әдет бойынша істеліп келді, ал енді заң бойынша істелінеді. Бұрын фабрикант мерзімнен тыс жұмыс істеуге көнбегені үшін жұмысшыны жұмыстан шығарарда заңға сүйене алмаушы еді, ал қазір фабриканттың жұмысшыларды қалай ығыстыра алатынын заң оған айқын айтып беріп отыр. Мерзімнен тыс жұмыстарға шек қоюдың орнына, заңның бұл статьясы оларды одан да гөрі көбірек қолдануға оп-оңай бастап әкеледі. Мерзімнен тыс жұмыстар «өндірістің техникалық жағдайлары бойынша қажет» болған кезде, заң, қожайынға ол жұмыстарды талап етуді шартқа енгізуге право да береді. Бұл ескерту фабрикантты титтей де имендірмейді. «Өндірістің техникалық жағдайлары бойынша» қандай жұмыстардың «қажетті» болатынын, қандайларының қа-

жетті болмайтынын қалай айыруға болады? Мұны кім айырады? Өзінің жұмысшыға мерзімнен тыс істеуге қосқан жұмысын «өндірістің техникалық жағдайлары бойынша қажетті» жұмыс еді десе, онда қожайынның бұл мәлімдемесін қалай теріске шығаруға болады? Мұны ешкім де айырмайды, қожайынның мәлімдемесін тексеретін ешкім жоқ. Заң қожайындарға жұмысшыларды қыспақатудың *өте-мөте сенімді* әдісін тауып беріп, тек олардың зорлық-зомбылығын *нығайта түсті*.

Енді, қожайын: «өндірістің техникалық жағдайы бойынша қажет болатын» мерзімнен тыс жұмыстан бас тартуға жұмысшының правосы жоқ, деген ережені келісімнің шарттарына енгізсе болғаны, фабриканттың ісі оңға баса береді! Жұмысшы мерзімнен тыс жұмысқа бармай қараса, оны жұмыстан қуып шығады. Ал мұнан кейін бұл жұмыстың «өндірістің техникалық жағдайы бойынша қажет» болмағандығын қай жұмысшы дәлелдей алар екен (фабрикант осылай ойлайды)! Жұмысшының тарапынан мұндай шағымның болуы мүмкін деп ойлаудың өзі кісі күлерлік нәрсе. Мұндай шағымдардың ешуақытта болмайтынын және онан ешуақытта ешқандай нәтиже шықпайтынын айтып жатудың да қажеті жоқ. Сонымен, үкімет фабриканттың мерзімнен тыс жұмыс жөнінде істейтін зорлық-зомбылығын толығынан заңды нәрсе етіп берді. Фабриканттарға қызмет етуге және оларға, жаңа заңдарды бетке ұстап, мерзімнен тыс жұмыстарды кең пайдалануды үйретуге финанс министрлігінің қандай дәрежеде асығатындығы, — бұл әсіресе «Финанс Вестнигінің» мына пікірінен айқын көрінеді: «Егер кәсіпорынның иесіне кезінде жұмысшылардың санын көбейту мүмкін болмаса немесе қыйынға соқса, онда мерзімнен тыс жұмыстар тығыз заказдар тұсында да қажет болады, өйткені белгілібір қысқа мерзімге арнап ашылған өндірістерде фабрикант немесе заводшы мұндай заказдарды тіпті де күн ілгері біле алмайды»*.

Фабриканттардың финанс министрлігінде отырған

* Баяғыдан келе жатқан жыр ғой! Жыл сайын орыс фабрикалары — әсіресе орталық аудандардағы фабрикалар — Нижегород

зейінді малайларының заңды қалай «түсіндіретінін» көріп отырсыздар! Заңда техникалық жағдайлар бойынша қажетті болатын мерзімнен тыс жұмыстар туралы ғана айтылған, ал финанс министрлігі «күні бұрын белгілі болмаған» (?!) заказдар түскен жағдайда да, тіпті жұмысшылар санын көбейту фабрикантқа «қыйынға соққан» жағдайда да мерзімнен тыс жұмыстарды «қажетті» деп тануға асығады! Бұл тура жұмысшыларды қорлағандық қой! «Епті фабриканттардың қандайы болса да жұмысшылар санын көбейту маған «қыйынырақ соғып тұр» деп *әрқашан да* айта алады ғой! Жұмысшылардың санын көбейту — жаңадан жұмысшылар жалдау деген сөз, — есік алдында үймелесіп тұрған жұмыссыздардың санын азайту деген сөз, — жұмысшылардың арасындағы бәсекені кеміту, жұмысшыларды неғұрлым талапшыл ету, сірә, акыны көбірек беруге көну деген сөз. Мұны өзіне «қыйынға соғады» деп білмейтін бірде-бір фабриканттың жоқ екендігі өзінен өзі түсінікті. Мерзімнен тыс жұмысты тағайындау жөнінде фабриканттың мұндай зорлық-зомбылығы жұмыс күнін қысқарту туралы заңның қандай маңызын болса да жояды. Толып жатқан жұмысшылар үшін жұмыс күні ешбір қысқармайды, өйткені, мерзімнен тыс жұмыс істеу үшін түнде де фабрикада қалып, олар бұрынғыдай 15—18 сағат және онан артық жұмыс істей береді. Мерзімнен тыс жұмыстарға тыйым салынбай тұрып (яки, тым болмаса, оған шек қоймай тұрып), жұмыс күнін қысқарту туралы заң шығарудың сорақылығы сондайлық айқын, ал заңның алдын ала жасалынған жобаларының бәрінде мерзімнен тыс жұмыстарға шек қоюға ұйғарылған еді. С.-Петербург фабриканттары (фабриканттардың өздері!) 1883 жылдың өзінде-ақ мерзімнен тыс жұмыстар күніне *бір сағаттан* аспасын деп өтініш жасаған болатын. 1895—1896 жылдардағы Петербург стачкаларынан қорққан үкімет, жұмыс күнін қысқарту туралы заң жобасын жазу үшін дереу комиссия тағайындаған кез-

жарменкесі алдында тығыз заказдар алады, және де жыл сайын олар өздеріне сенетін немесе сенгенге салынатын барлық ақмақтарды, біздер мұны күні бұрын біле алмадық деп сендіріп ант-су ішеді.

де, бұл комиссия да мерзімнен тыс жұмыстарға шек қоюға, атап айтқанда мерзімнен тыс жұмысты жылына 120 сағаттан асырмауға ұсыныс жасаған болатын*. Мерзімнен тыс жұмыстарға қандай болса да шек қою туралы ұйғарындылардың барлығын да қабылдамай, үкімет бұл қылығымен ең зұлым фабриканттардың мүдделерін қорғауды турадан-тура өз міндетіне алды, жұмысшылардың толық бағынышты болуын турадан-тура заңды етті және дәнеме де айтпайтын жел сөздермен жалтарып, істің бәрін бұрынғы күйінде қалдыру ниетінде екендігін әбден айқын білдірді. Финанс министрлігі, фабриканттардың мүдделері үшін бар күшін салып, мерзімнен тыс жұмыстарға шек қою «жұмысшының өзіне әділсіздік» жасау болар еді дегенді дәлелдеуге дейін барды. Әрбір жұмысшының мына төмендегі пікірлерді ойластырып қарағаны пайдалы. «Жұмысшыны фабрикада тәулігіне белгілі уақыттан артық жұмыс істеу правосынан айыруды практикада жүзеге асыру қыйын болар еді» (себебі? оның себебі — фабрика инспекторларының фабрикант мырзаларды ренжітіп алудан өлердей қорқып, өзінің міндеттерін өте нашар атқаратындығы ма? оның себебі—орыс жұмысшысы правосыз болып, үні шықпай отырғандықтан, барлық реформаларды оның пайдасына жүзеге асырудың қыйын болатындығы ма? Финанс министрлігі, өзі де байқамастан, шынын айтып салды: шынында да, орыс жұмысшылары, сол сыяқты бүкіл орыс халқы да, полициялық үкімет алдында правосыз болып отырғанда, олардың саяси праволары жоқ болып отырғанда, ешқандай реформа іске аспақшы емес)... «және жұмысшыға әділсіздік істегендік болар еді: күн көруіне қаражат іздегені үшін, кейде тіпті, онан арғы еңбегі денсаулығына зыянды болатын шектен асып кетіп, бар күшімен жұмыс істегені үшін адамды қудалауға болмайды». Орыс үкіметінің адамгершілігі және адам сүйгіштігі міне қандай! Орыс жұмысшысы, үкіметке бас ұрып, алғыс айт! Үкіметтің рахымдылығы сонша — ол сені тәулігіне тіпті 18 сағат, тіпті 24 сағат жұмыс

* Финанс министрлігінің өзі де жаңа заңды түсіндіре келіп, «мерзімнен тыс жұмысқа рұхсат етудің орынсыз сыяқты екендігін» мойындамай тұра алмады («Финанс Вестнигі»).

істеу «правоңнан айырмайды», үкіметтің әділдігі сонша — фабриканттың саған халден тайғанша жұмыс істеткені үшін үкімет сені қудалағысы келмейді! Басқа елдердің бәрінде, фабрикада мерзімнен тыс жұмыс істелгені үшін жұмысшыны емес, фабрикантты қудалайды... біздің чиновниктер бұл туралы ұмытқан. Шынында, фабрикант мырзаларды қудалауға орыс чиновниктерінің қалай батылы барады! Көшіріңіз, бұл қалайша мүмкін болады! Тіпті бүкіл осы жаңа заңды бұзғаны үшін де фабрикант мырзаларды қудаламайтындығын біз қазір көреміз. Басқа елдердің бәрінде жұмысшылардың, «күн көру қаражатын табу» үшін одақтар, кассалар құруға, фабрикантқа ашықтан-ашық қарсыласуға, оған өзінің шарттарын ұсынуға, стачкалар жасауға правосы бар. Бізде бұған рұхсат етілмейді. Бірақ оның есесіне бізде жұмысшыларға, сый ретінде, тәулігіне қанша сағат болса да «артық» жұмыс істеуіне «право» берілді. Әділетті үкімет орыс жұмысшыларын, өздерін капиталистердің қысымынан қорғауға бірер әрекет жасағаны үшін сотсыз түрмеге түсу немесе полицияның кез келген бас бұзарынан есінен тана таяқ жеу «правосынан» да «айырмайтынын» бұл адамгершіл чиновниктер неге қоспады екен.

VI

ЖАҢА ЗАҢ МИНИСТРЛЕРГЕ ҚАНДАЙ ПРАВОЛАР БЕРЕДІ?

Нағыз мәнді пункттерінде де жаңа заңның ешқандай жалпыға міндетті, дәлме-дәл және өзгермейтін ережелер белгілемегенін біз жоғарыда көрсетіп өттік: министрлердің фабриканттар үшін нешетүрлі қаулылар шығарып, жеңілдіктер жасауы үшін, жаңа заңның қолданылуына бөгет жасауы және т. т. үшін үкімет әкімдерге (атап айтқанда, министрлерге) көбірек праволар беруді артық көрді. Жаңа заңның министрлерге беріп отырған праволары өте кең және орасан зор. Министрлерге (атап айтқанда, ішкі істер министрімен келісу бойынша финанс министріне немесе жол қатнас министріне, т. б.) жаңа заңды қолдану туралы толып жатқан

ережелер шығаруға ерік «беріледі». Қандай рет болмасын, бәрінде де жаңа заңның барлық статьяларына қатысы бар толып жатқан мәселелер толығынан министрлердің қарауына берілген. Министрлердің праволарының күштілігі сонша — асылында жаңа заңға толығынан солар қожа; тілесе — заң іс жүзінде қолданылатын өтіп ережелер шығарады; тілесе — заңды ешқандай дерлік қолданылмайтын етеді. Шынында байқаңызшы, «осы заңды дамыту ретінде» (заңның сөзі осылай келеді; финанс министрлігінің заңды қандай шеберлікпен «дамыта» білетінін, дамытқанда тіпті, шамадан тыс жұмыс істеген жұмысшыларды үкіметтің қудаламайтындығы үшін және тәулігіне 24 сағат жұмыс істесе де «оларды правосынан айырмайтындығы» үшін, жұмысшылардың, оның ойынша, үкіметке алғыс айтуына тура келетінін жоғарыда көрдік) министрлер дәл қандай ережелер шығара алады. Егер мүмкін болса, біз бұл ережелердің барлық разрядтарын атап көрсеткен болар едік, бірақ, іс мынада: министрлердің ережелері бойынша шешілуге тиісті болатын, заңда көрсетілген мәселелерден басқа заң оларға ешқандай тежеусіз *басқа да ережелер* шығаруға право береді. Министрлерге жұмыстың ұзақтығы туралы ережелер шығаруға ерік берілген. Демек, жұмыстың ұзақтығы туралы заң өзалдына бір іс, ал сонымен қатар министрлердің ол туралы ережелері тағы шығады. Министрлер сменалардың тәртібі туралы ережелер шығара алады, бірақ, фабриканттарды ренжітпеу үшін, әрине, ол ережелерді шығармай қоюға да хақы бар. Министрлерге комплекстер саны туралы (яғни сменалардың саны туралы, тәулігіне қанша смена болатындығы туралы), жұмыс кезіндегі тыныс, т. с. туралы ережелер шығаруға ерік берілген. Мұны: т. с. (*тағы сондайлар*) дегенді, яғни не тілесен соны шығара бер, дегенді заң қосып отыр. Министрлер тілемесе — тыныс туралы ешқандай ережелер болмайды, сондықтан фабриканттар, дәл қазіргідегідей, жұмысшылардың үйіне барып ас ішіп келуіне немесе аналардың баласын емізіп қайтуына мүмкіндік бөрмей, жұмысшыларға қысым көрсете береді. Министрлерге мерзімнен тыс жұмыстар туралы, атап айтқанда: ол жұмыстарды істеу, оларды бөлу және оларды есепке алу

туралы ережелер шығаруға ерік берілген. Солай болса, бұл арада министрлерге толық ерік берілген. Министрлер заңның қойған талаптарын *турадан-тура* өзгерте алады, яғни мына үш ретте оларды күшейте де, күшін *кеміте де* алады (жаңа заңның фабриканттар жөнінде қойған талаптарының күшін министрлердің кеміте алатын правосын заң әдейі ескертіп қойған): 1-ден, «өндірістің өзгешелігіне қарай (жұмыстың үздіксіздігі, тағы басқалары) бұл қажет деп танылса». Министрлерге кез келген «өндірістің өзгешелігін» дәлел қылуға право беріп, заң бұл «тағы басқалар» дегенді тағы да жамап отыр. 2-ден, «істелетін жұмыстардың өзгешелігіне қарай (бу қазандарын, приводтарды күтіп ұстау, күнделікті және жедел ремонт тағы сондайлар)». Тағы да «тағы сондайлар»! 3-ден, «және де басқа өте бір маңызды, айрықша реттерде». Содан кейін министрлер жұмысшылардың денсаулығына қандай өндірістердің ерекше зыянды екендігін анықтап (анықтамай қоюға да хақы бар: заң оларды мұны істеуге міндеттемейді, тек оларға право береді де қояды..., оларда бұл право бұрын да болған еді, бірақ, олар мұны пайдаланғысы келмеген!), бұл өндірістерге арнап айрықша ережелер шығара алады. Министрлердің шешуіне берілген мәселелерді неліктен атап көрсетуге болмайды дегенімізді жұмысшылар енді көріп отыр: бұл арада заңның барлық жерлерінде де: «тағы сондайлар», «тағы басқалар» дей берген. Орыс заңдарын жалпы екі разрядқа бөлуге болады: бір заңдар, жалпы алғанда жұмысшылар мен қарапайым халыққа белгілі бір праволар беретін заңдар; екінші заңдар, пәлендей нәрселерді істеуге тыйым салатын және чиновниктердің тыйым салуына жол беретін заңдар. Бірінші заңдарда жұмысшылардың ең ұсақ праволарының барлығы тізбектелініп *әбден анық көрсетілген* (мысалы, тіпті жұмысшылардың кешірімді себептерімен жұмысқа шықпау правосы да) және *одан титтей де* шегінуге болмайды, шегінушілерге ең қатаң жаза қолданылады. Ондай заңдардан «тағы сондайлар» немесе «тағы басқалар» деген бірде-бір сөздерді ешуқытта кездестіре алмайсыз. Екінші түрлі заңдарда әрдайым, *ешбір атап көрсетілмей*, тек жалпы тыйым салулар ғана жазылады.

Сондықтан әкімдер *өзі нені тыйғысы келсе, соның бәріне* тыйым сала алады; бұл заңдарда: «тағы сондайлар», «тағы басқалар» сыяқты кішкене, бірақ өте мәнді қосымшалар әрдайым болып тұрады. Мұндай сөз-сымақтар орыс чиновниктерінің не істесе де ерікті екенін, олардың алдында халықтың тіпті правосы жоқ екенін айқын көрсетеді; сасық кеңсешілдік пен қағазбастылықтың мағнасыз өрескелдігі, императорлық орыс үкіметінің барлық мекемелерін түгел жайлаған. Иненің жасуындай болса да пайдасы бар әрбір заң осындай кеңсешілдіктің торына әркашан да шырмалып отырады, сондықтан заңның қолданылуы шексіз кейінге қалдырыла береді; ол ол ма: заңды қолдану бүтіндей чиновниктердің билігіне қалдырылады, ал чиновниктердің ақшалы қалтаның бәріне жан-тәнімен «қызмет қылуға», қарапайым халыққа, мүмкіндігінше, жауыздық жасауға әзір тұратындығын жұрттың бәрі де біледі. «Осы заңды дамыту ретіндегі» барлық бұл ережелерді шығару министрлердің өз еркіне ғана тапсырылған ғой, яғни олар бұл ережелерді шығара да алады, шығармай да қоя салады. Заң оларды ешнәрсеге міндеттемейді. Заң ережелерді шығаруға мезгіл белгілемейді: чиновниктердің бұл ережелерді қазір шығаруына да болады, он жыл өткеннен соң шығаруына да болады. Солай болған соң заңда көрсетілген *кейбір* ережелер тізбегінің ешқандай мәні, маңызы қалмайтындығы түсінікті: бұл — үкіметтің заңды іс жүзінде қолдануда оны әлсіреткісі келетінін бүркемелейтін жел сөздер ғана. Жұмысшының тұрмысына қатысы бар заңдардың бәрі дерлік біздің министрлерге орасан зор праволар береді. Үкіметтің неліктен бұлай істейтінін де жақсы түсінеміз: үкімет фабрикант мырзаларға мүмкіндігінше көбірек жағынғысы келеді. Фабрикантқа, заң шығарудың өзіне ықпалын жүргізуден гөрі, заңды қолданатын чиновникке ықпалын жүргізу әлдеқайда оңай ғой. Бір-бірімен жанға жағымды әңгімелер шерту үшін, біздің шонжар капиталистердің министр мырзаларға қайта-қайта қонаққа барып жүретінін, тамақ үстінде олардың бір-бірін достарша қатты сыйлайтынын, императорлық үкіметтің сатылғыш чиновниктеріне капи-

талистердің шын ықласымен ондаған, жүздеген мың сом сыйлық беретінін (тура пара ретінде де береді, жана-малап, қауымдарды «күрушыларға» тиетін акциялар немесе оларға осы қауымдардан тиетін қадірлі және пайдалы орындар ретінде де береді) жұрттың бәрі біледі. Сонымен, жаңа заң чиновниктерге бұл заңды қолдану жөнінде неғұрлым көп праволар берсе, бұл *чиновниктерге* де, *фабриканттарға* да соғұрлым пайдалы болады: чиновниктердің пайдасы — оларға тағы да жем түседі; фабриканттардың пайдасы — оңайлықпен жеңілдіктер және кеңшіліктер ала алады. «Заңды дамыту ретінде» шығарылатын бұл министрлік ережелердің іс жүзінде неменеге апарып соғатынын көрсететін мына бір-екі оқыйғаны, мысал ретінде, жұмысшылардың есіне салайық. 1886 жылы 3 июньдегі заң: штраф дегеніміз — жұмысшылардың ақшасы, бұл ақша сол жұмысшылардың мұқтажына жұмсалуға тиіс, деп қаулы алды. Министр бұл заңды сондай етіп «дамытты» — мысалы, С.-Петербургте ол заң 10 жыл бойына қолданылмады, ал қолданыла бастаған кезде, барлық іс фабриканттың қолына берілді; жұмысшы өзінің ақшасын фабриканттан садақа ретінде сұрауға тиісті болды. Екінші мысал. Дәл сол заң (1886 жылғы 3 июньдегі заң): жұмысшылардың ақысы кемінде айына екі рет төленуге тиіс деп қаулы алды, ал министр бұл заңды «дамытып», фабрикантқа жұмысқа жаңадан кірген жұмысшының ақысын бір жарым ай бермей кешіктіруге право берді. Министрлерге не себепті бұл жолы да заңды «дамытуға» право берілгенін бұдан кейін әрбір жұмысшы жақсы түсінеді. Мұны фабриканттар да жақсы түсініп, олар қазірдің өзінде-ақ әдіс-айласын қолданып жатыр. Министрлерге мерзімнен тыс жұмыстар туралы ережелер шығаруға «ерік берілгенін» жоғарыда көрдік, фабриканттар қазірден-ақ үкіметтен мерзімнен тыс жұмысқа *шек қоймауды* қатты талап етіп, үкіметті қыса бастады. Әрдайым ең зұлым фабриканттардың мүдделерін мейлінше тырысып қорғайтын үкіметті нағыз айуандық және қаталдық істерге айдап салатын, — «жоғарғы топтарда» (яғни жоғарғы дәрежелі чиновниктер, министрлер, тағы басқалары арасында) өте беделді болып саналатын «Московские Ведомости» газеті, міне осы газет, мерзімнен тыс жұмыс-

тарға шек қойылмауын талап етіп, қазірдің өзінде үлкен жорық ашты. Үкіметті қысып, дегенін істету үшін фабриканттардың мың түрлі амалы бар: олардың қоғамдары мен мекемелері бар, фабриканттар үкіметтің толып жатқан комиссиялары мен коллегияларына (мысалы, фабрика мекемесіне, т. б.) қатысады, фабриканттар министрлерге жолыға алады, фабриканттар өздерінің тілектері мен талаптарын тілегенінше баспасөз бетіне шығара алады, ал қазіргі кезде баспасөздің орасан зор маңызы бар. Ал жұмысшылардың үкіметке қысым жасап, әсер ететін *ешқандай* заңды құралдары жоқ. Жұмысшылардың тек бір ғана құралы бар, ол: бірігіп бас қосу, бір таптың мүдделері болып отырған өз мүдделерін танушылықты барлық жұмысшылар арасына тарату және өзара күш қосып, үкімет пен фабриканттарға соққы беру. Жаңа заңның қолданылуы түгелінен, кімнің: не фабриканттардың немесе жұмысшылардың, үкіметке күштірек қысым жасауына байланысты екенін қазір әрбір жұмысшы көріп отыр. Жұмысшылардың бұл заңды *шығартуға* тек күрес арқылы, саналы және табанды күрес арқылы ғана қолы жетті. Бұл заңның іс жүзінде қолданылуына және жұмысшылардың мүдделеріне сай қолданылуына жұмысшылардың тек күрес арқылы ғана қолы жете алады. Бірлескен жұмысшылар қажымастан күреспейінше, фабриканттардың әрбір дәмесіне бірлесіп тойтарыс бермейінше, жаңа заң құр қағаз болып қала береді, полицияның зорлық-зомбылығы, жұмысшылардың правосыздығы мен езілушілігі жайлаған бүтіндей шірік үйді әшекейлемек болып, біздің үкіметтің маңдайшаға қаққан жалған вывескаларының бірі болып қала береді.

VII

БІЗДІҢ «ХРИСТИАНДЫҚ» ҮКІМЕТ ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ МЕЙРАМ КҮНДЕРІН ҚАЛАЙ КЕМІТЕДІ?

Жұмыс уақыты туралы ережеден басқа жаңа заңда фабрика-завод жұмысшыларының міндетті жексембі күнгі және мейрам күнгі демалысы туралы ереже де бар. Орыстың газетшісімақтары мен журналистерінің ара-

сында өте көп кездесетін жағымпаз жазушысымақтар, бұл ережені шығарғаны үшін, біздің үкіметті және оның адамгершілігін қазірдің өзінде-ақ, асыға-үсіге, жер-көкке сыйғызбай мақтап болды. Іс жүзіне келгенде бұл адамгершілік заңның жұмысшылардың мейрам күндерін *кемітуге* тырысып отырғанын, біз қазір көреміз. Бірақ әуелі жексембі күнгі және мейрам күнгі демалыс туралы шығарылған жалпы ережелерді қарастырып шығайық. Ең алдымен, заң бойынша жексембі күнгі және мейрам күнгі демалыстар белгілеуді бұдан 14 жыл бұрын (1883 ж.) Петербург фабриканттарының өздері өтінгенін айта кетелік. Демек, орыс үкіметі мұнда да реформаға қарсы шығып, мүмкін болғанша іске кедергі жасап, оны кейінге қалдыра берді. Заң бойынша, жұмыс істелмейтін мейрам күндердің тізбесіне барлық жексембі күндері және тағы 14 мейрам күні енгізілуге міндетті; бұл мейрамдар туралы біз әлі төменде толық әңгіме қыламыз. Мейрам күні жұмыс істеуді заң үзілді-кесілді тыймайды, бірақ, оның рұхсат етілуіне мынадай шарттар мен шек қойылады: 1-ден, фабрикант пен жұмысшылардың «өзара келісуі» керек; 2-ден, мейрам күнгі жұмыс «дағдылы жұмыс күндерінің есебіне» рұхсат етіледі; 3-ден, мейрам күні орнына жай күні демалыс беру туралы келісім жасалғанын дереу фабрикалық инспекцияға білдіру керек. Сонымен, мейрам күндері жұмыс істегенмен, заң бойынша, демалыс күндерінің саны ешуақытта кемімеуге тиіс, өйткені фабрикант жұмыс істелген мейрам күні орнына жай күні демалыс беруге міндетті. Жұмысшы мұны әрқашан есіне ұстауы керек, сонымен қатар, мұндай күнді алмастыру үшін, заң бойынша, фабрикант пен жұмысшылардың өзара келісімі керек екенін де есінен шығармау керек. Демек, заң бойынша жұмысшылар мұндай күнді алмастырудан әруақытта *бас тарта* алады, сондықтан фабриканттың оларды зоралуға хақы жоқ. Әрине; іс жүзіне келгенде, фабрикант бұл арада да жұмысшыларды күштейді, оның үшін мынадай әдіс қолданады: фабриканттар жұмысшыларды бір-бірлеп шақырып алып, олардың рыйзалығын сұрай бастайды, сондықтан әрбір жұмысшы рыйза болмаған адамды жұмыстан шығарып жібере ме деп хауіптеніп, мейрам күнгі жұмыстан бас тарта алмай-

ды; фабриканттың мұндай әдісі, әрине, заңды емес, өйткені заң *жұмысшылардың рыйзалығын*, яғни барлық жұмысшылардың рыйзалығын талап етеді. Бірақ, бір заводтың барлық жұмысшылары (кейде олар, әрқайсысы әржерде істейтін бірнеше жүз, тіпті бірнеше мың адам болады) өздерінің жалпы рыйзалығын қалай білдіре алады? Заң мұны атап көрсеткен жоқ, сөйтіп тағыда фабриканттың қолына жұмысшыларға қысым жасайтын құрал ұстатты. Мұндай қысымға жол бермеу үшін, жұмысшылардың бір ғана құралы бар: мұндай әрбір ретте, қожайынға барлық жұмысшылардың *жалпы* тоқтамын тапсыру үшін, жұмысшылардан депутаттар сайлануын талап етулері керек. Жұмысшылар мұндай талап қойғанда заңға сүйене алады, өйткені заң барлық *жұмысшылардың* рыйзалығы керек екенін айтады, ал жұмысшылардың барлығы қожайынмен бір жолы сөйлесе алмайды ғой. Жұмысшылардан сайланып қойылатын депутаттар белгілеу, тегі, олар үшін өте пайдалы болады және фабрикантпен, контормен басқа да түрлі қатнас жасау үшін де керек болады, өйткені жеке жұмысшының талап қоюы, дау даулауы, тағы басқа сондайларды мәлімдеуі өте қыйынға соғады және екінің бірінде тіпті мүмкін де болмайды. Онан соң, «басқа діндегі» жұмысшылар жөнінде заң: олардың өз шіркеулері хұрметтемейтін күндерді мейрам күндердің тізбесіне кіргізбеуге «рұхсат етіледі», дейді. Бірақ, мұның есесіне, католиктер хұрметтейтін және православныйларда болмайтын басқа мейрамдар да бар ғой. Демек, православный емес жұмысшыларға ештеп қысым жасамақ болып, заң бұл жөнде дәнеме айтпаған. Христиан емес жұмысшыларға қысым жасау онан да күштірек: олар үшін заң бойынша жексембінің орнына аптаның басқа күндерін мейрам күндеріне есептеуге «рұхсат етіледі». Тек қана «рұхсат етіледі»! Біздің христиандық үкімет, үстем дінде емес адамдарды айуанша қудалайды, сондықтан, бәлкім, бұл арада да заңды көмескілеу арқылы, христиан еместерге қысым жасағысы келетін болар. Заңның бұл жері өте күңгірт. Оны былай түсіну керек: апта ішінде бір күн қалайда демалыс күні болуға тиіс және жексембіні басқа күнмен ауыстыруға

ғана рұхсат етіледі. Бірақ, «үстем» дін де тек «мырзалардың» пайдасын көздейді, ал жұмысшы үшін ол да, реті келгенде, түрлі құлық-сұмдық ойлап шығаруға тырысады. Заңның қандай мейрамдарды тізімге кіргізуді міндет ететінін қарастырып көрейік. Жексембі күнгі және мейрам күнгі демалысты белгілеу туралы айту жақсы ғой; бірақ іс жүзінде бұған дейін де жұмысшылар әдетте және, көбінесе, жексембі күндері де, мейрам күндері де жұмыс істемей келді ғой. Заң мейрам демалысын белгілегенде, *міндетті* мейрамдардың саны *дағдыдағы* мейрамдардан әлдеқайда аз болып шығатындай етіп белгілеуі мүмкін ғой. *Біздің христиандық үкімет жаңа заңда дәл осылай еткен.* Жаңа заң бір жыл ішіндегі міндетті мейрамды 66 күн етіп белгілеген; 52 күн — жексембі, 8 күн — ай-айдың белгілі күндерінде болатын мейрамдар (1 және 6 январь, 25 март, 6 және 15 август, 8 сентябрь, 25 және 26 декабрь), 6 күн ауыспалы мейрамдар (орзанның соңғы аптасының жұма, сембі күндері, пасханың дүйсембі, сейсембі күндері, ізгі рухтың көкке ұшқан және жерге түскен күні). Ал бұл уақытқа дейін біздің фабрикаларда бір жылдың ішіндегі *дағдылы* мейрам күндері қанша еді? Бұл жөнде біздің қолымызда Москва, Смоленск губернияларының анық мәліметтері бар, соның өзі де тек кейбір ғана фабрикалардікі. Бірақ жеке фабрикалардың арасында, тіпті сол екі губернияның арасында да оншама зор айырмашылық болмағандықтан, бұл мәліметтер жаңа заңның шын мәні туралы сөз қылуға әбден жарайды. Москва губерниясында, барлығын қосқанда 20 мыңнан аса жұмысшылары бар 47 ірі фабрика туралы мәлімет жыйналған. Тексере келгенде, жұмысы қолмен істелетін фабрикаларда бір жылдың ішіндегі мейрамдардың саны 97, ал механикалы фабрикаларда 98 болып шықты. Бір жылдың ішіндегі мейрамдардың ең аз саны 78 болып шықты: бұл 78 күн зерттелген фабрикалардың *бәрінде* де мейрамдалады. Смоленск губерниясында, 5—6 мың шамасы жұмысшысы бар 15 фабрика туралы мәлімет алынды. Бір жылдың ішіндегі мейрамдардың орташа саны — 86, яғни Москва губерниясында қанша болса, мұнда да сонша дерлік; ең аз мейрам бір фабрикада болған, ондағы мейрамдардың саны 75 күн.

Орыс фабрикаларындағы бір жылдың ішіндегі бұл *дағдылы* мейрам күндерінің санына соғыс мекемесіне бағынған заводтарда белгіленген мейрамдардың саны да үйлесіп отыр; атап айтқанда, оларда жылына 88 күн мейрам белгіленген. Біздің заңдар бойынша, мекеме жабық болатын күндердің саны да осы шама (жылына 87 күн). Демек, басқа азаматтардың мейрам күндерінің саны қанша болса, бұл уақытқа дейін жұмысшылардың бір жыл ішіндегі мейрам күндерінің *дағдылы* саны да сонша болып келген. Біздің «христиандық» үкімет, жұмысшылардың денсаулығының камын жеп, *дағдылы* мейрамдардың төрттен бір бөлегін, тура 22 күнін, есептен шығарып тастап, тек 66 міндетті мейрам күнін ғана қалдырған. Жаңа заңда үкімет шығарып тастаған бұл *дағдылы* мейрамдарды атап өтейік. Ай-айдың белгілі күндерінде болатын мейрамдардан шығарылып тасталғаны: 2 февраль — Сретение; 9 май — Николайдың күні; 29 июнь — Петрдың күні; 8 июль — Қазан иконасының күні; 20 июль — Ильяның күні; 29 август — Ат қоюшы Иванның күні; 14 сентябрь — Воздвижение күні; 1 октябрь — Покров күні (үкімет тіпті бұл мейрамды да, керексіз, міндетті емес деп тапты. Фабриканттардың ішінен бұл күні жұмысшыларға зорлап жұмыс істеттіретін бірде-бір фабрикант табылмайтынына күманданбаса да болады. Үкімет бұл арада да тағы ең зұлым фабриканттардың мүдделері мен қысымдарын қорғап отыр); 21 ноябрь — Храмға енгізу күні; 6 декабрь — Николайдың күні. Ай-айдың белгілі күндерінде болатын мейрамдардан барлығы 10 мейрам шығарылып тасталған*. Онсоң ауысып келіп отыратын мейрамдардан майлы аптаның сембі күні мен соңғы аптаның сәрсембі күні, яғни екі мейрам шығарылып тасталған. Демек, үстем болып келген әдет-ғұрып бойынша бұған дейін жұмысшыларға демалыс ретінде беріліп келген мейрамдардың *ең аз са-*

* Біз бұл уақытқа дейін *барлық* фабрикаларда мейрамдалып келген мейрамдарды ғана атап өттік. Фабрикалардың *орасан көпшілігіне* бірдей тағы да толып жатқан мейрамдар бар, мысалы, запуст, майлы аптаның жұма күні, пасха аптасының бейсембі, жұма және сембі күндері және бірсыпыра басқа күндер.

нынан барлығы 12 мейрам шығарылып тасталған. Үкімет өзін «христиандық» үкімет деуді тіпті жақсы көреді; жұмысшыларға меңзей сөз сөйлегенде министрлер мен басқа чиновниктер өздерінің сөздерін тәттілеп, фабриканттардың, үкіметтің жұмысшыларды «христиандық ниетпен тәуір көруі» және оларға «христиандық ниетпен іш тартуы», т. т. туралы лепіреді. Бірақ кұрғақ сөздердің орнына іс басталысымен-ақ бұл екіжүзді, залымдық сөздердің бәрі желге кетеді де, үкімет, реті келген жерде жұмысшылардан бірдемені жыруға тырысатын сауда-кешке айналады. Фабриканттардың өздері, атап айтқанда, солардың ішіндегі ең тәуірлері, жексембі күнгі және мейрам күнгі демалысты заң бойынша белгілеуді әлдеқашан өтінген болатын. Үкімет 15 жыл кешіктіріп барып, ақырында, осындай заң шығарды, жексембі күнгі және мейрам күнгі демалысты *міндет етіп* белгіледі, бірақ жұмысшыларға осы жеңілдікті бергені үшін, дағдылы мейрамдардың төрттен бір бөлегін міндетті мейрамдардың есебінен шығарып тастап, оларды тағы қыса түсудің ретін таба қойды. Демек, үкімет өсімқордың ісін істейді: бір жеңілдікті жасай отырып, ол оның есесіне басқа бір қысым жасауға тырысады. Мұндай заңнан кейін кейбір фабрикаларда кожайындардың жұмысшыларға арналған демалыс күндерінің санын *азайтуға* тырысатыны, бұл уақытқа дейін мейрамдалынып келген, бірақ заң міндетті мейрамдардың қатарына қоспаған мейрамдарда жұмысшыларға зорлап жұмыс істеткізуге тырысатыны тіпті оп-оңай нәрсе болып шығуы мүмкін. Өздерінің тұрмыс күйінің нашарлатылуына жол бермеу үшін жұмысшылар бұл жөнде де мейрамдардың санын кемітуге жасалған әрекеттің қандайына болса да соққы беруге әрдайым даяр болулары керек. Заң тек міндетті мейрамдарды ғана көрсетеді; бірақ жұмысшылардың олардан басқа мейрамдарды да талап етуге праволары бар. Мұның үшін тек барлық мейрамдарды ішкі тәртіп ережелеріне енгіздіру керек, ауызша уәдеге сенбеу керек. Бұл мейрам ішкі тәртіп ережелеріне кіргізілсе ғана жұмысшылар бұл мейрамда өздеріне зорлап жұмыс істеткізілмейтініне сене алады. Нағыз мейрамдар жөнінде істегені сыяқты, жартылай мейрамдар жөнінде

де жаңа заң істі бұрынғы күйінде қалдыруға, тіпті шынара онан да нашарлатуға тырысты. Заңда тек бір ғана жартылай мейрам белгіленген — атап айтқанда, Рождествоның қарсаңы: бұл күні жұмыс түстен қалмай аяқталуы тиіс. Бұл уақытқа дейін фабрикалардың көпшілігінде осылай болып келді, ал егер белгілі бір фабрикада жұмысшыларды ол күні түс кезінде босатпаған болса, оларға көбінесе басқа бір үлкен мейрамның қарсаңында жартылай мейрам күн беретін. Тегі жылына бір жартылай мейрам бұған дейін де фабрикалардың көпшілігінде болып келді. Онсоң сембі күндері мен мейрамдардың қарсаңындағы жұмыс күнін жаңа заң 10 сағат етіп белгіледі, яғни жайшылықтағы жұмыс күнінен $1\frac{1}{2}$ сағат кем. Заң бұл жағынан да жұмысшылардың күйін тәуірлеген жоқ, қайта оны нашарлатып жіберген болар: бұл уақытқа дейін, *фабрикалардың бәрінде дерлік* сембі күндері жұмыс жайшылықтағыдан ерте аяқталатын. Бұл мәселе жөнінде көп мәліметтер жыйнаған, тегі фабрика тұрмысымен жақын танысқан бір зерттеуші: орта есеппен қорыта келіп, сембі күндері жұмыс мерзімді жұмыс уақытынан 2 сағат бұрын аяқталады десек, қателеспейміз деген. Демек, заң бұл арада да, *сағдылы* демалысты *міндетті* демалысқа айналдыра отырып, мұның есесіне жұмысшылардан тағы да ең болмағанда жарты сағат уақытты жырып қалудың ретін тапқан. Әрбір аптада жарты сағаттан жырып қалып отырғанда, мұның өзі жылына (46 жұмыс аптасы бар дейік) 23 сағат болады, былайша айтқанда қожайынға екі күн артық жұмыс істегендік болады... Біздің дәулетсіз кедей фабриканттарға жаман сыйлық емес! Бұл ақша қапшығы сабаздардың мұндай сыйлықты да тартынбастан қабыл алатынына өздерінің заңнан көрген «зыяндарын» (олардың осылай деуге жаны кұмар) осылай етіп өтеуге бар күштерін салатындығына күманданбаса да болады, демек, бұл жөнде де жұмысшылардың тек өздеріне ғана, өздерінің бірлік күшіне ғана сенуіне тура келеді. Табандап күреспейінше жұмысшы табы бұл жағынан да, жаңа заң бола тұрса да, өздерінің күйін жақсартып алмайды.

VIII

ЖАҢА ЗАҢНЫҢ ОРЫНДАЛУЫ
НЕМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛГЕН?

Заңдардың орындалуы тегі немен қамтамасыз етіледі? 1-ден, заңның орындалуын бақылау арқылы қамтамасыз етіледі. 2-ден, заңды орындамағандарға жаза қолдану арқылы қамтамасыз етіледі. Ал енді фабрикалық жаңа заң жөнінде істің жайы қандай екенін қаралық. Заңдардың орындалуын бақылау фабрика инспекторларына жүктелген. Фабрикалық кәсіпорындарын бақылау туралы 1886 жылы шыққан ережелер бұл уақытқа дейін Россияның барлық жеріне түгел қолданылмай, тек кейбір губернияларда ғана, атап айтқанда, нағыз өнеркәсіпті губернияларда ғана қолданылып келді. Жұмысшылардың қозғалысы мен стачкалары ұлғайған сайын фабрикалық кәсіпорындарын бақылау да соның ізімен үнемі кең өріс ала жүріп отырды. Енді, жұмыс күнін қысқарту туралы заң шығарылумен бірге, фабрикалық кәсіпорындарын бақылауды бүкіл Россияға және бүкіл Польша патшалығына тарату туралы заң шығарылды (бұл да сол 2/VI 1897 ж.). Бақылау туралы ережелердің осылайша бүкіл Россияға қолданылуы және фабрикалық инспекторлардың тағайындалуы, әрине, бір қадам алға басқандық. Мұнан пайдаланып, жұмысшылар өздерінің жолдастарының көбірегін олардың халімен, жұмысшылар туралы заңдармен, үкімет пен оның чиновниктерінің жұмысшыларға қалай қарайтындығымен, тағы сондайлармен таныстырады. Фабрика-завод жұмысындағы барлық орыс жұмысшыларын алдыңғы қатарлы жұмысшылармен (Петербург, Москва, Владимир губернияларының ж. б.) қосып, бәріне бірдей ережелерге бағындыру, әрине, жұмысшы қозғалысының барлық орыс жұмысшыларын тезірек қамтуына да себепкер болады. Фабрикалық инспекторлар арқылы заңның орындалуын бақылаудың қаншама іске асатындығына келсек, біз мұны бастан аяқ толық тексеріп жатпаймыз. Мұның үшін айрықша кітап жазу қажет болар еді (бұл тақырыптың кеңдігі сонша), бәлкім, бұдан басқа уақытта жұмысшылар мен фабрикалық инспекция туралы сөйлесе де алар-

мыз. Бұл арада тек, фабрикалық инспекторлардың Россияда тіптен аз тағайындалатынын, олардың фабрикаларға өте сирек келетіндігін ғана қысқаша айта кетейік. Фабрикалық инспекторлар финанс министрлігіне толық бағынады, ал финанс министрлігі оларды фабриканттардың итаршысына айналдырады, оларға стачкалар мен наразылықтар туралы полицияға хабар бердіртеді, оларға фабрикадан кеткен жұмысшыларды қудалатқызады, тіпті фабрикант қудаламайтын уақытта да қудалатқызады, қысқасы, фабрикалық инспекторларды қайдағыбір полициялық қызметшілерге, қайдағыбір фабрикалық урядниктерге айналдырады. Фабрикалық инспекторларға ықпал жүргізуге және оларға өзінің дегенін істеткізуге фабриканттың мың түрлі амалы бар. Ал жұмысшылардың фабрикалық инспекцияға ықпал етерлік ешқандай құралы жоқ: еркін жыйналыс жасау, одақтар құру, баспасөз бетінде өздерінің хал-жайын білдіру, өздерінің жұмысшы газеттер шығару праволарымен пайдаланбайынша, жұмысшылардың, мұндай құралдары болмақшы да емес. Бұл право болмай тұрғанда чиновниктердің фабриканттарды бақылауы тіпті мүмкін емес және ешуақытта да дұрыс, шын бақылау болмақ емес. Бірақ, заңның орындалуы үшін, тек бір ғана бақылаудың өзі жеткіліксіз. Мұның үшін тағы, заңды орындамағандарға қатаң жаза берілетін ету керек. Әйтпесе фабрикалық инспектордың фабрикантқа оның теріс істерін көрсетуінен не хасиет шығады? Фабрикант бұған түк елең қылмай, бұрынғысынша істей береді. Сондықтан жаңа заңды шығарарда әрдайым, заңды бұзушыларға қандай жазалардың қолданылатындығы анықталады. *Бірақ жұмыс уақытын қысқарту туралы және мейрам демалысы туралы 1897 жылы 2 июньдегі шыққан жаңа заңда, оны орындамағандар үшін ешқандай жаза белгіленбеген.* Үкіметтің фабриканттар мен жұмысшыларға түрліше қарайтындығын жұмысшылар осыдан көре алады. Мысалы, жұмысшылардың тиісті мерзімнен бұрын фабрикадан кетуге правосы жоқтығы туралы заң шығарған кезде, оның фабрикадан кеткендігі үшін берілетін жазаны да дәл сол арада белгілейді, белгілегенде де тіпті тұтқынға алу сыяқты, қатаң жаза да белгілейді. Мысалы,

стачка жасағандығы үшін жұмысшылар, заң бойынша, қамауға алынады немесе тіпті түрме жазасына кесіледі, ал ережелерді орындамай, стачканың тууына себеп болғаны үшін фабрикантқа тек штраф салынады. Қазірде де осылай. Фабриканттың жұмысшыларға жексембі мен мейрам күні демалыс беруін және оларды тәулігіне 11 жарым сағаттан артық ұстамауын талап еткен заңның талабының орындалуы қамтамасыз етілмегені бұл талапты орындамағандар үшін ешқандай жаза белгіленбеген. Ал бұл заңды бұзған фабрикант қандай жауапқа тартылады? Ең әрі кеткенде фабрикантты, 50 сомнан артық штраф белгілей алмайтын мировой сотқа тартады немесе фабрика мекемесінің өзі жаза кеседі, бұл жаза да штраф болады. Бірақ 50 сом штрафтан фабрикант қорқа ма? Барлық жұмысшыларға өзіне бір түн немесе мейрам күні жұмыс істеткізгенде фабриканттың алатын пайдасы 50 сом емес қой! Заңды бұзып штраф төлеу фабрикантқа тіпті тиімдірек болады. Заңда, оны орындамаған фабрикант үшін айрықша жаза көрсетілмеуі барып тұрған әділсіздік; бұл әділсіздік біздің үкіметтің заңды мүмкін қадары ұзақ уақыт қолданусыз қалдырғысы келетіндігін, үкіметтің фабриканттардан заңға бойсынуды қатты талап еткісі келмейтіндігін айқын көрсетеді. Үкіметтің фабрикалық заңдар шығара тұрып, оларды орындамағандар үшін жаза белгілемеген реттері баяғы кездерде басқа елдерде де болған. Мұндай заңдар іс жүзінде әсте орындалмай, құр қағаз күйінде қала беретін. Сондықтан, заңдардың орындалуын қамтамасыз етпей тұрып, заң жазатын бұл сорақы әдет басқа елдерде көптен тасталды. Қазір орыс үкіметі, жұмысшылар байқамайды деп сеніп осы ескі хайланы қайталап отыр. Бірақ бұл үміт баянды үміт емес. Жаңа заң жұмысшыларға мәлім болысымен-ақ, заңның орындалуын олардың өздері қатты қадағалайтын болады, одан титтей де бұлтаруға жол бермейтін болады, заңның қойған талаптары орындалғанша жұмыс істемей, жұмыстан бас тартатын болады. Жұмысшылардың бұл өз бақылауы қайдағыбір фабрикалық урядниктердің бақылауынан тынымдырақ болады. Мұндай бақылау болмайынша, заң орындалмақ емес.

IX

ЖАҢА ЗАҢ ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ
ТҰРМЫС-ХАЛІН ЖАҚСАРТА МА?

Алғаш қарағанда, біздің бұл туралы сұрақ қоюымыздың өзі таңырқарлық іс сыяқты болып көрінуі мүмкін. Заң жұмыс уақытын қысқартады және жексембі күні мен мейрам күнгі демалысты міндетті етіп белгілейді, — бұл жұмысшылардың тұрмыс-халінің жақсартылуы емес пе? Бірақ біз, жаңа заң ережелерінің дұдамал, көмескі екенін, жұмысшылардың тұрмыс-күйін жақсартатын ережені енгізе тұрса да, заң көп уақытта қожайынның озбырлығын күшінде қалдырып немесе міндетті мейрамдардың санын дағдыдағы мейрамдардың санынан анағұрлым кем белгілеп, бұл ереженің күшін кетіретінін жоғарыда толық көрсетіп өттік.

Егер демалыс күндерінің саны заң бойынша белгіленген күннің санынан көп болмаса, басқаша айтқанда, егер жұмысшыларға тек заң бойынша белгіленген міндетті мейрамдарда ғана демалыс беріліп, былайғы дағдыдағы мейрамдарда фабриканттар жұмысшыларды зорлап жұмысқа қоса алатын болса, жаңа заңды енгізуден жұмыс уақыты қысқара ма, — соны есептеп көрейік. Фабриканттар жұмысшыларды бұлай зорлап жұмысқа қоса ала ма, жоқ па, бұл, әрине, екіталай мәселе. Бұл жұмысшылардың қарсыласуына байланысты. Бірақ фабриканттар жұмыс күнінің қысқартылғандығы есесіне мейрамдарды азайтып, сыбағасын алуға тырысатыны күмансыз. Капиталистердің жұмысшыларды қыса түспек болатын бұл игілік тілегіне заңның бар күшімен көмектесетіні де күмансыз. Бұлай болған ретте не болатынын байқайық. Бұрынғы ескі тәртіптер мен жаңа тәртіптердің (яғни 1897 жылғы 2 июньдегі заң бойынша) тұсындағы жұмыс уақытын салыстыру үшін, *бір жылдың ішіндегі жұмыс сағаттарының санын* алу керек: барлық мейрам күндерін де, мейрамдар қарсаңындағы жұмыс уақытының қысқаруын да тек осылай еткенде ғана есепке алуға болады. Қазіргі кезде, яғни 1897 жылғы июньдегі заң күшіне енер алдында, фабрика-заводтағы орыс жұмысшысының бір жыл ішіндегі жұмыс сағаттары әдетте

қанша болады? Бұл туралы дәлме-дәл мәліметтердің жоқ екені өзінен өзі түсінікті, өйткені әрбір жұмысшының жұмыс істеген сағаттарының санын есептеп шығару мүмкін емес. Бірнеше фабрикадан алынған мәліметтермен пайдалану керек: басқа фабрикалардағы сағаттардың саны, шамамен алғанда, сол зерттелген фабрикалардағыдай болады деп ұйғару керек. Москва губерниясынан жыйналған мәліметтерді алайық. Ірі-ірі 45 фабриkanың бір жыл ішіндегі жұмыс күндерінің саны дәлме-дәл есептелінген. Осы 45 фабриkanың барлығын бірге қосқанда бір жылдың ішіндегі жұмыс күні 12 010 болып шыққан, яғни, орта есеппен, бір жылдың ішінде бір фабрикадағы жұмыс күні 267 болған*. Бір аптадағы жұмыс сағатының саны, орта есеппен (бірнеше жүз фабрика туралы алынған мәліметтер бойынша) — 74 сағат болады, яғни күніне $12\frac{1}{3}$ сағат. Олай болса, бір жылдың ішінде $267 \times 12\frac{1}{3} = 3292$ жұмыс сағаты немесе жыйнақтап алғанда 3 300 жұмыс сағаты болады. Одесса қаласы жөнінде біз ірі-ірі 54 фабриkanың мәліметтерін есептеп шығардық; бұл фабрикалардың бір жыл ішіндегі жұмыс күнінің саны да, жұмыс сағатының саны да бізге мәлім. Бұл фабрикалардың барлығында бір жылдың ішіндегі жұмыс сағатының орташа саны 3 139 сағат болып шықты, яғни Москва губерниясындағыдан едәуір кем болып шықты. Одессада жұмыс күні қысқарақ, нағыз дағдылы жұмыс күні — $10\frac{1}{2}$ сағат, осы 54 фабрикада орташа жұмыс күні 10,7 сағат. Сондықтан, мейрам күндердің саны аз бола тұрса да, бір жылдың ішіндегі жұмыс сағатының саны кем болып шықты. Енді жаңа заң бойынша жұмыс сағатының қанша болатынын қарайық. Ең алдымен бір жылдың ішіндегі жұмыс күнінің санын анықтайық. Мұның үшін 365 күннен, 1-ден, 66 мейрамды, 2-ден, $\frac{1}{2}$ күн сочельник мейрамын шегеріп тастау керек, 3-ден, жұмысшының мейрам алдында жұмысты $1\frac{1}{2}$ сағат бұрын

* Егер бір жылдың ішіндегі жұмыс күні 267 болса, онда жұмыс істелмейтін, мейрам күндері — 98. Жоғарыда біз мейрамдардың саны 89 күн екенін айттық, бірақ бұлай дегенде біз, 1-ден, тек механикалық фабрикаларды алдық, ал 2-ден, барлық фабрикалардағы мейрамдардың орта санын алғамыз жоқ, мейрамдардың бәрінен жиі кездесетін санын алдық.

бітіруден алатын бос уақытын шегеріп тастау керек. Мейрам алдындағы күндер 60 (66 емес, өйткені 6ға жуық мейрам күні өзге мейрамдарға қосылған). Демек мейрам күнгі жұмыстарды қысқартқаннан $60 \times 1\frac{1}{2} = 90$ жұмыс сағаты немесе 8 жұмыс күні шығады. 365 күннен барлығы $74\frac{1}{2}$ мейрам күндерді ($66 + 1\frac{1}{2} + 8 = 74\frac{1}{2}$) шегеріп тастау керек. Сонда $290\frac{1}{2}$ жұмыс күні немесе $290\frac{1}{2} \times 11\frac{1}{2} = 3\,340$ жұмыс сағаты шығады. Олай болса, егер мейрамдардың саны заң бойынша міндетті болған мейрамдардың санына дейін кемітілсе, онда жаңа заң шығарудан жұмысшылардың тұрмыс-халі жақсармайтыны былай тұрсын, қайта тіпті нашарлап кететін болып отыр: бүтіндей және жалпы алғанда, олардың бір жыл ішіндегі жұмыс уақыты бұрынғы күйінде қалады немесе тіпті көбейіп кетеді! Әрине, бұл тек шамамен ғана жасалған есеп: мұның дәлме-дәл есебін шығару мүмкін емес. Бірақ бұл есеп әбден жарамды мәліметтер бойынша жасалды және бұл есеп үкіметтің жұмысшыларды қысу үшін, міндетті мейрамдардың санын дағдыдағы мейрамдардың санынан кемітіп, қандай айлалы әдіс істегенін бізге айқын көрсетеді. Егер жұмысшылар бірімен бірі берік қол ұстасып, фабриканттарға бірлесе соққы бермейтін болса, онда жаңа заңды шығарудан олардың тұрмыс-халінің нашарлай түсуі мүмкін екенін бұл есеп айқын көрсетеді! Оның үстіне, бұл есептің бәрі күндізгі жұмыс жөнінде, атап айтқанда мерзімді уақыт ішіндегі жұмыс жөнінде ғана жасалған есеп екенін байқаңыз. Ал мерзімнен тыс жұмыс қайда қалды? Мерзімнен тыс жұмысқа заң ешқандай шек қойған жоқ және өздерінің шығаруына «берілген» ережелерде министр мырзалардың бұған белгілібір шек қоятыны немесе қоймайтыны белгісіз. Жаңа заңның жұмысшылардың тұрмыс-халін жақсартуына бізді күмандандыратын басты себептің өзі — осы мерзімнен тыс жұмысқа шек қойылмағандығы болып отыр. Егер қалыпты (мерзімді) жұмыс күнін қысқартқанда орыс жұмысшыларының көпшілігінің жалақысы, қазірдегі сыяқты, сондайлық аз болып қала беретін болса, онда жұмысшыға мұқтаждықтан мерзімнен тыс жұмысқа көнуге тура келеді, сөйтіп, оның тұрмыс-халі жақсармайды. Жұмысшыға

тәулігіне 8 сағаттан артық жұмыс істемегені керек, дем алатын, білімін көтеретін, адам ретінде, семьялы кісі ретінде, азамат ретінде өзінің праволарымен пайдаланатын уақыты болуы керек. Жұмысшыға, оның қайыршылық жалақы алмай, адамша тұруына жетерлік жалақы алғаны керек, жұмысқа енгізілген жаңалықтардан жұмысшының өзінің пайдаланғаны керек, бүкіл пайданы өзінің қанаушысына беріп қоймағаны керек. Егер сол ақыға бұрын қанша сағат істесе, қазір де сонша сағат жұмыс істеуге тура келетін болса, онда жұмысшының шамадан тыс істеген жұмысының қалай аталынатыны, не кесімді жұмыс немесе мерзімнен тыс жұмыс деп аталуы — жұмысшыға мұның бәрібір емес пе? Онда жұмыс күнінің қысқаруы туралы заң *түкке тұрғысыз, құр қағаз* болып қала береді. Онда жаңа заң фабриканттарға титтей де зыян келтірмейді, оларды жұмысшы халыққа ешбір жеңілдік жасауға міндеттемейді. Финанс министрлігінің чиновниктері де, капиталистерге жағымпазданып, *қазірдің өзінде-ақ осыны байқатып отырған болу керек: «Финанс Вестнигінің»* сол мақаласында олар фабрикант мырзаларды жұбатып, былай дейді: «Жаңа заң, дағдылы жұмыс жөніндегі жалдану шарты бостандығына шек қойғанмен, фабриканттың кәсіпорында күндіз, түннің кез келген уақытында, тіпті, мұқтаж болған реттерде» (солай! солай! біздің езілген фабрикант байғұстар орыс жұмысшыларының тегін еңбегіне екінің бірінде-ақ «мұқтаж» ғой)... «және мейрам күндерінде де жұмыс істету, мұның үшін жұмысшылармен айрықша келісімдер (мерзімнен тыс жұмыстарға) жасасу мүмкіндігін жоймайды».

Ақша қапшығының бұл малайларының қалай жағынатындығын көріп отырсыздар ғой! Фабрикант мырзалар, сіздер тым қобалжымаңыздар: сіздер «күндіз, түннің кез келген уақытында жұмыс істете» аласыздар, бірақ онда, бұрын мерзімді жұмыс болып саналған жұмысты, — *мерзімнен тыс жұмыс деп атау керек дейді. Тек жұмыстың атын ғана өзгертіңіздер, басқа ешнәрсенің керегі жоқ!* — дейді.

Бұл мәлімдемеде чиновниктердің ұятсыздығы бәрінен де ғажап; мерзімнен тыс жұмысқа ешқандай шек қойылмайтындығына олардың күн ілгері-ақ көзі жеткен

(егер мерзімнен тыс жұмыстарға шек қойылатын болса, онда фабрикант күндіз, түннің кез келген уақытында жұмыс істете алмайды ғой!). Өздерінің беті шімірікпестен фабриканттарға ашықтан-ашық: тартынып қалмаңдар, деп берген кеңестерінің жұмысшыларға барып жетпейтіндігіне олардың күнілгері-ақ көзі жеткен! Бұл жөнде финанс министрлігінің чиновниктері де аянып қалмаған болса керек! Чиновниктердің фабриканттармен қалай кеңесетінін және оларға нендей кеңес беретінін білу жұмысшыларға өте-мөте сабақ боларлық іс. Мұны біліп алғаннан кейін жұмысшылар, жаңа заңды бетке ұстап қарсы шыққан өздерінің ескі жаулары екенін, бұлар нағыз «заңға сүйеніп», жұмысшыны бұрынғысынша кіріптарлыққа салуға тырысатынын түсінетін болады.

X

ЖАҢА ЗАҢНЫҢ ҚАНДАЙ МАҢЫЗЫ БАР?

Біз, егжей-тегжейіне дейін қалдырмай жаңа заңмен толық таныстық. Енді бұл заңның жұмысшылар үшін және Россиядағы жұмысшы қозғалысы үшін қандай маңызы бар екенін қарауымыз керек.

Фабрикалық жаңа заңның маңызы мынада: ол заң, бір жағынан, үкіметтің еріксіз жасаған жеңілдігі, бірлескен саналы жұмысшылар ол заңды полициялық үкіметтен жеңіп алды. Бұл заңның шығуы Россиядағы жұмысшы қозғалысының күшейгенін көрсетеді, жұмысшылар бұқарасының саналы, қажырлы талабының орасан зор күші бар екендігін көрсетеді. Қандай болсын қудалаудан да, жаппай тұтқынға алып, жер аударудан да, орасан зор саяси процестер жасаудан да, жұмысшыларды қуғын-сүргінге ұшыратудан да — мұның бәрінен де түк өнбеді. Үкімет өзінің барлық күш-құралын жұмсап бақты. Үкімет Петербург жұмысшыларына өзінің қолындағы орасан зор билігінің бар күшімен килікті. Үкімет жұмысшыларды ешбір сотсыз қудалап, адам айтқысыз қаталдықпен қуғын-сүргінге салды, жұмысшылардың қарсыласуға, күреске ұмтылған жігерін қалайда жаныштауға тырысты, жұмысшылардың фабриканттар мен үкіметке қарсы басталған социалистік қозғалысын ба-

суға тырысты. Түк өнбегеннен кейін, үкімет жеке жұмысшыларды қаншама қудалағанмен *жұмысшы қозғалысының* құрымайтындығын, икемге келмей болмайтындығын білді. Ең күдіретті және халыққа тәуелсіз деп есептелетін, билігіне ешбір шек қойылмаған үкімет бірнеше он мыңдаған Петербург жұмысшыларының талаптарына көнуге тиісті болды. Көнгенде, қандай болмашы, екі ұшты жеңілдіктер жасағанын біз жоғарыда көрдік. Бірақ бұл алғашқы адым ғана. Жұмысшы қозғалысы әлдеқашан-ақ С.-Петербургтің шегінен асып кеткен; бұл қозғалыс, *бүкіл елде* өнеркәсіп жұмысшылары бұқарасын бірден-бірге мол қамтый отырып, барған сайын кең өріс алуда, сөйтіп, бір ғана социалистер партиясы бастаған бұл қалың бұқараның бәрі бірігіп, өздерінің талаптарын қойған кезде — сол кезде үкімет мұндай болмашы жеңілдікпен жалтарып кете алмайды!

Екінші жағынан, жаңа заңның маңызы мынада: ол заң орыс жұмысшы қозғалысын *жаңадан үдетпей* қоймайды және үдетуге тиіс болады. Заңның қай жерде болса да фабриканттардың әдіс-айласына жол қалдыруға тырысқанын, ең маңызды мәселелерді күнгірт қалдыруға тырысқанын біз жоғарыда көрдік. Қай жерде болса да фабриканттар мен жұмысшылардың арасында осы заңды қолдануға бола күрес туып отыр; бұл күрес әлдеқайда кең өріс алады, өйткені заң бүкіл Россияға қолданылады. Ал, жұмысшылар бұл күресті саналылықпен, табан серппей жүргізе алады, өздерінің талаптарын қатты қолдай алады, біздің полициялық заңдардың стачкаларға қарсы, жұмысшыларға қарсы құрып қойған қақпандарына соқпай өте алады. Фабрикалық жаңа тәртіптердің орнатылуы, бүкіл Россиядағы фабрикалардың орасан көпшілігінде әдеттегі, мерзімді жұмыс күнінің өзгертілуі орасан зор пайда келтіреді: ол жұмысшылардың нағыз артта қалған жіктерін сергітеді; ол қай жерде болса да фабрика тұрмысының мәселелері мен ережелеріне мейлінше жұрттың назарын аударады; ол жұмысшылардың өздерінің *талаптарын қоюына, өзінің заңды түсінуін* жақтауына, жұмысшыларға тиімділеу болатын реттерде *ескі әдеттерді* жақтауына (мысалы, дағдылы мейрамдарды жақтауына, сембі күндері жұмыстың 1½ сағат емес, 2 сағат бұрын және онан да бұрын

аяқталуын жақтауына), мерзімнен тыс жұмыстар туралы жаңа келісімдер жасағанда неғұрлым тиімді шарттарды талап етуіне, жұмыс күнінің қысқартылуы жұмысшыларға ешқандай зыян келтірмей, қайта оларға іс жүзінде пайда келтіретіндей етіп, неғұрлым көбірек жалақы талап етуіне тамаша жақсы, қолайлы, заңды дәлел бола алады.

ҚОСЫМША

I

Фабрикалық жаңа заң (1897 жылғы 2 июньдегі заң) туралы кітап жазылып болған кезде, октябрьдің басында бұл заңды қолдану туралы ережелер жарыяланды; бұл ережелерді, ішкі істер министрлігімен келісіп, 1897 жылы 20 сентябрьде финанс министрлігі бекіткен. Бүкіл заң үшін бұл ережелердің қандай зор маңызы болатындығын жоғарыда айтып өткенбіз. Бұл жолы министрлік бұл ережелерді жаңа заң енгізілгенге дейін шығарып үлгірді, өйткені ережелерде (мұны қазір көреміз) жаңа заңның қойған талаптарынан бас тартуға болатын реттер көрсетілген, басқаша айтқанда, фабриканттарға заңда белгіленген уақыттан тыс жұмысшыларға «жұмыс істетуге» рұхсат етілетін реттер көрсетілген. Бұл ережелер фабриканттарға өте қажетті болмаған болса, онда жұмысшыларға бұл ережелердің шығарылуын, әрине, әлі де көп күтуге тура келер еді. «Ережелер» шыққаннан кейін, көп ұзамай 1897 жылғы 2 июньдегі заңды қолдану жөнінде «фабрикалық инспекцияның қызметкерлеріне арналған нұсқау да» жарыяланды; бұл нұсқау тек фабрикалық инспекторларға заңды қолдану әдісін түсіндіру сылтауымен шығарылды; бұл нұсқау чиновниктердің емін-еркін озбырлығын заңды етеді және бүтіндей жұмысшыларға қарсы жұмсалады, фабриканттарға қалайда заңнан жалтаруға жол береді. Заңдарда әсем сөздер жазуды, онан соң заңдар орнына нұсқаулар шығарып, ол заңдарды аттап өтуге жол беруді императорлық үкімет тіпті жақсы көреді. Ережелерді толық тексере келгенде, біз жаңа нұсқаудың дәл осындай екенін көреміз. Бұл —

«нұсқаудың» едәуір жері «Финанс Вестнигінің», жаңа заң туралы кітапшада бірталай рет көрсеткен мақаласынан *сөзбе-сөз* көшіріп алынғанын да айта кету қажет. Мысалы, біз ол кітапшада «Финанс Вестнигінің» фабриканттарға мынадайбір оңбағандықты ескерткенін, атап айтқанда, «Финанс Вестнигі»: жұмысшының фабрикантпен жасасқан шартында жұмыс уақыты туралы ешнәрсе айтылмаған реттерге жаңа заң қолданылмайды, өйткені бұл арада жұмысшы, былайша айтқанда, «жалдамалы жұмысшы емес, заказ алатын адам» болып табылады — деп түсініс бергенін көрсеттік. Бұл оңбағандық түсінікті «нұсқау» сөзбе-сөз қайталап айтып отыр. Ережелер 22 статьядан құралған, бірақ бұлардың көбі әншейін 1897 жылғы 2 июньдегі заңның статьяларын түгелімен қайталайды. Бұл ережелердің «финанс министрлігінің қарамағындағы» фабриканттарға ғана қатысты екенін айта кетейік; ол ережелер тау-кен заводтарына да, теміржол мастерскойларына да, казналық заводтарға да қатысты емес. Бұл ережелерді заңның өзінен жақсы ажырата білу керек: ережелер *заңды дамыту* ретінде ғана шығарылған, сондықтан бұл ережелерді шығарған министрлер оларды толықтыра алады, өзгерте алады, жаңа ережелер шығара алады. Ережелерде мынадай бес мәселе туралы айтылған: 1) жұмыс уағындағы тыныс туралы; 2) жексембі күнгі және мейрам күнгі демалыс туралы; 3) жаңа заңның қолданылмайтын реттері туралы; 4) сменалар туралы және 5) мерзімнен тыс жұмыс туралы айтылған. Ережелерді әрбір мәселе жөнінде толық қарап шығайық, ал осыларға байланысты, финанс министрлігі өзінің нұсқауында бұл ережелерді қалай қолдануға кеңес беретіндігін көрсетейік.

II

Жұмыс уақытындағы тыныс туралы мынандай ережелер алынған: 1-ден, жұмыс уақытындағы тыныс жұмыс сағатының санына кірмейді, тыныс уақытында жұмысшы бос болады; тыныс уақыты ішкі тәртіп ережелерінде көрсетілуге тиіс; 2-ден, тыныс уақытын белгілеу тек, жұмыс уақыты тәулігіне 10 сағаттан артық болған реттерде ғана міндет етіледі және тыныс уақыты бір сағат-

тан кем болмау керек. Бұл ереже жұмысшының тұрмыс-халін титтей де жақсартпайды. Қайта нашарлатады. Бір сағаттық тыныс өте аз: фабрикалардың көпшілігінде түскі тамаққа 1½ сағаттық тыныс, кейде ертеңгі тамаққа тағы да жарты сағат тыныс белгіленген. Министрлер ең аз уақытты алуға тырысқан! Бір сағаттың ішінде жұмысшы, қай жерде болса да, тіпті үйіне барып тамақ ішіп келуге де үлгірмейді.

Әлбетте, жұмысшылар мұндай қысқа тыныс белгілеуге жол бермей, тыныс уақытының көбірек болуын талап етеді. Тыныстың міндеттілігі туралы екіншібір ескерту де жұмысшыларға қысым жасалу хаупін туғызады: министрлердің ережелері бойынша, тыныс жасау, жұмыс күні 10 сағаттан артық болған реттерде ғана *міндетті болады!* Демек, жұмыс күні 10 сағат болған реттерде, фабриканттың жұмысшыларға тыныс бермеуге правосы бар! Фабриканттардың мұндай правомен пайдалана алмауын және пайдалануға батылы бармауын тағы да жұмысшылардың өздерінің қамдауы керек болады. Жұмысшылар мұндай ережелерге көнбей (ол ережелер ішкі тәртіп ережелеріне енгізілген кезде), тыныстың жиірек болуын талап ете алады. Министрлерге тіпті осы қысымдар да аз сыяқты болып көрінген. Бұл ережеге арналып жазылған «ескертуде» тағы да былай делінген: «едәуір кедергілер кездесетін болған реттерде бұл талапты орындамауға да болады» деген, басқаша айтқанда, фабрикант мырзалардың жұмысшыларға тіпті тыныс бермеуіне *болады*, деген! Министрлер бұған жол береді, бірақ жұмысшылар бұған *жол бере* қояр ма екен! Бұдан соң, тыныс жасау талабы жұмысшыларға ауыр тиеді деп танылған реттерде министрлер бұл талапты орындамауға *жол береді*. О, жұрттың қамын жейтін министр мырзалар-ай! Жұмыс уақытында тыныс жасау жұмысшыларға «ауыр тиетінін» біздің министрлер ойластырып көрген, ал бір сағаттың ішінде тамақ ішіп үлгірудің жұмысшыларға «ауыр тиетіндігі» немесе тынбастан *10 сағаттан* жұмыс істеудің онан да «ауыр тиетіндігі» туралы — бұл туралы министр мырзалар жұмған аузын ашпаған! Тыныс жасау туралы үшінші ереже жұмысшыға кемінде әрбір 6 сағат сайын тамақ ішуге мүмкіндік берілуін талап етеді. Бірақ ережелер әрбір

6 сағат сайын *тыныс жасалуын* талап етпейді ғой; онда мұндай ереженің қандай қажеті бар? Тыныс жасалмайынша жұмысшы қалай тамақтана алады? Министр мырзалар бұл туралы ойланбаған. Егер тыныс жасалмайтын болса (делінеді ережелерде), онда жұмысшының «жұмыс уақытында тамақ ішуіне мүмкіндік берілуге тиіс, мұнымен қатар ішкі тәртіп ережелерінде тамақ ішілетін орын белгіленуге тиіс». Бұл ереженің түгелінен есуастық екендігі сонша — тіпті не айтарыңды білмей қайран қаласың! Екіншісі: *не* бұл «тамақ ішетін жер» жұмысшы жұмыс істейтін жерде белгіленбейді; онда сөзсіз *тыныс* жасалады. Не бұл орын *жұмысшының жұмыс істейтін* жерінің өзінен белгіленеді; онда тамақ ішетін орынды белгілеудің не керегі бар? Жұмысты тоқтатуға жұмысшының правосы жоқ, ал онда жұмысшы *жұмысты тоқтатпайынша* қалай тамақтана алады? Министр мырзалар жұмысшыларды машина сыяқты көреді: машинаны жұмыс үстінде-ақ майлауға болады ғой, олай болса, жұмысшы да жұмыс кезінде тамақ жей бермей ме (капиталдың «қамқоршыл» құйыршықтары — министрлер осылай ойлайды)? Жұмысшыларға тек: мұндай ақмақшылық ережені тек орыстың чиновниктік кеңселерінде ғана ойлап шығара алды, бірақ іс жүзіне келгенде ол ереже қолданылмайды, деп үміттену қалады. Жұмысшылар тамақ ішілетін жер *өздерінің жұмыс істейтін жерінен белгіленбеуін* талап етеді: жұмысшылар әрбір 6 сағат сайын *тыныс* жасалуын талап етеді. Тыныс жасау туралы ережелердің бәрі осы. Егер жұмысшылар өздерін өздері қорғамаса және бәрі бірігіп, министрлердің ережелерін емес, өздерінің ережелерін қолдамаса, министрлер заңды тек жұмысшылардың тұрмыс-халін нашарлататындай етіп дамытқан.

III

Жексембі күнгі және мейрам күнгі демалыстар туралы тек бір ғана кішкене ереже алынған, атап айтқанда, жексембі және мейрам күндері жұмысшылар кемінде қатарынан 24 сағат жұмыстан бос болуға тиіс, делінген. Бұл — жексембі күнгі және мейрам күнгі демалыс ту-

тан кем болмау керек. Бұл ереже жұмысшының тұрмыс-халін титтей де жақсартпайды. Қайта нашарлатады. Бір сағаттық тыныс өте аз: фабрикалардың көпшілігінде түскі тамаққа $1\frac{1}{2}$ сағаттық тыныс, кейде ертеңгі тамаққа тағы да жарты сағат тыныс белгіленген. Министрлер ең аз уақытты алуға тырысқан! Бір сағаттың ішінде жұмысшы, қай жерде болса да, тіпті үйіне барып тамақ ішіп келуге де үлгірмейді.

Әлбетте, жұмысшылар мұндай қысқа тыныс белгілеуге жол бермей, тыныс уақытының көбірек болуын талап етеді. Тыныстың міндеттілігі туралы екіншібір ескерту де жұмысшыларға қысым жасалу хаупін туғызады: министрлердің ережелері бойынша, тыныс жасау, жұмыс күні 10 сағаттан артық болған реттерде ғана *міндетті болады!* Демек, жұмыс күні 10 сағат болған реттерде, фабриканттың жұмысшыларға тыныс бермеуге правосы бар! Фабриканттардың мұндай правомен пайдалана алмауын және пайдалануға батылы бармауын тағы да жұмысшылардың өздерінің қамдауы керек болады. Жұмысшылар мұндай ережелерге көнбей (ол ережелер ішкі тәртіп ережелеріне енгізілген кезде), тыныстың жиірек болуын талап ете алады. Министрлерге тіпті осы қысымдар да аз сыяқты болып көрінген. Бұл ережеге арналып жазылған «ескертуде» тағы да былай делінген: «едәуір кедергілер кездесетін болған реттерде бұл талапты орындамауға да болады» деген, басқаша айтқанда, фабрикант мырзалардың жұмысшыларға тіпті тыныс бермеуіне *болады*, деген! Министрлер бұған жол бермеді, бірақ жұмысшылар бұған *жол бере* қояр ма екен! Бұдан соң, тыныс жасау талабы жұмысшыларға ауыртпеді деп танылған реттерде министрлер бұл талапты орындамауға *жол береді*. О, жұрттың қамын жейтін министр мырзалар-ай! Жұмыс уақытында тыныс жасау жұмысшыларға «ауыр тиетінін» біздің министрлер ойластырып көрген, ал бір сағаттың ішінде тамақ ішіп үлгірудің жұмысшыларға «ауыр тиетіндігі» немесе тынбастан *10 сағаттан* жұмыс істеудің онан да «ауыр тиетіндігі» туралы — бұл туралы министр мырзалар жұмысшыларға аузын ашпаған! Тыныс жасау туралы үшінші ереже жұмысшыға кемінде әрбір 6 сағат сайын тамақ ішуге мүмкіндік берілуін талап етеді. Бірақ ережелер әрбір

6 сағат сайын *тыныс жасалуын* талап етпейді ғой; онда мұндай ереженің қандай қажеті бар? Тыныс жасалмайынша жұмысшы қалай тамақтана алады? Министр мырзалар бұл туралы ойланбаған. Егер тыныс жасалмайтын болса (делінеді ережелерде), онда жұмысшының «жұмыс уақытында тамақ ішуіне мүмкіндік берілуге тиіс, мұнымен қатар ішкі тәртіп ережелерінде тамақ ішілетін орын белгіленуге тиіс». Бұл ереженің түгелінен есуастық екендігі сонша — тіпті не айтарыңды білмей қайран қаласың! Екінің бірі: *не* бұл «тамақ ішетін жер» жұмысшы жұмыс істейтін жерде белгіленбейді; онда сөзсіз *тыныс* жасалады. Не бұл орын *жұмысшының жұмыс істейтін* жерінің өзінен белгіленеді; онда тамақ ішетін орынды белгілеудің не керегі бар? Жұмысты тоқтатуға жұмысшының правосы жоқ, ал онда жұмысшы *жұмысты тоқтатпайынша* қалай тамақтана алады? Министр мырзалар жұмысшыларды машина сыяқты көреді: машинаны жұмыс үстінде-ақ майлауға болады ғой, олай болса, жұмысшы да жұмыс кезінде тамақ жей бермей ме (капиталдың «қамқоршыл» құйыршықтары — министрлер осылай ойлайды)? Жұмысшыларға тек: мұндай ақмақшылық ережені тек орыстың чиновниктік кеңселерінде ғана ойлап шығара алды, бірақ іс жүзіне келгенде ол ереже қолданылмайды, деп үміттену қалады. Жұмысшылар тамақ ішілетін жер *өздерінің жұмыс істейтін жерінен белгіленбеуін* талап етеді: жұмысшылар әрбір 6 сағат сайын *тыныс* жасалуын талап етеді. Тыныс жасау туралы ережелердің бәрі осы. Егер жұмысшылар өздерін өздері қорғамаса және бәрі бірігіп, министрлердің ережелерін емес, өздерінің ережелерін қолдамаса, министрлер заңды тек жұмысшылардың тұрмыс-халін нашарлататындай етіп дамытқан.

III

Жексембі күнгі және мейрам күнгі демалыстар туралы тек бір ғана кішкене ереже алынған, атап айтқанда, жексембі және мейрам күндері жұмысшылар кемінде қатарынан 24 сағат жұмыстан бос болуға тиіс, делінген. Бұл — жексембі күнгі және мейрам күнгі демалыс ту-

ралы заңды «дамыту» ретінде қабылдауға болатын ең аз демалыс. Бұдан аз белгілеуге болмайтын еді. Ал жұмысшыларға көбірек демалыс белгілеуді (мысалы, кейбір басқа елдердегі сыяқты 36 сағат) министрлер ойлаған да жоқ. Христиан еместер жөнінде ережелерде дәнеме айтылмаған.

IV

Заңды қолданбайтын реттер туралы толып жатқан ережелер, өте көп және өте толық ережелер қабылданған. Заң министрлерге заңның қойған талаптарын *зорайта отырып* (яғни жұмысшылар үшін фабриканттардан *көп нәрсе* талап ете отырып) және заңның қойған талаптарын кеміте отырып (яғни жұмысшылар үшін фабриканттардан *аз нәрсе* талап ете отырып), ережелерде заңның қолданылмайтын реттерін белгілеуге ерік бергенін жұмысшылардың есіне сала кетейік. Министрлердің мұны қалай орындағанын қарайық. Бірінші ереже. «Жұмысшылар үздіксіз жұмыстармен, басқаша айтқанда, аспаптар, материалдар немесе істелген бұйымдар бүлініп қалмаса, онда кез келген уақытта тоқтатуға болмайтын жұмыстармен шұғылданып жатқан» кезде заңды қолданбауға болады. Мұндай реттерде фабрикант мырзалардың заңда белгіленген уақыттан тыс та «жұмыс істетугіне» болады. Мұндай ретте ереже тек, 1-ден, кейінгі екі тәуліктің ішінде жұмысшылардың жұмыс сағаттарының саны 24 сағаттан артпауын (ал сменалар тәртібі бұзылғанда отыз сағаттан артпауын) талап етеді. Тәулігіне 12 сағат делінбей екі тәулікте 24 сағат деп не себептен айтылғанын біз сменалар туралы параграфтан көреміз. 2-ден, ереже, егер жұмысшының жұмыс күні 8 сағаттан артық болса, онда үздіксіз жұмыс тұсында әрбір жұмысшының айына төрт тәулік жұмыстан босатылуын талап етеді. Демек, *үздіксіз істейтін* өндірістердегі жұмысшылардың демалыс күндерінің саны *мықтай кемітілген*: заң бойынша да жылына 66 міндетті мейрам (мейрамдарды барынша кеміте келгенде) белгіленіп отырғанда, олар үшін айына 4 күн, жылына 48 күн демалыс белгіленген. Мейрамдардың бұл санын азайтуға министрлердің қандай ақылға сыйымды дәлелі болды? Ешқандай дәлелі

болған жоқ; айына 4 күн мейрам болғанда да өндірістің үздіксіздігі бәрібір бұзылады ғой, басқаша айтқанда, фабриканттар бәрібір мейрам уақыттарында басқа жұмысшылар жалдауға тиіс болады ғой (егер өндіріс шынында үздіксіз істейтін болса, яғни оны тоқтатуға болмайтын болса). Демек, министр мырзалар жұмысшылардың мейрамдарын тағы да кеміткенде, фабриканттарды азырақ «қысымдау» үшін ғана, басқа жұмысшылар жалдайтын реттерді азайту үшін ғана кеміткен. Ол-ол ма, «нұсқау» фабрикалық инспекторларға да, жұмысшылар үшін бұдан да аз демалыс белгілейтін ішкі тәртіп ережелерін де бекітуге рұхсат береді! Фабрикалық инспектор бұл туралы сауда және өнеркәсіп департаментіне хабарласа болғаны. Бұл — біздің үкіметтің дәнеме айтпайтын заңдарды және толық жазылған ережелер мен нұсқауларды неге тәуір көретіндігіне айқын мысал: жағымсыз ережені өзгерту үшін, бұл туралы күнасыз доход... департаментінен сұраса болғаны!! Дәл сол сыяқты, фабрикалық инспектор, нұсқауға тіркелген тізімде көрсетілмеген жұмыстарды да үздіксіз жұмысқа жатқыза алады (нұсқау бойынша): бұл туралы департаментке білдірсе, болғаны... Бұл ережеге арналған ескертуде үздіксіз жұмыстар ішкі тәртіп ережелерінде *айрықша көрсетілуге* тиіс екені айтылған. «Занды тек шынымен қажетті болған реттерде ғана қолданбауға болады» (министрлердің ережесі осылай дейді). Ал оның шынымен қажет екенін немесе қажет емес екенін кім бақылау керек? Жұмысшылардан басқа ешкім бақыламайды: олар ішкі тәртіп ережелеріне, шынымен қажет болмаған үздіксіз жұмыстар туралы ескертүлер енгізілуіне жол бермеуге тиіс. Екінші ереже. Жұмысшылар түрлі өндірістерге керек болатын жәрдемші жұмыстарды (күнделікті ремонт, котелдарды, двигательдер мен приводтарды баптау, от жағу, жарық беру, сумен қамтамасыз ету, күзет және өрт сөндіру қызметі т. б.) істеп жатқан кезде заңды қолданбауға болады. Мұндай заңды қолданбайтын реттер де ішкі тәртіп ережелерінде *айрықша көрсетілуге* тиіс. Бұл жұмысшылардың демалыс күндері туралы ережелерде дәнеме айтылмаған. Өздерінің демалыс алуын, басқаша айтқанда, жұмысшылар үшін демалыс күндері белгіленбеген ішкі

тәртіп ережелеріне рыйзалық берілмеуін тағы да жұмысшылардың өздерінің бақылап отыруы керек болады. Үшінші ереже. Жұмыс күні туралы, жексембі күнгі және мейрам күнгі демалыс туралы ережелерді және ішкі тәртіп ережелерін тағы да мынадай екі ретте қолданбауға болады: 1-ден, механизмдер, құралдар, тағы басқалар қапыл бұзылып қалып, мұның салдарынан бүкіл фабриканың немесе оның бір бөлімінің жұмысы тоқтап қалған реттерде қолданылмайды. Бұл реттердегі қажетті *ремонтты* ережелерден тыс жасауға болады. 2-ден, «өрттің, қыйрау-бүлінудің, тағы сол сыяқты күні бұрын көз жетпеген жағдайлардың салдарынан кәсіпорынның белгілібір бөлімінің жұмыстары бірсыпыра уақытқа қысқартылып немесе мүлдем тоқталып қалған реттерде және кәсіпорынның басқа бөлімдерінің толық жұмыс істеуі үшін оны жөндеу қажет болған реттерде кәсіпорынның белгілібір бөлімінде уақтылы жұмыстарды» ережелерден тыс істеуге рұхсат етіледі. (Мұндай ретте фабрикант дәл сол күні, осындай жұмыстарға *рұхсат ететін* фабрикалық инспекторға хабар беруге тиіс). Бұл соңғы ереже министрлердің орасан «қамқоршыл» екенін, фабриканттардың артық тыйын ақша жұмсамауының қамын жейтінін көрсетеді. Фабриканың бір бөлімінде өрт болды. Онда жұмыс тоқталды. Фабрикасының өртенген бөлімін түзетіп алып, фабрикант текке кеткен уақыттың орнын толтырғысы келеді. Сондықтан министр фабриканттың жұмысшыларға тәулігіне 18 сағат болса да зорлап жұмыс істеткізіп, жұмысшылардың еңбегінен тілегенінше артық пайдалануына рұхсат етеді. Бұған жұмысшылардың қандай қатысы бар еді? Фабрикант артық пайдалғанда, ол бұл пайдасын жұмысшылармен бөлісе ме? Бұл кезде ол жұмыс күнін қысқарта ма? Фабрикант зыян шеккенде жұмысшының жұмыс күнінің ұзартылуының жөні бар ма? Мұның аты: пайданы өзіне алып, зыянды жұмысшыларға аудару ғой. Егер текке кеткен уақыттың орнын толтыру керек болса, онда неге басқа жұмысшылар жалдамасқа? Фабрикант мырзалардың қалтасының қамын ойлауға келгенде орыс министрлері қандай ғажап «қамқоршыл» еді! Төртінші ереже. «Басқа ерекше мәні бар, айрықша реттерде де» жаңа заңды қолданбауға болады. (Мұнысы тағы қандай реттер?

Ерекше мәнді, айрықша реттер тіпті көп келтірілгендіктен, енді одан басқа реттер қалмаған шығар?) Финанс және ішкі істер министрлері заңды әрдайым осындай реттерде қолданбауға рұхсат етеді. Демек, фабрикант өтінеді, — министрлер рұхсат етеді — сонымен іс бітеді. Жұмысшылардан мұны сұрамайды да: бұл, «мырзалардың» қараңғы халықтың пікірін сұрауына тұрарлық іс пе! Оңбаған халық фабриканттың не «ерекше» жағдай себепті немесе нағыз кәдімгі баюға кұныққандығынан тілеушілікке салынып отырғанын сөз қылмай, капиталистердің жұмысын істей беруге тиіс. Министрлердің жаңа заңды қолданбайтын реттер туралы ережелері осындай. Бұл ережелердің бәрінде заңды қалай және қай кезде орындамауға болатыны, заңның жұмысшылар үшін фабриканттардан талап ететіндерін қалай және қай уақытта кемітуге болатыны айтылғанын көріп отырмамыз. Заңның жұмысшылар пайдасы үшін фабриканттарға қойған талаптарын көбейту туралы министрлер *дәнеме де* айтпайды. Фабрикалық заң туралы кітапта заңның министрлерге неліктен мұндай зор праволар беретіндігі туралы мәселе жайында не айтылғанын жұмысшылар есіне түсірсін!

V

Сменалар жөнінде бір ғана кішкене ереже алынған; бұл ереже, екі сменада 18 сағат жұмыс істелетін реттерде бір тәуліктің ішіндегі жұмыс сағаттарының санын 12 сағатқа дейін *көбейтуге*, көбейткенде, орта есеппен, екі аптаға есептеп алғанда, әрбір жұмысшының жұмыс уақыты тәулігіне 9 сағаттан артпайтындай етіп көбейтуге жол береді. Демек, бұл ереже де жұмыс күнін көбейтуге рұхсат етеді. Жұмыс күнін *ұзайту* туралы қаншама ереже болды, ал оны қысқарту туралы бір де ереже болған жоқ — болмайды да! Бұл ереже бойынша, жұмысшыларға бір апта бойына тәулігіне 12 сағаттан жұмыс істеткізуге болады, ал «нұсқау» мұның үстіне тағыда фабрикалық инспекторлардың директорға хабарлай отырып, заңды басқа реттерде де қолданбауға рұхсат ете алатынын білдірген... Үздіксіз жұмыс кезіндегі жұмыс уақытын *екі тәулікке* 24 сағат етіп белгілейтін жоғарыда келтірілген ереженің де сол сменаларға қатысы бар. Тәулі-

гіне 12 сағат делінбей, неліктен екі тәулікте 24 сағат делінгенін нұсқау түсіндіріп отыр. Бұл, кейбір фабрикаларда алынып кеткен өрескел тәртіпті: *8 сағаттан алмалап 2 сменамен* үздіксіз жұмыс істеу тәртібін өзгеріссіз қалдыру үшін айтылған: мұндай сменаларда жұмысшы бір күні 16 сағат жұмыс істеп, екінші күні 8 сағат істеп, ешбір дұрыстап демала да алмайды, дұрыстап ұйқтай да алмайды. Бұл сменалардан асқан өрескел нәрсе бола қоймас; бірақ министрлердің бұл өрескілдіктерге шек қою үшін дәнеме істемегендігі былай тұрсын, тіпті «нұсқауда» беті шіміркпестен: мұндай сменалар көп реттерде жұмысшыларға қолайлырақ болады, деуге дейін барған!! *Жұмысшыларға қолайлы* болуын министрлер міне қалай қамдайды!

VI

Мерзімнен тыс жұмыстар туралы ережелерде, алғаш қарағанында, неғұрлым дәлме-дәл анықтамалар берілген сыяқты. Мерзімнен тыс жұмысқа шек қою — тек қана министрлердің ережелерінде ғана емес, сонымен қатар бүкіл жаңа заңда да ең басты мәселе. Бұл мәселе туралы заңның өзінде ешнәрсе айтылмағанын, финанс министрлігі алғашында мерзімнен тыс жұмыстар туралы ешбір қосымша ережелер шығарғысы келмегенін жоғарыда айтып өткенбіз. Қазір министрлер, дегенмен, мерзімнен тыс жұмыстарға шек қойған болып шықты, шек қойғанда, жаңа заңды жазып шыққан комиссияның ұйғарғанындай етіп, яғни жылына 120 сағат етіп шек қойған болып шықты. Бірақ мұның есесіне финанс министрі *жұмысшыларға қарсы жұмсалатын* қулық-сұмдықтардың бәрін, фабрикалық инспекторлардың құлағына кұйып, қайта-қайта айтып берді; бұл қулық-сұмдықтарды біз «Финанс Вестнигінен» алып, жаңа заң туралы кітапта келтіргенбіз: тағы да айтамыз, «нұсқау» «Финанс Вестнигінен» көшіріліп алынған.

Бірінші ереже жаңа заңның мына қағыйдасына арналған: бұл қағыйда бойынша, фабрикант жұмысшымен жасасқан шартқа, өндірістің техникалық жағдайларына қарай қажет болған мерзімнен тыс жұмыстар туралы шарт енгізе алады. Бұл ереженің дұдамал екенін жоға-

рыда айтып өткенбіз. Ал шынында заңның бұл статьясының орасан зор маңызы бар: егер мерзімнен тыс жұмыстар туралы ішкі тәртіп ережелеріне кіргізілген болса, онда мерзімнен тыс жұмыстарды істеу жұмысшыға міндет болып табылады, сонымен бүкіл заң қолданусыз қалады. Қазір министрлік ережелерде бұл сөз былай түсіндіріледі: «өндірістің қалыпты бағытынан тек кездейсоқ ауытқу және оның үстіне, өндірістің өзінің сыйпатына байланысты ауытқу себепті» туатын жұмыстарды ғана «өндірістің техникалық жағдайларына қарай қажетті» болатын жұмыстар деп есептеуге болады. Демек, мысалы, заказдардың күшеюінен туатын ауытқулар бұған жатпайды (өйткені ол ауытқулар өндірістің сыйпатына байланысты емес). Өрттен, сынұ-қыйраудан, тағы сондайлардан туған ауытқулар да бұған жатпайды, өйткені олар да өндірістің өзінің сыйпатына байланысты емес. Ақылға салғанда ережені нақ осылай түсіну керек еді. Бірақ бұл арада фабриканттарды «нұсқау» қолдайды. «Нұсқау» мерзімнен тыс жұмыстарды жалға жүру шарттарына, яғни ішкі тәртіп ережелеріне енгізіп, бұл жұмыстарды жұмысшыларға міндет етуге болатын реттерді тамаша дамытқан, дамытқандығы сонша — бұл реттерге тіпті кез келген нәрсені қоса беруге болатын еткен. Шынында да, жұмысшылар «Финанс Вестнигінің» мақаласы заңды қалай дамытқанын есіне түсіріп, енді «нұсқауды» сол мақаламен салғастырып қарасын. «Нұсқауда» ең алдымен, «өндірістің техникалық жағдайларына қарай қажет болған» жұмыстар туралы айтылады, онан кейін байқатпастан: «сөзсіз қажетті жұмыстар» (солай ма? ал оның қажеттілігін кім тексереді) деген сөздер қыстырылады, — ал онан арғы жерде нұсқауда «сөзсіз қажеттіліктің» мысалдар-сымағы да келтіріледі: келтірілгенде, фабрикантқа «жұмысшылардың санын көбейту мүмкін болмаған немесе қыйынға соққан» (баяғы өзімізге мәлім!), жұмыс өте асығыс, жедел істеліп жатқан (мысалы, маусымды жұмыстардың кезінде), баспаханада күн сайын газет шығаруға тура келетін, жұмысты күні бұрын білуге болмайтын, тағы сондай реттер де сол «сөзсіз қажеттіліктің» есебіне қосылатын болып шыққан. Қысқасы, нені тілесен, соны сұрайсың. Капиталистердің финанс министрлігінде отырған арсыз кұйыршық-

тары заңды дамытқанда тіпті фабрикантты мерзімнен тыс жұмыстардың қандайын болса да талап етуге және бұл талабын ішкі тәртіп ережесіне кіргізуге *праволы* етіп қойған. Ал ішкі тәртіп ережелеріне осындай талап енгізілгеннен кейін, бүкіл жаңа заң түкке жарамай, істің бәрі бұрынғы қалпында қалады. Жұмысшылар бұл талаптардың ішкі тәртіп ережелеріне енгізілуіне жол бермеуге тиіс, әйтпесе олардың тұрмыс-халінің жақсармайтыны былай тұрсын, тіпті нашарлап кетеді. Заңға сүйенө отырып, жұмысшыларды қайтадан кіріптарлыққа салу туралы фабриканттар мен чиновниктердің қалай сөз байласатындарын жұмысшылар осы мысалдан көре алады. Олардың сөз байласатындығы, финанс министрлігінің мұндай капиталистерге жағымпазданып, олардың мүдделерін қорғайтындығы «нұсқаудан» айқын көрініп отыр.

Мерзімнен тыс жұмыстар туралы шығарылған екінші ереже бойынша мерзімнен тыс жұмыстардың әрбір жұмысшыға келетін мөлшері жылына 120 сағаттан аспауға тиіс, бірақ, 1-ден, «өндірістің техникалық жағдайларына қарай» жұмысшыға міндет етіліп, шартта белгіленген мерзімнен тыс жұмыстар *есепке кірмейді*, ал біз, министрлер «өндірістің техникалық жағдайларына» ешбір қатысы жоқ реттердің қандайын болса да осы мағнаға келтіре беруге рұхсат еткенін қазір ғана көрдік; 2-ден, өрт немесе қыйрау-сыну себепті және басқа себеппен немесе фабриканың белгілібір бөлімінде жұмыс тоқтап қалу себепті, босқа кеткен уақыттың орнын толтыру үшін істелетін мерзімнен тыс жұмыстар есепке кірмейді.

Мерзімнен тыс жұмыс туралы шығарылған осы ережелердің барлығын бірге қосып алғанда, бұл ережелер арыстан туралы бір ертегіге қатты ұқсайды. Арыстан аңнан түсіріп қайтқан олжаны өзінің аң ауласқан жолдастарына «тең» бөліп беріпті: олжаның бірінші бөлегін правосы бойынша өзі алады; екінші бөлегін аңдардың патшасы болғандығы үшін алады; үшіншісін — барлығынан да күшті болғаны үшін алады; ал төртіншісіне — тырнағын созған аң тірі қалмайды. Міне бізде де қазір фабриканттар мерзімнен тыс жұмыстар туралы дәл осылай байымдайды. 1-ден, олар өздеріне берілген «правосы» бойынша жұмысшыларға «өндірістің техникалық

жағдайларына қарай қажетті болған» мерзімнен тыс жұмысты істеттіреді, яғни, ішкі тәртіп ережелеріне енгізілсе-ақ, кез келген жұмысты істете береді. 2-ден, олар «айрықша реттерде», яғни өздерінің шығындарын жұмысшыларға аударғылары келгенде жұмысшыларға жұмыс істеттіреді. 3-ден, өздері бай, ал жұмысшылар қайыршы болған себепті олар жұмысшыларға тағы да жылына 120 сағат жұмыс істеттіреді. 4-ден, «ерекше реттерде» олар министрлерден айрықша жеңілдіктер алады. Ал, онан соң, мұның бәрінен кейін, тәуліктегі 24 сағаттан қалған уақытты жұмысшылар «емін-еркін» пайдалана алады, пайдаланғанда, әділ үкімет ешуақытта оларды тәулігіне тіпті 24 сағат жұмыс істеу «праволарынан айырмайтындығын» қатты ескере отырып пайдалана алады... Мерзімнен тыс жұмысты жұмысшыларға заң бойынша істеткізу үшін, — мұның үшін: фабриканттар мерзімнен тыс жұмыстардың осы түр-түрінің барлығын тіркеп отыратын айрықша кітаптар қолдансын, деп қаулы алынған. Бір кітапқа олар, жұмысшылардан «өздерінің правосы бойынша» сылып алатындарын жазады; екінші кітапқа «айрықша реттерде» сылып алатындарын жазады; үшінші кітапқа «ерекше келісім» бойынша сылып алатындарын (жылына 120 сағаттан артпайтын етіп) жазады; төртінші кітапқа «ерекше реттерде» сылып алатындарын жазады. Жұмысшылардың тұрмыс-халінің жақсаруы орнына тек қағаз бастылық пен кеңсе былығы туады (билігіне шек қойылмаған орыс үкіметінің барлық реформаларының нәтижесінде әрдайым осылай болады). Фабрикалық урядниктер фабрикаларға келіп, осы кітаптарды... «бақылап тұрады» (бұл кітаптардағы жазуларға адам түгіл, шайтан да сүрінеді), ал осы пайдалы қызметтен бос уағында олар сауда және мануфактура директорына фабриканттарға тағы да жәрдем беру керек екенін білдіріп отырады, полиция департаментіне жұмысшылардың стачкалары туралы мәлімет жеткізіп отырады. Біздің үкімет басындағы бұзықтармен қосылған бұл саудекештер шынында да нағыз алаяқ кулардың өзі емес пе! Олар енді тиімді бағаға шет ел өкілін де жалдап алады, ол кез келген жерде: бізде жұмысшылардың қамын жейтін заңдар бар деп айқайлап, бүкіл «Европа» алдында лепіретін болады.

VII

Қортындымызда министрлік ережелерді жалпы бір шолып өтейік. Жаңа заңның министр мырзаларға қандай ережелер шығаруға тапсырғанын еске алайық. Үш разрядқа бөлінген ережелер: 1) заңды түсіндіретін ережелер; 2) жаңа заңның фабриканттарға қойған талаптарын кемітетін немесе арттыратын ережелер; 3) жұмысшылар үшін аса зиянды өндірістер туралы ережелер. Ал заңның өздеріне берген праволарынан министрлер қалай пайдаланды?

Бірінші разряд жөнінде олар ең қажетті, ең аз, онсыз болмайтын өзгеріспен қанағаттанған. Мерзімнен тыс жұмыстың мөлшерін олар өте зор, өте созылмалы етіп, жылына 120 сағат етіп белгілеген, мұнымен бірге нұсқаулар шығарып, өте көп ескертулер жасаған, мұның нәтижесінде ережелердің түк маңызы қалмаған. Олар жұмысшылардың жұмыс кезіндегі тыныс уақытын кемітуге тырысқан; сменаларды, олардың барлық сорақылықтарын, онан әрі нашарлатпаса да, бұрынғы күйінде қалдырған.

Ережелердің екінші разряды жөнінде министрлер, жаңа заңның фабриканттарға қоятын талаптарын кеміту үшін, қолдарынан келген амалдың *бәрін істеп баққан*, яғни *фабриканттар үшін қолдарынан келгенін істеп, жұмысшылар үшін түк істемеген*: ережелерде жаңа заңның жұмысшылар пайдасын көздеп фабриканттарға қойған талаптарының бірде-бірі үлкейтілмеген.

Ережелердің үшінші разряды (яғни лажсыздан нағыз зиянды өндірістерде жұмыс істейтін жұмысшылардың пайдасы жөніндегі ережелер) жөнінде министрлер түк істемеген, бұл туралы жұмған аузын ашпаған. Тек нұсқауда ғана фабрикалық инспекторлардың өте-мөте зиянды өндірістер туралы департаментке білдіре алатыны айтылған. Фабрикалық инспекторлар тілеген нәрсесін бұрын да «білдіре» алатын еді ғой. Бірақ, неге екені белгісіз, фабрикалық урядниктер бұған дейін тек жұмысшы стачкалары туралы, жұмысшыларды қудалау әдістері туралы «білдіріп» келді, ал өте-мөте зиянды өндірістерде жұмысшыларды қорғау туралы түк білдірген емес.

Полициялық үкіметтің чиновниктерінен не күтуге болатынын жұмысшылардың өздері осыдан-ақ көре алады. 8 сағаттық жұмыс күнін енгіздіру үшін және мерзімнен тыс жұмыстарға толық тыйым салғызу үшін, орыс жұмысшыларының мұнан былай да қажымай көп күресуі керек болады.

БІР ГАЗЕТ МАҚАЛАСЫ ЖӨНІНДЕ

«Русские Ведомстидің»⁷⁸ 239-номерінде (30 август) Н. Левитский мырзаның: «Халық тұрмысына қатысы бар кейбір мәселелер жөнінде» деген кішкене мақаласы басылған. «Деревняда тұрып және халықпен үнемі араласып келген» автор халық тұрмысының кейбір мәселелеріне «көптен кездескен», мәселе болғанда, оларды тиісті «шаралар» арқылы шешу ісі «кейінге қалдыруға болмайтын қажеттілік» «ең қажетті тілек» болып табылатын мәселелеріне «кездескен». Автор осындай маңызды мәселе жөніндегі өзінің «қысқаша хабарларына» «халық мұқтаждарына көңіл аударғысы келетін адамдар» үн қосады деп сенеді, сөйтіп өзі ұсынған мәселелер жөнінде пікір алысуды тілейді.

Н. Левитский мырзаның кішкене мақаласы «лепірме сөзбен» жазылған және лепірме сөздердің көптігі: әңгіме қазіргі заманғы тұрмыстың қандайда болса бір ең маңызды, кейінге қалдыруға болмайтын, ең қажетті мәселелері жөнінде болып отыр ғой деп, ойлап қалуға мәжбүр етеді. Ал шынында, автордың ұсыныстары халықшыл публицистердің орыс жұртшылығын дағдыландырған нағыз маниловтық қыяли жобаға әуесқойлықтың тағы да бір, және өте-өте айқын, үлгісін ғана көрсетеді. Міне сондықтан да біз Н. Левитский мырзаның көтерген мәселелері жөнінде пікір білдіруді теріс көрмедік.

Н. Левитский мырза көтерген «мәселе» (пункт-пунктімен) бесеу; оның үстіне, автор «мәселенің» әрқайсысына тек «жауап» беріп қана қоймай, сонымен бірге оны жүзеге асырудың тиісті «шарасын» да әбден анық етіп көр-

сетіп өтеді. Бірінші мәселе — «арзан және жұрттың қолы жететін» кредит, өсімқорлардың, «кулактардың және нешетүрлі арамтамақтар мен тонаушылардың» зорлық-зомбылығын жою. Мұны жүзеге асырудың шарасы — «деревнялық шаруа кассаларының оңайлау түрін әзірлеуде» деп біледі, сөйтіп автор мемлекеттік банкінің кассаларынан берілетін сақтық книжкалардың жеке адамдардың атына берілмей, бір казначей арқылы жарналар төлеп, қарыздар алып отыратын, әдейілеп құрылған серіктіктердің атына берілуін жобалайды.

Сөйтіп, көптен бері «халықпен араласушылық» авторды кредит туралы әбден тозығы жеткен мәселе жөнінде: жаңа түрдегі кассалар «әзірлеу» керек деген осындай қортындыға келтіреді! Сірә, автор ұшы-қыйыры жоқ «түрлерді», «үлгілерді», «уставтарды», «үлгілі уставтарды», «бірқалыпты уставтарды», тағысын тағы сондайларды әзірлеу ісіне бізде қағаз бен сыя өте аз кетеді деп ойлайтын болса керек. «Деревняда тұрып», біздің практик «кулакты» «арзан және қол жетерлік кредитпен» ауыстыру жөніндегі тілектен туатын анағұрлым маңызды мәселелердің ешқандайын байқамаған. Әрине, біз бұл арада кредиттің маңызы туралы әңгіме қылып жатпаймыз: біз автордың мақсатын *негізге* аламыз да, автордың аузын толтыра айтып отырған шараларын таза практикалық жағынан алып қараймыз. Кредит дегеніміз дамыған товар айналысының мекемесі. Сословиелік заңдар мен тыйым салушылықтың сансыз қалдықтары арқылы товар айналысының жөнге қойылып, емін-еркін, кең түрде және өрістетіле жүргізілуін *болғызбайтын* жағдайларға қойылған біздің шаруаларда мұндай мекеменің болуы мүмкін бе? деген сұрақ туады. Ең зәру және кейінге қаратылмай шешілуге тиіс халық мұқтаждары туралы сөз қылғанда, шаруалардың арасында дұрыс товар айналысының жүруіне бөгет жасайтын, қозғалмалы және қозғалмайтын мүліктердің емін-еркін айналысына бөгет жасайтын, шаруалардың емін-еркін бір орыннан екінші орынға, бір кәсіптен екінші кәсіпке көшуіне бөгет жасайтын, басқа таптар мен сословие адамдарының шаруа қоғамдарына емін-еркін кіруіне бөгет жасайтын толып жатқан «уставтарды» жоюдың қажеттігі туралы мүлде

үндөмей, кредит туралы мәселені «уставтардың» жаңа түрін әзірлеу ісіне апарып соқтыру күлкі нәрсе емес пе? Кредит кассаларының «уставтарын» жаңалай беру арқылы «кулактармен, өсімқорлармен, арамтамактармен, тонаушылармен» күресу керек дейді, — бұдан өткен күлкі нәрсе бола қояр ма екен? Деревнямыздың дәл сословиелік томаға-тұйықтығының салдарынан, товар айналысының дамуын бөгеп отырған мыңдаған бұғаулардың салдарынан өсімқорлықтың ең нашар түрлері біздің деревнямызда бәрінен де күштірек орын теуіп отыр, — бірақ біздің практик авторымыз осы бұғаулар жөнінде бірде-бір сөз айтпай, жаңа уставтар әзірлеу ісін деревня кредитінің ең қажетті мәселесі етіп жарыялап отыр. Сірә, деревнялары әлдеқашаннан-ақ сауда айналысына сәйкес жағдайларға қойылып, кредит беру ісі кең өріс алған, дамыған капиталистік елдер, сірә, осы елдер мұндай табысқа жеткенде ізгі чиновниктер шығарған «уставтардың» көптігінің арқасында жеткен болу керек.

Екінші мәселе — «шаруа семьясының бас иесі өліп кетсе, ол семьяның бишаралық халге ұшырайтындығы», ал сонымен қатар «мүмкіндігі бар барлық шаралар мен әдістерді қолдану арқылы егіншіліктегі шаруа жұмысшы халықты сақтап, қорғаудың» «өте қажеттілігі». Н. Левитский мырзаның «мәселелері» барған сайын ұлғая түсетінін, зорая түсетінін көріп отырсыздар! Егер бірінші мәселе нағыз дағдылы буржуазиялық мекеме жөнінде болған болса, — бұл мекеменің пайдалылығын өте зор ескертулер жасай отырып қана мойындай алған болар едік, — ал бұл арада біздің алдымызға орасан зор маңызы бар мәселе қойылып отыр, біз оның өте қажеттілігін «негізінде» толық мойындаймыз және автордың бұл сықылды мәселені қойып отырғандығы үшін оған өзіміздің тілектестігімізді білдірмей тұра алмаймыз. Бірақ орасан зор мәселеге халықшылдың орасан зор... мұны қалай жұмсартып айтуға болар екен?.. ақылсыз «шаралары» да үйлесе кетеді. Тындай беріңіз: «...бүкіл шаруа халқының тұрмысын (қоғам, серіктік, артель, т. т. түрінде) міндетті түрде (sic!) жаппай, мүмкіндігін-

* — солай! Ред.

*ше арзанға түсетіндей өзара қамсыздандыру** ісін ұйымдастыру, енгізу — кідіртуге болмайтын қажетті нәрсе болып табылады. Осымен қатар а) жеке қамсыздандыру қоғамдарының, б) земствоның және в) мемлекеттің бұл істегі ролін және оған қатысын анықтау қажет».

Мұжықтардың өзі недеген аңқау адамдар! Ұй қожасы өле қалса, — семьяға қайыр сұрап кетуге тура келетінін; астық шықпаса, — аштан өлуге тура келетінін; ал, кейде астық шыға тұрса да, сәті түспеген «табыс» іздеу сапарынан қайтып келіп, бәрібір тағыда қайыр сұрап кететінін ойламайды! Дүниеде «өмірді қамсыздандыру» дегеннің бар екенін, бірсыпыра жақсы мырзалар мұнымен көптен бері-ақ пайдаланып келе жатқанын, ал екінші бір жақсы мырзалар (қамсыздандыру қоғамдары акцияларының иелері) бұдан ақша тауып байып жатқанын бұл ақымақ мұжықтар түсінбейді. Ашыққан «Сысойка» өзіндей ашыққан «Митяймен» бірігіп, өмірді өзара қамсыздандыру (өте аз, ең аз жарналы!) қоғамын кұрса — қожайындар өлген кезде олардың семьяларының қамтамасыз болатындығын ұқпайды! Бір тәуір жері, осы аңқау мұжықтар үшін біздің көзі ашық халықшыл интеллигенциямыз ойлайды, мұның өкілдерінің бірі «деревняда тұрып және халықпен үнемі араласып» осы орасан зор, тіпті есті тандырарлықтай зор «жобаға» «көптен кездескен»!

Үшінші мәселе. «Осы мәселеге байланысты, азық-түлікпен өрт жөнінде жалпы империялық капиталдың болып отырғаны сыяқты, *шаруа халқының өмірін қамсыздандыратын жалпы империялық капитал*** құру жөнінде мәселе қойып, оны талқылау керек». Қамсыздандыру үшін капитал туралы мәселені талқылаудың керек екендігі өз-өзінен түсінікті. Бірақ біздің білуімізше, аса хұрметті автор бұл жерде өте мәнді бір кемшілік жасаған тәрізді. Жобаланылып отырған мекеменің мұнымен қатар қай министрствоның және қай департаменттің қарауына жататындығы туралы да мәселе «қойып, оны талқылау қажетті» емес пе еді? Бұл мекемелерді, бір

* Курсив автордікі.

** Курсив автордікі.

жағынан, шаруашылық департаменті бойынша ішкі істер министрствосының меңгеретіндігі даусыз. Екінші жағынан, ішкі істер министрствосының земство бөлімі де оған барынша көңіл бөледі. Үшінші жағынан, қамсыздандыру ісін финанс министрствосы да басқаруға тиіс. Сондықтан, мысалы, *мемлекеттік ат зауытының жоғарғы басқармасы* сыяқты, ерекше «міндетті түрде бүкіл шаруа халқының өмірін өзара қамсыздандырудың мемлекеттік жоғарғы басқармасын» құруға жоба жасау мақсатқа дәл келе қояр ма екен?

Төртінші мәселе. «Онан соң, Россияда түрлі-түрлі артельдер өте көп болғандықтан, ал олардың халық шаруашылығы үшін сөзсіз пайдалы және маңызды болатындығынан 4) *егіншілік және басқа артельдерге жәрдемдесетін* арнаулы жеке қоғам ұйымдастырудың ең қажетті тілегі пісіп жетті. Әралуан артельдерді халықтың қай таптары құрса, олардың сол таптарға пайда келтіретіндігі даусыз. Сонымен қатар, түрлі таптар өкілдерінің бірлесуінің бүкіл халық шаруашылығына орасан зор пайда келтіретіні де даусыз. «Россияда әралуан артельдер өте көп таралған» дегенді айтып, автор тым босқа көкіп отыр. Батыс-европалық елдердің қай-қайсысымен салыстырсақ та, Россияда «әралуан артельдердің» адам айтқысыз, өте аз екенін, кісі таңғаларлықтай аз екенін жұрттың бәрі біледі... Қыялданушы Маниловтан басқа «жұрттың бәрі біледі» ...Мұны, мысалы, Н. Левитский мырзаның мақаласынан бұрын «Франциядағы синдикаттар» деген өте қызғылықты, мазмұнды, мақаланы басып шығарған «Русские Ведомостидің» редакциясы да біледі, Н. Левитский мырза да капиталистік Францияда (капиталистік емес Россияға қарағанда) «әралуан артельдердің» ұшы-қыйыры жоқ кең өріс алып дамығанын сол мақаладан оқып біле алатын еді. Мен «әралуан» дегенді баса көрсетіп отырмын, өйткені, мысалы, Францияда төрт түрлі синдикаттардың бар екендігін осы мақаладан оп-оңай көруге болады: 1) жұмысшылардың синдикаттары (419 172 адам қатнасатын 2 163 синдикат); 2) қожайындардың синдикаттары (130 752 адам қатнасатын 1 622 синдикат); 3) ауыл шаруашылық синдикаттары (398 048 мүшесі бар 1 188 синдикат) және 4) аралас

синдикаттар (31 126 мүшесі бар 173 синдикат). Бәрін қосыңыз, Левитский мырза! Сонда сіз «эралуан артельдерге» біріккен миллионға жуық (979 мың) адамды көресіз, енді шыныңызды айтыңызшы: «Россияда эралуан артельдердің (sic!!!) орасан көптігі» туралы аузыңыздан шыққан лебізіңізге ұялмайсыз ба? «Франциядағы синдикаттар» жөніндегі жалаң цифрлармен қатар басылған мақалаңыздың кісі күлерліктей әсер ететін сорақылығын неғып байқамайсыз! Капитализмнің жүкпалы ауруы «эралуан артельдердің көп таралатындығынан» махрұм қалдырғаны көрініп тұрған бұл кедей француздар, сірә, эралуан қоғамдарды кұруға жәрдемдесу үшін... «жеке арнаулы қоғам» кұрылсын деген ұсынысқа ішек-сілесі қатқанша күлген болар еді! Бірақ бұл күлкінің, Россия тұрмысын түсіне алмайтын белгілі француздық жеңіл мінезділіктің көрінісі ғана болып табылатындығы, өзінен өзі түсінікті. Бұл жеңіл мінезді француздар алдын ала «артельдерге жәрдемдесетін қоғамдар» кұрмай-ақ, «эралуан артельдерді» кұратындығы былай тұрсын, сонымен қатар — *horribile dictu!** — тіпті түрлі-түрлі қоғамдардың «үлгілі», «қалыпты» уставтары мен «жеңіл түрлерін де» жасап шығармайды!

Бесінші мәселе... «Осы қоғамның жанынан (немесе өз алдына жеке)... тек қана Россия мен шет елдердегі кооператив ісін зерттеп отыруға арналған арнаулы орган шығарудың» (өте қажеттілігі келіп жетті)... Я, солай, Левитский мырза! Асқазаны бұзылып, дұрыс тамақ жеуден қалған адамға, өзге адамдардың қалай тамақтанатындығын оқып білуден басқа ешнәрсе қалмайды. Бірақ соншалық қатты ауру адамға, сірә, басқа адамдардың тамақтары туралы оқуға дәргерлер де рұхсат етпес еді: мұндай оқу диэтаға үйлеспейтін шамадан тыс тәбет тартқызуы мүмкін... Дәргерлер мұндай ретте өз ісіне әбден тыянақты болған болар еді.

Біз Н. Левитский мырзаның кішкене ғана мақаласын әбден толық баяндап шықтық. Атүсті жазылған газет мақаласына осынша көп тоқталудың керегі бар ма еді, оған арнап осындай ұзақ түсінік жазудың қажеті бар

* — айтудың да өзі қорқынышты! Ред.

ма еді? деп сұрауы мүмкін оқушының. Бүкіл шаруа халқының өмірін міндетті түрде өзара қамсыздандыру туралы біреу (жалпы айтқанда, нағыз игілікті тілектерді жеткілікті тілейтін біреу) аузына келгенін оттай салса, онда не маңыз бар? Осы сыяқты мәселелер жөнінде дәл осындай пікірлерді естіген кездеріміз болған. Бұл пікірлер мүлде дәлелсіз пікір. Біздің «алдыңғы қатарлы публицистеріміздің» кейде «крепостнойлық социализм» рухындағы өрескел-тағылық «жобаны» айтып кекірік атуы, мұның адам таңғаларлық нәрседен басқа ешнәрсе емес екені, шындығында, кездейсоқ емес пе екен? Тіпті «Русское Богатство» мен «Русские Ведомости» сыяқты органдардың да, — тіпті әсіре-халықшылдық органға жатпайтын органдардың, халықшылдардың ұшқарылығына, В. В. мырза а' la* оның халықшылдардан алып жасаған қорытындыларына әрқашан да қарсы шығып отырған органдардың, өзінің халықшылдығының тозығы жеткен сілімтігін қайдағыбір «этико-социологиялық мектеп» сықылды жаңа жамылғымен қымтауға тайынбай отырған органдардың, міне осындай органдардың мезгіл-мезгіл біресе С. Южаков⁷⁹ мырзаның қайдағыбір «ағартушылық утопиясын», мүліксіз шаруалардың білім алу ақысын жұмыстай өтеп, егіншілік гимназияларында міндетті түрде орта дәрежелі білім алу жобасын, біресе Н. Левитский мырзаның міндетті түрде бүкіл шаруа халқының өмірін өзара қамсыздандыру жөніндегі осы бір жобасын Россия жұртшылығына ылғи өнебойы ұсынып отыруының өзі кездейсоқ нәрсе емес пе екен**?

Бұл күбылысты кездейсоқтық деп түсіндіру тым аңқаулық болған болар еді. Манилов әрбір халықшылда бар. Тұрмыстың және шын экономикалық дамудың нақтылы жағдайларын елемеушілікті, өздерінің өзара қарым-қатынасындағы орыс қоғамының жеке таптарының нақты мүдделерін тексеріп білгісі келмеушілікті, отанның «мұқтажы» мен «тағдыры» туралы үстіртін пі-

* — сыяқты. *Ред.*

** Халықтық публицистиканың осы жобақұмар екі адамын салыстыра келіп, артықшылықты Левитский мырзаға бермей болмайды, өйткені оның жобасы С. Южаков мырзаның жобасынан аздап болса да тәуірірек.

кір айтып, бипаздау әдетін, неғұрлым дамыған капитализмге тән сөзсіз анағұрлым дамыған одақтарға немқұрайды қарауға байланысты, орыс қауымдары мен артельдеріндегі ортағасырлық одақтардың түкке тұрғысыз қалдықтарымен дандайсуды, — осы белгілердің бәрін де сіздер белгілібір дәрежеде халықшылдардың *әрбіреуінен-ақ* кездестіресіз. Міне сондықтан да, оншама ақылды болмағанмен, әбден аңқау бір жазушының бұл белгілерді жақсылық іске лайық батырлықпен толық логикалық дамуға дейін жеткізіп, қайдағыбір «жобаның» айқын суретіне айналдыруын бақылау өте-мөте сабақ боларлық нәрсе. Мұндай жобалар әрқашан да айқын болып шығады, айқындығы сонша — осы күнгі ұсақбуржуазияшыл халықшылдықтың біздің қоғамдық пікір мен біздің қоғамдық дамуға келтіретін зыянын *дәлелдеу* үшін ол жобаларды оқушымызға *көрсетудің өзі-ақ* жеткілікті. Мұндай жобаларда күлкіні келтіретін нәрселер әруақытта көп кездеседі; мұны үстіртін оқығанның өзінде күлкіңіз келгеннен басқа ешбір әсер ала алмайсыз. Бірақ олардың егжей-тегжейіне жете қарасаңыз — сіз: «біркездерде қайғылы халге ұшыратып жүрмесе, мұның бәрі де күлкілі нәрсе болар еді-ау!» дейсіз.

*1897 ж. сентябрьде айдауда жүрген
кезінде жазылған*

«Новое Слово» журналында басылған,
1 кітап, 1897 ж.
Қол қойған: К. Т-н

„Новое Слово“
журналының тексті бойынша
басылып отыр

ОРЫС СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТТАРЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ ⁸⁰

1897 жылдың аяғында айдауда
жүргенде жазылған

Жеке кітапша болып бірінші рет
Женевада, 1898 ж. басылған

Қолжазбасының көшірмесімен, 1898.
1905 жылдардағы басылуларымен
және В.А. Ильин „12 жыл ішінде“
1907 ж. деген жыйнақтың тексті
мен салыстырылған 1902 жылғы
басылуының тексті бойынша
басылып отыр

ПРОЛЕТАРИИ ВСѢХЪ СТРАНЪ, СОЕДИНЯЙТЕСЬ!

РОССІЙСКАЯ СОЦІАЛЪДЕМОКРАТИЧЕСКАЯ РАБОЧАЯ ПАРТІЯ.

Н. ЛЕНИНЪ.

ЗАДАЧИ

РУССКИХЪ

СОЦІАЛЪДЕМОКРАТОВЪ

Издание 2-е.

СЪ ПРЕДИСЛОВІЯМИ

АВТОРА

И

П. Б. АКСЕЛЬРОДА.

Издание Загран. Лиги Русск. Революціонной Соціалъдемократіи.

ЖЕНЕВА

Типографія Лиги, Route Caroline, 27.

1902 г.

В. И. Лениннің „Орыс социал-демократтарының міндеттері“ деген кітапшасының 2-ші басылуының тысы. —1902 ж.

90-жылдардың екінші жартысының бір өзгешелігі — бұл кезде орыстың революциялық мәселелерін көтеру және шешу ісі тамаша жанданды. Революцияшыл жаңа партия народоправошылар партиясының жарыққа шығуы, социал-демократтардың ықпалының және табыстарының өсуі, народоволецтіктің ішкі эволюциясы — осының бәрі, социалистердің — интеллигенттер мен жұмысшылардың — үйірмелерінде де, құпия әдебиетте де программа мәселелерінің қызу талқылануын туғызды. Құпия әдебиетте бұл мәселенің қандайлық орын алғандығы жөнінде, «Народное Право»⁸¹ партиясының «Өте қажетті мәселе» деген кітапшасы мен «Манифесін» (1894), «Народная Воля»⁸² тобының қолдан қолға жүргізетін листогін» шет елдегі «Орыс социал-демократтарының одағы»⁸³ шығарып тұрған «Работникті», Россиядағы, көбінесе жұмысшыларға арнап, революцияшыл кітапшалар шығару жөніндегі жұмыстың күшейіп келе жатқандығын, 1896 жылғы атақты Петербург стачкасымен байланысты, социал-демократтардың С.-Петербургтегі «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағының» үгіт жұмысын және тағы басқаларды көрсетуге болады.

Біздің көзқарасымызша қазіргі кездегі (1897 жылдың аяғы) аса керекті мәселе — социал-демократтардың практика жүзіндегі ісі туралы мәселе. Біз социал-демократизмнің ісінің практикалық жағын баса көрсетіп отырмыз, өйткені, бірінші жағынан, оның теориялық жағы, дұшпандарды қасарысқан түсінбеушілік дәуірінен, жаңа бағытты оның нақ алғашқы көріне бастаған кезін-

де-ақ жойып жіберуге өте-мөте тырысушылық дәуірінен, екінші жағынан, социал-демократизмнің негізін қызу түрде қорғаудың неғұрлым қыйын дәуірінен, қазірдің өзінде, сірә, өтсе керек. Қазір социал-демократияның теориялық көзқарастары, *өзінің басты және негізгі нұсқалары* жөнінен толық анықталып отыр. Социал-демократизмнің *практикалық жағы* туралы, оның саяси *программасы* туралы, оның іс әдістері, оның тактикасы туралы мұны айтуға болмайды. Дәл осы жөнде біздіңше жете түсінбеушілік және өзара түсінбеушілік күшті және бұл өзара түсінбеушілік, теория жүзінде народоволецтіктен бүтіндей қол үзген, ал практика жүзінде — не іс жағдайы бет алысының өзінен-ақ жұмысшылар арасында үгіт, насихат жүргізу пікіріне келіп жүрген, тіпті онан да гөрі өзінің жұмысшылар арасындағы ісін, — *тап күресі* негізіне қою пікіріне келіп жүрген, — не *демократиялық* міндеттерді бүкіл программаның және бүкіл революциялық істің негізі етіп айрықша көтеруге тырысып жүрген революционерлердің социал-демократизмімен толық жақындасуына кедергі болып отыр. Біз қателеспесек соңғы мінездеме осы кезде Россияда социал-демократтармен қатар қызмет істеп отырған революцияшыл екі топқа, атап айтқанда: народоволецтер мен народо-правошыларға тура келеді.

Сондықтан социал-демократияның *практикалық* міндеттерін түсіндіруге және біздің қазіргі қолда бар үш программаның ішінде с.-д.-ның программасы ең қолайлы программа, ал оған қарсы дәлелдер, көбінше жете түсінбеушілікке негізделген дәлелдер дегенде неге сүйеніп отырғандығымызды айтып өтуге әрекет жасау, біздіңше, нақ кезінде көтеріліп отырған мәселе сыяқты.

Социал-демократтардың практикалық ісінің алдына қойып отырған, жұртқа мәлім міндеті — пролетариаттың тап күресіне басышылық ету және бұл күрестің екі түрінде: социалистік (капиталистер табына қарсы күрес; бұл күрес таптық құрылысты қыйратып, социалистік өндірісті ұйымдастыруға тырысады)⁸⁴ және демократиялық (абсолютизмге қарсы күрес; бұл күрес Россия үшін саяси бостандық алып, Россияның саяси және қоғам құрылысын демократияландыруға тырысады) түрінде ұйымдастыру. Біз: *жұртқа мәлім*, дедік. Шынында да, өзінің

айрықша бір әлеуметтік революциялық бағыт болып ең алғашқы жарыққа шыға бастаған күннен-ақ, орыс социал-демократтары өзінің істейтін ісінің осындай міндетін алдына қоятындығын әрқашан айқыннан-айқын көрсетіп келді, пролетариаттың тап күресінің көрінісі және мазмұны екі жақты екендігін әрқашан да айрықша қадап айтып келді, өзінің социалистік міндеттері мен демократиялық міндеттерінің арасындағы тығыз байланысты, олардың қабылдап алып отырған атынан айқын көрініп тұрған байланысты әрқашан да жақтап келді. Солай бола тұрса да, социал-демократтар туралы, оларды саяси күресті бағаламайды деп және басқаларды айтып кінәлап, өте теріс түсініп жүрген социалистерді осы кезге дейін көп кездестіресіз. Орыс социал-демократиясының практикалық ісінің екі жағын да сыйпаттап көрсетуге шамалы тоқталып өтейікші.

Социалистік істерінен бастайық. Социал-демократтардың Санкт-Петербургтегі «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағы» Петербург жұмысшыларының арасында өзінің ісін жүргізе бастағаннан бері, социал-демократтардың бұл жөндегі ісінің сыйпаты толық айқын болса керек еді. Орыс социал-демократтарының социалистік ісі — ғылыми социализм ғылымын *насихаттау*, жұмысшылар арасында қазіргі кездегі қоғамдық-экономикалық құрылыс туралы, оның негіздері және оның дамуы туралы, орыс қоғамының түрліше *таптары* туралы, олардың өзара қатнасы туралы, бұл таптардың өзара күресі туралы, бұл күресте жұмысшы табының қандай ролі барлығы туралы, оның кері кетіп бара жатқан және өсіп келе жатқан таптарға, капитализмнің өткені мен келешегіне көзқарасы туралы, халықаралық социал-демократия мен орыс жұмысшы табының тарихи міндеті туралы дұрыс түсінік тарату. Насихатпен тығыз байланысып, жұмысшылар арасында *үгіт* жүргізу жұмысы тұр; бұл жұмыс Россияның бұл кездегі саяси жағдайларында және жұмысшылардың сана-сезіміне қарай, әрине, алдыңғы қатардан орын алады. Жұмысшылар арасындағы үгіт жұмысы: социал-демократтар жұмысшы табының күресінің барлық стихиялы көріністеріне, жұмысшылардың капиталистермен жұмыс күні, жұмыс ақысы, еңбек жағдайы және тағы-тағы басқалары жөніндегі барлық

қақтығыстарына қатысып отырады. Біздің міндетіміз — өзіміздің ісімізді жұмысшылар өмірінің практикалық, тұрмыс мәселелерімен қосу, жұмысшылардың осы мәселелерді дұрыс түсінуіне жәрдем беру, өте зор қыянат істерді жұмысшыларға ескертіп отыру, олардың қожайындарының алдына қоятын талаптарын анығырақ және іс жүзінде қолайлырақ етіп тұжырымдауына жәрдем беру, жұмысшылардың өзара ынтымақтастық санасын, пролетариаттың жеңіс жүзілік армиясының бір бөлегі болған бүкіл орыс жұмысшыларының бәрінің мұң-мүддесі бір және істейтін ісі бір екендігі жөнінде санасын күшейту. Жұмысшылар арасында үйірмелер ұйымдастыру, олардың өз арасында және социал-демократтардың орталық тобымен араларында дұрыс және астыртын байланыс жасау, жұмысшы әдебиетін шығару және оларды тарату, жұмысшы қозғалысының барлық орталықтарынан хат-хабарлар алып тұру жұмысын ұйымдастыру, үгіт листоктары мен прокламацияларын шығарып, оларды тарату, тәжірибесі мол үгітшілер дайындау — орыс социал-демократиясының социалистік ісінің көріністері, жалпы түрін алғанда, міне осындай.

Біздің жұмысымыз ең алдымен және көбінше фабрика-завод, қала жұмысшыларының арасында жүрмекші. Орыс социал-демократиясы өзінің күшін бытыратпауы керек, ол социал-демократия идеясын тез ұғатын, сана жағынан да, саясат жағынан да сезімі мол, саны жағынан және еліміздің ірі саяси орталықтарында шоғырланған жыйындығы жағынан да маңызы өте күшті, өнеркәсіп пролетариатының арасындағы іске шұғыл назар салуы керек. Сондықтан фабрика-завод, қала жұмысшыларының арасында берік революцияшыл ұйым жасау социал-демократияның бірінші және әбден керекті міндеті, қазіргі кезде бұл міндеттен көңілді аудару барып тұрған орынсыз іс болар еді. Бірақ, күшімізді фабрика-завод жұмысшыларының арасындағы жұмысқа салудың қажеттігін қуаттап, күшті бытыратуды теріс деп таба отырып, біз орыс социал-демократиясы орыс пролетариаты мен жұмысшы табының басқа топтарын елемей қалдырсын демекші емеспіз. Тіпті де олай емес. Орыстың фабрика жұмысшылары өздерінің тіршілік жағдайларының күштеуімен-ақ екінің бірінде майдагерлермен —

бұл фабрикадан тыс жерде, қалаларда, деревняларда бытырап жүрген және анағұрлым нашар тұрмыста тұрған, өнеркәсіп пролетариатымен қалайда өте тығыз қатнасып отырады. Орыс фабрика жұмысшысы село халқымен де турадан-тура араласып отырды (фабрика жұмысшыларының деревняда үй іші болатындығы сирек емес), ал, солай болғаннан кейін, оның село пролетариатымен, сан миллиондаған профессионал батрактар, күндікші жұмысшылар бұқарасымен және де бір жапырақ болмашы жерін тастап кете алмай, жұмыс істеп салығын өтеумен және неше түрлі кездейсоқ «табыстар»мен, басқаша айтқанда, бұл да сол жалданумен күнелтетін күйзелген шаруалармен де жақындаспай тұра алмайды. Орыс социал-демократтары өздерінің күшін майдагерлер мен село шаруашылығы жұмысшыларының арасына *жұмсап отыруды* ерте деп біледі, бірақ бұл ортаны мүлдем ескерусіз қалдырып кету деген пікірден тегі аулақ; алдыңғы қатарлы жұмысшылар пролетариаттың неғұрлым артта қалған топтарымен қатысқан кезде, олардың арасында да тап күресінің, социализмнің және жалпы орыс демократиясының, соның ішінде орыс пролетариатының саяси міндеттерінің идеяларын жайып отыру үшін, социал-демократтар алдыңғы қатарлы жұмысшыларды майдагерлер мен село шаруашылығындағы жұмысшылардың тұрмысы жөніндегі мәселелермен де таныстырып үйретіп отыруға тырысады. Фабрика-завод, қала жұмысшыларының арасында істейтін осыншалық өте көп жұмыс тұрғанда, майдагерлер мен село шаруашылық жұмысшыларының арасына үгітшілер жіберу практикалық маңызы жоқ іс, бірақ социалист-жұмысшы көп реттерде осы ортамен еріксіз қатысып отырады, міне осы кезеңдерді олар пайдалана білулері керек және Россиядағы социал-демократияның жалпы міндеттерін түсінулері керек. Сондықтан орыс социал-демократиясын тым тар өрісті, тек фабрика-завод жұмысшыларына бола еңбекші халық бұқарасын ескерусіз тастауға тырысады деп айыптаушылар үлкен қателеседі. Қайта, пролетариаттың алдыңғы қатарлы топтарының арасында үгіт жүргізу — бүкіл орыс пролетариатын ояту үшін де, (козғалыстың өсуіне қарай) өте дұрыс және жалғыз ғана жол. Социализмнің және тап күресі идеяларының қала жұмысшыла-

рының арасында таралуы, бұл идеяларды неғұрлым ұсағырақ, неғұрлым бытыраңқы салаларға жайып жіберетіндігі сөзсіз: мұның үшін көрсетілген идеялар неғұрлым дайындығы мол ортада терең тамыр жайып, орыс жұмысшы қозғалысы мен орыс революциясының бұл авангардының әбден бойына сіңуі керек. Орыс социал-демократиясы өзінің барлық күшін фабрика-завод жұмысшыларының арасындағы іске жұмсай отырып социалистік жұмысты пролетариаттың таптық күресіне негіздеп істеуге іс жүзінде қолы жеткен орыс революционерлерін қолдауға даяр, бірақ сонымен бірге революционерлердің басқа бір фракциялары мен практика жүзінде, одақтасушылықтың ешқандайы да теория жүзінде, программа жөнінде, ту жөнінде келісушілікке немесе икемге келушілікке соқтыра алмайтындығын және соқтырмауға тиіс екендігін ешбір жасырмайды. Революция қозғалысына ту болатын революцияшыл теория қазіргі кезде тек ғылыми социализм мен тап күресінің ғылымы ғана екендігіне көзі жеткен орыс социал-демократтары барлық күшін салып оны көпшілік арасына таратады, теріске бұрмалаушылықтан қорғайды. Россиядағы әлі болса жас жұмысшы қозғалысын анықтығы кем доктриналармен байланыстыруға тырысушылықтың қандайына болса да күш салып қарсы шығады. Россиядағы барлық социалистердің *социал-демократ* болуға тиіс екендігін теория жүзіндегі пікірлер *дәлелдеп* отыр, социал-демократтардың практика жүзіндегі ісі көрсетіп отыр.

Социал-демократтардың демократиялық міндеттері мен демократиялық жұмыстарына көшейік. Тағы да айтамыз, бұл жұмыс социалистік жұмыспен *айрылмастай болып* байланыстырылып отырады. Жұмысшылар арасында насихат жүргізе отырып, социал-демократтар саясат мәселелеріне соқпай өте алмайды және оларға соқпай өтуге немесе тіпті кейін қалдыра тұруға қам етушіліктің қандайын болса да үлкен қате және дүние жүзілік социал-демократизмнің негізгі қағыйдаларынан кейін шегінгендік деп таныр еді. Орыс социал-демократтары, ғылыми социализмді насихаттаумен қатар, жұмысшылар бұқарасының арасында *демократиялық идеяларды* да насихаттауды, абсолютизмнің істеп отырған ісінің барлық түрлері туралы, оның таптық мазмұны туралы, оны құлату

керек екендігі туралы, саяси бостандыққа жетіп, Россияның саяси және қоғам құрылысын демократияландырмайынша жұмысшылар ісі үшін күрестің жемісті болуы мүмкін еместігі туралы түсінік таратуды да өзінің міндеті деп санайды. Социал-демократтар, жұмысшылар арасында экономика жүзіндегі күнделікті талаптарға негіздеп үгіт тарата отырып, бұл үгітті жұмысшы табының саясат жүзіндегі күнделікті мұқтаждарына, жоқшылығына және талаптарына негізделген үгітпен өте тығыз түрде байланыстырып отырады, — әрбір стачкада, жұмысшылардың капиталистермен арасындағы әрбір қақтығысында көрініп отыратын полициялық езушілікке қарсы үгітпен, — жалпы алғанда орыс азаматтары, соның ішінде өте езілген, өте правосыз тап болған жұмысшылардың праволарына қысым жасауға қарсы үгітпен, — абсолютизмнің жұмысшылармен тым жақын қатнасып, жұмысшы табының саясат жүзінде кұл екендігін жұмысшыларға айқын көрсетіп жүрген әрбір көрнекті өкіліне және итаршыларына қарсы үгітпен өте тығыз түрде байланыстырып отырады. Егер де жұмысшы өмірінің экономика жүзіндегі мәселелерінің экономикалық үгіт үшін пайдаға асыруға жатпайтыны жоқ болатын болса, нақ сол сыяқты, саясат жүзіндегі мәселелердің саяси үгітке дерек болмайтыны да жоқ. Үгіттің бұл екі түрі социал-демократияның ісінде, бір медальдың екі беті сыяқты, айыруға келместей тығыз байланысты. Экономикалық үгіт пен саяси үгіттің екеуі де бірдей пролетариаттың таптық сезімін күшейту үшін керек, экономикалық үгіт пен саяси үгіттің екеуі де бірдей орыс жұмысшыларының тап күресіне басшылық ретінде керек, өйткені тап күресінің қандайы болса да саяси күрес. Бұл екі түрлі үгіттің екеуі де, жұмысшылардың санасын оятып, оларды ұйымдастырып, тәртіпке баулып, оларды ынтымақпен іс істеу үшін және социал-демократиялық идеалдарды жүзеге шығару жолында күресу үшін тәрбиелеп, жұмысшыларға күнделікті мәселелер, күнделікті мұқтаждықтар арқылы өздерінің күшін байқауға мүмкіншілік береді, олардың өзінің дұшпанына тізе батырып кейбір уступкалар алып, өзінің экономикалық халін түзеп, капиталистерді ұйымдасқан жұмысшылардың күшімен санасуға күштеуіне, үкіметті жұмысшылардың правола-

рын кеңейтіп отыруға, олардың талаптарына назар салуға күштеуіне, берік социал-демократия ұйымы бастаған, үкіметке қарсы жұмысшы бұқараның алдында үкіметті ұдайы қорқынышта ұстауына мүмкіншілік береді.

Біз *социалистік* насихат пен үгіттің де, *демократиялық* насихат пен үгіттің де бір-біріне өте жақын екендігін, бұл екі ықпалдың екеуінде де революциялық жұмыстың толық қатар жүріп отыратындығын көрсеттік. Бірақ іс пен күрестің бұл екі түрінің арасында өте зор айырмашылық та бар. Бұл айырмашылық: экономика жүзіндегі күресте пролетариат жер қожасы-дворяндарға да, буржуазияға да қарсы жападан жалғыз тұрады, бәлкі ұсақ буржуазияның ішіндегі пролетариатқа жақынырақ тұрған элементтерден көмек алса алатын да болар (онда да ол әрқашан болып тұратын көмек емес). Ал демократиялық, *саяси* күресте орыс жұмысшы табы жалғыз емес; онымен бірге абсолютизмге қас болып, оған қарсы не анадай не мынадай бір формада күресіп отырған барлық оппозицияшыл элементтер, халықтың оппозицияшыл топтары мен оппозицияшыл таптар шығады. Бұл ретте пролетариатпен *қатар* буржуазияның, не оқымысты таптардың, не ұсақ буржуазияның, не абсолютизмнен қысымшылық көріп отырған халықтардың, не діндер мен секталардың және тағы-тағылардың оппозицияшылық пікірдегі элементтері тұрады. Жұмысшы табы бұл элементтерге қалай қарауы керек? Ал содан кейін, жұмысшы табы абсолютизмге қарсы жалпы бірлесіп күресу үшін олармен бірігуге тиіс емес пе? — деген сұрау өзінен өзі келіп туады. Социал-демократтардың бәрі де Россияда саяси революция социалистік революцияның алдында болу керек деп таныды ғой, абсолютизмге қарсы күресу үшін саясат жүзінде оппозицияшыл элементтердің бәрімен бірігіп алып, социализмді әзірше кейінге қалдыра тұру керек емес пе, абсолютизмге қарсы күресті күшейту үшін осылай істемесе болмайды емес пе?

Бұл екі мәселенің екеуін де қарастырып көрейік.

Абсолютизмге қарсы күрес ері болған жұмысшы табының саясат жүзінде оппозицияшыл қоғам таптары мен қоғам топтарына қалай қарайтындығын алсақ, бұл социал-демократизмнің атақты «Коммунистік манифесте»

айтылған негізгі принциптерінде ап-анық белгіленген. Социал-демократтар реакцияшыл таптарға қарсы қоғамның прогрессивтік таптарын қолдайды, привилегиялы және сословиелі жериелігінің өкілдеріне қарсы және чиновниктерге қарсы буржуазияны қолдайды, ұсақ буржуазияның реакцияшыл арман-тілегіне қарсы ірі буржуазияны қолдайды. Бұл қолдау социал-демократтық емес программалармен және принциптермен қандай да болса ымыраға келу керек дегендік емес және оны керек қылмайды. Бұл — нақ осы дұшпанға қарсы одақтасты қолдау, онда да социал-демократтар бұл ретте қолдағанда, барлығына бірдей дұшпанның құлауын тездету үшін қолдайды, бірақ олар бұл уақытша одақтастардан өздері үшін ешнәрсе күтпейді де, оларға ешқандай жол бермейді де. Социал-демократтар қазіргі қоғам құрылысына қарсы революцияшыл қозғалыстардың қандайын болса да, езілген халықтардың, қысымда жүрген діндердің, кемшілікте жүрген сословиелердің және тағы сол сыяқтылардың теңдік жолындағы күрестерінің қандайын болса да қолдайды.

Саяси оппозицияшыл элементтерді қолдау социал-демократтардың насихаттарында мына түрде болады: социал-демократтар жұмысшы ісіне абсолютизмнің қас екендігін дәлелдей отырып, оның не анадай, не мынадай бір қоғам тобына қас екендігін де көрсетеді, жұмысшы табының кейбір мәселелер жөнінде, кейбір міндеттер жөнінде топтармен ынтымақтас екендігін және тағы басқаларды көрсетеді. Бұл қолдау үгіт жүзінде мына түрде болады: социал-демократтар абсолютизмнің полициялық езгісінің әрбір көрінісін пайдаланып, жұмысшыларға бұл езгінің жалпы алғанда барлық орыс халқына, соның ішінде айрықша езілген сословиелерге, халықтарға, діндерге, секталарға және тағы басқаларға қалай тиетіндігін және бұл езгінің, әсіресе жұмысшы табына қандай әсер ететіндігін көрсетеді. Ең соңында, практикада бұл қолдау мына түрде болады: орыс социал-демократтары кейбір, жеке мақсаттарға жету үшін басқа бағыттардағы революционерлермен одақтар жасасуға даяр және бұл даярлығы талай рет іс жүзінде көрсетілген. Бұл жерде біз екінші мәселеге де жуықтап келеміз.

Не анадай, не мынадай бір оппозицияшыл топтардың жұмысшылармен ынтымақтас екендігін көрсете отырып, социал-демократтар әрқашан да жұмысшыларды айрықша алып отырады, бұл ынтымақтың уақытша және шартпен істелген ынтымақ екендігін ұдайы түсіндіріп отырады, күні ертең өзінің бүгінгі одақтастарының дұшпаны болып кетуі мүмкін пролетариаттың таптық өзгешелігін неғұрлым айқын көрсетіп отырады. Бізге: «бұлай деп нұсқау беру қазіргі уақытта саяси бостандық жолындағы барлық күрес ерлерін *босаңсытады*» деушілер болар. Бұлай деп нұсқау беру саяси бостандық жолындағы барлық күрес ерлерін күшейтеді, — деп жауап береміз біз. Белгілібір *таптардың ұғылған* шын мүдделеріне сүйенген күрес ерлері ғана күшті болады, ал бұл кездегі қоғамда қазірдің өзінде-ақ ролі басым болып отырған бұл таптық мүдделерді бүркемелеушіліктердің қандайы болса да күрес ерлерін тек қана босаңсытады. Бұл бір. Ал, екіншіден, абсолютизмге қарсы күресте жұмысшы табы өзін айрықша ұстап отыруы керек, өйткені тек сол жұмысшы табы ғана абсолютизмнің ақырына дейін табанды және анық дұшпаны бола алады, тек жұмысшы табы мен абсолютизмнің арасында ғана ымыраға келушілік болуы мүмкін емес, тек жұмысшы табы ғана демократизмді ешбір сөзсіз, тайсалмастан, кейінге қарайламай қолдай алады. Халықтың басқа таптарының, топтарының, жіктерінің бәрінің де абсолютизмге дұшпандығы сөзсіз болып отыратын *тыянақты* дұшпандық емес, олардың демократизмі әрқашан да кейінге қарайлап отырады. Өнеркәсіптің және қоғамның дамуына абсолютизмнің кедергі болып отырғандығын буржуазия түсінбей отыра алмайды, бірақ ол саясат және қоғам құрылысын бүтіндей демократияландырып жіберуге қорқады, сондықтан қашан да болса пролетариатқа қарсы абсолютизммен одақтасып кете алады. Усак буржуазияның жаратылысының өзі екі жүзді болғандықтан ол, бір жағынан, пролетариатқа, демократизмге тартатын болса, екінші жағынан, ол реакцияшыл таптарға тартады, тарихты тоқтатуға тырысады, абсолютизмнің экспериментіне, ойыншық етуіне (Александр III-нің «халық саясаты» сыяқты түрде болса да) беріліп кетуге бейім, өзінің

ұсақ меншікшілдік халін нығайту үшін билік жүргізіп тұрған таптарға қосылып, пролетариатқа қарсы одақ жасасуға бейім. Оқымысты адамдар, жалпы «интеллигенция», адам ойына және білімге ұу жайып отырған абсолютизмнің полициялық тағы езгісіне қарсы көтерілмей тұра алмайды, бірақ бұл интеллигенцияның тіршілік мүдделері оны абсолютизмге, буржуазияға бағынышты етеді, тұрақсыз болуға, ымыраға келуге, өзінің оппозицияшыл және революцияшыл отын қазнадан берілетін жалақыға болмаса пайда үлесіне не дивидент үлесіне ортақтасуға сатып кетуге күштейді. Ал енді, езілген халықтар мен қуғында жүрген діндердің ішіндегі демократияшыл элементтерге келсек, халықтың бұл сыяқты түрінің ішіндегі тап қайшылығы барлық таптардың бірігіп абсолютизмге қарсы болып, демократияшыл мекемелерді жақтап ынтымақтасуынан гөрі, анағұрлым тереңірек, анағұрлым күштірек екенін әркім-ақ көріп, біліп отыр. Ақырына дейін табанды демократ болу, абсолютизмге ешқандай жол бере алмайтын, онымен ымыраға келе алмайтын батыл жау болу тек пролетариаттың ғана қолынан келеді, өзінің таптық халіне қарай оның солай болмасқа лажы да жоқ. Тек пролетариат қана саяси бостандық жолында, демократияшыл мекемелер құру жолында *алдыңғы қатарлы күрес ері* бола алады, өйткені, 1-шіден, не жоғарғы өкіметке қолы жетпей, не тіпті чиновниктерге де қолы жетпей, не қоғам пікіріне әсер ете алмай отырған пролетариаттың тұрмысына ешқандай өзгеріс енгізуге болмай отырғандықтан, саяси езгі бұл тапқа басқалардың бәрінен де күшті әсер етеді. Ал, 2-шіден, саяси және қоғам құрылысын демократияландыру ісін *аяқтату* тек пролетариаттың ғана қолынан келеді, өйткені мұндай демократияландыру бұл құрылысты жұмысшылардың қолына берген болар еді. Міне сондықтан да жұмысшы табының демократиялық ісін басқа таптар мен топтардың демократизмімен *қосу* демократиялық қозғалыстың күшін *нашарлатар еді*, саяси күресті *нашарлатар еді*, оның батылдығын, табандылығын кемітіп, неғұрлым ымыраға келгіш етер еді. Мұның керісінше, жұмысшы табын демократияшыл мекемелер жолындағы *алдыңғы қатарлы күрес ері* ретінде *айрықша* шығару

демократиялық қозғалысты күшейтеді, саяси бостандық жолындағы күресті күшейтеді, өйткені жұмысшы табы демократияшыл және саяси оппозицияшыл элементтердің басқаларының бәріне де ілгері басуы жөнінде итермеші болып отырады, либералдарды саяси радикалдарға бұл кездегі қоғамның бүкіл саяси және әлеуметтік құрылысымен бүтіндей айрылысуға итермелейді. Біз жоғарыда Россиядағы социалистердің бәрі де социал-демократ болулары керек дедік. Біз енді оған: Россиядағы шын берілген және табанды демократтардың бәрі де социал-демократ болулары керек деп қосамыз.

Ойымызды мысалмен түсіндірейік. Билеу ісіне маманданған және халықтан бөлек ардақты халге қойылған адамдардың ерекше бір тобы болған чиновниктер, бюрократтар мекемесін алайық. Абсолюттік, жартылай-азиялық Россиядан бастап мәдениетті, бостандықты және цивилизациялы Англияға шейін, жер-жердің бәрінде де, буржуазиялық қоғамның қажетті органы болған осы мекемені көреміз. Россияның надандығына және оның абсолютизміне, халықтың чиновниктер алдында бүтіндей правосыздығы, ардақталған бюрократияның мүлдем бақылаусыздығы сәйкес келеді. Англияда билеу орнының үстінен халықтың күшті бақылауы бар, бірақ онда да бұл бақылау әлдеқайда жеткіліксіз, онда да бюрократия толып жатқан ардақтылық сақтап тұр, олар көбінше халықтың қызметшісі емес, қожасы болып отыр. Қоғамның күшті топтарының бюрократияның ардақты халде болуын қолдап, бұл мекемені толық демократияландыруға кедергі болып отырғандығын Англияда да көріп отырмыз. Бұл неліктен? Бұл — оны толық демократияландыру тек пролетариаттың ғана мүддесі екендігінен: буржуазияның ең алдыңғы қатардағы топтары чиновниктердің кейбір артықшылық праволары болуын жақтайды, барлық чиновниктердің сайланып қойылуына, цензіні бүтіндей жоюға, чиновниктердің турадан-тура халық алдында жауапты болуына және тағы басқаларға жан-тәнімен қарсы шығады, өйткені ондай етіп мүлдем демократияландырып жіберуді пролетариаттың буржуазияға қарсы пайдаланып кететіндігін бұл топтар сезеді. Россияда да солай. Бетімен кеткен озбыр, жауапкерсіз,

парақор, тағы, надан, арам тамақ орыс чиновниктеріне орыс халқының өте көп және барынша әралуан топтары қарсы көтеріліп отыр. Бірақ осы топтардың пролетариаттан басқасының *бір-де бірі* чиновниктерді толық демократтандыруға жол бермес еді, себебі басқа топтардың бәрінің де (буржуазияның, ұсақ буржуазияның, жалпы «интеллигенцияның») оларды чиновниктермен жалғастырып тұрған байланыстары бар, бұл топтардың бәрі де орыс чиновниктерінің *туысқаны*. Әулие Русьте интеллигент-радикалдың, интеллигент-социалистің император үкіметінің чиновнигіне айналып кетуінің — кеңсе ен-жарлығының көлемінде «пайда» келтіріп отырмын деп, өзін өзі жұбатып отырған чиновникке айналып кетуінің, — осы «пайдасы» мен өзінің саяси индифферентизмін өзінің шыбыртқы және қамшы үкіметінің алдында малайлығын ақтап отырған чиновникке айналып кетуінің оп-оңай болып отыратындығын кім білмейді? Абсолютизм мен орыс чиновниктеріне тек *пролетариат* қана ақыйқат дұшпан, тек *пролетариаттың* ғана оны бұл дворяндық буржуазияшыл қоғамның органдарымен жалғастыратын ешбір *байланыстары* жоқ, олармен бітіспестік түрде дұшпандасып, батыл түрде күресу тек пролетариаттың ғана қолынан келеді.

Өзінің тап күресін социал-демократияның басшылығымен жүргізіп отырған пролетариаттың орыс демократиясының алдыңғы қатарлы күрес ері екендігін дәлелдей отырып, біз бұл жерде, орыс социал-демократиясы саяси мәселелерді және саяси күресті кейінге қалдырады деген, көп тараған, өте өрескел пікірді кездестіреміз. Көріп отырмыз, бұл пікір — ақыйқатқа турадан-тура қарсы пікір. Социал-демократияның бұл бұрын да сан рет жазылған және орыс социал-демократтарының алғашқы баспасөздерінде де, — «Еңбекті азат ету»⁸⁵ тобының шет елдегі кітапшалары мен кітаптарында жазылған принциптерін мұншама таң қаларлықтай түрде түсінбеушілікті неден деп түсіндіруге болады? Біздің ойымызша, бұл тамаша фактыны мына үш түрлі жағдайдан деп түсіндіруге болады:

Біріншіден, ісінің программалары мен жоспарларын жасағанда, осы елде шын өмір сүріп тұрған, араларында

тарих туғызған белгілібір өзара қатнастары бар таптарды есепке алуға сүйемей, дерексіз идеяларға сүйеіп жауауға әдеттеніп қалған ескі революцияшыл теория өкілдерінің социал-демократизмнің принциптерін жалпы түсінбеуінен. Нақ осы, орыс демократиясын қолдайтын *мүдделерді* шын талқылаудың жоқтығы, орыс социал-демократиясы орыс революционерлерінің демократиялық міндеттерін көмескі қалдырады-мыс деген пікір туғызуы ғана мүмкін еді.

Екіншіден, экономикалық мәселелер мен саяси мәселелерді, социалистік іс пен демократиялық істі бір бүтін етіп, *пролетариаттың* бірыңғай тұтас тап күресі етіп біріктірудің демократиялық қозғалысты және саяси күресті бәсеңдетпейтіндігін, қайта күшейтіп, оны халық бұқарасының нақты мүдделеріне жуықтататындығын, саяси мәселелерді «интеллигенттердің тар кабинеттерінен» көшеге, жұмысшы және еңбекші таптардың ортасына шығаратындығын, саяси езгінің дерексіз идеяларын, оның іс жүзіндегі көріністеріне, — ауыртпалығы көбінше пролетариатқа тиіп отырған және социал-демократияның өзінің үгітіне негіз етіп отырған көріністеріне ауыстыратындығын түсінбеушіліктен. Орыс радикалына, көбінше социал-демократ алдыңғы қатарлы жұмысшыларды турадан-тура және қолма-қол саяси күреске шақырудың орнына жұмысшы қозғалысын дамыту, пролетариаттың тап күресін ұйымдастыру міндетін көрсетеді, сөйтіп, социал-демократ өзінің демократизмінен *шегіншектеп*, саяси күресті кейінге қалдырып отырған сыяқты болып көрінеді. Бірақ егер бұл жерде шегіншектеу бола қойғанда да, ол „il faut pesuler pour mieux sauter!“ (қаттырақ секіру үшін шегіну керек), деген француз мәтелінің айтқанындай шегіну шығар.

Үшіншіден, жете түсінбеушілік «саяси күрес» деген түсініктің өзінің, бір жағынан народоволец пен народо-правошыл үшін, екінші жағынан, социал-демократ үшін әртүрлі маңызы болғандықтан туып отыр. Социал-демократтар саяси күресті басқаша түсінеді, олар оны ескі революцияшыл теориялардың өкілдеріне қарағанда *анағұрлым кең* түрде түсінеді. Бұл оғаш болып көрінуі мүмкін болған қағыйданы бізге ««Народоволецтер то-

бының» Летучий Листогінің» 1895 жылы 9 декабрьдегі 4-номері айқын түрде дәлелдейді. Бұл кездегі народволецтер арасындағы пікір-сананың терең және жемісті жұмыс істеп отырғандығын дәлелдейтін бұл баспасөзді жан-тәнімізбен құттықтаумен бірге, ескі народволецтердің саяси күресті басқаша түсінетіндігін өте бадырайта көрсететін, П. Л. Лавровтың «Программа мәселелері туралы» (19—22-беттері) деген мақалаларын көрсетіп кетпеуімізге болмайды* П. Л. Лавров, народволецтердің программасының социал-демократтар программасына қалай қарайтындығы туралы айта келіп: «...Мұнда маңызды мәселе біреу және тек жалғыз-ақ: абсолютизмнің тұсында және абсолютизмге қарсы бағыттағы революцияшыл партияны ұйымдастырмай отырып, күшті жұмысшы партияны ұйымдастыру мүмкін бе?» деп жазады (21-бет, 2-бағана); шамалы жоғарырақта (1-бағана) нақ соны айтады: «...абсолютизм үстемдігінің тұсында, абсолютизмге қарсы революцияшыл партияны ұйымдастырмай-ақ, орыс жұмысшы партиясы ұйымдастырылсын» дейді. П. Л. Лавров үшін өте мәнді болып отырған бұл айырмашылықтар бізге тіпті түсініксіз. Бұл қалай? «Абсолютизмге қарсы бағыттағы революцияшыл партиядан басқа жұмысшы партиясы»?? Жұмысшы партиясының өзі революцияшыл партия емес пе? Ол абсолютизмге қарсы бағытта емес пе? Бұл өрескел түсініксіз нәрсеге П. Л. Лавровтың мақаласының мына бір жері түсінік береді: «Орыс жұмысшы партиясының ұйымын нағыз құтырып тұрған абсолютизмнің өмір сүріп тұрған жағдайларында құруға тура келеді. Егер социал-демократтар осыны істей алса, істегенде абсолютизмге қарсы барлық шарттарына келтіріліп жасалған саяси заговорды**

* П. Л. Лавровтың 4-номерде басылған мақаласы — «Материалдарға» арналған үлкен хатының «үзіндісі» ғана. Быйыл (1897) жаздыгүні шет елде толық түрінде П. Л. Лавровтың хаты да, Плехановтың жауабы да басылып шықты деп есіттік, бірақ олардың ешқайсысын да көре алмадық. Редакция» «Народволецтер тобының» Летучий листогінің» 5-номерінде П. Л. Лавровтың хаты жөнінде өз атынан мақала жазбақшы болып уәде беріп еді, бізге сол 5-номердің шыққан-шықпағаны да белгісіз. 4-номердің 22-б. 1-бағанасындағы ескертуді қараңыз.

** Курсив біздікі.

қоса ұйымдастырмай отырып істей алса, онда әрине, олардың саяси программасы орыс социалистерінің программасы болар еді, өйткені жұмысшыларды олардың өз күштері мен бостандыққа жеткізу ісі жеріне келген болар еді. Мүмкін емес нәрсе болмаған күнде бұл өте екі талай нәрсе» (21-бет, 1-бағана). Істің мәні міне осындай! Народоволец үшін саяси күрес деген түсінік саяси заговор деген түсінікпен бір мағнада! Мойынға алу керек, бұл сөздерімен П. Л. Лавров народоволецтер мен социал-демократтардың саяси күрес тактикасы жөніндегі негізгі айырмашылығын шынында толық түрде айқын көрсете алған. Бланкизмнің⁸⁶ дәстүрлері, заговоршылдық народоволецтерде адам шошырлықтай күшті, оның күштілігі сонша, олар саяси күрес, саяси заговор түрінде ғана болады деп түсінуден басқаша түрде түсіне алмайды. Социал-демократтарға келсек, олардың дүниеге мұндай тар көзқараспен қарайтындық кінасы жоқ; олар заговорға сенбейді; заговордың заманы алдақашан өтіп кетті, саяси күресті заговор ғана деп тану — оның мәнін шектен тыс тарылту, бұл бір жағынан, ал екінші жағынан — күрестің ең қолайсыз әдісін тандап алу деп ойлайды. П. Л. Лавровтың «Батыстың ісі орыс социал-демократтарына сөзсіз үлгі болады» (21-бет, 1-бағанаға) деген сөзі тек айтыстың бір амалы ғана екендігін, ал шынында орыс социал-демократтарының біздің саяси жағдайларымызды ешқашан да ұмытпағандығын, Россияда жарыя жұмысшы партиясын құру мүмкін деп ешқашан да ойламағандығын, социализм жолындағы күрес мәселелерін саяси бостандық жолындағы күрес мәселелерінен ешқашан да бөлектемегендігін әркім-ақ біледі. Бірақ олар бұл күресті заговоршылар емес, жұмысшы қозғалысына сүйенген революцияшыл партия жүргізу керек деп әрқашан да ойлап келді және әлі де солай ойлауда. Олар абсолютизмге қарсы күрес — заговорлар жасау ретінде болмау керек, пролетариатты тәрбиелеу, тәртіпке баулу және ұйымдастыру ретінде болу керек, жұмысшылар арасында, абсолютизмнің көріністерінің қандайына болса да қарғыс таңбасын басатын, полиция үкіметінің серілерінің бәрін де бетін тіліп әйгілеп масқаралайтын және бұл үкіметті күштеп, жеңілдіктер

алып бере алатын саяси үгіттер жүргізу түрінде болу керек деп ойлайды. С.-Петербургтегі «Жұмысшылар табын азат ету жолындағы күрес одағының» ісі нақ осындай емес пе? Бұл ұйым, ешбір заговор ұйымдастырмай-ақ және өзінің күшін нақ сол социалистік күрес пен демократиялық күресті Петербург пролетариатының біріккен тұтас тап күресі етіп қосудан ала отырып-ақ, жұмысшы қозғалысына сүйеніп пролетариаттың тап күресіне, капиталға қарсы және абсолютті үкіметке қарсы күреске басшылық етіп отырған, революцияшыл партияның нақ бастамасы емес пе? Социал-демократия бастаған пролетариаттың зор саяси күш екендігін, онымен қазірдің өзінде амалсыздан үкімет те санасып, оған жеңілдіктер бергенше асығып отырған күш екендігін «Одақтың» ісі, оның соншалық қысқа уақыттылығына қарамастан, қазірдің өзінде дәлелдеп отырған жоқ па? 1897 жылғы 2 июнь заңы оны жүргізудің асығыстығымен де, өзінің мазмұнымен де өзінің маңызы — пролетариатқа амалсыздан берілген жеңілдік екендігін, орыс халқының дұшпанынан жаулап алған позициясы екендігін айқын көрсетеді. Бұл жеңілдік өте жартымсыз, позиция тым сәл-ақ, бірақ жұмысшы қозғалысының бұл жеңілдікті зорлап алып отырған ұйымы да, не зорлығы жөнінен, не беріктігі жөнінен, не өмір сүруінің ұзақтығы жөнінен, не тәжірибе, немесе қаражаты молдығы жөнінен пәлендей көрнекті ұйым емес қой: «Күрес одағының» 1895/96 жылы ғана құрылғаны, оның жұмысшыларға жазған үндеуі де гектографқа, литографқа басқан листоктар ғана екені жұртқа белгілі ғой. Осы ұйым Россиядағы жұмысшы қозғалысының ең болмағанда ірі орталықтарын (С.-Петербург, Москва-Владимир, Оңтүстік округтер және Одесса, Киев, Саратов және басқалары сыяқты өте ірі маңызы бар қалалар) қамтыйтын болса, оның революцияшыл органы болса және орыс жұмысшыларының арасында, «Күрес одағының» С.-Петербург жұмысшыларының арасындағы беделіндей, беделі болса — мұндай ұйым қазіргі Россияда өте ірі саяси фактор болатындығын, үкіметтің өзінің бүкіл ішкі саясатында да, сыртқы саясатында да санаспаса лажы жоқ фактор болатындығын бекер деуге бола ма? Пролетариаттың тап күресіне

басшылық ете отырып, жұмысшылар арасында ұйымды және тәртіпті күшейте отырып, олардың ең таяудағы экономикалық мұқтаждарына жетісу жолында күресуіне және капиталдан позиция үстіне позицияны күшпен алып отыруына жәрдемдесе отырып, жұмысшыларды саясат жөнінен тәрбиелеп және абсолютизмді ұдайы табжылтпай қуғындай отырып, полиция үкіметінің ауыр шенгелін жұмысшыларға барынша салып жүрген патшаның баскесерлерінің бәрін де әшкерелей отырып, — мұндай ұйым, әрі жұмысшы партиясының біздің жағдайларымызға сәйкестірілген ұйымы болар еді, әрі абсолютизмге қарсы бағыттағы өте күшті революцияшыл партия болар еді. Бұл ұйымның абсолютизмді бүтіндей жойып жіберу үшін қандай шара қолданатыны туралы, ол, мысалы, көтерілісті қолайлы деп таба ма болмаса жаппай саяси стачканы қолайлы деп таба ма әлде шабуыл жасаудың басқа бір жолын қолайлы деп таба ма, — бұл туралы алдын ала сөз қылып, бұл мәселені қазір шешу жай әңшейін бос доктринерлік болған болар еді. Бұл — генералдардың әскерді жыйнамай, оған мобилизация жасамай, жауына қарсы жорыққа алып шықпай тұрып соғыс кеңесін ашкандары сыяқты болар еді. Ал пролетариат армиясы табжылмастан және берік социал-демократия ұйымының басшылығымен өзінің экономикалық және саяси азаттығы үшін күрескен кезде, — ол кезде қыймылдың әдістері мен шараларының қандай болуы керек екендігін генералдарға бұл армияның өзі көрсетеді. Сол кезде, тек сол кезде ғана абсолютизмді түпкілікті жою туралы мәселені шешуге болады, өйткені мәселенің шешуі нақ сол жұмысшы қозғалысының қандай күйде тұрғандығына, оның көлеміне, қозғалыстан туған күрес әдістеріне, қозғалысқа басшылық етіп отырған революцияшыл ұйымының қандай ұйым екендігіне, қоғамның басқа элементтерінің пролетариатқа және абсолютизмге көзқарастарына, ішкі және сыртқы саясаттың жағдайларына, бір сөзбен айтқанда, алдын ала болжауға болмайтын және алдын ала болжаудан ешбір пайда жоқ мың сан жағдайларға байланысты.

Сондықтан П. Л. Лавровтың мына бір пікірі де шектен тысқары орынсыз:

«Егер оларға (социал-демократтарға), қайткенмен де, капиталмен күресу үшін жұмысшы күштерін топтап қана қоймай, сонымен бірге, абсолютизммен күресу үшін революцияшыл жеке адамдар мен топтарды бірлестіруге тура келсе, онда орыс социал-демократтары, өздерін қалай атағанымен де *іс жүзінде* (курсив автордікі) өздерінің дұшпандарының, народоволецтердің программасын қабылдайды. Қауымға, Россиядағы капитализмнің тағдырына, экономикалық материализмге көзқарастар жөніндегі айырмашылық — нағыз іс үшін маңызы өте аз нәрсе және жеке міндеттерді, негізгі пункттерді дайындаудың жеке жолдарын шешуге жағдай туғызатын немесе кедергі болатын жай ғана нәрсе, бірақ — мұнан артық емес» (21-бет, 1-бағана).

Орыс өмірінің және орыс қоғамының дамуының негізгі мәселелеріне, тарихты түсіну жөніндегі негізгі мәселелерге көзқарастар жөніндегі айырмашылықтың тек «жай нәрсе»мен ғана қатысы болады-мыс деген бұл соңғы қағыйданың дұрыс емес екендігін тіпті дәлелдеп жатудың өзі оғаш нәрсе! Революциялық теориясыз революциялық қозғалыстың болуы да мүмкін емес екендігі алдақашан айтылған, солай болған соң *қазіргі кезде* бұл сыяқты ақыйқатты дәлелдеп жатудың қажеті бола қояр ма екен. Тап күресінің теориясын, орыс тарихын материалистік жолмен ұғынуды және Россияның қазіргі экономикалық және саяси халіне материалистік баға беруді, революциялық күресті белгілібір таптың белгілібір мүддесіне тіреп, ол таптың басқа таптарға көзқарасын талдауды, — осы өте ірі революциялық мәселелерді «жай ғана нәрсе» деп атаудың дұрыс емес екендігі және революциялық *теорияның* ветерандарынан мұндай нәрсенің күтілмегендігі соншалық, біз бұл жерін жай *lapsus** деп айтуға даярмыз деуге болады. Ал көшіріліп алынып отырған тираданың бірінші жартысын алсақ, оның әділсіздігі мұнан да бетер сорақы. Орыс социал-демократтары абсолютизммен күресу үшін революцияшыл адамдар мен топтарды бірлестірмей, капиталмен күресу үшін (басқаша айтқанда, тек экономикалық күрес үшін!) ғана, жұмысшы күштерін топтаумен ғана

* — жаңылып айтқан сөз. *Ред.*

болып отыр деп баспасөз бетінде айту, бұл — орыс социал-демократтарының ісі туралы жалпыға мәлім фактыларды не білмегендік не білгісі келмегендік болады. Болмаса, П. Л. Лавров Россияда практика жүзінде қызмет істеп отырған социал-демократтарды «революцияшыл адамдар» деп, «революцияшыл топтар» деп бәлки есептемейтін шығар? Болмаса (сірә, осы дұрысырақ болу керек) абсолютизммен «күресу» дегенді ол абсолютизмге қарсы заговор жасау ғана деп ұғатын шығар? (21-бет, 2-бағанадағы «...іс революциялық *заговор* ұйымдастыру... туралы болып отыр» дегенді салыстырып көріңіз; күрсив біздікі). Бәлки, П. Л. Лавровтың пікірінше, саяси заговорлар жасамаған адам саяси күрес те жүргізбейтін шығар? Тағы да айтамыз: мұндай көзқарас баяғы ескі народоволюционердің дәстүрлеріне әбден сәйкес келеді, бірақ ол бұл кездегі саяси күрес туралы ұғымға да, бұл кездегі шындыққа да сәйкес келмейді.

Енді народопрavoшылар туралы бірнеше сөз айтуымыз керек. Біздің ойымызша, П. Л. Лавровтың: социал-демократтар «народное-правoшылардың пікірін неғұрлым ашық айтатын адамдар деп ұсынады және де өздері олармен қосылып кетпей отырып қана, оларды қолдауға даяр» (19-бет, 2-бағана) деуі өте дұрыс; тек бұған: народопрavoшылар табанды демократтар ретінде шығып *отырғандықтан*, оларды пікірін неғұрлым ашық айтатын *демократтар* дейді, деп қосу керек еді. Амал не, бұл шарттың қазіргі шындық болуынан гөрі болашақ тілек болып қалуы басым. Народопрavoшылар демократиялық міндеттерді халықшылдықтан және «орыс социализмінің» жалпы ескірген түрлерімен байланыстан арылтқысы келетіндігін білдірді, бірақ олар өздерінің тек қана саяси қайта құрулар партиясын — «элеуметтік (?!)-революцияшыл» партия деп атап, (1894 жылдың 19 февралында шыққан, олардың «Манифесін» қараңыз) және өздерінің «манифесінде» «халық правосы деген түсінікке халық өндірісін ұйымдастыру кіреді» деп (бұл цитатаны, амалсыздан есімізде қалған сөзі бойынша келтіріп отырмыз), сөйтіп, бәз-баяғы халықшылдық жоққа сенушілікті ештеп өткізіп жіберіп, олардың өздері сол бұрынғы жоққа сенушіліктен әлдеқайда арыл-

маған, әлдеқайда табансыз болып шықты. Сондықтан, сірә, П. Л. Лавровтың бұларды «перде жамылған саясатшылар» (20-бет, 2-бағана) деп атауын тіпті дұрыс емес деуге болмас. Бірақ, бәлкім, народоправошылыққа көшпелі ғылым деп қарау анағұрлым әділірек болар, бұл ғылымның халықшылдық доктриналардың өз алдына ерекше жаратылыстылығынан ұялғандығын, полициялық таптық абсолютизмнің алдында саяси қайта құрулар емес, экономикалық қайта құрулар болғаны дұрыс («Народное право» партиясы шығарған «Өте қажетті мәселені» қара) деп жүрген халықшылдықтың нағыз оңбаған реакционерлерімен ашықтан-ашық айтыс ашқандығын оның сіңірген еңбегі демеске болмайды. Егер (П. Л. Лавровтың жоруынша 20-бет, 20-бағана) народоправошылар партиясында өзінің социалистік туын тактикалық түрлермен көлегейлеп жасырып жүрген, тек социалист емес саясатшылар пердесін жамылған бұрынғы социалистерден басқа шындығында ешкім де жоқ болатын болса, — онда, әрине, бұл партияның ешбір келешегі жоқ. Ал егерде, бұл партияның ішінде перде жамылмаған, шындығында социалист емес саясатшылар да, социалист емес демократтар да бар болатын болса, — онда бұл партияның келтіретін пайдасы аз болмауы мүмкін, өйткені ол біздің буржуазияның саяси оппозицияшыл элементтерімен жақындасуға тырысады, біздің ұсақ буржуазия ұсақ саудагерлер, ұсақ қолөнершілер және т. б. табының — тап болғанда, Батыс Европада жер-жердің бәрінде де демократиялық қозғалыста өзінің ролін атқарған таптың, біздің Россияда реформа заманы кезінде мәдениет жөнінен және басқа реттерде ерекше тез табыстарға жеткен таптың және ірі заводшыларды, ақша және өнеркәсіптің ерекше ірі-монополистерін өте арсыздықпен қолдап отырған полициялық үкіметтің езгісі жапына батпауы мүмкін болмаған осы таптың саясат жүзінде өзін өзі тану санасын оятуға тырысады. Мұның үшін народоправошылар бәз-баяғы «интеллигенциямен», — бұқараның шын мүддесінен қол үзіп алыстап кеткен уақытта қолынан түк келмейтіндігін «Өте қажетті мәселе» де мойындап отырған «интеллигенциясымен», — бола бермей, нақ сол халықтың әртүрлі топтарымен жақын-

дасуды өзінің міндеті етіп қоюлары ғана қажет. Мұның үшін народоправошылар қоғамның әртүрлі элементтерін қосу және социализмді саяси міндеттерден аулақ салу деген талаптарының қандайын болса да қоюлары керек, олардың халықтың буржуазиялық топтарымен жақындасуға кедергі болатын жалған ұяттарын қоюлары керек, яғни олардың социалист емес саясатшылар программасын сөз қылып қана қоймай, сол программаға сәйкес іс істеп, социализмді керек қылмайтын, бірақ неғұрлым ілгері барған сайын абсолютизмнің тепкісін және саяси бостандықтың қажеттігін соғұрлым күштірек сезетін қоғам топтары мен қоғам таптарының тап ретінде өзін өзі тану санасын оятуы және дамытуы керек.

Орыс социал-демократиясы әлі өте жас. Ол теориялық мәселелер басым орын алған алғашқы бастама күйіне жаңа-жаңа ғана шығып келеді. Ол енді-енді ғана өзінің практикалық жұмысын дамыта бастап отыр. Басқа фракциялардың революционерлері социал-демократияның теориялары мен программаларын сынаудың орнына, қажет болғандықтан, орыс социал-демократтарының *практикалық ісін* сынаулары керек. Және былай деп білу керек: бұл соңғы сынның теориялық сыннан мүлдем өзгеше айырмашылығы бар, оның айырмашылығы сонша, С-Петербург «Күрес одағы» — социал-демократтық ұйым емес екен деген адамның күлкісін келтіретін хабарды жаюға да, мүмкін болып шықты. Бұл сыяқты хабардың шығу мүмкіншілігінің өзі-ақ социал-демократтар саяси күресті елемейді деген ел аузында жүрген айыптаудың дұрыс емес екендігін көрсетеді. Мұндай хабардың шығу мүмкіншілігінің өзі-ақ социал-демократтардың *теориясы* нандыра алмаған бірсыпыра революционерлердің социал-демократтардың *практикасына* на бастағандығын дәлелдейді.

Орыс социал-демократиясының алдында әлі өте зор, болар-болмас қана басталған жұмыс майданы тұр. Орыс жұмысшы табының оянуы, оның стихиялы түрде білімге, бірлесуге, социализмге, өзінің қанаушы, езушілерімен

күресуге ұмтылуы күннен-күнге айқындалып және өріс алып отыр. Орыс капитализмінің соңғы кездегі өте-мөте зор табыстарға жетуі жұмысшы қозғалысының етек алып кеңіп және тереңдеп, тоқталмастан өсетіндігіне кепіл. Қазіргі уақытта біз, сірә, капиталистік циклдың сондай бір кезеңін, — өнеркәсіптің «гүлденіп жатқан», сауданың қарқындап қызып жатқан, фабрикалар өршелене жұмыс істеп, жаңбырдың соңынан қаулап өскен ат-құлақтай, сан-сапат жаңа өндіріс орындары, акционерлік қоғамдар, темір жол құрылыстары және т. т. пайда болып жатқан кезеңін бастан кешіп отырсақ керек. Өнеркәсіптің осы «гүлденуінен» кейін күйреудің (аз болсын, көп болсын омырыла күйреудің) сөзсіз болатындығын алдын ала болжап айту үшін әулиеліктің керегі жоқ. Мұндай күйреу ұсақ шаруалар бұқарасының шаруасын бүліншілікке ұшыратып ойран қылады, жұмысшылар бұқарасын жұмыссыздар қатарына шығарып тастайды, сөйтіп әрбір саналы жұмысшының, әрбір көз жіберіп ойлай алған жұмысшының алдына алдақашаннан-ақ қойылып келе жатқан социализм мен демократизмнің мәселелерін бүкіл жұмысшылар бұқарасының алдына тым қатаң түрде қояды. Орыс социал-демократтарының қам жейтін ісі мынау болу керек: бұл күйреудің кезінде орыс пролетариаты неғұрлым саналы, неғұрлым бірлікті, орыс жұмысшы табының міндеттерін түсінетін болсын, бұл кезде әйдей-әлем пайданы қынадай қырып алып жатқан және болған зыянды әр уақытта да жұмысшылардың мойнына мінгізуге тырысатын капиталистер табына соққы бере алатын болсын, — орыс демократиясына басшылық етіп, орыс жұмысшыларының және бүкіл орыс халқының қол-аяғын шырмап отырған полициялық абсолютизмге қарсы батыл күрес ашу қолынан келетін болсын.

Сонымен, жолдастар, іске кірісейік! Қымбат уақытты босқа өткізбелік! Оянып келе жатқан пролетариаттың мұң-мүдделерін қамтамасыз ету жөнінде, жұмысшы қозғалысын ұйымдастыру жөнінде, революцияшыл топтарды және олардың өзара байланыстарын нығайту жөнінде, жұмысшыларды үгіт-насихат әдебиеттерімен жабдықтау

жөнінде, Россияның түкпір-түкпірлерінің бәрінде бытырап жатқан жұмысшы үйірмелері мен социал-демократиялық топтарды біртұтас *социал-демократияшыл жұмысшы партиясы* етіп біріктіру жөнінде орыс социал-демократтарының алдында көп жұмыстар түрі

**ПЕТЕРБУРГ ЖҰМЫСШЫЛАРЫ МЕН СОЦИАЛИСТЕРІНЕ
«КҮРЕС ОДАҒЫНАН»**

Петербург революционерлері ауыр күндерді бастарынан кешіріп отыр. Үкімет, жуырда туған және өзін сондайлық зор күшпен көрсеткен, жұмысшы қозғалысын жаныштап тастау үшін бар күшін жыйған тәрізді. Қамауға алу есепсіз көбейіп кетті, түрмелер лық толды. Интеллигенттерді, еркектер мен әйелдерді бассалып ұстап жатыр, жұмысшыларды бассалып ұстап, топ-тобымен жер аударып жатыр. Өздерінің жауларына құтырына тиіскен полицейлік үкіметтің құрбандықтары туралы күн сайын дерлік үсті-үстіне хабарлар келіп жатыр. Орыстың революциялық қозғалысының жаңа ағымының нығаюына, аяққа басуына жол бермеуді үкімет өзінің алдына міндет етіп қойып отыр. Прокурорлар мен жандармдар «Күрес одағын» талқандай алдық деп, қазірдің өзінде-ақ мақтануда.

Бұл мақтаныш — жалған мақтаныш. Қаншалық қуғынға түссе де «Күрес одағы» сау. Топ-тобымен қамауға алу жұмысшылар мен социалист-интеллигенттердің арасында үгіт жүргізудің күшті құралы болуымен бірге өз міндетін атқарып жатыр деп, қаза тапқан революционерлердің орнына, орыс пролетариаты үшін, бүкіл орыс халқы үшін күресушілердің қатарына тың күшпен барып қосылуға дайын жаңа революционерлер туып жатыр деп біз толық қанағаттанып айта аламыз. Құрбандықсыз күрес болмайды, сондықтан, патшаның баскесерлерінің айуандық істеріне: революционерлер қаза тапты — жасасын революция! — деп, жәйбарақат жауап береміз.

Қуғынға салуды күшейту осы күнге дейін «Күрес одағының» кейбір істерін уақытша ғана алсіретуге, агенттер мен үгітшілердің уақытша жетімсіздігін тудыруға ғана шамасы келуші еді. Міне енді бізде нақ осындай жетімсіздік сезіліп отыр, және бұл жағдай бізді өз күштеріміз революция ісіне беруді қалайтын барлық саналы жұмысшылар мен барлық саналы интеллигенттерге үндеу жазуға мәжбүр етіп отыр. «Күрес одағына» агенттер керек. Барлық үйірмелер, революциялық қыймылдардың мейлі тіпті тар көлемінде болса да қызмет істегісі келетін барлық жеке адамдар, бұл туралы «Күрес одағы»мен байланысы бар кісілерге білдірсін. (Егер қайсыбір топ мұндай кісілерді таба алмаса, — мұндай жағдай өте сирек болатын болар, — онда олар шетелдік «Орыс социал-демократтарының одағы» арқылы жазуына болады). Қызметкерлер қандай жұмысқа да болсын керек, сондықтан революционерлер революциялық әрекеттердің жеке тарауларына қаншалықты шұғыл маманданса, жұмыстың астыртын әдістерін және өз ісін бүркемелеп істеуді қаншалық жіті ойланса, көрінбейтін, ұсақ жеке жұмыстарға жанкыярлықпен қаншалықты түйықталып кіріссе — барлық жұмысымыз соншалықты ойдағыдай болмақ, жандармдардың және шпиондардың революционерлерді табуы соншалықты қыйын болмақ. Үкіметке қарсы элементтердің қазіргі ошақтарын ғана емес, болуы мүмкін, болуы ықтымал ошақтарын да үкімет өзінің агенттерінің торымен күнілгері торлап алулы. Революционерлерді аулайтын малайларының әрекеттерін үкімет ылғый тереңіне қарай да, көлеміне қарай да дамытуда, жаңа әдістер ойлап табуда, үсті-үстіне жаңартып провокаторларын қоюда, қорқытумен, жалған жауаптармен, өтірік қол қойдырумен, өтірік хат тастатумен және т. т. қамауға алынғандарға қысым жасауға тырысуда. Революциялық дисциплинаны, ұйымдарды, және астыртын жұмысты күшейтпейінше, дамыта түспейінше үкіметке қарсы күресу мүмкін емес. Ал астыртын жұмыс жеке үйірмелер мен жеке адамдардың ең алдымен жұмыстың жеке тарауларына мамандандуды, бірлестіру ісін «Күрес одағының» сан жағынан өте ықшам орталық ұйтқысына беруді талап етеді. Революция-

лық жұмыстың жеке тараулары, неше алуан түрлері есепсіз көп: бізге, жұмысшылар арасында сөйлегенде сотқа тартуға *болмайтын* етіп, тек *a* дегенді өзі айтып, *b* мен *c* ны айтуды басқаларға тапсырып отыра алатын, жарыя үгітшілер керек. Әдебиет пен үндеухат таратушылар керек. Жұмысшы үйірмелері мен жұмысшы топтарын ұйымдастырушылар керек. Болып жатқан барлық оқыйғалар туралы мәлімет жеткізіп тұратын барлық заводтардан, барлық фабрикалардан тілшілер керек. Шпиондар мен провокаторлардың ізін бақылап жүретін агенттер керек. Астыртын пәтерлер ұйымдастыратын адамдар керек. Әдебиет жеткізіп, тапсырмаларды жеткізіп тұратын, түрлі байланыстар үшін кісілер керек. Қаржы жыйнаушылар керек. Жұмысшылармен, фабрика-завод тұрмысымен, әкімшілік орындарымен (полициямен, фабрикалық инспекциямен және т. т.) жуыстығы бар интеллигенцияның және чиновниктердің арасында істейтін агенттер керек. Россияның және басқа елдердің түрлі қалаларымен қарым-қатнас жасап тұратын адамдар керек. Түрліше әдебиетті баспаға бастырып тұрушы адамдар керек, әдебиетті және де басқа заттарды сақтаушы адамдар керек және т. т. және т. б. Жеке адамның не жеке топтың мойнына алған ісі қаншалық бөлшекті және ұсақ болған сайын — сол істі мейлінше жіті ойланып жүргізуге, істің кұлап қалмауын қамтамасыз етуге, түрліше әдіс-айлалар мен жандармдардың қырағылығын алдап кету, астыртын жұмыстың жеке мәселелерін талқылауға мүмкіншіліктер соншалық арта түспек, іс соншалықты ойдағыдай болмақ, полиция мен жандармдар үшін революционерлердің ізіне түсу, олардың ұйымдармен байланысын қадағалау соншалық қыйындамақ, қаза тапқан агенттері мен мүшелерін, жалпы іске залалсыз түрде, басқалармен ауыстыра қою революцияшыл партия үшін соншалық жеңілдемек. Бұлай мамандандырудың қыйын міндет екенін біз жақсы білеміз, — мұның қыйын болатын себебі, бұл жұмыс адамның неғұрлым ұстамды болуын, іске жанқиярлықпен берілуін керек етеді, барлық күш-қайратын көрінбейтін, бір келкі жұмысқа, жолдастармен қарым-қатнасы жок, революционердің бүтін өмірін кұрғақ, қатал тәртіпке бағындырып тастайтын жұмысқа сарп етуін

керек етеді. Бірақ Россияда революциялық жұмыстың үздік іскерлері тек осындай жағдайларда ғана, істің әрбір жағын түгел қамтып әзірлеуге нешелеген жылдарды сарп етіп, мейлінше зор шараларды іске асырған болатын, сондықтан да біз социал-демократтардың жанқиярлығы бұрынғы ұрпақтардың революционерлерінен кем болмайды деп берік сенеміз. Біз өзінің қызметін ұсынып жүрген жеке адамдар мен топтар туралы «Күрес одағы» тиісті мәліметтер жыйнап, тапсырмалар арқылы олардың қабілетін сынау кезіндегі әзірлік дәуір біз ұсынып отырған система бойынша өзінің күш-қайратын революциялық жұмысқа жұмсауға ұмтылып жүрген адамдар үшін өте ауыр болатынын да біз білеміз. Бірақ осындай алдын ала дәмін татпайынша қазіргі заманғы Россияда революциялық істер мүмкін емес.

Өзіміздің жаңа жолдастарға жұмыстың осындай системасын ұсынумен бірге, революциялық жұмыстың неғұрлым ойдағыдай істелуі осы системаның тұсында қамтамасыз етіледі деген, ұзақ уақыттың тәжірибесі тудырған қағыйданы көзіміз толық жетіп айта аламыз.

Владимиръ Ильинъ

ЭКОНОМИЧЕСКІЕ
ЭТЮДЫ И СТАТЬИ.

Къ характеристикѣ экономическаго романтизма. — Пермская кустарная перепись. — Перлы народническаго прожектёрства. — Отъ какаго наслѣдства мы отказываемся? — Къ вопросу о нашей фабрично-заводской статистикѣ

С-ПЕТЕРБУРГЪ

Типо-литографія А. Лейферта Бол. Морская, 65.

1899.

В. И. Ильиннің [В. И. Лениннің] „Экономикалық этюдтер мен мақалалар“ деген мақалалар жыйнағының тысы.

ПЕРМЬ ГУБЕРНИЯСЫНДАҒЫ
 1894/95 ЖЫЛҒЫ МАЙДАГЕРЛІК САНАҚ
 Ж Ә Н Е
 «МАЙДАГЕРЛІК» ӨНЕРКӘСІПТІҢ
 ЖАЛПЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ⁸⁷

1897 жылы айдауда жүргенде жазылған

Бірінші рет 1898 жылы: Владимир Ильин — „Экономикалық этюдтер мен мақалалар“ деген жыйнақта басылды

Вл. Ильин — „Аграрлық мәселе“ деген 1908 жылы шыққан жыйнақтың текстімен салыстырылып, „Экономикалық этюдтер мен мақалалар“ деген жыйнақтың тексті бойынша басылып отыр

БІРІНШІ МАҚАЛА

(I. Жалпы мәліметтер. — II. «Майдагер» және жалдамалы еңбек. — III. «Қауымдық-еңбек сабақтастылығы»).

Пермьдегі ғылыми қоғамдар, земствоның қатысуымен, Нижне-Новгородтағы 1896 жылғы көрмеге арнап: «Пермь өлкесін шолу» деген жалпы тақырыпта көлемді еңбек даярлауға кіріскен. 200 табақтан артық материал жыйналған; басылып шығатын еңбектің бәрі сегіз том болуға тиіс. Оны, әдеттегіше, көрмеге дейін бітіре алмады, әзірге губерниядағы майдагерлік өнеркәсіптің очеркі* жазылған тек бірінші томы ғана басылып шықты. Очерктің негізіне алынған материалдың жаңалығы, байлығы және толықтығы жағынан «Очерк» мейлінше көңіл аударарлық еңбек болып шыққан. Материал 1894/95 жылы земство қаражатымен жүргізілген арнаулы *майдагерлік санақ* арқылы жыйналған, оның үстіне санақ үй басына жүргізіліп, әрбір үй, қожайынынан ауыз-екі сұралып, жеке-жеке мәлімет алынған. Мәліметтерді земство бастықтары жыйнаған. Үй басына жүргізілген зерттеудің программасы өте кең болған: майдагер-қожайындардың семьясындағы адамдарын да, майдагерлер қолданатын жалдамалы еңбекті де, ауыл шаруашылығын да, шикі затты дайындау жөніндегі, өндірістің техникасы жөніндегі, жұмыстың жылдың әр айына бөлінуі жөніндегі, алынған өнімдердің өткізілуі жөніндегі, кәсіп орындардың құрылған уақыты жөніндегі, майдагерлердің борышы жөніндегі мәліметтерді де қамтыған. Біздің білуімізше, мұншалық бай мәліметтер біздің әдебиетімізде бірінші рет басылып отыр дерлік. Бірақ кім-

* «Пермь өлкесін шолу. Пермь губерниясындағы майдагерлік өнеркәсіптің жайы туралы очерк». Пермь губерниясы земствоның қаражатымен басылған. Пермь, 1896. II + 365-бет + 232-бет кесте, 16-диаграмма, және Пермь губерниясының картасы бар. Бағасы 1 с. 50 тыйын.

ге көп берілсе, сонан көп нәрсе талап етілмекші де. Материалдың байлығы, бізге зерттеушілерден бұл материалды жете өңдеп шығуды талап етуге право береді, ал «Очерк» бұл талаптарды әлдеқайда толық қанағаттандыра алмайды. Кесте мәліметтерінде де, ол мәліметтерді жіктеп, өңдеу әдісінде де толып жатқан кемістіктер бар, бұл кемістіктерді кітаптан мәліметтер теріп, тиісті мәліметтерді есептеп шығару арқылы аздап автордың толықтыруына тура келді.

Біз оқушыларды санақ бойынша жыйналған материалмен, оны өңдеу тәсілдерімен, біздің «майдагерлік кәсіптеріміздің» экономикалық жай-жағдайлары жөніндегі мәліметтерден туатын қортындылармен таныстырмақпыз. Біз «экономикалық жай-жағдайы» деген сөздерді баса көрсетеміз, өйткені біз шындықтағы бар нәрсені және бұл шындықтың басқаша болмай, неге бұлай болатындығы туралы мәселе қойып отырмыз. Ал Пермь губерниясы жөніндегі мәліметтерден шыққан қортындыларды «біздегі майдагерлік кәсіп» атаулының бәріне қолдануға болатындығына келсек, онда бұлай қолданудың заңдылығына оқушының төмендегі мәліметтерден көріп, көзі жетер, өйткені Пермь губерниясында «майдагерліктің» түр-түрі өте көп және майдагерлік кәсіптер жайындағы әдебиетте бұрын-соңды көрсетілген майдагерліктің неше түрінің бәрі бар.

Оқушыдан өте-мөте өтініп сұрайтынымыз тек мынау ғана — бұдан былайғы жердегі байымдаудың екі жағын: бір жағынан, нақтылы мәліметтерді зерттеп, өңдегендікті, екінші жағынан, «Очерк» авторларының халықшылдық көзқарастарына берілетін бағаны бір-бірінен мүмкіндігінше дұрыс айыра білуін өтінеміз.

I

ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

1894/95 жылғы майдагерлік өнеркәсіп санағы губернияның барлық уездерінде майдагерлердің 8 991 семьясын қамтыған (жалдамалы жұмысшылардың семьясын қоспағанда), яғни зерттеушілердің басқа мәліметтер бойынша тағы 3 484 семьяны есептеп ұйғарғанындай Пермь губерниясындағы барлық майдагерлердің 72 процентке жуығын қамтыған. Майдагерлердің түріне

қарай «Очеркте» алынған негізгі бөлімдері майдагерлерді екі топқа (кестелерде топтар I, II деп римше цифрлармен көрсетілген), атап айтқанда егін шаруашылығы барлар (I) мен егін шаруашылығы жоқтар (II) тобына айырып көрсетеді; мұнан кейін әрбір топ тағы үш бөлімшеге бөлінген (араб цифрлары: 1, 2, 3), атап айтқанда: 1) еркін сауда-саттық үшін зат істейтін майдагерлер; 2) заказ беруші тұтынушылардың керегін істейтін майдагерлер және 3) заказ беруші алыпсатарлардың керегін өтеу үшін істейтін майдагерлер. Соңғы екі бөлімшелердегі майдагерлер шикі затты көбінесе заказ берушілерден алады. Бұлай етіп топ-топқа бөлушілікке біраз тоқталып өтелік. Майдагерлерді егіншілер мен егінші еместерге бөлудің әбден дәлелді және қажетті нәрсе екені түсінікті. Пермь губерниясында көбіне завод селоларына жыйналған жерсіз майдагерлер өте көп болғандықтан авторлар оларды үнемі осылай топ-топқа бөліп, оны кестеге енгізуге мәжбүр болған. Сонымен біз майдагерлердің $\frac{1}{3}$ нің (8 991 кәсіпорында 19 970 семьялық және жалдамалы жұмысшылар бар), атап айтқанда 6 638 адамның егін шаруашылығы жоқтардың санына қосылатынын көріп отырмыз*. Демек, майдагерлік өнеркәсіптің егіншілікпен байланыстылығы жөніндегі — байланысты болғанда кейде Россияның ерекшелік белгісі ретінде көрсетіліп жүрген байланыстылығы жөніндегі дағдыдағы жорамалдар мен пікірлердің онша дұрыс емес екені осының өзінен-ақ көрініп тұр. Егер «майдагерлердің» қатарынан оларға орынсыз кіргізіліп жүрген село (және қала) қол өнершілерін шығарып тастаса, ол уақытта қалған 5 566 семьяның жерсіздері — 2 268, яғни рынок үшін зат істейтін барлық өнеркәсіпшілердің $\frac{2}{5}$ нен артығырағы болып шығады. Амал не, топ-топқа бөлудің осы негізгі жолы да «Очеркте» бастан-аяқ бірыңғай келтіріліп отырылмаған. I-ден, олай топ-топқа бөлу ісі қожайын майдагерлер жөнінде ғана қолданылған, ал жалдамалы жұмысшылар жөнінде ондай мәліметтер жоқ. Мұндай кемшілік — майдагерлік санағының тек кәсіпорындарын ғана, тек қожайындарды

* Іс жүзінде жерсіз өнеркәсіп иелері үштің бірінен көбірек, өйткені санаққа тек бір ғана қала кірген. Бұл туралы төменде айтатымыз.

ғана есепке алып, жалдамалы жұмысшылар мен олардың семьяларын тегінде ескермей кеткендігінің нәтижесінен болып отырған нәрсе. «Очеркте» бұл сөздердің орнына өте көмескі: «майдагерлік кәсіптермен шұғылданытын семьялар» деген сөздер қолданылған, өйткені майдагерлерге жалдама жұмысшылар жетістіріп отыратын семьялардың «майдагерлік кәсіптермен шұғылдануы» жұмысшы жалдайтын семьялардан кем соқпайтыны түсінікті нәрсе. Жалдамалы жұмысшылардың (олардың саны барлық жұмысшылардың $\frac{1}{4}$ не тең) семьялары туралы үй басына алынған мәліметтердің болмауы — санақтың елеулі кемшілігі болып табылады. Бұл кемшілік — мәселеге бірден-ақ ұсақ өндірушінің тұрғысынан қарап, жалдамалы еңбекті көмескілеп қалдыратын халықшылдарға өте тән кемшілік. Жалдамалы жұмысшылар туралы мәліметтердегі кемшіліктерді біз төменде әлі де болса талай рет кездестіреміз, ал әзірге, жалдамалы жұмысшылардың семьялары туралы мәліметтердің болмауы майдагерлік кәсіптер жайындағы әдебиетте дағдылы іс болғанмен, кейде бұдан басқаша реттердің де болатынын ескертіп өтумен тоқтала тұрамыз. Москва-ның земство санағының еңбектерінде кейде жалға жүретіндердің семьялары туралы бір ізге салынып жыйналған мәліметтер кездеседі; Харизоменов пен Пругавин мырзалардың Владимир губерниясының кәсіптері деген белгілі зерттеуінде мұндай мәліметтер одан да көп, онда кожайындардың семьяларымен қатар жалдамалы жұмысшылардың семьяларын да есепке алатын үй басына жүргізілген санақ мәліметтері бар. 2-ден, зерттеушілер толып жатқан жерсіз өнеркәсіпшілерді майдагерлердің қатарына қосып, әдетте қолданылып келген, мүлде теріс әдісті — қалалық өнеркәсіпшілерді «майдагерлер» қатарынан шығарып тастау әдісін негізсіз етіп шығарды. Шынында да, 1894/95 жылғы майдагерлік санағына жалғыз Кунгур қаласы (кестелердің 33-беті) тек бір қала кіргенін көреміз. Санаққа не себепті тек бір қаланың, дәл осы қаланың кіргені, оның кездейсоқ кіргені немесе бір себебі болғаны белгісіз болып отыр, бұл туралы «Очеркте» ешқандай түсінік жоқ. Жалпы мәліметтерді әбден бүлдіретін көп шатақтар туып отыр. Демек, белгілі бір өнеркәсіп ауданына қала мен қала маңындағы се-

долар түгел кіріп отырса да, майдагерлік санағы, айта келгенде, халықшылдардың деревня («майдагері») мен қаланы бөліп қарайтын әдеттегі қатесін қайталап отыр. Соқыр сенімге және күні өткен сословнелік межелерді асыра бағалаушылыққа негізделген бұл бөлектеушілікті тастайтын мезгілдің жеткеніне де көп уақыт болды.

Село мен қала қолөнершілерін біз жоғарыда әлденеше рет еске алдық, еске алғанда біресе оларды майдагерлерден бөліп қарадық, біресе солардың санына қостық. Іс мынада: мұндай ауытқу, «майдагер» деген терминнің ғылыми зерттеу істеріне жарамсыз екендігін дәлелдей отырып, «майдагерлік» кәсіптер жайындағы әдебиеттің бәріне де тән нәрсе. Рынок үшін зат істейтіндерді ғана, тек товар өндірушілерді ғана майдагерлер санына қосу керек деген пікір жалпы қабылданған пікір делініп есептеледі, бірақ іс жүзіне келгенде, ұсақ қолөнершілерді де, яғни заказ беруші тұтынушылардың керегін істейтін адамдарды да («Очерк» бойынша 2-бөлімше) майдагерлердің қатарына қоспаған майдагерлік кәсіптерінің зерттеуін табу оңай емес. «Майдагерлік өнеркәсіпті зерттеу жөніндегі комиссияның еңбектерінде» де, «Москва губерниясының кәсіптерінде» де қолөнершілердің «майдагерлер» қатарына қосылып кеткенін кездестіресіздер. Біз «майдагер» деген сөздің маңнасы туралы таласуды пайдасыз деп санаймыз, өйткені ғылыми зерттеу жұмыстары үшін мүлде жарамсыз осы салт болып кеткен терминге қосылмаған өнеркәсіптің (машиналы индустрия болмаса) басқа түрінің жоқ екенін біз әлі төменде көреміз. Рынок үшін істейтін товар өндірушілерді (1-бөлімше) тұтынушылардың керегін істейтін (2-бөлімше) қолөнершілерден ашық айыра білу керек екені даусыз нәрсе, өйткені өздерінің қоғамдық-шаруашылық маңызы жағынан бұл өнеркәсіп түрлерінің тұрпаты мүлде әртүрлі. «Очерктің» мұндай айырманы жуыпшайғысы келген әрекеттері өте орайсыз болып шыққан (13, 177-беттерді салыстырып қараңыз); земство-санағының екінші бір бастырылған кітабында Пермь майдагерлері туралы: «қолөнершілердің майдагерлік өнеркәсіппен байланысы өте аз, — аз болғанда осы соңғысы-

ның фабрикалық өнеркәсіппен байланысынан да аз»*, деп өте дұрыс айтылған. Фабрикалық өнеркәсіп те, майдагерлердің 1-бөлімшесі де *товарлы өндіріске* жатады, ал 2-бөлімшеде *товарлы өндіріс* жоқ. Сол сыяқты алыпсатарлардың (және фабриканттардың) керегін өтеу үшін істейтін майдагерлердің 3-бөлімшесін де толық айыра білу керек, олардың алғашқы екі бөлімшедегі майдагерлерден *мәнді* айырмасы бар. Майдагерлік өнеркәсіп дейтінді зерттеушілердің бәрінің топ-топқа бөлудің осы жолын берік ұстап, жай сөздегі терминге беталды мағна беру орнына, дәлме-дәл саяси-экономикалық терминдерді қолдануларын тілемеске болмайды.

«Майдагерлердің» топтарға және бөлімшелерге бөлінуі туралы мәліметтер келтірейік:

	I топ				II топ				Жыйыны
	Бөлімшелер			Барлығы	Бөлімшерер			Барлығы	
	1	2	3		1	2	3		
Кәсіп орындарының саны	2 285 37,3	2 821 46,1	1 013 16,6	6 119 100	935 32,6	604 21,0	1 333 46,4	2 872 100	8 991 —
Жұмысшылардың саны									
{ Семейлы жұмысшылар	4 201	4 146	1 957	10 304	1 648	881	2 233	4 762	15 066
{ Жалдамалы жұмысшылар	1 753	681	594	3 028	750	282	844	1 876	4 904
{ Барлығы	5 954	4 827	2 551	13 332	2 398	1 163	3 077	6 638	19 970
Жалдамалы жұмысшылары бар кәсіп орындарының саны	700	490	251	1 441	353	148	482	983	2 424

Бұл мәліметтерден қортынды шығармас бұрын, Кунгур қаласының II топқа кіргенін, сонымен, екінші топта село және қала өнеркәсіпшілері туралы аралас мәліметтер бар екенін ескертіп өтейік. Село өнеркәсіпшілері мен қолөнершілерінің ішінде анағұрлым басым бола отырып, егіншілердің (I топ) өнеркәсіп түрлерін дамыту жағынан егінші еместерден (II топ) анағұрлым артта екенін осы кестеден көріп отырмыз. Егіншілердің жабайы қол-

* Е. Красноперовтың: «Екатеринбург қаласындағы 1887 ж. Сибирь-Урал ғылыми-өнеркәсіп көрмесінде көрсетілген Пермь губерниясының майдагерлік өнеркәсібі» деген еңбегі. 3-кітап. Пермь. 1888 — 1889. I кітабы, 8-беті. Біз осы пайдалы кітаптан цитаталар келтіріп отырмыз; келтіргенде: «Майдагерлік өнеркәсіп» деп қысқаша атап, кітабын және бетін көрсетіп отырмыз.

өнер кәсібі, рынок үшін өнім өндіруге қарағанда, әлдеқайда күштірек дамыған. Екінші еместер арасында капитализмнің мықтап өркендегені жалдамалы жұмысшылар процентінің, жалдамалы жұмысшылары бар кәсіпорындар мен алыпсатарлардың керегін өтеу үшін істейтін майдагерлер процентінің көптігінен айқын көрініп отыр. Демек, екіншілікпен байланыстылық өнеркәсіптің өте-мөте артта қалған түрін алға бастырмайды, ал мұның керісінше, өнеркәсіпте капитализмнің дамуы екіншіліктен араны аулақ салуға апарып соғады. Амал не, бұл мәселе жөнінде бізде анық мәліметтер жоқ, сондықтан осындай жөн сілтейтін деректермен қанағаттануға тиіспіз. Мысалы, тегінде Пермь губерниясының село халқының екіншілер мен жерсіздер арасында қалай бөлінетінін біз «Очерктен» біле алмаймыз, сондықтан кәсіпшілік жұмыстарының халықтың бұл топтарының қайсысында күштірек дамығанын салғастыра алмаймыз. Өнеркәсіп аудандары туралы (зерттеушілердің бұл жөнінде өте анық мәліметтері, әрбір селение туралы өзалдына жеке мәліметтері болды), өнеркәсіпшілердің екінші емес, заводтық, жалпы сауда-өнеркәсіпті селоларда жыйнақталуы туралы, өнеркәсіптің әрбір тарауының орталықтары туралы, кәсіптердің осы орталықтардан сол маңдағы селоларға тарауы туралы өте қызық мәселе де ескерілмей қалған. Егер бұған: кәсіпорындардың (олар туралы төменде, III §-та айтылады) құрылған уақыты туралы үй басына алынған мәліметтер кәсіптердің өркендеу сыйпатын анықтауға мүмкіндік беріп келді, яғни олардың орталықтан сол маңдағы селоларға тарайтын-тарамайтындығын немесе бұған керісінше, екіншілер арасында яки екінші еместер арасында күштірек тарайтын-тарамайтындығын және басқаларын анықтауға мүмкіндік беріп келді дегенді қоссақ, ол уақытта мәліметтердің жеткілікті өңделмеуіне қынжылмасқа болмайды. Бұл мәселе жөнінде біздің ала алатын бар мәліметіміз — кәсіптердің уезд-уезге қалай таралатыны туралы мәліметтер. Оқушыларды осы мәліметтермен таныстыру үшін, «Очеркте» ұсынылған уездерді топ-топқа бөлу (31-бет) тәртібімен пайдаланайық: 1) «еркін сауда-саттық үшін зат істейтін майдагерлердің проценті бәрінен де көп және сонымен қабат, майдагерлік өнеркәсібінің даму дә-

режесі басқаларға қарағанда бір шама жоғары тұрған уездер» — 5 уезд; 2) «майдагерлік кәсіптері басқаларға қарағанда бір шама нашар дамыған, бірақ рынок үшін зат істейтін майдагерлерінің саны басым болып отырған уездер» — 5 уезд және 3) «майдагерлік өнеркәсібінің даму дәрежесі жоғары емес, бірақ тұтынушылардың заказын өтеу үшін істейтін майдагерлерінің саны көбінше басым болып отыратын уездер» — 2 уезд. Уездердің осы топтары бойынша басты-басты мәліметтерді қорыта келіп, мынадай кесте аламыз (401-б. қараңыз).

Бұл кестеден мына төмендегідей қызықты қортындылар аламыз: уездер тобындағы селолық өнеркәсіп неғұрлым көбірек дамыған болса, 1) село қолөнершілерінің проценті соғұрлым аз болады, яғни товарлы өндіріс қолөнерін соғұрлым ығыстыра түседі; 2) майдагерлер процентінің соғұрлым көбі егінші емес халыққа косылатын болады; 3) капиталистік қатнастар соғұрлым күштірек өркендейді, тәуелді қолөнершілердің проценті соғұрлым арта түседі. Уездердің үшінші тобында селолық қолөнершілер басым болып отыр (барлық майдагерлердің 77,7 проценті); сонымен қатар мұнда егіншілер де басым (тек 5,7 проценті ғана егінші еместер), ал капитализм мардымсыз ғана дамыған: мұнда небары 7,2 проценті жалдамалы жұмысшылар және алыпсатарлардың керегін істейтін 2,7 процент қана семьялы-майдагерлер, яғни небары 9,9 проценті тәуелді майдагерлер бар. Уездердің екінші тобында, бұған керісінше, қолөнерді әлден-ақ ығыстыра бастаған товарлы өндіріс басым болып отыр: мұнда тек қана 32,5 процент қолөнершілер бар. Егінші-майдагердің проценті 94,3 проценттен 66,2 процентке дейін кеміп отыр; жалдамалы жұмысшылардың проценті төрт еседен аса артып отыр: 7,2 проценттен 32,1 процентке дейін артып отыр; алыпсатарлардың керегін істейтін семьялылардың проценті де, аса көп болмағанмен де, артыл отыр, сонымен тәуелді майдагерлердің жалпы проценті 38,4 процент — олардың жалпы санының $\frac{2}{5}$ бөлегіндей дерлік болып отыр. Ақырында, уездердің бірінші тобында товарлы өндіріс қолөнерін одан бетер ығыстыра түсіп отыр, мұндағы қолөнері «майдагерлердің» жалпы санының небары $\frac{1}{5}$ бөлегін ғана (21,8 процентін) қамтыйды, ал мұнымен қатар егінші

Уездердің топтары	Майдагерлердің саны:																
	Еркін сауда-сағтық үшін істейтіндері			Алып сатарлардың керегін істейтіндері			Тұтынушылардың керегін өтейтіндері			Барлығы							
	Семья жұмыс-барлары	Жалдамалы жұмысшы барлары	Барлығы	Семья жұмыс-барлары	Жалдамалы жұмысшы барлары	Барлығы	Семья жұмыс-барлары	Жалдамалы жұмысшы барлары	Барлығы	Семья жұмыс-барлары	Жалдамалы жұмысшы барлары	Барлығы					
	4 160	1 702	5 862	3 930	1 397	5 327	2 501	623	3 124	10 591	3 722	14 313	48,2	53,4	21 320	15 483	36 803
1) Майдагерлік өнеркәсібі көбірек дамыған 5 уезде	—	—	—	27,4	—	—	—	—	21,8	—	—	100	—	—	57,9	42,1	100
2) Майдагерлік өнеркәсібі нашарлау дамыған 5 уезде	1 436	904	2 340	259	158	417	1 077	252	1 329	2 772	1 314	4 086	67,5	38,4	7 335	3 740	11 075
3) Колөнері басым 2 уезде	340	5	399	56	—	56	1 499	88	1 587	1 895	147	2 042	22,3	9,9	5 998	364	6 362
	—	—	—	2,7	—	—	—	—	77,7	—	7,2	100	—	—	94,3	5,7	100
Жыйыны	5 936	2 665	8 601	4 245	1 555	5 800	5 077	963	6 040	15 258	5 183	20 441	70,5	46,1	34 653	19 587	54 240
	—	—	—	20,8	—	—	—	—	29,5	—	25,3	100	—	—	63,9	36,1	100

1) 1-топтағы уездер — Шадринск, Кунгурск, Красноуфимск, Екатеринбург және Осинск уездері; 2-топтағылар — Верхотурск, Пермь, Ирбитск, Оханск және Чердынск уездері; 3-топта — Соликамск және Камышловск уездері.
 2) „Тәуелді“ майдагерлер деп біз: а) жалдамалы жұмысшыларды және б) алыпсатарлардың керегін өтеу үшін істейтін семьяларды айтамыз.
 3) Мұндағы майдагерлердің саны жоғарыда келтірілгендегідей емес, өйткені „Очерктегі“ уездер бойынша келтірілген цифрлар (30—31-б.) қосымшаға енгізілген кестені жыйнағынан өзгеше.

емес — өнеркәсіпшілердің саны 42,1 процентке дейін артып отыр; жалдамалы жұмысшылардың проценті біраз кеміп отыр (32,1 проценттен 26 процентке дейін), бірақ оның есесіне алыпсатарларға тәуелді семьялардың проценті орасан көбейе түскен, атап айтқанда 6,3 проценттен 27,4 процентке дейін көбейген, сонымен тәуелді майдагерлердің бәрін қосқанда майдагерлердің тең жартысынан асып түскен — 53,4 процент болып шыққан. «Майдагерлері» өте көп (абсолютті және относительдік түрде) аудан — капитализмнің өте-мөте дамыған ауданы болып отыр: товарлы өндірістің өсуі қолөнерін артқа ығыстырады, капитализмді дамытады және кәсіптерді егінші емес халықтың қолына өткізеді, басқаша айтқанда өнеркәсіпті егіншіліктен бөлектейді (немесе кәсіптерді егінші емес халықтың қолына жыйнауы мүмкін). Жалдамалы жұмысшылары екінші топтағыдан аз, бірақ алыпсатарлардың керегін істейтіндері көп уездердің бірінші тобындағы капитализмді неғұрлым дамыған капитализм деп есептеу дұрыс бола ма деп оқушының құмандануы мүмкін. Үйге жұмыс алып істеу дегеніміз капитализмнің төменгі формасы, деп қарсы шығуы мүмкін. Алайда, біз төменде бұл алыпсатарлардың көбінің ірі фабриканттар екендігін, капиталистік ірі кәсіпориндарын немденіп отырғанын көреміз. Бұл жердегі үйге жұмыс алып істеу, — өндіріс пен капиталдың бір қолға әбден шоғырланғандығын (кейбір алыпсатарларға 200—500 мыңға дейін және одан да көп адам жұмыс істейді), еңбектің көбірек бөлінгендігін көрсете отырып, демек, даму дәрежесі жағынан капитализмнің неғұрлым жоғары формасы бола отырып, — *фабриканың шылауы* болып табылады. Капиталистік мануфактураның капиталистік жай кооперацияға жататыны сыяқты, бұл форма жалдамалы жұмысшылары бар қожайынсымақтың ұсақ мастерскойына жататын форма.

«Очеркті» құрастырушылардың «өндірістің майдагерлік формасын» «капиталистік формаға» негізінен қарама-қарсы қойғысы келген әрекеттерін, В. В. мен Н. — он мырзалар бастаған барлық Россия халықшылдарының ежелгі соқыр сенімдерін қайталайтын пікірді, жоғарыда келтірілген мәліметтер мейлінше теріске шығарып отыр. Пермь халықшылдары бұл екі форманың арасындағы

«негізгі айырмашылықты» мынада деп біледі: — алғашқысында «өндіріс құралдары мен өндіріс заттарының және сонымен бірге өндіріс өнімдері түріндегі еңбектің барлық нәтижелерінің еңбекке тиісті» (3-б.) болатындығында деп біледі. Біз енді мұның жалған екендігін ешбір күмансыз айқын айта аламыз. Егер біз майдагерлер санына тіпті қолөнершілерді қоссақ та, сонда да *«майдагерлердің»* көбісі бұл шарттарға тура келмейді: 1-шіден, бұған жалдамалы жұмысшылар тура келмейді, ал олар 25,3 процент; 2-шіден, алыпсатарлардың керегін істейтін семьялылар тура келмейді, өйткені өндіріс заттары да, еңбектің нәтижелері де оларға тимейді, олар істеген жұмыстарына ғана қарай ақы алады; ондайлар 20,8 процент; 3-шіден, майдагерлер тобының 1-ші және 2-ші бөлімшелеріндегі жалдамалы жұмысшылар ұстайтын семьялылар тура келмейді, өйткені — олар жалғыз өз еңбектерінің «нәтижелерін» ғана иемденіп қоймайды. Ондайлар, сірә, 10 процент шамасында болу керек (1-ші және 2-ші бөлімшелердегі 6 645 кәсіпорындарынан 1 691 кәсіпорын, яғни 25,4 проценті жалдамалы жұмысшылар ұстайды; 1 691 кәсіпорындағы семьялылар, сірә, 2 000нан кем болмауы керек). Міне мұның бәрінің жиынтығы 25,3 процент + 20,8 процент + 10 процент = 56,1 процент «майдагер» болып отыр, яғни майдагерлердің тең жарымнан көбі бұл шарттарға тура келмейді. Басқаша айтқанда, тіпті Пермь губерниясы сыяқты қараңғы және шаруашылық жағынан артта қалған осындай губернияда қазірдің өзінде-ақ, не жалға жалданушы, не басқаларды жалдап алушы, не қанаушы, не каналушы *«майдагер»* басым болып отыр. Ал мұндай есеп үшін қолөнерін шығарып тастап, товарлы өндірістің бір өзін алған анағұрлым дұрыс болады. Қолөнерінің өнеркәсіптің әбден ескірген түрі екені сонша, тіпті, артта қалғандық Россияның бақыты — деп сан рет көпіре сөйлеген отаншыл халықшылдардың арасынан да (В. В., Южаков мырзалар мен олардың серіктері à la*) өнеркәсіптің сол түрін қорғауға және оны өз армандарының «кепілі» етіп көрсетуге ашықтан-ашық және тікелей бел байлаған

* — сыяқтылар. Ред.

адам табыла қоймады. Пермь губерниясында орталық Россияға карағанда қолөнері әлі де болса өте дамыған болып отыр: бұл жөнде нілдеу (немесе бояғыш) кәсіпшілігі сыяқты кәсіпті көрсетсек, соның өзі жеткілікті. Бұл — шаруалардың қол тоқымаларын өнерлеп қолдан бояу кәсібі, шаруалардың бұл тоқымалары Россияның онша шеткері емес жерлерінде фабрика маталарына алдақашан орын берді. Бірақ Пермь губерниясында да қолөнері қазірдің өзінде әлдеқайда екінші орынға ығыстырылған: тіпті село өнеркәсібінде де қолөнері тек қана 29,5 процент, яғни қолөнерінің үштен бірінен азы қолөнершілерге тән. Ал қолөнершілерін шығарып тастасақ, біз рынок үшін зат істейтін 14 401 майдагер қалатынын көреміз; олардың ішінен 29,3 проценті жалдамалы жұмысшылар, ал 29,5 проценті алыпсатарлардың керегін істейтін семьялар, яғни тәуелді «майдагерлер» 58,8 процент болып шығады, бұған жалдамалы жұмысшылары бар 7—8 процент қожайынсымақтар қосылады, яғни барлығын қосқанда майдагерлердің 66 процентке жуығы, капитализмнен айырмашылығы емес, капитализмге негізгі екі түрлі ұқсастығы бар «майдагерлердің» үштен екісі болады, атап айтқанда, ол ұқсастық мынау: 1-шіден, олардың бәрі товар өндірушілері, ал капитализм дегеніміз кемеліне келіп дамыған товар шаруашылығы ғана; 2-шіден, олардың көбісі капитализмге тән жұмысшы күшін сатып алу-сату қатнастарында болатын майдагерлер. «Очеркті» құрастырушылар «майдагерлік» өндірісте жалдамалы еңбектің ерекше маңызы бар және оның себептерінің «жөні де» бар, деп оқушыны сендіруге күш салады; бұл сендірулерімен олардың келтірген мысалдарын біз өз орнында (§ VII) қарап өтеміз. Ал бұл арада, товарлы өндіріс үстемдік еткен жерде, және жалдамалы еңбек кездейсоқ қолданылмай, ұдайы қолданылған жерде капитализмнің барлық белгілерінің болатындығын атап көрсетудің өзі жеткілікті. Капитализмнің мешеулігі туралы, оның ұрық күйінде ғана екені туралы, оның ерекше түрлері жөнінде сөз қылуға болады, бірақ іс жүзінде негізгі ұқсастықты көрсететін нәрсені «негізгі айырмашылық» деп есептеу — шындықты бұрмалағандық болады.

Реті келгенде тағы да бір бұрмалаушылықтың болғанын айта кетелік. «Очерктің» 5-бетінде: «майдагердің өн-

діретін бұйымдары... көбінесе жергілікті жерден тауып алынатын заттардан дайындалады» делінген. Мұны тексеру үшін «Очеркте» дәл осы пункт жөнінде мәліметтер бар, атап айтқанда ол мәліметтер: мал шаруашылығы мен егіншілік өнімдеріне қарағанда хайуанат өнімдерін ұқсататын майдагерлердің губерния уездеріне қалай бөлінетінін; орман-тоғайдың есебіне қарай өсімдік өнімдерін ұқсататын майдагерлердің; губернияда шығарылатын шойын мен темірдің есебіне қарай металдарды ұқсататын майдагерлердің губерния уездеріне қалай бөлінетінін салыстырып шыққан. Бұл салыстырудан үш уезде хайуанат өнімдерін ұқсататын осындай майдагерлердің 68,9 проценті бар екендігі көрініп отыр, оның бержағында бұл уездердегі мал басының өзі тек қана 25,1 процент, ал егіс көлемі тек қана 29,5 процент екен, яғни түптура керісінше екен, сонымен «Очерктің» дәл сол жерінде: «хайуанат өнімдерін қайта жұмыстауға негізделген өндірістің даму дәрежесінің жоғары болуы көбінесе шеттен әкелінетін шикізат арқылы камтамасыз етіліп отыр, мысалы, Кунгур және Екатеринбург уездерінде, жергілікті былғары заводтары мен майдагерлердің тері илеуіштерінде ұқсатылатын иленбеген шикі терілер арқылы камтамасыз етіліп отыр, осы уездердің майдагерлік кәсіптерінің ең бастысы — шарық жасау өндірісіне керекті материал сол былғары заводтары мен тері илеуіштерден істеліп шығады» (24—25) делінген. Демек, мұндағы майдагерлік кәсіптері жергілікті капиталистердің тек былғары саудасы жөнінде жасайтын ірі айналыстарына ғана негізделіп қоймай, сонымен қатар, заводшылардан шала біткен заттар алып отыруға да негізделіп құрылған, басқаша айтқанда майдагерлік кәсіптер дамыған товар айналысы мен капиталистік былғары кәсіп орындарының нәтижесі, шылауы болған. «Щадринск уезінде шеттен әкелінетін шикізат, — уездің басты кәсібі — пима басу кәсібіне материал болатын, — жүн-жұрқа». Сонсоң, өсімдік өнімдерін ұқсатуда майдагерлердің 61,3 проценті 4 уезге жыйнақталған. Ал оның бержағында губерниядағы орман-тоғай десятинасының жалпы санының небары 20,7 проценті осы 4 уезде. Бұған, керісінше, орман-тоғайдың 51,7 проценті бар 2 уезде өсімдік өнімдерін ұқсататын небары 2,6 процент майдагер бар (25-б.), яғни бұл

арада да дәл керісінше көрінеді, сөйтіп осы арада «Очерк» шикізат шеттен әкелінген, дейді (26-б.)*. Демек, біз мынадай аса қызық фактыны: майдагерлік кәсіптердің дамуынан бұрын (бұл дамудың шарты болып) көптен терең тамыр жайған *товар айналысының* болғанын байқап отырмыз. Бұл жағдайдың аса зор маңызы бар, өйткені ол, 1-шіден, майдагерлік кәсіптер мүшелерінің бірі ғана болып табылатын товарлы шаруашылықтың өлдекашаннан-ақ құралғанын көрсетеді, сондықтан біздің майдагерлік өнеркәсібімізді әлі де болса түрлі жолдармен жүре «алады»мыс деген қайдағыбір *tavula rasa*** тәрізді нәрсе етіп көрсету сорақылық болады. Мысалы, зерттеушілер: «темір жолға дейінгі заманда ғана емес, тіпті реформаға дейінгі заманда да өлкенің сауда-өнеркәсіптік бейнесін ашып көрсеткен жол қатнастары» Пермьнің «майдагерлік өнеркәсібінің өзіне бұрынғыша әсер етіп отыр» (39-б.) дегенді хабарлайды. Шынында, Кунгур қаласы Уралдан бергі жердегі жол қатнасының торабы болды: сол арқылы Кунгур мен Екатеринбургті байланыстыратын, ал тармағы Щадринскіні байланыстыратын Сибирь трактысы өтеді; ал Кунгур арқылы екізшібір коммерциялық тракт — гороблагодат трактысы өтеді, бұл тракт Кунгурды Осамен қосады. Ақырында, бірқ трактысы Кунгурды Красноуфимскімен қосады. «Сонымен, губернияның майдагерлік өнеркәсібінің жол қатнастарының торабы болатын аудандарға жыйналғанын Уралдың бергі бетінде—Кунгур, Красноуфимск мен Осинск уездеріне; ал Уралдың арғы бетінде — Екатеринбург, Щадринск уездеріне жыйналғанын көріп отырмыз (39-б.). Нақ осы 5 уезд майдагерлік өнеркәсібінің дамуы жағынан уездердің бірінші тобы болатындығын және ол уездерде барлық майдагерлердің 70 проценті бар екендігін оқушының есіне сала кетейік. 2-шіден, бұл жағдай, майдагерлік өнеркәсібіндегі «айырбас ұйымының» шынына келгенде алдақашан құрылғандығын, құрылғанда да оны бүкіл россиялық купецтерден басқа ешкім де құр-

* Майдагерлердің бұл екі түрі, яғни хайуанат өнімдері мен өсімдік заттарын ұқсататындар барлық майдагерлердің 33 проценті + 28 проценті = 61 проценті болады. Металл ұқсату жұмысында 26 процент майдагер (20-б.).

** — кіршіксіз орын. *Ред.*

мағанын бізге көрсетіп береді; мұжықтың майдагерші қамқоршылары бұл ұйым туралы қалай болса солай аузына келгендерін көкіп жүр. Төменде біз мұны қостайтын әлі де бірсыпыра дәлелдерді кездестіреміз. Майдагерлердің тек үшінші разряды (металл ұқсатушылар) бойынша ғана өндірілген шикізаттың бөлінуі мен майдагерлердің оны ұқсатуы арасында сәйкестік бар екен: шойын мен темірдің 70,6 проценті өндірілетін 4 уезде осы разрядтағы майдагерлердің 70 проценті жыйналған. Бірақ мұндағы шикізаттың өзі қазірдің өзінде-ақ «майдагер» жөнінде «өзалдына көзқарастары» бар тау-кен завод ірі өнеркәсібінің жемісі болып отыр, оның ол көзқарастарын төменде көреміз.

II

„МАЙДАГЕР“ ЖӘНЕ ЖАЛДАМАЛЫ ЕҢБЕК

Енді Пермь губерниясының майдагерлік кәсіптеріндегі жалдамалы еңбек туралы мәліметтерді баяндауға көшейік. Жоғарыда келтірілген жалпы цифрларды қайталамай-ақ, өте-мөте көңіл қоюды керек қылатын проценттік қатнастарды көрсетумен шектелеміз:

	I топ				II топ				Жыйыны	
	Бөлімшелер			Барлығы	Бөлімшелер			Барлығы		
	1	2	3		1	2	3			
Кәсіпорындардың проценттері	Жалдамалы жұмысшылары барлар	30,6	17,4	24,1	23,6	37,8	24,4	36,1	34,2	26,9
	Жалаң ғана жалдамалы жұмысшылары барлар	1,3	1,2	0,7	1,1	1,6	1,4	0,3	1,0	1,1
	6 және одан артық жалдамалы жұмысшылары барлар	2,0	0,1	1,4	1,1	1,3	0,8	0,4	0,8	0,9
Жалдамалы жұмысшылар	29,4	14,1	23,2	22,7	31,2	29,3	27,4	28,3	24,5	
Орта есеппен I кәсіпорынға келетін жұмысшылар саны	Семьялылар	1,8	1,5	1,9	1,6	1,7	1,4	1,6	1,6	1,6
	Жалдамалылар	0,75	0,23	0,57	0,48	0,78	0,43	0,63	0,63	0,52
Барлығы	2,6	1,7	2,5	2,1	2,5	1,8	2,2	2,2	2,1	
3 және одан артық семьялы жұмысшылары бар кәсіпорындардың проценті	20,3	7,8	20,9	15,1	18,5	8,6	14,3	14,6	14,9	

Демек, біз егіншілерден гөрі егінші еместерде жалдамалы жұмысшылар процентінің көп екендігін, ал бұл айырмашылықтың көбінесе 2-ші бөлімшеге байланысты екендігін көріп отырмыз: қолөнерші-егіншілердегі жалдамалы жұмысшылардың проценті — 14,1 процент, ал егінші еместерде — 29,3 процент, яғни екі еседен де көп. Қалған екі бөлімшедегі жалдамалы жұмысшылардың проценті І-ші топтағыға қарағанда ІІ-ші топтағыдан сәл артығырақ. Бұл құбылыс егінші халық арасында капитализмнің өте мешеу дамығандығының нәтижесі екендігі жоғарыда ескертіліп өтілген болатын. Басқа халықшылдардың барлығы сыяқты, Пермь халықшылдарының да мұны егіншілердің артықшылығы деп жарыялайтындығы түсінікті нәрсе. Белгілі қоғамдық-шаруашылық қатнастардың мешеулігі мен артта қалғандығын артықшылық деп есептеуге бола ма деген жалпы мәселе жайында таласып жатпай-ақ, біз егіншілердің бұл артықшылығы олардың табысты аз табатындығында екенін біз төменде келтіретін мәліметтерден көрінетіндігін ғана ескертіп өтеміз.

Жалдамалы еңбекті пайдалану жағынан *топтар арасында* болатын айырмашылықтың *бір топтың бөлімшелері арасындағы* айырмашылығынан кем болатынын атап көрсетудің көп мәні бар нәрсе. Басқа сөзбен айтқанда, өнеркәсіптің экономикалық құрылысы (қолөнершілер — товар өндірушілер — алыпсатарлардың жұмысшылары) жалдамалы еңбекті пайдалану дәрежесіне әсер еткенде егіншілікпен байланыстың болуы немесе ол байланыстың болмауының әсер етуінен гөрі күштірек әсер етеді. Мысалы, ұсақ товар өндіруші-егінші егінші-қолөнершіден гөрі егінші емес ұсақ товар өндірушіге көбірек ұқсайды. І-ші топтың 2-ші бөлімшесіндегі жалдамалы жұмысшылардың проценті тек қана 14,1 процент болып отырғанда, І-топтың 1-бөлімшесінде 29,4 процент, ал ІІ-ші топтың І-ші бөлімшесінде — 31,2 процент болып отыр. Сондай-ақ алыпсатардың керегін өтейтін егінші қолөнерші-егіншіден гөрі алыпсатардың керегін өтейтін егінші еместерге (жалдамалы жұмысшылар 23,2 процент және 27,4 процент) көбірек ұқсайды. Бұл бізге ел ішінде товарлы-капиталистік қатнастардың жалпы үстем болуының өнеркәсіпте қатысатын егінші мен егінші емес

терді қалай теңгеретіндігін көрсетеді. Майдагерлердің табыстары туралы мәліметтер бұл теңгеруді одан да айқынырақ етіп көрсетеді. 2-ші бөлімшенің өзгешелік жері бар екендігі жоғарыда ескертілген; ал егер жалдамалы жұмысшылардың проценті жөніндегі мәліметтердің орнына орта есеппен I кәсіпорынға келетін жалдамалы жұмысшылардың саны жөніндегі мәліметтерді алып қарайтын болсақ, сонда біз, қолөнерші-егіншілердің басқа бөлімшелердің егіншілерінен гөрі егінші емес қолөнершілерге жақынырақ тұратындығын (I кәсіпорынға 0,23 және 0,43 жалдамалы жұмысшы келеді) көреміз. Екі топтағы қолөнершілердің бір кәсіп орнындағы адамдарының орта мөлшері бірдей деуге болады (кәсіпорынға 1,7 және 1,8 адамнан келеді), ал әрбір топтың жеке бөлімшелерінде бұл орта мөлшер зор ауытқып отырады (I: 2,6 және 1,7; II: 2,5 және 1,8).

Әрбір бөлімшедегі кәсіпорында істейтін жұмысшылардың орта мөлшері жөніндегі мәліметтер де мына бір тамаша фактыны — екі топтағы қолөнершілерде бұл орта мөлшердің ең аз екендігін: әр мастерскойға 1,7 және 1,8 жұмысшыдан келетіндігін көрсетеді. Олай болса, қолөнершілердің арасында анағұрлым бытыраңқы өндіріс, жалғыз-жарымдаған өндірушілердің мейлінше окшаулығы, өндірісте кооперацияның өте аз қолданылуы басым болып отыр. Бұл жағынан екі топта да бірінші орын алатындар бірінші бөлімшелер, яғни еркін сауда-саттық үшін зат істейтін қожайынсымақтар бірінші орын алады. Мұнда мастерскойдағы істейтін адамдар — өте көп (2,6 және 2,5 адам); көп семьялы майдагерлер мұнда бәрінен де көп (атап айтқанда 3 және одан көп семьялы жұмысшылары бары 20,3 процент және 18,5 процент; I-ші топтың 3-ші бөлімшесінің сәл өзгешелігі бар, ондағы семьялы жұмысшылар 20,9 процент); мұнымен қатар жалдамалы еңбекті бәрінен де көп қолданады (бір мастерскойға 0,75 және 0,78 жалдамалы адамнан келеді); ірі кәсіпорындары бәрінен де көп (6 және одан көп жалдамалы жұмысшылары бар кәсіпорындары 2,0 процент және 1,3 процент). Демек, өндірістегі кооперация мұнда анағұрлым кең көлемде қолданылып отырылады, ал бұған семья адамдары өте көп болып жалдамалы еңбекті аса көп қолдану арқылы жетеді (әр кәсіп орнына 1,8 және

1,7 семьялы жұмысшыдан келеді; 1-ші топтың 3-ші бөлімшесінің аз ғана өзгешелігі бар, ондағы семьялы жұмысшы 1,9 адам).

Бұл соңғы жағдай, майдагерлік өндірістегі жалдамалы еңбек бар болғаны семьялық еңбекті «толықтырады» деген үстем болып жүрген халықшылдық доктриналардың дұрыстығына күмандануға мәжбүр ете отырып, бізді, «майдагерлердегі» семьялық еңбек пен жалдамалы еңбектің өзара қатынасы жөніндегі аса маңызды мәселеге бастап әкеледі. Пермь халықшылдары осы пікірді қостайды, қостағанда «Очерктің» 55-бетінде былай дейді: ең ауқатты майдагерлердің (1-ші топ) семьясындағы адамдарының аса көп болуы «майдагерлер мен кулактардың мүдделерін бірдей деушілікті» теріске шығарады, ал «егер майдагер өз семьясының барлық күшін пайдаланып, өз өндірісін нығайтуға және дамытуға ұмтылмай, кулактардың бірден-бір қозғаушы күші болатын оңай олжаға ғана ұмтылған болса, онда біз, өндіріске өз еңбегін сарп еткен семьялардың санын анықтайтын кәсіпорындар процентінің бұл бөлімшеде өте аз болуын күтуге хұқықты болған болар едік» (?!), дейді. Таңырқарлық қортынды екен! Жалдамалы еңбек жөніндегі мәліметтерді былай қойып, «адамның жеке басының еңбек етуінің алатын орны туралы (55-б.) қалай қортынды жасауға болады? Егер де көп семьялы майдагерлердің ауқаттылығы кулаққа бет алғандықты көрсетпесе, онда біз оларда жалдамалы жұмысшылар процентінің өте аз екендігін, жалдамалы жұмысшылары бар кәсіпорындары процентінің өте аз екендігін, жұмысшылары көп (бестен артық) кәсіпорындары процентінің өте аз екендігін, орта есеппен бір кәсіпорынға келетін жұмысшылар санының өте аз екендігін көрген болар едік. Шындығында ең ауқатты майдагерлер (1-бөлімше) осы айтылғандардың барлығынан да соңғы орын емес, бірінші орын алады, ал мұның өзі семьялар мен семьялы жұмысшылар санының аса көп болып отырған жағдайында 3 және одан да артық семьялы жұмысшылары бар майдагерлер процентінің өте көп болып отырған жағдайында осылай болып отыр! Халықшылдың фактыға нені таңғысы келсе, фактының соған тура қарама-қарсы нәрсені көрсетіп отырғаны айқын нәрсе: майдагер

кулақтық жолымен оңай пайда табудың нақ өзіне ұмтылады; жалдамалы еңбекті *көбірек* қолдануы үшін ол зор ауқаттылығын (көп семьялылық ауқатты болудың шарттарының бірі) пайдаланады. Семьялы жұмысшыларының саны жағынан басқа майдагерлерден тәуір жағдайда болғандықтан, ауқатты майдагер басқаларды ығыстырып шығару үшін осы жағдаймен пайдаланады, пайдаланғанда жұмысшыларды *өте көп* жалдай отырып пайдаланады В. В. мырзалар мен басқа да халықшылдардың бар ықыласымен әңгіме қылуды тәуір көретін «семьялық кооперациясы» («Майдагерлік өнеркәсіптегіні» салыстырып қараңыз, I, 14-беті) капиталистік кооперацияның дамуына кепіл болып табылады. Халықшылдардың соқыр сенімдеріне дағдыланып қалған оқушыға мұның өзі, әрине, сөкет нәрсе болып көрінеді, бірақ та — бұл факт. Бұл мәселе жайында анық дерек алу үшін, кәсіпорындарының семьялы жұмысшылар мен жалдамалы жұмысшылардың санына қарай («Очеркте» берілген) бөлінуін ғана біліп қоймай, сонымен бірге семьялық еңбек пен жалдамалы еңбекті *біріктіруді* де білген жөн болар еді. Үй басына алынған мәліметтер мұны біріктіріп қарауға, семьялы жұмысшылардың санына қарай кәсіпорындардың әрбір разрядындағы 1, 2 және т. т. жалдамалы жұмысшылары бар кәсіпорындарының санын есептеп шығаруға толық мүмкіншілік беріп еді. Амал не, бұлай істелмеген. Бұл кемістікті аздап болса да толықтыру үшін жоғарыда көрсетілген: «Майдагерлік өнеркәсіп т. т.» дейтін шығарманы қарайық. Мұнда семьялы және жалдамалы жұмысшылардың санына қарай кәсіпорындарының дәл бірікпелі кестелері келтірілген. Кестелер 1945 жұмысшысы бар барлығы 749 кәсіпорындарын қамтыйтын 5 түрлі кәсіп бойынша келтірілген (жоғарыда аталған шығарма, I, 59, 78, 160-беттері; III, 87 және 109-б.). Біздің білгіміз келіп отырған семьялық еңбек пен жалдамалы еңбектің өзара қатнасы туралы мәселе жөніндегі бұл мәліметтерді талдап шығу үшін, біз барлық кәсіпорындарын жұмысшылардың жалпы санына қарай (өйткені жұмысшылардың жалпы санының дәл өзі мастерскойдың көлемін және өндірісте кооперация қолданудың дәрежесін көрсетеді) топ-топқа бөліп және әрбір топтағы семьялық еңбек пен жалдамалы еңбектің

ролін анықтауға тиіспіз. 4 топты алайық: 1) 1 жұмысшысы бар кәсіпорындар; 2) 2—4 жұмысшысы барлары; 3) 5—9 жұмысшысы барлары; 4) 10 және одан артық жұмысшылары барлары. Кәсіпорындарын осылай жұмысшылардың жалпы санына қарай бөлудің әсіресе қажет болатын жөні де бар, өйткені, мысалы, 1 жұмысшысы бар кәсіпорын мен 10 жұмысшысы бар кәсіпорындардың мүлде басқаша экономикалық түрі болатындығы даусыз нәрсе; оларды бірге қосып және «орта мөлшер» шығару мүлде қыйсынсыз тәсіл болар еді, мұны біз төменде «Очерктің» мәліметтерінен көреміз. Жоғарыда айтылған топ-топқа жіктеу мынадай мәліметтер береді:

Жұмысшылардың жалпы санына қарай кәсіпорындардың топтары	Жұмысшылар саны			Жалдамалы жұмысшылары бар кәсіпорындардың саны	Олардың проценті	1 кәсіпорынға келетін жұмысшылар			
	Кәсіпорындардың саны	Семьялылар	Жалдамалылар			Барлығы	Семьялылар	Жалдамалылар	Барлығы
1 жұмысшысы бар кәсіпорындар	345	343	2	345	2	0,5	0,995	0,005	1,00
2—4 жұмысшысы бар кәсіпорындар	319	559	251	810	143	44,8	1,76	0,78	2,54
5—9 жұмысшысы бар кәсіпорындар	59	111	249	360	53	89,8	1,88	4,22	6,10
10 және одан артық жұмысшысы бар кәсіпорындар	16	56	374	430	26	100	2,15	14,38	16,53
<i>Барлығы</i>	739	1069	876	1945	224	29,9	1,43	1,16	2,59

Сонымен, осы толық мәліметтер жоғарыда айтылған, алғаш қарағанда сөкет болып көрінетін қағыйданы әбден дәлелдейді: жұмысшылардың жалпы санына қарай кәсіпорындардың мөлшері неғұрлым көбейсе, 1 кәсіпорынға келетін семьялы жұмысшылар соғұрлым көп болады, олай болса, «семьялық кооперация» соғұрлым ұлғая түседі, бірақ сонымен бірге капиталистік кооперация да ұлғаяды, ұлғайғанда әлдеқайда тезірек ұлғаяды. Неғұрлым аukatты майдагерлер, қоластындағы семьялы жұмысшыларының көптігіне карамастан, тағы да көптеген жалдамалы жұмысшылар жалдайды: «семьялық кооперация» капиталистік кооперацияның кепілі және негізі болып табылады.

1894/95 жылғы санақтың семьялық еңбек пен жалда-

малы еңбек туралы мәліметтерін қарайық. Семейлы жұмысшылардың санына қарай кәсіпорындар былай бөлінеді:

		97	% бойынша
0 семьялы жұмысшысы бар кәсіпорындар		4 787	53,2
1 " " " "		2 770	30,8
2 " " " "		898	10,0
3 " " " "		279	3,1
4 " " " "		160	1,8
5 және одан артық "			
<i>Барлығы</i>		8 991	100

Бұл арада жалғызіліктердің басым екендігін атап көрсету керек: олар — тең жарыдан көп. Егерде біз, тіпті семьялық еңбек пен жалдамалы еңбекті ұштастыратын барлық кәсіпорындарында бірден артық семьялы жұмысшы жоқ, десек, соның өзінде де нағыз жалғызіліктер $2\frac{1}{2}$ мың болған болар еді. Бұлар — ең бытыраңқы өндірушілердің өкілдері, әбден дараланған ұсақ мастерскойлардың өкілдері — жалпы алғанда мақтауы жеткен «халық өндірісіне» тән дара мастерскойлардың өкілдері. Енді мұның қарама-қарсы жағын — ең ірі мастерскойларды қарайық:

		% бойынша	Жалдамалы жұмысшылардың саны*	1 кәсіпорынға келетін жалдамалы жұмысшы
0 жалдамалы жұмысшысы бар кәсіпорындар	6 567	73,1	—	—
1 жалдамалы жұмысшысы бар кәсіпорындар	1 537	17,2	1 537	1
2 жалдамалы жұмысшысы бар кәсіпорындар	457	5,1	914	2
3 жалдамалы жұмысшысы бар кәсіпорындар	213	2,3	639	3
4 жалдамалы жұмысшысы бар кәсіпорындар	88	0,9	352	4
5 жалдамалы жұмысшысы бар кәсіпорындар	44	0,5	220	5
6—9 жалдамалы жұмысшысы бар кәсіпорындар	41	0,4 } 0,9	290	7,1 } 14,6
10 және одан артық жұмысшысы бар кәсіпорындар	44		952	
<i>Барлығы</i>		8 991	4 904	0,5

* «Очерктің» мәліметтері бойынша есептеліп шығарылған (54-бетінде және жалдамалы жұмысшының жалпы саны).

Сонымен, майдагерлердің «ұсак» кәсіпорындары кейде керемет көбейіп кетеді: ең ірі 85 кәсіпорындарына жалдамалы жұмысшылардың барлық санының төрттен бірі дерлік жыйналған; орта есеппен алғанда осындай бір кәсіпорында 14,6 жекеше жұмысшыдан бар. Бұлар капиталистік кәсіпорындарының иелері — фабриканттар*. Капиталистік негіздегі кооперация мұнда айта қаларлықтай қолданылады: әр кәсіпорында 15 жұмысшыдан болғанда азды-көпті едәуір мөлшерде еңбек бөлінуінің болуы мүмкін, үйлер мен қолданылатын аспаптар жеткілікті және әралуан болса, көп үнемделінеді. Шикі зат дайындау ісі мен өнімді өткізіп отыру мұнда қажетті түрде ірі көлемде жүргізіледі, мұның өзі шикі заттардың бағасын, оларды жеткізуге шығатын шығынды бірсыпыра арзандатады, өнім өткізуді жеңілдетеді, коммерциялық қатнастардың дұрыс жүргізілуіне мүмкіншілік береді. Төменде, табыстар туралы мәліметтер келтіре отырып, біз мұның 1894/95 жылдың санағымен дәлелденетіндігін көреміз. Ал бұл арада жалпыға мәлім осы теориялық қағыйдаларды көрсетіп өтудің өзі жеткілікті. Осындай кәсіпорындардың техникалық бейнесі де, экономикалық бейнесі де жалғызділіктердің мастерскойларынан мүлде өзгеше болатындығы осының өзінен-ақ түсінікті, бірақ солай бола тұрса да Пермь санақшыларының оларды бір-біріне қосып, жалпы «орта мөлшер» шығаруға бел байлағанына таңырқамасқа болмайды. Мұндай орта мөлшерлердің мүлде жалған болатындығын, үй басына алынған мәліметтерді өңдеп шығу ісі майдагерлерді топтар мен бөлімшелерге бөлуден басқа оларды кәсіпорындағы жұмысшылардың (әрі семьялы, әрі жалдамалы жұмысшыларды бірге қосып алғанда), санына қарай қажетті түрде категорияға бөлуге тиіс болғанын аргіюгі** айтуға болады. Бұлай бөлмейінше табыстар туралы да, шикі зат сатып алу мен өнімді өткізудің шарттары туралы да, өндіріс техникасы туралы да, жалғызділіктер-

* Біздің «фабрикаларымыз бен заводтарымыздың» (ресми санақта осылай аталған) зор көпшілігінде, атап айтқанда 21 мыңның 15 мыңында 16дан аз жұмысшы бар. «1890 жылғы фабрикалар мен заводтар көрсеткішін» қараңыз.

** — күні бұрын. Рзд.

мен салыстырғанда жалдамалы жұмысшылардың күйі туралы да, ірі және ұсақ мастерскойлардың ара салмағы туралы да анық мәліметтер алуға мүмкін емес, — ал мұның бәрі «майдагерліктің» экономикасын зерттеудің ең маңызды мәселелері. Пермь зерттеушілерінің, капиталистік мастерскойлардың маңызын төмендетуге тырысатыны түсінікті нәрсе. Егерде 5 және одан артық семьялы жұмысшылары бар кәсіпорындары болса, — дейді олар, — онда, «өндірістің» «капиталистік формасы» мен «майдагерлік формасының» (sic!*) арасындағы бәсекенің кәсіпорында бестен артық жалдамалы жұмысшы болған күнде ғана маңызының болуы мүмкін, ал мұндай кәсіпорындары небары 1 процент. Таза жасанды пікір: 1-шіден, 5 семьялы жұмысшысы мен 5 жалдамалы жұмысшысы бар кәсіпорындардың болуы — құр бос абстракция, бұл абстракция мәліметтердің жеткіліксіз өңделгендігінен туған нәрсе, өйткені жалдамалы еңбек семьялы еңбекпен біріктіріліп отыр. 3 семьялы жұмысшысы бар кәсіпорын, тағы да 3 жұмысшыны жалдағанда оның 5тен артық жұмысшысы болады және жалғызділіктерге қарағанда бәсекенің мүлде ерекше жағдайларында тұратын болады. 2-шіден, егер санақшылардың жалдамалы еңбекті пайдалану жағынан айырмашылығы бар жеке кәсіпорындарының «бәсекесі» туралы мәселені шын зерттегілері келсе, онда олар үйбасы санағының мәліметтерін қарастырса болмай ма? кәсіпорындарын жұмысшыларының санына қарай топқа бөліп, табыстың цифрларын келтірсе болмай ма? — колдарында өте мол материалы бар санақшылардың оқушыға неше түрлі шатпақтарды ұсынғанынан гөрі және фактылардан безіп, халықшылдықтың жауларын «мұқатуға» көшуге асығудан гөрі мәселені іс жүзінде зерттегені орындырақ болмас па еді?

...«Капитализмді жақтаушылардың тұрғысынан қарағанда майдагерлік форманың капиталистік формаға айналмай қалмайтындығы туралы болжап айтуға бұл проценттің жеткілікті деп танылуы мүмкін, бірақ шындығында ол проценттің бұл жөнінде, әсіресе төмендегі жағдай-

* — солай! Ред.

лар болғандықтан, ешқандай хауіп туғызарлық белгісі жоқ» (56-б.)...

Расында биязы сөз емес пе! Қолдарындағы бар материалдан *капиталистік* кәсіпорындар туралы анық мәліметтерді іріктеп алуға тырысудың орнына, авторлар бұл кәсіпорындарын жалғызіліктердің кәсіпорындарымен *қосып жіберіп*, қайдағыбір «болжаушыларға» наразылық білдіруге кіріседі! — Пермь санақшыларына ұнамайтын қайдағыбір «капитализмді жақтаушылардың» нені «болжап айтатындығын» білмейміз, бірақ біз өз тарапымыздан мынаны ғана айтамыз: бұл кұрғақ сөздердің бәрі тек кана фактылардан сырт айналуға тырысатындықты бүркемелейді. Ал фактылар мынаны көрсетеді: «өндірістің» ешқандай ерекше «майдагерлік формасының» жоқ екендігін (бұл «майдагершіл» экономистердің ойларынан шығарғаны), ұсақ товар өндірушілерден капиталистік ірі кәсіпорындарының туатындығын (кестелерде біз 65 жалдамалы жұмысшысы бар майдагерді кездестіргеміз! 169-бетінде), зерттеушілердің міндеті мәліметтерді жіктеп шығу болғанын, жіктегенде бұл процесті біз зерттей алатындай етіп, әртүрлі кәсіпорындары *капиталистік кәсіпорындарына жақындаған сайын біз оларды* бір-бірімен салғастыра алатындай етіп жіктеп шығу болғанын, көрсетеді. Пермь санақшыларының мұны өздері істемегендігі былай тұрсын, мұны істеуге бізге де мүмкіндік бермеді, өйткені кестелерде осы бөлімшенің барлық кәсіпорындары бірге қосылған, сондықтан фабрикантты жалғызіліктерден айыруға болмайды. Құрастырушылар өздерінің кемістіктерін түкке тұрмайтын уағыздар айтумен бүркейді, көріп отырсыздар, ірі кәсіпорындары небары 1 процент екен, ал оларды есепке алмағанда 99 процент бойынша жасалған қортындылар өзгермейді екен (56-б.). — Бірақ та бұл бір процент, жүздің осы бір бөлігі, жүздің екіншібір бөлігіне тең емес қой! Бір ірі кәсіпорын кәсіпорындардың барлық санының «жүз бөлгенінің» 30ынан көбірегі болатын жалғызіліктердің 15тен артық кәсіпорынның орнын жабады! Бұл жұмысшылардың санына қарай жасалған есеп. Ал егерде жалпы өнім жөніндегі немесе таза табыс жөніндегі мәліметтерді алған болсақ, онда бір ірі кәсіпорын 15 кәсіпорынның емес, мүмкін, 30 кәсіпорынның орнын жапқан болар

еді*. Қәсіпорындардың бұл «жүзден бірінде» барлық жалдамалы жұмысшылардың төрттен бірі бар, бұдан орта есеппен алғанда 1 кәсіпорынға 14,6 жұмысшыдан келеді. Осы соңғы цифрды оқушыға біраз суреттеп көрсету үшін «Россиядағы фабрика-завод өнеркәсібі жөніндегі мәліметтер жыйнағында» (сауда және мануфактура департаменті бастырып шығарған) Пермь губерниясы бойынша берілген цифрларды алайық. Цифрлар жыл сайын өте өзгеріп отыратындықтан 7 жыл (1885—1891) ішіндегі орта цифрды алайық. Сонда Пермь губерниясындағы сомасы 22 645 мың сомдық өнім өндіретін және 13 006 жұмысшылары бар «фабрикалар мен заводтардың» (біздің ресми санағымыздың мағнасында алғанда) цифры 885 болып шығады, бұдан «орта есеппен» алғанда 1 фабрикаға дәл 14,6 жұмысшыдан келетіні көрінеді.

Ірі кәсіпорындарының аса маңызы жоқ деген өздерінің пікірлерін растау үшін «Очеркті» құрастырушылар мынаны дәлел етеді: майдагерлердің жалдамалы жұмысшыларының ішінде жылдық жұмысшылар өте аз (8 процент), ал көпшілігі істеген ісіне қарай ақы алатындар (37 процент), мерзімді жұмысшылар (30 процент) мен күндікші жұмысшылар (25 процент, 51-бет) дегенді дәлел етеді. Істеген ісіне қарай ақы алатындар «әдетте өз үйлерінде, өзіне меншікті құрал-саймандарымен, өз тамақтарымен жұмыс істейді», ал күндікшілер болса ауылшаруашылық жұмысшылары сияқты жұмысқа «уақытша» шақырылады. Мұндай жағдайларда жалдамалы жұмысшылар санының бір шама көп болуы біз үшін бұл кәсіпорындардың капиталистік тегінің күмансыз белгісі бола алмайды» (56)... «Біздің сенімімізше, тегінде істеген ісіне қарай ақы алатындар да, күндікшілер де батыс-европалық пролетариат сияқты жұмысшы табының кадрларын тудырмайды; тек тұрақты жылдық жұмысшылар ғана кадр бола алады».

* Төменде таза табыстарына қарай кәсіпорындардың қалай бөлінетіндігі туралы мәліметтер келтіріледі. Бұл мәліметтер бойынша табысы ең аз (50 сомға дейін) 2 376 кәсіпорындарындағы таза табыс = 77 900 сом, ал табысы ең көп 80 кәсіпорындарындағы таза табыс = 83 150 сом. Бұдан 1 «кәсіпорынға» 32 сомнан және 1 039 сомнан келеді.

Орыс жалдамалы жұмысшыларының «батыс-европалық пролетариатқа» қатысы жөніндегі мәселені қозғаны үшін Пермь халықшылдарын біздің мақтамауымызға болмайды. Несін айтасың, қызықты-ақ мәселе! Бірақ біз сөйтсе де санақшылардан «сенімге» негізделген пікірлерді естігеннен гөрі, фактыларға негізделген пікірлерді естігенді тәуір көрген болар едік. Өз «сенімді» мәлімдеу басқаларды үнемі сендіре бермейді ғой... Оқушыға NN мен MM мырзалардың «сенімі» жөнінде айта берудің орнына, фактыларды көбірек білдірген тәуір болмас па еді? Ал тіпті жалдамалы жұмысшылардың күйі туралы, еңбек жағдайлары жөніндегі көлемі түрліше кәсіпорындардағы жұмыс күні туралы, жалдамалы жұмысшылардың семьялары туралы фактылар, тағы басқалары «Очеркте» өте аз берілген. Егер орыс жұмысшыларының батыс-европалық пролетариаттан өзгешелігі жөніндегі пікірлер осы кемістікті бүркеу үшін ғана айтылған нәрсе болса, онда бізге өзіміздің мақтауымызды қайтып алуға тура келген болар еді...

Жалдамалы жұмысшылар туралы «Очерктен» біздің білетіндеріміздің барлығы — жылдық жұмысшылар, мерзімді жұмысшылар, істеген ісіне қарай ақы алатындар мен күндікшілер болып жалдамалы жұмысшылардың 4 категорияға бөлінгендігі. Бұл категориялармен танысуымыз үшін кітап бойына бытыраған мәліметтерге назар салуға тура келеді. 29 түрлі кәсіп бойынша (43 кәсіптен) әрбір категориядағы жұмысшылардың саны мен олардың табыстары көрсетілген. Осы 29 кәсіпшілікте 4 795 жалдамалы жұмысшылар бар, олардың табыстары 233 784 сом. Ал барлық 43 кәсіпшіліктерде 4 904 жалдамалы жұмысшылар бар, олардың табыстары 238 992 сом. Демек, біздің мәліметіміз жалдамалы жұмысшылардың 98 процентін және олардың табатын табысын қамтыйды екен. En regard* «Очерк»** пен біздің ақпардағы цифрлар мынадай:

* — салыстыру үшін. *Ред.*

** 50-бет. «Очеркте» табыстың мөлшері туралы мәліметтер жыйнақталмаған.

	„Очерк“ бойынша жалдамалы жұмысшылар		Ақтардың цифрлары:				
	Жалдамалы жұмысшылар саны	%	Жалдамалы жұмысшылар саны	%	Олардың табыстары:		
					барлығы неше сом	1 жұмысшыға келетіні	%*
Жылдық жұмысшылар	379	8	351	7,4	26 978	76,8	100
Мерзімді жұмысшылар	1 496	30	1 432	29,8	40 958	28,6	37
Ісіне қарай ақы алатын жұмысшылар	1 812	37	1 577	32,9	92 357	58,5	76,1
Күндік жұмысшылар	1 217	25	1 435	29,9	73 491	51,2	66,7
<i>Барлығы</i>	4 904	100	4 795	100	233 784	48,7	

Байқап қарасақ «Очерктің» мәліметінде не қателер, не баспа қателері бар екен. Бірақ мұнымыз жол-жөнекей айтылып отырған нәрсе. Бізге ең керегі табыс туралы мәліметтер. Ісіне қарай ақы алатындардың табысы жылдық жұмысшының табысынан *едәуір төмен* көрінеді, осы ісіне қарай ақы алатындар жайында «Очеркте»: «Ісіне қарай ақы берілетін еңбек асылында қожайын дербестілігіне жету жолындағы ең таяу саты» делінген (51-б. — сірә, бұл да «біздің сеніміміз бойынша» осылай болатын шығар?). Егер санақшылардың жылдық жұмысшылар әдетте қожайынның азық-түлігімен тұрады, ал ісіне қарай ақы алатын жұмысшы өз азық-түлігімен тұрады деген пікірі тек олардың «сенімдеріне» ғана негізделмей, сонымен қатар фактыларға да негізделген болса, онда табыс жағындағы бұл айырмашылық одан да арта түсетін болады. Пермь майдагерлері-қожайындар оның өз жұмысшыларын «дербес болудың жолымен» қамтамасыз етіп отырғаны ғажап екен! Бұл қамтамасыз етуі — *жалақыны төмендеткендігі...* Бұл айырмашылықты түсіндіру үшін жұмыс кезеңінің ауытқуы оншама зор емес, мұны төменде көреміз. Бұдан соң, күндікшінің табысы жылдық жұмысшының табысының 66,7 проценті болатынын көрсете кету өте-мөте маңызды нәрсе. Олай болғанда, орта есеппен алғанда әрбір күндікші жылына 8 айға

* Жылдық жұмысшының табысы 100 деп алынған.

жуық жұмыс істейді. Сірә, бұл арада «жалдамалы еңбектің уақытша үстем элементі» туралы әңгіме қылудан гөрі, өнеркәсіптен «уақытша» басқа жаққа көңіл бұру (егер күндікшілерді қожайындар жұмыссыз тастамай, шынымен олардың өздері өнеркәсіптен басқа жаққа көңіл бұратын болса) туралы әңгіме ету анағұрлым дұрысырақ болған болар еді (52-б.).

III

«ҚАУЫМДЫҚ-ЕҢБЕК САБАҚТАСТЫЛЫҒЫ»

Зерттелген кәсіпорындардың барлығы туралы дерлік олардың пайда болған уақыттары туралы майдагерлік санақтың жыйнаған ақпарларының зор маңызы бар. Бұл жөніндегі жалпы мәліметтер мынау:

1845 жылға дейін құрылған кәсіпорындардың саны	640
1845—1855 жылдарда	251
1855—1865	533
1865—1875	1 339
1875—1885	2 652
1885—1895	3 469
<i>Барлығы</i>	8 884

Демек, реформадан кейінгі заманның майдагерлік өнеркәсіпті ерекше дамыта түскенін көріп отырмыз. Бұл дамуға қолайлы жағдайлар болып келді және әрман барған сайын, сірә, ондай жағдайлар күшейе түсіп отырған болу керек, өйткені әрбір келесі он жылда барған сайын көп кәсіпорындар ашылуда. Бұл құбылыс шаруалар арасында товар өндірісі дамуының, егіншіліктің өнеркәсіптен бөлінуінің, жалпы алғанда сауда мен өнеркәсіптің өсуінің қандай қарқынмен келе жатқандығын айқын көрсетеді. Біз «егіншіліктің өнеркәсіптен бөлінуі» деп отырмыз, өйткені бұл бөліну егіншілердің өнеркәсіпшілерден бөлінуінен бұрын басталады: рынок үшін өнім өндіретін өндіріс атаулының бәрі де егіншілер мен өнеркәсіпшілер арасында айырбас ісін туғызады. Олай болса, мұндай өндіріс орнының шығуы егіншілердің өнімді үйді әзірлеуіне және ол өнімнің рынокте сатып алынуына тоқтау салынатындығын, ал жұрттың мұны сатып алуы үшін шаруаның ауылшаруашылық өнімдерін сатуын керек қылатынын көрсетеді. Сонымен сауда өнеркә-

сіпті өндіріс орындары санының өсуі өршіп келе жатқан қоғамдық еңбек бөлінуін көрсетеді, бұл товарлы шаруашылық пен капитализмнің жалпы негізі*.

Өнеркәсіптегі *ұсақ өндірістің* реформадан кейінгі тез дамуы капиталистік сыйпаты жоқ құбылысты көрсетеді деген пікір халықшылдық әдебиетте айтылып жүрді. *Ұсақ өндірістің* өсуі, ірі өндіріспен салыстырғанда, оның күші мен өмірге үйлесімділігін дәлелдейді — деп байымдады жұрт (В. В. мырза). Бұл мүлде қате байымдау. Шаруалар арасында *ұсақ өндірістің* өсуі — жаңа өндірістердің тууын, шикізат өндеудің жаңа тарауларының өнеркәсіптің өзалдына дербес тармағына бөлінуін, қоғамдық еңбек бөлінуінде прогресс болғанын, капитализмнің бастама процесін көрсетеді, ал *ұсақ кәсіпорындарын* ірі кәсіпорындарының өз бойына сіңіруі — капитализмнің жоғарғы түрлерінің жеңіп шығуына бастайтын оның келесі адымы екендігін көрсетеді. Шаруалар арасына *ұсақ кәсіпорындарының* тарауы товарлы шаруашылықты ұлғайтады, капитализмнің негізін дайындайды (*ұсақ қожайынсымақтар мен жалдамалы жұмысшыларды туғыза отырып дайындайды*), ал *ұсақ кәсіпорындарын мануфактура мен фабриканың* өз бойына сіңіріп — ірі капиталдың осы әзір негізді пайдаға асырғандығы болады. Бір кезде бір ел ішінде, сірә, біріне бірі қайшы осы екі процестің бірдей болуының өзінде шынында ешқандай қайшылық жоқ: капитализм алға басқанда, елдің неғұрлым дамыған бөлегінде немесе өнеркәсіптің неғұрлым дамыған тарауында *ұсақ майдагерлерді механикалық фабрикаға тарту арқылы алға баса түседі*, ал елдің шалғай шет жерлерінде немесе өнеркәсіптің артта қалған тарауларында капитализмнің даму процесі жаңадан ғана бастала бастайды, басталғанда жаңа өндірістер мен кәсіптердің пайда болуы түрінде бастала бастайды, бұл әбден табиғи нәрсе. Капиталистік мануфактура «кең базис (Hintergrund) ретінде әрдайым қалалық қолөнер мен селолық бөгде үй кәсіптеріне негіздеде отырып, өндірісін бірте-бірте ғана меңгереді. Өнеркәсіптің белгілі-

* Сондықтан, егерде Н.—он мырзаның «өнеркәсіптің егіншіліктен бөлінуіне» қарсы шығуы романтиктің платондық күрсінуі болмаса, онда ол әрбір майдагерлік кәсіпорынның пайда болуына да көз жасын төгіп қайғыруға тиіс еді.

бір тарауларында, белгілі бір пункттерде бөгде кәсіптердің бір түрін жоя отырып, ол мануфактура оларды өнеркәсіптің басқа бір тарауларында қайтадан туғызады» („Das Kapital“, I², S. 779*).

«Очеркте» кәсіпорындардың шыққан уақыты жөніндегі мәліметтер де жеткілікті өңделмеген: бұл жөнде уездер бойынша ғана ақпарлар берілген, ал кәсіпорындардың шыққан уақыты туралы топтар мен бөлімшелер бойынша ақпар берілмеген; сондай-ақ басқа жағынан да жікке бөлінбеген (кәсіпорындарының көлеміне қарай, кәсіпорындарының кәсіп орталығында немесе шеткергі селениелерде орналасуына қарай, т. с.). Тіпті өздері қабылдаған топтар мен бөлімшелер бойынша санақтың мәліметтерін өңдеместен, Пермь халықшылдары бұл арада да өзінің әсіре-халықшыл жексұрындығымен және мағнасыздығымен жұртты таңдандыратын уағыздарын оқушыға ұсынуды қажет деп тапқан. Пермь санақшылары жаңалық ашқан; «өндірістің майдагерлік формасында» кәсіпорындарының «мұраға көшіп отыратын» ерекше «формасы», атап айтқанда «қауымдық-еңбек формасы» бар екендігін, ал капиталистік өнеркәсіпте «мүліктің тұқымнан тұқымға көшіп отыратын мирасқорлығы» үстем болып отырғанын ашқан; «қауымдық-еңбек сабақтастылығы жалдамалы жұмысшыны өзінен өзі дербес қожайынға айналдыратынын» (sic!), айналдырғанда, мұның өзі мұрагерлерінің арасында семья жұмысшысы қалмай кәсіпорынның қожайыны өле кеткенде, кәсіптің басқа семьяға, «бәлкім, сол кәсіпорындағы жалдамалы жұмысшыға» көшуі арқылы болатынын ашқан; сонымен қатар «қауымдық жер иелену — майдагерлік өнеркәсіп өндіріс орнының қожайынына да, оның жалдамалы жұмысшысына да өнеркәсіпте өзалдына дербес еңбек етуге бірдей кепілдік беретіндігін» ашқан (7, 68-нші және басқа беттері).

«Майдагерлік кәсіптердегі мирасқорлықтың» Пермь халықшылдары ойлап шығарған осы «қауымдық-еңбекке негізделуінің» болашақтағы әдебиет тарихында В. В., Н. — он мырзалар мен тағы басқалардың «халық өндірісі» жөніндегі дәл сондай тәтті тілді теориясымен қатар

* — «Капитал», I т., 2-ші басылуы, 779-бет⁸⁸. Ред.

ма-қатар тиісті орын алатындығына біз күманданбаймыз. Бұл екі теорияның екеуі де тегі бір теория, екеуі де маниловтық кұрғақ сөздер арқылы шындықты боямалап, бұрмалайды. Майдагерлердегі кәсіпорындарының, материалдардың, кұралдар мен басқа да заттардың тіпті қайдағы-бір қауымдық право жолымен емес, *мұраға көшіп* отыратын жеке меншіктегі мүлік екенін, оның әсте де қайдағыбір қауымдық право бойынша мұраға көшпейтінін, қауымның тек өнеркәсіпте ғана емес, сонымен қатар тіпті егіншілікте де дербестікке ешқандай кепілдік бермейтіндігін, қауымның ішіндегі сыяқты оның сыртында да шаруашылық күресі мен қанау ісінің болатындығын жұрттың бәрі біледі. Шағын ғана капиталы бар ұсақ қожайынсымақтың өзінің де еңбек етуінің керектігін, жалдамалы жұмысшының қожайын *бола алатындығын* (әрине, егер де ол үнемді және ұстамды болса) көрсететін жай ғана факт «қауымдық еңбек негізінің» ерекше теориясына айналдырылған, бұған «Очерктің» 69-бетінде айтылғандар мысал болады... Мещандардан шыққан барлық теоретиктер ұсақ өндірісте жұмысшы қожайын *бола алады* деп әрдайым өздерін жұбатып келді, сондықтан олар жұмысшыларды қожайынсымақтарға айналдыруды арман етуден басқа дәнеме істемеген. «Очеркте» тіпті «қауымдық-еңбек сабақтастылығының негізін анықтайтын санақ мәліметтерін» (45) көрсетпекші болған. Бұл мәліметтер былғары илеу кәсіпшілігіне жатады. 129 кәсіпорынның 90ы (яғни 70 проценті) 1870 жылдан кейін негізделген, бірақ 1869 жылы былғары илейтін майдагерлік кәсіпшілік 161 болатын-ды («жұрт мекендеген жерлердің саны» бойынша), ал 1895 жылы 153 болған. Демек, кәсіпшілік бір семьялардан екінші семьяларға көшіп отырған, осының өзі «қауымдық-еңбек сабақтастылығының принципі» деп танылған. Ұсақ кәсіпорындарының оңай ашылып, оңай жабылатынын, қолдан қолға оңай көшіп отыратындығын, тағы басқаларын айрықша «принцип» деп танығысы келетіндікке қарсы таласудың өзі де күлкі нәрсе екені өзінен өзі түсінікті. Атап айтқанда тек былғары илеу кәсіпшілігі жөнінде мынаны қоса кетейік: 1-шіден, кәсіпорындарының кұрылған уақыты жөніндегі ондағы мәліметтер, былғары илеу кәсібінің басқа кәсіптерге қарағанда уақыт жағынан едәуір ба-

яу дамығандығын көрсетеді; 2-шіден, 1869 жыл мен 1895 жылды салыстыру мүлде үмітсіз нәрсе, өйткені «майдагерлік тері илеуіш» деген ұғымды жұрт үнемі «былғары заводы» деген ұғыммен шатастыра береді. 1860 жылдары «тері бояйтын заводтардың» орасан көпшілігі (фабрикалар мен заводтар санағы бойынша) Пермь губерниясында 1 000 сомға жетпейтін өнім өндірген («Финанс министрлігінің жылма-жылдық кітабын» қараңыз. 1-кітабы, СПб. 1869. Кестелер мен ескертулер), ал 1890 жылдары, бір жағынан, 1 000 сомнан кем өнім өндіретін кәсіпорындары фабрикалар мен заводтардың қатарынан шығарылып тасталған; екінші жағынан, «майдагерлік тері илеуіштердің» санына 1 000 сомнан артық өнім өндіретін бірталай кәсіп орындары кіріп кеткен, 5—10 мың сом және одан да артығырақ өнім өндіретін заводтар кіріп кеткен («Очерктің» 70-беті. Кестенің 149, 150-беттері). Майдагерлік тері илеуіш пен заводтық былғары илеуіштердің арасындағы айырмашылығы осылай мүлде белгісіз болып отырғанда 1869 жыл мен 1895 жылдың мәліметтерін салыстырудың қандай маңызы болмақ? 3-шіден, егер тіпті тері илейтін орындардың санының азаюы рас болған күнде де, мұның аты бірқатар ұсақ кәсіпорындар жабылып, олардың орнына бірте-бірте ірірек кәсіпорындар ашылды деген сөз емес пе? Осындай «ауысу» да «қауымдық еңбек сабақтастылығының принципін» шынымен дәлелдегені ме?

Ал бұл мағнасыздықтың үстіне, «қауымдық-еңбек принцип!» жөніндегі, «қауымдық еңбек дербестілігінің кепілдігі» турады, тағы сондай осы тәтті тілді кұрғақ сөздердің бәрі былғары кәсіпшілігі туралы айтылып отыр, бұл кәсіпшіліктегі егінші-майдагерлер ұсақ буржуалардың ең таза типі болып табылады (төменнен қараңыз) және бұл кәсіпшілік жалғызілік майдагерлермен және қолөнершілермен қатар майдагерлердің санына қосылып кеткен үш ірі кәсіпорынға (заводқа) орасан көп жыйналған. Мұның жыйналуы жөніндегі мәліметтер мынау:

Кәсіпшіліктегі кәсіпорындарының барлығы 148. Жұмысшылары: 267 семьялы жұмысшы + 172 жалдамалы жұмысшы = 439. Өндірілген өнімнің сомасы = 151 022 сом. Таза табысы = 26 207 сом, мұның ішінде 0 семья

жұмысшысы + 65 жалдамалы жұмысшы = 65 жұмысшысы бар 3 кәсіпорын бар. Өндірілген өнімнің сомасы = 44 275 сом. Таза табысы = 3 391 сом (текстің 70-беті және кестелердің 149, 150-беттері).

Басқаша айтқанда 148 кәсіпорынның үшеуі («Очерктің» жұбата айтуынша «тек 2,1 проценті ғана», 76-бетінде) өз қожайындарын, олар өндіріске ешбір қатыспаса да мыңдаған сом табысқа ие қыла отырып, «майдагерлік былғары кәсіпшілігінің барлық өнімінің үштен бірін дерлік өзіне жыйнап отыр. Біз төменде басқа кәсіпшіліктер жөнінде де осындай мағнасыздықтың көптеген мысалдары бар екенін көреміз. Бірақ бұл кәсіпшілікті суреттегенде «Очерктің» авторлары, басқалардан өзгеше осы үш кәсіпорнына тоқтала кеткен. Сол үш кәсіпорынның бірі жөнінде: «Белоярск селосы мен Екатеринбург қаласында өзінің былғары сататын дүкендері болғандықтан», қожайын (егінші!) «сірә, сауда операцияларымен ғана шұғылданған» делінген. Бұлған мысал болатын нәрсе — өндіріске жұмсалған капиталдың сауда ісіне жұмсалған капиталға қалай қосылатындығы. «Қулақтық» пен сауда операцияларын өндірістен аулақ тұрған бір кірме нәрсе етіп көрсететін «Очерк» авторлары осыны есіне ұстасын! Басқа бір кәсіпорында семьяда 5 кісі еркек бар, бірақ олардың бірде-біреуі жұмыс істемейді: «әкесі өз өндірісіндегі сауда операцияларымен шұғылданады, ал ұлдарының (18ден 53 жасқа дейінгілері) бәрі сауатты адамдар, олар, сірә терілерді бір күбіден екінші күбіге аударыстырып, оларды жуып-шайып жатудан гөрі қызықтырақ басқа бір бағытпен кеткен болу керек» (77-беті). Бұл кәсіпорындарының «капиталистік сыйпаты бар» екендігіне авторлар кіші пейілділікпен келіседі, «бірақ бұл кәсіпорындарының болашағы мүліктің мұраға өтуі негізінде қандай дәрежеде камтамасыз етілген, деген сұрауға тек болашақтың өзі ғана үзілді-кесілді жауап бере алады» (76). Неткен терең ойлылық десеңші! «Болашақ турасындағы сұрауға тек болашақтың өзі ғана жауап бере алады». Даусыз ақыйқат! Бірақ бұл — қазіргі жағдайды бұрмалауға шынымен жеткілікті негіз болғаны ма?

ЕКІНШІ МАҚАЛА

(IV. «Майдагерлердің» егіншілік кәсібі. — V. Ірі және ұсақ кәсіпорындар. — Майдагерлердің табыстары)

IV

„МАЙДАГЕРЛЕРДІҢ» ЕГІНШІЛІК КӘСІБІ

Майдагер қожайындар мен қожайынсымақтардың үй басына жүргізілген санақ олардың егіншілік кәсібі туралы қызғылықты мәліметтер жыйнады. «Очеркте» бөлімшелер бойынша жыйнақталған бұл мәліметтер мынадай:

Бөлімшелер:	Бір үйге келетіні			Үйлер проценті	
	егіс деся- тинасы	жылқы*	сыпыр*	атсыздары	сыпырсыз- дары
1. Товар өндірушілер	7,1	2,1	2,2	7,4	5
2. Қолөнершілер	6,2	1,9	2,1	9,0	6
3. Алыпсатарларға жұмыс істей- тіндер	4,5	1,4	1,3	61,0	13
<i>Небәрі</i>	6,3	1,8	2,0	9,5	6

Сонымен, майдагерлер өнеркәсіпшілер ретінде неғұрлым ауқатты болса, олар егіншілер ретінде де соғұрлым дәулетті. Олар өндірістегі ролі жағынан неғұрлым төмен болса, егіншілер ретінде де олар соғұрлым төмен. Солай болса, майдагерлік санақ мәліметтері: өнеркәсіптегі майдагерлердің ыдырауы егінші шаруалардың ыдырауымен қатар қоян-қолтық жүріп отырады деген пікірді, пікір болғанда, әдебиетте бұдан бұрын-ақ айтылған пікірді

* «Очерктегі» бұл цифрлар қате кеткен сыяқты (58-бетті қара), оны біз түзеттік.

толық растайды (А. Волгин. Халықшылдардың құрылуы т. т. 211 және келесі беттер). Майдагерлердегі жұмысшылар алыпсатарларға жұмыс істейтін майдагерлерден де төмен немесе жоғары емес болғандықтан, біз: олардың арасында күйзеліске ұшыраған егіншілер одан да көп деп қортынды жасауға еріктіміз. Жалдама жұмысшылар үй басы санағына ілінбегенін жоғарыда ескертіп өттік. Қалай дегенмен, келтірілген мәліметтердің өзі де «қауымдасып жер иемденушілік майдагерлік өнеркәсіп орнының қожайынының да, оның жалдама жұмысшысының да өнеркәсіптік еңбекте дербес болуын қамтамасыз етеді» деген «Очерктегі» пікір сондайлық ерсі екенін айқын көрсетеді.

Жалғыздіктердің, ұсақ және ірі қожайындардың егіншілік кәсібі туралы тыңғылықты мәліметтердің жоқтығы тексеріліп отырған мәліметтерден ерекше айқын көрініп тұр. Бұл кемшілікті шінаралап болса да толықтыру үшін біз жеке кәсіпшіліктер жөніндегі мәліметтерді алып қарауға тиіспіз: кейде қожайындарда жұмыс істейтін егін шаруашылығы жұмысшыларының* саны туралы мәліметтер кездеседі, бірақ «Очеркте» бұл мәліметтердің жалпы жыйынтығы жоқ.

Былғарышы-егіншілерді алайық — олар 131 шаруашылық. Оларда 124 егінші жалдама қызметкерлер бар; үй басына 16,9 десятинадан жер, 4,6 жылқыдан келеді; сыйырлары 4,1ден (71-бет). Жалдама жұмысшылар (жылдығы 73, мерзімдісі 51) 2 492 сом, яғни әрқайсысы 20,1 сомнан жалақы алады, ал былғары кәсіпшілігіндегі жұмысшыға төленетін орта сома 52 сом болып отыр. Демек егін шаруашылығындағы жұмысшылардың ахуалы өнеркәсіптегіден гөрі анағұрлым төмен екенін көрсететін, барлық капиталистік елдерге тән құбылыс, бұл жерде де байқалып отыр. Былғарышы-«майдагерлер», анығында, шаруа буржуазиясының аумаған нағыз өзі, ал халықшылдар соншама мақтаған атышулы «кәсіпшілік пен егіншіліктің қосылуы» дегенінің мәнісі мынада: сауда-өнеркәсіп орындарының қожайындары капиталды

* Шаруалардың көп реттерде өнеркәсіп жұмысшыларына да егін-шаруашылық жұмыстарын істетіп отыратыны мәлім. Салыст. «Майдагерлік өнеркәсіп т. т.». III, 7-бет.

сауда мен өнеркәсіптен егіншілікке аударады, өздерінің батрактарына адам айтқысыз төмен жалақы төлейді*.

Май шығарушы майдагерлерді алайық. Олардың ішінде егіншілері 173. Бір шаруашылыққа 10,1 десятина егіс, 3,5 жылқы, 3,3 сыйырдан келеді. Жылқысыз, сыйырсыз үйлері жоқ. Егінші жұмысшылары (жылдығы мен мерзімдісі) 98, еңбек ақысы 3 438 сом, яғни адам басына 35,1 сомнан. «Май шығаратын өндірістегі шығыт есебінде түсетін қалдық немесе күнжара малдың ең жақсы азығы, осының арқасында егістік жерлерді анағұрлым кең мөлшерде көндендіруге мүмкіндік туады. Сөйтіп, шаруашылыққа кәсіпшіліктен үш жақты пайда келеді: кәсіпшіліктің тікелей өзінен түсетін табыс, малдан түсетін табыс және бітік егін өнімі» (164). «Олардың (май шығарушылардың) егіншілік кәсібі кең мөлшерде жүргізіледі, оның бержағында көбі жан басына тиетін жер үлесіне қанағат етпей, оның үстіне әлсіз шаруашылықтардың жерін арендаға алады» (168). Уездер бойынша зығыр мен кендір егістерінің өріс алуы туралы мәліметтер «зығыр мен кендір егістері көлемінің және губерния уездеріндегі май шығару кәсібінің өріс алуының арасында кейбір байланыс» бар екенін көрсетеді (170).

Мұнда, демек, сауда-өнеркәсіп орындары техникалық ауылшаруашылық өндірістері деп аталатын нәрсе болып табылады, бұлардың дамуы әрдайым сауда және капиталистік егін шаруашылығының прогресін сыйпаттайды.

Диірменші қожайындарды алайық. Олардың көпшілігі — егіншілер: 421дің 385-і. Бір үйге 11,0 десятина егістік жер, 3,0 жылқы, 3,5 сыйырдан келеді. Егінші жалдама жұмысшылары 307 адам, жалақысы 6 211 сом. Май өндірісі секілді, «үн өндірісі де диірмендердің қожайындары үшін меншікті шаруашылығының өнімдерін

* Егін шаруашылығындағы мерзімді жұмысшы әрқашан да жылдық ақының жартысынан көбін алады. Мұнда мерзімді жұмысшылар жылдық жұмысшының ақысының жартысын ғана алады делік.

Сонда жылдық жұмысшының ақысы $\left(2\,492 : \left(73 + \frac{51}{2}\right)\right) = 25,5$ сом болады. Жер департаментінің мәліметтері бойынша Пермь губерниясында қожайынның үйінен тамақ асырайтын жылдық ауылшаруашылық жұмысшының 10 жылғы (1881—1891) орташа жалақысы 50 сом.

өздеріне аса пайдалы түрде рынокке өткізудің құралы болып табылады» (178).

«Майдагер-егіншіні» біртектес, өзіне өзі тең бірден деп ұғынушылықтың қандайлық сорақы нәрсе екенін көрсету үшін осы мысалдар әбден жеткілікті сыяқты. Көрсетілген егіншілердің бәрі де — ұсақ буржуазиялық егін шаруашылығының өкілдері, ендеше мұндай кейіптерді басқа шаруаларға, оның ішінде күйзелген шаруашылықтарға қосу шындықтағы нағыз өзгешеліктерді бүркегендік болады.

Май шығару кәсібін суреттеудің қортындысында құрастырушылар шаруалардың жіктелуін капитализмнің эволюциясы деп жарыялайтын «капиталистік доктринаға» қарсы пікір айтпақ болады. Мұндай қағыйда «көрсетілген жіктелушілік ең соңғы уақыттағы факт және бұл, қауымдасып жер иемденудің *de jure** болып отырғанына қарамастан, шаруалар ортасында капиталистік қалыптың *de facto*** тез өсудің айқын белгісі» деген «мүлде қыйсынсыз пікірге» негізделеді-міс (176). Құрастырушылар: қауым мүлік жағынан жіктелуді ешқашан да тыйған емес және тыймайды да, бірақ қауым «оларды баянды етпейді, таптарды тудырмайды» деп қарсы пікір айтады; «бұл көшпелі жіктелушіліктер уақыт өткен сайын шиеленіскен емес, қайта, біртіндеп жымдасып отырған» дейді (177). Мұны дәлелдеу үшін артельдерді (олар туралы төменде, § VIIде айтылады), семьялардың енші алысып бөлінуін (*sic!*) және жерді қайта бөлуді (!) мысал етеді; әрине, мұндай пікір тек күлкінді ғана келтіреді. Шаруалардың жіктелуінің өсіп, көбеюі туралы қағыйданы «қыйсынсыз» пікір деп атау, шаруа шаруашылығындағы техникалық прогресс фактыларымен қатар шаруалардың жаппай жылқысыз қалуы және жерін тастап кетуі секілді жалпыға мәлім фактыларды (Салыст. В. В. мырзаның «Шаруа шаруашылығындағы прогрестік ағымдар» дегенін), жерді арендаға берудің өсуімен қатар үлес жерлерді басқаға өткізіп, закладқа салудың дамуын, тұз кәсібіне кетуші-

* — заңды түрде. *Ред.*

** — іс жүзінде, анығында. *Ред.*

лердің, осы тентіренді жұмысшылардың саны артуымен қатар сауда-өнеркәсіп орындарының көбеюін, тағысын тағыларын елемеушілік болады.

Майдагерлердің үй басы санағы егінші-майдагерлердің табыстары мен жалақыларының егінші емес майдагерлердің табыстарына қарым-қатнасы туралы аса қызылықты мәселе жөнінде бай материал беруге тиіс еді. Бұл секілді мәліметтердің бәрі де кестелерде бар, бірақ «Очеркте» жыйынтық ақпар берілмепті, сондықтан бұл жыйынтық ақпарды кітаптың мәліметтері бойынша өзіміз жасауға тура келді. Мұндай ақпар, 1-ншіден, «Очерктің» жеке кәсіпшіліктер жөніндегі ақпарларына негізделді. Біз тек әртүрлі кәсіпшіліктер туралы мәліметтерді қосуға ғана тиісті болдық. Бірақ, бұл ақпар кесте формасында барлық кәсіпшіліктер бойынша берілген жоқ. Кейде бұл ақпарда қателіктер немесе баспа қателері кеткеніне көзіміз жетіп отырды, — бұлар, тексеру қортындыларының болмауынан туған табиғи нәтиже. 2-ншіден, ақпар кейбір кәсіптердің сыйпаттамаларынан іріктеліп алынған есеп мәліметтерге негізделді. 3-ншіден, бірінші және екінші тыянақтың екеуі де болмаған кезде, тікелей кестелерді (мәселен, «кен заттарын өндіру» деген соңғы кәсіпшілік жөнінде жасалғандарын) алып қарауға тура келді. Біздің ақпардағы материалдың мұндай ала-құла болуы қателіктерге, дәл еместікке апарып соқпай қоймағаны өзінен өзі түсінікті. Алайда біз: ақпарымыздың жалпы қортындылары кестелердің қортындыларымен үйлесе алмағанымен, ақпардан алынған қортынды пікірлер мақсатқа әбден сәйкес келеді деп ұйғарамыз, өйткені, қортындылар үшін ғана біз пайдаланған орташа мөлшерлер мен қарым-қатнастар қалай түзеткен күнде де тым мардымсыз өзгерер еді. Мысалы, «Очерктегі» кестелердің қортындылары бойынша 1 жұмысшыға келетін жалпы табыстың мөлшері 134,8 сомға, ал біздің ақпарымыз бойынша—133,3 сомға тең. Семьялы жұмысшыға келетін таза табыс 69,0 және 68,0 сом. 1 жалдама жұмысшының табысы 48,7 және 48,6 сом.

Бұл ақпардың жалдама жұмысшылардың топтары мен бөлімшелері бойынша жалпы табысының, таза табысының және жалақысының мөлшерін көрсететін нәтижелері мынадай (келесі беттегі кестені қара).

Топтар	Бөлімшелер	Қаспн орындарының саны			Жұмысшылардың саны		Жалпы табыс сом есебімен		Шаруашылықтардың таза табысы сом есебімен		Жалақы сом есебімен		Таза табыс пен жалақыны бірге есептегенде	Борышты шаруашылықтар саны
		Семьялары	Жаламалары	Небәрі	Небәрі	1 жұмысшыға	Небәрі	Семьялы 1 жұмысшыға	Небәрі	Небәрі	1 жалама жұмысшыға			
I	1	2 239	4 122	1 726	5 848	758 493	129,7	204 004	49,5	74 558	43,2	278 562	225	
	2	2 841	4 249	712	4 961	383 441	77,3	186 719	43,9	34 937	49,0	221 656	93	
	3	1 016	1 878	586	2 464	236 301	95,9	91 916	48,9	20 535	35,0	112 451	304	
I топ бойынша жыйынтығы		6 096	10 249	3 024	13 273	1 378 235	103,8	482 639	47,1	130 030	43,0	612 669	622	
II	1	959	1 672	738	2 410	605 509	251,2	220 713	132,0	45 949	62,2	266 662	176	
	2	595	876	272	1 148	178 916	155,8	90 203	102,9	18 404	67,6	108 607	51	
	3	1 320	2 231	852	3 083	492 347	159,7	229 108	102,7	43 289	50,8	272 397	262	
II топ бойынша жыйынтығы		2 874	4 779	1 862	6 641	1 270 772	192,2	540 024	113,0	107 642	57,8	647 666	489	
Барлығы		8 970	15 028	4 886	19 914	2 655 007	133,3	1 022 663	68,0	237 672	48,6	1 260 335	1 111	

Бұл кестенің басты нәтижелері мыналар:

1) Өнеркәсіптегі егінші емес халық (өзінің санына қарағанда) егінші халықтан гөрі кәсіпшілікке мейлінше көп қатысып отырады. Жұмысшылар саны жағынан, егінші емес еместер егіншілерден екі есе кем. Ал, жалпы өнім жағынан олар жартысына жуық, 2 655 007 сомнан 1 276 772 сом, яғни 48,1 процент беріп отырады. Ал, өндірістен түсетін табыс жағынан, яғни қожайындардың жалдама жұмысшылардың жалақысын қоса есептегендегі таза табысының мөлшері жағынан, егінші емес еместер 1 260 335 сомнан 647 666 сом, яғни 51,4 процент бере отырып, егіншілерден тіпті асып та түседі. Демек, сан жағынан аз бола тұрса да, егінші емес өнеркәсіпшілер, өнімі жағынан егіншілерден кем соқпайды екен. Бұл факт майдагерлік өнеркәсіп деп аталатынның «басты тірегі» ретіндегі егіншілік туралы халықшылдықтың дәстүрлі ғылымына баға беру үшін аса маңызды.

Бұл фактыдан табиғи түрде басқа қортындылар да шығады:

2) Егінші емес еместердің жалпы өнімі (жалпы табысы), 1 жұмысшыға шағып есептегенде, егіншілердікінен едәуір жоғары, 103,8 сомға 192,2 сом, яғни аз-кем екі есе артық. Егінші емес еместердің жұмыс маусымы егіншілерден гөрі ұзағырақ екенін төменде көреміз, бірақ бұл айырмашылық айта қаларлықтай онша үлкен емес, ендеше егінші емес еместердің зор еңбек өнімділігі күман туғыза алмайды. 3-нші бөлімшеде, алыпсатарларға жұмыс істейтін майдагерлерде, бұл айырмашылық өте-мөте аз, бұл әбден табиғи нәрсе.

3) Егінші емес қожайындар мен қожайынсымақтардың таза табысы егіншілердікінен *екі еседен де астам*: 47,1 сомға 113,0 сом ($2\frac{1}{2}$ есе дерлік). Бұл айырмашылық барлық бөлімшелерде бар, бірақ ол 1-нші бөлімшеде, еркін сауда-саттыққа жұмыс істейтін майдагерлерде аса үлкен. Дегенмен бұл айырмашылық жұмыс маусымдарының әралуандығы себепті туатындығы өзінен өзі түсінікті. Жермен байланыстылық өнеркәсіпшілердің табысын төмендетеді, әлгі айырмашылық осыған байланысты екеніне күмандануға болмайды; рынок майдагерлердің егіншіліктен түсетін табысын кемітеді, сондықтан

егіншілер төмен жалақыға қанағат етуге мәжбүр болады. Егіншілердің рынокке кәрсе өткізгенде көп зыян тартатындығы да, материалдар сатып алуға көп шығын жұмсайтындығы да, саудагерлерге аса тәуелді екендігі де бұған қосымша болатын болу керек. Қайткен күнде де, *жермен байланыстылық майдагердің табысын төмендететіндігі* факт. Осы заманғы қоғамдағы «жер өктемдігінің» шын мәнін айқындайтын осы фактының маңызы зор екенін айтып жатудың бізге қажеттігі жоқ. Өндірістің кіріптарлық әрі жабайы әдістерінің орнығуына, машиналар қолдану ісінің бөгелуіне, жұмысшылардың тұрмыс дәрежесінің нашарлауына жалақы мөлшерінің төмен болуы қандай орасан әсер ететіндігін еске алса да болады*.

4) Жалдама жұмысшылардың жалақысы да қай жерде болса да егіншілердегіден гөрі егінші еместерде жоғары, бірақ бұл айырма қожайындар табысындағыдай онша үлкен емес. Жалпы алғанда үш бөлімшенің үшеуінде де егінші қожайындағы жалдама жұмысшы 43,0 сом, ал егінші еместегісі — 57,8 сом, яғни $\frac{1}{3}$ артық табыс табады. Бұл айырмашылық едәуір түрде (*бірақ онда да толығынан емес*) маусымдағы жұмыстың әр алуандығына байланысты болуы мүмкін. Ал бұл айырмашылықтың жерге байланыстылыққа қатысы туралы біз төрелік айта алмаймыз, өйткені жалдама егінші жұмысшылар мен егінші емес жұмысшылар туралы мәліметтеріміз жоқ. Жұмыс маусымының ықпалынан басқа, әр алуан тұтыну дәрежесінің ықпалы, әрине, бұл арада да өсерін тигізеді.

* Осы соңғы тармақ (маңызы жағынан бірінші тармақ) жөнінде ескерте кетейік, бір өкінішті жері, егіншілер мен егінші еместердің тұрмыс дәрежесі туралы мәліметтер «Очеркте» жоқ. Бірақ, басқа зерттеушілер егінші емес өнеркәсіпшілердің тұрмыс дәрежесі «сұр-желен» егіншілерге карағанда өлшеусіз жоғары екенін, бұл Пермь губерниясында да дағдылы құбылыс екенін атап көрсеткен. Салыст. «Россиядағы майдагерлік өнеркәсіп жөніндегі есептер мен зерттеулер», жер кәсібі мен мемлекеттік мүліктер министрлігінің баспасы, III том, Егуновтың мақаласы. Автор кейбір жерсіз селоларда тұрмыс дәрежесі мүлде «қаладағыдай» екенін, егінші емес майдагердің «адамша» киініп, тұрмыс түзеуге тырысатынын көрсетеді (крахмал көйлекке дейін европалық киім: самауыр; шай, қантты, ақ нанды, сыйыр етін тағысын тағыларын көп тұтыну). Автор земство-санақ баспаларында көрсетілген бюджеттерге сүйенеді.

5) Қожайындар табысының мөлшері мен жалдама жұмысшыларға төленетін жалақы арасындағы айырма егіншілердегіден гөрі егінші еместерде өлшеусіз үлкен: егінші еместердегі барлық үш топ бойынша қожайынның табысы жалшының еңбек ақысынан екі еседей артық (57,8 сомға 113 сом), ал егіншілерде қожайынның табысы мардымсыз мөлшерде ғана — 4,1 сом (47,1 және 43,0) артық! Егер бұл цифрлар танданарлық десеңіз, кол өнерші егіншілерде (1, 2) бұл жағдай онан да бетер екенін айтуға тура келеді, оларда қожайындардың табысы жалдама жұмысшылардың жалақысынан төмен! Алайда, ірі және ұсақ кәсіп орындарындағы табыс мөлшерінің орасан айырмашылықтары туралы төмендегі мәліметтерді келтірген кезімізде, бұл жағдай әбден түсінікті болады. Ірі кәсіп орындары, еңбек өнімділігін арттыра отырып, кедейлердің, — рынокке бағынышты етілген күнде «дербестігі» тіпті жалған атақ боп шығатын жеке-дара майдагерлердің, — табысынан асыра жалақы төлеуге мүмкіндік береді. Ірі және ұсақ кәсіп орындарының табыстары арасындағы осы орасан айырма екі топтан да көрінеді, бірақ егіншілерде (ұсақ майдагерлердің аса төмендетілуі себепті) анағұрлым зор. Қожайынсымақтың табысы мен жалшының жалақысы арасындағы болымсыз айырмашылық жалшылар ұстамайтын ұсақ майдагер егіншінің табысы жалдама жұмысшыға төленетін жалақыдан жоғары емес, қайта көбінесе төмен болатынын айқын көрсетеді. Шынында да, қожайынның таза табысының мөлшері (семьялы бір жұмысшыға 47,1 сом) барлық ірілі-ұсақты кәсіп орындары үшін, фабриканттар мен жалғызділіктер үшін орташа мөлшер боп табылады. Ірі қожайындарда қожайынның таза табыстары мен жалшының еңбек ақысы арасындағы айырмашылық 4 сом емес, 10—100 есе артық екені түсінікті нәрсе, ал мұның мәнісі, ұсақ майдагердің, жалғызділіктің табысы 47 сомнан едәуір төмен, яғни бұл табыс жалдама жұмысшыға төленетін жалақыдан жоғары емес, қайта көбінесе төмен түсіп отырады деген сөз. Таза табыстары жағынан кәсіп орындарының жіктелуі туралы майдагерлік санақтың мәліметтері (төмендегі, § V кара) осы, парадокстық қортынды сыяқты қортындыны растайды. Бірақ бұл мәліметтер, егінші-

лер мен егінші еместерді ажыратпастан, барлық кәсіп орындарын жалпылама қамтыйды, міне, сондықтан да жоғарыда келтірілген кестенің берген нәтижесі біз үшін өте-мөте маңызды: біз ең төмен жалақы дәл егіншілерге тән екенін, «жермен байланыстылық» табыстарды орасан төмендететінін білдік.

Егіншілер мен егінші еместер табыстарының айырмашылығы туралы айта келіп, біз: мұны жұмыс маусымдарының әралуандығынан деп түсіндіруге болмайды дегенді ескерттік. Майдагерлік санақтың осы мәселе жөніндегі мәліметтерін қарап көрейік. Біз «кіріспеден» білдік, санақ программасына «өндірісте ай санап істейтін семьялар мен жалдама жұмысшылардың санына лайық, өндірістің жыл бойындағы қауырттығын» (14-бет) зерттеу ісі енгізіліпті. Санақ үй бассейнын жүргізілгендіктен, яғни әрбір кәсіп орны жеке зерттелгендіктен (өкініш жері, үй бланкасының формасы «Очеркке» тіркелмепті), әрбір кәсіп орны жөніндегі мәліметтер жұмысшылардың айсайынғы есебі туралы немесе әрбір кәсіп орнында жыл ішіндегі жұмыс айларының ұзақтығы туралы алынған деп ұйғару керек. Бұл мәліметтер «Очеркте» бір кестеге жыйнақталған (57, 58-беттер), мұнда екі топтың әрбір бөлімшесіндегі *жылдың әр айында істейтін* жұмысшылардың (семьялылары мен жалдамалары бірге) саны көрсетілген.

1894/95 жылғы майдагерлік санақта майдагерлердегі жұмыс айларының санын сондай дәл-ме дәл анықтау әрекеті өте жүйелі әрі қызғылықты нәрсе. Шынында да мұндай ақпарсыз, табыстар мен жалақылар туралы мәліметтер толық болмас еді де, санақтық есептер тек шамалас түрде ғана болар еді. Бірақ, амал нешік, жұмыс маусымы туралы мәліметтер тым жеткіліксіз қорытылған: осы жалпы кестеден басқа кейбір кәсіпшіліктердегі жұмысшылардың ай сайынғы саны туралы ақпарлар ғана берілген, мұны кейде топтарға бөліп, кейде бөлмей-ақ көрсеткен: ал бөлімшелерге бірде-бір кәсіп бойынша да бөлінбеген. Бұл мәселе жөнінде ірі кәсіп орындарын бөліп көрсету өте-мөте маңызды болар еді, өйткені біз, — а priori де, майдагерлік өнеркәсіптің басқа зерттеушілерінің мәліметтері бойынша да, — ірі және ұсақ майдагерлердегі жұмыс маусымдары біркелкі емес

деп ұйғаруға еріктіміз. Оның үстіне, 57-беттегі жасаулы кестенің өзінде қателіктер я баспа қателері жоқ емес сыяқты (мәселен, айларында: февраль, август, ноябрь; екінші топтағы 2-нші және 3-нші бағанасы шатасып кеткен секілді, өйткені 3-нші бөлімшедегі жұмысшылар саны екіншідегіден артық). Тіпті бұл шалағайлықтарды түзеткеннің өзінде де (кейде шамамен түзетілер де) бұл кесте аз күдік тудырмайды, осы күдіктің себебінен кестемен пайдалану қыйынға соғады. Шындығында, бөлімшелер бойынша осы кестенің мәліметтерін қарастырғанымызда, 3-нші бөлімшедегі (I топ) істейтін жұмысшылардың тахітұт-ы декабрь айына келіп, жұмысшылары 2 911 болатынын көреміз. Оның бержағында, «Очерк» 3-нші бөлімшеде небәрі 2 551 жұмысшы деп есептейді. II-нші топтың 3-нші бөлімшесінде де осылай: тахітұт — 3 221, ал жұмысшылардың ақыйқат саны — 3 077. Керісінше, бөлімшелер бойынша айлардың бірінде істейтін жұмысшылардың тахіта-сы жұмысшылардың ақыйқат санынан кем. Бұл құбылысты қалай деп түсіндіру керек? Бұл мәселе жөнінде мәліметтер барлық өндірістер туралы емес деп түсіндіру керек пе? Бұл өте ықтығымал, бірақ «Очеркте» бұл туралы бір ауыз сөз жоқ. II-нші топтың 2-нші бөлімшесі бойынша жұмысшылардың ақыйқат санынан жұмысшылардың тек тахітұт-ы ғана (февраль) артық емес (1 163-ке 1 882), сонымен бірге бір ай істейтін жұмысшылардың орташа саны да (яғни 12 ай істейтін жұмысшылар сомасын 12ге бөлгенде тиетін үлесі) жұмысшылардың қай санынан артық (1 163-ке 1 265)!! Қаттаушылар жұмысшылардың қай санын ақыйқат деп есептейді: жыл ішіндегі орташа санын ба, әлде бір маусымдағы (мәселен қыс маусымындағы) орташа санын ба, немесе жылдың белгілібір айындағы нақтылы санын ба? — деген сұрақ туады. Жеке кәсіптердегі жұмысшылардың айсайынғы санын алып қарағанда да барлық бұл дұдамалдықтарды шешуге болмайды. Осы ақпарлар алыққан 23 кәсіпшіліктің көпшілігінде жылдың бір айында істейтін жұмысшылардың тахітұт-ы жұмысшылардың ақыйқат санынан төмен. 2-ші кәсіпшіліктерде бұл тахітұт жұмысшылардың ақыйқат санынан жоғары: мыстан бұйым жасау (233ке 239) және теміршілік кәсіпшілігі бойынша (II-ші топ —

1 269ға 1 811). Екі кәсіпшілік бойынша тахитим жұмысшылардың ақыйқат санына тең (арқан-жіп және май шығару кәсіпшіліктері, II-кші топтар).

Мұндай жағдайларда жұмысшылардың айсайынғы есебі туралы мәліметтерді олардың жалақы сомаларымен, жұмысшылардың ақыйқат санымен және басқаларымен салыстыру үшін пайдалануға мүмкін болмай шығады. Тек осы мәліметтерді басқаларына қатыстырмай-ақ, айсайын істейтін жұмысшылардың тахита-сы мен шіпіта-сын салыстыруға ғана тура келеді. «Очеркте» де тап осылай етілген, бірақ онда да жеке айлар салыстырылады. Біз қыс пен жазды салыстырған дұрысырақ деп білеміз: сонда біз егіншілік жұмысшыларды кәсіптен қаншалық қол үздіретінін қадағалап отыра аламыз. Қыста (октябрь—март) істейтін жұмысшылардың орташа санын мөлшер етіп алдық та, бұл мөлшерді жазда істейтін жұмысшылар санына қолдана отырып, жазғы жұмыс айларының санын таптық. Қысқы және жазғы айлардың сомасы жыл ішіндегі жұмыс айларының санын көрсетіп берді. Мысалмен түсіндірейік. I-нші топтың I-нші бөлімшесінде қыстың алты айында 18 060 жұмысшы істейді; ендеше, қысқы бір ай ішінде орта есеппен ($18\ 060 : 6 =$) 3 010 жұмысшы істейді. Жазда 12 345 жұмысшы істейді, яғни жазғы жұмыс маусымы ($12\ 345 : 3\ 010$) 4,1 ай болады. Демек, I-ші топтың I-нші бөлімшесіндегі жұмыс маусымы жыл ішінде 10,1 ай болады.

Мәліметтерді қорытудың мұндай әдісі бізге ең дұрыс та, ең қолайлы да әдіс боп көрінді. Ең дұрыс болатын себебі — ол әдіс қыс пен жаз айларын салыстыруға, демек, егіншілік жұмысшыларды кәсіптен қаншалық қол үздіретінін дәл анықтауға негізделген. Қыс айларының дұрыс алынғандығы тап октябрьден бастап тап мартқа дейін екі топ бойынша жұмысшылардың саны жыл ішіндегі орташа саннан жоғары екендігі арқылы расталады. Тап сентябрьден октябрьге дейін жұмысшылар саны өте мөте артады да, тап марттан апрельге дейін ол сан өте мөте кемиді. Тегінде басқа айларды алған күнде де, қортындылар мардымсыз ғана өзгерген болар еді. Қолданған әдісімізді ең қолайлы деп есептейтін себебіміз, ол әдіс жұмыс маусымын дәл санмен көрсетеді, бұл жөнінде топтар мен бөлімшелерді салыстыруға мүмкіндік береді.

Осы әдіс бойынша алған мәліметтеріміз мынадай:

	I топ			Небәрі	II топ			Небәрі	Екі топ бойынша
	1	2	3		1	2	3		
Жұмыс маусымы ай есебімен	10,1	9,6	10,5	10,0	10,0	10,4	10,9	10,5	10,2

Бұл мәліметтер егіншілер мен егінші еместердің жұмыс маусымындағы айырма *тым аз* деген қортындыға келтіреді: егінші еместердің жұмыс маусымы бар болғаны 5 процент қана ұзақ. Бұл айырманың болымсыздығы цифрлардың дұрыстығына күмән тудырады. Біз тексеру үшін кітаптағы бытыраңқы материалды біраз есептеп, жыйнақтап көрдік, сөйтіп мынадай қортындыларға келдік:

43 кәсіпшіліктің 23і бойынша «Очеркте» жұмысшылардың айсайынғы есебі туралы ақпарлар берілген, оның бержағында 12 (13)* кәсіпшілік жөнінде бұл ақпарлар топтар бойынша жасалған да, ал 10 кәсіпшілік бойынша жасалмаған. Үш кәсіпшілік бойынша (смола-қарамай, бояу және кірпіш кәсіптері) жұмысшылар саны қыстағыдан гөрі жазда көп боп шығады: қыстың алты айында осы үш кәсіпшілік бойынша 1 953 адам, ал жазғы 6 айда — 4 918 адам істейді. Бұл кәсіптердегі егіншілер саны, барлық жұмысшылар санының 85,9 проценті болып, егінші еместерден әлдеқайда асып түседі. Топтар бойынша жалпы қортындылар жасарда осы, жаздық кәсіптер делінетін, кәсіптерді басқаларымен қоса есептеу тіпті теріс болғандығы түсінікті, өйткені мұның өзі әртүрлі нәрселердің басын қосып, барлық кәсіптердегі жазғы жұмысшылардың санын қолдан арттырғандық болады. Осыдан туатын қателікті түзету үшін екі амал бар. Оның бірі — осы үш кәсіпшілік жөніндегі мәліметтерді «Очерктің» I-нші және II-нші топтар бойынша жасалған қортындыларынан шығарып тастау**. Сонда жұмыс маусымы I-нші топ үшін 9,6 ай, II-ші топ үшін — 10,4 ай болады. Мұнда екі топтың арасындағы айырма көбірек, бірақ, дегенмен ол айырма онша үлкен емес: 8,3

* Мүйіз кәсібінде жалғыз I-ші топ қана бар.

** I Топ үшін 85,9 процентті мөлшер етіп алып, осы үш кәсіпшіліктің жұмысшыларын I және II топқа шамамен бөлу керек.

процент қана. Қателікті түзетудің екінші амалы — I-нші және II-нші топтағы жұмысшылардың айсайынғы есебі туралы ақпарлары «Очеркте» жеке көрсетілген 12 кәсіп жөніндегі мәліметтерді жыйнақтауда. Мұндай жыйынтық барлық майдагерлер санының 70 процентін қамтыды, оның бержағында I-нші топ пен II-нші топты салыстырған дұрысырақ болады. Осы 12 кәсіпшілік бойынша жұмыс маусымы I-нші топ үшін 8,9 айға ғана, ал II-нші топ үшін — 10,7 айға, екі топты бірге алғанда 9,7 айға тең боп шықты. Мұнда егінші еместердегі жұмыс маусымы егіншілердегіден 20,2 процент ұзағырақ. Жазда егіншілер жұмысын 3,1 айға, ал егінші еместер тек 1,3 айға ғана тоқтатады. Егерде II-ші және I-нші топтағы жұмыс маусымдарының ең жоғары қарым-қатнасын мөлшер етіп алсақ, соның өзінде де I-нші және II-нші топ жұмысшыларының жалпы өніміндегі немесе олардың кәсіп орындарының таза табыстарындағы айырмашылықтарды ғана емес, сонымен бірге тіпті, егіншілер мен егінші еместерде істейтін жалдама жұмысшылардың жалақысындағы айырмашылықтарды да *жұмыс маусымдарының әралуандығынан деп түсіндіруге болмайтындығы* мәлім болады. Демек, жермен байланыстылық майдагерлердің табыстарын азайтады деп, жоғарыда жасалған қортынды толық күшінде қалады.

Сондықтан егіншілер мен егінші еместердің табысындағы айырмашылықты жұмыс маусымдарының әралуандығынан деп түсіндіргісі келетін, «Очеркті» құрастырушылардың пікірін қате деп тапқан мақұл. Өздерінің қателескен себебі, олар жұмыс маусымдарының әралуандығын дәл цифрлармен көрсетуге әрекеттенбеді, содан барып адасып кетті. Мысалы, «Очерктің» 106-шы бетінде: егінші-ишілер мен егінші емес-ишілердің табыстарының әралуандығы «көбінесе, кәсіпшілікке арналатын жұмыс күндерінің санына байланысты» делінген. Оның бержағында осы кәсіпшілік бойынша егінші еместердің табыстары егіншілердің табыстарынан 2—4 есе асып түседі (семьялы бір жұмысшыға 1-ші бөлімшеде 65 және 280 сом, ал 2-ншіде — 27 және 62 сом), ал егінші емес-

тердің жұмыс маусымы небәрі 28,7 процент қана ұзақ (6,6 айға 8,5 ай).

Жермен байланыстылық салдарынан табыстың кему фактысы «Очеркгі» құрастырушылардың да көздеріне шалынбай қалмапты, алайда олар мұны майдагерлік түрдің капиталистік түрден «артықшылығы» туралы дағдылы халықшылық тұжырыммен түсіндірген: «егіншілікті кәсіпшілікпен біріктіре отырып, майдагер... өзінің заттарын фабрика заттарынан арзанға сата алады» (4-бет), басқа сөзбен айтқанда, аз табысқа қанағат ете алады. Бірақ, егерде рынок, бұл байланыстылықты кемітерліктей, майдагер-егіншінің табысын азайтарлықтай дәрежеде елдің барлық өніміне үстемдік етіп отырса егерде капитал осы «байланыстылықты» өзін өзі қорғауға басқа қожайын, басқа бір сатып алушы, басқа кәсіп табуға қабілеті аз майдагер егіншіні көбірек қысымға алу үшін пайдалана алатын болса, бұл арада жермен байланыстылықтың «артықшылығы» қайсы? Жұмысшының (және ұсақ өнеркәсіпшінің) тоқымдай жері барда жалақының (және жалпы өнеркәсіптік табыстың) кемуі жалпы капиталистік елдерге ортақ көрініс, жерге байланысты жұмысшылардың орасан «артықшылығын» әлдеқашан бағалаған барлық кәсіп иелеріне әбден белгілі көрініс. Тек шірік Батыста ғана нәрсені турасынан өз атымен атайды, ал бізде табыстың азаюын, еңбекшілердің тұрмыс дәрежесінің төмендеуін, машина қолдану ісінің бөгелуін, қанаушылық атаулының нығаюын «егіншілікті кәсіпшілікпен біріктіретін» «халық өндірісінің» «артықшылығы» деп атайды...

Жұмыс маусымы туралы 1894/95 жылғы майдагерлік санақ мәліметтерін шолуды аяқтай келгенде, алынған мәліметтердің қорытылмағандығы жөнінде өкініш білдірмеске болмайды және бұл сәтсіздік осы қызғылықты мәселені зерттеуші басқа адамдардың бұған түңілмеуін тілемеске тағы болмайды. Зерттеу әдісін — жұмыс күштерінің айсайынғы есебін анықтау ісін — өте сәтімен табылған әдіс деп мойындамасқа болмайды. Жоғарыда біз топтар мен бөлімшелер бойынша жұмыс маусымы туралы мәліметтер келтірдік. Топтар жөніндегі мәліметтерді

біз тағыда біраз тексере алдық. Ал, бөлімшелер жөніндегі мәліметтер тіпті тексеруге келмейді, өйткені бөлімшелер бойынша жұмыс маусымындағы айырмашылық туралы кітапта мүлде ешқандай мәліметтер жоқ. Сондықтан, осы мәліметтерді сыйпаттай келіп, бұлар толығынан жүйелі деп кепілдікке жүруге болмайтындығын ескертеміз. Егер біз бұдан былай да қортындылар жасасак, мәселе қойып, осыған зерттеушілердің назарын аудару үшін ғана жасаймыз. Аса маңызды қортынды сол, I-нші және II-нші топтың жұмыс маусымдарындағы ең аз айырма I-нші бөлімшеде боп шығады (небәрі 1 процент: 10,1 және 10,0 ай), яғни ең ауқатты майдагерлер мен ең ірі әрі *дәулетті егіншілер егіншіліктен өте-мөте аз қол үзеді*. Айырмашылық өте-мөте қолөнершілерде, яғни өнеркәсіпшілер мен *орташа* егіншілердің товарлы шаруашылығын өте аз қамтыған қолөнершілерде үлкен (2-ші бөлімше: 9,5 және 10,4 ай). Дәулетті егіншілердің егіншіліктен аз қол үзетіндігі не олардың семья адамдарының көптігіне, не кәсіпте жалдама еңбектің көп қаналатындығына, немесе олардың егінші қызметкерлерді жалдауына байланысты болып шығатын тәрізді, ал қолөнершілердің егіншіліктен аса көп қол үзетіндігі олардың егіншілер есебінде өте аз ыдырауына, атам заманғы қарым-қатнастарды аса көп сақтап, жазда жұмыс беруді қысқартатын тұтынушы егіншілерде тікелей жұмыс істеулеріне байланысты секілді*.

— «Егін кәсібімен байланыстылық», санақ мәліметтері бойынша, майдагерлердің сауаттылығына өте елеулі әсер етеді; — *өкініш жері*, жалдама жұмысшылардың сауаттылығы зерттелмеген. Егінші емес халық** егінші халықтан *едәуір сауаттырақ* болып шықты, оның бержағында мұның бөлімшелердің тегіс бәріне, еркектер үшін де, әйелдер үшін де қатысы бар екендігі байқалады. Санақтың бұл мәселе жөніндегі *in extenso**** мәліметтері процент есебімен алғанда мынадай (62-бет):

* Бір өзгешелік бар: нілдеу кәсіпшілігі — бүтіндей қолөнерлік кәсіпшілік, және онда жазғы жұмыс қысқы жұмыстан астам.

** Бұған жалғыз ғана қала (онда да уездік қала) жеке кіргенін ескертеміз: II-ші топтағы 4762 семьялы жұмысшының ішінде қалалықтары тек 1412, яғни 29,6 процент.

*** — толық түрдегі. *Ред.*

	II топ (егіншілер)				III топ (егінші еместер)				Екі топ бойынша		
	Бөлімшелер			Барлығы	Бөлімшелер			Барлығы			
	1	2	3		1	2	3				
«Сауаттылардың нақтылы адам санына проценттік қатысы»	еркек жынысы		32	33	20	31	41	45	33	39	38
	әйел жынысы		9	6	4	7	17	22	14	17	9
«Өндіріске тікелей қатысын өзбек елестердің ішіндегі сауаттылар проценті»	еркек жынысы		39	37	26	36	44	57	51	49	40
	әйел жынысы		13	17	4	10	53	21	23	30	19
Сауаттылары бар семьялардың проценті	49	43	34	44	55	63	50	55	47		

Бір қызғылықты нәрсе, егінші емес халықтың ішінде сауаттылық еркектерден гөрі әйелдер арасында анағұрлым тез тарайтындығы. II-ші топтағы сауатты еркектер проценті I-шідегіден гөрі $1\frac{1}{2}$ — 2 есе, ал сауатты әйелдер проценті $2\frac{1}{2}$ — $5\frac{3}{4}$ есе артық.

«Кәсіпшілікпен байланысты егіншілік» туралы 1894/95 жылғы майдагерлік санақтың берген мәліметтерінің қортындыларын топшылай келіп, біз мынаны атап көрсете аламыз: егіншілікпен байланыстылық:

1) өнеркәсіптің аса мешеу түрлерін бөгейді және экономикалық дамуға кедергі жасайды;

2) майдагерлердің жалақылары мен табыстарын төмендетеді, солай болғасын егінші қожайындардың анағұрлым қамтамасыз бөлімшелері, жалпылама және орта есеппен алғанда, егінші емес қожайындарды сөз қылмағанның өзінде, егінші еместердегі жалдама жұмысшылардың ең нашар халдегі бөлімшелерінен гөрі кем табады. Тіпті I-ші топтағы жалдама жұмысшылармен салыстырған күнде де, сол бір топтағы қожайындардың табыстары өте төмен болып шығады, бұл табыстары жалдама жұмысшылардың жалақыларынан сәл ғана асады, ал кейде тіпті одан да төмендеп кетеді;

3) тұтыну дәрежесі өте төмен және сауаттылығы жағынан егінші еместерден көш кейін қалған халықтың мәдени дамуын бөгейді.

Бұл қортындылар төменіректе, халықшылдардың өнеркәсіптік саясат программасына баға берерде, біздің кәжетімізге жарайды.

4) Майдагер-егіншілердің арасында, өнеркәсіпшілердің ыдырауымен қатарласа ыдыраушылық көрініп отыр. Оның бержағында егіншілердің (қамтамасыздығы жағынан) жоғары категориялары өзінің шаруашылығын селолық батрактар мен күндікшілерді жалдауға негіздейтін шаруа буржуазияның аумаған дәл өзі болып табылады.

5) Егіншілердің жұмыс маусымы егінші еместердікінен гөрі қысқарак, бірақ бұл айырма өте аз ғана (5 процент — 20 процент).

V

ІРІ ЖӘНЕ УСАҚ КӘСІПОРЫНДАР.— МАЙДАГЕРЛЕРДІҢ ТАБЫСТАРЫ

Майдагерлердің табыстары туралы 1894/95 жылғы майдагерлік санақтың мәліметтеріне толығырақ тоқтап өту қажет. Табыстар туралы үй сайын мәліметтер жыйнау әрекеті өте жүйелі нәрсе, сондықтан топтар бойынша (жоғарыда келтірілген) жалпылама «орташа» мәліметтерге қанағат ету тіпті теріс әдіс болар еді. Жалғызілік майдагерлер мен ірі кәсіп орындарының қожайындарын бірге қосып, сомасын қосындыларға бөлуден шығатын «орташа» мәліметтердің жалғандығы туралы біз жоғарыда әлденеше рет айтып өттік. Осы жалғандықты айқын көрсетіп, дәлелдеу үшін, үй басы санағы мәліметтерін ғылыми жолмен зерттеп қорытарда, майдагерлерді мастерскойдағы жұмысшылардың (семьялыларының да, жалдамаларының да) санына қарай топ-топқа бөлудің және бұл бөлімдер бойынша санақ мәліметтерінің бәрін де келтірудің қажеттігін дәлелдеу үшін бұл мәселе жөніндегі «Очеркте» бар мәліметтерді жыйнап көрейікші.

«Очеркті» құрастырушылар ірі кәсіп орындарының аса табыстылығы жөніндегі көзге түсетін фактыны көрмей қалған жоқ, бірақ олар мұның мәнін әлсіретуге тырысқан. Санақтың ірі кәсіп орындары туралы дәл мәліметтерінің орнына (бұл мәліметтерді бөліп көрсету кыйын емес еді), олар тағыда жалпылама сөзбен, жалпылама жорамал айтумен, халықшылдар үшін ұнамсыз қортындыларға қарсы дәлел келтірумен тынған. Осы дәлелдерін қарап көрейік.

«Егер осындай (ірі) кәсіп орындарында семьяның ұсақ кәсіптерге қарағанда мөлшерсіз артық табысын кездестіретін болсақ, негізінде бұл табыстың едәуір бөлегі, 1-шіден, негізгі капиталдың затқа айналған кейбір бөлегі кұнының, 2-шіден, өндіріске қатысы жоқ, сауда-транзит түріндегі еңбек пен шығындар кұнының, және, 3-шіден, қожайындарының үйінен ішіп-жейтіп жалдама жұмысшылардың тамақ азығы кұнының жыйынтығы екенін естен шығармасқа тиіспіз. Бұл фактылар (!факты-ақ екен!) майдагерлік өндірістегі жалдама еңбектің немесе, сол секілді, капиталистік элементтің тиімділігін асыра бағалау жөніндегі жалған үміттердің мүмкіндігін тежейді» (15-бет). Жалған үміттердің мүмкіндігін «тежеу» зерттеу жұмысы үшін әбден қалаулы нәрсе, бұл жөнінде, әрине, ешкім күманданбайды, бірақ ол үшін, кейде түгелінен «жалған үміттерге» жататын өз жорамалыңды емес, ұй басы санағында жыйналған фактылардың өзін «жалған үміттерге» қарсы қою керек. Шынында да, авторлардың сауда-транзит шығындары туралы пікірі жалған үміт емес пе? Ірі өнеркәсіпші үшін заттың бір басына жұмсалатын бұл шығындар, ұсақ өнеркәсіпшіге келетінінен гөрі, өлшеусіз төмен екенін*, уақыты мен орнын таба білетін (және табуға шамасы келетін) болғасын, алғашқысы материалды арзанға сатып алып, өз өнімін қымбатқа сататынын кім білмейді? Майдагерлік санақ та осы жалпыға мәлім фактыларды көрсетіп береді: мәселен 204 және 263-беттерде; сөйтіп, «Очеркте» ірі өнеркәсіпшілер мен ұсақтарының, майдагерлер мен алыпсатарлардың шикізат сатып алуға және затын өткізуге жұмсайтын шығындары туралы фактылардың жоқтығына өкінбеске болмайды. Бұдан соң, негізгі капиталдың шегерілетін бөлегін алсақ, авторлардың, жалған үміттерге қарсы күресем деп, жалған үмітке ұшырауларына тағыда тура келіп отыр. Негізгі капиталға жұмсалатын ірі шығындар заттың бір басына шағып есептегенде кұнның шегерілетін және затқа айналатын бөлегін азайтатындығы теориядан мәлім. «Қол-

* Товар өндірушіні қолөнершімен немесе алып-сатарға жұмыс істейтіндермен емес, тек бір бөлімшенің майдагерлерін ғана салыстыруға болатындығы өзінен өзі түсінікті.

дан жасаған немесе мануфактуралық товарлар мен машиналар арқылы өндірілген тап сол товарлардың нарқы салыстыра талдағанда жалпы мынадай нәтиже шығады: машина өнімінде, күнның еңбек құралдарынан көшетін бөлегі өлшемді түрде өседі де, абсолют түрде кемиді. Яғни оның абсолют мөлшері кемиді де, өнімнің, мәселен, арқан-жіп қадағының бүкіл құны жөніндегі мөлшері артады» („Das Kapital“ I², S. 406*. Санақ өндірістің шығындарын да есептеген, ол шығындардың есебіне (14-бет, 7-ші тармақ) «аспаптар мен жабдықтардың ремонтты» да кіреді. Бұл тармақты тіркеудегі кемістіктері ұсақ қожайындардан гөрі ірілерінде жиі кездеседі деп ойлайтын дәлел қайсы? Қайта керісінше емес пе? Жалдама жұмысшылардың күнелтуіне келсек, бұл мәселе жөнінде «Очеркте» ешқандай фактылар жоқ: қожайындарының асырауындағы жұмысшылар дәл қанша екенін, санақтың бұл тармақ жөніндегі кемістіктері қаншалық жиі кездесетінін, егінші қожайындар жалдамаларды өз шаруашылығының азығымен қаншалық жиі асырайтынын, қожайындар жұмысшыларының ішіп-жегенін өндіріс шығындарының есебіне қаншалық жиі жазғандығын біз білмейміз. Дәл сол сыяқты, ірі және ұсақ кәсіп орындарында жұмыс маусымдарының біркелкі ұзақ еместігі туралы да ешқандай фактылар жоқ. Ірі кәсіп орындарында жұмыс маусымы ұсақтарындағыдан гөрі, шындығында ұзағырақ екенін біз ешбір теріс демейміз, бірақ, 1-шіден, табыстардың айырмашылықтары жұмыс маусымының айырмашылықтарынан әлдеқайда үлкен; ал, 2-шіден, Пермь санақшылары үй басы санағының (төменде көрсетілген) дәл фактыларына қарсы, халықшылдардың «жалған үміттерін» жақтап, дәл мәліметтерге негізделген бірде-бір қыйсынды дәлел келтіре алмағандығын атап айтуға тура келеді.

Ірі және ұсақ кәсіп орындары туралы мәліметтерді біз мына жолмен алдық: «Очеркке» тіркелген кестелерді қарастырдық, ірі кәсіп орындарын (оларды бөліп көрсетуге мүмкін болған кезде, яғни олардың жаппай кәсіп орындарымен бірге жалпы қортындыға қосылмаған кезінде) көрсетіп, «Очерктің» тап сол топтар мен бөлімше-

* — «Капитал», I т., 2-ші басылуы, 406-бет⁸⁹. Ред.

лердің барлық кәсіп орындары туралы жалпы қортындыларымен салыстырдық. Мәселенің маңыздылығы сондай, төменде келтірілген кестелердің молдығы үшін оқушылар бізге налымас деп үміттенеміз: кестелерде мәліметтер айқынырақ әрі жыйнақтылау боп көрінеді.

Пима жасау кәсіпшілігі:

I топ I бөлімше	Кәсіп орындарының саны	Жұмысшылар саны			Жалпы табысы		Жалдама жұмысшылардың жалақысы		Таза табыс		"Очерктің" беттерін көрсету
		Семьялары	Жалдамалары	Небәрі	Небәрі	1 жұмысшыға	Небәрі	1 жалдама жұмысшыға	Небәрі	1 семьялы жұмысшыға	
		Семьялары	Жалдамалары	Небәрі	Небәрі	1 жұмысшыға	Небәрі	1 жалдама жұмысшыға	Небәрі	1 семьялы жұмысшыға	
Барлығы	58	99	95	194	22 769	117,3	4 338	45,6	7 410	75,0	Текстің 112-беті
Ірі кәсіп орындары	10	14	65	79	13 291	168,0	3 481	53,5	3 107	222,0	Кестелердің 214, 215 және 154-беттері
Осы ірілерінен басқа кәсіп орындары	48	85	30	115	9 478	82,4	857	28,5	4 303	41,2	

Сонымен, семьялы 1 жұмысшыға келетін 75 сомдық «орташа» табыс 222 сомдық және 41 сомдық табыстарды қосудан шықты. Семьялы 14 жұмысшысы бар 10 ірі кәсіп орнын* алып тастағанда, қалған кәсіп орындары жалдама жұмысшыға төленетін жалақыдан кем түсетін таза табыс табады (45,6 сомға 41,2 сом), ал ірі кәсіп орындарында жалақы одан да арта түседі. Ірі кәсіп орындарындағы еңбек өнімділігі екі еседен де (168,0 және 82,4), жалдама жұмысшыға төленетін жалақы екі еседей (53 және 28), таза табыс бес есе (222 және 41) артық. Ірі кәсіп орындарының еңбек өнімділігі жоғары**, табыстары астам, ал ұсақ майдагерлер, — өздері қанша-

* Алайда бұлар айта қаларлықтай ірі кәсіп орындары емес. Кәсіп орындарының жалдама жұмысшыларының саны жағынан жіктелуіне қарап (113-бет), 3 кәсіп орнында 163 жалдама жұмысшы бар екенін, яғни кәсіп орнына орта есеппен 54 жалдама жұмысшыдан келетінін есептеп шығаруға болады. Міне, «майдагерлері» осы; бұларды жалғыздіктермен (кәсіптегі жалғыздіктер ең кемінде 450) қоса есептеп, жалпы «орташа» қортындылар шығарған болыпты!

** «Кәсіп орындарының бірінде» жүн сабайтын машина қолданылғандығы көрсетілген (119-бет).

лық «дербес» (1-ші бөлімше: дербес рынокке жұмыс істейді) және жермен байланысты (I топ) бола тұрса да, жалдама жұмысшыдан кем табады; бұл фактыны жұмыс маусымы әралуан деп те, басқа ой-пікір айтумен де тайдыруға болмайтындығы айқын.

Ағаш ұсталығы кәсібінде I-ші топтың 1-нші бөлімшесіндегі семьялардың «таза табысы» семьялы 1 жұмысшыға «орта есеппен» 37,4 сомнан келеді, ал тап сол бөлімшедегі бір жалдама жұмысшының орташа жалақысы 56,9 сомға тең (131-бет). Кестелерге қарап ірі кәсіп орындарын бөліп көрсету мүмкін емес, бірақ семьялы 1 жұмысшыға келетін табыстың осы «орташа» мөлшері жалдама жұмысшылары бар (оларға 56 сомнан әйтеуір бірдеңе үшін төлейді ғой), табысы мол кәсіп орындарын және жалдама жұмысшыдан әлдеқайда кем табатын ұсақ «дербес» майдагерлердің кіп-кішкене мастерскойларын қосудан шыққан нәтиже екеніне күмандануға бола қояр ма екен.

Бұдан соң, жөке кәсіпшілігі:

I топ бөлімше	Кәсіп орындарының саны	Жұмысшылар саны			Жалпы табыс		Жалақы		Таза табыс		"Очерктің" беттерін көрсету
		Семьялылары	Жалдамалары	Небәрі	Небәрі	1 жұмысшыға	Небәрі	1 жалдама жұмысшыға	Небәрі	1 семьялы жұмысшыға	
Барлығы	99	206	252	458	38 681	84,4	6 664	26,4	10 244	49,7	Текстің 151-беті
Ірі кәсіп орындары	11	11	95	106	18 170	171,4	2 520	26,5	3 597	327,0	Кестелердің 95, 97 және 136-беттері
Басқалары	88	195	157	352	20 511	58,2	4 144	26,4	6 647	34,0	

Сонымен, 99 кәсіп орнының 11-і бүкіл өндірістің жартысына жуығын топтап отыр. Оларда еңбек өнімділігі екі еседен де артық; жалдама жұмысшылардың жалақысы да солай; таза табыс «орта» мөлшерге қарағанда алты еседен де артық және басқалардың, яғни ұсақтау майдагерлердің табысынан он еседей артық. Осы соңғы-

лардың табыстары жалдамалардың жалақысынан аздап қана артады (34 және 28-беттер).

Арқан-жіп кәсіпшілігі*

І топ I бөлімше	Кәсіп орындарының саны	Жұмысшылар саны			Жалпы табыс		Жалақы		Таза табыс		Очерктік беттерін көрсету	
		Семьялары	Жұмысшылар	Небәрі	Небәрі	I жұмысшыға	Небәрі	I жалдамалының I жұмысшына	Небәрі	I семьяның I жұмысшына		
Барлығы	58	179	108	285	81	872	286	4 948	65,6	18 127	90,1	Тексттің 158-беті*
Ірі кәсіп орындары	4	5	56	81	48	912	806	4 895	83,8	5 589	1119,0	Кестелердің 40-және 188-беттері
Басқалары	54	174	50	204	33	780	146	2 250	45,0	10 528	60,5	

Сонымен, жалпы «орта» мәліметтерден семьялы жұмысшылардың табыстары жалдамаларға қарағанда жоғары екендігі (65,6-ға 90) бұл арада да көрініп отыр. Бірақ, 58 кәсіп орнының 4-і бүкіл өндірістің жартысынан көбін топтайды. Осы кәсіп орындарында (таза тұрпатты капиталистік мануфактураларда)** еңбек өнімділігі орта мөлшерден үш еседей артық (800 және 286) және басқаларының, яғни ұсақтау кәсіп орындарының еңбек өнімділігінен бес еседен де артық (800 және 146). Фабрикалардағы жалдама жұмысшыларға төленетін жалақы ұсақ кожайынсымақтардікінен едәуір артық (84 және 45). Фабриканттардың таза табысы, «орта» мөлшердегі 90 сомға және ұсақ майдагерлердегі 60,5 сомға қарағанда, семья басына 1 000 сомнан да артық келеді. Сөйтіп, ұсақ майдагерлер жалдамалардың жалақысынан кем табыс табады (60,5 және 65,6).

* 158-беттегі кестеле баспа хатесі немесе жай хателік болуы керек, өйткені Ирбит уезіндегі таза табыс қортындыда көрсетілген 9 827 сомнан артық. «Очеркке» тіркелген кестелердің мәліметтері бойынша бұл кестені қайта жасауға тура келді.

** «Майдагерлік өнеркәсіп», 46—47-беттері, сондай-ақ «Очерктегі» өндіріс сыйпаттамасы, 162 және келесі беттері. Бір айтақаларлық нәрсе, «осы кәсіп иелері біркездері анық майдагерлер болған, сондықтан олар әрдайым өздерін майдагерлерміз деп атағанды... ұнатып келді, ұнатады да».

Смола-қарамай кәсіпшілігі:

I топ I бөлімше	Кәсіп орындарының саны	Жұмысшылар саны			Жалпы табыс		Жалақы		Таза табыс		«Очерктің» беттерін көрсету
		Семьялары	Жалдамалары	Небәрі	Небәрі	I жұмысшыға	Небәрі	I жалдама жұмысшыға	Небәрі	I семьялы жұмысшыға	
Барлығы	167	319	80	399	22 076	55,3	2 150	26,8	10 979	34,4	Текстің 189-беті
Ірі кәсіп орындары	9	10	16	26	4 440	170,7	654	40,8	2 697	269,7	Кестелердің 100, 101, 137, 160, 161 және 220-беттері
Басқалары	158	309	64	373	17 636	47,3	1 496	23,2	8 282	26,8	

Сонымен, тегінде өте ұсақ, жалдама жұмысшыларының саны өте аз (20 процент) осы өндірісте де, егіншілер тобында, дербес майдагерлерде (шамалы түрдегі) ірі кәсіп орындарының артықшылығын сыйпаттайтын әлгіндегідей кілең капиталистік көрініс байқалады. Ал, смола-қарамай өндірісі нағыз шаруалық, «халықтық» кәсіп қой! Ірі кәсіп орындарында еңбек өнімділігі «орта» мөлшерден үш еседен де артық, жалдама жұмысшылардың жалақысы бір жарым еседей артық, таза табыс «орта» мөлшерден сегіз еседей және, орташа жалдама жұмысшыдан көп таппайтын және де *ірі кәсіп орындарындағы жалдама жұмысшыдан кем алатын* семьялы басқа майдагерлердің табысынан он есе артық. Ескерте кетейік, смола-қарамай өндірісі көбінесе жазда жүргізіледі, ендеше жұмыс маусымындағы айырмашылықтар мардымды бола алмайды*.

Нан пісіру кәсіпшілігі:

* Смола-қарамай өндірісінде смола айдаудың атам заманғы *шұқырлық* әдістері де және тіпті *цилиндрлі қазандарды* енгізген ең үздік *қазандық* әдістері де қолданылатындығы «Очерктен» көрінеді (195-бет). Үй басы санағы осы екі әдістің екеуінің де қай мөлшерде қолданылатыны туралы материал берді, бірақ бұл материал тыңғылықты емес, өйткені ірі кәсіп орындары бөлек көрсетілмеген.

I топ I бөлімше	Кәсіп орындарының саны	Жұмысшы- лар саны			Жалпы та- быс		Жалақы		Таза табыс		„Очерктің“ беттерін көрсету
		Семьялылары	Жалдамалары	Небәрі	Небәрі	I жұмысшыға	Небәрі	I жалдама жұмысшыға	Небәрі	I семьялы жұмысшыға	
Барлығы	27	63	55	118	44 619	378,1	2 497	45,4	7 484	118,8	Текстің 215-беті
Ірі кәсіп орын- дары	4	7	42	49	25 740	525	2 050	48,8	4 859	694	Кестелердің 68 және 229- беттері
Басқалары	23	56	13	69	18 879	273	447	34,4	2 625	46,8	

Яғни, бүкіл бөлімшеге арналған орташа цифрлар тағы да мүлде жалған боп шығады. Ірі кәсіп орындары (ұсақ капиталистердікі) бүкіл өндірістің жартысынан көбін топтайды, орта мөлшерден алты есе, ұсақ қожайынсымақтардың табысынан 14 есе артық таза табыс береді, және жалдама жұмысшыларына, ұсақ майдагерлердің табысынан асып түсетін, жалақы төлейді. Біз еңбек өнімділігі туралы сөз қылмаймыз, өйткені 3—4 ірі кәсіп орындары аса бағалы зат — патока өндіреді.

Қыс-құмыра өндірісі. Тағы да аумаған ұсақ шаруа кәсіпшілігі, жалдама жұмысшылардың саны болымсыз (13 процент), кәсіп орындары өте ұсақ (кәсіп бассейнін 2 жұмысшыдан да кем), егіншілерінің саны астам. Бұл арада да әлгіндей жағдайды көреміз:

I топ I бөлімше	Кәсіп орындарының саны	Жұмысшы- лар саны			Жалпы та- быс		Жалақы		Таза табыс		„Очерктің“ беттерін көрсету
		Семьялылары	Жалдамалары	Небәрі	Небәрі	I жұмысшыға	Небәрі	I жалдама жұмысшыға	Небәрі	I семьялы жұмысшыға	
Барлығы	97	163	31	194	12 414	63,9	1 830	59	6 657	41	Текстің 291-беті
Ірі кәсіп орын- дары	7	9	17	26	4 187	161,0	1 400	80,2	1 372	152	Кестелердің 168 және 206-беттері
Басқалары	90	154	14	168	8 227	48,9	430	30,0	5 285	34,3	

Демек, мұнда «орта» цифрлар бойынша жалдама жұмысшының жалақысы семьялы жұмысшының табысынан бірден жоғары боп шығады. Ірі кәсіп орындарын бөліп шығарғанда, біз жаппай мәліметтерге сәйкес жоғарыдақ атап көрсеткен осы қайшылық түсінікті болады. Ірі кәсіп орындарында еңбек өнімділігі де, жалақы да, қожайындардың табысы да өлшеусіз жоғары, ал ұсақ майдагерлер жалдама жұмысшылардан аз алады және аса жақсы жолға қойылған мастерскойлардағы жалдама жұмысшыларға қарағанда екі еседен де кем табады.

Кірпіш өндірісі:

I топ 1 бөлімше	Кәсіп орындарының саны	Жұмысшылар саны			Жалпы табыс		Жалақы		Таза табыс		„Очерктің“ беттерін көрсету
		Семьялылары	Жалдамалары	Небәрі	Небәрі	1 жұмысшыға	Небәрі	1 жалдама жұмысшыға	Небәрі	1 семьялы жұмысшыға	
Барлығы	229	558	218	776	17 606	22,6	4 560	20,9	10 126	18,1	Текстің 299-беті
Ірі кәсіп орындары	8	9	45	54	3 130	57,9	1 415	31,4	1 298	144	Кестелердің 46, 120, 169 және 183-беттері
Басқалары	221	549	173	722	14 476	20,0	3 145	18,2	8 828	16,0	

Сонымен, мұнда да семьялы бір жұмысшының «орта» табысы жалдаманың жалақысынан төмен боп шығады. Мұнда да, бұл құбылысты түсіндіру үшін, еңбек өнімділігінің өлшеусіз артықтығы, жалдама жұмысшыларына төлейтін ақысының астамдығы және табысының (шамалас түрде) өте жоғарылығы себепті көзге түсетін ірі кәсіп орындарын, қожайынсымақтары, ірі мастерскойлардағы жалдама жұмысшылардың жалақысына қарағанда, табысты кем табатын, ұсақ кәсіп орындарымен қосу керек.

Біз тағы да басқа кәсіптер* жөнінде де мәліметтер келтіре алған болар едік, бірақ мыналары да артығымен жетерлік қой деп ойлаймыз.

Қаралған мәліметтерден шығатын қортындыларды енді жыйнақтап көрейік:

1) Ірі және ұсақ кәсіп орындарын бірге қосқанда, шындық туралы ешқандай ұғым бермейтін, күрделі айырмашылықтарды бүркейтін, тіпті әртөктес, әралуан нәрсені біртектес етіп көрсететін, мүлде жалған «орта» цифрлар шығады.

2) Бірқатар кәсіптер жөніндегі мәліметтер ірі (жұмысшыларының жалпы саны жағынан ірі) кәсіп орындарының орта және ұсақ кәсіп орындарынан мынадай өзгешеліктері бар екенін дәлелдейді:

а) еңбек өнімділігі өлшеусіз жоғары;

б) жалдама жұмысшыларға төлейтін ақысы анағұрлым артық;

в) таза табысы өлшеусіз жоғары.

3) Біз бөлек көрсеткен барлық ірі кәсіп орындары түгелінен (тап сол кәсіптің орта орындарымен салыстырғанда) жалдама еңбекті өлшеусіз көп мөлшерде қолданады, бұл жалдама еңбек өзінің ролі жағынан семьялық еңбектен асып түседі. Олардың еңбек өнімділігі он мың сомға жетеді, ал жалдама жұмысшыларының саны — кәсіп орнына он және одан да көп адамнан келеді. Сөйтіп осы кәсіп орындарының өзі капиталистік мастерскойлар болып табылады. Демек, майдагерлік санақ мәліметтері атышулы «майдагерлік» өндірісте кілең капиталистік заңдар мен қарым-қатнастардың бар екенін дәлелдейді; жалдама жұмысшылар тобына негізделген капиталистік мастерскойлардың жалғызділіктерден және жалпы ұсақ майдагерлерден толық астам екенін, — еңбек өнімділігі жағынан да, тіпті жалдама жұмысшылардың еңбегін төлеу жағынан да астам екенін, — дәлелдейді.

4) Бірқатар кәсіпшілікте дербес майдагерлердің табы-

* Салыстыр: экипаж кәсібі, текстің 303-беті және кестелердің 11, 12-беттері; сандық кәсібі, 335-бет; тігін кәсібі, 344-бет және басқалары.

сы тап сол кәсіпшіліктегі жалдама жұмысшылардың жалақысынан артық емес, қайта көбінесе кем түсіп отырады. Егер жалдамалардың жалақысына олардың кейбіреулері алып отыратын ас-ауқатын қоссақ, бұл айырма тағы да арта түсуге тиіс.

Алғашқы үш қортынды товарлы өндірістің заңдарына сәйкес жалпыға ортақ әрі міндетті құбылыстарды көрсетеді, ал соңғысынан біз жалпыға міндетті құбылысты көре алмаймыз, сондықтан бұл жөнде біз осы соңғы қорытындыны алғашқыларынан бөлек аламыз. Демек, біз былай деп тұжырамыз: ұсақ кәсіп орындарының еңбек өнімділігі аса төмен екенін және олардың қожайынсымақтарының (әсіресе егіншілердің) рыноктегі халі мүшкіл екенін еске алғанда, дербес майдагердің табысы жалдаманың жалақысынан төмен боп шығатынын сыйпаттайтын құбылыс әбден ықтимал нәрсе, өмірде осы құбылыстың жиі кездесетіндігі мәліметтерден де көрінеді.

Келтірілген есептердің дәлелдік мәні күман туғыза алмайды, өйткені біз бірқатар кәсіптерді алдық, оларды кездейсоқ ала салмай, кестелер бойынша ірі кәсіп орындарын бөліп көрсетуге болатынының бәрін де келтірдік, жеке кәсіп орындарын емес, бір тектес кәсіп орындарының бәрін де алдық, әралуан уездердегі ірі кәсіп орындарын әрдайым бірнешеулеп олармен салыстырып отырдық. Бірақ, сыйпатталатын құбылыстарға бұдан гөрі жалпылама әрі дәл түр берген орынды болар еді. Бақытымызға қарай, «Очеркте» мұндай тілекті тамтымдап іске асыруға мүмкіндік беретін мәліметтер бар. Ол — *кәсіп орындарының өздерінің таза табыстарына қарай жіктелуі туралы* мәліметтер. Жеке кәсіптер бойынша «Очеркте» қанша кәсіп орындарының 50 сомға дейін, 100 сомға дейін, 200 сомға дейін және одан жоғары таза табысы бар екені көрсетілген. Міне біз тап осы мәліметтерді бірге қосып есептедік. Бұл мәліметтер 28 кәсіп* жөнінде бар болып шықты, сөйтіп, олар 8 364 кә-

* Шілтер тоқу, слесарьлық және гармон кәсіптері жөнінде де осындай ақпарлар бар екен, бірақ, біз бұл кәсіптерді алмадық, өйткені оларда семьялы жұмысшылардың санына қарай кәсіп орындарының жіктелуі туралы мәліметтер жоқ.

сіп орнын, яғни барлық санының (8 991) 93,2 процентін қамтыпты. Бұл 28 кәсіпшілікте небәрі 8 377 кәсіп орны бар (13 кәсіп орны табыстылығына қарай жіктелмеген), бұлардың семьялы жұмысшылары 14 135 + 4 625 жалдама жұмысшысы бар, небәрі 18 760 жұмысшы, бұл барлық жұмысшылар санының 93,9 проценті болады. 93 процент майдагерлер жайындағы осы мәліметтер бойынша біз барлығы жөнінде де қорытынды жасауға әбден ерікті екеніміз түсінікті, өйткені қалған жеті проценті 93пен үйлеспес деп ұйғарудың ешқандай қыйсыны жоқ. Ақпaрымыздағы мәліметтерді келтіруден бұрын мынаны ескертіп өтуіміз қажет.

1) «Очеркті» құрастырушылар, осы топтарды келтіргенде, әр топтың аты-жөні біркелкі әрі біртектес көрсетілу тәртібін қатал ұстай бермеген. Мәселен: «100 сомға дейін», «100 сомнан кем», ал кейде «100 сомнан» дейді. Бөлімнің (разрядтың) бастапқы және ақырғы шегін әрдайым көрсете бермейді, яғни кейде «100 сомға дейінгі» бөлімнен бастап, кейде «50 сомға дейінгі», «10 сомға дейінгі» тағы сол секілді бөлімнен бастап топтайды; кейде «1 000 сом және одан жоғары» деген бөлімнен топтауды аяқтайды, кейде «2 000—3 000 сом» деген бөлімдерді келтіреді, т.т. Барлық осы шалағайлықтардың ешқандай елеулі мәні болмақшы емес. Біз «Очеркте» келтірілген бөлімдердің бәрін жыйнақтадық (ол бөлімдер 15 : 10 сомға дейін, 20 сомға дейін, 50 сомға дейін, 100 сомға дейін, 200 сомға дейін, 300 сомға дейін, 400 сомға дейін, 500 сомға дейін, 600 сомға дейін, 700 сомға дейін, 800 сомға дейін, 900 сомға дейін, 1 000 сомға дейін, 1 000 сом және одан жоғары, 2 000—3 000 сом), сөйтіп, осы бөлімдердің біріне жатқызу арқылы барлық кішігірім шалағайлықтар мен күдіктерді шешіп отырдық.

2) «Очеркте» пәлендей және түгендей бөлімдердегі табыстары бар *кәсіп орындарының саны* ғана берілген, бірақ әрбір бөлімдегі барлық кәсіп орындарының үлесіне тиетін *табыстың мөлшері* көрсетілмеген. Ал біз үшін тап осы соңғы мәліметтер қажет-ақ. Сондықтан біз, бір бөлімдегі кәсіп орындары табысының мөлшері бөлімдегі

кәсіп орындарының санын табыстың орташа мөлшеріне, яғни бөлімдегі тахитит—нан және тапитит—нан шығатын орта есеп мөлшеріне (мәселен, 100—200 сомдық бөлімде 150 сомға, тағысын тағыларына) көбейту арқылы айта қаларлықтай дәл белгіленер деп ұйғардық. Тек төменгі (10 сомға дейінгі және 20 сомға дейінгі) екі бөлім үшін ғана табыстың орта мөлшерінің орнына ең астам мөлшерлерін (10 сом және 20 сом) қабылдадық. Мұндай әдістің (санақтық есептер жасарда қолданыла беретін әдістің) шындыққа өте жақын цифрлар беретіндігі тексеруден көрінді. Атап айтқанда, осы 28 кәсіпшіліктегі майдагерлер семьяларының бүкіл табысы, «Очерктің» мәліметтері бойынша, 951 653 сом, ал біздің, табыстар жөніндегі бөлімдерге негізделген, шамамен алған мәліметтеріміз бойынша 955 150 сом болып шықты, яғни $3\,497$ сом = 0,36 процент артық. Демек, айырмасы немесе хателігі, әр 10 сомға төрт тыйыннан да кем.

3) Біз өзіміздің ақпарымыздан семьялы бір жұмысшыға келетін табыстың емес, семьяға (әрбір бөлімдегі семьяға) келетін табыстың орта мөлшерін білеміз. Алғашқы мөлшерді анықтау үшін тағы да шамамен есеп жасауға тура келді. Семьялы жұмысшыларының санына қарай (және жеке түрде — жалдама жұмысшыларының санына қарай) семьялардың жіктелуін білгеннен кейін, біз бір семьяға келетін табыстың мөлшері неғұрлым кем болса, семьялар құрамы (яғни 1 кәсіп орнына келетін семьялы жұмысшылар саны) соғұрлым аз және жалдама жұмысшылары бар кәсіп орындары соғұрлым аз деп ұйғардық. Керісінше, 1 семьяға келетін табыс неғұрлым жоғары болса, жалдама жұмысшылары бар кәсіп орындары соғұрлым көп, семьялар құрамы, яғни 1 кәсіп орнына келетін жұмысшылар саны, соғұрлым көп. Біздің қорытындыларымызды теріске шығарғысы келетіндердің тұрғысынан қарағанда, бұл ұйғарынды — ең қолайлы нәрсе. Басқа сөзбен айтқанда: егер *әйтеуір* бір басқа ұйғарынды жасалған болса, бұдан біздің қорытындыларымыз тек қана күшейе түсер еді.

Енді кәсіп орындарының табыстарына қарай майдагерлердің жіктелуі туралы мәліметтердің жыйынтығын келтірейік.

Бөлімдер	Кәсіпорындарының саны			Бөлімдер	Кәсіпорындарының саны			Бөлімдер	Кәсіпорындарының саны			
	Бір кәсіпорының орта табысы	Барлық кәсіпорындарының табысы	(шамамен)		Бір кәсіпорының орта табысы	Барлық кәсіпорындарының табысы	(шамамен)		Бір кәсіпорының орта табысы	Барлық кәсіпорындарының табысы	(шамамен)	
1) 50 сомға дейін	127	10	1270	300 сомға дейін	602	250	150250	500 сомға дейін	22	750	14200	
2) " "	132	20	2760	" "	208	350	72800	" "	20	850	17000	
3) " "	2119	35	73850	" "	112	450	50400	" "	17	950	16150	
4) " "	3494	75	262050	" "	40	550	22000	1000 сом және одан астам	19	1500	28500	
5) " "	1414	150	212100	" "	38	650	24700	2000—3000 сом	2	2500	5000	
<i>Кәсіпорындарының барлығы</i>										8364		985150

Бұл мәліметтер тым бытыраңқы, солай болғасын оларды неғұрлым түсінікті әрі айқын арналарға түсіру керек. Табыстарына қарай майдагерлердің бес категориясын алайық: а) табысы семья басына 50 сомға дейін келетін жарлыларын; б) табысы семья басына 50—100 сомнан келетін — кем дәулеттілерін; в) табысы семья басына 100—300 сомнан келетін — орташаларын; г) табысы семья басына 300—500 сомнан келетін — ауқаттыларын және д) табысы семья басына 500 сомнан астам келетін байларын алайық.

Кәсіп орындарының табыстары туралы мәліметтер бойынша бұл категорияларға семьялы және жалдама жұмысшыларының санына қарай кәсіп орындарының шамамен жіктелуін қосайық*. Сонда мынадай кесте шығады:

* 28 кәсіпшіліктегі 8 377 кәсіп орны семьялы және жалдама жұмысшыларының санына қарай былайша жіктеледі: семьялы жұмысшысы 0 (жоқ) кәсіп орны — 95; 1 жұмысшысы бар кәсіп орны — 4 362; 2 жұмысшысы барлары — 2 632; 3 жұмысшысы барлары —

Табысының мөлшеріне қарай майдагерлердің категориялары	Саны		Таза табысы		Орта табысы		Семьяларды шамамен жіктеу										
							семья жұмысшыларының санына қарай					жалдама жұмысшыларының санына қарай					
	семьялар	%	олардың сомы	%	1 семьяға	1 семьялы жұмысшыға (шамамен)	1 ден	2 ден	3 тен	4 тен	5 тен және одан астам	%	1 ден	2 ден	3 тен	4 тен	5 тен және одан астам
а) Жарлылары	2370	28,4	77900	8,2	32,7	32,7	1385	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—
б) Кемдәулеттілері	3494	41,8	263050	27,4	75,0	50	1939	1508	—	—	—	—	—	—	—	—	—
в) Орташалары	2015	24,1	303150	37,9	179,6	72,0	—	1124	870	22	—	1359	392	—	—	—	—
г) Ауқаттылары	320	3,8	133200	13,9	385,0	100,0	—	—	—	253	67	—	—	55	201	64	—
д) Байлары	153	1,9	129850	13,6	821,8	348	—	—	—	—	76	82	—	—	—	32	125
Барлығы . . .	8354	100	955150	100	114,2	67,5	4322	2622	870	275	143	62	1359	447	201	96	125

Бұл мәліметтер өте қызғылықты қорытындыларға келтіреді; біз майдагерлердің категориялары бойынша тап осы қорытындыларды қарап көрейік:

а) Майдагерлер семьяларының ширегінен астамы (28,4 процент) семья басына орта есеппен 33 сом табыс табатын *жарлылар*. Бұл табыс түгелінен семьяның бір қызметкеріне тиеді, бұл категориядағылардың бәрі — жалғыздіктер дерлік. Қайткен күнде де бұл майдагерлердің табыстары майдагерлердегі жалдама жұмысшылардың орта табыстарынан (45 сом 85 тыйын) *едәуір төмен*. Егер де осы жалғыздіктердің көпшілігі төменгі (3-ші) бөлімшеге жататын болса, яғни алып сатарларға жұмыс істейтін болса, мұның аты: «қожайындар» мастерскойда істейтін жалдама жұмысшылардан гөрі үйінде істейтіндерге кем төлейді деген сөз. Тіпті біз: майдагер-

870; 4 жұмысшысы барлары—275; 5 және одан астам жұмысшысы барлары — 143. Жалдама жұмысшылары бар кәсіп орындары 2 228, оның ішінде 1 жалдама жұмысшысы барлары — 1 359; 2 жұмысшысы барлары — 447; 3 жұмысшысы барлары — 201; 4 жұмысшысы барлары — 96; 5 және одан астам жұмысшысы барлары — 125. Жалдама жұмысшылардың небәрі 4 625, табысы 212 096 сом (адам басына — 45,85 сом).

лердің бұл категориясында жұмыс маусымы өте аз деп ұйғарған күннің өзінде де, олардың табысы мүлде қайыршының табысындай болып шығады.

б) Барлық майдагерлердің бестен екіден астамы (41,8 процент) кем дәулеттілер, бұлардың табысы семья басына орта есеппен 75 сомнан келеді. Бұл майдагерлердің бәрі бірдей — жалғызіліктер емес (алдыңғы категория кілең жалғызіліктерден еді): мұндағы семьялардың жартысына жуығында семьялық 2 қызметкерден бар; демек, семьялық бір қызметкердің орташа табысы 50 сомдай ғана, яғни майдагердегі жалдама жұмысшының табысынан артық емес немесе тіпті кем түсіп отырады (45 сом 85 тыйындық ақшалай ақыдан басқа, жалдама жұмысшылардың бір бөлегі қожайындарынан тамақ асырайды). Сонымен, барлық майдагерлердің оннан жетісі, өздерінің табыстары жағынан, майдагерлердегі жалдама жұмысшылардың дәрежесінде, шінара тіпті олардан да төмен. Қаншама ғажап көрінгенімен, бұл қорытынды ірі кәсіп орындарының ұсақтардан артықшылығы туралы жоғарыда келтірілген мәліметтерге әбден сәйкес келеді. Осы майдагерлердің табыс дәрежесі қаншалық төмен екенін мынадан білуге болады: Пермь губерниясындағы, қожайындарынан тамақ асырайтын жылдық егінші қызметкердің орта жалақысы 55 сом*. Демек, «дербес» майдагерлердің оннан жетісі, тұрмыс дәрежесі жағынан, егінші батрактардан да артық емес!

Әрине, халықшылдар: мұның өзі тек егіншіліктен тысқарғы көлденең табыс қой, — дер, бірақ, 1-шіден, алым-салықтарын, арендалық ақшаларын, және де шаруашылыққа жұмсалатын шығындарын шығарып тастағанда, егіншілік шаруалардың азшылығына ғана семьясын асырауына қажетті өнім бере алатындығы әлдеқашаннан белгілі нәрсе емес пе? Ал біз бұл жерде майдагердің табысын қожайынының асырауындағы батрактың алатын ақысымен салыстырып отырмыз ғой. 2-шіден, барлық майдагерлердің оннан жетісінің есебіне егінші

* Тамақтың құны жылына 45 сом. Мәліметтер — жер кәсібі департаментінің ақпарлары бойынша, 10 жыл (1881—1891) ішіндегі орта мөлшер есебімен алынды. (Қараңыз: С. А. Короленко, «Еркін жалдама еңбек» т. т.).

еместер де кіруге тиіс болды. 3-шіден, егіншілік осы категориялардағы майдагер егіншілердің күнелту шығынын өтейтін боп шыққан күннің өзінде де жермен байланыстылық салдарынан табыстардың мейлінше төмендеу фактысы күмансыз болып қалады.

Тағы бір салыстыру: Красноуфим уезінде майдагердегі бір жалдама жұмысшының орта табысы 33,2 сомға тең (кестелердің 149-беті), ал земстволық санақ бөлімі өз заводында жұмыс істейтін бір кісінің, яғни завод шаруаларынан шыққан тау-кен жұмысшысының табысын 78,7 сом деп белгілеген («Пермь губерниясының санағы үшін арналған материалдар бойынша. Красноуфим уезі. Завод ауданы». Пермь, 1894), яғни екі еседен астам. Ал өз заводында жұмыс істейтін тау-кен заводы шеберлерінің табыстары фабрикалар мен заводтардағы «еркін» жұмысшылардың табысынан әрқашан да төмен екені мәлім. Осыған қарап, «кәсіптің жермен біте қайнасуы негізіндегі» орыс майдагерінің атышулы «дербестігі» тұтыну дәрежесінің сондайлық төмендеуі арқылы, тұрмыс дәрежесінің қайыршылық халге дейін жетуі арқылы табылатынын білуге болады!

в) Біз «орташа» майдагерлерге 100 сомнан 300 сомға дейін табыстары бар, семья басына орта есеппен 180 сомдай табыс табатын семьяларды жатқыздық. Мұндайлар барлық майдагерлер санының ширегіне жуық (24,1 процент). Олардың табыстары да тым өте, өте шағын: бір кәсіп орнында семьялы $2\frac{1}{2}$ қызметкерден бар деп есептегенде, бұл табыс семьялы бір қызметкерге 72 сомға жуық келеді — бұл өте жеткіліксіз сома, бұған бірде-бір фабрика-завод жұмысшысы қызыға қоймайды. Бірақ майдагерлер көпшілігімен салыстырғанда бұл сома едәуір көрнекті болып шығады! Соншалық жартымсыз осы «дәулеттің» өзі де басқаның есебінен ғана табылады екен: бұл категориядағы майдагерлердің көпшілігі жалдама жұмысшылар ұстайды (шамамен алғанда қожайындардың 85 процентке жуығында жалдамалар бар, сөйтіп, 2016 кәсіп орнының әрқайсысына орта есеппен бір жалдама қызметкерден де артығырақ келеді). Демек, кедейлік езіп-жаныштаған майдагерлер бұқарасының арасынан сытылып шығу үшін сол товарлы-капиталистік қарым-қатнастардың негізінде өзіне бас-

қалардан «дәулет» түсіріп алуына, экономикалық күреске түсуіне, ұсақ өнеркәсіпшілер бұқарасын бұрынғыдан да кейін ығыстырып тастауына, сөйтіп ұсақ буржуаға айналуына тура келеді. Не жокшылыққа ұшырап, тұрмыс дәрежесінің *pas plus ultra** шегіне дейін төмендеуі, — не (азшылығы үшін) басканың есебінен өзінің (өте жартымсыз) игілігін жасау, — міне, товарлы өндірістің ұсақ өнеркәсіпшінің алдына қойып отырған дилеммасы осындай. Фактылар осыны сыйпаттайды.

г) 300 сомға жуық табысы бар және семьялы бір қызметкеріне 100 сомға жуық жалақы төлейтін семьялардың (бұл категорияға әр кәсіп орнында 4—5тен семьялы қызметкері бар қожайындар кіреді деп есептегенде) 3,8 проценті ғана ауқатты майдагерлер категориясына қосылады. Жалдама жұмысшының ақшалай табысынан екі еседей астам бұл табыс жалдама еңбекті едәуір қолдануға негізделген: осы категориядағы кәсіп орындарының бәрі де жалдама жұмысшылар ұстайды, бір кәсіп орнына орта есеппен 3ке жуық адамнан келеді.

д) Орта табысы семья басына 820 сомнан келетін бай майдагерлердің небәрі 1,9 процент. Бұған, шінара семьялы 5 жұмысшысы бар кәсіп орындарын, шінара мүлде семьялы жұмысшылары жоқ, яғни кілең жалдама еңбекке негізделген кәсіп орындарын жатқызуға тура келеді. Семьялы бір жұмысшыға шағып есептегенде бұл 350 сомға жуық табыс береді. Осы «майдагерлердің» жоғары табыс табуы жалдама жұмысшылары санының көптігіне байланысты, ондай жұмысшылары 1 кәсіп орнына орта есеппен 10 адамнан келеді**. Бұлардың өздері ұсақ фабриканттар, капиталистік мастерскойлардың иелері, бұларды, жалғызілік өнеркәсіпшілермен қатар, село қолөнершілерімен қатар, тіпті өз үйлерінде фабриканттарға жұмыс істейтіндермен қатар (кейде тап сол бай майдагерлердің өздеріне де істейтінін төменде көреміз), «майдагерлердің» есебіне енгізу, — жоғарыда ескертке-

* — ең ақырғы шегіне дейін. *Ред.*

** Осы 28 кәсіпшіліктегі жалдама жұмысшылары бар 2 228 кәсіп орнының 46сында 10нан және одан да астам жалдама жұмысшы істейді, небәрі 887 жалдама жұмысшы, яғни бір кәсіп орнына орта есеппен 19,2 жалдама жұмысшыдан келеді.

німіздей, «майдагер» деген терминнің мейлінше тұрлаусыз әрі күшті екенін ғана көрсетеді.

Майдагерлердің табыстары туралы майдагерлік санақ мәліметтерін сыйпаттаудың қорытындысында тағы да мынаны ескерту қажет. Майдагерлік кәсіптерде табыстардың бір жерге топталуы онша мардымды емес: кәсіп орындарының 5,7 процентінде табыстың 26,5 проценті, кәсіп орындарының 29,8 процентінде табыстың 64,4 проценті бар екен деушілер болуы мүмкін. Бұған біздің беретін жауабымыз, 1-шіден, мұндай топталудың өзі де «майдагер» туралы жалпылама тон пішудің және олар жөніндегі «орта» цифрлардың жарамсыздығын әрі ғылыми еместігін дәлелдейді. 2-шіден, бұл мәліметтерге алыпсатарлардың кірмегенін, сол себепті табыстардың үлесі мейлінше көмескі көрсетіліп отырғанын естен шығаруға болмайды. Біз 2 346 семьяның және 5 628 жұмысшының (3-ші бөлімше) алыпсатарларға жұмыс істейтінін көрдік, солай болса, мұнда негізгі табыстарды алыпсатарлар алады. Оларды өнеркәсіпшілердің есебінен шығарып тастау өте жасанды әрі ешбір қыйсыны жоқ әдіс болады. Фабриканттар табыстарының мөлшерін көрсетпей, ірі фабрика-завод өнеркәсібіндегі экономикалық қарым-қатнастарды суреттеу теріс болар еді, сол сыяқты, алыпсатарлардың табыстарын, — тап сол майдагерлер істейтін өндірістің өзінен алатын табыстарын, майдагерлер жасап шығаратын заттардың бір бөлегі болатын табыстарын көрсетпей, майдагерлік өнеркәсіптің экономикасын суреттеу де теріс болады. Демек, біз: майдагерлік өнеркәсіптегі табыстардың іс жүзіндегі үлесі жоғарыда көрсетілген үлестен гөрі өлшеусіз әрқыйлы, өйткені жоғарғы үлесте ең ірі өнеркәсіпшілердің категориялары жоқ деп қорытуға еріктіміз әрі міндеттіміз де.

ҮШІНШІ МАҚАЛА

(VI. Алыпсатар дегеніміз не? — VII. Майдагерлік өнеркәсіптегі «сүйсінерлік жағдайлар». — VIII. Өнеркәсіп саясатының халықшылдық программасы)

VI

АЛЫПСАТАР ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Біз жоғарыда алыпсатарларды ең ірі өнеркәсіпшілер деп атағанбыз. Дағдылы халықшылдық тұрғыдан қарағанда, бұл мағнасыз сөз болып шығады. Бізде жұрт алыпсатарды өндірістен тысқары тұратын, кірме, өнеркәсіптің өзіне жат, «тек қана» айырбасқа тәуелді бір нәрсе сыяқты етіп көрсетуге дағдыланып кеткен.

Бұл арада осы көзқарастың теориялық хателіктеріне толық тоқталып жатудың жөні жоқ; бұл көзқарас осы күнгі өнеркәсіптің (соның ішінде майдагерлік өнеркәсібінің де), атап айтқанда *товар шаруашылығының* жалпы және негізгі сырын, оның негізін, бет-бейнесін түсінбегендіктен туып отыр; *товар шаруашылығындағы* сауда капиталы кездейсоқ, шеттен әкеліп қондырған бір кірме нәрсе емес, соның өзінің қажетті түрдегі тұлғалы бөлімі. Біз бұл арада фактыларға және майдагерлік санағының мәліметтеріне сүйенуге тиіспіз, сондықтан ендігі жердегі біздің міндетіміз: алыпсатарлар жөніндегі осы мәліметтерді тексеру және талдап шығу болмақ. Алыпсатарлардың керегін істейтін майдагерлерді өзалдына жеке бөлімшеге (3-ші бөлімшеге) бөліп қарау бұған қолайлы жағдай туғызады. Бірақ бұл мәселе жөнінде шала қалған және зерттелмеген жерлер анағұрлым көп; сондықтан оны қарап-тексеруді едәуір қыйындатады. Алыпсатарлардың жалпы саны туралы, ірі және ұсақ алыпсатарлар туралы, олардың аұқатты майдагерлермен байланысы туралы (тегі жөніндегі байланыс; алыпсатарлардың сауда істерінің өз мастерскойындағы өндіріспен байланысы және т. с.), алыпсатарлардың *шаруашы-*

лығы туралы мәліметтер жоқ. Халықшылдардың алыпсатарларды тысқары нәрсе ретінде бөліп тастау әдеттері, майдагерлік өнеркәсіпті зерттеушілердің көпшілігіне алыпсатарлардың шаруашылығы туралы мәселе қоюға кедергі жасады, ал оның бержағында, бұл мәселенің экономист үшін — бірінші және басты мәселе екендігі айқын. Алыпсатар шаруашылығын қалай жүргізетінін, оның капиталы қалайша құралатынын, ол шикізаттар сатып алу, өнім өткізу сферасында капиталын қалай жұмсайтынын, бұл сферада капиталдың әрекет жағдайларының (қоғамдық-шаруашылық жағдайының) қалай екендігін, алыпсатардың шикізаттар алу және өнімдерді өткізу ісін ұйымдастыруға жұмсайтын шығынының қаншалықты көп екендігін, сауда капиталының көлеміне және шикізаттар алу ісі мен өнімдер өткізу ісінің көлеміне қарай бұл шығындардың қалай жұмсалатынын толық жете зерттеу қажет; кейде шикізаттарды алыпсатардың мастерскойларында бірен-саран ұқсатып, одан соң оны сонан әрі ұқсату үшін жұмысшыларға үйлерінде істеуге беру (ал кейде шикізатты соңғы рет ұқсататын тағы да сол алыпсатардың өзі), не болмаса, соңынан рыноктен бұйымдар сатып алу үшін, шикізаттарды ұсақ өнеркәсіпшілерге сату ісін қандай жағдайлар тудыратынын толық және жіті зерттеу қажет. Ұсақ майдагердің, бірнеше жалдама жұмысшыларды біріктіретін мастерскойдағы ірі өнеркәсіпшінің, және ұқсату үшін материалды үй-үйге таратып беретін алыпсатардың өндіретін өнімдерінің күндарын салыстыру қажет. Зерттеудің негізі етіп әрбір *кәсіпорнын*, яғни әрбір жеке алыпсатарды алу қажет, оның оборотының мөлшерін, мастерскойда не болмаса мастерскойларда және өз үйлерінде ол үшін жұмыс істейтіндердің санын, оның шикізаттар дайындау үшін, шикізат пен өнімін сақтау және оны өткізу үшін ұстайтын жұмысшылардың санын анықтау қажет. Майда шаруаның, жұмысшылар жалдайтын мастерскойы бар қожайынның және алыпсатардың өндіріс техникаларын, (өндіріс саймандарының саны мен сапасын, түрлі жабдықтарын, *еңбек бөлісін* т. т.) салыстыру қажет. Тек осындай экономикалық зерттеу ғана алыпсатар дегеніміз не деген сұраққа, оның шаруашылықтағы маңызы туралы сұраққа товарлы өндірістің өнеркәсіп түрлерінің

тарихи дамуында алыпсатарлардың маңызы туралы сұраққа анық ғылыми жауап бере алады. Әрбір майдагерлер жөнінде осы мәселелердің бәрін толық зерттеп өткен ұй бассайын жүргізілген санақтың қорытындысында мұндай мәліметтердің жоқтығын ірі кемістік деп айтпасақ болмайды. Егер тіпті әрбір алыпсатардың шаруашылығын тіркеу және зерттеу (түрлі себептердің салдарынан) мүмкін болмаған күнде де, — іздеп отырған мәліметтердің көбін алыпсатарларда істейтін майдагерлер жөніндегі ұй бассайын жасалған мәліметтерден алуға болар еді. Мұның орнына біз «Очерктен», мынадай тозығы жеткен халықшылдық сөздерді ғана кездестіреміз: «кулак» «асылына келгенде өндірістің өзіне жат (7-бет), және бұл ретте бір жағынан алыпсатарлар да, товарларды кұрастыратын мастерскойлар да, екінші жағынан өсімқорлар да кулактар қатарына жатқызылған: «жалдама еңбекті меңгеретін, фабрика сыяқты (?), еңбектің техникалық шоғырлануы емес, майдагерлердің ақшаға тәуелділігі... кулактардың бір түрі» (309—310-беттер), «еңбек қанаудың көзі... өндіріс ісінде емес, айырбас ісінде» (101-бет), майдагерлік кәсіп орындарында «өндірісті капиталдандыру» емес, «айырбас процесін капиталдандыру» жиі кездеседі (265-бет) деген сөздерді ғана кездестіреміз. Біз, әрине, осылардың бәрін өздері жасады деп «Очерктің» зерттеушілерін кіналамақшы емеспіз: бұлар, мысалы, «біздің белгілі» В. В. мырзаның шығармаларында тіпті мол кездесетін негіздерді бүтіндей алған да қойған.

Мұндай сөздердің нағыз мағнасын бағалау үшін, біздің өнеркәсібіміздің негізгі бір саласында, атап айтқанда тоқыма өнеркәсібінде «алыпсатар» машинаға негізделген ірі өндірісті басқарып отырған ірі фабриканттың алғы түрі, атасы болғандығын еске түсірсек те жетеді. Тоқыту үшін жіпті майдагерлердің үйлеріне таратып беру — біздің барлық тоқыма өндірісіміздің кешегі күніміне осындай болатын; демек, бұл жұмыс өздерінің мастерскойлары болмай («өндіріске жат болды»), жіпті «тек» таратып беріп, даяр бұйымдар алып отыратын «алыпсатар» үшін, «кулак» үшін істелген жұмыс болды. Біздің ізгі халықшылдарымыз бұл алыпсатарлардың шығу тегін, олардың кішкене мастерскойлардың иелері-

мен мұрагерлік байланысын, олардың шикізаттарды сатып алу және өнімді өткізу ісін ұйымдастырушылар ретіндегі ролін зерттеу үшін, өндіріс құрал-жабдықтарын шоғырландырып, толып жатқан бытыраңқы ұсақ майдагерлерді жыйнастырып, өндіріске еңбек бөлу тәртібін енгізіп және мұнда да ірі, бірақ енді машиналы, өндірістің негіздерін әзірлеп отырған осы алыпсатарлардың капиталының ролін зерттеп шығу үшін әрекет жасауды ойлаған да жоқ. Ізгі халықшылдар осы «қайғылы», «жасанды» тағы басқа осы сыяқты құбылыстар туралы налумен, зарланумен қанағаттанды да, бұл өзі өндірісті «капиталдандыру» емес, «тек қана» айырбас процесін «капиталдандыру» деп жұбанды; «отан үшін басқа жолдар» туралы тәтті-тәтті сөздер сөйледі — ал олар осымен жүргенде «жасанды» және «негізі жоқ» «кулактар» өзбетімен өзінің ескі жолымен жүрді де отырды, капиталды шоғырландыра берді, өндіріс құрал-жабдықтарын және өндірушілерді «жыйнастыра» берді, шикізаттар сатып алу ісінің көлемін кеңейтіп, өндірісті жұмыстардың әрбір түріне қарай (өрмек кұру, тоқу, бояу, өңдеу тағы сол сыяқтыларға) бөлуді тереңдете берді, бытыраңқы, техника жағынан артта қалған және қол еңбегіне, қанаушылыққа негізделген *капиталистік мануфактураны капиталистік машиналы индустрияға* айналдыра берді.

Қазіргі уақытта «майдагерлік» деп аталатын кәсіпшіліктеріміздің бәрінде де дәл осы сыяқты процесс болып жатыр, ал халықшылдар өмірді дамуы жағынан алып зерттеуден дәл солай сырт айналып кетіп жүр, нақ солай бұл қатнастардың пайда болуы, олардың эволюциялануы туралы мәселені (*егер* қазіргі болып отырған нәрсе болмаса) қандай *болар* еді деген мәселелермен ауыстырып жүр, бұл әлі де «тек» алыпсатарлар деп, нақ солай өздерін жұбатумен жүр, олар капитализмнің ең жаман түрін, техникасының мешеулігі жөнінен де, экономикалық жетілмегендігі жөнінен де, еңбекші бұқараның әлеуметтік және мәдени жағдайы жөнінен де капитализмнің ең жаман түрін нақ солай дәріптеумен, боямалап көрсетумен жүр.

Пермьдегі майдагерлік санақтың мәліметтерін алып қарайық. Бұл мәліметтердегі жоғарыда айтылған кемістіктерді, керегіне қарай, жоғарыда цитата келтірілген

«Пермь губерниясының майдагерлік өнеркәсібі және т. т.» деген кітаптағы мәліметтермен толықтыруға тырысалық. Ең алдымен, жұмысты алыпсатарларға істейтін майдагерлердің басты көпшілігі жыйналған кәсіп орындарын (3-бөлімшені) өзалдына алып қаралық. Бұл ретте бізге өзіміздің ақпарға сүйенуге тура келеді; мұның қорытындысы (жоғарыда көрсетілгендей) «Очерктің» цифрларына дәл келмейді.

Кәсіпшіліктер:	Алыпсатарларға жұмыс істейтін семьялардың саны		
	I топ	II топ	Барлығы
Шарық тігу кәсіпшілігі	31	605	636
Пима басу	607	12	619
Темір усташылығы	70	412	482
Жөке тоқу	132	10	142
Мебель және ағаш бұйымдарын жасау	38	49	87
Экипаж жасау	32	28	60
Киім тігу	4	42	46
<hr/>			
<i>Барлығы 7 түрлі кәсіпшілік бойынша</i>	914	1 158	2 072
<i>Ал 3 бөлімшедегі барлық майдагерлер</i>	1 016	1 320	2 336

Сөйтіп, алыпсатарларға жұмыс істейтін майдагерлердің $\frac{9}{10}$ -ы жоғарыда аталған жеті кәсіпшілік орындарында шоғырланып отыр. Ал енді біз ең алдымен осы кәсіпшіліктерді қарап шығамыз.

Шарық тігу кәсіпшілігінен басталық. Алыпсатарларға жұмыс істейтін шарық тігушілердің орасан көпшілігі Кунгур уезіне жыйналған, бұл уезд Пермь губерниясындағы былғары өндірісінің орталығы болып саналады. Көптеген майдагерлер былғары заводшыларына жұмыс істейді: «Очерктің» 87-бетінде 8 алыпсатар көрсетілген, ал бұларға 445 кәсіпорны жұмыс істейді*. Бұл алыпсатарлардың бәрі де «ежелден келе жатқан» былғары заводшылары, бұлардың аттарын 1890 жылғы және 1879

* Соның ішінде 2 алыпсатарға (Пономаревке және Фоминскийге) — 217 кәсіп орны жұмыс істейді. Кунгур уезінде шарық жасаушылардың 470 кәсіп орындары алыпсатарларға жұмыс істейді.

жылғы «Фабрикалар мен заводтардың көрсеткішінен» де, «Финанс министрлігінің әр жылдық ақпарына» жазылған ескертуінен де табуға болады. I басылуы, 1869 жыл⁹⁰. Былғары заводшылары былғарыны пішеді де, пішілген күйінде «майдагерлерге» тігуге береді. Заводшылардың заказы бойынша етіктің басын қалыпқа тартуды бірнеше семья өзалдына істеп шығады. Жалпы айтқанда заводта былғары өңдеу жұмысымен толып жатқан «майдагерлік» кәсіптер байланысып жатады, яғни бірқатар жұмыстар үй-үйге таратылып беріледі. Бұлар мыналар: 1) былғары өңдеу; 2) аяқ киім тігу; 3) былғарының жонығын өкшеге қағу үшін қабаттап желімдеу; 4) етік тігу үшін керек бұранда шегелерді жуу; 5) етікке керек шегелерді әзірлеу; 6) етік қалыптарын жасау; 7) былғары заводтарына керек күл дайындау; 8) былғары заводтарына жұмсалатын «қабық» (талдың қабығын) дайындау. Былғары өндірісінің қалдықтарын киіз басу және желім қайнату кәсіпшіліктері ұқсатып, іске асырып отырады («Майдагерлік өнеркәсіп», III, 3—4-ші бет, тағы басқалар). Бұл өндірісте еңбекті талдап бөлуден басқа (яғни бір затты істеп шығару ісін түрлі адамдар істейтін бірнеше жұмысқа бөлуден де басқа) еңбекті товардың түріне қарай бөлу кең тараған; әрбір семья (кейде тіпті майдагерлік селоның әрбір көшесі) аяқ киімнің белгілі бір түрін істеп шығарады. Өрескел нәрсө ретінде мынаны айталық: «Майдагерлік кәсіпшілік т. т.» деген кітапта «Кунгурдың былғары заводы» — «фабрика мен майдагерлік өнеркәсіптің екеуіне де пайдалы нағыз біте қайнасқан байланыстың идеясын көрсетеді» (sic!) деп жарыялайды, фабрика майдагерлік өнеркәсіппен дұрыс (sic!) одақ жасайды, мақсаты — өз мүдделері үшін (нақ осылай!) майдагерлік өнеркәсіпті жаншу емес..., қайта оның күшін дамыту (III, 3-бет). Мысалы, 1887 жылғы Екатеринбург көрмесінде заводшы Фоминский алтын медаль алды; ол бұл медальды былғарыны өте жақсы етіп шығарғандығы үшін ғана емес, сонымен қатар «*төңіректегі халыққа табыс беріп отырған* өндірісінің үлкендігі үшін де» алды (ibid*. 4-бет, курсив автордікі). Атап айтқанда оның 1 450 жұмысшысы-

* — ibidem — сол жерде. Ред.

ның 1 300і өз үйлерінде істейді; басқа заводшыда, Сартаковта 120 жұмысшының 100і өз үйлерінде істейді және т. т. Демек, Пермь заводшылары майдагерлік кәсіпшілікті тудыру және оны дамыту ісінде халықшыл интеллигенциямен қалыспай-ақ жарысуда.

Красноуфим уезінде шарық тігу кәсіпшілігін ұйымдастыру ісі де дәл осы сыяқты («Майдагерлік өнеркәсіп», I, 148—149-ші беттер): мұнда да былғары заводшылары былғарыдан етік тігеді, оның бірсыпырасын өздерінің мастерскойында, бірсыпырасын үй-үйге таратып тіккізеді; былғары-шарық тігетін ірі кәсіп иелерінің біреуінде 200ге таяу тұрақты жұмысшы істейді.

Енді біз шарық тігу кәсіпшілігінің және мұнымен байланысты, толып жатқан басқа «майдагерлік» кәсіпшіліктердің экономикалық жағынан ұйымдасуын барынша анық шамалауымызға болады. Бұл — басқа ешнәрсе емес, ірі капиталистік мастерскойлардың (біздегі ресми санақ терминологиясы бойынша «фабрикалардың» *бөлімшелері*; былғары өндеудегі ірі капиталистік істердің *бөлімшекті істері*, онан басқа ешнәрсе де емес. Кәсіп орнының иелері зат сатып алу ісін кең мөлшерде ұйымдастырған, былғары жасап шығару үшін заводтар құрған және ол былғарыларды сонан ары өндеудің толып жатқан системасын жасаған — еңбек бөлуге негізделген системасын (техникалық шарты ретінде), жалдап жұмыс істету системасын (экономикалық шарты ретінде) енгізген: бұлар жұмыстың кейбір түрлерін (аяқ киім пішуді) өздерінің мастерскойларында істейді, ал басқа түрлерін, осыларға істейтін «майдагерлер» өздерінің үйлерінде істейді; кәсіп орнының иелері өндірістің көлемін белгілейді, істелген жұмыс ақысының мөлшерін белгілейді, істеліп шығарылатын товарлардың түрлерін және товардың әрбір түрінің санын белгілейді. Өнімдерді тобымен өткізуді де ұйымдастырған осылар. Ғылыми терминологиямен айтқанда, мұның — біріңғай *капиталистік мануфактура* екендігі анық; бұл мануфактура шінара өзінің жоғары формасына, *фабрикаға* айналып барады (шынында да мұнда, өндіріске машина және машинаның системалары қолданылады: ірі былғары заводтарында бұмен жүргізілетін машиналар қолданылып отыр). Бұл мануфактураның кейбір бөлімдерін өндірістің ерекше

«майдагерлік» формасы деп бөліп шығару, жалдама еңбектің үстем екендігі туралы және *барлық* былғарышарық істеу жұмысының ірі капиталға тәуелді екендігі туралы негізгі фактыны бүркемелейтін, көріне сөкеттік. Бұл кәсіп үшін «айырбас ісін кооперативтендіріп ұйымдастыру» («Очерк», 93-бет) жөн болар еді деп, кісі күлерлік пікірлер айтқанша — шындығында өндірістің қалай ұйымдастырылғандығын зерттеу, жұмысты үйді-үйге таратып беруді тиімді деп қарауға заводшыларды мәжбүр етіп отырған жағдайларда тыңғылықты етіп зерттеу дұрыс болған болар еді. Заводшылар, күман жоқ, мұны өздері үшін анағұрлым пайдалы деп санайды, ал егер біз жалпы майдагерлердің, әсіресе, егінші-майдагерлер мен 3 топтағы майдагерлердің жалақысының тіпті төмен екендігін еске алатын болсақ, мұның оларға тиімділігі бізге түсінікті-ақ болады. Заттарды үйді-үйге таратып беру арқылы, кәсіп орнының, иелері жалақыны арзандатады; үй ұстауға жұмсалатын шығындарды, шінара құралдар үшін және бақылау үшін жұмсалатын шығындарды үнемдеп қалады; әр уақытта, фабриканттарға тиімді бола бермейтін (олар фабриканттар емес, саудагерлер!) ұнамсыз талаптардан аулақ болады; неғұрлым шашау, неғұрлым бытыраңқы, өздерін өздері қорғауға анағұрлым қабілетсіз жұмысшыларды алады; өздеріне жұмыс істейтін, *соның үстіне өздері жұмысшы жалдайтын* (алыпсатарларға жұмыс істейтін 636 шәркеші семьяда 278 жалдама жұмысшы істейді екен) майдагерлерді, майдагер болғанда — «кұлқыншы» не «мастерсымақ» (иірілген жіптерді үй-үйге таратып беру тәртібінің кезіндегі біздің тоқыма өнеркәсіптегі терминдер) жұмысшыларды жұмысқа айдап салып отыру жөнінде ақысыз іс істейтіндерді алады. Біз жалдама жұмысшылардың (3-бөлімшедегі) ең аз еңбек ақы алатындығын жалпы кестеден көрдік. Бұл таңырқарлық та нәрсе емес, өйткені олар екі жақтап қаналады: өзінің жалдаушысы бір қанайды, ол жалдаушы жұмысшыны сығып «пайда» табады, екінші жағынан оны қожайынсымақтарға зат таратып беретін былғары-заводшы қанайды. Жергілікті жағдайларды, жұмысшылардың жеке басының өзгешеліктерін жақсы білетін бұл майда мас-

терсымақтар жұмысшыларды сығып алудың айла-амалдарын, жалдаудың кіріптарлық шарттарын қолдануға келгенде, *truck-system*⁹¹ және т. т. келгенде алдына жан салмайды. Бұл сыяқты мастерскойларда және «майдагерлер үйлерінде» жұмыс күнінің өте-мөте ұзақ екендігі белгілі нәрсе, бірақ 1894/95 жылдардың санағы осы өте қажет мәселелер жөнінде тіптен дерлік еш мағлұмет бермеуі, әрине, өкінерлік нәрсе, бұл мәліметтер бізге жұмысшыларға қысымын күшейтіп, бетпақтықпен есепсіз қанауға жол ашып отырған, толып жатқан арада жүретін, делдалдармен тамырласып кетіп отырған, біздің ерекше *sweating-system** ді түсіну үшін керек еді.

Пима басу кәсіпшілігінің (бұл кәсіп алыпсатарларға жұмыс істейтін семьялардың абсолюттік саны жағынан алып карағанда екінші орын алады) қалай ұйымдасқаны туралы, лаж не, «Очерк» ешқандай мәлімет бермейді. Бұл кәсіпте ондаған жалдама жұмысшылар ұстап отырған майдагерлер бар екендігін көрдік, бірақ олар үй-үйге жұмыс таратып бере ме, жоқ па, жұмыстың кейбір түрін өз мастерскойінде** істей ме, жоқ па—бұл жағы ұғындырылмай қалып отыр. Тек зерттеушілер атаған фактыны ғана айталық: бұлар пима басатын кәсіпшіліктің тазалық жағдайларының өте-мөте нашар екендігін («Очерк», 119-бет, «Майдагерлік өнеркәсіп», III, 16-бет) — кісі шыдағысыз ыстық, қаптаған шаң, ауасы адам тұншығарлық екендігін айтқан. Бұл жағдай майдагерлердің үйлерінде де осындай ғой! Мұның табиғи нәтижесі сол—майдагерлер мұнда 15 жылдан артық жұмыс істеуге шыдамай, ақыры көкірек ауруға шалдығады. Жұмыстың санитарлық жағдайын зерттеген И. И. Моллесон былай дейді: «Пима басушылардың көпшілігі 13 пен 30 жастың арасындағы адамдар. Және бұлардың бәрінің дерлік сұрланған жүздері, тәнінің бозаңқылығы, *ауру тыйтығына жеткен* тәрізді болып көрінетін солғын бейнелері ерекше көзге түседі» (III, 145-бет, курсив автордікі). Зерттеушінің практикалық қорытындысы мынадай: «Әр-

* — тер сығып алу системалары. *Ред.*

** Нижегород губерниясындағы Арзамас және Семенов уездеріндегі киіз басу кәсібінің ұйымдастырылуы осылай. «Майдагерлік кәсіпшіліктерді зерттеу жөніндегі комиссияның еңбектерін» және Нижегород земствосының санақ «материалдарын» қараңыз.

бір жұмысшыға келетін бір қалыпты ауаның белгілі бір көлемін күн ілгері белгілей отырып, анағұрлым кең мастерскойлар (пима басатын) салу ісін қожайындарға міндеттеу»; «мастерской тек жұмыс істеуге арналуға тиіс. Жұмысшылардың мастерскойда түнеуіне сөзсіз тыйым салынуға тиіс» (ibid). Сөйтіп тазалық сақтау дәрігерлері бұл майдагерлер үшін фабрикалар салуды, үйлерінде жұмыс істеуге тыйым салуды талап етеді. Бұл шараның жүзеге асырылуын тілемеуге болмайды; бұл шара техникалық дамуды алға бастырған болар еді, толып жатқан делдалдарды қуып шыққан болар еді, жұмыс күнін және еңбек жағдайларын тәртіптеуге жол ашқан болар еді, бір сөзбен айтқанда, біздің «халық» өнеркәсібіндегі барып тұрған сорақы қыянат жасаушылықты жойған болар еді.

Алыпсатарлардың ішінде Осадағы саудагер Бутаков көрсетілген; 1879 жылдың мәліметтеріне қарағанда, мұның Оса қаласында 180 жұмысшысы бар жөке фабрикасы болған*. Жұмысты үй-үйге таратып беруді неғұрлым тиімді деп санағандығы үшін бұл фабрикант қалайша «өндірістің өзіне жат» адам болып саналады? Және, майдагерлердің арасынан қуылып шыққан алыпсатарлардың, өздерінің семьяларында жұмыс істейтін адамдары болмағандықтан «мочалканы сатып алып, оны өздерінің станоктарымен өңдеп жөке және қап жасап шығаратын ұсталарға беріп отырған» «майдагерлерден» («Очерк», 152-бет) айырмашылығы қандай? — екенін білу де қызық-ақ болар еді; бұл — халықшылдық соқыр сенімнің зерттеушілерді қандайлық былыққа апарып соқтырғанының айқын мысалы. Бұл кәсіпшіліктегі тазалық жағдай да ешбір сынды көтермейді — үйлері тар, ылас, шаң, сыз, мұңкіген иіс және жұмыс күні өте ұзақ (тәулігіне 12—15 сағат) — осының бәрі кәсіпшіліктердің орталықтарын «ашаршылықтан болатын сүзектің» нағыз «ұясына»** айналдырып отыр, ал бұл жерлерде мұндай сүзектер жиі болып тұратын.

* 1879 жылғы «фабрикалар мен заводтардың көрсеткіші». Алыпсатарлар үшін жұмыс істейтін жөкешілер көбінесе Осо уезіне шоғырланған.

** «Очерк», 157-бет.

Теміршілік кәсіпшілігінде алыпсатарлар үшін жұмыс істеу қалай ұйымдастырылғандығы туралы біз «Очерк»-тен тағы да ешнәрсе біле алмай отырмыз, сондықтан біз «Майдагерлік өнеркәсіп және т. т.» деген кітапты қарауымыз керек. Бұл кітапта Нижний-Тагильдегі теміршілік кәсіпшілігі өте тамаша сыйпатталған. Поднос тағы басқа заттар істеп шығару жұмысы бірнеше кәсіп орындарына бөлініп берілген: темір *тойтару* мастерскойы темір соғады, *сырлау* мастерскойлары қалайылап сырлайды, *бояу* мастерскойлары — бояйды. Кейбір майдагер-қожайындарда заттардың осы түрлерінің бәрін де шығаратын кәсіп орындары бар; демек, бұлар нағыз таза мануфактурашылдар. Басқа біреулері — өздерінің мастерскойларында жұмыстың белгілі бір түрін ғана атқарады, онсоң затты сырлау, бояу үшін майдагерлердің үй-үйіне таратып береді. Демек, бұл арада, жұмысты үй-үйге таратып беру тәртібіндегі кәсіпшіліктің экономикалық ұйымдастырылуы бірыңғай және жұмыстың әрбір жеке түрін атқаратын, бірнеше мастерскойлардан қожайынға қарайтын кәсіпшіліктің экономикалық ұйымдастырылуы бір өңкей екендігі ерекше көзге түседі. Жұмысты үй-үйге таратып беретін алыпсатар-майдагерлер ең ірі қожайындардың қатарына қосылады (бұлар 25 адам); бұлар мол мөлшерде шикізат сатып алу және өнім өткізу ісін аса тиімді түрде ұйымдастырған: осы 25 майдагерлер (тек осылар ғана) жәрменкеге барып тұрады не болмаса бұлардың әрбіреуінің өзінің дүкендері болады. Бұлардан басқа, алыпсатарлар қатарына қосылатындар — ірі «фабрикант саудагерлер»; бұлар өздерінің жасап шығарған бұйымдарын Екатеринбург көрмесінің фабрика-завод бөліміне апарып көрсеткен адамдар: кітаптың авторы бұларды «фабрикалық-майдагерлік (sic!) өнеркәсібіне» жатқызады («Майдагерлік өнеркәсіп», I том, 98—99-шы беттер). Сөйтіп, қорытып айтқанда, біз, неше түрлі тамаша әдістері арқылы ұсақ кәсіп орындарымен байланысып жатқан капиталистік мануфактураның нағыз бейнесін көріп отырмыз. Осы күрделі қатнастарды дұрыс ажырату үшін өнеркәсіпшілерді «майдагерлер» деп және фабриканттар деп бөлудің өндірушілер және «алыпсатарлар» деп бөлудің көмегі тіпті аз екендігін айқындап

көрсету үшін жоғарыда аталған кітаптағы цифрларды пайдаланып көрелік және кәсіптің экономикалық қатнастарын кесте түрінде көрсетелік:

Рынок үшін дербес өндіру				Алыпсатарлар үшін істелетін жұмыс				
Кәсіп орындары	Жұмысшылар			Өндірістің сомасы, мың сом есебімен	Кәсіп орындары	Жұмысшылар		
	Семьясы барлар	Жалданып істеушілер	Барлығы			Семьясы барлар	Жалданып істеушілер	Барлығы
А. „Ф а б р и к а л ы қ - м а й д а г е р л і к ө н е р к ә с і п “								
?	?	?	?	60 + 7	} а) 29 б) 39	51	39	90
(„Фабрикант-саудагерлер“)								
Б. „ М а й д а г е р л і к ө н е р к ә с і п “								
25	{	(майдагер-алыпсатарлар)		95 + 30	} 68	104	118	222
16		88	161	249				
				163 + 37	200 мың сом = барлық Н.-Тагиль кәсіпшілігінің өндіріс сомасы			

а) бұйымды өткізуде тәуелді майдагерлер.
б) бұйым өткізуде де, зат өндіруде де тәуелді майдагерлер.

Ал осыдан кейін де олар бізге өсімқорлар сықылды, алыпсатарлар да «өндірістің өзіне жат», олардың үстемдігі «өндірісті капиталдандыру» емес, тек «айырбас процесін капиталдандыру» болып табылады демекші ғой!

Сандық істеу кәсіпшілігі де капиталистік мануфактураға нағыз мысал бола алады («Очерк», 334—339-ші беттер, «Майдагерлік өнер кәсіп», I, 31—40-ші беттер). Мұның ұйымдасуы былай: жалдама жұмысшылар істейтін мастерскойлары бар бірнеше ірі қожайындар материалдарды сатып алып, бұйымдарды шінара өздерінде дайындайды да, көбінесе материалдарды жұмыстың әрбір жеке түрін атқаратын мастерскойларға таратып беріп отырады. Ал енді өздерінің мастерскойларында сандықтың жеке дайындалған бөлшектерін жыйнастырып, өңдеп болғаннан кейін оны рынокке шығарады. Еңбек бөлу — мануфактураның нағыз шарты және оның техникалық негізі — өндірісте кең көлемде қолданылып отырады: бір сандықты істеп шығару ісі 10—12 түрлі жұ-

мысқа бөлінеді, бұл түрлердің әрбіреуін жеке маман-майдагерлер атқарады. Кәсіпті ұйымдастыру — жұмыстың әрбір жеке түрін атқаратын жұмысшыларды біріктіру («Капиталда» бұларды *Theilarbeiter* деп атаған) капиталдың бұйырығымен болып отырады. Капитал, жалдама жұмысшыларға жұмысты мастерскойда істетуден гөрі, жұмысты үй-үйге таратып беруді неліктен артық көреді, міне бұл сұрауға 1894/95 жылы Екатеринбург үезіндегі (осы сандық кәсіпшілігінің орталықтарының бірі) Невьян заводының шаруашылығына жүргізілген майдагерлік санақтың мәліметтері анық жауап береді; біз бұл заводта жыйнақтау мастерскойлармен қатар жұмыстың әрбір жеке түрін атқарушы майдагерлердің де бар екенін кездестіреміз. Демек, бұл екеуін бірімен бірін салыстыруға толық мүмкіншілік бар. Салыстыру мәліметтерін кестемен көрсетелік (кестелер, 173-бет):

Невьян заводының сандықшы- лары	Голтар	Бөлімшелер	Кәсіпорындарының са- ны	Жұмысшы- лардың са- ны			Жалпы табыс		Жалақы		Таза табыс	
				Семьялы жу- мышлар	Жалдама жу- мышлар	Барлығы	Барлығы	1 жұмысшыні- кі	Барлығы	1 жұмысшыні- кі	Барлығы	1 жұмысшыні- кі
«Алыпсатар- лар»	II	1	2	1	13	14	5 850	418	1 300	100	1 617	808,5*
«Майдагер- лер»	II	3	8	11	8	19	1 315	70,3	351	44	984	89,4

Осы кестешені тексеріп шығалық. Бұл жерде алдын ала ескерте кетелік — егер де біз бір ғана Невьян заводының мәліметтерінің орнына 1-ші және 3-ші бөлімшелер туралы мәліметтерді («Очерктің» 335-беті) алғанда да шығатын қорытынды осы болған болар еді. Бұл екі бөлімшенің жалпы кірісінің көлемін бір-бірімен салыстыруға келмейтін болар, өйткені бір заттың өзі жұмыстың жеке түрін атқаратын түрлі жұмысшылардың қолдарынан өтеді және оларды жыйнап құрастыратын,

* 1 кәсіп орнына тиісті кіріс.

жыйнақтау мастерскойларынан өтіп отырады. Бірақ кіріс пен жалақы жөніндегі мәліметтер көңіл бөлерлік. Майдагерлердің өздері де жалдама жұмысшыларды қанап отырса да жыйнақтау мастерскойларында істейтін жалдама жұмысшылардың жалақысы тәуелді майдагерлердің табысынан жоғары екен (100 сом және 89 сом). Соңғылардың, тәуелді майдагерлердің жалақысы жыйнақтау мастерскойларындағы жұмысшылардың жалақысынан *екі еседен астам төмен*. Міне осылай болған соң біздегі өндіріс орындарының иелері фабрикалық өнеркәсіптен гөрі, осыншалық елеулі «артықшылығы» бар, «майдагерлік» өнеркәсіпті неге ұнатпасын! Экипаж жасау кәсіпшілігінде де алыпсатарларға жұмыс істеуді ұйымдастыру тәртібі — дәл осындай («Очерк», 308-бет және келесі беттері, «Майдагерлік өнеркәсіп», I том, 42-бет); жұмыстың әрбір жеке түрлерін атқаратын майдагерлер жөнінде қожайыны (үй-үйге зат таратып беруші де, жұмыс беруші де) «алыпсатарлар» болып отырған, мұнда да сол жыйнақтау мастерскойлары, мұнда да мастерскойда істейтін жалдама жұмысшылардың жалақысы тәуелді майдагердің (мұның өзінің жалдама жұмысшысы туралы айтпағанда да) табысынан артық жатыр. Жалақының осындай артық екендігі егіншілер үшін де (I топ) және егінші еместер үшін де (II топ) айтылып отыр. Мебель және ағаш өңдеу кәсіпшілігіндегі алыпсатарлар — Пермь қаласының магазиндері («Очерк», 133-бет, «Майдагерлік өнеркәсіп» II том, 11-бет), заказ бергенде бұл магазиндер майдагерлерді түрлі үлгілермен қамтамасыз етіп отырады; айта кету керек, осы арқылы олар «біртіндеп өндірістің техникасын көтерді».

Киім тігу кәсіпшілігінде Пермьдегі және Екатеринбургтегі даяр киім магазиндері майдагерлерге өңдеу үшін материал таратып беріп отырады. Батыс Еуропа мен Американың басқа капиталистік елдерінде киім тігу, даяр киім жасап шығару кәсібінің ұйымдастырылу тәртібі жаңағы айтылғанмен мейлінше біркелкі екендігі белгілі. «Капиталистік» батыстың «халық өндірісі» бар Россиядан, айырмасы мынада: батыста бұл сыяқты

тәртіптерді Schwitz-system* дейді және онда қанаудың осы ең жаман системасына қарсы күресудің шараларын іздестіреді, мысалы Германияның тігіншілері өздерінің кожайындарынан фабрикалар салуды талап етеді (яғни, орыс халықшылы мұны «капитализмді қолдан тудырып отыр» деген болар еді); ал бізде, бұл «терін сығып алу системасын», «майдагерлік өнеркәсіп» деп атайды және оның капитализмнен артықшылықтарын сөз қылады.

Біз енді алыпсатарларға жұмыс істейтін майдагерлердің орасан көпшілігі жыйналған кәсіпшіліктердің бәрін тексеріп қарастырып шықтық. Ал бұл шолудың нәтижелері нендей? Алыпсатарлар, тіпті жыйнақтау мастерскойлары да, — өсімқорлар сыяқты, өндіріске жат элементтер және т. т. дейтін халықшылдық қағыйданың қыйсынсыз екендігіне біздің көзіміз жетті. «Очерк» мәліметтерінің жоғарыда аталған кемшілігіне қарамай, санақ программасында алыпсатарлардың шаруашылығы туралы мәселелердің болмағанына қарамай, біз кәсіпшіліктердің көпшілігінде алыпсатарлардың өндіріспен тығыз байланысты екендігін анықтай алдық, — керек десе олардың өндіріске тікелей қатысын, жалдама жұмысшылары бар мастерскойлардың кожалары ретінде, «қатысы» барын анықтадық. Алыпсатарларға жұмыс істеу тек қайдағыбір қыянат жасаудың, қайдағыбір кездейсоқ жағдайдың, өндіріс емес, қайдағыбір «айырбас процесін капиталдандырудың» ғана нәтижесі деуден өрескіл пікір жоқ. Қайта, алыпсатарларға жұмыс істеу атап айтқанда *өндірістің ерекше бір түрі*, өндірісте экономикалық қатнастардың ерекше ұйымдасуы; бұлай ұйымдасу тікелей ұсақ товар өндірісінен өсіп шыққан (біздің көңілшек әдебиетімізде «ұсақ халық өндірісі» деп атап кеткен) және ол ұсақ халық өндірісімен осы күнге дейін мыңдаған жолдармен байланысып жатыр, өйткені неғұрлым ауқатты кожалар, неғұрлым озат «майдагерлер» жұмысты үй-үйге таратып беру арқылы өздерінің оборотын ұлғайта отырып, осы системаның негізін салады. Жалдама жұмысшылары бар капи-

* — терін сығып алу системасы. *Ред.*

талистік мастерскойға тігілей жанаса отырып, екінің бірінде өзі соның тек жалғасы не соның бөлімшесінің бірі бола отырып, алыпсатарларға жұмыс істеу *фабриканың шылауы* болып табылады; соңғы сөзді ғылыми мағнасында емес, жай сөз мағнасында ұғу керек. Ал өнеркәсіптің түрлерін ғылыми жолмен классификациялағанда, оны тыңғылықты түрде дамуымен байланыстырып қарағанда, алыпсатарларға жұмыс істеу көбінесе *капиталистік мануфактураға* жатады; өйткені алыпсатарға жұмыс істеу: 1) қолмен өндіруге және ұсақ кәсіпорындарының кең базисіне негізделген; 2) ол осы кәсіп орындарының арасына еңбек бөлуді ендіреді, еңбек бөлуді мастерскойдың ішінде де дамытып отырады; 3) өндірістің басына саудагерді қояды; қашанда, өндірістің көлемін кеңейтпек болатын, шикізаттарды тобымен алып, өнімдерді тобымен сатып өткізбек болатын мануфактурада осылай болып отырады; 4) еңбекшілерді қожайындардың мастерскойларында не өздерінің үйлерінде істейтін жалдама жұмысшылардың халіне түсіреді. Атап айтқанда, капитализмнің өнеркәсіпте дамуының айрықша бір сатысы ретінде, мануфактураның ғылыми ұғымы осы белгілермен сыйпатталатыны белгілі (қараңыз — „Das Kapital“, I, Kapitel XII*). Өнеркәсіптің бұл түрі капитализмнің тамыр жайған үстемдігі болып табылады; өнеркәсіптің бұл түрі капитализмнің ақырғы, ең жоғарғы формасының яғни машиналы ірі индустрияның тігілей алдынан келетін бір формасы болады. Демек, алыпсатарларға жұмыс істеу — капитализмнің мешеу қалған формасы, сондықтан қазіргі қоғамда бұл мешеулік еңбекшілердің хал-жайын айрықша нашарлатып, оларды толып жатқан делдалдардың (sweating-system) қанауында болатын, бытыраңқы, ең төмен жалақымен қанағат етуге, мейлінше жаман гигиеналық жағдайда және жұмыс күнінің айрықша ұзақ жағдайында жұмыс істеуге мәжбүр болатын жағдайға — ең жаманы, өндіріске қоғамдық бақылау жасауды барынша ауырлататын жағдайға — әкеліп соқтырады.

Біз енді 1894/95 жылдары жүргізілген майдагерлік санақтың мәліметтерін шолуды бітірдік. Бұл шолу «май-

* — «Капитал», I том, XII тарау. *Ред.*

дагерлік» деген ұғымның мүлде мазмұнсыз екендігі туралы жоғарыда айтылған пікірді толығынан растады. Өнеркәсіптің толыл жатқан түрлерін осы ұғымға таңыл отырғандығын көрдік, біз тіпті өнеркәсіптің ғылымға мәлім түрлерінің бәрі дерлік осы ұғымға әкеліп таңылған деп айтуға да правомыз бар. Шынында, тұтынушылардың заказы бойынша солардың (заказ берушілердің) материалын алып істейтін, жұмысы үшін кейде заттай, кейде ақшалай сый алып отыратын патриархтық қол-өнершілер де осыған жатқызылған. Одан әрі, бұған, өздерінің семьяларымен жұмыс істейтін, өнеркәсіптің мүлде басқа түрінің өкілдері, — ұсақ товар өндірушілер де кірген. Бұған жалдама жұмысшылары бар капиталистік мастерскойлардың иелері де кірген және жалдама жұмысшылар да кірген; ал бұл жұмысшылардың саны әрбір кәсіп орындарында бірнеше онға жетеді. Бұған, жұмыстың әрбір жеке түрін атқаратын мастерскойлардың бүтін системасына үстемдік жүргізіп отырған, ірі капиталы бар кәсіп иелері — мануфактуршылдар да кірген. Бұған капиталистерге жұмыс істейтін үй жұмысшылары да кірген. Осы бөлімдердің бәрінде де егіншілер де, егінші еместер де, шаруалар да, қала халқы да — бәрі бірдей — «майдагерлер» деп аталған. Бұл сыяқты шатастырушылық — Пермь губерниясының майдагерлері жөніндегі осы зерттеудің ғана өзгешелігі емес. Тіпті де бұлай емес. Бұл шатастырушылық әркашан да және барлық жерде, «майдагерлік» өнеркәсіп туралы сөз болған кезде, қайталанып отырылады. Мысалы, «майдагерлік өнеркәсіпті зерттеу комиссиясының еңбектерімен» таныс адамдардың қай-қайсысы болса да, осы айтылған разрядтардың бәрінің де майдагерлердің санына кіріп кеткендігін біледі. Ал біздің халықшылдық экономияның ең жақсы көретін әдісі — өнеркәсіптің осы неше алуан түрлерін бәрін бір төбеге үйе беру, сөйтіп мұны «майдагерлік», «халықтық» өнеркәсіп деп атау, және — *risum teneatis, amici!** — осы мағнасыз нәрсені «капитализмге» — «фабрикалық-заводтық өнеркәсіпке» — қарсы қою. Осы ғажап әдісті, әдіс болғанда, оны ойлап шығарушының пікірлері мен біліктерінің тамаша тереңділігін

* — күлмей қоя тұрыңыз, достар! *Ред.*

сыйпаттаушы әдісті «дәлелдеген», хателеспесек, В. В. мырза; В. В. мырза өзінің «Майдагерлік өнеркәсіп очерктерінің» алғашқы беттерінде-ақ Москва, Владимир және басқа губерниялардағы «фабрика-завод» жұмысшыларының ресми сандарын келтіреді және олармен «майдагерлердің» сандарын салыстырады, сөйтсе, әрине, хасиетті Россияда, капитализмнен гөрі «халықтық өнеркәсіп» анағұрлым күшті дамыған болып шығады, ал зерттеушілердің* әлденеше рет дәлелдеген фактысы туралы, осы «майдагерлердің» орасан көпшілігі *нақ сол фабриканттарға жұмыс істейтіндігі* туралы біздің «беделді» экономист жұмған аузын ашпайды. Ал «Очеркті» жазушылар, халықшылдық соқыр сенімді берік ұстап, нақ сол әдісті қайталап отыр. Ал, Пермь губерниясының «майдагерлік» өнеркәсібінің жылдық өндірісінің сомасы тек 5 миллион сом** болып, ал «фабрика-завод» өндірісінің сомасы — 30 миллион сом болып отырса да, — «фабрикалық-заводтық өнеркәсіпте жұмыс істейтін жұмысшылардың саны — 19 мың, ал майдагерлік өнеркәсіпте істейтіндердің саны — 26 мың адам» (364-бет). Классификациялаудың оп-оңайлығын көріп отырсыздар:

а) фабрика-завод жұмысшылары	19 000
б) майдагерлер	26 000
<hr/>	
<i>Барлығы</i>	45 000

Бұлайша классификациялаудың «отан үшін басқа жолдың мүмкіншілігі» туралы пікір айтуға есікті кең ашатындығы түсінікті!

Бірақ біз өнеркәсіптің түрлерін зерттеген майдагерлер

* — Ең болмаса «Майдагерлік өнеркәсіптің маңызы» жөніндегі Харизоментов мырзаның 1883 жылы «Юридический Вестниктің»⁹² № 11 және № 12 басылған мақаласын қараңыз; бұл мақалада сол уақыттағы санақ материалдардың жыйнағы берілген.

** Біз бұл сандардың сөкет анықтамасы туралы сөз қылып отырғанымыз жоқ. Мысал үшін алатын болсақ, ең ірі сома түсіріп отырған ұн тарту кәсіпшілігі (1,2 млн. сом), өйткені диірменшілер тартып шығаратын барлық астықтың құнын осыған кіргізген! Кестелерде, және «Очерктің» сыйпаттамасында тек 143 сомдық жалпы кіріс қана алынған (358-бетті және ескертуді қараңыз). Шарық тігу кәсіпшілігі 930 мың сом кіріс беріп отыр, ал мұның елеулі бөлігі Кунгур заводшыларының оборот ақшасы. Және т. т., т. т.

жөніндегі санақтың мәліметтерін бір нәрсеге жарату үшін ұстап отырмыз ғой. Біз санақтың мәліметтеріне *сай келетін* (бұл жөндегі халықшылдық классификация барып тұрған күлкі нәрсе) және өнеркәсіптің түрліше формаларына *сай келетін* классификациялауды жасап керелік. 20 мың жұмысшы жөнінде санақтың беріп отырған проценттік мөлшерін біз, басқа мәліметтерге сүйеніп, авторлардың көбейтіп отырған санына — 26 мыңға қолданамыз.

А. Товарлы өндіріс.

Жұмысшылардың саны.

I. Капиталистік жолмен пайдаланылатын жұмысшылар

(1) «Фабрика-завод» жұмысшылары (жеті жылдың, 1885 — 1891 жылдардың, мәліметі бойынша, бір кәсіпорнына орта есеппен 14,6 жұмысшы келеді)

19 000
42,2%

(2) «Майдагерлерге» жалданып жұмыс істейтін жұмысшылар (барлығының 25 проценті)

(Бұлардың төрттен бірі, орта есеппен алғанда, әрбіреуінде 14,6 жұмысшы істейтін кәсіп орындарында істейді)

6 500
14,4% } 30 700
68,2%

(3) Өздерінің үйлерінде алыпсатарларға жұмыс істейтіндер, яғни 3-бөлімшеге жататын семьялы майдагерлер 20 процент.

(Бұлардың көбі тағы да сол фабриканттарға жұмыс істейді, бұларға істейтіндер 1-және 2-пункттегі жұмысшылар)

5 200
11,6%

II. Ұсақ товар өндірушілер, яғни 1-ші бөлімшеге жататын семьялы майдагерлер 30 процент.

(Бұлардың $\frac{1}{3}$ жалдама жұмысшылар ұстайды)

7 800
17,4%

Б. Қолөнер кәсібі

Селолық (шінара қалалық) қолөнершілер, яғни 2-ші бөлімшедегі семьялы майдагерлер, 25 процент.

(Бұлардың аздаған бір бөлегі де жалдама жұмысшылар ұстайды) 6 500
14,4 %

Барлығы 45 000
100%

Бұл классификациялауда да хателер бар екенін біз жақсы ұғамыз: мұнда фабриканттар және заводшылар жоқ, бірақ ондаған жұмысшылар жалдап отырған майдагерлер бар; бұған; өз алдарына ерекше бөлініп шығарылмаған, мануфактурашылдардың бір бөлегі кездейсоқ кіріп отыр, ал сонымен қатар, басқа, «алыпсатарлар» ретінде, қуылып шыққан мануфактуршылар кірмей қалған; бұған бір қаланың қолөнершілері кіргізіліп, басқа 11 қаланың қолөнершілері кірмеген және т. б. Бірақ қалай болғанмен, бұл классификациялау өнеркәсіптің түрлері жөнінде жүргізілген майдагерлік санақтың мәліметтеріне негізделген, сондықтан көрсетілген хателер классификациялаудікі емес*, сол мәліметтің өзіндегі хателер. Қалай болғанда да бұл классификациялау шындық туралы дәл ұғым береді, өнеркәсіпке түрліше қатысушылардың арасындағы шын қоғамдық-экономикалық қатнастарды, олай болса, бұлардың халінде, мүдделерін де — түсіндіреді, қандайбір ғылыми-экономикалық зерттеу болмасын, оның алдында тұрған ең зор міндеттің өзі осы.

VII

МАЙДАГЕРЛІК ӨНЕРКӘСІПТЕГІ «СҮЙСІНЕРЛІК ЖАҒДАЙЛАР»

Егер біз «Очеркте» келтірілген майдагерлік өнеркәсіптің «жақсы жағын» және «сүйсінерлік жағдайларды»

* Майдагер-қолөнершілерде жалданып жұмыс істейтін жұмысшылар (майдагерлерде жалданып жұмыс істейтін жұмысшылардың 20 проценті) товар өндірісіне емес, қолөнер кәсібіне жатқызылуы керек деп, бізге қарсы болулары мүмкін. Бірақ мұнда жұмыс күшінің өзі товар болып табылады, ал жұмыс күшін сатып алу-сату — капитализмнің негізгі белгісі.

айтпай кетсек, бізді бірбеткей кетті деп, майдагерлік өнеркәсіптің біріңғай жаман жағын көрсетіп отыр деп айыптаулары мүмкін.

Мысалы, бізге былай дейді: майдагерлік өндірістегі жалдама еңбектің біраз ерекше маңызы бар, өйткені мұндағы жалдама жұмысшының өзгешелігі — оның қожайынға «тұрмыс жағынан жақындығы» және оның өзінің де қожайын «болып кете алатындығы». Демек, мұнда майдагерлік өнеркәсіптегі «сүйсінерлік жағдайлар» деп отырғаны жұмысшылардың бәрін де қожайынсымақтарға айналдыру жөніндегі тек ізгі тілегі!* Жоқ, бәрін емес, кейбіреулерін ғана, өйткені «басқа адамдардың еңбегін қанауға ұмтылу жалпы алғанда барлық адамға, соның ішінде майдагерге де табиғи нәрсе екендігінде күман жоқ» («Очерк», 6-бет). Ажыратып жатпастан барлық жұртты ұсақ буржуамен теңеп отырған бұл сөз, аңқаулығы жағынан, теңдесі жоқ сөз! Дүниеге ұсақбуржуалық көзілдірікпен қарайтын адамның осындай ғажап шындықты ашатындығына таңырқауға болмайды. «Очерктің» 268-бетінде «еңбек жағдайына байланысты (sic!), сөздің шын мағнасымен айтқанда, майдагерлік өндіріс орны деп» 8 жалдама жұмысшысы бар, жылдық өндірісі 10 мың сомдық кішкене фабриканы айтқан. «Очерктің» 272—274-беттерінде басқа бір кішкене фабрика иесінің (оның 7 жалдама жұмысшысы, 5 шәкірті бар; жылдық өндірісі 7 мың сом) шаруалар қоғамынан арендаға алған жерге домен пешін салғандығы және майдагерлер банкінен вагранка салуға 5 000 сом ақша сұрағандығы айтылған; ондағы дәлелі: «оның барлық кәсіп орындарының біріңғай жергілікті маңызы бар, өйткені руданы қоғамның үлесті жерлерінен жергілікті шаруалардың өздері қазып шығарады». Банк ресми себептерге сүйеніп, бұл өтінішті қабылдамаған. «Очерк» осы жөнінде бұл өндірістің кооперативтік қоғамдық түрге айналуы деп тамаша қызықтырып отыр; бұл «өндірістің ғана емес, сонымен қатар төңірегіндегі өзімен бір

* Жалақы төлеу тәртібіне, сның дұрыс төленуіне жұмысшыларды жалдау әдістеріне, оларды қанауға, truck-system-ге «тұрмыс жағынан жақындықтың» қалай әсер ететіндігі туралы — бізге ешнәрсе айтпайды.

қоғамдас адамдардың да қамын жеп отырған, қожайындардың көңіліне, күман жоқ, ұнайды». Өндіріс орны «руда қазып шығарып, оны және ағаш материалдарын заводқа тасып жеткізіп отыратын қоғам мүшелерінің толып жатқан еңбек мүдделерін қамтыйды». «Үй шаруашылығындағы әйелдердің сыр қайнататын қоғамдық заводқа сүт тасып жеткізіп тұратыны тәрізді, үй қожалары да заводқа руда, көмір тағы басқа заттарды тасып жеткізіп тұрады. Әрине, мұнда сыр қайнататын қоғамдық заводтардағыдан гөрі, әсіресе, істің нағыз өзін, яғни рудадан шойын қорыту ісіне жергілікті шеберлер мен қара жұмысшылар пайдаланылған жағдайда, жұмысты ұйымдастыру мұнан анағұрлым күрделі болмақ». Ойпырай, не деген ғажап! Қара жұмысшылар («қоғам мүшелері!»), сыр қайнататын заводқа сүт тасып тұратын шаруа әйелдер тәрізді, бұлар да «заводқа» руда, отын тағы да басқа заттарды жеткізіп беріп отырады!! Майдагерлік банк те, басқа банктер сыяқты (егер оның төрешіл ұйымы кесірін тигізбесе) товарлы шаруашылықты, капитализмді дамыта отырып, ондай қызметті істей алмайды демекші емеспіз, бірақ, егер ол осымен қатар, қарыз туралы өтініш жасайтын кәсіп иелерінің фарисейлігін және маниловшылдық бос сөзін дамыта түсетін болса, — онда өте көңілсіз болған болар еді.

Біз бұған дейін, қожаларының өздері еңбек етеді дегенді дәлел қылып, жалдама жұмысшылары мен кәсіп орындарын «майдагерлік» кәсіп орындары деп жарыялап келгендігін көрдік. Бірақ бұл шарт ұсақ буржуалар үшін біраз қолайсыздау болған болар еді, міне сондықтан да «Очерк» оны қолайлы етуге тырысады: бақсақ, «тек қана жалдама еңбектің күшімен істейтін» өндіріс орнын да, — егер өндіріс жұмысының «ойдағыдай» болуы қожайынның «жеке басының қатысуына» байланысты болса (295-бет), немесе қожайындар «өздерінің өндіріске қатысын» «кәсіпті басқару әрекетіне байланысты тежеуге мәжбүр болса да» (301-бет), — «майдагерлік» өндіріс орны деп атауға болады екен. Пермь халықшылдары қалай «ойдағыдай» алға басып отыр. Рас емес пе? «Жеке басының еңбек етуі» — «жеке басының қатысуы» — «түрлі әрекеттер». Mein Liebchen, was willst du noch

теңі?» Баксақ, кірпіш заводтарынан «қосымша табыс» тауып отырған жалдама жұмысшыларға кірпіш күйеу кәсіпшілігіндегі жалдама еңбек «ерекше пайда» келтіреді екен (302-бет); оның бержағында осы заводтардың қожалары екінің бірінде «жұмысшылар жалдау үшін ақшаға мұқтаж» болып отырады екен. «Очерк» мұндай қожайындарға, «майдагерлік банк уставының 7-статьясының 3-пунктіне берілген ескерту бойынша, мұндай өндіріс орындарын дәлелді себептердің ретіне жатқызып» (302-бет), майдагерлік банктен кредит беру керек деп қорытынды жасайды. Мұнысы онша сауатты түрде айтылмаған, бірақ оның есесіне өте әсерлі және салмақты түрде айтылған! «Қорыта келіп, — дейді кірпіш заводын суреттеудің соңғы жағында, — біздің былай деуге дәлеліміз жеткілікті, кірпіш күйеу кәсіпшілігінде шаруалардың арасында қожайындар мен жалдама жұмысшылардың мүдделерінің ортақтасып кеткендігі сондайлық: бұл кәсіпшілікте артельдер ресми жағынан тіркелмеген болса да, іс жүзінде мұнда қожайындар мен олардың жалдама жұмысшылары арасында берік жолдастық байланыс бар» (305). Оқушыны осы «жолдастық байланыстардың» жоғарыда келтірілген санақтық суретінің мәліметтеріне жіберелік. Халықшылдық экономикалық ұғымдағы шатасқандықтың үлгісі болып табылатын тағы бір сорақылық мынау: «Очерк» жалдама жұмысшылары бар қожайындар тіпті де кулак болып табылмайды, ақша капиталының несі кулак болып табылады, өйткені ол «қожайын-майдагердің және оның жалдама жұмысшыларының еңбегін қанайды» (!) дегенді айтып, бір мезгілдің ішінде жалдама еңбекті қорғайды да, мақтайды да, және сонымен қатар кулактарды ақылға сыйыспайтын түрде шамадан тыс қорғай жөнеледі: «кулактар, қалай дегенмен, оларды қаншама жамандағанмен, олар әзірше, майдагерлік өндірістің айырбас механизміндегі қажетті бір тетік болып табылады... Кулактарды майдагерлік өнеркәсіптің табыстарымен байланыстыра қарағанда, оларды, күмансыз, игілікті іс деп тану керек болады, өйткені кулактар болмаса, ешбір ақшалай қаржысы болмаса, онда майдагер жұмыссыз қа-

* — Шырағым-ау, саған тағы не керек? *Ред.*

луға мәжбүр болады» дейді (8-бет)*. Осы әзірше деген нәрсе қашанға дейін созылмақ? Егер сауда және өсімқор капиталы капитализмнің дамуындағы қажетті кезең, *өсіп жетілмеген* капиталистік қоғамның (біздікі сыяқты) механизміндегі қажетті бір тетік деп айтылған болса, онда бұл дұрыс болған болар еді. Осылай ұғындырылған «әзірше» деген сөзді былай түсіну керек: *әзірше*, бізде, өнеркәсіптің бостандығын, бәсекенің бостандығын (әсіресе шаруалар арасында) сансыз қысымдарға салушылық — бізде капитализмнің ең артта қалған түрлерін, ең жаман түрлерін қуаттағандық болып табылады, деп түсіну керек. Бірақ бұлай деп ұғындыру Пермьдегі халықшылдарға, тіпті басқа халықшылдарға да, ұнамайды-ау деп қорқамыз!

Артельдерге көшейік, бұлар — майдагерлік кәсіпшіліктен халықшылдардың қалайда таппақ болатын қауымдық принциптерінің неғұрлым жақын және неғұрлым маңызды көрсеткіші болып табылады-мыс. Бүкіл губерниядағы майдагерлердің *үй басына* жүргізілген санағының мәліметтерін, санақ болғанда, артельдерді тізімге алу және оларды зерттеп шығу ісін алдына міндет етіп қойған санақтың, мәліметін қарап шығу қызғылықты нәрсе (санақтың 14-беті, 2-пункті). Демек, біз бұдан артельдердің әр түрлерімен ғана танысып қоймаймыз, сонымен қатар олардың қаншалықты кең тарағандығын да білеміз.

Май шығарушы кәсіпшілік. «Сөздің нағыз шын мағынасында айтқанда, бұл тұрмыс қажетін өтейтін артель»: Покровский селосында және Гавряты деревнясында екі

* «Майдагерлік өнеркәсіптің» I томының, 39-және басқа беттерінде біз осы пікірлерді көріп отырмыз. Бұл пікірлер кулактарды (сандық жасау кәсіпшілігіндегі жыйнақтау мастерскойларының қожайындарын) майдагерлер бөліміне енгізбеу керек еді деп жазған «Деловой Корреспондент»⁹³ газетіне қарсы айтылған. Бұл пікірге жауап ретінде былай деп жазылған: «Біздің барлық майдагерлік өнеркәсіп жеке капиталдардың тұзағында тұр, сондықтан, егер майдагерлер бөліміне өздерінің шығарған бұйымдарымен ғана сауда жасайтын майдагерлер енгізілетін болса, онда біздің майдагерлер бөлімі қаңырап бос қалған болар еді». Өздерінің бойларына тән мойындау емес пе? Майдагерлік кәсіпшіліктерді өз уысынан шығармай отырған «жеке капиталдардың» бұл «тұзақтарын», санақтың мәліметтеріне сүйене отырып, біз жоғарыла көрсетіп өткенбіз.

май шығарушы завод бес ағайынды адамға қарайды, бұлар өзара енші алысқандар, бірақ май шығарушы заводтарын кезекпен пайдаланып отырады. Бұл фактылардың «өте терең маңызы бар», өйткені «бұлар майдагерлік кәсіпшіліктердің қауымдық-еңбек мұралығының шарттылығын ашып көрсетеді». «Кооператив негізіндегі завод кейіптес өндірістердің майдагерлер арасында қаншама тарағандығы туралы мәселеде» бұл сыяқты тұрмыс «артельдерінің елеулі үлгі болып табылатындығы» айқын нәрсе (175—176-ші беттер). Сонымен, сөздің шын мағнасында айтқанда, артель кооперацияның үлгісі болып, қауымдылықтың көрсеткіші болып, *еншілес мұрагерлердің ортақ меншігінде* тұр екен ғой!! Сірә, егер солай болатын болса, «қауымдылықтың», «кооперацияның» нағыз тірегі Римнің азаматтық правосы және *condominium*-дық тәртіпке, мұрагерлер мен мұрагер еместердің ортақ меншігіне ие болып отырған біздің X том болса керек.

«Ұн тарту өндірісінде... өзіне тән тұрмыстық формада шаруалардың артельге бейімділігі бәрінен де айқын көрінді». Көптеген тиірмендерді серіктіктер немесе тіпті бүтін бір село ортақ пайдаланады. Тиірмендерді пайдалану; онсоң таза табысты, тиірменге ортақ әрбір қожайындардың шығарған шығынына қарай, пайға бөлу; «мұндай жағдайларда серіктес-қожайындардың өндірісте өздерінің тікелей еңбек сіңіруі сирек болады, өндіріс, әдетте, жалдама еңбекпен жүргізіліп отырылады» (181-бет; карамай шығару артельдерінде де тәртіп осындай — 197-бет). Таңқаларлық өзгешелік пен артельшілдік деп отырғанымыздың өзі, шындығында — бірлесіп жұмысшы жалдайтын ұсақ қожайындардың ортақ меншігі екен ғой! Диірмендермен, карамай қайнататын жерлермен, темір соғатын дүкендермен майдагерлердің *кезектесіп* пайдалануы, қайта, өндірушілердің адам айтқысыз бытыраңқылығын көрсетеді, сондықтан бұларды тіпті ортақ меншіктіліктің өзі де кооперацияға бет алдыруға күші жетпейді.

«Артельдік ұйымның бір түрі» — «артельдік темір дүкендері» (239). Темірші-қожайындар отынды үнемдеу үшін, бір көрікші жалдап (жұмыс күшін үнемдеу үшін) темір дүкенінің қожайынынан оның дүкен орнатқан үйін

арендаға алып, ал сонымен қатар оның балғасына дербес ақы төлеп, бәрі бірігіп бір темір дүкеніне жыйналады. — Сонымен, біреудің жеке меншігіндегі затты екінші біреуге ақы алып арендаға беру «артельдік ұйым» болады екен! Жамандамай-ақ Рим правосын «артельдік ұйымның» кодексі деп атау керек!.. «Артельдік ұйымда... майдагерлер арасындағы өндірісте таптық жағынан қалыптасушылықтың жоқтығы туралы жаңа белгілерді, — артельдік диірмендердегі сыяқты, егіншілер мен майдагерлер ортасында жіктердің бірігуін көріп отырмыз» (239). Міне осыдан кейін қайдағыбір жауыз адамдардың тағы да шаруалардың жіктелуі туралы айтуға батылы барар ма екен!

Демек, бұған дейін, — өндірістің өзіндегі бірлесу туралы айтпағанда, — майдагерлердің шикізаттар сатып алу, өнімдер өткізу жөнінде *бірлескен* реттері ешқандай болған емес! Алайда мұндай бірлесушілік бар. Пермь губерниясындағы майдагерлердің ұйбасына жүргізілген санағы мұндай бірлесудің тұтасынан *төртеуін* тіркеген, ал бұлардың *бәрі* майдагерлік банктің жәрдемімен жүргізілген: үшеуі экипаж жасайтын кәсіпшілікте, біреуі ауылшаруашылық машиналарын жасайтын кәсіпшілікте болған. Бұл артельдердің біреуінде жалдама жұмысшылар бар (2 шәкірт және 2 жалдама «қосымша» қызметші), ал екінші артельде серіктес екі адам серіктес үшінші адамның темір дүкені мен мастерскоһын, өзалдына ақы төлеп, пайдаланады. Шикізаттарды бірлесіп сатып алады, өнімдерді де бірлесіп өткізіп отырады, жеке мастерскойларда да жұмыс істейді (жоғарыда айтылған, темір дүкені мен мастерскойды ақы төлеп жалдағандар бұған кірмейді). Осы төрт артель 21 семьялы жұмысшыларды бірлестірген. Пермьдегі майдагерлік банк бірнеше жылдан бері істеп келеді. Енді ол банк (көршінің темір дүкенін жалдау үшін) *бір жылдың ішінде* 20 семьялы жұмысшыны емес, 50 семьялы жұмысшыны «біріктіреді» делік. Ол уақытта барлық 15 000 семьялы майдагер жұмысшы «артельдік ұйымға» тура 300 жылдың ішінде «біріктіріліп» болады екен. Ал енді осы жұмысты аяқтап болған соң, олар, майдагерлердегі жалдама жұмысшыларды да «біріктіре» бастайды... Сөйтіп Пермь халықшылдары мәз-майрам болады: «Май-

дагерлердің дербес ой-пікірінің нәтижесінде туған, осыншалық маңызды экономикалық концепциялар бұл ортада капиталға тәуелсіз еңбекке негізделген өндірістің экономикалық прогресінің берік кепілі бола алады, өйткені бұл фактылардан майдагерлердің еңбек жөніндегі дербестілікке стихиялы түрде ғана емес, сонымен қатар осыған саналы түрде ұмтылып отырғандықтарын көрсетеді» (333-бет). Рахым етіңіз, мырзалар! Әрине, маниловшыл кұрғақ сөзсіз халықшылдықты ұғынуға болмайды, бірақ шегін де білу керек қой! Біздің көріп отырғанымыздай, артельдің *бір де бірі* «еңбектің капиталға тәуелсіздігіне негізделгендікті» көрсетпейді: артельдің бәрі — қожайындар мен қожайынсымақтардікі, бұлардың көбінде жалдама жұмысшылар бар. Бұл артельдерде кооперация жоқ, тіпті шикізаттарды ортақтасып дайындау, өнімдерді ортақтасып өткізу істері де, күлкі келерліктей сирек кездеседі, бұған біріккен қожайындардың саны да жоқтың қасында. 20 мың жұмысшысы бар 9 мыңға жуық ұсақ кәсіп орындарын есепке алу ісі өндірушілердің *адам айтқысыз бытыраңқылығын, анайылығын*, олардың ішінде тек бірнеше ондаған *ортақ меншіктіліктің*, және 3—5 қожайындар мен қожайынсымақтардың шикізат дайындау және өнім өткізу жөнінде *снға жетпейтін* бірлестігінің бар екенін ашқан жағдай бірде-бір капиталистік елден табылмайды деп, кәміл сеніп айтуға болады! Бақытымызға қарай, егер біз: тоқмейілсіген қожайынсымақтардың өрісі тар жергілікті патриархтық қолөнер кәсібін капитализмнің күн сайын тамырынан қалай қырқып жатқанын, ұсақ жергілікті рыноктерді (ұсақ өндірістер күнелтіп отырған рыноктерді) күнсайын қалай қыйратып жатқанын, оларды ұлттық және жержүзілік рыноктермен ауыстырып жатқанын, қайдағыбір Гавряты деревнясының ғана өндірушілерін емес, бүтін бір елдің, тіпті түрліше елдердің өндірушілерін өзара одақтасуға мәжбүр етіп отырғанын, бұл одақтарды бір ғана қожайындар мен қожайынсымақтардың шеңберінен шығарып, бұл одақтардың алдына, ағаш материалдары мен темірді неғұрлым арзанға түсіру мәселесінен гөрі, немесе шегелері мен арбаларын неғұрлым тиімді бағаға сату мәселесінен гөрі, анағұрлым ірі мәселелерді қойып отырғанын көрмеген болсақ, онда бұл бы-

тыраңқылық ешқандай барар жері жоқ экономикалық және мәдениеттік тоқыраудың ең сенімді кепілі болып қызмет атқарған болар еді.

VIII

ӨНЕРКӘСІПТІК САЯСАТТЫҢ ХАЛЫҚШЫЛДЫҚ ПРОГРАММАСЫ

Практика жүзіндегі жобалар мен шараларды жұрт қашанда тұрмыс шындығындағы «сүйсінерлік», үміт күтерлік жағдайлармен байланыстырып қарайтындықтан, майдагерлік өнеркәсіп жөнінде «Очеркте» қандай тілектер бар екендігі а priori түсінікті; «Очерк» барлық «сүйсінерлік көріністерді» ұсақ шаруашылықтағы жалдама еңбекті боямалауға және ұсақ кожайындардың өте мөте аз және бірбеткей бірлестіктерін дәріптеуге апарып тіреген. Халықшылдардың әдеттегі рецептерін қайталап, бұл тілектер, бір жағынан, өзінің қайшылықтарымен таңдандырады, — екінші жағынан, бос сөздер арқылы ұлы мәселелелердің шешіміне айналдырылған, көптеген «шараларды» шектен тыс дәріптеумен таңдандырады. «Очерктің» ең басында, кіріспесөзінде, тіпті санақтың мәліметтерін баяндаудан бұрын, біз «ақшасыздықты жою (sic!)» жөніндегі «майдагерлік кредиттің міндеті» туралы, «өндіріс пен тұтынудың арасындағы айырбасты кооперация жолымен ұйымдастыру» туралы (8-бет), «артельдік ұйымдарды ұлғайту» туралы, майдагер үшін складтар ашу, техникалық консультациялар ұйымдастыру, техникалық мектептер ашу және т. с. мәселелер туралы (9-бет) көпірме сөздерді кездестіреміз. Бұл сөздер кітапта көп рет қайталаанады. «Кәсіпшіліктің экономикасын майдагерлерге ақша түсетіндей етіп ұйымдастыру керек; тоқетерін айтқанда, майдагерді кулактан кұтқару керек» (119). «Біздің заманымыздың міндеті» — «кредит арқылы майдагерлік эмансипация» жасау және т. т. (267). «Айырбас процестерін рационалдандыру қажет», «шаруалардың егін шаруашылығына кредиттің, айырбастың және өндірістің рационалдық негіздерін енгізу туралы» (362) қам жасау керек, «еңбекті экономикалық жолмен ұйымдастыру» (sic!! 363-бет), «халық шаруашылығын рационалдық жолмен кұру» қажет, т. т., т. с. Көріп отырсыздар, бұл санақ мәліметтеріне жапсырылған халықшылдық ішірткі. «Очеркті» жазушылар, өзде-

рінің халықшылдыққа сенімін біржола ақтағансып, жалпы ақша шаруашылығын айыптауды ұмытпаған; олар: қолөнер кәсібі «өзіндік шаруашылықтың ақша шаруашылығына айналып кетпеу мүмкіншілігін қамтамасыз ету арқылы халық шаруашылығына зор еңбек сіңіреді», деп үйретеді оқушыға. «Халық шаруашылығының нағыз мүдделері — оның өзі өндіріп шығарған шикізатының, мүмкін қадерінше, айырбас процесіне ақшаның қатысуысыз, сол жердің өзінде ұқсатылып, өнделуін талап етеді» (360-бет).

Халықшылдық программа мұнда барынша толық және ашық айтылған, одан да артығырақ тілек қоюға ешбір орын қалдырмаған! Біз: «халықшылдық программа» дедік; өйткені біздің көңлімізді аударып отырған нәрсе «Очеркті» жазушылардың басқа халықшылдардан айырмашылығы емес, қайта, олардың бәріне бірдей ортақ болып отырған нәрсе. Біздің көңлімізді аударып отырған нәрсе жалпы майдагерлік кәсіпшіліктер жөніндегі халықшылдық практикалық программа. Бұл программаның негізгі белгілері «Очеркте» айқын көрсетілгендігін көру оңай: 1) ақша шаруашылығын айыптау және өзіндік шаруашылық пен жабайы қолөнер кәсібін жақтау; 2) шаруаның ұсақ өндірісін сүйемелдеу үшін кредит беру, техниканы дамыту және т. б. шаралар қолдану; 3) қожайындар мен қожайынсымақтардың араларында түрлі бірлестіктер мен одақтарды — шикізат, склад, ссуда, кредит және өндіріс серіктіктерін көбейту; 4) «еңбек ұйымдастыру» — бұл халықшылдық неше алуан ізгі тілектерде көп тараған сөз. Ал енді осы программаны көрелік.

Ең алдымен ақша шаруашылығын айыптауды алатын болсақ, онда өнеркәсіп жөнінде бұл айыптау мейлінше платондық сыйпатта айтылған. Тіпті Пермь губерниясының өзінде қолөнер кәсібін товар өндірісі көп жер кейінге ығыстырып тастады, сондықтан ол мүлде аянышты халде тұр; ал біз нақ сол «Очерктің» өзінен: «майдагерді тәуелдіктен құтқару» керек, атап айтқанда, «қаржы тауып, жергілікті тұтыну заттары жөнінде болатын тілектің шегінен тыс жерде бұйым өткізетін ауданның көлемін кеңейту арқылы» (33-бет) қолөнершінің заказ беруші-тұтынушыға тәуелділігін жою керек дегенді

оқыймыз. Басқа сөздермен айтқанда: ақша шаруашылығын теория жүзінде айыптау, ал практика жүзінде қолөнер кәсібін товар шаруашылығына айналдыруға тырысу! Бұл қайшылықтар да «Очерктің» тек қана өзіне тән хасиет емес, бүкіл халықшылдық жобаларға тән нәрсе: олар товар (ақша) шаруашылығына қарсы қаншама сірессе де, есіктен қуып шығарылған шындық төрезеден қайта кіреді, сондықтан олардың өздері қуаттап жүрген шаралары нақ сол товар шаруашылығын дамытады. Мысал — кредит. Өздерінің жоспарларында және қойып отырған тілектерінде халықшылдар товар шаруашылығын жойып отырған жоқ. Мысалы, ұсынылып отырған реформалар товар шаруашылығына негізделмеу керек деп «Очерк» ешнәрсе айтпайды. Қайта, ол тек *айырбастың* рационалдық негіздерінің болуын, *айырбасты* кооперативтік жолмен ұйымдастыруды тілейді. Товар шаруашылығы қалады, бірақ ол тек *рационалдық* негіздерде реформалануы керек. Ең ірі пікір иесілердің ескі экономикалық әдебиетіндегі утопия, тіпті де жаңалық нәрсе емес. Бұл утопияның теориялық жағынан негізсіздігі алдақашан-ақ ашылған болатын, сондықтан бұл мәселеге тоқталып жатуға тура келмейді. Экономиканы «рационалдандырудың» қажеттігі туралы сорақы бос сөздер айтудың орнына — *шын* экономика жөніндегі, тағдырларын біздің халықшылдар бюрократтықпен жеңіл-желпі үстіртін шеше салғысы келетін, мейлінше әралуан, кұрамы әр түрлі болып отырған «майдагерлер» бұқарасының қоғамдық-экономикалық шын қатнастары туралы ең алдымен өздерінің ұғымдарын «рационалдандырған» жөн емес пе? «Еңбек ұйымдастыру» және т. с. жөніндегі «таза» идеясымақтардың рецептілері бойынша деп, халықшылдардың ойдан шығарған практикалық шараларының іс жүзінде тек «шаруашыл мужикке», ұсақ фабрикантқа не болмаса алыпсатарға, жалпы айтқанда барлық ұсақ буржуазияның өкілдеріне көрсетілген көмек екенін шындық бізге бастан-аяқ көрсетіп отырған жоқ па? Бұл тіпті де кездейсоқтық нәрсе емес, жетілмегендіктің де немесе кейбір шаралардың сәтсіздігінің де нәтижесі емес. Мұның керісінше, ұсақ буржуа товар шаруашылығының жалпы негізі бойынша кредитті де, складтарды да, банктерді де, техникалық советтер-

ді де тағы басқаларды да бәрінен бұрын және басқалардың бәрінен де көп пайдаланады.

Ал, егер олай болатын болса, — дейді бізге, — егер халықшылдар өздерінің практикалық шараларында, білмегендіктен, өз еркіне қарсы, ұсақ буржуазияның дамуына қызмет етіп отырған болса, демек, жалпы капитализмнің дамуына қызмет етіп отырған болса, онда, принцип жағынан капитализмнің дамуын прогрестік процесс деп мойындап отырған адамдардың халықшылдардың программаларына шабуыл жасауының не қажеті бар? Хателігі үшін, не болмаса — жұмсағырақ айтқанда — идеологиялық жолдарының таластығы үшін, іс жүзінде пайдалы программаларға шабуыл жасау жөн бола ма, өйткені техникалық білімнің, кредиттің, өндірушілердің арасындағы одақтар мен бірлестіктердің «пайдасын» ешкім теріске шығара алмайды ғой?

Бұл қарсылық әдейі ойдан шығарылып отырылған нәрсе емес. Олар халықшылдыққа қарсы айтысқа берілген жауапта әрдайым әртүрлі болып, кейде бір мәселе жөнінде болса, кейде екінші мәселе жөнінде үнемі естіліп тұрады. Біз бұл арада, ондай қарсылықтардың, тіпті олар орынды айтылған қарсылықтар бола қойған күнде де, ұсақ буржуазиялық қыяли жобаларды аса дәріптелген әлеуметтік ем көрсетудің бір өзі-ақ орасан зор қоғамдық зыян келтіретінін титтей де теріске шығара алмайтындығын сөз қылмай-ақ қоямыз. Біз мәселені қазіргі заманның таяудағы және ең қажетті мұқтаждарының практикалық негізіне байланыстырып қойғымыз келеді, осы, әдейі тартылып алған тұрғыдан қарап, халықшылдық программаға баға бергіміз келеді.

Халықшылдық шаралардың көбі капитализмнің дамуына қызмет етіп, іс жүзінде пайда келтіре тұрса да, бұл шаралар жалпы және тұтас алып қарағанда: 1) мейлінше тыңғылықсыз, 2) тұрмысқа жанасымсыз — доктринерлік және 3) біздің өнеркәсібіміздің алдына дамып бара жатқан капитализм қойып отырған шын міндеттермен салыстырғанда ұсақ шаралар болып шығып отыр. Осыны түсіндіреміз. Біз, 1-шіден, халықшылдардың практикалық адамдар ретінде тыңғылықсыз екендігін көрсеттік. Жоғарыда көрсетілген

шаралармен қатар, — бұл шаралар әдетте либералдық экономикалық саясатты сыйпаттайды, бұл шаралар әрқашан да Батыстағы буржуазия көсемсымақтарының туына жазылған болатын, — халықшылдар осы экономикалық дамуға, капитализмнің прогресіне кедергі жасау жөніндегі ниетін айла-шарығымен сақтағысы келеді, ірі өндіріспен күресте әбден қалжырап отырған ұсақ өндірісті қолдағысы келеді. Олар жерді дұрыс пайдалану бостандығына, бір орыннан екінші орынға көшіп-қону бостандығына қысымшылық жасайтын, шаруалардың сословиелік томаға-тұйықтығын және тағы сол сыяқтыларды сақтап қалатын заңдар мен тәртіптерді қорғайды. Ендеше, капитализмнің және ірі өнеркәсіптің дамуың *тоқтатқандай* ақылға сыйымды дәлел бар ма?! — деген сұрақ туады. Біз, санақ мәліметтерінен майдагерлердің атышулы «дербестігінің» сауда капиталына бағынышты болудан, қанаудың ең қатаң түріне түсуден құтқарудың кепілі бола алмайтындығын; *іс жүзінде* осы «дербес» майдагерлердің орасан көпшілігінің халі көбінесе майдагерлерде істейтін жалдама жұмысшылардың халінен анағұрлым ауыр екендігін; олардың жалақысының адам айтқысыз аз екенін; еңбек жағдайлары (тазалық жағынан және жұмыс күнінің ұзақтығы жағынан алып қарағанда) мүлде нашар екенін; өндірістерінің бытыраңқы, техника жағынан анайы және мешеу екендігін көрдік. Ендеше, «жермен байланысты» нығайта түсетін, бұл байланысты үзуге тыйым салатын, халықшылдарды әлділейтін*, — полицейлік заңдарды қорғағандай қандай да болса бір ақылға сыйымды дәлел бар ма? — деген сұрақ туады. 1894/95 жылдары Пермь губерниясында жүргізілген «майдагерлік санақтың» мәліметтерін шаруаларды жерге қолдан таңудың мейлінше мағнасыз нәрсе

* «Очерк» қауымның пайдалы екендігі туралы да, жерді «дұрыс пайдалану бостандығының» залалды екендігі туралы да қыза сөйлейді, «жерді дұрыс пайдалану бостандығы» «пролетариаттың» пайда болуына әкеліп соққан болар еді дегенді де айтып қояды (6-бет). Қауымға жерді дұрыс пайдалану бостандығын осылай қарама-қарсы қоюдың өзі «қауымның» мейлінше реакцияшылығын және оның залалды белгілерін айқын көрсетеді. Жылына 33 және 50 сом жалақы ала тұрса да, қайыршының қатарына жатқызылмаған «пролетарийді» ең болмағанда бір капиталистік елден іздеп табуға болар ма екен, білер ме еді осыны?

екендігін айқын дәлелдеп отыр. Бүйтіп жерге таңушылық тек олардың табыстарын төмендетеді, — «жерге байланысты» болып отырған олардың табыстары егінші еместердің табыстарынан екі есе төмен болып шығып отыр, бүйтіп жерге таңушылық, олардың тұрмыс дәрежесін төмендетеді, деревняларға тарап отырған өндірушілердің ұсақталуын, бытыраңқылығын күшейтеді, олар әрбір алыпсатардың және мастерсымақтардың алдында дәрменсіз болып қала береді. Сонымен қатар жерге таңушылық егіншіліктің дамуына кедергі жасайды, өйткені ол селолық ұсақ буржуазия табының пайда болуына кедергі жасай алмайды. Халықшылдар: капитализмнің дамуын тоқтату керек пе, әлде тоқтатпау керек пе? — деп мәселе қоюдан ат-тонын ала қашады. Олар «Отан үшін басқа жолдардың мүмкіндігі» туралы пікір айтуды артық көреді. Бірақ, әңгіме таяудағы практикалық шаралар туралы болып отырғандықтан, қайраткердің қай-қайсысы болса да *осы жолдың* негізіне табан тірейді*. Отанды басқа жолға «сүйреп» шығару үшін, тілегеніңізді істеңіз! Бірақ мұндай әрекеттен (күлкіден басқа) ешнәрсе шықпайды. Бірақ сол дамуды әдейі *тоқтататын* нәрсені қорғамаңыз, ал «басқа жол туралы» бос сөзбен осы жолдың алдындағы кедергілерді жою жөніндегі мәселелерді басып тастамаңыз.

Халықшылдардың практикалық программасына баға берерде еске алатын жағдай мына төмендегі. Халықшылдар өздерінің тілектерін неғұрлым дерексіз етіп тұжырымдауға, оларды белгілі мүдделері бар нақтылы таптардың нақтылы мұқтаждарына байланыстырмай, — «таза» ғылымның, «таза» әділеттіктің абстрактылы, дерексіз талаптары етіп ұсынуға тырысатындығын көрдік. Кредитті — капиталистік қоғамдағы әрбір қожайынның және қожайынсымақтың ең қажетті тілегін, — халықшыл еңбек ұйымдастыру системасындағы бір элемент етіп көрсетеді; қожайындардың арасындағы одақтар мен бірлестіктерде кооперативтендіру жөніндегі жалпы идеяның, «майдагерлерді эмансипациялау» идеясының, тағы

* Ал бұл жол капитализм дамуының жолы, біздің білуімізше, мұны халықшылдардың өздері де теріс демейді, Н. — он мырза да, В. В. мырза да, Южаков мырза да және т. б. мырзалар да мұны бекер деген жоқ.

басқа сол сыяқтылардың іске асуының бастамасы етіп көрсетеді; ал шынында, мұндай одақтардың көздейтіні ондай жоғарғы дәрежелі материалмен ешқандай қатысының жоқ екенін, тек осы қожайынсымақтардың табысының мөлшеріне, олардың хал-жағдайларын нығайтуға, алатын пайдасын көбейтуге байланысты мақсаттарды көздейтінін жұрттың бәрі біледі. Осы толып жатқан буржуазиялық және ұсақ буржуазиялық тілектерді барлық дертке дауа боларлық қайдағыбір бір әлеуметтік ішірткіге айналдыру — тек осы тілектердің өздерін *әлсіретеді*, олардың тұрмысқа жанасымдылығының, тіршілікке қажеттілігінің және іс жүзіне асырымдылығының кепілін жояды. Әрбір қожайын, әрбір алыпсатар, әрбір саудагер үшін ең қажет мәселелерді (кредит, одақтар, техникалық жәрдем) халықшыл жеке мүдделерден жоғары тұрған жалпы мәселе етіп қоюға күш салады. Осы арқылы мәселелердің маңызын күшейтіп, жоғары дәрежеге көтеріп отырмын деп, халықшыл өзінше әлдеқандай болады, — ал шынында ол, халықтың белгілі топтарының *көңлін аударып отырған нақтылы* істі филистерлік тілекке, кабинеттік ақылпаздыққа, «пайдалылығы туралы» бюрократтық «пікірге» айналдырады. Мұнымен үшінші жағдай да тікелей байланысты. Кредит, артель, техникалық кұралдар, тағы басқа сол сыяқты практикалық шаралардың дамып келе жатқан капитализмнің тілектерін көрсететіндігін түсінбегендіктен, халықшыл ондай дамудың жалпы және негізгі тілектерін айтып бере алмайды; сөйтіп мұны кездейсоқ алынған, жарым-жарты шаралармен, өздерін жекелеп алғанда ешқандай елеулі әсер ете алмайтын, сөзсіз сәтсіздікке ұшырайтын шаралармен ауыстырады. Егер халықшыл қоғамның капиталистік жолмен даму тілектерін жақтаушының тұрғысына ашықтан-ашық және тыңғылықты түрде көшкен болса, онда ол бұл дамудың *жалпы жағдайларын, жалпы талаптарын* аңғарған болар еді, онда ол, осы жалпы жағдайлар болып тұрғанда, (нақ бұл ретте бізге ең керегі — өнеркәсіп бостандығы) оның өзінің ұсақ жобалары мен ұсақ шаралары өзінен өзі-ақ жүзеге асатындығын, яғни осы шараларды керек ететін адамдардың өздерінің-ақ әрекеттерімен жүзеге асатындығын ол көрген болар еді, бұл жалпы жағдайларды елемеу, тек жай жеке сыйпат-

ты практикалық шараларды ұсыну бос әуре екендігін көрген болар еді. Мысал үшін өнеркәсіптің бостандығы туралы осы мәселеге тоқталалық. Бір жағынан, бұл өнеркәсіп саясаты мәселелерінің ішіндегі ең жалпы және ең негізгі мәселе, сондықтан бұл мәселені тексеріп өту өте-мөте орынды. Екінші жағынан, Пермь өлкесінің өзгешеліктері бұл мәселенің өте күрделі мәселе екендігін тамаша түрде дәлелдеп отыр.

Бұл өлкенің экономикалық өмірінің ең басты түрі тау-кен заводтарының өнеркәсібі екендігі мәлім, бұл өнеркәсіп өлкеге өзінің ерекше таңбасын салып отыр. Бұл өлкені отарлау тарихы да, осы күнгі жағдайы да Уралдың тау-кен өнеркәсібінің жағдайы мен мүддесіне байланысты. «Жалпы айтқанда, шаруалар Уралға қоныстандырылғанда завод иелеріне жұмыс істеу мақсатымен қоныстандырылған», — мұны біз Н.-Сергий заводының обывателі Бабушкиннің хатынан оқып отырмыз, бұл хат «Майдагерлік кәсіпті зерттеу комиссиясының еңбектерінде»* келтірілген. Міне осы ешбір астарсыз айтылып отырған сөздер өлке өмірінде завод иелерінің алып отырған орнының зор екендігін тіпті дұрыс көрсетеді; осы сөздер бұлардың әрі помещик, әрі заводшы екендігін, бірыңғай өздері болып шексіз үстемдік етуге әдеттенгендігін, өздерінің өнеркәсібін капиталға және бәсекеге емес, иелік правосына негіздеп кұруға, монополистердің жағдайына әдеттенгендігін өте дұрыс көрсетіп отыр. Уралдың тау-кен заводтары өнеркәсібінің монополиялық негізі заңдар жыйнағының VII томындағы (тау уставы), белгілі 394-статьяда көрсетілген, — Урал туралы әдебиетте бұл статья жайында көп айтылған және айтылып та жүр. Бұл, 1806 жылы шыққан заң, 1-ден, қандай фабрикаларды болсын ашуда тау қалаларының тау-кен бастықтарынан рұхсат алуды талап етеді, ал 2-ден, заводтарға қарасты жерлерде «Барлық негізгі өндірістері көмір және ағаш отынды керек ететін, от күшімен жүргізілетін мануфактуралар мен фабрикаларды» ашуға рұхсат етпейді. Уралдың тау-кен заводшылары 1861 жылы осы тәрзіді

* XVI басылуы, 594 — 595-беттер. Цитата «Майдагерлік өнеркәсіп» деген кітапта келтірілген. I том, 140-бет.

заңды шаруаларды азат ету шарттарына да енгізу үшін ерекше күш салды, сондықтан тау-кен заводтарының мастерлері туралы қағыйданың 11-статьясы да сол сыяқты тыйым салуды қайталап отыр*. Майдагерлік-өнеркәсіптік банктің басқармасының 1895 жылғы есебінде былай делінген: «Алайда тау-кен ведомстволары қызметкерлерінің, посессиондық завод иелерінің өздеріне қарасты жердің шеңберінде от күшімен жүргізілетін өндіріс орындарын *ашу* үшін рұхсат бермеуі жөнінде және металл өңдеу кәсіпшіліктерінің өндірісіне түрлі қысымдар жасауы жөнінде шағымдар жиі түсіп отырады» («Очерк», 223-бет). Сонымен, «ардақты ескі заманның» мызғымас дәстүрлерін Урал осы күнге дейін сақтап отыр, ал бұл арада ұсақ шаруа өнеркәсібіне көзқарас заводтарды сол жерге бекілген заводтың жұмысшы халқымен қамтамасыз етіп отырған «еңбек ұйымдастыруымен» сайма-сай болып отыр. Бұл дәстүрлер «Пермь губерниясының Ведомстволарының» 1896 жылғы № 183 нің келесі хабарында айқын сыйпатталған. Бұл хабар «Очеркте» келтірілген және «салмақты хабар» деп дұрыс айтылған. Ол мынау: «Жер және мемлекеттік мүліктер министрлігі Уралдың тау-кен өнеркәсіпшілеріне тау-кен заводтарының Уралда майдагерлік кәсіпшіліктерді дамытуға шаралар қолдануының мүмкіншілігі туралы мәселені талқылауды тапсырды. Тау-кен өнеркәсіпшілері министерствоға былай деп жауап қайырды: Уралда майдагерлік өнеркәсіптің дамып өріс алуы ірі өнеркә-

* Қараңыз: «Майдагерлік өнеркәсіп», I том, 18—19-беттері, — «Очерктін» 222, 223, 224-беттері. «Майдагерлік кәсіпшілік жөніндегі есептер және зерттеулер», бастырған мемлекеттік мүлік және жер министрлігі, III томдағы Егуновтың мақаласы. Егуновтың мақаласын баса отырып, министрлік өзінің ескертуінде автордың пікірлері «тау-кен ведомствосының көзқарастары мен оның қолындағы мәліметтерге негізінен қайшы» деп көрсете кетеді. — Красноуфим уезінде, мысалы, жоғарыда айтылған заңдар бойынша, 400ге жақын темір дүкені жабылған. — Салыстыр: «Майдагерлік кәсіпшілікті зерттеу комиссиясының еңбектері», XVI басылуы және В. Д. Беловтың «Тау-кен заводы жұмысына байланысты Уралдың майдагерлік өнеркәсібі» деген мақаласы. Автор былай дейді: майдагерлер, қатал заңдардан қорқып, өздерінің машиналарын жасырып тастаған. Бір майдагер жасыруға оңай болсын деп, шойын қорытатын пешін арбаның *дөңгелегіне орнатты!* (цитата келтірілген мақаланың 18-беті).

сіпке зиян, өйткені, қазірдің өзінде де, Уралда майдагерлік кәсіпшіліктің нашар дамып тұрған кезінде де мұндағы халық заводтарға керек жұмысшыларды жетістіріп бере алмай отыр*; егер халық үйінде жатып табыс табатын болса, заводтардың тіпті жұмыссыз қалу қаупі бар» («Очерк», 244-бет). Бұл хабардан кейін «Очерк» жазушылар былай деп лепірді: «Әлбетте, қандай өнеркәсіптің болса да, ірі, орта және ұсақ, өнеркәсіптің болса да, ең бірінші, ең қажетті шарты — өнеркәсіп бостандығы. Өнеркәсіптің бостандығы үшін оның барлық салалары заң жүзінде тең праволы болулары керек... Уралдағы металл бұйымдарын жасайтын майдагерлік кәсіпшіліктер олардың табиғи дамуын тежеу мақсатымен заводтық бағындырушылық тудырған төтенше қысымдардың қай-қайсысынан болса да кұтылуы керек» (ibid. Курсив біздікі). «Өнеркәсіптің бостандығын» қорғау жөнінде бойды тебіrentкен және әбден дұрыс айтылған осы тираданы оқығанда: маған берген арқаның не нәрсе, арқан емес «әшейін-жай жіп қой!» — деп, кұдықтан тез арада шыға қоймаған метафизик жөніндегі бір мысалды еске түсіреді. Ал енді Пермь халықшылдары өнеркәсіптің бостандығы жөнінде, капитализмнің даму бостандығы жөнінде, бәсеке бостандығы жөнінде бостандық деген не нәрсе деп сұрақ қояды да — әшейін-жай буржуазиялық талап қой! деп жауап береді. Олар өздерінің тілектерінде анағұрлым асқақтап кетеді; олар бәсеке бостандығын емес (не деген кұнсыз, не деген өріссіз, буржуазиялық тілек десенізші!), «еңбек ұйымдастыру бостандығын» тілейді... Бірақ осы маниловшылдық қыялдар бояуы жоқ дағдылы жай шындықпен «бетпе-бет» кездесе кетсе, онда — бұл шындықтан салған жерден-ақ «еңбек ұйымдастырудың» иісі мұңк ете түседі, — «еңбек ұйымдастыру» болғанда, халықшыл тіпті капитализмнің «зиян-

* Оқушыға түсіндіре кетелік, біздің тау-кен завод өнеркәсібінің санағы Оңтүстік ауданмен не болмаса Польшадағы тау-кен ауданымен салыстырғанда, Уралдағы өндірісте жұмыс істейтін жұмысшылардың саны олардың өндіріп шығаратын продуктыларының мөлшерінен өте көп екендігін әлдеқашан талай рет көрсеткен болатын. Жалақының төмендегі — жұмысшыларды жерге таңып ұстаудың нәтижесі — оңтүстікке және Польшаға қарағанда, Уралды техника жағынан өте артта қалдырып отыр.

дығын», оның «хауіптілігін», «Отан үшін басқа жолдардың мүмкіндігінің» бәрін ұмытып, «*өнеркәсіп бостандығы*» туралы жар сала бастайтын, «еңбек ұйымдастырудың» иісі аңқыды.

Қайталап айталық, біз бұл тілекті өте-мөте дұрыс тілек деп санаймыз және бұл сыяқты көзқарас (бұл көзқарасты «Очерк» қана емес, тіпті осы мәселе туралы жазған авторлардың бәрі де дерлік жақтап отырған көзқарас) халықшылдар үшін үлкен абырой. Бірақ... — Не істе дейсіз! «Бірақ» деп үлкен шек қоймайынша халықшылдарды мақтауға тіпті болмайды, — алайда бұл жөнінде мәнді екі пікір айтқымыз келеді.

Бірінші. Халықшылдардың орасан көпшілігі «*өнеркәсіп бостандығы*» мен «капитализм бостандығының» бір-бірінен ешқандай айырмашылығы жоқ деуіміздің дұрыстығын сондайлық жек көретіндігіне күман келтіруге болмайды. Олар: монополияны және крепостнойлық правоның қалдықтарын жою «тек қана» тең праволылықты, капитализмнің емес, «бүкіл» халық шаруашылығының, әсіресе шаруалар шаруашылығының мүддесін талап етеді—дейді. Халықшылдардың осыны айтатынын біз білеміз. Бірақ бұлай деу дұрыс болмайды. «*Өнеркәсіп бостандығына*», «адамның» негізгі және табиғи «правосы» деп («Очерктегі» асты сызылған сөзді салыстырыңыз) идеалистік-абстракт түрде қарау басталғаннан бері, міне жүз жылдан асты. «*Өнеркәсіп бостандығы*» деген талап және бұл талаптың іске асырылуы сол кезден бері бірнеше елдерді аралап шықты, ал қай жерде болса да, бұл талап, өсіп бара жатқан капитализмнің монополия қалдықтарымен және бағындырушылықпен сәйкеспейтіндігінің көрсеткіші болды, ол талап қай жерде болса да алдыңғы қатарлы буржуазияның ұраны болды, ол талап қай жерде болса да тек капитализмнің толық жеңіп шығуына бастап әкелді. Теория сол кезден бастап: «*өнеркәсіп бостандығы*» деген «таза сананың» талабы, дерексіз «теңправолылықтың» қойып отырған талабы деушіліктің барып тұрған аңқаулық екенін толық ұғындырды, ал сонымен қатар өнеркәсіп бостандығы туралы мәселенің капиталистік мәселе екендігін көрсетті. «*Өнеркәсіп бостандығын*» жүзеге асыру тіпті де «заң жүзіндегі» өзгеріс емес; бұл — экономикалық орасан зор реформа. «*Өнер-*

кәсіп бостандығының» талабы қашанда болса (дәуірі өткен өндіріс қатнастарын көрсететін), заңда көрсетілген мөлшер мен өндірістік жаңа қатнастардың арасындағы сәйкессіздікті көрсетеді, бұл өндірістік жаңа қатнастар ескі мөлшерлерге қарамастан, солардың ішінен өсіп-өніп, енді сол ескі мөлшерлердің жойылуын талап етіп отыр. Егер Урал тәртіптері қазір «өнеркәсіп бостандығы» туралы ұран шақырып отырған болса, онда бұл, помещик-завод иелерінің пайдасын көздеп, мұра есебінде алынған бағындырушылықтардың, монополиялардың және артықшылықтардың қазіргі шаруашылық қатнастарды, қазіргі экономикалық күштерді қыспаққа салып отырғандығын көрсетеді. Бұл қатнастар мен күштер қандай? Бұл — товар шаруашылығының қатнастары. Бұл күштер — товар шаруашылығына басшылық етіп отырған капиталдың күштері. Ең болмаса жоғарыда цитатаға алынған, Пермь халықшылығының «мойындауын» еске түсіріңіз, онда: «біздің барлық майдагерлік өнеркәсібіміз жеке капиталдардың уысында» делінген. Тіпті бүйтіп мойындамаған күнде де, майдагерлер санағының мәліметтері мұны мейлінше толық көрсетіп отыр.

Екінші пікір. Біз халықшылдардың өнеркәсіп бостандығын қорғауын құттықтаймыз. Бірақ біз бұл құттықтауды ондай қорғаушылықтың тыңғылықты түрде жүзеге асырылуына байланысты етіп қоямыз. Бірақ «өнеркәсіп бостандығы» Уралдағы от күшімен жүргізілетін өндіріс орындарын ашуға тыйым салуды жою ісіне ғана байланысты ма екен? Өз еріктерімен қауымнан шығып кетуге шаруалардың правосының жоқтығы, өзі қалаған кәсіпшілікпен не болмаса өзі қалаған іспен шұғылдануға праволарының жоқтығы, осының бәрі де «өнеркәсіп бостандығына» анағұрлым елеулі тежеу салып отырған нәрсе емес пе екен? Еркінше көшіп-кону бостандығының жоқтығы, әрбір азаматтың мемлекет шегіндегі қалалық не селолық қауымды өз қалауымен мекендеуіне заңның қарсы болуы өнеркәсіп бостандығына тежеу салып отырған жоқ па екен? Шаруалар қауымының сословиелік томаға-тұйықтығы, бұл қауымға сауда-өнеркәсіп табының өкілдеріне кіру мүмкіндігінің жоқтығы өнеркәсіп бостандығына тежеу салып отырған жоқ па екен? және т. т. Біз өнеркәсіпке салынған қысымның бүкіл Россияға,

әсіресе барлық шаруалар бұқарасына өзінің әсерін көбірек тигізіп отырған анағұрлым маңызды, анағұрлым жалпы және анағұрлым көп таралған түрлерін атадық. Егер «ірі, орта және ұсақ» өнеркәсіп тең праволы болуға тиісті болатын болса, алдыңғы екеуі пайдаланып отырған жер алу правосын өнеркәсіптің үшінші түрі алуына болмай ма екен? Егер де Уралдағы тау заводтары «табиғи дамуға тежеу салатын айрықша тұсау» болып табылатын болса, онда айнала кепілдік, үлесті жерін сатуға, беріп кетуге рұхсат етпеу, басқа жерге ауысып қоныстану, кәсіпшіліктер және кәсіптер туралы сословиелік заңдар мен ережелер — «айрықша тұсаулар» болып саналмай ма екен? Бұлар, «табиғи дамуға тежеу» салмай ма екен?

Халықшылдар бұл мәселе жөнінде де барлық Kleinbürger-лік* идеологияға тән екі жақтылықты, екіжүзділікті көрсетіп отыр, мәселе міне осында болып тұр. Біржағынан, халықшылдар біздің күнделікті өмірімізде «еңбек ұйымдастырудың» удельщина заманында шыққан және қазіргі заманғы экономикалық құрылысқа, еліміздің барлық шаруашылық және мәдени дамуына мейлінше қайшы келіп отырған толып жатқан қалдықтарының бар екенін теріске шығармайды. Екінші жағынан, олар осы экономикалық құрылыстың, осы дамудың ұсақ өндірушіні құртып жіберу хаупін туғызып отырғандығын көрмей тұра алмайды, сондықтан халықшылдар өздерінің «идеалдарының» осы тірегінің тағдірі не болар екен деп қорқып тарихты кідіртуге, дамуды тоқтатуға тырысады, «тыйым салу керек», «рұхсат етпеу керек» деп жалбарынады және осындай реакцияшыл бишара далбасаны «еңбек ұйымдастыру» туралы бос сөздермен бүркемелдейді, — ал бұл сөздер тек күлкіні ғана келтіреді.

Әрине, қазіргі замандағы өнеркәсіп мәселелері туралы, *практика жүзіндегі* халықшылдық программаға қарсы біздің айтатын басты және негізгі дәлелдеріміз қандай болатыны оқушыларға енді әбден айқын. Халықшылдардың шаралары, Адам Смиттің уақытынан бері қарай *өнеркәсіп бостандығы* (сөздің кең мағынасында айтқан-

* — ұсақ буржуазияшылдық. Ред.

да) деп аталып келе жатқан, қайта кұрудың бір тарауы болғандықтан немесе сонымен сәйкестеніп жатқандықтан бұл шаралар прогрессивтік шаралар болып саналады. Бірақ, бұлай болған күнде, 1-ден, бұл шараларда «халықшылдық» ешнәрсе қалмайды, әдейі ұсақ өндірісті қуаттайтын ешнәрсе қалмайды, отан үшін «ерекше жолдар» да қалмайды. 2-шіден, халықшылдық программаның осы дұрыс жақтары, өнеркәсіп бостандығы жөніндегі жалпы және негізгі мәселенің орнына, жеке және ұсақ жобалар мен шараларды қойғыштаудың салдарынан әлсіреп, бұрмаланып отыр. Халықшылдық тілектер, қазіргі заманғы дамуды кідіртпек болып, өнеркәсіп бостандығына қарсы келетін болғандықтан, реакцияшыл, тілектер, мағнасыз тілектер, сондықтан бұларды жүзеге асыру залалдан басқаға соқтырмайды. Мысалдар келтірейік. Кредит. Кредит дегеніміз анағұрлым дамыған товар айналысының, анағұрлым дамыған азаматтық обороттың тәртіптері. «Өнеркәсіп бостандығын» жүзеге асыру, коммерциялық іс ретінде, кредит мекемелерінің кұрылуына соқтырмай, шаруалардың сословиелік томаға-тұйықтығын жоймай, бұларды кредитпен анағұрлым көп пайдаланатын таптармен жақындастырмай, тиісті адамдардың өздігінше бірлесіп кредиттік қауымдар, тағысын сондайлар ашуына әкеліп соқтырмай қоймайды. Заңдар мен мекемелер шаруаларды, товар айналысының дұрыс жүруіне және дамуына жол бермейтін жағдайда, — мүлтік жауапкерліктен гөрі (кредиттің негізі)... жұмыспен өтеу бұлар үшін анағұрлым оңай, жүзеге асқыш, қолдан келетін және көбірек қолданылатын жағдайда ұстап отырғанда, земствошының және басқа да «интеллигенцияның» «мұжықтарға» қолқалап ұсынып отырған кредиттік шараларының қандайлық маңызы болмақ! Мұндай жағдайларда, қашан да болсын, кредиттік шаралар шеттен келтіріліп, қолайсыз топыраққа егілген, бұратана, жат өсімдік болып қала бермек, мұндай жағдайларда кредиттік шаралар нағыз ақша капиталының саудагерлері мазақ етіп келген, мұнан да былай мазақ ететін тек қыялшыл интеллигент — Маниловтар мен ізгі тілекті чиновниктерден ғана туатын — іштен өлі туған түсік болып қала бермек. Дәлелсіз болмас үшін, Егуновтың пікірін келтіріп өтейік (цитата келтірілген мақала), ол «мате-

риализмді» жақтайды деп... ешкім де күмандана қоймас... Майдагерлік складтар туралы ол былай дейді: «ең қолайлы жергілікті жағдайдың өзінде де, бір жерден табжылмайтын және бүкіл уезге бір өзі болып отырған склад, өз құлқынының қамын ойлап, үнемі кезумен жүретін саудагердің орнын ешуақытта да баса алмайды». Пермьдегі майдагерлер банкі туралы біз онан мынаны оқыймыз: ссуда алу үшін майдагер банкке, не болмаса банктің агентіне арыз беруі керек және кепіл болатын адамдарын көрсетуі керек. Одан соң агент келіп майдагердің арызын тексереді, майдагердің өндірісі жөнінде толық мәліметтер, тағы басқа сол сыяқты керек ақпарлар жыйнайды, «сөйтіп осы ума-жума қағаздың бәрін майдагердің есебінен банктің басқармасына жібереді». Ссуда алуға рұхсат еткеннен кейін, банк (өзінің агенті немесе болыстық басқарма арқылы) майдагерге қарыз міндеттемесін жібереді. Онсоң қарыз алушы қарыз міндеттемесіне қол қойып (қолын болыстық бастық арқылы құаландырып) банкке жібергенде ғана, — банк оған ақша жібереді. Егер ссуданы алатын артель болса, онда серіктестік шарттың көшірмесі болуы керек. Агенттер, қарыз алған адамдардың істері кері кетпес үшін, тағысын тағылар үшін, ссуда не нәрсеге берілген болса, сол нәрсеге жұмсалуды бақылап отыруға тиіс. Банктің беретін кредитін майдагерлердің қолы *жететін нәрсе* екен деп тануға тіпті болмайтындығы — анық нәрсе; барлық жоғарыда айтылған сергелдеңге түскеннен гөрі, почтаға, нотариалық және болыстық шығындарды өтеп жүргеннен гөрі, ссуда керек болған күннен бастап сол ссуда алынған күнге дейін, айлар бойы сарғайып күткеннен гөрі және ссуданың мерзімі біткенге дейін бақылауда болып отырғаннан гөрі — майдагер кредитті жергілікті байлардан іздеуді анағұрлым артық көретіндігін кәміл сеніп айтуға болады» (170-бет, цитата келтірілген мақала). Капитализмге қарсы қайдағыбір кредит туралы халықшылдық пікір қаншалықты сөкет болса, «интеллигенттердің» және чиновниктердің күшімен, барлық жерде де саудагерлердің нағыз өз жұмысы болып отырған жұмысты (түкке тұрғысыз шаралармен) істеп шығамын деушілік соншалықты өрескел, соншалықты ретсіз және пайдасыз жұмыс. — Техникалық білім. Бұл туралы

тіпті сөз қозғамасақ та болатын тәрізді... Әлде «мәңгі-бақы дұға қылып жүруге» тұрарлық біздің прогресшіл белгілі жазушымыз Южаков мырзаның жобасын ескө түсіріп өтсек те болар. Бұл жобада ол бүкіл Россия көлемінде егіншілік ғылымын үйрететін гимназиялар ашуды ұсынған; мұнда қаражаттары жоқ шаруалар мен шаруа әйелдер, мысалы, ас пісіруші болып және кір жуу* жұмыстарын істеп, өздерінің оқу ақысын өтейтін болсын дейді... Артельдер. Олардың таралуына кес болып отырған негізгі бөгеттер, Уралдағы тау-кен заңдарына да әсерін тигізген, бәз-баяғы «еңбек ұйымдастырудың» дәстүрлерінде екендігін кім білмейді? Өнеркәсіп бостандығын толық жүзеге асыру ісі жер-жердің бәрінде де неше түрлі одақтар мен бірлестіктердің, бұрын болып көрмеген түрде өсіп, дамуына жол ашқандығын білмейтін кім бар? Жалпы алғанда, халықшылдың өзінің дұшпанын артельшілдіктің, одақшылдықтың тағы басқа сол сыяқтылардың жауы етіп көрсетуге тырысканын көргенде тіпті күлкің келеді. Міне, ауру бастың ауруын сау бастан көру деген осы! Әңгіме тек кана мынада: одақтастықтың идеясын іздестіргенде, оны жүзеге асыру жолдарын іздестіргенде өткен уақытқа, өндірушілердің бір-бірінен өте-мөте оқшаулығын, ұсақталуын және анайылығын тудырып отыратын, патриархтық қолөнер кәсібіне және ұсақ өндіріске алаңдамай, — алға қарау керек, келешекке қарау керек, ірі өнеркәсіптік капиталізмнің дамуы жағына қарау керек.


Осы, өзінің меншікті программасына қарсы қойылып отырған, өнеркәсіп саясаты жөніндегі программаға халықшылдың қандайлық зор жиреніштікпен қарайтындығын біз өте жақсы білеміз. «Өнеркәсіп бостандығы»! Не деген ескі, не деген ұсақ, манчестерлік**, буржуазиялық

* келесі мақаланы қараңыз.

** «Өнеркәсіп бостандығы» бар жерде фабрика заңдары тағы басқа сол сыяқты шаралардың болуы мүмкін емес деп ойлайтын адамдар, сірә, табылып та қалар. «Өнеркәсіп бостандығы» деп, капитализмнің дамуына бөгет жасап отырған ескіліктен қалған кедергілерді жоюды айтады. Ал фабрика жөніндегі заңдарды, және осы замандағы Socialpolitik (әлеуметтік саясат. Ред.) деп аталып отырған, шараларды тағы басқа да шараларды алатын болсақ, олар капитализмнің тереңдей дамуын көздейтін және, өз тарапынан, бұл дамуды алға қарай итеретін шаралар.

тілек⁹⁴! Халықшыл өзіне өзі: мен үшін бұл *überwundener Standpunkt** дейді, осы тілекке негіз болып отырған, өтпелі, біржақты мүдделерден өзін жоғары көтеріліп шықтым деп біледі, «еңбек ұйымдастыру» жөніндегі анағұрлым биік, анағұрлым таза идеялар дәрежесіне көтеріле алдым деп сенеді... Ал шындығында ол тек прогрессивті буржуазиялық идеологиядан, осы замандағы экономикалық дамуды тездету талаптары мен сол дамуды кідіртп тастау талаптарының екі арасында, қожайынсымақтардың мүдделері мен еңбек мүдделерінің екі арасында дәрмені бітіп сергелдең болып отырған, — ұсақ буржуазиялық идеологияға *құлдыйлап* отыр. Осы соңғылар, бұл мәселе жөнінде, ірі өнеркәсіптік капитализмнің мүддесіне дәл келеді.

* — озат шыққан көзқарас. *Ред.*



В. И. Лениннің айдауда жүрген кезінде Шушенское селосындағы тұрған үйі.
Сол жақтағы шеткі екі терезе — Лениннің бөлмесінің терезесі.

ХАЛЫҚШЫЛДАРДЫҢ ҚЫЯЛИ ЖОБАҒА ӘУЕСТІГІНІҢ ҮЛГІЛЕРІ

(С. Н. Ю Ж А К О В. А Ф А Р Т У М Ә С Е Л Е Л Е -
РІ. ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ ТӘЖРИБЕЛЕР.—ОРТА МЕК-
ТЕП РЕФОРМАСЫ.—ЖОҒАРЫ ДӘРЕЖЕЛІ БІЛІМ АЛУ-
ДЫҢ СИСТЕМАЛАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.—ГИМНАЗИЯ-
ЛЫҚ ОҚУ КІТАПТАРЫ.—БҮКІЛ ХАЛЫҚТЫ ОҚЫТУ
МӘСЕЛЕСІ.—ӘЙЕЛДЕР ЖӘНЕ АҒАРТУ ЖҰМЫСЫ.
СПБ. 1897 VIII+283 БЕТ. БАҒАСЫ 1 СОМ 50 ТЫЙЫН)⁹⁵

*1897 жылдың аяғында айдауда жүр-
генде жазылған*

*Бірінші рет 1898 жылы: Владимир
Ильин — „Экономикалық этюдтер
мен мақалалар“ деген жыйнақта
басылған*

*Жыйнақтың тексті бойынша ба-
сылып отыр*

1895—1897 жылдарда «Русское Богатствода» басылған өзінің мақалаларының жыйнағын Южаков мырза осындай тақырыппен бастырып шығарды. Автордың ойынша, оның мақалалары «бұл мәселелердің», яғни «ағарту мәселелерінің» «ең маңыздыларын қамтыған», сөйтіп «бәрін қосқанда, біздің ақыл-ой мәдениетіміздің өте-мөте толғағы піскен, кезі жеткен, бірақ әлі де болса жарытып қанағаттандырылмаған тілектерінің шолуы сыяқты болып шыққан» (Алғысөз, V бет). Автордың «көбінесе принцип мәселелеріне» тоқтағысы келетіні 5-бетте тағы да атап көрсетілген. Бірақ бұл кұрғақ сөздердің бәрі тек Южаков мырзаның ойға, тіпті ойға емес, қаламға кең өріс беруді сүйетінін көрсетеді. Кітаптың тақырыбы да «өте-мөте кең болып шыққан: шынына келгенде автор тіпті де «ағарту мәселелерін» сөз қылып отырған жоқ, тек мектеп мәселелерін ғана, ондада тек орта мектеппен жоғары мектеп мәселелерін ғана сөз қылады, мұнысы шығарманың тақырыпшасындағы мақалалардың тізімінен де көрініп тұр. Кітаптағы мақалалардың ішіндегі ең іске татырлығы — біздің гимназияларда оқытылатын оқу кітаптары туралы мақала. Автор мұнда орыс тілінің, жағрафия мен тарихтың көп қолданылып жүрген оқу кітаптарын толық тексеріп, олардың мүлде жарамсыз екендігін көрсеткен. Автордың бойындағы тағы бір хасиетін көрсететін мақаланың көп сөзділігі жалықтырмаса, бұл мақаланы онаң да қызығып оқуға болар еді. Біз оқушының назарын кітаптағы тек екі мақалаға ғана, атап айтқанда, орта дәрежелі оқу реформасы туралы және бү-

кіл халықты оқыту туралы жазылған мақалаларға ғана аудармақшымыз, өйткені бұл мақалалар нағыз шын принциптік мәселелерді сөз қылады және «Р. Богатствоның» жаны сүйген идеяларын баяндау үшін өте-мөте дәл келген мақалалар болып табылады. Жат доктринадан өрескел ақылсыз қортындылар шығарудың үлгілерін табу үшін Гриневич пен Михайловский мырзалардың Россияның қоқыс өлең-жырларының көң-қоқыстарын қазбалауына тура келгені ғой. Тиісті мақсат үшін бізге соншалықты көңілсіз көң-қоқыстарды қазбалаудың қажеті жоқ: тек «Русское Богатство» журналын және ондағы күмәнсіз «тіректердің» бірін алсақ болғаны.

II

«Орта дәрежелі оқу реформасының негіздері» жөніндегі мақаланың II тармағын Южаков мырза: «Орта мектептің міндеттері. Таптық мүдделер мен таптық мектеп» (Кітаптың мазмұнын қараңыз) деп атаған. Бұл тақырыптың өте қызықты екенін, қызықты болғанда, тек ағарту жұмысының ғана емес, сонымен бірге жалпы алғанда бүкіл қоғамдық тұрмыстың да ең маңызды мәселелерінің бірін, мәселе болғанда да халықшылдар мен «шәкірттердің»⁹⁶ арасында ең үлкен таластардың бірін туғызып жүрген мәселенің нақ өзін айқындап беруге үміттендіретінін өздеріңіз көріп отырсыздар. Енді «Р. Богатство» қызметкерінің «таптық мүдделер мен таптық мектеп» туралы қандай түсінігі бар екенін қарастырайық.

Автор: «мектеп тұрмысқа керекті адамды даярлауға тиіс» деген ережеде түк мағына жоқ, мәселе тұрмыс үшін неің қажет және «кімге қажет» (6) болуында деп, мүлде дұрыс айтып отыр. Орта дәрежелі білім кімге қажет — мұның мәні: орта мектептің тәрбиесіндегілерге кімнің мүдделері үшін, кімнің игілігі мен пайдасы үшін білім беріледі? деген сөз» (7). Мәселенің қойылуы тамаша-ақ, сонымен бірге біз авторды шын ниетімізбен құттықтаған да болар едік, бірақ та... бірақ оның бұл аяқ алыстары бұдан былайғы баяндауында: «Мұның өзі мемлекеттің, ұлттың, белгілі бір қоғамдық таптың, білім алушы адамның өзінің игілігі мен пайда-

сының мүдделері болуы мүмкін» деген құрғақ сөз болып шығып отыр. Шатасу басталады: таптарға бөлінген қоғам тапсыз мемлекетпен, тапсыз ұлтпен, таптардан тыс тұратын адамдармен сыйыса алады, деген қортынды шығаруға тура келеді. Бұл Южаков мырзаның тіпті де жай ғана жаңылып айта салған сөзі емес, оның дәл осындай сорақы пікірде екенін біз қазір көреміз. «Егер мектеп программасын жасағанда таптық мүдделер ескеріліп отырса, онда, демек, жалпы бір типті мемлекеттік орта мектептің болуы жөнінде сөз де болуы мүмкін емес. Бұлай болған ретте оқу орындары лажсыз сословиелік болады және оның үстіне тек білім беретін ғана болып қоймай, сонымен бірге тәрбие де беретін орын болады, өйткені олар сословиенің арнаулы мүдделері мен міндеттеріне бейімделген білім беріп қана қоймай, сонымен бірге сословиелік дағды мен сословиелік ұйымшылдық рухын да беруге тиіс» (7). Бұл лепірме сөзден шығатын бірінші қортынды мынау. Южаков мырза сословиелер мен таптар арасындағы айырманы түсінбейді, сондықтан осы мүлде түрліше ұғымдарды әбден шатастырып отыр. Оның мақаласының басқа жерлерінен де (мәселен, 8-беттің қараңыз) дәл сондай түсінбеушілік табылып отыр, бұл түсінбеушіліктің онан әрі таңданарлық болатын себебі: Южаков мырза сол мақаланың өзінде-ақ бұл ұғымдардың ең мәнді айырмасына таяп-ақ қалған. 11-бетте Южаков мырза былай деп баяндайды: «Екінші бірінде (бірақ, тіпті де қажетті түрде емес) саяси, экономикалық және рухани ұйымдар кейде халықтың ерекше топтарының заң жүзіндегі артықшылығы, кейде іс жүзінде осыларға тән нәрсесі болып табылады. Алғашқысы болатыны бұл — сословиелер; екіншісі болатыны — таптар, мұны ұмытпау керек». Таптың сословиеден айырмашылықтарының бірі, атап айтқанда, таптардың бір-бірінен айырмасы олардың заң жүзіндегі артықшылығында емес, олардың іс жүзіндегі жағдайында екені, олай болса, қазіргі қоғамдағы таптар заң жүзіндегі теңдіктің барлығын көрсететіні бұл арада дұрыс көрсетілген. Сословиелер мен таптар арасындағы тағы бір айырмашылықты да Южаков мырза елеусіз қалдырмайтын сыяқты: «Біз... ол кезде (яғни крепостниктік право жойылғаннан кейін.)... ұлттық тұрмыстың

крепостниктік және сословиелік кұрылысынан, оның ішінде сословиелік жабық мектеп системасынан да бездік. Қазіргі уақытта капиталистік процестің енуі орыс ұлтын сословиелерге бөлуден гөрі экономикалық таптарға күштірек бөліп отыр...» (8). Европа мен Россияның тарихында сословиелердің таптардан айырмашылығын көрсететін екінші бір белгі де, атап айтқанда, сословиелер крепостниктік қоғамның, ал таптар капиталистік қоғамның белгісі екені де бұл арада дұрыс көрсетілген*. Егер Южаков мырза бұл айырмашылықтарды аз да болса ойластырып қарағанда және өзінің жүйрік қаламы мен өзінің Kleinbürger-лік** жүрегінің билігіне оп-оңай беріліп кетпегенде, ол жоғарыда келтірілген тираданы да, мектептердің таптық программалары — мектеп программаларын байлар мен кедейлер үшін деп екіге бөлуге тиіс болады, Европаның батыс жағында таптық программалар іске аспай отыр, таптық мектеп таптық тұйықтықты көрсетеді деген сыяқты, тағы соңдай болымсыз сөздерді де жазбаған болар еді. Мұның бәрі зор үміт күткізерлік тақырыбына қарамастан, көпірме кұрғақ сөздеріне қарамастан, Южаков мырзаның таптық мектептің мәнінің неде екенін мүлде түсінбегенін өте айқын көрсетеді. Хұрметті халықшыл мырза, мұның мәні: білім алу ісінің барлық дәулеттілер үшін бір түрде ұйымдастырылып және бұған олардың барлығының да бірдей қолы жететіндігінде. Сословиелік мектептен өзгеше таптық мектептің мәні тек осы дәулеттілер үшін деген сөзде ғана. Сондықтан, жоғарыда келтірілген тирадасында Южаков мырзаның: мектеп таптық мүдделерді көздеп отырғанда «жалпы бір типті мемлекеттік орта мектептің болуы жөнінде сөз де болуы мүмкін емес» деуі барып тұрған мағнасыз сөз. Қайта, мұның нақ керісінше: егер таптық мектеп дәйекті түрде жүзеге асырылған болса, яғни ол сословиеліктің қалдықтарының қандайынан болмасын бәрінен түгел арылған болса, онда бұл таптық мектеп жалпы бір типті мектептің

* Сословиелер тап айырмашылықтарының бір түрі болғандықтан, қоғамның таптарға бөлінгендігін көрсетеді. Таптар туралы жай ғана сөз қылғанда, біз әрқашан да капиталистік қоғамның сословиелік таптарын айтамыз.

** -- ұсакбуржуазиялық. Ред.

болуын көрсететіні сөзсіз. Таптық қоғамның (демек, таптық білім алу ісінің де) мәні: барлық азаматтардың заң жүзінде толық тең болуында, толық *тең* праволы болуында, дәулеттілердің білім алуға толық тең праволы болып және оған қолы жететіндігінде. Сословиелік мектеп шәкірттің белгілібір сословиенің адамы болуын керек қылады. Таптық мектеп сословиелерді білмейді, ол тек қана азаматтарды біледі. Ол шәкірттердің қандайынан болмасын барлығынан да *тек бір нәрсені* ғана: өзінің оқығаны үшін ақы төлеуін ғана талап етеді. Программалардың байлар мен кедейлер үшін әртүрлі болуы таптық мектепке тіпті қажет емес, өйткені кімдекімнің оқығаны үшін, оқу құралдарын сатып алуы үшін, бүкіл оқу мерзімі бойына шәкіртке шығаратын шығыны үшін төлейтін қаражаты болмаса, таптық мектеп оларға орта білім алуға мүмкіндік бермей қояды. Таптық мектеп таптық түйықтықтың болуын мүлде керек қылмайды: қайта, сословиелерге қарама-қарсы, таптар жеке адамдардың бір таптан екінші тапқа өтуіне қашан болса да мүлде еркін жол беріп отырады. Таптық мектеп оқуға қаржысы бар адамның қай-қайсысынан болса да қашпайды. Ал Батыс Европада «жартылай білім берудің және халықтың әртүрлі жіктерін таптық мінезқұлық, ақыл-ой жағынан бөлектеудің осы хауіпті программалары іске аспай отыр» (9) деу, — бұл шындықты мүлде бұрмалағандық, өйткені Батыста да, Россияда да орта мектептің өзінің шын мәнісінде таптық мектеп екендігін және оның халықтың ең азғана бір бөлегінің ғана мүдделері үшін қызмет ететіндігін жұрттың бәрі біледі. Южаков мырза бұл ұғымдарды әбден адам айтқысыз шатастырып алып отырғандықтан, біз оның өзіне тағы да мынадай қосымша түсінік беруді тіпті артық болмас деп ойлаймыз: осы заманғы қоғамда оқу үшін ешқандай ақы алмайтын орта мектептің өзі де таптық мектеп болуын ешбір қоймайды, өйткені шәкіртті 7—8 жыл бойына асырап бағып-қағу шығыны оқуға төлейтін ақыдан шексіз көп болмақ, ал бұл шығынды төлеу болмашы азшылықтың ғана қолынан келеді. Егер Южаков мырзаның орта мектеп жөніндегі осы заманғы реформашыларының іс жүзіндегі ақылшысы болғысы келсе, егер ол мәселені осы заманғы тұрмысқа сүйеніп алға қой-

ғысы келсе (ал мәселені ол нақ солай қояды), — онда ол сословиелік мектеп орнына таптық мектеп ашу туралы, тек сол жөнінде *ғана* сөз қозғауға тиіс еді, немесе «таптық мүдделер мен таптық мектеп» жөніндегі осы шетін мәселені мүлде қозғамауға тиіс еді. Шынында да: Южаков мырза осы мақаласында ұсынып отырған — көне тілдердің орнына жаңа тілдерді алумен бұл өте маңызды мәселелердің оншама байланысы жоқ қой. Егер ол осы ұсынысымен қанағаттана қойса, біз оған қарсы шықпаған болар едік, тіпті оның дегбірсіз сұлу сөзін де кешірген болар едік. Бірақ, «таптық мүдделер мен таптық мектеп» туралы мәселені оның *өзі* қозғағаннан кейін, барлық мағынасыз сөздері үшін де оның *өзі* жауап берсін.

Алайда Южаков мырзаның бұл тақырып жөнінде айтқан кұрғақ сөздері жоғарыда келтірілген сөздермен ғана тынбайды. «Социологиядағы субъективтік әдістің» негізгі идеяларын қуаттайтын Южаков мырза таптар туралы мәселе қозғай отырып, «кең көзқарастың» (12, 15-бетпен салыстыр), таптық айырмашылықтарды маңызданып елемеуіне мүмкіндік беретін кең көзқарастың, жеке таптар жайында емес (неткен тар өрістілік десенші!), жалпы алғанда бүкіл ұлт туралы сөйлеуіне мүмкіндік беретін кең көзқарастың шыңына шығады. Бұл тамаша «кең» көзқарасқа жеткенде ол моральшылар мен моральшы әйел біткеннің, әсіресе Kleinbürger моральшыларының тозып біткен әдіс-айласы арқылы жетеді. Южаков мырза қоғамның мұндай тап-тапқа бөлінуін (және бұл бөлінудің білім алуға тигізетін әсерін) қатты мінейді, мінегенде еңсесін көтеріп ділмарлыққа салынып, бұл жағдайдың «хауіпті» (9) екенін; «білім алудың барлық түрлері мен формаларының таптық системасы, өзінің негізінен алғанда, мемлекеттің, ұлттың және білім алушы адамдардың мүдделеріне қайшы келетіндігін»* (8) айтады; мектептегі таптық программалардың «мемлекет тұрғысынан қарағанда да, ұлт тұр-

* Хурметті Kleinbürger мырза, екінің бірі: не сіз таптарға бөлінген қоғам туралы айтасыз, не таптарға бөлінбеген қоғам туралы айтасыз. Алғашқы болған ретте таптық емес білім алудың болуы да мүмкін емес. Соңғы болған ретте таптық мемлекеттің де, таптық

ғысынан қарағанда да, қолайсыз және хауіпті» (9) екенін айтады, тарихтың үлгілері «таптық құрылыс пен таптық мүдделердің мұқым ұлтқа қарсы дамуын ғана көрсетеді, бұл дамуды өзіміз жоғарыда айттық және мұны ұлттың игілігі мен мемлекеттің өзі үшін хауіпті деп те тапқанбыз» (11) дегенді айтады; «жер-жердің бәрінде де басқарудың таптық құрылысының қалай болғанменде жойылғанын» (11) айтады, осы «хауіпті» болған тап-тапқа бөлінушіліктің өзі «халықтың әр түрлі топтарының арасында антагонизм» туғызып, «ұлттық ынтымақтас-тық пен жалпы мемлекеттік патриотизм сезімін» (12) біртіндеп жоғалтатындығын айтады, «тұтас бір мемлекет ретінде қарағандағы ұлттың және жалпы жеке азаматтардың кең, дұрыс және алыстан болжап түсінілетін мүдделері (ең болмағанда қазіргі мемлекетте) бір-біріне қайшы келмеуге тиіс» (15) екенін, тағысын тағыларын айтады. Мұның бәрі — бастан-аяқ жалған нәрсенің жалаң өзі ғана, Kleinbürger-дің мағна атаулыдан дәнеме жоқ «тілектерін», тілектері болғанда, елеусізде бар нәрсенің өзін сыйпаттағандық болып шығатын тілектерін қолдану арқылы қазіргі тұрмыстың шын мәнін боямайтын сылдыр сөздердің жалаң өзі ғана. Мұндай сылдыр сөздер туып отырған бұл сықылды дүние тану көзқарасына ұқсас нәрсе табу үшін Батыстағы «этикалық» мектептің өкілдеріне көңіл аудару керек, бұл мектеп ондағы буржуазияның теориядағы қорқақтығы мен саясаттағы сасқалақтығының табиғи және сөзсіз белгісі болып келді.

Ал біз бұл тамаша сөзуарлық пен ақкөңілділікті, осы тамаша көрегендік пен алыстан болжағыштықты келесі мына кішкене фактымен салыстырып, сонымен ғана қанағаттанамыз. Южаков мырза сословиелік мектеп пен таптық мектеп туралы мәселе қозғады. Бірінші мәселе жөнінде, ең болмағанда, ерлер гимназиялары мен прогимназиялары туралы және реальдық училищелер туралы дәлме-дәл санақ мәліметтерін табуға болады. Біздің финанс министрлігі шығарған: «Россияның өндірі-

ұлттың да, таптардың біріне жататын жеке адамдардың да болуы мүмкін емес. Бұл екі реттің екеуінде де сөзде мағна жоқ, тек осы күнгі тұрмыстың ең айқын белгілерін көргісі келмей қорқатын Kleinbürger-дің сәбилік тілегі ғана бар.

гіш күштері» (СПБ, 1896. XIX бөлім. Халық ағарту ісі. 31-бет) деген кітабынан алған мәліметтеріміз мынау:

«Оқушылардың сословиелерге бөлінуі (оқушылардың жалпы санына келетін проценттері) мына кестеден көрінеді:

	Халық ағарту министрлігіне қараған ерлер гимназиялары мен прогимназияларында			Реальдық училищелерде		
	1880	1884	1892	1880	1884	1892
Ата мирас дворяндар мен жеке басы дворян болғандардың және чиновниктердің балалары	47,6	49,2	56,2	44,0	40,7	38,0
Дінбасы иелерінің балалары	5,1	5,0	3,9	2,6	1,8	0,9
Қалалық сословиелердің балалары	33,3	35,9	31,3	37,0	41,8	43,0
Селолық сословиелердің балалары (буратаналар мен төменгі қызметкерлердің балаларын қосқанда)	8,0	7,9	5,9	10,4	10,9	12,7
Шет елдіктердің балалары	2,0	2,0	1,9	3,0	4,8	5,4
Басқа сословиелердің балалары	2,0	алдыңғылармен бірге		3,0	алдыңғылармен бірге	
	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0»

Біз бірден және үзілді-кесілді (??) «сословиелік мектептен безгенбіз» деген сөзді Южаков мырзаның байқамай айтып қалғанын бұл кесте бізге айқын көрсетеді. Қайта бұған керісінше, тіпті гимназиялардағы (ардақты дворяндардың оқу орындары мен тағы басқаларын сөз қылмағанда да) оқушылардың 56 проценті дворяндар мен чиновниктердің балалары болып отырған күннің өзінде де, біздің орта мектептерімізде сословиелік белгі қазірде де басым екенін көреміз. Дворяндар мен чиновниктердің бірден-бір елеулі бақталасы — реальдық училищелерде басым болып алған қалалық сословиелер. Село сословиелерінің үлесі — әсіресе сан жағынан олардың басқа сословиелерден орасан көп екенін еске алсақ — мүлде аз. Демек, кімде-кімнің осы кездегі

біздің орта мектебіміздің сыйпаты туралы сөз қозғағысы келсе, ол адам әңгіменің тек сословиелік мектеп пен таптық мектеп туралы ғана болуы мүмкін екендігін және «біз» сословиелік мектептен шынымен безгенде тек таптық мектеп үшін ғана безетінімізді әбден ұғынып алуға тиіс екендігін бұл кесте өте-мөте айқын көрсетеді. Біз бұлай дегенде: сословиелік мектептің орнына таптық мектеп ашу жөніндегі және сол таптық мектепті жақсарту жөніндегі мәселе орта мектеппен пайдаланбайтын және пайдалана алмайтын таптар үшін маңызсыз немесе қалай болса солай қаралатын мәселе деп ешбір айтқымыз келмейтіндігі өзінен өзі түсінікті: қайта, ол таптар үшін де бұл қалай болса солай қаралатын мәселе емес, өйткені сословиелік белгі өмірде де, мектепте де әлгі таптарға өте-мөте қатты батады, өйткені сословиелік мектептің орнына таптық мектеп ашу — Россияны жапшай және барлық жағынан бірдей европаландырудың барысындағы желілердің бірі ғана болып табылады. Біз тек Южакөв мырзаның істің жайын қалай бұрмалағандығын және оның мәселеге бейне «кең» көзқарасының асылына келгенде мәселеге тіпті буржуазияның көзқарасынан да өлшеусіз төмен тұрғандығын көрсеткіміз келеді. Реті келгенде буржуазиялық көзқарас туралы да айта кету жөн. Шульце-Геверництің сыңар жақтылығын П. Б. Струве айқын сыйпаттаса да «оның буржуазиялық идеяларын» Струвенің не себепті «пропагандалап отырғандығын» («Р. Богатство», № 11, 93-беті) мына А. Мануилов мырза ешбір түсіне алмай-ақ қойды. А. Мануилов мырзаның түсінбеуі түгелінен және тек қана оның орыс «шәкірттердің» ғана емес, сонымен бірге бүкіл батыс-европалық «шәкірттердің» де, тек шәкірттердің ғана емес, ұстаздардың да негізгі көзқарастарын түсінбеуінен болып отыр. Немесе Мануилов мырзаның, бәлкі, мыналарды теріске шығарғысы келетін болар: осы кездегі қоғамның тап-тапқа бөлінуін тәтті сөздермен бүркейтін «кең көзқарастарды» сүйетін адамдарға мейлінше қас-дұшпандығы да «ұстаздың» негізгі көзқарастарына — оның бүкіл теория, әдебиет және практика жүзіндегі қызметін өнбойына түгел қамтыйтын көзқарастарына — жататындығын теріске шығарғысы келетін болар? капитализмді кідіртуге және

тоқтатуға сусап отырған Kleinbürger-лердің идеяларына қарағанда, айқын және тыяқакты «буржуазиялық идеялардың» прогрессивтілігі мен артықтығын батыл мойындауы да ұстаздың негізгі көзқарастарына жата-тындығын теріске шығарғысы келетін болар? Егер Мануилов мырзаға бұл айқын болмаса, онда ол ең болмағанда өзінің журнал жағынан жолдасы Южаков мырзаның шығармаларына назар салып, ойлап қарасын. Енді ол біз қозғап отырған мәселе жөнінде Южаков мырзамен қатар «буржуазиялық идеялардың» ашық және табанды өкілінің пайда болғанын көріп отырғанымызды ойлап қарасын; «буржуазиялық идеялардың» ол өкілі осы кездегі мектептің нақ таптық сыйпаты болуын жақтайды, жақтағанда мұнан асқан тәуір мектеп болмақ емес деп дәлелдей отырып және сословиелік мектепті толық ығыстыруға, таптық мектепке жұрттың көбінің қолын жеткізуге (жеткізгенде оның жоғарыда көрсетілген мағнасында) тырыса отырып жақтайды. Ал расында, мұндай идеялар Южаков мырзаның идеяларынан әлдеқайда жоғары болған болар еді; бұлай болғанда осы кездегі мектептің нақты мұқтаждарына көңіл бөлінген болар еді, атап айтқанда, Kleinbürger-дің бейнесіз «кең көзқарасына» емес, әлгі мектептің сословиелік тұйықтығын жоюға көңіл бөлінген болар еді. Осы кездегі мектептің біржақтылық сыйпатын ашықтан-ашық анықтап және қорғау ісі шындықты дұрыс ыспаттаған болар еді және өзінің сол біржақтылығы арқасында екінші жақтың санасын ашқан болар еді*.

* Мұндай дәлелді түсіну «Р. Богатствоның» қызметкерлеріне өтеме қыйын екендігін біз жақсы сеземіз. Бұл да олардың тек «шәкірттерді» ғана емес, «ұстаздарды» да түсінбеуінен болып отыр.

Мысалы, «ұстаздардың» бірі, 1845 жылдың өзінде-ақ астық заңдарының бұзылуынан ағылшын жұмысшыларына келетін пайданы былай дәлелдеген. Бұл заңдарды бұзу, — деп жазған ол, — фермерлерді «либералдарға, яғни саналы буржуаларға» айналдырады, ал бір жақтың саналылығының бұлай өсуі екінші жақтың да санасының дәл солай өсуіне бастамай қоймайды (*Fr. Engels. „The condition of the working class in England in 1844“. New York 1886, p. 179*) (Ф. Энгельс. «Англиядағы жұмысшы табының 1844 жылғы халі». Нью-Йорк. 1886, 179-беті⁹⁷. *Ред.*). «Р. Богатствоның» қызметкер мырзалары-ау, осы сіздердің «ұстаздардың» алдында бас иіп, ал олардың «буржуазиялық идеяларды насихаттауын» әшкерелемейтін себептеріңіздің мәнісі қалай?

Ал Южаков мырзаның «көсіле» сайрауы, қайта, тек қана қоғамдық сананы аздырады. Ақыр аяғында, мәселенің практикалық жағын алып қаралық... бірақ Южаков мырза осы мақаласында ғана емес, өзінің «қыялында» да таптық мектептің шегінен титтей де шыға алмай отыр ғой; енді біз оның сол «қыялына» көшеміз.

III

Южаков мырзаның «бүкіл халықты оқыту мәселесін» (кітаптың тақырыбын қараңыз) сөз қылатын мақаласы: «Ағарту жөніндегі қыял. Бүкіл халыққа міндетті түрде орта дәрежелі білім беру жоспары» деп аталады. Южаков мырзаның бұл өте-мөте үлгі боларлық мақаласының тым көп нәрсе дәмелендіретіні атынан-ақ көрініп тұр. Ал шынында Южаков мырзаның «қыялы» онан да әлдеқайда көп нәрсеге дәмелендіреді. «Мұнан бірде-бір кем емес, қымбатты оқушылар, ешқандай икемге немесе ымыраға келуге болмайды... — деп бастайды автор мақаласын. — Мемлекет, земство және халық тарапынан ешқандай шығын шығармай-ақ, ер-әйел демей бүкіл халыққа, жұрттың бәріне міндетті түрде толық гимназиялық білім беру керек, — менің ағарту жөніндегі орасан зор қыялым міне осындай!» (201) дейді. Қайрымды Южаков мырза, сірә, бұл мәселенің түйіні «шығын» шығаруда деп ойлайтын болар; сол беттің өзінде-ақ, бүкіл халыққа бастауыш білім беру шығын шығаруды керек қылады, ал бүкіл халыққа орта дәрежелі білім беру оның «жоспары» бойынша ешқандай шығын шығаруды керек қылмайды дегенді ол тағы да айтады. Ол-ол ма, Южаков мырзаның жоспары ешқандай шығынды керек қылмауы былай тұрсын: ол бүкіл халыққа орта дәрежелі білім беруден де зор бір нәрсені дәмелендіреді. «Р. Богатство» қызметкерінің бізді дәмелендіретін нәрсесінің көлемін толық көрсету үшін, алға таман баратұсу керек және автордың өз жоспарын түгел жазып болып, оған сүйсінгендегі лепіріп масаттанған сөздерін келтіру керек. Южаков мырзаның жоспарының мәні: гимназияның білім беруі, өздерін өздері асырайтын «гимназистердің» өндіруші еңбегімен ұштасады, дегенінде: «...Жер участогіне егін салу, туғаннан бастап

гимназия оқуын бітіргенге дейін бүкіл жас ұрпақтың мол, дәмді, жұғымды азық-түлігі болуын, сол сыяқты оқу ақысын жұмыс істеп өтейтін жастардың (Южаковтың *Zukunftstaat* -ының* бұл тәртібі туралы төменде де толығырақ сөз қыламыз); сонымен бірге барлық әкімшілік, оқытушылық қызметіндегі адамдардың және кожайындардың азық-түлігі болуын қамтамасыз етеді. Мұнымен қатар олардың бәрі аяқ киіммен де, сол сыяқты киім-кешек тіктіріп отыру жағымен де қамтамасыз етіледі. Оның үстіне бұған қоса сол участоктен 20 мың сомдай табыс түседі, атап айтқанда, сүт пен жаздық бидайдың артығын сатудан 15 мың сом... және тері, қыл, мамық, тағы сондай бөгде өнімдерді сатудан 5 мың сомдай табыс түседі» (216). Өзіңіз ойлап қараңызшы, оқушы, күллі жас ұрпақтың гимназия оқуын бітіріп шыққанға дейінгі, яғни 21 — 25 жасқа дейінгі (203-бет)! шығыны өтеледі екен. Мұның аты еліміздің барлық халқының тең жарасының шығыны өтеледі деген сөз ғой**. Он миллиондаған халықты асырау, оқыту, — я мұның өзі нағыз жақсы «ұйымдастырылған еңбек» екен. Сірә, Южаков мырза, халықшылдардың «еңбек ұйымдастыру» жобалары — сылдыр сөзді сүйетіндердің кұрғақ жел сөзі дейтін ызғарлы адамдарға қатты ызаланған болу керек, сондықтан ол, «ешқандай шығынсыз» жүзеге асырылатын «еңбек ұйымдастырудың» тұтас бір «жоспарын» жұртқа жарыялау арқылы сол ызғарлы адамдарды біржола кұртуға бел байлаған болу керек... Бірақ мұнымен де бітпейді: «...Жол-жөнекей біз міндетті кеңейтіп алдық; бала біткеннің барлығын асырауды да сол ұйымның үстіне салдық; біз жастарды мектептен кетерінде деревняға лайық елеулі жасаумен қамтамасыз ету жағын да қарастырдық; біз сол қаражаттың есебінен әрбір гимназияға, яғни әрбір болысқа ең кемінде бір-бірден дәрігер, мал дәрігері, білімпаз агроном, білімпаз бақшы, технолог, алты мастер беруді мүмкін деп таптық (олар бүкіл сол жердің мәдениетін көтеріп, тиісті қажеттерін өтейтін болады)... Біздің жоспарымыз жү-

* — болашақ мемлекетінің. *Ред.*

** Буняковтың есебі бойынша, Россияның халқы жасы жағынан былай бөлінеді: 1 000 адамның ішінде 0—20 жастағылар 485 адам, 0—25 жастағылар 576 адам.

зеге асқанда бұл міндеттердің бәрі де ақша қаражаты мен экономика жағынан қамтамасыз етілетін болады...»*. Халықшылдардың әйгілі «біз» дегені — «біз білмейтін кұпыя адам», бұл — қос тақыялы еврей, т. т. деп жүрген улы тілді адамдар енді қандай масқара болар екен! Неткен орынсыз жала! Бұл «біз» деушілердің кұдіретін және «біздердің» жобаларымыз дейтіндердің жобаларының жүзеге асатындығын дәлелдеу үшін бұдан былай Южаков мырзаның «жоспарына» сүйенудің өзі де жеткілікті.

Мүмкін, бұл: жүзеге асатындығы деген сөз жөнінде оқушының күманы болар? Мүмкін, оқушы: Южаков мырза өзінің еңбегін қыял деп атап, мұнымен оның жүзеге асатындығына күдіктенген болар, деп ойлар? — Егер Южаков мырзаның өзі «қыял» деген сөз туралы өте маңызды ескертулер жасамаса, егер ол мақаласының басынан аяғына дейін өз жоспарының жүзеге асатындығын атап көрсетіп отырмаса, бұл солай болып шығар еді. Ол өзінің мақаласын бастаған жерден-ақ «бүкіл халыққа мұндай орта дәрежелі білім беру тек үстірт қарағанда ғана қыял болып көрінеді, деп ойлауға батылым барады» (201), дейді... Бұдан артық не керек?.. «Алайда Германияда, Францияда, Англияда, Құрама Штаттарда қазірдің өзінде-ақ жүзеге асырылған, Россияның кейбір губернияларында да жүзеге асырылуға жақын тұрған бүкіл халыққа бастауыш білім беру ісіне қарағанда, бүкіл халыққа мұндай ретпен білім беру анағұрлым іске асымды екенін мен онан да батыл қуаттай аламын» (201). Өзінің жоспарының (сірә, жоғарыда айтылғандардан кейін қыял дегеннен гөрі «жоспар» деген сөз дұрысырақ болар) жүзеге асатындығына Южаков мырзаның сенетіндігі сонша, ол сол жоспарды жасағанда ең ұсақ «практикалық қолайлы нәрселерді» де елеусіз қалдырмайды, мәселен, еркек-әйелдерді «бірге оқытуға қарсы Европа континентіндегі теріс түсінікті кадрлегендіктен қос гимназия, еркектер гимназиясы мен әйелдер гимназиясы системасын да әдейі сол күйін-

* 237-бет. Бұл тирададағы терең мағналы көп нүктенің екеуін де Южаков мырзаның өзі қойған. Бұл арада біздің бір әріпті қалдыруға да батылымыз бармас еді.

гимназия оқуын бітіргенге дейін бүкіл жас ұрпақтың мол, дәмді, жұғымды азық-түлігі болуын, сол сыяқты оқу ақысын жұмыс істеп өтейтін жастардың (Южаковтың *Zukunftstaat* -ының* бұл тәртібі туралы төменде де толығырақ сөз қыламыз); сонымен бірге барлық әкімшілік, оқытушылық қызметіндегі адамдардың және кожайындардың азық-түлігі болуын қамтамасыз етеді. Мұнымен қатар олардың бәрі аяқ киіммен де, сол сыяқты киім-кешек тіктіріп отыру жағымен де қамтамасыз етіледі. Оның үстіне бұған қоса сол участоктен 20 мың сомдай табыс түседі, атап айтқанда, сүт пен жаздық бидайдың артығын сатудан 15 мың сом... және тері, қыл, мамық, тағы сондай бөгде өнімдерді сатудан 5 мың сомдай табыс түседі» (216). Өзіңіз ойлап қараңызшы, оқушы, *куллі* жас ұрпақтың гимназия оқуын бітіріп шыққанға дейінгі, яғни 21 — 25 жасқа дейінгі (203-бет)! шығыны өтеледі екен. Мұның аты еліміздің барлық халқының *тең жарасының* шығыны өтеледі деген сөз ғой**. Он миллиондаған халықты асырау, оқыту, — я мұның өзі нағыз жақсы «ұйымдастырылған еңбек» екен. Сірә, Южаков мырза, халықшылдардың «еңбек ұйымдастыру» жобалары — сылдыр сөзді сүйетіндердің кұрғақ жел сөзі дейтін ызғарлы адамдарға қатты ызаланған болу керек, сондықтан ол, «ешқандай шығынсыз» жүзеге асырылатын «еңбек ұйымдастырудың» тұтас бір «жоспарын» жұртқа жарыялау арқылы сол ызғарлы адамдарды біржола кұртуға бел байлаған болу керек... Бірақ мұнымен де бітпейді: «...Жол-жөнекей біз міндетті кеңейтіп алдық; бала біткеннің барлығын асырауды да сол ұйымның үстіне салдық; біз жастарды мектептен кетерінде деревняға лайық елеулі жасаумен қамтамасыз ету жағын да қарастырдық; біз сол қаражаттың есебінен әрбір гимназияға, яғни әрбір болысқа ең кемінде бір-бірден дәрігер, мал дәрігері, білімпаз агроном, білімпаз бақшы, технолог, алты мастер беруді мүмкін деп таптық (олар бүкіл сол жердің мәдениетін көтеріп, тиісті қажеттерін өтейтін болады)... Біздің жоспарымыз жү-

* — болашақ мемлекетінің. *Ред.*

** Буняковтың есебі бойынша, Россияның халқы жасы жағынан былай бөлінеді: 1 000 адамның ішінде 0—20 жастағылар 485 адам, 0—25 жастағылар 576 адам.

зеге асқанда бұл міндеттердің бәрі де ақша қаражаты мен экономика жағынан қамтамасыз етілетін болады...»*. Халықшылдардың әйгілі «біз» дегені — «біз білмейтін құпия адам», бұл — қос тақыялы еврей, т. т. деп жүрген улы тілді адамдар енді қандай маскара болар екен! Неткен орынсыз жала! Бұл «біз» деушілердің күдіретін және «біздердің» жобаларымыз дейтіндердің жобаларының жүзеге асатындығын дәлелдеу үшін бұдан былай Южаков мырзаның «жоспарына» сүйенудің өзі де жеткілікті.

Мүмкін, бұл: жүзеге асатындығы деген сөз жөнінде оқушының күманы болар? Мүмкін, оқушы: Южаков мырза өзінің еңбегін қыял деп атап, мұнымен оның жүзеге асатындығына күдіктенген болар, деп ойлар? — Егер Южаков мырзаның өзі «қыял» деген сөз туралы өте маңызды ескертулер жасамаса, егер ол мақаласының басынан аяғына дейін өз жоспарының жүзеге асатындығын атап көрсетіп отырмаса, бұл солай болып шығар еді. Ол өзінің мақаласын бастаған жерден-ақ «бүкіл халыққа мұндай орта дәрежелі білім беру тек үстірт қарағанда ғана қыял болып көрінеді, деп ойлауға батылым барады» (201), дейді... Бұдан артық не керек?.. «Алайда Германияда, Францияда, Англияда, Құрама Штаттарда қазірдің өзінде-ақ жүзеге асырылған, Россияның кейбір губернияларында да жүзеге асырылуға жақын тұрған бүкіл халыққа бастауыш білім беру ісіне қарағанда, бүкіл халыққа мұндай ретпен білім беру анағұрлым іске асымды екенін мен онан да батыл қуаттай аламын» (201). Өзінің жоспарының (сірә, жоғарыда айтылғандардан кейін қыял дегеннен гөрі «жоспар» деген сөз дұрысырақ болар) жүзеге асатындығына Южаков мырзаның сенетіндігі сонша, ол сол жоспарды жасағанда ең ұсақ «практикалық қолайлы нәрселерді» де елеусіз қалдырмайды, мәселен, еркек-әйелдерді «бірге оқытуға қарсы Европа континентіндегі теріс түсінікті кәдірлегендіктен қос гимназия, еркектер гимназиясы мен әйелдер гимназиясы системасын да әдейі сол күйін-

* 237-бет. Бұл тирададағы терең мағналы көп нүктенің екеуін де Южаков мырзаның өзі қойған. Бұл арада біздің бір әріпті қалдыруға да батылымыз бармас еді.

де қалдырады, оның жоспары «еркектер мен әйелдер гимназиясының қалыптасқан оқу жоспарларын бұзбауға мүмкіншілік беретінін, оқытушы адамдарға жұмысты, олай болса ақыны да көп беретінін» айрықша атап көрсетеді... «Тек тәжрибемен қанағаттанып қоймай, бүкіл халыққа білім беруді шынымен іске асырғың келсе, онда бұл айтылғандардың бәрінің де зор маңызы болмақ (205—206). Өздерінің қыялдарының алдамшы, құрылысының дұрыс келуі жағынан тай-таласатын қыялшылдар дүниеде көп болған, бірақ, «қалыптасқан оқу жоспарларына» және оқытушы адамдардың ақысына мұндай құнттап көңіл қойған қыялшыл олардың арасынан табыла қоймас. Кейінгі ұрпақтардың Южаков мырзаны ұзақ уақытқа дейін нағыз практикашыл, нағыз іскер «қыялшы» деп таныйтындығына сенеміз.

Автордың осындай дәмелендіретін нәрселерінен кейін, оның бүкіл халықты оқыту жоспарының өте-мөте құнттап тексеруді керек қылатыны енді айқын болар.

IV

Южаков мырзаның сүйеніп отырған принципін мәні — гимназия; гимназия болуымен бірге ол өзі егіншілік шаруашылығы болуға да керек, ол өзінің шәкірттерінің жазғы еңбегімен өзінің өмір сүруін қамтамасыз етуі керек. Оның жоспарының негізгі пікірі осындай. «Бұл пікірдің дұрыстығына күмандануға бола қояр ма екен?» (237) деп ойлады Южаков мырза. Мұнда шынында дұрыс пікірдің бар екендігіне біз де қосыламыз, бірақ ол пікірді ешуақытта «гимназияларға» да, гимназияның шығынын шәкірттердің еңбегімен «өтеу» мүмкіншілігіне де әкеліп араластыруға болмайды. Бұл дұрыс пікірдің мағнасы мынада: оқу ісін жас ұрпақтың өнімді еңбегімен байланыстырмайынша болашақ қоғамның мақсатын ұғынуға болмайды: өнімді еңбексіз оқу, білім алу ісін де, оқу мен білім алу қатар жүрмейінше өнімдік еңбек ету ісін де, техниканың осы кездегі дәрежесі мен ғылыми білімнің қазіргі күйі талап етіп отырған сатыға көтеруге болмас еді. Бұл пікірді ілгеріде бұрынғы ұлы қыялшылдар да айтқан болатын; оны «шәкірттер» де толығынан қостайды, олар басқа себептермен қатар, нақ осы се-

бептен де әйелдер мен жас өспірімдердің өнеркәсіптік еңбегіне негізінен қарсы болмайды, бұл еңбекті мүлде тоқтатқысы келетін әрекеттерді реакцияшылдық әрекет деп есептеп, ол еңбектің дұрыс тазалық жағдайларға қойылуын ғана талап етеді. Сондықтан Южаков мырза: «Менің тек пікір туғызғым ғана келді» (238), деп кұр босқа айтып отыр... — Бұл пікір алдақашан айтылған пікір, сондықтан Южаков мырза ол пікірмен таныс емес деуге (таныс еместігі әлі дәлелденбей тұрғанда) біздің батылымыз бармайды. «Рус. Богатствоның» қызметкері бұл пікірді *жүзеге асырудың* мүлде дербес *жоспарын* бергісі келді және берді де. Тек осы жағынан қарағанда ғана оны ерекше деп тануға болады, бірақ мұның есесіне оның бұл ерекшелігі бұл арада... шектен тыс өрескел болып шығып отыр.

Жалпыға бірдей өнімді еңбек ету тәртібін жалпыға бірдей оқумен байланыстыру үшін өнімді еңбекке қатысуды *жұрттың бәріне де* міндет ету қажет екендігі айқын. Бұл өзінен өзі айқын болса керек еді? — Бірақ та, бұл олай емес екен. Біздің «халықшыл» бұл мәселені шешкенде былайша шешеді: дене еңбегінің міндеттілігі шынында жалпы принцип болып белгіленуге тиіс, *бірақ тіпті де барлық жұрт үшін емес, тек ауқатсыздар үшін ғана солай болуға тиіс* — деп шешеді.

Оқушы бізді әзілдеп отырған болар деп ойлауы мүмкін! Құдай ақы, әзіл емес.

«Білім алудың барлық хақын ақшамен төлеуге даяр ауқатты адамдар үшін таза қалалық гимназиялар қазіргі қалпында да қала алар еді» (229). 231-бетте жалпы «дәулеттілер» атаулы турадан-тура «егіншілік гимназияларындағы» міндетті түрдегі білім алу ісіне тартылмайтын «халық тобының» санына енгізілген. Олай болса, біздің халықшылша, міндетті түрдегі өнімді еңбек адам баласының жалпы және барлық жағынан бірдей дамуының шарты болып табылмайды, тек гимназияда оқығаны үшін төленетін ақы болып табылады. Дәл солай болып шығады. Южаков мырза өзінің мақаласының бас жағында-ақ, егіншілік гимназиясына керек болатын қысқы жұмысшылар туралы мәселені сөз қылады. Гимназияны қысқы жұмысшылармен қамтамасыз етудің осындай әдісі оған барлығынан да «қыйсынды» болып көрінеді. Тө-

менгі кластардың шәкірттері жұмыс істемейді, олай болса, тамақты тегін ішіп және оқуды тегін оқыйды, гимназияның бұған шығарған шығыны үшін ешнәрсе төлемейді. «Егер бұл осылай болса, онда оқуды бітіргеннен кейін осы шығынды жұмыс істеп өтеу оның тікелей міндеті емес пе? Оқу ақысын төлей алмайтындардың әрқайсысы үшін әбден ойластырылып, біржола анықталған бұл міндет аркасында гимназия шаруашылығы өзіне керекті қысқы жұмысшылар контингенті мен қосымша жазғы жұмысшылар контингентін тауып алады... Теория жағынан бұл — өте оңай, түсінуге ыңғайлы және тіпті даусыз нәрсе» (205, курсив біздікі). Өзіңіз ойлаңызшы, бұдан «оңай» не болмақшы? Ақшаң бар екен, төле, ал ақшаң жоқ екен, жұмыс істе — мұның өте-мөте «түсінуге қолайлы» екендігін қандай дүкенші болса да қостайды. Оның үстіне бұл қандай тамаша жарамды ақыл! — Бірақ бұл арада «қыялдың» не қатысы бар? Оның үстіне өзінің қыялының негізі еткісі келген ұлы негізгі пікірді Южаков мырза бұл сыяқты жоспарлармен несіне кірлейді?

Ауқатсыз шәкірттердің оқу ақысын жұмыс істеп өтеуі Южаков мырзаның бүкіл жоспарының негізі болып отыр. Рас, ол қысқы жұмысшыларды табудың басқа әдісінде — жалдап алуды да* қостайды, бірақ, оны екінші орынға қояды. Әскер қызметіне бармайтындардың бәрі, яки шәкірттердің $\frac{2}{3}$ сі және қыздардың бәрі оқу ақысын үш жыл бойы (ал қажет болған күнде төрт жыл бойына да) жұмыс істеп өтеуге міндетті. Южаков мырза турадан-тура: «Бүкіл халыққа білім беру — тіпті бастауыш білім де емес, орта дәрежелі білім беру міндетін орындаудың кілті тек осы системада ғана» дейді (207—208). «Гимназияда түпкілікті қалып қойған және оған сіңісіп кеткен (!?) аз ғана тұрақты жұмысшылар контингенті

* «Тәжрибелі және білімпаз қожайын басқарып отыратын, тегікті құралдардың барлығымен жабдықталған және білімді шебер жұмысшылары бар гимназия шаруашылығы табысты шаруашылық болуға тиіс және өзіне керек жұмысшылар контингентін жалдау шығынын өтейтін болуға тиіс, сол жұмысшылардың кейбір еңбек сіңіргендерін (sic!) (солай! *Ред.*) табыстан үлес алуға қатынастыруға болар еді. Белгілібір мөлшерде, әсіресе сол гимназияның оқуын бітірін шыққан, жері жоқтар жөнінде, сірә, мұны қолдануға да тура келер еді» (204).

гимназия шаруашылығындағы осы жұмысшы күштерін толықтырып отырады. Біздің егіншілік гимназияның мүмкіндігі бар және тіпті де қыялдағы емес жұмысшы күшіміне осындай» (208). Әрине, басқа жұмыстарды да—шаруашылықта жұмыс аз ба? — солар істейді: «Ас пісірушілер мен кір жуушыларға көмектесетін қосымша қызметшілерді, сол сыяқты іс жүргізушілерді де гимназия бітіріп үш жылға қалған жұмысшылардың арасынан оңай таңдап алуға болады» (209). Гимназияға шеберлер де: тігіншілер, етікшілер, ағаш ұсталары және сондайлар керек болады. Әрине, «оларға үш жыл бойына міндетті жұмыс істейтіндерден жәрдемшілер беруге болады» (210).

Ал бұл батрактар (немесе егіншіліктегі гимназистер? шынын айтқанда, мен оларды не деп атарымды да білмеймін) өздерінің еткен еңбегіне не алады екен? Олар өздерінің тіршілігіне керек нәрсенің бәрін алады, «ағыл-тегіл және дәмді тамақ» ішеді. Южаков мырза, «әдетте село жұмысшысына берілетін» тамақтардың мөлшерін алып, соның бәрін дәлме-дәл есептеп шығарады. Рас, ол «гимназияны осылай тамақтандыруды ойламайды» (210), бірақ дегенмен сол мөлшерлерді сол күйінде қалдырады, өйткені гимназистер мұнан басқа өз жерінен картофель, бұршак, чечевица жыйнап алады ғой, өсімдік майын алу үшін зығыр және күнбағыс егеді ғой, сонсын жай күндері жарты қадақтан ет жеп және екі стаканнан сүт ішеді ғой. Южаков мырза мұны жай ғана қозғап отыр, тек мысал үшін ғана тізіп айтып отыр, деп ойлай көрмеңіз, оқушы. Жоқ, ол барлығын толық есептеп шыққан — бұзау, баспак, тайыншалардың санын да, аурулардың шығынын да, кұстардың жемін де есептеп шыққан. Ол асханадағы жуындыны да, өкпе-бауыр, қарын-қатпаршақты да, овощтың қабықтарын да ұмытпаған (212). Ол ешнәрсені де қалдырмаған. Одан кейін сыртқы киім мен аяқ киімді гимназияның өзінде өз кұралдарымен жасап шығаруға болады, дейді. «Бірақ көйлек-көншекке, төсек-орынға, орамал-дастарханға және жазғы киімге керекті мата мен қысқы киімге керекті қалындау матаны және қыс киетін сырт киім тігу үшін қой терісі болса да, теріні, әрине, сатып алу керек болады. Әрине, барлық оқытушылар мен қызметкерлер үй ішімен өздеріне керек затты өздері

табуға тиіс, алайда олардың мастерскойлармен пайдалануына мүмкіншілік беруге болады. Ал оқушылар мен үш жылға қалған жұмысшылардың өзі үшін бұл шығынды сараңдық етпей-ақ жылына 50 сомнан немесе жыл сайын бүкіл оқу орнына 60 000 сомдай етіп белгілеуге болады» (213).

Біздің халықшылдың іскерлігіне шын мағнасында жанымыз ашый бастады. Тек ойлап қараңызшы: «біз», «қоғам», еңбекті осындай керемет етіп ұйымдастырамыз, халыққа жалпыға бірдей орта білім береміз, оның үстіне осының бәріне ешқандай шығын шықпайды, сонымен бірге салт-сана жағынан орасан зор олжаларға ие болып шығады! Тамақ қожайыннан болғанда жылына 61 сомнан кемге* жұмыс істеуге өздерінің надандығынан, арсыздығынан және тағылығынан көнбейтін «біздегі» қазіргі село жұмысшылары гимназия бітірген білімді батрактардың жылына 50 сом алып жұмыс істейтінін көргенде, бұл оларға қандай тамаша сабақ болады десейші. Өзінің жоспарының теориялық негіздері өте-мөте «түсінуге ыңғайлы» деген Южаков мырзаның пікіріне енді, тіпті Коробочканың өзі де қосылатындығына сенуге болады.

V

Гимназиялардың шаруашылығы және оларды басқару ісі қалай жүргізіледі екен? Жоғарыда көргеніміздей, шаруашылық аралас болады: шінара өзіндік, шінара ақшалы шаруашылық болады. Бұл маңызды мәселе жөнінде Южаков мырзаның барынша толық нұсқаулар беретіндігі анық. Кітабының 216-бетінде ол әрбір гимназияға 160—170 мың сом ақша, олай болса, барлық 15—20 мың гимназияға үш миллиард сомдай ақша керек болатынын статья-статьяға жатқызып дәлме-дәл есептеп шығарған. Әрине, олар егіншілік өнімдерін сатып, солардан ақша түсіретін болады. Біздің автордың көрегендігі сонша — ол мұны есептегенде осы кездегі товарлы-капиталистік шаруашылықтың жалпы жағдайларын еске алады: «Қа-

* Егіншілік пен село өнеркәсібі департаментінің мәліметтері бойынша, Европалық Россияда село жұмысшысының жылдық орташа жалақысы 61 сом 29 тыйын (1881—1891 жылғы 10 жыл ішінде), ал тамағы 46 сом болады.

ла төңірегіндегі немесе темір жол станцияларына жақын жердегі, ірі орталықтарға жақын жолдардың бойындағы гимназиялардың типі мүлде басқаша болуға тиіс. Огород, бау-бақша, сүт шаруашылығы мен қолөнер кәсібі мұнда толығынан егіншіліктің орнына жүре алады» (228). Демек, сауда жағы да олқы болмайды. Саудамен кім айналысатынын автор айтпайды. Гимназияның педагогтер кеңестері шінара сауда кеңестеріне де айналады, деп шамалау керек. Гимназиялардың банкроттыққа ұшырай қалған кездерінде не істеу керек екендігін және олардың тегінде сауда жұмысын жүргізе алатын-алмайтындығын, сірә, скептиктердің білгісі келетін болар. Бірақ, бұл, әрине, орынсыз байланғандық болар еді: қазір білімсіз купецтер де сауда жүргізе біліп отырғанда, бұл істі біздің интеллигенттік қоғамның өкілдері қолға алған күнде, оның табысты болып шығатындығына күмандануға бола қояр ма екен?

Шаруашылық жүргізу үшін гимназияларға жердің өзі керек. Южаков мырза былай деп жазады: «Егер де бұл пікірді іс жүзінде сынауға тура келетін болса, онда тәжірибе жасау үшін тұңғыш рет ашылған осындай егіншілік гимназиялар 6 мыңнан 7 мың десятинаға дейін жер үлесін алуға тиіс болар еді... деп ойлаймын» (228). 109 миллион халыққа — 20 000 гимназияға — 100 миллион десятина шамасындай жер керек болар еді, бірақ егіншілік еңбегімен шұғылданатын небары 80 миллион ғана халық бар екенін ұмытпау керек қой. «Тек солардың балалары ғана егіншілік гимназияларынан өткізіліп отырылуға тиіс».

Ал сонсын тағы да әртүрлі категорияға қосылатын 8 миллиондай халықты* шығарып тастау керек, сонда 72 миллион қалады. Оларға тек 60—72 миллион десятина жер керек. «Әрине, бұл да көптік етеді» (231), бірақ

* Егіншілік гимназияларынан босатылатын осы бақыттылар категориясының толық тізімі мынау: «ауқаттылар, түзетілудегі адамдар, мұсылмандардың қыздары, ұсақ бұратаналар, фанатик сектанттар, соқырлар, сақау-саңыраулар, есуастар, жындылар, ұзақ ауырушылар, жұқпалы аурулар, қылмыстылар» (231). Осы тізімді оқып шыққан кезде, япырмай, ең болмаса өзіміздің жақын адамдарымызды бостандық алушылардың санына қалай қосар екенбіз, деп қатты уайымдадық! — Бірінші категорияға ма? — бұған сірә ақша жетпес!

Южаков мырза бұған қымсынбайды. Қазнаның жері де кеп қой, бірақ қолайсыз өңірде жатқан жер. «Мәселен, солтүстік Полесьеде осындай жерлердің 127,6 миллион десятинасы бар, сондықтан бұл өңірде, керек болған жерінде, жеке меншіктегі жерлер мен тіпті шаруалардың жерлерін де мектептерге беру мақсатымен, оларды қазна жерлеріне айырбастап алу жолын ерекше ұғынып алғаннан кейін, біздің егіншілік гимназияларын жермен тегін қамтамасыз ету қиын болмас еді. Сол сыяқты»... оңтүстік-шығыста да «істің жайы жақсы болып отыр» (231). «Жақсы»... екен-ау! онда оларды Архангельск губерниясына жіберу керек қой! — Рас, ол губерния осы кезге дейін көбінесе жер аударылғандарды жіберетін орын болып келді, сондықтан қазна ормандарының, аса көбі онда тіпті «реттелінбеген» де, — бірақ бұл дәнеме етпейді. Білімді оқытушыларымен бірге гимназистерді сол жаққа жібергеннен кейін, олар сол ормандағы ағаштардың барлығын кесіп, жерді тазартып, мәдени егіс егетін болады!

Ал орталық облыста жерді сатып алуға болады: 80 миллион десятинадан артық емес қой. «Кепілді облигациялар» шығару керек, ал сол облигация бойынша төленетін ақшаларды», әрине, «тегін жер үлесін алған гимназияларға» (232) бөліп салу керек — міне сөйтсе болғаны! Южаков мырза: «ақша операциясының күрделілігінен» қорқатын ешнәрсе жоқ, деп сендіреді. «Ақша операциясы бос үміт, құрғақ қыял емес» (232), дейді. Бұл «шындығында тамаша қамтамасыз етілген кепілдік» болады. Қамтамасыз етілмеген несі қалды! Тек тағы да айтарымыз, бұл арада «қыял» деген сөздің не керегі бар? Ал Южаков мырза осындай жоспарға шаруалардың ризалығын алмақ болғанда — біздің шаруаларды шынымен соншалықты меңреу, соншалықты надан адамдар деп есептегені ме?? Жерді сатып алған

Мақұл, әйел балаларды, бәлкім, амалдап мұсылман қыздарына қосуға болар, ал ер балаларды қайту керек? Бір сенетініміз 3-категория Южаков мырзаның журнал жұмысындағы серігі Михайловский мырзаның П. Б. Струвені қазірдің өзінде-ақ бұратаналардың қатарына қоса қойғаны жұртқа мәлім, сондықтан ол біздің жақын адамдарымызды егіншілік гимназияларынан құтқару үшін, біздің бәрімізді де ең болмағанда «ұсақ бұратаналарға» қосып, жарылқай көрсе жарар еді!

төлемдерді де, «алғашқы керек-жарақтарды алуға арналған заемның төлемдерін» де төлеуіңіз керек*, бүкіл гимназияны да асырауыңыз керек, барлық оқытушылардың жалақысын да төлеуіңіз керек, ал осылардың бәрін үстіне тағы да (яғни жалақы беріп *оқытушылар жалдағаныңыз үшін бе?*) үш жыл жұмыс істеуіңіз керек! Білімді «халықшыл» мырза, мұныңыз тым артық болмас па екен? «Р. Богатство» журналында 1895 жылы жарыққа шыққан өзіңіздің еңбегіңізді 1897 жылы қайта бастырығанда, сіздер барлық халықшылдарға тән түрлі ақша операциялары мен сатып алу істерін ұнатушылықтың өздеріңізді қайда апара жатқанын ойладыңыз ба? «Мемлекеттен, земство мен халықтан ешқандай шығын шығармай» бүкіл халыққа білім беруге уәде берілгені есіңізде болар, оқушы. Ал біздің данышпан финансист, шынында, мемлекеттен де, земстводан да бір де сом талап етпейді. Ал «халықтан» ше? Немесе, дәлірек айтқанда, *ауқатсыз шаруалардан* ше?**. Олардың ақшаларына жер де сатып алынады, гимназиялар да орнатылады (өйткені олар бұған жұмсалған капиталдың өсімін және оны кері қайтару төлемін төлейді, оқытушыларға жалақыны да солар төлейді, барлық гимназиядағыларды да солар асырайды. Оның үстіне міндетті жұмыс істейді. Ал мұны не үшін істейді десеңізші! — Төменгі кластарда гимназистер өзінің оқуы мен киім-тамағына ақша төлемегені үшін, деп жауап береді қарыспа финансист (204). Бірақ, 1-ден, жұмыс жасында еместерге «гимназияның даярлық кластары мен алғашқы екі кластарындағы» (206) балалар ғана жатқызылған, одан кейінгілері жартылай жұмысшылар болады. Ал, 2-ден, бұл балаларды олардың ағалары асырайды ғой, інілерін оқытқаны үшін оқытушылардың жалақысын да солар төлейді ғой. Жок, Южаков мырза, мұндай жоспарды қазір түгіл, Аракчеев заманында да мүлде жүзеге асыруға болмас еді, өйткені бұл шынында нағыз крепостниктік «қыял».

Гимназияларды басқару ісіне келсек, Южаков мырза

* 216-бет. Әрбір гимназиядан 10 000 сом.

** Өйткені ауқатты шаруалар есептеп шығарылып отыр. «Ауыл-шаруашылығындағы халықтың бірсыпырасының балаларын қалалардағы ақы төленетін орта мектептерге беруді артық көретіндігі» (230) Южаков мырзаның өзі де сезеді. Қалайыпша артық көрместігі

нуға бола ма (?); бұл шәкірттер бүкіл оқу орнын өздері асырап және оны 23—25 жастарында бітіріп шығады ғой, бұлар тек «гимназистер» ғана емес, сонымен қатар *азаматтар* ғой. Осы ұсақ-түйекті біздің халықшыл мүлде ұмытып кетіпті! Ал оның есесіне ол жаман мінезді «шәкірттер» жөніндегі мәселені әбден кұнттап қарастырған. «Гимназиялардың төртінші түрін, кәдімгі жай гимназиялардан жаман мінезі үшін шығарылатын оқушыларға арнап ашқан жөн болар еді. Орта дәрежелі білім алуды барлық жастарға міндет еткеннен кейін жаман мінезі үшін бұл міндеттен босату қолайсыз болар еді. Бұл жоғарғы кластағыларды жаман мінезді болуға итерме-легендік және соған қызықтырғандық болып табылар еді. (Құдай ақы, 229-бетте дәл осылай деп жазылған!!) Жаман мінезі үшін шығарылғандарға арнап ерекше гимназиялар ашу бұл системаңы ақылға сыйымды етіп толықтырғандық болар еді». Олар «түзету гимназиялары» (230) деп аталған болар еді.

Білім алудан «босану»... мүмкіншілігіне «қызығатын» зұлымдарға арналған түзету гимназияларымен қосып орыс ұғымындағы осы «ағарту қыялының» ешбір теңдесі жоқ нәрсе екені рас емес пе!?

VI

Өнеркәсіпті басқару жөніндегі бір жобаны, жоба болғанда, меркантилизмді қайта тудырғандық делініп, «отан өнеркәсібін буржуазиялық-төрешілдік-социалистік жолмен ұйымдастырудың» (238-бет) жобасы делініп дұрыс сыйпатталған жобаны оқушылар, бәлкі, ұмытпаған болар. Южаков мырзаның «жоспарын» сыйпаттау үшін бұдан да қыйын терминді қолдануға тура келеді. Бұл жоспарды *крепостниктік-төрешілдік-буржуазиялық-социалистік* эксперимент деп атауға тура келеді. Тіптен өрескел, 4 қабат термин болып шықты, бірақ лажын бар ма? Жоспардың өзі де сондай өрескел ғой. Бірақ оның есесіне бұл термин Южаков мырзаның «қыялының» айрықша белгілерінің бәрін дәлме-дәл суреттейді. Тексеруді 4-қабаттан басталық. «Социализм жөніндегі *ғылыми* ұғымның негізгі белгілерінің бірі — қоғамдық өндірісті жоспар бойынша тәртіпке салып отыру» — деп жаңа ға-

на сөзінен цитата келтірілген автор дұрыс айтады*. «Қыялда» осы белгі бар, өйткені он миллиондаған жұмысшылардың шаруашылығы алдын-ала жалпы бір жоспармен ұйымдастырылады. Қыялдың буржуазиялық сыйпаты бар екендігі құмансыз нәрсе: 1-ден, Южаков мырзаның «жоспары» бойынша, орта мектеп *таптық мектеп болып қала* береді. Мұның өзі, Южаков мырза өзінің бірінші мақаласында таптық мектепке «қарсы» байбалам салған лепірме сөздерінен кейін осылай болып шығып отыр!! Ауқаттылар үшін — біртүрлі мектеп, ауқатсыздар үшін — екінші түрлі мектеп болсын; ақшаң бар екен — оқу ақысын төле, ал ақшаң жоқ екен — жұмыс істе. Ол ол ма: ауқаттылар үшін мектептің «қазіргі түрі» сақталған, біз мұны жоғарыда көрдік те. Мәселен, халық ағарту министрлігінің қазіргі орта мектептерінде, оқуға төленген ақы барлық шығынның 28,7 процентін ғана өтейді; 40,0 процентін қазна береді; 21,8 проценті жеке адамдардың, мекемелер мен қоғамдардың жәрдемінен құралады; 3,1 проценті капиталдың өсімінен құралады және 6,4 проценті басқа жерлерден түседі («Өндіргіш күштер», ХІХ бөлім, 35-бет). Демек, Южаков мырза орта мектептердің таптық сыйпатын *қазіргісінен де күшейте* түскен: оның «жоспары» бойынша ауқатты адамдар өздерінің оқу ақысының 28,7 процентін ғана төлейді, ал ауқатсыз адамдар өздерінің оқу ақысының *барін* төлейді, оның үстіне оқу ақысы үшін жұмыс та істейді! «Халықшылдық» қыял үшін жап-жақсы! 2-ден, жоспарда гимназия қысқы жұмысшыларды жалдап алады, әсіресе жерсіз шаруалардан жалдап алады, деп ұйғарылған. 3-ден, қала мен деревняның арасындағы қарама-қарсылық — қоғамдық еңбек бөлінісінің осы негізі сақталған. Южаков мырза қоғамдық еңбекті жоспар бойынша ұйымдастырмақ болғаннан кейін, оқуды өнімді еңбекпен ұштастыру туралы «кыяли» еңбек жазып отырғаннан кейін, — бұл кайшылықты сақтап қалу қыйсынсыздық болып шығады, бұл қыйсынсыздық өзі тексермек болған нәрсесі туралы біздің автордың түк түсінігі жоқ екенін көрсетеді. Осы кездегі шәкірттердің «ұстазы» түгіл, ескі қыялшылдар да, тіпті біздің орыстың ұлы қыялшысы да⁹⁸ осы қыйсынсыз-

* «Новое Слово». 1897 жылдың апрелі. Ішкі жағдайды шолу

дыққа қарсы пікірлер жазған болатын. Бірақ онда Южаков мырзаның жұмысы жоқ! 4-ден, — ол «қыялды» буржуазиялық қыял деп атау үшін бұл ең үлкен дәлел, — бұл қыялда қоғамдық өндірісті жоспар бойынша ұйымдастыру әрекетімен қатар товарлы өндіріс те сақталған. Гимназиялар рынокке арнап өнім өндіреді. Демек, қоғамдық өндірісті рынок заңдары билейді, бұл заңдарға «гимназиялар» да бағынуға тиісті болады! Онда Южаков мырзаның жұмысы жоқ. Оның: осы өндірісті қайдағыбір рыноктің заңдары билейді дегенді қайдан алдыңдар? Мұның бәрі бұйым емес! Өндірісті рыноктің заңдары билемейді, егіншілік гимназияларындағы директор мырзалардың бұйрықтары билейді. Voilà tout* деуі де мүмкін—Южаков мырзаның қыялындағы гимназияларының таза төрешілдік жолмен құрылғаны туралы біз жоғарыда айтқан болатынбыз. «Ағарту жөніндегі қыял» осы кездегі халықшылдардың «демократизмінің» қаншалық терең екенін орыстың сауатты жұртшылығына көрсетіп, оларға пайдалы қызмет етер деп сенуге болады. — Ауқатсыздардың оқу ақысын жұмыс істеп өтеуі — Южаков мырзаның «жоспарындағы» крепостниктік белгі болып табылады. Егерде бұл сыяқты жобаны тыянақты буржуаз жазса, оның жобасында 1-қабат та, 2-қабат та болмаған болар еді, сонымен бірге ол жоба мынадай халықшылдық қыялдан әлдеқайда жоғары және әлдеқайда пайдалы болған болар еді. Жұмыспен өтеу — крепостниктік құрылыстың шаруашылық негізі. Капиталистік құрылыста ауқатсыз адам, күн көруіне керекті затты сатып алу үшін, өзінің жұмыс күшін сатуға тиісті. Ал крепостниктік құрылыста ауқатсыз адам күн көруі үшін помещиктен алған заттарын жұмыс істеп өтеуге тиісті. Жұмыспен өтеу жұмысты зорлап істетуді, жұмыс істеушінің толық праволы болмауын, «Капиталдың» авторы „ausserökonomischer Zwang“** (III, 2, 324) деп атаған нәрсенің болуын ығлажсыз керек қылады. Сондықтан Россияда да, жұмыс істеп өтеу бұрыннан сақталғандықтан және күні бүгінге дейін сақталып келе жатқандықтан, шаруаның азаматтық жағынан толық праволы болмауы, жерге жіпсіз

* — Бар болғаны осы. *Ред.*

** — экономикадан тыс зорлау. *Ред.*

байлаулы болуы, ұрып-соғу жазасы, жұмысқа беру правосы әлгі жұмыс істеп өтеудің қажетті қосымшасы болып табылады. Южаков мырза жұмыс істеп өтеу мен толық праволы болмаушылықтың арасындағы осы байланысты түсінбейді, бірақ өзі «ұқыпшыл тәжрибешіл» адам болғандықтан, ол гимназистердің оқу ақысын жұмыс істеп өтеуі тұсында, білім алудан қашқысы келетіндерге түзету гимназияларын ашу пайдасыз болмайтындығын; жасы үлкен «гимназист»-жұмысшылар шәкірт балалардың күйінде қалуға тиіс екендігін сезеді.

Сонымен, біздің қыялшылға өзінің шығармасының алғашқы үш қабаты неменеге керек болды екен? деген сұрау туады. Төртінші қабатын қалдырса да болатын еді, — онда оған қарсы ешкім де бір ауыз сөз айта алмас еді, өйткені өзінің «қыял» жазғандығын оның өзі де алдын-ала турасынан айтты ғой! Бірақ, оның Kleinbürgerлік сыры дәл осы арада ашылып қалды. Бір жағынан қарағанда, «қыял» да жақсы нәрсе, ал екінші жағынан, интеллигент ханымдар үшін оқытушылық ақы да жаман нәрсе емес. Бір жағынан — «халықтан ешқандай шығын шықпайды», ал екінші жағынан — жоқ, тоқтай тұр шырақ, қарызды өсімімен толық төле, оның үстіне тағы үш жыл жұмыс істеп өте. Бір жағынан, тап-тапқа бөлінудің зыяндылығы және хауіптілігі туралы лепірме тақпақты, ал екінші жағынан — таза таптық «қыялды» көреміз. Kleinbürger біткеннің дүнпеге көзқарасының мәні — ескі мен жаңаның арасында осындай мәңгі ауытқы беретіндікте, осындай өз қарабасынан өзі асып түсуге, яғни тап біткеннің бәрінен жоғары болуға демеленетіндікте болып отыр.

* * *

Оқушы, Сергей Шарапов мырзаның: «Орыстың селолық қожайыны: «Россияда шаруашылықты жаңа негізде құру жөнінде бірнеше пікір» (1894 жылғы «Север» журналына тегін қосымша) СПб. 1894 жыл — деген шығармасымен таныстығыңыз бар ма? Біз жалпы «Р. Богатствоның» қызметкерлеріне, оның ішінде Южаков мырзаға осы шығармамен танысуға өте-мөте кеңес берер едік. Бұл шығарманың бірінші тарауы: «Орыс шаруа-

шылығының адамгершілік негіздері» деп аталған. Бұл тарауда автор «халықшылдыққа» өте жақын тұрған идеяларды — Россияның Батыстан мейлінше айырмашылығы бар екендігі туралы, Батыста жалаң саудагершілік есеп-қыйсаптың басымдылығы туралы, ондағы қожайындар мен жұмысшылардың адамгершілікке байланысты мәселелердің ешқандайын білмейтіні жөніндегі идеяларды айта береді. Қайта, Россияда 1861 жылы шаруаларға жер берудің арқасында «олардың өмір сүруіне Батыстағыдан мүлде басқаша мақсат белгіленді» (8). «Біздің жер алған шаруа үшін тіршілік етудің өзіне тән дербес мақсаты пайда болды» дейді. Бір сөзбен айтқанда, Николай — он мырзаның анағұрлым айқын айтқанындай, халық өндірісіне жол берілген еді. Өзінің пікірін кеңейте келіп, Шарапов мырза: біздің помещигіміз шаруаның тұрмыс күйінің жақсы болғанын тілейді, өйткені сол шаруа өзінің құрал-сайманымен помещиктің жерін ұқсатып береді, дейді. Ол (помещик) кәсіптің өзіне пайда келтіруінен басқа *адамгершілік жағын* да, *дұрысырақ айтқанда, психологиялық жағын* да ойлайды» (12. Курсив автордікі). Солай деп келеді де, Шарапов мырза лепіріп (оның лепіруі Южаков мырзаның лепіруінен кем соға қоймас), бізде капитализмнің болуы мүмкін емес дегенді айтады. Бізде капитализм орнына «төре мен мұжықтың бірлігі» (Шарапов мырзаның кітабының II-тарауының тақырыбы) болуы мүмкін және болуы керек те, дейді. «Шаруашылық төре мен мұжықтың күшті ынтымағына негізделіп құрылуға тиіс» (25): төре мәдениет орнатуға тиіс, ал мұжық... мұжық, әрине, жұмыс істеуге тиіс! Сөйтіп, Сергей Шарапов мырза, «ұзақ және ауыр хателерден кейін», ақырында келіп өзінің иелігінде» төре мен мұжықтың жоғарыда айтылған бірлігін» (26) жүзеге асырады. Ол тиімді ауыспалы егіс, тағы басқа сондай шаралар енгізді, ал шаруалармен мынадай шарт жасасты: шаруалар помещиктен шабындық, жайылымдық және егістік жер, оның үстіне пәлендей десятинаға себетін тұқым алады, т. б. Ал шаруалар помещиктің шаруашылық жұмыстарының бәрін (көңтөгу, фосфорит шашу, жер айдау, егін шашып, егін жыйнау, «менін қамбама» әкеліп төгіп беру, астықты бастырып беру, т. т., астықтың әртүрінен пәлендей десятина-

дан) істеп беруге, онан кейін мұның үстіне әуелі 600 сом, онан кейін 800, 850, 1100, ақырында 1200 сом (яғни жыл сайын қосыла береді) төлеуге міндетті болады. Бұл ақшаларды... Дворяндар банкісіне өсім төлеуге сәйкес бөліп төлеуге болады (36-және кейінгі беттері). Автордың «селолық қауымды әбден көзі жетіп қостайтыны» (37) өзінен өзі түсінікті. Біз: «түсінікті» деп отырмыз, өйткені шаруаларды үлесгі жеріне жіпсіз байлау туралы және шаруалар қауымының сословиелік тұйықтығы туралы заңдар болмаса шаруашылықтың мұндай түрлерін құру мүмкін болмас еді. Шаруалардың төлем төлеуін қамтамасыз ету үшін Шарапов мырзаның ойынша «өзі қатнаспаған жерде даяр өнімдерді сатуға рұхсат етілмеуі керек, осының нәтижесінде мұның бәрі сөзсіз төренің қамбасына төгіліп, жыйналатын болады» (36). Кедейлерден төлем алу өте қиын болғандықтан, Шарапов мырза былай еткен: ол бұл төлемдерді бай шаруалардан алатын болады: бұл бай шаруалар бір топ әлсіз шаруаларды өзіне қаратып, сол артельге өзі бас болып алады да (38), ақшаны помещикке сөзсіз төлеп тұратын болады, өйткені олар бұл ақшаны өнімдерін сатқан кезде кедейлерден әрқашан алып отыра алады (39). «Көп кедейлерге, әсіресе, семьясы шағын кедейлерге менің жұмысымды істеу өте ауыр тиеді. Оларға барынша күш салып, аянбай жұмыс істеуге тура келеді, ал жұмыстан бас тартуға болмайды, жұмыстан бас тартқан үй иесінің малын шаруалар малға қостырмайды. Мен де қоспаймын, шаруалар маған осыны міндет етеді, сондықтан кедей тілесе де, тілемесе де жұмыс істейтін болады. Бұл, әрине, өзінің көріне зорлық іс, бірақ мұның нәтижесінде не болатынын білесіз бе? Аренда алғанның соңынан бір екі жыл өткеннен кейін, — кедейдің қазнаға беретін борышының төленіп қалғанын, кепілге салған заттарының төленіп алынғанын, басы артық тыйын-тебені жыйнала бастағанын, үйін қайта салғанын көресіз... қарап тұрсақ! ол кедейліктен де мүлде құтылған болып шығады» (39). Солай дей келіп, Шарапов мырза «өзінің» шаруаларының («менің шаруаларым» дегенді ол әлденеше рет айтады) гүлденіп бара жатқанын, «шаруалардың өздері түк істей алмай отырғанда» (35) ол мәденнет орнатып, жоңышқа ектіріп, фосфорит гөктіріп, тағы басқа сондай жұмыстар істеп

жатқанын «айтып мақтанады». «Бұлай болғанда жұмыстың бәрі менің бұйрығым мен нұсқауым бойынша істелуге тиіс. Егістің күндерін, көң төгетін, шөп шабуға шығатын күндерді мен белгілеймін. Жаздың басынан аяғына дейін бізде крепостниктік право қайта орнағандай болады, тек, әрине, тұмсыққа ұру, ат қорада дүре соғу ғана болмайды» (29-бет).

Көріп отырсыздар, ақкөңіл қожайын Шарапов мырза оқымысты публицист Южаков мырзаға қарағанда пікірін ашығырақ айтады. Ал, алғашқысының иелігі мен соңғысының қыялындағы шаруашылық түрлерінің арасындағы айырма зор ма? Бұлардың екеуінде де, істің барлық мәні жұмыс істеп өтеуде; бұлардың екеуінде де не «қауымды» бөлп отырған байлардың қысымы арқылы, не түзету гимназиясына бермек болып қорқыту арқылы жұмысты зорлап істейтінін көріп отырмыз. — Оқушының: Шарапов мырза өзінің бас пайдасы үшін шаруашылық жүргізеді, ал Южаков мырзаның қыялындағы чиновниктер жалпы жұрттың игілігі үшін шаруашылық жүргізеді ғой? — деп қарсы шығуы мүмкін. — Ғапу етіңіз. Шарапов мырза адамгершілік хақы үшін шаруашылық жүргізетінін, табысының тең жартысын өзінің шаруаларға беретінін, тағысын тағыларын тура ашып айтып отыр, сондықтан Южаков мырзаға сенгенде, біздің оған онша сенбеуге правомыз да жоқ, дәлеліміз де жоқ, өйткені Южаков мырза да өзінің қыялындағы оқытушыларын тіпті де қыялдағы емес «табысы мол орынмен» қамтамасыз етіп отыр ғой. Ал егер бірер помещик Южаков мырзаның ақылын алып, өзінің жерін егіншілік гимназия құруға берсе, сөйтіп Дворяндар банкісіне төлеу үшін «гимназистерден» өсім алып отырса (Южаков мырзаның өз сөзімен айтқанда «тамаша қамтамасыз етілген кепілдік»), — онда айырма түгелінен дерлік жойылады. Әрине, «ағарту мәселесі» жағынан орасан зор айырма болады, бірақ, кұдай үшін, өзіңіз айтыңызшы: Сергей Шарапов мырза да 60 сомға білімсіз батрақ жалдағаннан гөрі, 50 сомға білімді батрақ жалдағанды артық көрмей ме?

Міне енді орыс шәкірттердің (жалаң орыс шәкірттердің ғана емес) еңбек мүддесі үшін, Шарапов мырзалардың шаруашылығы мен Южаков мырзалардың «қыял-

дары» туғызатын ескіліктің қалдықтарына қарсы шығып, тыянақты буржуалар мен тыянақты буржуазиялық идеяларды қолдау қажет деуінің мәнісі қалай екенін Мануилов мырза енді де түсінбесе, ол уақытта онымен біздің тіпті түсінісуіміз де қыйын болатынын мойындамасқа болмайды, өйткені біздер, сірә, әртүрлі тілде сөйлесіп отырған болармыз. Гогольдің шығармасындағы бір бойжеткен қыз бір жігітке, екінші бір жігіттің мұрнын алып жапсырғысы келген екен; сол сыяқты Мануилов мырза Михайловский мырзаның: жақсылықты одан да, бұдан да алып қалу керек дейтін әйгілі рецепті бойынша байымдайтын болса керек. Ал біздіңше бұлай байымдау — біздің тұрмысымызда толық қалыптанып болған және біздің көз алдымызда өтіп жатқан тарихи дамудың барысында белгілі бір қалыпты орын алған белгілі таптардан жоғары көтерілуге дәмеленген Kleinbürger-дің кісі күлерлік есек дәмесі ғана сыяқты. Осылайша байымдаудан табиғи түрде және сөзсіз туатын «қыялдар» қазірде күлкілі нәрсе емес, зыянды нәрсе, әсіресе, олар тіпті жүгенсіз төрешілдік өтірікке бастап отырғанда өте-мөте зыянды нәрсе болады. Россияда мұндай оқыйға өте жиі сезіліп отыр, оның себебі де толық түсінікті, бірақ ол оқыйға тек Россияда ғана емес. Өзінің: „Essais sur la conception matérialiste de l'histoire“ (Paris, Giard et Brière, 1897)* деген тамаша кітабында Антонио Лабриола Пруссияны есте сақтап: мұнан жарты ғасыр бұрын «ұстаздар» күрескен қыялдардың зыянды түрлеріне қазір тағы бір қыял: «төрешілдік, фискальдық қыял, есуастардың қыялы» (l'utopie bureaucratique et fiscale, l'utopie des crépins. Page 105, note) қосылды дегенде, ол мұны теккө айтқан жоқ.

VII

Қортындымызда тағы да бір рет ағарту мәселелеріне қайтып оралайық, — бірақ осы тақырыппен жазылған Южаков мырзаның кітабына оралмаймыз. Бұл тақырыптың өте кең екені, өйткені ағарту мәселелерінің тіпті де мектеп мәселелерімен бітпейтіні, ағарту жұмысының

* — «Тарихты материалистік жолмен ұғынудың очерктері» (Париж, Жиар мен Бриердің бастырғаны, 1897). Ред.

тіпті де мектеппен аяқталмайтыны жоғарыда айтылды. Егер Южаков мырза «ағарту мәселелерін» шынында принцип жағынан алып және түрлі таптардың арасындағы қатнастарды тексере отырып қойған болса, онда ол еңбекшілер бұқарасын ағарту мәселесінде Россияның капиталистік дамуының алатын орны жөніндегі мәселеге соқпай кете алмаған болар еді. Бұл мәселені «Рус. Богатствоның» басқа бір қызметкері, Михайловский мырза, журналдың 1897 жылғы 11-номерінде сөз қылды, Novus⁹⁹ мырзаның: Маркс «деревня тұрмысының мыяулығы»¹⁰⁰ туралы жазудан қорқпады, қорқпауға толық правосы да болды, сонымен бірге «осы мыяулықты қыйрату» ісін капитализм мен буржуазияның еңбегі, деп білді — деген сөздері жөнінде Михайловский мырза былай деп жазады:

«Бұл өрескел (?) сөздерді Маркстің дәл қай жерде жазғанын мен білмеймін»... Маркстің ең басты шығармаларының бірімен (атап айтқанда «Манифестпен») таныс еместігін ерекше мойындағандық! Бірақ мына кейінгі жазғанының онан да бетер өзгешелігі бар: «...бірақ, Александр Македонский атақты батыр болғанмен, орындықтарды сындырудың жөні жоқ екені көптен мәлім нәрсе. Маркс тегінде талғамай сөйлейтін болған, сондықтан бұл жөнде оған еліктеу, әрине, ең болмағанда, ақылға сыйымсыз іс болып табылады. Бірақ сонда да мен Маркстен келтірілген бұл сөздердің тек әншейін бос сөз екеніне көзім жетеді (кұлақ салыңызшы!). Егер Златовратский мырзамен бірге деревня тұрмысының қыйын мәселелерін шешпек болып азаптанған ұрпақ бостан-бос көп хасірет шексе, онда «деревня тұрмысының мыяулығын» жек көретін болып тәрбиеленген ұрпақ та—хасіреті басқаша болғанмен де — көп хасірет шегетін болады»... (139-бет).

Маркстің экономикалық доктринасын қостайтынын әлденеше рет жарыялаған Михайловский мырзаның сол доктринаны мүлде түсінбеуі, сол түсінбеуі себепті, Novus келтірген Маркстің сөздерін — жай әуестенушіліктің, сөзді әншейін талғамай сөйлеудің нәтижесі, жай бос сөз, деп «көзі жетіп» айтуы — Михайловский мырзаға әбден тән нәрсе! Жоқ, олай емес, Михайловский мырза, сіз әбден хателесіп отырсыз. Маркстің бұл сөздері жай

ғана бос сөз емес, оның әрі теория жүзіндегі, әрі практика жүзіндегі бүкіл дүниеге көзқарасының ең негізгі және ең маңызды белгілерінің бірі. Капиталистік дамудың ең ерекше белгілерінің бірі болып табылатын халықтың егіншіліктен өнеркәсіпке, деревнялардан қалаларға ауысу процесінің, процесі болғанда Батыста да, Россияда да байқалып отырған процесінің *Ігері басқандық* екендігін мойындау бұл сөздерде айқын көрсетілген. «Экономикалық романтизмнің сыйпаты жөнінде» деген мақалада, мен Маркстің барлық «шәкірттер» қабылдаған бұл көзқарасының қандай зор маңызы бар екенін, Сисмонди қарттан бастап, Н. — он мырзаға дейінгілердің романтиктік теорияларының бәріне және қандайына болса да ол көзқарастың қалай мейлінше қайшы келетіндігін көрсеттім. Сол мақалада (39-бет¹⁰¹) бұл көзқарасты Маркстің «Капиталда» да (1 Band, 2-te Aufl., S. 527 — 528*), сонымен бірге Энгельстің: «Англиядағы жұмысшы табының халі» деген шығармасында толық айқын айтқаны көрсетілген болатын. Бұған Маркстің: „Der Achtzehnte Brumaire des Louis Bonaparte“ (Hamb. 1885. Cf. S. 98**)*** деген шығармасын да қосуға болады. Бұл екі жазушының екеуі де бұл мәселе жөніндегі көзқарастарын толық баяндаған, әртүрлі себептермен бұл көзқарастарын әлденеше рет қайталап айтқан, сондықтан жоғарыда келтірілген цитатада «мыяулық» деген сөзді жай «өрескел» және «бос сөз» деп жарыялау — тек олардың ғылымымен мүлде таныс емес адамның ғана ойына келуі мүмкін. Ақыр аяғында, Михайловский мынадай фактыны

* — I том, 2-басылуы, 527 — 528-беттері¹⁰². *Ред.*

** — «Луи Бонапарттың онсегізінші Брюмері» (Гамбург. 1885. 98-бетін салыстырып қараңыз)¹⁰³. *Ред.*

*** Әрине, Novus мырза Маркстің шығармаларымен Михайловский мырза соншалықты таныс емес, деп ойламаған болуы керек, әйтпесе ол Маркстің мына сөздерін түгел цитата етіп келтірген болар еді: Die Bourgeoisie hat das Land der Herrschaft der Stadt unterworfen. Sie hat enorme Städte geschaffen, sie hat die Zahl der städtischen Bevölkerung gegenüber der ländlichen in hohem Grade vermehrt und so einen bedeutenden Theil der Bevölkerung dem Idiotismus des Landlebens entrissen. (Буржуазия деревняны қаланың үстемдігіне бағындырды. Ол үлкен қалалар салды, село халқымен салыстырғанда қала халқының санын өте-мөте көбейтті, сөйтіп халықтың едәуірін деревня тұрмысының мыяулығынан кұтқарды. — «Коммунист партиясының манифесі». *Ред.*).

да: бұл жазушылардың жолын қуған адамдардың бәрі әрқашан да, бірсыпыра практикалық мәселелер жөнінде сол ғылымның рухындағы пікірлерді айтқанын, мысалы, көшу-қонуға толық еркіндік болуын қостағанын, жұмысшыға ұлтарактай жер беру немесе жеке үйшік салдырып беру жобаларына қарсы шыққанын да еске түсіре алған болар еді, т. т.

Мұнан кейін Михайловский мырза сол келтірілген тирадада Novus-ты және оның пікірлестерін: қазіргі ұрпақты «деревня тұрмысының мыяулығын жек көретін етіп» тәрбиелейді, деп айыптайды. *Мұнысы жалған*. Егер «шәкірттер» мұқтаждықтан, надандықтан жаншылған деревня халқын «жек көрсе», әрине, оларды кіналауға болар еді, бірақ Михайловский мырза олардың ешқайсысында да мұндай көзқарастың бар екенін дәлелдеп көрсете алмас еді. «Деревня тұрмысының мыяулығы» жөнінде сөз қыла отырып, шәкірттер мұнымен қатар капитализмнің дамуы мұнан құтылуға қандай жол ашатынын да көрсетіп отыр. Жоғарыда, экономикалық романтизм жөніндегі мақалада айтылғанды қайта айтайық: «Егер қаланың басымдығы қажетті нәрсе болатын болса, онда халықты қалаларға тарту ісі ғана бұл басымдылықтың біржақты сыйпатына тоқтау сала алады (шынында да тоқтау салатынын тарих дәлелдеп отыр). Егер қала өзін қалайда артықшылық халге қойса, онда тек деревня халқының қалаларға ағыл-тегіл келуі ғана, егінші халық пен егінші емес халықтың тек өстіп араласып, бірігуі ғана село халқын өзінің дәрменсіз күйінен құтқара алады. Сондықтан, ең жаңа теория романтиктердің реакцияшыл шағымдары мен зарлануларына жауап ретінде, егінші халық пен егінші емес халықтың тұрмыс жағдайларының мұндай жақындасуы, қала мен деревняның арасындағы қарама-қарсылықты жоюға дәл қалай жағдай туғызатындығын көрсетеді»*.

Бұл мүлде «деревня тұрмысының мыяулығын» жек көргендік емес, қайта онан құтылуға жол табуды тілегендік. Мұндай көзқарастардан: «деревня тұрмысының мыяулығынан» құтылудың жолын сол жолдың өзінен және оның келешектегі барысынан іздеу орнына, «отан үшін жол

* Осы томның 247-бетін қараңыз. *Ред.*

іздеуді» ұсынатын ғылымдарды «жек көрушілік» қана туады.

Халықтың егіншіліктен өнеркәсіпке ауысу процесінің маңызы туралы мәселе жөнінде халықшылдар мен «шәкірттердің» арасындағы айырмашылық тек принциптік теория жөніндегі пікір алалығында емес және орыс тарихы мен орыс тұрмысының фактыларына түрліше баға беретіндіктерінде емес, сонымен қатар осы процеске байланысты *практикалық мәселелерді* шешу жөнінде де айырмашылық болып отыр. «Шәкірттер», әрине, шаруалардың қоныс аударуы, деревнялардан қалаларға көшіп-қонуы жөніндегі бұрынғы ескірген қысымдардың бәрін жою керек, дегенді талап етеді, ал халықшылдар болса не осы қысымдарды тура жақтап шығады, не бұл қысымдар жөніндегі мәселеге соқпай ептеп өте шығады (іс жүзінде бұл да сондай жақтағандық болып шығады). Мануилов мырза өзі таңырқайтын мына жағдайды — «шәкірттердің» буржуазия өкілдерімен ынтымаққа келетіндігін осы мысалдардан анықтап түсіне алар еді. Тыянақты буржуа қашанда болса, көшіп-қону жөніндегі сол қысымдардың жойылуын талап етеді, ал жұмысшы үшін — оның зәру мүддесінің өзі-ақ, сол қысымдарды жоюды керек қылады. Демек, бұл жөнде олардың арасында ынтымақ болуы толығынан түсінікті нәрсе және мұндай ынтымақтық болмай қоймайды. Ал, жер қожаларына (шаруашылыққа ұқыпты мұжықтарға дейінгі ірі, ұсақ жер қожаларына) халықтың өнеркәсіпке бұлай ауысуы пайдалы емес, сондықтан, халықшыл мырзалардың теориялары жәрдемге келетін, олар оны жан-тәнін салып тоқтатуға тырысады.

Қорыталық: капитализмнің халықты егіншіліктен ауыстыруы жөніндегі аса зор мәселеде Михайловский мырза Маркстің ғылымдарын мүлде түсінбегенін көрсетті, ал орыс «шәкірттері» мен орыс халықшылдары арасындағы әрі теориялық, әрі практикалық мәселелер жөніндегі тиісті пікір алалығына келгенде ол ешбір мағнасы жоқ кұрғақ сөздерді айтумен өте шықты.

**БІЗ ҚАЙ МҰРАДАН БАС
ТАРТАМЫЗ?**¹⁰⁴

*1897 жылдың ақырында айдауда
жүргенде жазылған*

*Бірінші рет 1898 жылы: Владимир
Ильин — „Экономикалық этюдтер
және мақалалар“ деген жыйнақта
басылған.*

*Жыйнақтың тексті бойынша басы-
лып отыр*

«Русское Богатствоның» 1897 жылғы № 10 де Михайловский мырза «диалектикалық материалистер» туралы Минский мырзаның айтқан пікірін қайталап айтып, былай деп жазады: «бұл адамдардың бұрынғымен ешқандай мирасқорлық байланыс жасағысы келмейтіндігі және мұрадан» (179-бетінде), яғни «60—70-жылдардың мұрасынан» «үзілді-кесілді бас тартып отырғандығы оған (Минский мырзаға) мәлім болуға тиіс», бұл мұрадан В. Розанов мырза 1891 жылы «Московские Ведомстиде» (178-беті) ада-жұда бас тартқан болатын.

Михайловский мырзаның «орыс шәкірттері» жөніндегі бұл пікірінде жалған нәрселер толып жатыр. Рас, «орыс шәкірттерінің мұрадан бас тартуы» жөніндегі бұл жалған пікірдің Михайловский мырза бірден-бір және өзалдына жеке авторы емес, — бұл жалған пікірді, «шәкірттерге» қарсы күресіп, либералшыл-халықшыл баспасөз өкілдерінің барлығы да дерлік әлдеқашаннан қайталап келеді. «Шәкірттерге» қарсы жүргізген өзінің қатты күресінің бас кезінде Михайловский мырзаның ойында, менің білуімше, бұл жалған пікір бола қоймаған, шындығында оны одан бұрын басқалар ойлап шығарған. Соңынан ол сол жалған пікірді де қағып ала қоюды жөн тапқан. «Шәкірттер» орыс әдебиетінде өз көзқарастарын неғұрлым ілгері дамытқан сайын, бірсыпыра әрі теориялық, әрі практикалық мәселелер жөнінде олар неғұрлым толық, неғұрлым байымды пікірлер айта түскен сайын, — соғұрлым жат баспасөздің бетінде жаңа бағыттың негізгі пункттеріне қарсы, орыс капитализмінің прогресті-

гі жөніндегі көзқарасқа қарсы, халықшылдардың ұсақ өндірушіні дәріптеуінің сорақылығы, қоғамдық ой-пікір ағымдарының және заң-саяси мекемелерінің себептерін орыс қоғамының түрлі таптарының материалдық мүдделерінен іздеудің қажеттігі туралы көзқарасқа қарсы шығушылық бірден бірге сирек кездесетін болды. Бұл негізгі пункттер бүркеліп келген, жұрт оларды әңгіме қылмауды тәуір көрген және тәуір көріп те жүр, — ал оның есесіне жаңа бағыттың беделін түсіруді көздеген өтіріктер соғұрлым көп айтылып жүр. Осындай ойдан шығарылған өтіріктерге, «нашар өтіріктерге», «Орыс шәкірттерінің мұрадан бас тартуы» жөніндегі, олардың орыс қоғамының алдыңғы катардағы таңдаулы бөлімінің таңдаулы дәстүрлерінен қол үзісуі жөніндегі, олардың демократиялық байланысты үзуі жөніндегі, т. т. және т. с. жөніндегі, мұны қалай атайым десе, солай атасын, осы көп айтылып жүрген бос сөздер де қосылады. Мұндай бос сөздердің жұрт арасына төтенше көп таралуы бізді оларға толық тоқталып тексеруге және оларды теріске шығаруға мәжбүр етеді. Біздің баяндауымыз бос сөз болып шықпау үшін біз әңгімені «мұраны» сыйпаттау үшін алынған «деревняның» екі «публицистінің» арасындағы бір тарихи-әдеби теңестірмеден бастаймыз. Ескерте кетейік, біз тек экономикалық және публицистік мәселелермен ғана тынып, бүкіл «мұрадан» осы мәселелерді ғана тексеріп қарап, философиялық, әдебиет, эстетика, тағы басқа мәселелерді шет қалдырамыз.

I

«МУРА» ӨКІЛДЕРІНІҢ БІРІ

Бұдан отыз жыл бұрын, 1867 жылы, «Отечественные Записки» деген журналда Скалдиннің: «Аулақ түкпірде және астанада» деген атпен публицистік очерктері басыла бастады. Бұл очерктер үш жыл бойы, 1867—1869 жылдары, басылған. 1870 жылы автор оларды жыйнастырып, дәл сол атпен жеке кітап етіп шығартты*. Қазіргі кезде

* Скалдин, «Аулақ түкпірде және астанада», СПб. 1870 (451-бет). Жаңағы аталған жылдарда басылып шыққан «Отеч. Записки»-дің номерлері қолымызға түспегендіктен, осы кітабымен ғана қанағаттандық.

мүлде ұмытылып кетті деуге болатын бұл кітаппен танысу біздің білгіміз келетін мәселе жөнінде, яғни «мұра» өкілдерінің халықшылдарға және «орыс шәкірттеріне» көзқарасы туралы мәселе жөнінде өте-мөте сабақ аларлық нәрсе. Кітаптың аты дәл емес. Мұны автордың өзі сезіп, кітабына жазған алғысөзінде, өзінің алған тақырыбы — «астананың» «деревняға» қатысы, яғни деревняның публицистік очерктері екендігін, сондықтан астана жөнінде айрықша әңгіме етпейтіндігін түсіндіріп шығады. Яғни әңгіме еткісі келер еді-ау, бірақ мұны ыңғайсыз көреді: осы ыңғайсыздықты түсіндірмек болып Скалдин: $\omega\varsigma \delta\acute{\upsilon}\nu\alpha\mu\alpha\iota$ — $\omega\acute{\upsilon} \beta\omicron\upsilon\lambda\omicron\mu\alpha\iota$, $\omega\varsigma \delta\grave{\epsilon} \beta\omicron\upsilon\lambda\omicron\mu\alpha\iota$ — $\omega\acute{\upsilon} \delta\acute{\upsilon}\nu\alpha\mu\alpha\iota$ (қолымнан келгенді өзім қаламаймын, ал қалағанымдай ету қолымнан келмейді) деп, бір грек жазушысының сөзін келтіреді.

Скалдинның көзқарастарын қысқаша баяндап шығайық.

Шаруа реформасынан, — экономикалық және публицистік мәселелер жөніндегі өзінің жалпы көзқарастарын баяндағысы келген әрбір адам осы күнге дейін сөзсіз осыны негізге алуға тиіс, — осы бастама пункттен бастайық. Скалдинның кітабында шаруа реформасына аса көп орын берілген. Скалдин орасан көп фактылардың және бүкіл деревня өмірін толық тексеріп қараудың негізінде, реформа жүргізілгеннен кейінгі шаруалардың ауыр күйін, олардың тұрмысының нашарлағандығын, олардың экономика, заң және тұрмыс жағынан тәуелділігінің жаңа түрлерін үнемі көрсеткен — қысқасы, күні бүгінге дейін сан зерттеулер мен баяндаулар арқылы егжей-тегжейіне дейін қалмай дұрыс көрсетіліп, дәлелденген нәрселердің бәрін де көрсеткен тұңғыш жазушы болды деуге тұрады. Қазірде бұл ақыйқаттың бәрі жаңалық емес. Ал ол кезде бұлардың жаңалық болғаны былай тұрсын, қайта сонымен қатар либералдық қоғамда сенімсіздік тудырған, бұлар «реформаның кемістіктері» деген бұл пікірлерінің астарында реформаны мінеушілік және жасырын крепостниктік жок па екен деп хауіп қылды. Скалдин көзқарастарының маңызын күшейтетін тағы бір нәрсе — автор реформаның тұсында болған адам (мүмкін, реформаға қатысы да болған шығар. Біздің қолымызда Скалдин жөнінде ешқандай тарихи-әдеби мәліметтер, биография-

лық ақпарлар жоқ). Олай болса, оның көзқарастары кітап материалдарын кабинетте отырып зерттеуге негізделмей, сол кездегі «астананы» да, сол кездегі «деревняны» да тікелей бақылауға негізделген.

Скалдинның шаруа реформасы жөніндегі көзқарастарында осы тақырып жөнінде халықшылдардың дәмді ертегілерін тындап дағдыланған осы күнгі оқушының бәрінен бұрын назарын аударатын нәрсе — автордың төтенше *айықтылығы*. Скалдин реформаға өзін ешбір алдауға бермей қарайды, оны ешбір дәріптемей қарайды, екі жақтың, помещиктер мен шаруалардың арасында болған келісім деп қарайды; бұлар күні бүгінге дейін белгілі шарттармен жерді ортақ пайдаланып келіп, оны міне енді бөлісті, ал оның бер жағында, жерді бөлісумен екі жақтың да заң жүзіндегі алатын орны да өзгерді. Бұл бөлістің жолын және әрбір жақтың алған үлесінің мөлшерін белгілейтін фактор — тараптардың мүдделері. Бұл мүдделер екі жақтың да тілектерін көрсетті, ал реформаның өзіне және оны жүзеге асырудың түрліше мәселелерін іс жүзінде дамытуға тікелей қатысуға бір жақтың мүмкіндік алуы, дұрысында, бір жақтың басымдылығын көрсетті. Міне Скалдин реформаны дәл осылай түсінеді. Реформаның басты мәселесіне, — үлестер мен төлемдерге, Скалдин өте-мөте толық тоқталып, өзінің очерктерінде оларға талай рет оралады. (Скалдинның кітабы II очеркке бөлінеді, түрі жағынан деревнядан келген жеке хаттар сыяқтанып, бұл очерктердің әрқайсысының өзінше бөлек мазмұндары бар. Бірінші очеркке 1866 жыл деп белгі қойылған, соңғысына — 1869 жыл деп белгі қойылған). «Жері аз» шаруалар делінетін шаруалар жөнінде Скалдинның кітабында, әрине, қазіргі заманғы оқушылар үшін ешқандай жаңалықтар жоқ, бірақ 60-шы жылдардың соңғы жылдарындағы оқушылар үшін мұның келтірген дәлелдері жаңа да, бағалы да еді. Әрине, біз оларды қайталап жатпаймыз, ал тек Скалдинның бұл құбылысты сыйпаттауының өзгешелігін ғана, — оның халықшылдардан айырмашылығын дұрыстап көрсететін өзгешелігін ғана — айтып шығайық. Скалдин «жер азшылығы» жөнінде айтып отырған жоқ, «шаруа үлестерінен едәуір көп кесіп алынғаны» жөнінде (213-беті, және 214, тағы бірсыпыра басқа беттері; III очерк-

тің атын салғастырыңыз), ережелер арқылы белгіленген ең үлкен үлестердің шын үлестерден аз болып шыққандығы жөнінде (257-бетінде) айтып, реформаның бұл жағы жөніндегі шаруалардың өте-мөте мәнді, кәдуілгі пікірлерін келтіріп отыр*. Скалдинның бұл фактыны түсіндірулері мен дәлелдеулері жалпы алғанда өте-мөте тартымды, айық және жалпы көзқарастары жағынан, сөзсіз, буржуазияшыл жазушыға төтенше негізді, күшті және тіпті кесе айтылған болып көрінеді. Демек, тіпті Скалдин сыяқты жазушы бұл жөнінде аса қатты әңгіме қылып отырса, бұл құбылыстың көзге батпайып көрінгені ғой. Өзінің қағыйдасын толып жатқан фактылармен дәлелдеп, төлемдердің ауыртпалығы жөнінде де Скалдин өте қатты сөз қылып, байымды түрде айтып отыр. III очерктегі (1867) кішкене тарауынан мынаны оқыймыз: «Шамадан тыс салықтар олардың (шаруалардың) жарлылығының басты себебі» дейді, сөйтіп Скалдин шаруалардың егіншіліктен алатын табыстарынан салықтардың артық екендігін көрсетеді; жоғарғы және төменгі таптардан алынатын салық болып бөлінетін орыс салықтарының бөлімі туралы «Алым комиссиясының еңбектерінен» мәліметтер келтіреді, оның бержағында, барлық салықтардың 76 проценті төменгі таптарға, 17 проценті жоғарғы таптарға келеді екен, ал Батыс Европада барлық жерлерде де бұл шама төменгі таптарға анағұрлым тиімділеу келеді. VII очерктегі (1868) кішкене тарауда мынаны оқыймыз: «Шамадан тыс ақшалай міндеттемелер шаруалардың жарлылығының ең басты себептерінің бірі болып табылады», сонымен автор мынаны көрсетеді: жаңа тұрмыс жағдайларының шаруадан бірден ақша, ақша, тағы да ақша талап еткенін; «Нұсқауда» крепостниктік право үшін де помещиктерді сыйлау ереже ретінде алынғанын (252); оброктің жоғары болуы

* «Жерімізді ол (курсив автордікі) сондай етіп кесіп алды, енді бізге бұл кесіліп алынған жерсіз күн көруге болмайды; жан-жағы, мызды өздерінің егістіктерімен қоршап алды, малымызды жаятын да жер қалмады; енді үлес дүние үшін бір төле, кесіп алынған жер үшін екі төле, қанша керек етсе, сонша төле». «Осы да тұрмыстың оңдалғандығы ма!» — деді маған бұрынғы оброк төлеушілердің ішіндегі бір сауатты, көпті көрген мұжық, — «біздің өтейтін оброгіміз бұрынғы күйінде қалды, ал жерімізді кесіп алды».

«помещиктердің, басқарушылардың және старостылардың шын ақпарларынан, яғни мүлде туынды, шындыққа тіпті де жуыспайтын мәліметтерден» (255) анықталғандығын көрсетеді; осының салдарынан комиссиялардың анықтап шыққан орта оброктері шын орта оброктерден жоғары болып шыққан. «Шаруалар үшін оброктердің ауыртпалығының үстіне олардың ғасырлар бойы пайдаланып келген жерінен айрылуы тағы да жамалды» (258). «Егер сатып алынатын жердің нарқы оброктерді капиталдандыру бойынша белгіленбей, азаттық заманындағы оның нағыз өз құнымен белгіленсе, онда жер тіптен ойнай сатып алынған болар еді және тіпті үкіметтің көмегін де, қаржы қағаздарының шығарылуын да керек қылмас еді» (264). «19 февральдағы Нұсқаудың пікірінше, шаруалардың халін жеңілдету және олардың тұрмыс күйін жақсарту ісін аяқтауға тиіс төлем, іс жүзіне келгенде оларды екінің бірінде-ақ бұрынғыдан бетер қысу құралына айналады» (269). Қауымға жат көзбен қарап, бірсыпыра мәселелер жөнінде пікірін нағыз манчестерлікше айтқан жазушының қаншама күшін салып, шаруалардың мүдделерін жақтағандығын көрсету үшін, біз бұл үзінділердің, — былай қарағанда оншама қызықты емес, біржағынан ескіріп те қалған үзінділердің, — бәрін келтіріп отырмыз. Халықшылдардың пайдалы, реакцияшыл емес қағыйдаларының барлығының дерлік осы манчестерліктің қағыйдаларымен толық біржерден шығатындығын айта кету өте сабақ боларлық нәрсе. Реформа жөнінде Скалдин осындай көзқарастарда болғанда, оның реформаны асыра мақтап дәріптеуге ешбір беріле алмағандығы өзінен өзі түсінікті; реформа халық өндірісіне жол ашты, оның өзі батыс-европалық шаруа реформаларынан жоғары орын алды, оның өзі Россиядан *tabula rasa** жасаған сыяқты, т. т. деп халықшылдар реформаны дәмді ғып дәріптеуге берілді, беріліп те отыр. Скалдинның мұндай ешнәрсе айтпағандығы және айта алмағандығы былай тұрсын, сонымен бірге ол турадан-тура: біздегі шаруа реформасы шаруаларға оншама тиімді емес шарттарда жасалды, оның өзі Күнбатыстағыдан гөрі аз пайда келтірді деген болатын. Скалдин былай деп

* — таза орын. *Ред.*

жазған: «Азаттықтың игілікті нәтижелері, мысалы, үстіміздегі ғасырдың алғашқы ширегінде Пруссия мен Саксонияда болғаны сыяқты, бізде неге тез және үнемі ұлғая байқалмай отыр деп, өзімізден сұрайтын болсақ, онда мәселе тіке қойылады» (221). «Бүкіл Германиядағыдай, Пруссияда да заң бойынша әлдеқашаннан шаруалардың меншігі болып танылған шаруа үлестері сатып алынған жоқ. Шаруалардың помещиктерге міндетті түрде жұмыс істеуі сатып алынды» (272).

Скалдинның бағалауындағы реформаның экономикалық жағынан заң жағына көшейік. Скалдин — жаппай кепілдіктің, паспорт системасының және шаруалар арасында (және мещандық қоғамда) «қауым тәртібінің» олардың мүшелеріне жүргізетін патриархтық өктемдігінің нағыз қас-дұшпаны. III очеркте (1867) ол жаппай кепілдіктің, жан басынан алынатын алымның және паспорт системасының жойылуын, мүлкіне қарай салынатын теңгерме салықтың қажеттігін, паспортты тегін, мәңгі куәліктермен алмастырудың қажеттігін талап еткен. «Россиядан басқа мәдениетті елдің бірде-біреуінде ел ішінде паспортқа салық салушылық жоқ» (109). Бұл салықтың 1897 жылы ғана жойылғаны жұртқа мәлім. IV очерктің тарауынан мынаны оқыймыз: «селолық қоғамдар мен қалалық думалардың паспорт жіберердегі және қауымда жоқ салық төлеушілерден салық алардағы жүргізетін зорлық-зомбылығы»... «Жаппай кепілдік, мұның өзі — бұғау, шаруашылық қамын жейтін қожайындар киетін ауыр бұғау» (126). Сол кездің өзінде-ақ шаруалардың байқалған ыдырауын Скалдин өрлеп және кері кетіп бара жатқан шаруалардың жеке басының сапаларымен түсіндіргісі келеді. — Автор С.-Петербургте тұратын шаруалардың паспорт алардағы және оның мерзімін ұзартардағы көретін қыйыншылықтарын толық сыйпаттап, «аллаға шүкір, күллі осы жерсіз шаруалар бұқарасы қалаларға тіркелінбеді, қозғалмайтын меншігі жоқ қала халықтарының санын көбейтпеді» (130) дегендердің қарсылығын теріске шығарады. «Варварлық жаппай кепілдік»... (131)... «Осындай күйге қойылған адамдарды азаматтық жағынан ерікті адамдар деп атауға

бола ма? Бұлар — *glebae adscripti*?* емес пе екен» (132) деген сұрау туады. Жұрт шаруа реформасына кіна тағады. «Заңның шаруаны помещикке крепостнойлықтан құтқарып, бірақ оны қоғамға және тіркелген жеріне крепостнойлықтан құтқару үшін ешнәрсе ойлап шығармағандығына шаруа реформасы кіналы ма... Шаруаның белгілі тұрақтайтын жері, істейтін кәсібі де болмағанда азаматтық еріктіліктің белгілері қайда?» (132). Скалдин біздің шаруаны «отырықты пролетари» (231)** деп, өте дұрыс және дәл атап отыр. VIII очерктің (1868) тарауынан мынаны оқыймыз: «шаруаларды өздерінің қоғамдары мен үлестеріне таңу олардың тұрмысының жақсаруына бөгет болады... Сырттан істейтін кәсіпшілікті өрістетуге бөгет болады». «Шаруалардың надандығынан және олардың үнемі өсіп отыратын салықтардан жанышталғандығынан кейін шаруа еңбегінің өрістеуін, демек, шаруалардың тұрмыс күйінің жақсара беруін кідіртетін себептердің бірі — шаруалардың өз қоғамдары мен үлестеріне таңылғандығы болып табылады. Жұмысшылардың бір жерге басын байлау және жер қауымын бұзылмастық байланыстармен тапжылжытпай тастау — мұның өзі еңбекті, адамның өз басының талапкерлігін және ұсақ жер меншігін өрістетуге өздігінен өте тиімсіз шарт болып табылады» (284). «Өзінің үлестері мен қоғамдарына арқандалған, еңбектің өнімдірек және шаруаларға тиімдірек келетін жерлерінде өз еңбегін пайдалануға мүмкіндігі болмаған шаруалар, өздерінің крепостниктік праводан құтылғандағы тұрмысының адамды жалықтырарлық, мал үйіріне ұқсайтын, өнімсіз түрінде қатып қалған сы-

* — Ескі Римдегі үлеске таңылған шаруалар, үлестер қаншама зыянды болса да, шаруалар үлестерін тастап кете алмады. *Ред.*

** Скалдин бұл анықтаманың (пролетарлар) бірінші бөлімінің ғана, емес, сонымен қатар екінші бөлімінің де дұрыстығын өте толық көрсетті. Шаруалардың тәуелділігі мен қайыршылық күйін сыйпаттауға, батрактардың ауыр күйін сыйпаттауға, «1868 жылғы ашаршылықты сыйпаттауға» (V очерктің тақырыбы) және шаруаны құлдыққа салу мен қорлаудың неше алуан формаларын сыйпаттауға ол өзінің очерктерінен көп орын берді. 90-жылдардағыдай, 60-жылдары да ашаршылық жөнінде жұмған ауыздарын ашпай және оны бекерлеген адамдар болған. Скалдин олармен қатты күреседі. Әлбетте, бұл жөнінде толық үзінділер келтіріп жату артық болған болар еді.

яқты» (285). Демек, автор шаруа тұрмысының бұл мәселелеріне таза буржуазиялық тұрғыдан қарайды, бірақ бұған қарамастан (дәлірек айтқанда: осының арқасында), шаруалардың таңылғандығының бүкіл қоғамдық дамуға және шаруалардың өзіне зыяндылығын ол өте мөте дұрыс бағалап отыр. Бұл зыяндылық шаруалардың ең төменгі топтарына, село пролетариатына ерекше қатты (өз жанымыздан қосайық) батады. «Заңның шаруалардың жерсіз қалмауының қамын жегендігі өте тамаша, бірақ мынаны естен шығармау керек: өздерінің жерсіз қалмауы жөнінде пәлендей заң шығарушыдан гөрі шаруалардың өзі күшті қам жейді» (286) деп, Скалдин өте дұрыс айтып отыр: «Шаруалардың өз үлестері мен қоғамдарына таңылуынан басқа, олардың табыс табу үшін уақытша басқа жақтарға кетуінің өзі де, жаппай кепілділік пен паспорт системасының салдарынан, оларға толып жатқан қысымдар салынды, шығындар түсті» (298). «Шаруалардың жерден бас тартуын жеңілдететін шаралар алынған болса... меніңше, шаруалардың көпшілігі үшін қазіргі қыйын жағдайдан кұтылуға жол ашылған болар еді» (294). Скалдин бұл арада халықшылдардың жобаларына тіке қайшы келетін қағыйданы білдіріп отыр, халықшылдардың жобалары бұған керісінше: қауымдарды баянды етуге, үлестердің тартып алынбауына, тағы сондайларға тіреледі. Шаруалардың жерге таңылғандығы мен шаруа қауымының сословиелік тұйықтығын сақтау тек қана село пролетариатының күйін нашарлатады және «отырықты пролетарды» кұлдық пен тәуелділіктің ең нашар түрлерінен, жалақы мен жұрттың тұрмыс күйі дәрежесінің өте төмендеуінен қорғауға ешбір күші келмейтін елдің экономикалық дамуын кідіртеді деп айтқан Скалдиннің дұрыс айтқандығын одан бергі болған фактылар айқын дәлелдеп отыр.

Оқушымыз жоғарыда келтірілген үзінділерден Скалдин қауымның жауы екендігін байқап та отыр. Ол адамның өз басының меншігінің, талапкерлігінің, тағы басқаларының тұрғысынан қауым мен қайта үлесу істеріне қарсы тұрады (142 және одан кейінгі беттері). «Ғасырлық дағдылы правоның» дәурені өтті деп, Скалдин қауымды жақтаушыларға қарсы шығады: «Барлық елдерде, село халықтарының мәдениетті ортамен жақындасқан

сайын, олардың дағдылы правосы өзінің бастапқы таза-лығынан айрылды, бүлініп, бұрмаланылды. Бізде де дәл осы құбылыс байқалады: қауым өктемдігі бірте-бірте жатып ішерлер мен село хатшыларының өкіметіне айналып барады және шаруаның кара басын қорғаудың орнына, оған ауыр бұғау болып байланып отыр» (143) — мұның өзі осы 30 жылдың ішінде қыйсапсыз көп фактылармен дәлелденген өте дұрыс пікір. «Патриархтық семьяға, қауымдық жер иелігіне, дағдылы правоға», Скалдинның ойынша, қайта орнамастай етіп тарих өзінің үкімін жасады. «Біз үшін өткен ғасырлардың бұл ардақты мұраларын мәңгі сақтағысы келген адамдар, өздерінің тұрмысты танып, тарихтың тоқтатып болмайтын жүрісін айыра білуден гөрі, неғұрлым идеяға берілгіштіктерін дәлелдейді» (162), сөйтіп Скалдин факты жүзіндегі бұл дұрыс пікірге — манчестерлік қатты ызалы сөздерді қосып отыр. «Жерді қауым болып пайдалану», — дейді ол басқа бір жерінде, — әрбір шаруаны бүкіл қоғамға құлшылық тәуелділікте ұстайды» (222). Сонымен, Скалдинның таза буржуазиялық тұрғыдан қауымға сөзсіз өштігі және оның шаруалар мүдделерін ұстамдылықпен қорғауы бір-бірімен бірігіп жатады. Қауымды күшпен жою және жермен пайдаланудың дәл сондай басқа системасын күшпен енгізу жөніндегі сөкет жобаларды, — әдетте осы күнгі қауымға қарсы адамдар, адамдар болғанда, шаруа тұрмысына өрескел түрде араласу жағындағы және қауымға тіпті де шаруалар мүдделерінің тұрғысынан қарсы шықпайтын адамдар құрастырып жүрген жобаларды, Скалдин тіпті де өзінің қауымға өштігімен әкеліп ұштастырмайды. Қайта, Скалдин өзін «жерді қауым болып пайдалануды күшпен жоюды» (144) жақтаушылардың қатарына қосқанға мейлінше қарсы шығады. «19 февральдағы Нұсқау» — дейді ол, — жерді қауым болып пайдаланудан семья болып пайдалануға... көшу ісін асқан даналықпен... шаруалардың өз еркіне берген. Шынында, қауым болып пайдаланудан семья болып пайдалануға көшудің уақыты жөніндегі мәселені шаруалардың өздерінен басқа ешкім де дұрыстап шеше алмайды». Олай болса, Скалдин қауым экономикалық дамуға, шаруалардың қауымнан шығуына, жерден бас тартуына бөгет болып отыр деген мағнада ғана, яғни қазіргі «орыс

шәкірттерінің» қауымға дұшпан болып отырған мағнасында қауымға қарсы адам; ал помещиктердің өз құлқынының мүдделерін қорғаумен, крепостниктік правоның қалдықтарын және оның рухын қорғаумен, шаруалар тұрмысына қол сұғушылықты қорғаумен, — бұл дұшпандықтың ешқандай ұқсастығы жоқ. Бұл айырмашылықты еске алудың өте зор маңызы бар, өйткені қауым дұшпандарын «Московские Ведомостилердің» және басқалардың тобынан ғана іздеуге дағдыланған осы күнгі халықшылдардың қауымға *өзге ретпен* дұшпан болуды білмейтін адам тәріздене қоюына тіптен жандары кұмар.

Шаруалардың ауыр күйінің себептері жөніндегі Скалдиннің жалпы көзқарасы бұл себептердің барлығы крепостниктік правоның қалдықтарында жатыр дегенге келіп тіреледі. Скалдин 1868 жылы болған аштықты сыйпаттай келіп, аштық шаруалардың бет-бетіне тозуынан, помещик қамқорлығын жойғандықтан, тағы басқалардың себебінен болды деп, крепостниктер осы аштықты айтып табалайтынын ескертеді. Скалдин бұл көзқарастарға мейлінше қарсы шығады. «Шаруалардың кедейленуінің себептері, — дейді ол, — крепостниктік правоны жоюдың нәтижесі емес, *крепостниктік праводан көшкен мұра* (212), мұның өзі — біздің шаруалардың көпшілігін пролетариатқа бір табан жақын етіп отырған жалпы себептер» дейді, сөйтіп Скалдин реформа туралы жоғарыда келтірілген пікірлерді қайталайды. Семейлік бөлістерден болды деп кінәлаушылық тіпті сөлекет іс: «Егер жерді бөлісу шаруалардың материалдық пайдаларына уақытша зыян келтірсе де, оның есесіне бұл бөліс олардың жеке басының бостандығы мен шаруа семьясының адамгершілік хасиетін сақтайды, яғни адамның онсыз азаматшылықтың ешқандай жолы болуы мүмкін емес, ең ардақты игіліктерін аман сақтап қалады» (217) дейді де, Скалдин бөліске қарсы жорықтың шын себептерін мына түрде әділ көрсетеді: «бірсыпыра помещиктер бөлістен туатын залалды тым асыра айтады және, бар пәлені маскүнемдікке жапқан сыяқты, шаруа кедейлігінің белгілі бір себептерінің барлық салдарларын, помещиктердің тіпті мойындағысы келмейтін салдарларын сол бөліс істерінен көреді» (218). Шаруалардың кедейлігі жөнінде бұрын жұрт жазбаушы еді, қазір көп жазатын болды, сірә,

шаруалардың күйі нашарлаған болу керек дегендерге Скалдин былай деп жауап береді: «Шаруалардың қазіргі күйін бұрынғы күйімен салғастыру, арқылы олардың помещиктердің қоластынан азат етілуінің нәтижелері туралы әңгіме қылу үшін, бұл үшін крепостниктік правоның үстем болып тұрған кезінде-ақ шаруа үлестерінің осы күнгі кесілгеніндей етіп, оларды кесіп алу керек еді, шаруаларға азат етілуден кейін іле-шала пайда болған жұмыс істеу міндеттемелерінің барлығын жүктеу керек еді, міне сонан кейін крепостной шаруалардың мұндай халге төзер-төзбесін қарап көру керек болар еді» дейді (219). Бұл — Скалдиннің көзқарастарының өте-мөте айрықша және ең мәнді белгісі; Скалдин шаруалар күйінің нашарлануының барлық себептерін жұмыспен өтеулерді, оброктерді, жер кесінділерін, адамның қара басының правосыздығын және шаруалардың отырықтылығын мұра етіп қалдырған крепостниктік правоның қалдықтарынан көреді. Шаруалардың кедейленуінің себептері, қоғамдық-экономикалық жаңа қатнастар құрылысының өзінде, реформадан кейінгі шаруашылық құрылысының өзінде болатындығын — мұны Скалдиннің көрмейтіндігі былай тұрсын, тіпті ойға да алмайды, крепостниктік правоның бұл қалдықтарының барлығы түгел жойылуымен жаппай бақытты тұрмыстың орнауына ол әбден сенеді. Оның көзқарасы — жанағы айтылғандарға қарама-қарсы көзқарас: шаруалардың еркін дамуына бөгет болатын нәрсені жойыңыз, крепостниктік праводан мұраға көшкен бұғауларды жойыңыз, — сонда күллі іс оңға басады — деген көзқарас. «Мемлекеттің өкімет тарапынан, — дейді Скалдин — бұл арада (яғни шаруалар жөнінде) тек бір ғана жол болуы мүмкін: біздің шаруаны оның нағыз топастық, жарлылық күйіне жеткізген және оған өзінің бас көтеріп, аяғынан тік тұруына мүмкіндік бермей отырған себептерді бірте-бірте және бәсеңсітпей жою керек» (224, курсив менікі). Бұл жөнде, олай болмаған күнде «селолық пролетариат құралады» дегенді көрсетіп, «қауымды» (яғни шаруаларды қауымдар мен үлестерге бекітуді) жақтаған адамдарға Скалдиннің берген жауабының айрықша маңызы бар. Скалдин былай дейді: «Бізде орасан байтақ жерлердің жұмыскер күшін таба алмай құр босқа жатқанын еске алсақ, «бұл қарсылық»

өзінен өзі құрылды. Егер заң бізде жұмысшы күшінің табиғи бөлінісін тежеп отырмаса, қайыршылықты кәсіп етушілер ғана немесе түзелуден кеткен бұзық, маскүнем адамдар ғана Россияда нағыз шын пролетарлар бола алады» (144) — мұның өзі — крепостниктік право мен оның барлық қалдықтарын жою жер бетінде жалпыға игілікті заман орнатады деп сенген экономистер мен XVIII ғасырдың «ағартушыларының» кәдуелгі көзқарасы — халықшылдар, мүмкін, Скалдинге биіктен қарап, мұның өзі нағыз буржуаның өзі ғой деген болар еді. — Я, әрине, Скалдин — буржуа, бірақ ол прогрестік буржуазияшыл идеологияның өкілі, ал оның орнына халықшылдардың ұсынып жүргені ұсақбуржуазиялық, бір сыпыра пункттер жөнінде реакцияшыл идеология болып табылады. Ал бүкіл қоғамдық дамудың талаптарымен бір жерден шыққан және бір жерден шығатын шаруалардың практикалық және нақты мүдделерін, бұл «буржуа» халықшылдан да жақсы қорғай алады!*

Скалдиннің көзқарастарының сыйпаттамасын аяқтау үшін мынаны қоса айта кетейік, Скалдин — сословиеліктің дұшпаны, барлық сословиелер үшін соттың бірыңғай болуын қорғаушы адам, «теорияда» сословиесіз болыс болуына тілектес, халық оқуын, әсіресе, жалпы оқуды мейлінше жақтайтын адам, өзіндік басқару ісі мен земство мекемелері жағындағы адам, кең көлемдегі жер кредиті, әсіресе, ұсақ кредит жағындағы адам, өйткені жер сатып алуға шаруалар әбден мұқтаж болып жүр. «Манчестерлігі» мыналардан да көрініп отыр: мәселен, земстволық және қалалық банкілер — «банкілердің патриархтық немесе алғашқы формасы», бұл форма «күллі артықшылдықтары» бар (80) жеке банкілерге орын беруге тиіс, — дейді Скалдин. Жердің құнын көтеруге «про-

* Бұған керісінше де болады: өзіміз халықшылдардан кездестіретін прогрестік практикалық шаралардың барлығы өзінің мазмұны жағынан толық буржуазиялық шара, яғни пәлендей өзгеше дамудың пайдасын емес, нақ капиталистік дамудың пайдасын көздейді. Шаруалардың жер иелігінің кеңеюі, алымдардың азаюы, халықтың қоныс аударуы, кредит, техниканың өрлеуі, сату ісінің тәртіптелуі, т. т. шаралар пәлендей «халық өндірісіне» қызмет етеді деген теорияны тек ұсақ буржуалар ғана құрастыра алды.

винцияларымызда өнеркәсіп пен коммерция істерін өршіту арқылы қол жетуі мүмкін» (71), т. т.

Қорытып шығайық. Көзқарастарының сыйпаты жағынан Скалдинді ағартушы-буржуа деп атауға болады. Оның көзқарастары XVIII ғасырдың экономистерінің көзқарастарына (әлбетте, орыс тұрмысына тиісті түрде ыңғайланған) ұқсайды және 60-жылдардың «мұрасының» жалпы «ағартушылық» сыйпатын Скалдин жеткілікті түрде айқын көрсеткен. Батыс-европалық ағартушыларда, 60-жылдардың әдебиет өкілдерінің көпшілігі де сыяқты. Скалдин крепостниктік правоға және оның экономикалық, әлеуметтік және заң жүзіндегі барлық туындыларына деген нағыз дұшпандық көзқараспен жігерленеді. Мұның өзі — «ағартушылардың» бірінші елеулі белгісі. Барлық орыс ағартушыларына ортақ екінші елеулі белгісі — ағарту ісін, өзіндік басқару ісін, бостандықты, тұрмыстың европалық түрлерін және Россияны барлық жағынан да жалпы европаландыруды мейлінше жақтау болып табылады. Ақырында, ағартушылардың үшінші елеулі белгісі — халық бұқараларының, әсіресе шаруалардың (ағартушылар заманында толық азат бола қоймаған, немесе жаңадан ғана азат болған шаруалардың) мүдделерін қорғау, крепостниктік правоны және оның қалдықтарын жою жалпы халық тұрмысын жақсартатындығына шынымен сенушілік және осыған көмек етуді шынымен тілеушілік болып табылады. Осы үш белгі бізде «60-жылдардың мұрасы» деп атап жүргендерінің мәні болып табылады, сондықтан *бұл мұрада халықшылдық ешнәрсе жоқ екендігін* баса көрсетудің зор маңызы бар. Өзінің көзқарастары жағынан әлгі көрсетілген белгілерге дәл келетін және ешуақытта халықшылдарға түк қатысы болмаған жазушылар Россияда аз емес. Жазушының дүниеге көзқарасында жаңағы көрсетілген белгілер бар болса, халықшылдарға оның көзқарасы тіпті қалай болғанмен де, әрқашан және жұрттың барлығы «60-жылдардың дәстүрлерін сақтаған» адам деп танылды. Мысалы, осы жуырда ғана мерекесі өткізілген М. Стасюлевич мырзаны халықшылдарға дұшпан болды деп немесе халықшылдардың көтерген мәселелеріне немқұрайды қарады деп, ол «мұрадан бас тартты» деу, әрине, ешкімнің де ойына келмейді. Біз мысалға Скал-

динді алдық*, өйткені оның өзі «мұраның» нағыз кумәнсіз өкілі бола отырып, сонымен қатар халықшылдар қамқорына алған ескіліктің мекемелеріне де ол сөзсіз қарсы адам болып табылады.

Біз жоғарыда Скалдин — буржуа дедік. Бұл сыйпаттамаға біз жоғарыда жеткілікті түрде дәлелдер келтірдік, бірақ ескерте кетуіміз керек, бізде жұрт бұл сөзді өте теріс, тар мағнада, тарихқа қарсы бағытта түсініп, оған (*тарихи замандарды айырым-айырым қарамай*) өзінің құлқыны үшін азшылықтың мүдделерін қорғайды деп кіна тағады. Ұмытпау керек, XVIII ғасырдың ағартушылары (жалпы жұрт оларды буржуазияның көсемдері деп таныған) жазып жүрген шамада, 40-жылдардан 60-жылдарға дейін біздің ағартушылар жазып жүрген шамада, қоғамдық мәселелердің *барлығы* крепостниктік правомен және оның қалдықтарымен күресуге тірелуші еді. Қоғамдық-экономикалық жаңа қатнастар мен олардың қайшылықтары ол кезде әлі шарана күйінде ғана еді. Сондықтан ол кезде ешбір өз құлқынын көздеушілік буржуазияның идеологтерінде болмаған еді; қайта Батыста да, Россияда да олар жалпы кеңшілік орнайды деп шынымен сенген, шын жүрегімен соны тілеген, крепостниктік құрылыстан келіп шыққан құрылыстың қайшылықтарын шынында да көрмеген еді (бір есептен ол

* Өзінің қауымға қарсылығы және өзінің қалпы жағынан Скалдин 60-жылдар үшін үлгі бола алмайды деп бізге, бәлкім, қарсы болар. Бірақ мұнда мәселе тек қауымда ғана болып отырған жоқ. Мәселе барлық ағартушыларға ортақ көзқарастарға, Скалдин да осы көзқарасты қуаттайды. Ал оның қалпына келсек, онда ол өзінің пікір салмақтылығы, баяулығы, мәселені тәртіппен қоюы, тағы басқалары жағынан шынында да 60-жылдар үшін, сірә, ол үлгі бола алмас. Энгельс Скалдинді *iberlakonservativ* (баяу консерватор 105 *Ред.*) деп текке атамаған. Алайда, мұраның мінез-құлқы жөнінде үлгі боларлық өкілін алып қарау, 1-жағынан, түрлі себептерге қарағанда қолайсыз нәрсе, ал, 2-ден, осы күнгі халықшылдармен қатар қойып салғастырғанда түсініспеушілік туғызуы да мүмкін¹⁰⁶. Алдымыздағы тұрған міндеттің сыйпаты жағынан, *қалпын музыка жасамайды* (деген мақалға қарсы болса да) дегендей, Скалдиннің үлгі бола алмайтын қалпы оның «музыкасын», яғни оның көзқарастарының мазмұнын өте-мөте анықтап көрсетеді. Бізге керегінің өзі де осы мазмұны. Тек көзқарастарының мазмұны бойынша ғана (тіпті де жазушылардың қалпы жағынан емес) біз мұра өкілдері мен осы заманның халықшылдарын қатар қойып, салғастырып шықпақшымыз.

кезде көре де алмаған). Кітабының бір жерінде Скалдиннің Адам Смиттен цитата келтіруі тегін емес: біз оның көзқарастары да, оның дәлелдерінің сыйпаты да көбіне алдыңғы қатардағы буржуазияның осы ұлы идеологінің тезистерін қайталайтынын көрдік.

Ал енді біз, егер, бір жағынан, Скалдиннің практикалық тілектерін осы күнгі халықшылдардың көзқарастарымен, ал екінші жағынан, «орыс шәкірттерінің» бұл тілектер жөніндегі көзқарасымен салыстыратын болсақ, онда біз «шәкірттердің» қашан болсын Скалдиннің тілектерін қолдау жағында болатындығын көреміз, өйткені бұл тілектер прогрестік қоғамдық таптардың мүдделерін, осы жолмен, яғни капиталистік жолмен бүкіл қоғамдық дамудың осы тандағы мүдделерін көрсетеді. Скалдиннің осы практикалық тілектеріне, немесе оның мәселе қойысына халықшылдардың енгізген өзгерісі *теріс бағытты* өзгеріс және «шәкірттер» мұны қабылдамайды. Шәкірттер «мұраға» «тиісіп» отырған жоқ (бұл — ойдан шығарылған сөкеттік), халықшылдардың мұраға романтикалық ұсақ буржуазиялық қосымшаларына тиісіп отыр. Біз енді осы қосымшаларды талдауға көшеміз.

II

ХАЛЫҚШЫЛДАРДЫҢ «МҰРАҒА» ҚОСҚАНЫ

Скалдиннен Энгельгардтқа көшейік. Оның «Деревнядан» деген хаттары да — деревня туралы публицистік очерктер, сондықтан оның кітабының мазмұны да, тіпті түрі де Скалдиннің кітабына өте ұқсас. Энгельгардт Скалдиннен әлдеқайда талантты, оның деревнядан жазған хаттары тұрмысқа әбден үйлесімді, көркем жазылған. Энгельгардтта «Аулақ түкпір және астанада» дегеннің байсалды авторының ұзақ байымдаулары жоқ, бірақ оның есесіне онда дәлме-дәл сыйпаттамалар мен басқа бейнелер әлдеқайда көп. Энгельгардттың хаттары Скалдиннің кітабынан екі жыл кейін «Отечественные Запискиде» басыла бастаса да, Скалдиннің кітабының мүлде дерлік ұмытылып кетуі, Энгельгардттың кітабын әдебиет оқыйтын жұрттың әбден ұнататыны және жуырда оның жаңадан тағы да басылып шыққаны таңқаларлық нәрсе

емес. Сондықтан оқушыға Энгельгардттың кітабының мазмұнын түсіндіріп жатуымыздың ешбір қажеті жоқ, біз оның көзқарастарының екі жағын қысқаша сыйпаттаумен ғана тынамыз: 1-ден, жалпы алғанда «мұраға» тән, әсіресе Энгельгардт пен Скалдинге ортақ көзқарастарын; 2-ден, халықшылдықтың өз басына тән көзқарастарын сыйпаттаумен ғана тынамыз. Энгельгардт — *қазірдің өзінде-ақ халықшыл*, бірақ оның көзқарастарында барлық ағартушыларға ортақ белгілер әлі де көп, осы күнгі халықшылдардың тастаған немесе өзгерткен нәрселері көп, сондықтан оны кімнің қатарына жатқызарыңды білмейсің: «мұраның» халықшылдық боямасы жоқ жалпы өкілдеріне жатқызарыңды немесе халықшылдардың қатарына жатқызарыңды білмейсің.

Алғашқылармен Энгельгардтты жақындастыратын нәрсе — ең алдымен оның көзқарастарының тамаша айықтығы, тұрмысты дұрыс және тура сыйпаттап беруі, жалпы алғанда қолайсыз қасиеттердің, «негіздердің», жеке-леп алғанда шаруалардың қолайсыз қасиеттері мен «негіздерінің», халықшылдардың табиғи сүйегіне біткен әдетпен өтірік дәріптеп, боямалап отыратын сол нағыз «негіздердің» барлығын аяусыз әшкерелеуі болып табылады. Энгельгардттың халықшылдығы өте-мөте әлсіз және жалтақтау болғандықтан оның халықшылдығы соншалық асқан талантпен өзі көрсеткен деревня *тұрмысына* тіпті өрескел қайшы келіп жатыр, ал егер бір экономист немесе публицист деревня туралы өзінің пікірлеріне Энгельгардттың келтірген *мәліметтері мен көрген-білгендерін* негіз етіп алар болса,* онда мұндай материалдан халықшылдық қортындылардың шығуы мүмкін болмас еді. Шаруаны және оның қауымын дәріптеу — халықшылдықтың ең қажетті қасиетінің бірі, сондықтан ха-

* Жол-жөнекей айта кетелік: мұның өте-мөте қызықты және сабақ боларлық нәрсе болатындығы былай тұрсын, сонымен қатар бұл экономист-зерттеушінің әбден заңды әдісі болған болар еді. Егер оқымыстылар кілең өз тұрғысынан алып сөйлейтін, шалақ ойластырмаған бірсыпыра қожайындардың анкеттерге берген жауаптарына және пікірлерінен алынған материалдарға сенетін болса, онда тамаша байқампаз, сөзсіз адал адамның, өзінің сөз қылып отырған нәрсесін әбден жақсы зерттеген адамның 11 жыл бойы жыйнаған көрген-білгендеріне сенуге неге болмасын.

лықшылдардың барлығы түгелімен, В. В. мырзадан бастап, Михайловский мырзаға дейін, осы «қауымды» дәріптеп, боямалауға тырысуға көп жағдай жасады. Энгельгардтта мұндай боямалаудың ізі де жоқ. Шаруаның «қауымдылығы» жұрт аузында көп тараған әңгіме болса, бұл «қауымдылықты» — қаланың дарашылдығына, капиталистік шаруашылықтағы бәсекеге, т. т. қарама-қарсы қою жұрт аузында көп тараған болса, Энгельгардт қайта ұсақ егіншінің *дарашылдығының* күштілігін аямай әйгілейді. Біздің «шаруаларымыздың меншік туралы мәселелерге келгенде барып тұрған меншікшіл екендігін» (62-беті, цитата 1835 жылғы басылуынан алынды); өз кара басының мүддесін көздегіштігінен, өзімшілдігінен «жұмысты жалпылай» істеуге олардың жаны қас екендігін; өйткені олар жұмысты жалпылай істесе «көп істеп қоям ба деп қорқатынын» Энгельгардт толық көрсетеді (206-бет). Автор бір үйде тұратын шаруашылығы, туысы бір қатындар ас ішетін столының өзіне тиесілі бұрышын әрқайсысы жеке-жеке жуып сүртетінін немесе сыйырларын (бірінен бірі сүтті жасырып қала ма деп) кезек-кезек сауып, өз баласына сүт жыйнайтынын және әрқайсысы баласына ботқаны жеке әзірлейтінін айтқанда (323-бетінде), жұмысты көп істеп қоядан қорқушылық барып тұрған күлкіге (тіпті хасіретті күлкіге) айналады. Энгельгардт бұл бейнелерді толық ашып, оларды осы сыяқты толып жатқан мысалдармен дәлелдейді, сондықтан бұл фактылардың кездейсоқтығы жөнінде әңгіме де болмауға тиіс. Екіншісі: не Энгельгардт — түкке тұрмайтын, сенімді ақтамайтын байқаушы, не біздің мұжықтың қауымдылығы мен қауымдық хаснеттері жөніндегі қырық-құрақ құрғақ әңгімелер — *шаруашылыққа жер иеленудің* түрінен алшақ жатқан (оның бержанында, жер иеленудің бұл түрінің оның күллі *қазналық-әкімшілік* жақтары да алшақ жатыр) белгілерді тағатын әншейін жалған әңгімелер. Өзінің шаруашылық ісінде мұжықтың көздейтіні — кулақтық екенін Энгельгардт көрсетіп отыр: «белгілі шамада, кулақтықтың исі әрбір шаруада бар» (491-бетінде), «шаруалардың арасын кулақтың идеалдары жайлап алған»... «Мен шаруаларда дарашылдықтың, өзімшілдіктің, біреуді қанауға ұмтылудың әбден өршігенін талай рет көрсеткенмін»...

«Әркім шортан болуды мақтан көреді, шабақ балықты жұтып қоюға тырысады». Шаруалар — тіпті де «қауымдық» құрылысқа, тіпті де «халық өндірісіне» ұмтылмай капиталистік қоғамдардың бәріне де тән әдеттегі ұсақ буржуазиялық құрылыстың дәл өзіне ұмтылатынын — Энгельгардт тамаша көрсеткен. Ауқатты шаруаның сауда істеріне араласуға (363), астық беріп жұмыс істетуге, жарлы мұжықтың жұмысын сатып алуға тырысатынын (457—492 және басқа беттері), яғни, экономикалық тілмен айтқанда, шаруашылық жағынан ұқыпты мұжықтардың село буржуазиясына айналуын Энгельгардт әрі көрсетіп, әрі үзілді-кесілді дәлелдеп шыққан. «Егер шаруалар артель шаруашылығына көшпей, — дейді Энгельгардт, — әрбір үй шаруашылығын жалғыз жүргізетін болса, онда жер мол болғанымен де егінші-шаруалардың арасында бұдан былай жерсіздер де, батрактар да болады. Керек болса, бұдан да зорын айтайын: шаруалардың дәулетіндегі айырмашылық бұдан былай қазіргіден де зор болатын шығар деп болжаймын. Жерге қауымдылық иелік бола тұрса да, жері көп «байлармен» қатар іс жүзінде жерсіз қалдырылған батрактар көп болады. Жерді ондайтын не капиталым, не құрал-сайманым болмаған соң, менің жер иеленуге пайдалы болғанымнан маған немесе менің балаларыма не пайда? Мұның аты соқырға тамақ деп, топырақ ұсынғанмен тең болады!» (370-бетінде). Шаруалар жөніндегі мәліметтерден тумайтындығы былай тұрсын, тіпті бұл мәліметтер турадан-тура теріске шығарып, керексіз ететін «артель шаруашылығы» бұл арада айтыла салынған құртілек сыяқты бір жабырқау кекесінімен оқшау тұрған бір нәрсе болып шығады.

Энгельгардтты ешқандай халықшылдық боямасы жоқ мұра өкілдерімен жақындастыратын екіншібір белгі, бұл — шаруалардың жарлылығының басты және негізгі себебі крепостниктік правоның қалдықтарына және соған тән тәртібіне оның сенетіндігі болып табылады. Осы қалдықтар мен осы тәртіпті жойсаң — іс оңға басады. Энгельгардттың бұл тәртіпке сөзсіз теріс қарайтындығы, жоғарыдан тәртіп орнатып мұжықты жарылқамақшы болған әрекет атаулының бәрін де оның түйреп мысқыл-

дағани — халықшылдардың «жетекші таптардың ақылы мен арына, білімі мен отан сүйгіштігіне» (Южаков мырзаның «Р. Б-дағы» жазған сөздері, 1896, № 12, 106-бетінде) жұбануларымен, халықшылдардың «өндірісті ұйымдастыру», тағы басқалар жөніндегі пайғамбаршылдығымен мейлінше қайшы келеді. Энгельгардттың диірменде арак сатуға болмайды деген ережеге, мұжықтың «пайдасын» көздеген ережеге мысқылдап тиіскенін еске алайық; бірсыпыра земстволардың қара бидай 15 августтан ерте себілмесін деген 1880 жылғы міндетті қаулысы жөнінде, кабинет «оқымыстыларының» «миллиондаған егінші-қожайындардың» (424) шаруашылығына бұлай өрескел қолсұғуы (бұл да мұжықтың пайдасы деген пікірлерден туған қолсұғушылық) жөнінде Энгельгардттың кекшіл ызамен сөз қылып отырғанын еске алайық. Шырша ағаштарының орманында темекі тартуға, көктемде шортан аулауға, «май» айында қайың кесуге, құс ұяларын, тағы сондайларды бұзуға тыйым салу сыяқты ережелермен бұйрықтарды көрсете келіп, Энгельгардт мысқылдап былай дейді: ...«Мұжықтың қамын жеу интеллигент адамдардың әрқашан да басты қайғысы болды, болып та келеді. Өзі үшін өмір сүретін кім бар? Жұрттың бәрі де мұжық үшін өмір сүреді!.. Мұжық ақылсыз бір ақмақ, өздігінен шаруашылығын жайғастыра алмайды. Егер ешкім оның қамын жемесе, ол бүкіл орманды өртеп жібереді, құстан құс қалдырмайды, бар балықты аулап бітіреді, жерді бүлдіреді, өзі де құрып бітеді» (398). Оқушым, өзіңіз айтыңызшы, бұл сыяқты жазушы үлесті айырып алуға болмайтыны туралы халықшылдар әбден ұнататын заңдарға тілектес бола қояр ма? «Русское Богатствоның» шонжарларының бірінің жоғарыда келтірілген сөзі сыяқты сөзді Энгельгардт айта қояр ма еді? Энгельгардт сол журналдың екінші бір шонжарының «егіншілік еңбегін ұйымдастыруға үнемі жұмсалатын ірі, мәнді қаражаттардың» «орнын тауып жұмсай білмейді» деп біздің губерниялық земстволарды (90-жылдардағы!) кіналайтын Н. Қарышев мырзаның көзқарасына қосыла қояр ма еді?*

* «Русское Богатство», 1896 ж., № 5, май. Қарышев мырзаның: губерниялық земстволардың экономикалық шараларға жұмсайтын қаражаттары туралы мақаласы. 20-бетінде.

Энгельгардтты Скалдинмен жақындастыратын тағы бір белгіні көрсетейік: бұл белгі — Энгельгардттың бірсыпыра таза буржуазиялық тілектер мен шаралардың байыбына бармайтындығы болып табылады. Мұнымыз Энгельгардт ұсақ буржуаларды боямалауға, белгілі бір кәсіп иелеріне мұндай ат тағуға қарсы пәлендей бір сылтау ойлап шығаруға (á la* В. В. мырза) тырысты дегеніміз емес — тіпті де олай емес. Энгельгардт жай тек практик-қожайын, ол тек шаруашылықтағы қандай да болмасын прогреске жақсарту шараларына әуес, бірақ ол осы жақсарту шараларының қоғамдық формасы бізде капитализмнің болуы мүмкін емес деген оның өзінің теорияларын теріске шығаратындығын ол өзі тіпті байқамайды. Мысалы, жұмысшыларға (кендір соққаны үшін, астық бастырғаны, тағысын тағылары үшін) ақыны *істегеніне қарай төлеу* системасының арқасында, оның өзінің шаруашылығында колы жеткен табыстарына Энгельгардттың әуестегенін еске алайық. Істеген уақытына қарай төленетін ақыны істелінген нәрсе басы сайын төлеумен алмастыру өркендеп келе жатқан капиталистік шаруашылықтың ең көп тараған тәсілдерінің бірі болатындығын, бұл шаруашылықтың осы тәсіл арқылы еңбек өнімін арттырып, қосымша күн нормасын арттыратындығын Энгельгардт байқамайтын да тәрізді. Басқа бір мысал алайық. Энгельгардт «Земледельческая Газетаның»¹⁰⁷: «Жерді қауым болып жалға беруге тыйым салу, батрактық шаруашылық кұру, жоғары техникалы машиналар, кұрал-саймандар енгізу, мал тұқымын асылдандыру, көп нәубетті егіс системасын енгізу, пішендіктер мен мал жайылымдарын жақсарту, тағысын тағылар және тағы сондайлар» деген программасын мысқылдайды. «Бірақ мұның бәрі тек жалпы сөз ғой!» — дейді Энгельгардт (128). Алайда, батрактық шаруашылық ұйымдастырудың арқасында ғана өзінің шаруашылық ісінде техникалық табысқа жеткен Энгельгардт нақ осы программаны жүзеге асырды. Немесе тағы бір мысал: шаруашылық жағынан ұқыпты мұжықтың нағыз көкейін Энгельгардттың бүкпелемей, дұрыс әшкерелегенін өзіміз жоғарыда көрдік; бірақ солай дей тұрса да: «фабрикалар да, завод-

* — сыяқты. *Ред.*

тар да керек емес, арақ ашытатын, май жасайтын *кішкене* (курсив Энгельгардттікі) деревня өндірістері», тағы басқалары «керек» (336-бет) деуіне яғни село буржуазиясының ауыл-шаруашылық техникалық өндірістерге көшуі «керек» деуіне жаңағы айтқандарының ешбір кедергісі болған жоқ,—бұл көшу қашан да және қай жерде де егіншілік капитализмінің ең мәнді белгілерінің бірі болған. Бұдан Энгельгардттың теоретик емес, шаруашыл-практик екендігі көрінді. Капитализмсіз прогрестің мүмкіндігі туралы ой жүгірту — бір басқа, кісінің өзінің шаруашылық жүргізуі екінші басқа мәселе. Өзінің шаруашылығын дұрыстап жолға қою мақсатына беріліп, Энгельгардт айналадағы жағдайлардың себебінен бұған таза капиталистік тәсілдермен жетуге, сөйтіп «батрактық» жөніндегі өзінің теориялық және дерексіз күмәндарының бәрін де былай қоя тұруға *мәжбүр* болды. Скалдин теория жүзінде кәдуілгі манчестрлікше ойлады да, өзінің байымдауларының не осы сыйпатын, не Россияның капиталистік эволюциясының мұқтаждарымен олардың сәйкес келетін-келмейтіндігін ол тіпті байқаған жоқ. Энгельгардт теория жүзінде капитализмге қарсы протест жасай тұрса да, отанының айрықша жолмен дамытындығына өзі сенгісі келсе де, ол іс жүзінде кәдуілгі манчестрлікше әрекет жасауға *мәжбүр* болды.

Ал Энгельгардтта, оны халықшыл деп атауымызға бізді *мәжбүр* етіп отырған, осы сенім болды да. Энгельгардт қазірдің өзінде-ақ Россияның экономикалық дамуының *шын* бағытын айқын көріп, енді бұл дамудың қайшылықтарынан *бұлтара* бастайды. Россияда егіншілік капитализмнің мүмкін еместігін ол дәлелдемек болып, күш салады, біздің жұмысшылар қымбатқа түседі деген бәтуәсіз сөздерге өзі толық дәлелдеп тойтарыс берер тұрса да, семьясы мен өзін асырауынан басқа «түз, өсімдік майын, киім-кешек сатып алуына» (10-беті) жылына 6 сом ақшасы қалатын қолындағы малшысы Петрдің семьясымен болмашы ғана ақыға жұмыс істеп отырғанын өзі көрсетіп отырса да «бізде кнехт жоқ» (556-беті) дегенді дәлелдеуге тырысты. «Ал басқалар осыған да қызығады, мен оны жұмыстан шығарар болсам, қазір-ақ оның орнына тұруға 50 адам табыла кеткелі тұр» (11-беті). Өзінің ша-

руашылығының жетістігін, жұмысшылардың плугті дұрыс меңгере білгендігін көрсете келіп, Энгельгардт: «сөйтіп жер айдаушылар кімдер. Бөзбаяғы надан, арсыз орыс шаруалары» (225-беті) деп, маңызданып таңданады.

Өзінің шаруашылықты басқаруымен және шаруа дара-рашылдығын өзінің әшкерелеуімен «қауымдылық» жөніндегі жалған үміт атаулының бәрін де теріске шығаратұрса да, Энгельгардт шаруалардың артель шаруашылығына көшуінің мүмкіндігіне «сеніп» қана қойған жоқ, сонымен қатар мұның осылай болатындығына, біздердің, орыстардың бұл ұлы істі істеп, шаруашылықты басқарудың жаңа әдістерін енгізетіндігімізге «көзі жететіндігін» айтады. «Біздің шаруашылығымыздың өзіндік сыйпаты, ерекшелігі де дәл осында» (349-беті). Сөйтіп, реалист Энгельгардт өз шаруашылығының әдістерінде және өзі көрген шаруалар шаруашылығының әдістерінде «өзіндік сыйпаттың» мүлдем жоқтығының орнын келешекте «өзіндік сыйпаты» болатындығына «сенімімен» толтыратын романтик Энгельгардтқа айналып отыр! Ал бұл сенімнің қасында, әсіре-халықшылдық белгілер, — Энгельгардттың бойында тіпті бірең-сараң кездесетін болса да — шовинизммен шектесіп жатқан тар ұлтшылдық («Европаны да қыйратамыз», «Европада да мұжық бізді қуаттайды» (387-беті) — соғыс жөнінде бір помещикке Энгельгардт осылай деп дәлелдеген), тіпті істеп өтеуді дәріптеу де қол созым жерде! Жұмыс істеп беремін деп қарызға ақша немесе астық алып, жеке тәуелділіктің ең ауыр шартымен* тегін дерлік жұмыс істеуге мәжбүр болған шаруаның тыйтықтап, зәбір көрген күйін суреттеуге кітабынан тамаша көп орын берген Энгельгардттың дәл өзі «доктордың» (әңгіме деревняда дәрігердің пайдалылығы мен қажеттігі жөнінде болған. В. И.) өзінің шаруашылығы болатын болса, мұжық оған емделгені үшін жұмыс істеп өтейтін болса тәуір-ақ болар еді» (41-беті) дегенге дейін барған. Түсінік беріп жатудың қажеті жоқ.

— Бүтіндей және жалпылай алғанда, Энгельгардттың

* Старостаның (яғни помещик басқарушысының) мұжықтың өз астығы пісіп, дәні төгіліп тұрғанда шаруаны жұмысқа шақыратынын, болыс ішінде «жалаңаштап соғып жатқанды» ескерткеннің өзінде-ақ шаруаның баруға лажсыз болатынын еске түсіріңіздер.

дүниеге көзқарасының жоғарыда сыйпатталған қолайлы жақтары (яғни ешқандай халықшылдық боямасы жоқ «мұра» өкілдерімен оған ортақ жақтарымен) мен қолайсыз (яғни халықшылдық) жақтарын салғастыра келіп, біз «Деревнядан» дегеннің авторында қолайлы жақтарының сөзсіз басым болып, ал қолайсыз жақтарының бір-жақтан пайда болған және кітаптың негізгі бағытымен үйлеспейтін шеттен, кездейсоқ кірген кірме сыяқты екендігін мойындауға тиіспіз.

III

«МҰРА» ХАЛЫҚШЫЛДЫҚПЕН БАЙЛАНЫС ЖАСАУДАН УТТЫ МА?

— Я, халықшылдықты сіз не деп түсінесіз? — деп сұрар, бәлкім, оқушымыз. — «Мұра» деген ұғымға қандай мазмұн берілетініне жоғарыда анықтама берілді, ал «халықшылдық» деген ұғымға әлі ешқандай анықтама берілген жоқ.

— Халықшылдық деп біз көзқарастардың системасын түсінеміз, бұл системаның мынадай үш белгісі бар: 1) *Россиядағы капитализмді кер кету деп, регресс деп танушылық.* Қоғамның ғасырлар бойы келе жатқан негіздерін капитализмнің «қыйратуын» «кідірту керек», «тоқтату керек», «оған тыйым салу керек» деп тырысушылықтар мен тілектер, тағы сондай реакцияшыл айқайлар осыдан келіп туады. 2) *Жалпы алғанда орыстың экономикалық құрылысының өзіндік сыйпаты бар деп, ал жеке-келеп алғанда шаруаның қауымды, артельді, тағы сондай өзіндік сыйпаты бар нәрсе деп танушылық.* Халықшылдар түрліше қоғамдық таптар туралы және олардың жанжалдары туралы осы күнгі ғылым жасаған ұғымдарды орыстың экономикалық қатнастарына қолдануды қажет деп таппайды. Қауымды шаруаларды капитализмге қарағанда жоғары санап, ең тәуір нәрсе деп қарайды; «негіздерді» дәріптеушілік пайда болады. Шаруалар арасында бар товарлы, капиталистік шаруашылық атаулының бәріне де тән, қайшылықтар мойындалмайды, бүркемеленіледі, бұл қайшылықтардың капиталистік өнеркәсіппен, капиталистік егіншіліктегі қайшылықтардың анағұрлым өрши түскен формасымен байланысы теріске шығарылады. 3) *«Интеллигенцияның» және елдің заң-саяси*

мекемелерінің белгілі бір қоғамдық таптардың материалдық мүдделерімен байланысы барлығын елемеушілік. Бұл байланысты мойындамаушылық, әлеуметтік бұл факторларды материалистік жолмен түсіндірудің болмауы бұларды «тарихты басқа-басқа жолмен сүйрейтін» (В. В. мырза), «жолдан тайдыратын» (Н. — он мырза, Южаков мырза, тағысын тағылар) күш, т. т. деп тануға еріксіз мәжбүр етеді.

«Халықшылдық» деп біз міне осыны айтамыз. Демек, оқушы көріп отыр, біз бұл терминді кең мағынада, көзқарас системасының жеке өкілдеріне қарсы емес, сол бүтін көзқарас системасына қарсы шығып отырған барлық «орыс шәкірттерінің» қолданған мағынасында қолданамыз. Бұл жеке өкілдердің арасында, әрине, айырмашылық бар, кейде азын-аулақ айырмашылық та болып қоймайды. Бұл айырмашылықтарды ешкім де елеусіз қалдырып отырған жоқ. Бірақ жоғарыда келтірілген дүние тану белгілері, айталық тіпті Юзов мырзадан бастап-ақ Михайловский мырзаға дейін, халықшылдардың алуан-алуан өкілдерінің бәрінің де басында бар жалпы белгілер. Юзов, Сазонов, В. В. және тағысын сондай мырзалар өздерінің жаңағы айтқан теріс белгілеріне, Михайловский мырзада да, немесе қазіргі «Русское Богатствоның» басқа қызметкерлерінде де жоқ, теріс белгілерді қосып алды. Халықшылдардың, сөздің тар мағынасындағы халықшылдардың жалпы халықшылдардан бұл айырмашылықтары жоқ деушілік, әрине, дұрыс болмаған болар еді, бірақ барлық және қандай бір халықшылдардың болсын негізгі әлеуметтік-экономикалық көзқарастары жоғарыда келтірген негізгі пункттер бойынша тура келетінін елемеушілік онан да гөрі дұрыс болмаған болар еді. «Орыс шәкірттері» осы негізгі көзқарастан жаман жағына қарай «хасіретті ауытқуды» ғана емес, атап айтқанда осы негізгі көзқарастарды қабыл етпейтін болғандықтан «халықшылдық» деген түсінікті кең мағынасында қолдануына олардың, сірә, толық правосы бар болар. Правосы бар ғана емес, басқаша істейтін тіпті жолы жоқ.

Халықшылдардың жоғарыда көрсетілген негізгі көзқарастарын айта келіп, біз алдымен «мұраның» бұл көзқарастарға тіпті де қатысы жоқ деп қорытуға тиіспіз. Халықшылдармен үш қайнаса сорпасы қосылмайтын, капи-

тализм туралы айрықша мүлдем мәселе қоймайтын, Россияның өзіндік сыйпаты бар дегенге, шаруалар қауымына, тағы да сондайларға тіпті де сенбейтін, интеллигенцияға, заң-саяси мекемелерге «жолдан тайдырғыш» фактор деп қарамайтын, «мұраның» толып жатқан күмәнсіз өкілдері, күмәнсіз сақтаушылары бар. Біз жоғарыда «Вестник Европыдың»¹⁰⁸ бастырушы-редакторын атадық; мұны басқа не нәрсемен де айыптауға болар, ал «мұраның» дәстүрін бұздың деп айыптауға болмас. Қайта, өздерінің көзқарастары бойынша халықшылдың жоғарыда айтылған негізгі принциптеріне тура келетін, бірақ соның өзінде тікеден тіке және ашықтан ашық «мұрадан безіп шыққан» кісілер бар — мәселен, Я. Абрамов мырзаның өзін атауға болады, Михайловский мырза да осыны көрсетеді, немесе Юзов мырзаның өзін атауға болады. «Орыс шәкірттері» қарсы соғыс ашып отырған халықшылдық мұра «анылған» кезде, яғни 60-шы жылдары (заң тілімен айтқанда) тіпті мүлдем жоқ та болатын. Халықшылдықтың ұрығы, әрине, 60-шы жылдары ғана емес, 40-шы жылдары да, онан ертеректе де* болған, — бірақ бізге қазір халықшылдықтың тарихы керек болып отырған жоқ. Бізге кересі, тағы да қайталап айталық, 60-шы жылдардағы «мұраның», біздің жоғарыда сыйпаттаған мағнадағы «мұраның», халықшылдықпен үш қайнаса сорпасы қосылмайтынын, яғни көзқарастарының мәні жөнінде бұлардың арасында түк ұқсастық жоқ екенін, бұлардың әрқайсысы әртүрлі мәселе көтеретінін дәлелдеп шығу болады. Халықшыл емес те «мұраның» сақтаушылары бар, және «мұрадан безіп шыққан» халықшылдар да бар. Әрине, «мұраны» сақтап жүрген немесе оны сақтаймын деуші халықшылдар да бар. Біз сондықтан да мұраның халықшылдармен байланысы туралы сөз қылып отырмыз. Енді бұл байланыстың не бергенін карап өтелік.

Біріншіден, халықшылдық мұраға қарағанда *лгері* қарай *зор адым* басты, мұра сақтаушыларының әлі (өз кезінде) үлгірмегендігінен және өздерінің бойларына тән дүние тануының тарлығынан көтермей келген және кө-

* Енді Туган-Барановскийдің: «Орыс фабрикасы» (СПБ. 1898 ж.) деген кітабын салыстырыңыз.

термейтін мәселелерді халықшылдық қоғам пікірінің шешуіне қойды. Бұл мәселелерді *көтеругі* халықшылдықтың ірі *тарихи еңбегі* және халықшылдық бұл мәселелерді (қалай етіп шешсе де) шешіп, *сөйтіп* орыс қоғамының ой-пікірінің прогрестік ағымының ішінен алдыңғы қатарлы орын алғандығы әрі толық табиғи, әрі түсінікті нәрсе.

Бірақ халықшылдықтың бұл мәселелерге жасаған шешімі Батыс Европада әлде қашан керексіз етіп тастаған, артта қалған теорияларға негізделген, капитализмді романтикалық және ұсақ буржуазиялық тұрғымен сынауға орыс тарихының және орыс тұрмысының ірі-ірі фактыларын елемеушілікке негізделген түкке тұрғысыз шешім болып шықты. Россияда капитализмнің дамуы және оның осыған тән қайшылықтары әлі өте-мөте әлсіз болып тұрған кезінде, капитализмнің бұл тұрпайы сыны өмір сүре алды. Россиядағы капитализмнің қазіргі дамуын, орыстың экономикалық тарихы мен тұрмысы туралы біліміміздің қазіргі халін, социологиялық теорияның алдына қойылатын қазіргі талапты халықшылдық сөз жоқ қанағаттандыра алмайды. Өз тұсында, капитализм туралы алғаш мәселә көтергені ретінде, прогрестік құбылыс болған халықшылдық ендігі жерде қоғамның ой-пікірін адастыратын, тоқыраудың және әрқыйлы азияшылдықтың пайдасын соғатын, *реакцияшыл* және *зыянды* теория болып табылады. Капитализмнің халықшылдық сынының реакцияшыл сыйпаты, қазіргі уақытта халықшылдыққа өзін мұраны адал сақтаумен* ғана қанағаттанатын дүние танудан да төмен дәрежеге түсіретін белгілер беріп отыр. Мұның нақ осылай екенін халықшылдық дүние танудың жоғарыда аталған үш белгісінің әрқайсысын тексергенде көрсетуге тырысамыз.

Бірінші белгі — Россиядағы капитализмді кер кетушілік деп, регресс деп тану. Россияда капитализм мәселесі қойылған соң-ақ көп ұзамай біздің экономикалық даму капиталистік даму екені анықталды, сонсоң халық-

* Мен жоғарыда экономикалық романтизм туралы мақалада біздің қарсы адамдарымыз өте-мөте айқын тарихи-философиялық маңнасы бар *реакциялық*, *ұсақбуржуазиялық* деген терминдерді айтыс үстінде айтыла салынатын нәрсе деп түсініп, өздерінің ой-пікірінің таңғаларлықтығын көрсетеді деген болатынмын. (Осы томның 233-бетін қараңыз. *Ред.*).

шылдар бұл дамуды регресс деп, хате деп, ұлттың барлық тарихи өмірі белгілеген жолдан ауғандық деп, ғасырлар бойы өмір сүрген негіздер көрсетіп кеткен жолдан тайғандық деп, т. т. және т. с. деп жарыялады. Қоғамдық бұл дамуға ағартушылардың берік сенуінің орнына, бұған қайта сенбеушілік пайда болды, тарихи оптимизмнің рухы көтерілудің орнына, істің беті осылай кете барған сайын жаманға айналады, жаңа дамудың алға қойып отырған міндеттерін шешу соғұрлым қыйындай түседі дегенге негізделген пессимизм пайда болды, еңсесі түсушілік пайда болды; бұл дамуды «кідіртуге», «тоқтатуға» шақырушылық пайда болды, мешеу қалушылық Россияның бахыты, т. т. деген теория пайда болды. Халықшылдықтың бұл белгілерінің бәрінің «мұрамен» үш қайнаса сорпасы қосылмайтыны былай тұрсын, оған тіпті тікелей қайшы келеді. Орыс капитализмін «жолдан ауғандық» деп, «кер кету», т. т. деп тану Россияның барлық экономикалық эволюциясын бұрмалауға, көз алдымызда болып жатқан «аумасуларды» бұрмалауға апарып соғады. Ғасырлар бойы өмір сүрген негіздерді капитализмнің бұзып әкетіп бара жатқанын кідірту, тоқтату ниетіне берілген халықшыл таңқаларлық тарихи әдепсіздікке түседі, бұл капитализмнің артында бұғаудың сан алуан түрлерімен қосылған нақ сондай қанаудан басқа, еңбекшілердің халін ауырлата түсетін жеке бастың тәуелділігінен басқа, қоғамдық өндірісте, демек, әлеуметтік өмірдің барлық саласында да ескілік әдеттен, тоқыраудан басқа түк жоқ екенін ұмытады. Халықшыл өзінің романтикалық ұсақбуржуазиялық тұрғысында тұрып, капитализмге қарсы соғыс ашады да, барлық тарихи реализмді керексіз етіп лақтырады, капитализмнің шындығын капитализмге дейікгі тәртіптердің ойдан шығарылған нәрселерімен салғастырады. Қазіргі қоғамдық дамудың прогрестілігіне қатты сенген, ескілік қалдығына түгелдей және тікелей қарсы аяусыз жау болған, осы қалдықтарды тазалап алып тастаса болғаны-ақ, іс оңға басады деп сенген 60-шы жылдардың «мұрасы» — халықшылдықтың жоғарыда аталған көзқарастарына түк қатысы жоқ екені былай тұрсын, оған тіпті тікелей қайшы келеді.

Халықшылдардың екінші белгісі — Россияның өзіндік

сыйпаты бар деп сенуі, шаруаларды, қауымды, т. т. дәріптейтіндігі. Россияның өзіндік сыйпаты туралы ғылым халықшылдарды ескірген батыс-европалық теорияға жармасуға итерді, батыс-европалық мәдениеттің көптеген табыстарына олардың ғажап жеңіл ойлылықпен қарауына себепкер болды: мәдениетті адамзаттың белгілі-бір пәлендей белгілері бізде жоқ болса да, оның есесіне бізді шаруашылық жүргізудің жаңа әдістерін, т. т. дүниеге көрсетсін деп «жазған» деп, халықшылдар өздерін өздері жұбатты. Капитализмге және оның барлық көріністеріне алдыңғы қатарлы батыс-европалық ой-пікірдің берген анализі жарықтық Русь елі жерінде қабыл алынбағаны былай тұрсын, қайта Европа капитализмі жөнінде жасалған қортындыны орыс капитализмі жөнінде істетпейтін сылтаулар іздеп барлық күшін салды. Халықшылдар бұл анализдің авторларының аясында кұрдай жорғалады және... және өздері сол романтиктердей болып, сол авторлардың өзі өмір бойы қарсы күресіп келген романтиктеріндей болып, жайбарақат қала берді. Россияның өзіндік сыйпаты бар дейтін халықшылдардың бәріне бірдей ортақ ғылымның тағы да «мұрамен» түк ұқсастығы жоғы былай тұрсын, оған тіпті тікелей қайшы келеді. Қайта, «60-шы жылдар» Россияны европаландыруға тырысты, оның жалпы европалық мәдениетпен араласатынына сенді, европалық мәдениеттің түрлі табыстарын, тіпті де өзіншелік емес, өзіміздің жағдайға көшірудің қамын жасады. Россияның өзіндік сыйпаты бар дейтін ғылымның қандайы болсын 60-шы жылдардың рухына, оның дәстүрлеріне тіпті сәйкеспейді. Халықшылдық дәріптеушілік, деревняны боямалап көрсетушілік бұл дәстүрге онан бетер сәйкеспейді. Біздің деревняны капиталистік қатынасқа дейінгі дәуірдегі қайсыбір елдердің болсын ешқандай бір деревнясына тіпті ұқсамайтын, айрықша бір деревня деп танығысы келетін бұл жалған дәріптеушілік ақылға сыярлық және реалистік мұраның дәстүрлеріне мүлдем қайшы келеді. Капитализм ілгерілей, тереңдей дамыған сайын, капиталистік-товарлы қоғамның бәріне бірдей тән қайшылықтар деревняда күшейе түскен сайын, бір жағынан, шаруаның «қауымдылығы», «артельдігі», т. т. деп келетін халықшылдардың мағнасыз ертегілерімен, — екінші жағы-

нан, деревня буржуазиясы және село пролетариаты болып шаруаның екіге жарылу фактысының арасындағы қарама-қарсылық та айқындала түсті; мәселеге шаруаның көзімен қарауын қоймаған халықшылдар сентиментальды романтиктерден ұсақ буржуазияның дәріптеушісіне айналуы жеделдей түсті, өйткені қазіргі қоғамда ұсақ өндіруші товар өндірушіге айналады. Деревняны жалған дәріптеушілік, «қауымдылық» жөніндегі романтикалық арманға әуестену шаруалардың, қазіргі экономикалық дамудан туатын, шын мұң-мұқтаждарына халықшылдардың өте-мөте ұшқары қарауына әкеп соқтырды. Теория жүзінде негіздердің сақталғыш күші туралы қаншама көп айтса да бола береді, бірақ іс жүзінде біздің шаруаның осы күнге дейін қол аяғын матап келген ескіліктің қалдығын, реформаға дейінгі құрылыстың қалдығын жою атап айтқанда басқа түрлі даму емес, нақ осы капиталистік дамуға жол ашатынын әрбір халықшыл өте жақсы сезді. Капиталистік прогрестен гөрі, тоқыраудың өзі артық — шынына келгенде, әрбір халықшылдың деревняға көзқарасы міне осы; бірақ, әрине, халықшылдардың бәрі бірдей мұны, В. В. мырза тәрізді, шалдуартікелік жасап, ашық және тура айтуға бел байлай алмайды. «Үлеске және қоғамда маталған, өзінің еңбегін анағұрлым өнімдірек болатын жерде пайдалану мүмкіншілігінен айрылған шаруалар, бұларға крепостниктік правоның уысынан шыққан тұрмыстың тар шеңберлі, жайылып жүрген мал тәрізді, өнімсіз түрінде қатып қалғаны тиімді көрінеді». «Ағартушының» бойына тән өзінің тұрғысымен қараған «мұраның» бір өкілі осылай деп қараған болатын. — Деревняда капитализм үшін жол ашқанша, шаруалар, мейлі, тұрмыстың сол өзінің ескілікті, патриархтық түрінде өзгермей қатып-семіп қала берсін» — шынына келгенде әрбір халықшыл осылай қарайды. Шынына келгенде, жаппай кепілдігі бар жерді сатуына және үлестен бас тартуына рұхсат берілмейтін шаруалардың сословнелік тұйықтығы қазіргі экономикалық тұрмыспен, қазіргі товарлы-капиталистік қатынаспен және соның дамуымен өте-мөте қайшы келіп отырғандығын теріс деп айтуға бел байлайтын бірде бір халықшыл табыла қоймас-ау. Бұл қайшылықты мойындамау мүмкін емес, бірақ істің барлық мәні халықшылдардың мәселені

осылай қоюға, шаруалардың заңдық жағдайымен, экономикалық тұрмысымен, қазіргі экономикалық дамумен салыстырып қарауға дәті шыдамайтынында, қорқатынында болып отыр. Халықшылдар болмыста жоқ, өздері қыялмен тудырған дамудың романтикалық капитализмсіз түріне қояр да қоймай сенгісі келеді, ал сондықтан да... сондықтан капиталистік жолмен бара жатқан қазіргі дамуды тоқтата салуға ол дайын отыр. Шаруалар қауымының сословиелік тұйықтығы туралы, жаппай кепілдік туралы, өз жерін сатуына және үлесінен бас тартуына шаруаның правосы туралы мәселелерге халықшылдар, «негіздердің» (ескілік пен тоқыраудың негіздерінің) тағдыры қалай болады деп, тек айрықша зор сақтықпен, қорқа соғып қарап қана қоймайды, ол-ол ма, халықшылдар керек десе шаруалардың өз жерін сатуына полицейлік тыйым салушылықты құттықтап, соншалықты арсыздықпен төмен дәрежеге түсіп отыр. «Мұжық ақылсыз бір ақмақ — деп, мұндай халықшылдарға Энгельгардтың сөздерімен айтуға болады, — өздігінен шаруалығын жайғастыра алмайды, егер ешкім оның қамын жемесе, ол бүкіл орманды өртеп жібереді, құстан құс қалдырмайды, барлық балықты аулап бітіреді, жерді бүлдіреді, өзі де құрып бітеді». Бұл жерге келгенде халықшыл «мұрадан» тұпа-тура «бас тартады» да, реакцияшыл болып шығады. Аңғарып қалғайсыз, шаруа қауымының бұл сословиелік тұйықтылығының бұзылуы экономикалық дамудың барысына қарай, село пролетариаты үшін барған сайын өте-мөте қажет бола түседі, ал шаруа буржуазиясы үшін мұнан туатын қолайсыздық оншама елеулі емес. «Шаруашылық жағынан ұқыпты мұжық» оп-оңай басқа жақтан да жер арендаға ала алады, басқа деревняға барып кәсіп аша алады, сауда ісімен қай жаққа болсын қанша уақытқа болсын жол шыға алады. Бірақ кебінесе өзінің жұмысшы күшін сатумен күнелтетін «шаруа» үшін үлеске және қауымға матап қоюдың мәнісі оның шаруашылық өрісін оңдырмай тарылтады, неғұрлым тиімдірек жалдаушыны іздеуге мүмкіндік қалдырмайды, өзінің жұмысшы күшін ығлғый арзан төлейтін және кіріптар етудің барлық әдістерін іздеп бағатын сол жергілікті жалдаушыға сатуға мәжбүр етеді деген сөз. — Романтикалық қыялдарға бір беріліп алғаннан кейін,

экономикалық дамуға қарсы негіздерді сүйемелдеуді және сақтауды мақсат етіп алғаннан кейін, халықшыл өзін өзі аңғармастан осы салынған ізімен төмендеп барып, «шаруаның жермен байланысын» сақтауды және нығайтуды жанын салып тілейтін аграрлықтардың дәрежесіне түсті. Осы шаруалар қауымының тұйықтығы жұмысшы жалдаудың айрықша әдістерін тудырғанын: заводтардың және экономиялардың кожайындары деревняларға, әсіресе салықтарын өтей алмай отырған деревняларға, неғұрлым тиімді шарттармен жұмысшылар жалдап қайтуы үшін, өздерінің приказчиктерін жұмсайтынын еске түсірсек те жетіп жатыр. Бахытымызға қарай, егіншілік капитализмінің дамуы пролетардың отырықшылығын бұзады да (басқа жаққа кетіп істеп қайтатын егіншілік кәсіптің әсері осылай болады), біртіндеп бұл кіріптарлықты ысырып тастап, оның орнына еркімен жалдануды әкеп орнатады.

Қазіргі заманғы халықшылдық теорияның зыяндылығы туралы біздің қағыйдамызды, сірә, онан да бетер айқын растайтын тағы да бір факт, халықшылдардың арасында істеп өтеуді дәріптеушілік кәдуілгі салтқа айналғандығы болып табылады. Біз жоғарыда халықшылдық күнаға батқан Энгельгардт деревняда істеп өтеуді дамыту «жақсы болар еді!» деп жазғанға шейін барғанын мысалға келтіргенбіз. Южаков мырзаның егіншілік гимназиясы туралы («Русское Богатство», 1895 жылы, №5)* атышулы жобасында да біз осыны көреміз. Экономикалық байсалды мақаласында Энгельгардттың журнал жағынан қызметтесі болған В. В. мырза да осындай дәріптеушілікке беріледі, В. В. мырзаның айтуынша, капитализмді ендірмек болыпты-мыс деген помещикті шаруа жеңіпті, бірақ, сор болғанда, шаруа помещиктің жерін ұқсатып пайдалануға алған, бұл үшін жерді ол «арендаға» алған, — яғни крепостниктік правоның тұсындағы шаруашылық әдістің дәл өзін қайта орнатқан. Мұның өзі біздің егіншіліктің мәселелеріне халықшылдардың реакцияшыл көзқарасының ең айқын мысалдары. Мұнан гөрі күмілжі түрінде бұл идеяны сіз әрбір халықшылдан кездестіресіз. Әрбір халықшыл біздің егіншіліктегі капи-

* Осы томның 67 — 75-ші және 507 — 542 беттерін қараңыз. *Ред.*

тализмнің зыяны мен хауіптілігі туралы айтады, өйткені капитализм, өзіңіз-ақ қараңыз, дербес шаруаның орнына батракты тудырады дейді. Капитализмнің *шындығына* («батракқа») «дербес» шаруа туралы *ойдан шығарылған* нәрсе карама-қарсы қойылады: бұл ойдан шығарылған нәрсе капитализмге дейінгі заманның шаруасы өндіріс құралына иелік етуші еді дегенге негізделеді, бұл жерде шаруа осы өндіріс құралына өз құнынан екі есе артық төлейтінін; бұл құралдар істеп өтеу үшін керек екенін; бұл «дербес» шаруаның күн көріс дәрежесі төмен екендігін, төмендігі сонша, бұлар капиталистік елдің қайсыбірінде болсын қайыршылар қатарына қосылатынын; бұл «дербес» шаруаның сұрапыл қайыршылығы мен ой-пікір шабандылығына, тағы да шаруашылықтың капитализмге дейінгі түрінде лажсыз болып отыратын, жеке басының кіріптарлығы қосылатынын жұпыны түрде үндемей өте шығады.

Халықшылдарға тән үшінші белгі — еліміздегі «интеллигенцияның» және заң-саяси мекемелерінің белгілі қоғам табының материалдық мүдделерімен байланысын елемеуі — бұл белгі бұрынғыларымен тығыз байланысып жатыр: орыс капитализмінің «хате» екендігі туралы және «жолдан бұрылуға» мүмкіндік бары туралы ғылымды тудырған социологиялық мәселелерде нақ осы реализмнің жоқтығы ғана болып табылады. Халықшылдықтың бұл көзқарастары «мұрамен» және 60-шы жылдардың дәстүрлерімен тағы да ешқандай байланысып тұрған жоқ, ал қайта *бұл дәстүрлерге турадан-тура карама-қарсы* жатыр. Осы көзқарастан барып табиғи түрде халықшылдардың орыс тұрмысындағы реформаға дейінгі тәртіптің толып жатқан қалдықтары жайында «мұра» өкілдері ешқашан да келісе алмайтын көзқарасы туады. Бұл көзқарасты сыйпаттау үшін В. Иванов мырзаның «Нашар ұйғарынды» («Новое Слово», 1897 жылғы сентябрь) деген мақаласынан тамаша ескертулерді пайдаланамыз. Автор Боборыкин мырзаның «Басқа жолмен» деген белгілі романы туралы айтады және халықшылдар мен «шәкірттердің» арасындағы таласты оның түсінбейтіндігін әшкерелейді. Боборыкин мырза өзінің романындағы геройдың, халықшылдың аузына «шәкірттер» «тәртіпшілік деспотизмнің жан шыдамайтын казармасы туралы» арман етеді деген

сөзді салады. Г. В. Иванов мырза бұл жөнінде былай дейді:

«Өзінің дұшпандарының «арманы» ретінде «тәртіптің» жан шыдатпайтын деспотизмі туралы олар (халықшылдар) айтпағаны былай тұрсын, тіпті *халықшылдар болып қала отырып, айта да алмайды, айтпайды да*. Мәселенің бұл жағына келгенде «экономикалық материалистермен» бұлардың таласының мазмұны атап айтқанда мынада: ескі тәртіптің бізде сақталып келген қалдықтары, халықшылдардың пікірінше, тәртіптің мұнан былайғы дамуына негіз бола алады. Бұл ескі тәртіптің жан шыдатпайтындығы халықшылдардың көзінен таса қалып отырады: бір жағынан «шаруа жанының» (бірыңғай және ажырамайтын) өзі тәртіпке қарай «эволюцияланады» деп ұққандықтан, — екінші жағынан «интеллигенцияның», «қоғамның» немесе жалпы алғанда «жетекші таптардың» адамгершілігі көркем деп немесе не түбінде осылай болады деп сенгендіктен болып отыр. Халықшылдар экономикалық материалистерді тәртіпке жаны кұмар деп емес, қайта, тәртіптің жоқтығына негізделген батыс-европалық жағдайларға жаны кұмар деп айыптайды. Ал экономикалық материалистер шынында да ақша шаруасына көшкен елде, халқының түрліше топтары нақты жағдайы жағынан болсын, оның ой-пікір және адамгершілік кейпі жағынан болсын мың сан өзгерістер тудыратын ақша шаруашылығына көшкен елде, өзіндік шаруашылықтың негізінде өскен тәртіптің қалдығы бірден бірге «жан шыдатпайтын» бола түседі дейді. Сондықтан бұлар еліміздің экономикалық өмірінің шарапатты жаңа «тәртібінің» пайда болуы үшін қажетті жағдайлар натуралды шаруашылық пен крепостниктік правоға сәйкестірілген тәртіптің қалдықтарынан өсіп, өркендемейді. Батыс Еуропа мен Американың алдыңғы қатарлы елдеріндегі сыяқты, осы ескі тәртіптің ешбір жерде болмаған жағдайында ғана өсіп, өркендейді деп сенеді. Халықшылдар мен олардың дұшпандарының арасында талас болып жүрген тәртіп турасындағы мәселе міне осындай халде болып отыр» (11—12-беттер, I. с.*). «Ескі тәртіптің қалдықта-

* — loco citato — цитата алынған жерде. *Ред.*

рына» халықшылдардың бұл көзқарасы, сірә, «мұраның» дәстүрлерінен халықшылдықтың тіпті шалғай алыс кеткендігін көрсететін болар. Жоғарыда көрдік, бұл мұраның өкілдерінің өзгешелігі сол, ескі тәртіптің қалдықтарының бәрін және қандайын болсын барынша аяусыз, батыл мінейді. Демек, бұл жағынан алғанда «шәкірттер» халықшылдарға қарағанда «дәстүрлерге» және 60-шы жылдардың «мұрасына» анағұрлым жақын тұр.

Халықшылдардың жоғарыда көрсеткен аса маңызды хатесінен де тыс, социологиялық реализмнің жоқтығы бұларды интеллигенттік өзім білгіштік немесе ойлаудың, керек десе, бюрократтық түрі деп атауға болғандай, қоғам істері, қоғам мәселелері туралы ойлаудың, пікірге салудың айрықша бір түріне апарып соқтырады. Халықшылдар ақыл-ойға салғанда әрқашан былай ойлайды: отан үшін «біз» қандай жол тауып алуға тиіспіз, егер «біз» отанды мына жолға бағыттасак, сонда қандай тауқыметтер кездеседі, егер «біз» қарт Европаның жүрген хатерлі жолын баспай өтсек, егер «біз» Европадан да, өзіміздің ежелгі қауымдылықтан да «тәуірін тандап алсақ» «біз» өзімізге қандай жолды қамтамасыз етер едік, т. т. деп ойлайды. Тарихты өзінің мүддесіне сай жасап отыратын, жеке қоғамдық таптардың дербес бағыттарына халықшылдың түгелдей сенбеушілігі, елемеушілігі осыдан келіп туады. Халықшылдың (өзінің төңірегіндегі жағдайды ұмытып), қайдағы бір «егіншілік еңбегін ұйымдастырудан» бастап, біздің «қоғамның» өзінің талаптануы арқасында «өндірісті қауымдастыруға» дейін әлеуметтік неше алуан жорамалдарға салынатын таңқаларлық ұшқары ойлаушылығы осыдан келіп туады „Mit der Gründlichkeit der geschichtlichen Action wird also der Umfang der Masse zunehmen, deren Action sie ist“* — осы сөздерде біздің халықшылдардың тіпті түсінгісі келмейтін, тіпті түсіне де алмайтын тарихи-философиялық теорияның өте бір терең мағналы, өте бір маңызды қағыйдасы айтылған. Адамдардың тарихи тапқыштыры ке-

* *Marx*, „Die heilige Familie“, 120. Бельтов бойынша, 235-бет, («Тарихи әрекеттің негізділігіне қарай, демек, соның өзінің ісі болып табылатын жұрт санының көлемі де өседі». — *Маркс*, «Хасиетті семья»¹⁰⁹. *Ред.*)

нейе, төрендей түскен сайын, тарихи саналы қайраткер болып табылатын, халықтың белгілібір саны да арта түсуге тиіс. Ал халықшыл қашан да болса жалпы алғанда халық атаулыны, жекелеп алғанда еңбекші халық атаулыны белгілібір ақылға сыярлық істердің объектісі деп қарады, белгілібір жолға бағыттап жіберерлік зат деп қарады, халықтың түрліше таптарына дамудың белгілібір жолының тұсындағы тарихи дербес қайраткерлер деп ешқашан да қараған емес, тарихтың осы жасаушыларының дербес және саналы әрекеттерін дамыта алатын (немесе, керісінше, оның күшіне тоқтау салатын) сол жолдың шарттары туралы мәселені ешқашан да көтерген емес.

Сонымен, ағартушылардың «мұрасына» қарағанда халықшылдық, капитализм туралы мәселе *көтеріп*, алға қарай ірі адым басса да, бұл мәселеге бұлар берген шешім, ұсақ буржуазиялық тұрғының және капитализмді сентименталдықпен сынаудың салдарынан, мүлдем қанағаттануға болмайтын болып шықты, қоғамдық тұрмыстың бірсыпыра толып жатқан маңызды мәселелері жөнінде халықшылдық «ағартушылармен» салыстырғанда *кейін* қалып қойды. Халықшылдықтың мұраға және біздің ағартушылардың дәстүрлеріне келіп қосылуы, сайып келгенде *зыян* болып шықты: Россияның реформадан кейінгі экономикалық дамуы орыстың қоғам пікірінің алдына қойған жаңа мәселелерін халықшылдық шешпеді, бұлар жөнінде сентименталдық, реакциялық шағым етумен ғана қанағаттанды, ал ағартушылар бұрын көтерген ескі мәселелерді халықшылдық өзінің романтикасымен былықтырды және бұл мәселелердің толық шешілуін бөгеді.

IV

«АҒАРТУШЫЛАР», ХАЛЫҚШЫЛДАР ЖӘНЕ «ШӘКІРТТЕР»

Енді біз өзіміздің салыстырып қарағанымыздың қортындысын шығара аламыз. Мақаланың атында көрсетілген қоғамдық пікірдегі әрбір ағымның бір-біріне қатынасын қысқаша сыйпаттауға тырысып көрелік.

Ағартушы бұл қоғамдық дамуға сенеді, өйткені бұған тән қайшылықтарды аңғармайды. Халықшыл бұл қоғам-

дық дамудан қорқады, өйткені ол бұл қайшылықтарды аңғарып та үлгірді. «Шәкірт» бұл қоғамдық дамуға сенеді, өйткені ол тәуір болашақтың кепілін осы қайшылықтардың толық дамуында деп біледі. Сондықтан бірінші және соңғы бағыт осы жолмен дамуды қуаттауға, тездеуге, жеңілдетуге тырысады, бұл дамуға бөгет болатын, оны кідіртетін барлық кедергілерді жолдан алып тастауға тырысады. Халықшылдар, керісінше, бұл дамуды кідіртуге, тоқтатуға тырысады, капитализмнің дамуы жолындағы кейбір кедергілерді жоюдан қорқады. Бірінші және соңғы бағыттар тарихи оптимизм деп аталуға болар еді делініп сыйпатталады: іс, осы кетіп бара жатқан бетімен, неғұрлым ілгері, неғұрлым тез кете берсе, соғұрлым жақсы болады дейді. Халықшылдар, керісінше, табиғи түрде тарихи пессимизмге қарай тартады: іс неғұрлым осы бетімен ілгері кете бөрген сайын, соғұрлым жаман болады дейді. «Ағартушылар» реформадан кейінгі дамудың сыйпаты туралы тіпті де мәселе көтерген емес, олар реформаға дейінгі құрылыстың қалдықтарына қарсы соғысумен ғана қанағаттанды, Россияның европалық жолмен дамуына жол тазарту жөнінде жұрт мойындамай жүрген міндетпен қанағаттанды. Халықшылдық Россиядағы капитализм туралы мәселе көтерді, бірақ бұл мәселені капитализмнің реакцияшылдығы мағнасында шешті, сондықтан да ағартушылардың мұрасын ол түгелдей бойына сіңіре алмады: халықшылдар әрқашан «цивилизацияның бірыңғайлығы» тұрғысынан қарап, жалпы алғанда Россияны европаландыруға ұмтылатын кісілерге қарсы соғыс жүргізіп келді, соғыс жүргізуінің себебі: бұл кісілердің арманымен қанағаттана алмағандықтан ғана емес (мұндай соғыс әділ соғыс болған болар еді), бұлардың өздері сол, яғни капиталистік цивилизацияның дамуы жөнінде тым алыстап кеткісі келмейді. «Шәкірттер» Россияда капитализм мәселесін оның прогрестілігі мағнасында шешеді, сондықтан ағартушылардың мұрасын тек қабылдай алады деген былай тұрсын, тіпті бүгіндей қабылдауға тиіс, сөйтіп бұл мұраны капитализм қайшылықтарын қожайын емес өндірушілердің тұрғысынан анализ жасау арқылы толықтыра-

ды. Ағартушылар өздерінің айрықша көңіл бөлерлік нәрсесі ретінде халықтың бірде-бір табын жекелеп алып қараған емес, бұлар тек жалпы халық туралы ғана емес, тіпті керек десе жалпы ұлт туралы сөз қылды. Халықшылдар, қазіргі заманның шаруашылық системасындағы белгілібір топты атамастан, еңбектің мүддесін жоқтамақшы болды; ал іс жүзіне келгенде олар әрқашан капитализмнің өзі товар өндірушіге айналдырып отыратын ұсақ өндірушінің тұрғысынан шыға алмады. «Шәкірттер» нысанаға еңбек мүддесін алып қана қоймайды, олар бұл ретте капиталистік шаруашылықтың белгілібір айқын тобын, атап айтқанда қожайын емес өндірушілерді көрсетеді. Өздерінің қалауларының мазмұны бойынша, бірінші және соңғы бағыт капитализммен бірге туатын, сонымен бірге дамыйтын таптардың мүдделеріне сәйкеседі; халықшылдық өзінің мазмұны бойынша, қазіргі замандағы қоғамның басқа таптарының ішінде аралық орын алып жүрген ұсақ өндірушілер табының, ұсақ буржуазия табының мүддесіне сәйкеседі. Сондықтан халықшылдықтың «мұраға» қайшы көзқарасы тіпті де кездейсоқтық нәрсе емес, халықшылдық көзқарастың өз мазмұнының қажетті нәтижесі болып табылады, біз ағартушылардың көзқарастарының негізгі белгісінің бірі. Россияны европаландыруға жанықұмар екенін, ал халықшылардың қалайда, халықшыл болып қала отырып-ақ, бұл тілекті қуаттай алмайтынын көрдік.

Демек, ақырын сайып келгенде жеке мәселелер туралы жоғарыда өзіміз әлденеше рет көрсеткен қортындыға келеміз, атап айтқанда, *шәкірттер — халықшылдарға қарағанда мұраның әлдеқайда дәйекті, әлдеқайда сенімді сақтаушысы болып табылады*. Шәкірттер мұрадан бас тартпайтыны былай тұрсын, қайта, бұлар өздерінің басты міндетінің бірі — ағартушылардың европалық идеалдарының аса көп, аса маңызды пункттері жөнінде халықшылдарды бас тартуға мәжбүр еткізетін романтикалық және ұсақбуржуазиялық қорқа соғушылықты айқын әшкерелеу деп есептейді. Ал «шәкірттердің» мұраны кәдімгі архивариустың ескі қағазды сақтайтыны сыяқты, сақтамайтыны өзінен өзі түсінікті. Мұраны сақтау дегені-

міз — тіпті де сол мұрамен ғана қанағаттану деген сөз емес, сондықтан европеизмнің жалпы идеалдарын жақтау ісіне «шәкірттер» капиталистік дамудың бойында бар қайшылықтарды зерттеудегі анализін және бұл дамуға, жоғарыда көрсеткен айрықша тұрғыдан қарап беретін бағасын әкеліп қосады.

V

МИХАЙЛОВСКИЙ МЫРЗА «ШӘКІРТТЕРДІҢ» МҰРАДАН
БАС ТАРТУЫ ТУРАЛЫ

Қортындыда тағыда Михайловский мырзаға және бізге керек мәселе жөнінде оның көзқарастарын қарастыруға қайта оралып соғайық. Михайловский мырза бұл адамдар (шәкірттер) «бұрынғымен ешқандай мирасқорлық байланыс жасағысы келмейді және мұрадан үзілді-кесілді бас тартады» (I. с., 179) деп қана қоймайды, тағыда мұның үстіне «бұлар» (неше алуан бағыттардағы басқа кісілермен қатар, бұларға жататын Абрамов мырзаға, Волынский мырзаға, Розанов мырзаға дейін) «мұраға мейлінше қатты өштікпен киліге түседі» дейді (180). — Михайловский мырзаның айтып отырғаны қай мұра? — 60—70-ші жылдардың мұрасы, «Московские Ведомости» дің салтанатпен мүлдем бас тартқан және бас тартып отырған мұрасы (178).

Біз бұрын көрсетіп өткенбіз-ді, егер қазіргі адамдар не болып жүрген «мұра» жайында айтатын болсақ, онда *екі түрлі мұраны* айыра білу керек болады: бір мұра — жалпы алғанда ағартушылардың мұрасы, реформаға дейінгінің бәріне сөзсіз дұшпан адамдардың, европалық идея үшін және халықтың қалың бұқарасының мүддесі үшін күресетіндердің мұрасы. Басқа мұра — халықшылықтың мұрасы. Біз бұл екі басқа нәрсені араластырып, былықтырудың өзі өрескел хате болар еді деп бұрын көрсетіп өткенбіз, өйткені «60-шы жылдардың дәстүрлерін» сақтаушы және халықшыларға үш қайнаса сорпасы қосылмайтын адамдар болғанын және қазірде де бар екенін әркім біледі. Михайловский мырзаның мінеп айтқандарының бәрі де бір-біріне мүлдем ұксамайтын мұ-

раларды бүтіндей және ылғый араластырып былықтыруға негізделген. Ал енді Михайловский мырзаның бұл айырмашылықты білмеуі мүмкін емес, сондықтан оның бұл реттегі қылығы тек өрескел жағынан ғана емес, сонымен қатар жалақорлық қылық ретінде өте-мөте айқын сыйпат алып отыр. «Мос. Ведомости» халықшылдыққа арнап қарсы шықты ма? — Тіпті де қарсы шыққан емес: «Мос. Ведомости» жалпы алғанда ағартушыларға артық болмаса кем киліккен жоқ, ал халықшылдарға тіпті жат «Вестник Европыдың» өзі бұлар үшін халықшылдың «Русское Богатстводан» ешбір осал дұшпан емес. Мұрадан барынша батыл үзілді-кесілді бас тартқан халықшылдармен, мәселен, Юзовпен «Мос. Ведомости», әрине, аса көп мәселелер жөнінен келісе алмаған болар еді, бірақ, бұларға өштікпен киліге қоюлары екіталай болған болар еді, сондықтан қалай дегенмен де оны мұраны сақтағысы келетін халықшылдардан айырмасы бар деп мақтаған болар еді. — Абрамов мырза немесе Волынский мырза халықшылдыққа қарсы килікті ме? — Тіпті де киліккен емес. Мұның біріншісінің өзі де халықшыл; мұның екеуі де жалпы алғанда ағартушыларға қарсы килікті. — «Орыс шәкірттері» орыс ағартушыларына қарсы шығып, килікті ме? «Орыс шәкірттері» реформадан бұрынғы тұрмыстың және оның қалдықтарының дұшпаны болыңдар деп, бізге өсиет қалдырған мұрадан қашан да болсын бас тартты ма? — Қарсы шығып, килікпегені былай тұрсын, ал қайта, олар капитализмнен ұсақ буржуазиялық үрейленудің салдарынан осы қалдықтардың қайсыбірін халықшылдардың қуаттауға тырысатындығын әшкерелеп отырды. «Орыс шәкірттері» жалпы алғанда европалық идеалдарды бізге өсиет етіп қалдырған мұраға қашан да болса қарсы шығып, килікті ме? — Қилікпегені былай тұрсын, қайта, жалпы европалық идеалдардың орнына көптеген өте маңызды мәселелер жөнінде қайдағыбір өзіншелік қайрымды ақмақтықты ойлап шығарады деп, халықшылдарды әшкерелеп отырды. «Орыс шәкірттері» халықтың еңбекші бұқарасының мүдделері жайында қамқоршы болыңдар деп, өсиет қалдырған мұраға қашан да болсын қарсы шығып килікті ме? Қарсы шығып, килікпегені былай тұрсын, қайта, еңбекшілердің

мүдделері жайындағы қамқорлығы дәйекті түрде емес (өйткені олар шаруа буржуазиясымен село пролетариятын араластырып, барынша былықтырады) деп, халықшылдарды әшкереледі; барлық көңілді тұрмыста бар нәрсеге бөлудің орнына, не болған болар еді деген арманымен бұл қамқорлықтың күші әлсірей түседі деп әшкереледі; бұлардың қамқорлығы тіпті болымсыз, өйткені бұл адамдар өздеріне өздері қамқорлық ету мүмкіндігін жеңілдететін немесе ауырлататын жағдайларды (шаруашылық және басқа жағдайларды) ешқашан да лайықты түрде бағалай білген емес деп әшкереледі.

Михайловский мырза бұл әшкерелеулердің дұрыстығымен келіспес, сондықтан, халықшыл бола отырып, ол, әрине, «орыс шәкірттерімен» келіспейді, — бірақ «60—70-ші жылдардың мұрасына» «өшіге» килігетін адамдар туралы сөйлеу, шындығында тек халықшылдыққа «өшіге» килігетін, реформадан кейінгі тарих тудырған жаңа мәселелерді осы мұраның рухында және оған қайшы соқтырмай шеше алмағаны үшін килігетін адамдар туралы сөйлеу, осы сыяқты бір нәрселерді сөйлеу — демек, — істі турадан-тура бұрмалау болып шығады.

Михайловский мырза «шәкірттер» «бізді» (яғни «Русское Богатствоның» публицистерін) халықшылдармен шатастырады және «Русское Богатствоға» қатнасы жоқ басқа да адамдармен оп-оңай шатыстыра қояды деп, мейлінше наразы болған болады (180-бет). Халықшылдықтың негізгі көзқарасын сақтай отырып, өзін «халықшылдардан» бөлектемек болған бұл сөкет әрекет күлкіден басқа ешнәрсе де тудырмайды. «Орыс шәкірттерінің» бәрі «халықшыл», «халықшылдық» деген сөздерді кең мағынада қолданатынын әркім де біледі. Халықшылдардың арасында түрлі-түрлі сарындар бар екенін ешкім ұмытқан да емес, теріске де шығарған емес: П. Струве мырза болсын, Бельтов мырза болсын, мәселен, өздерінің кітаптарында Н. Михайловский мырзаны В. В. мырзамен шатыстырмағаны былай тұрсын, тіпті керек десе Южаков мырзамен де шатыстырған жоқ, яғни олардың көзқарастарындағы айырмашылықтарды тегістеп, бүркеп жіберген емес, бірінің көзқарасын екінші біреуінің басы-

на таңған емес. П. Б. Струве мырза керек десе Южанов мырзаның көзқарастарының Михайловский мырзаның көзқарастарынан айырмашылығын турадан-тура көрсеткен. Түрліше көзқарастарды шатастыру — бұл бір басқа; ал көп мәселелерде айырмасы бола тұрса да, негізгі және басты пункттер жайында бір-бірімен тілектес жасаушыларды, «шәкірттер» қарсы шығып, қилігіп отырған жазушыларды жіктеп, сыйпаттай келіп бір категорияға сыйғызу — ол екінші басқа. «Шәкірт» үшін істің мәні тіпті де, басқа халықшылдарға қарағанда, мәселен, қайдағыбір Юзов мырзаның көзқарасының түкке тұрмайтынын көрсету емес: «шәкірт» үшін істің мәні *Юзов мырзаға да, Михайловский мырзаға да және халықшылдардың бәріне бірдей ортақ* көзқарастың теріс екендігін дәлелдеу, яғни Россияның капиталистік эволюциясына көзқарасының, олардың экономикалық және публицистік мәселелерді ұсақ өндірушінің тұрғысынан қарап талқылауларының, олардың әлеуметтік (немесе тарихи) материализмді түсінбеулерінің теріс екендігін дәлелдеу болып табылады. Бұл белгілер қоғамдық ой-пікірдің үлкен тарихи роль атқарған бүтін бір ағымының жалпы игілігі болып табылады. Бұл кең ағымда барынша түрлі-түрлі сарындар бар, онда оң қанат және сол қанат бар, онда ұлтшылдық және антисемитизмге дейін барған адамдар, т. т. бар, және бұған кіналы емес адамдар да бар, «мұраның» көптеген өсиеттеріне елемей қараған адамдар да бар, және бұл өсиеттерді, мүмкін қадерінше (яғни халықшылдар үшін мүмкін қадерінше) қорғамақ болған адамдар да бар. «Орыс шәкірттерінің» бір де-біреуі сарындар арасындағы бұл айырмашылықтарды жасырған емес, бір сарындағы халықшылдың көзқарасын екінші бір сарындағы халықшылға таңды деп, Михайловский мырза «орыс шәкірттерінің бір де-біреуін әшкерелей алмас еді. Ал біз осы түрліше сарындардың бәріне бірдей жалпы негізгі көзқарасқа қарсы шығып отырмыз, онда жалпы ағымның жеке айырмашылықтары туралы бізге қай ретте айтуға болады? Мұның өзі тіпті мағнасыз талап қой! Көп мәселелерде пікірлері бірдей үйлесе бермейтін жазушылардың орыс капитализміне, шаруалар «қауымына», атышулы «қоғам» дегеннің күшінің шексіздігіне

пікірлерінің бірыңғай екендігі біздің әдебиетте «шәкірттер» пайда болмастан әлдеқайда бұрын талай рет айтылған, айтылып қана қойған жоқ, керек десе Россияның бір бахытты ерекшелігі делініп мақталып жүрді. «Халықшылдық» деген термин кең мағнасында тағы да біздің әдебиетте «шәкірттер» пайда болудан көп бұрын қолданылды. Михайловский мырза «халықшыл» (тар мағнасында) В. В. мырзамен көп жыл бойы бір қызметтес болып қана қойған жоқ, қайта жоғарыда көрсетілген көзқарастардың негізгі белгілері жөнінде сонымен бірге пікірлес болды. 80-ші және 90-жылдары В. В. мырзаның кейбір қортындысына қарсы бола отырып, оның дерексіз социология жүзіндегі саяхатының дұрыстығын теріске шығара отырып, Михайловский мырза, алайда, 80-ші жылдары да, 90-шы жылдары да өз сынының В. В. мырзаның экономикалық еңбектеріне тіпті де қарсы бағытталмайтынын, орыс капитализміне негізгі көзқарастары жөнінде В. В. мырзамен бір пікірлес екендігін ескерткен болатын. Сондықтан халықшылдық (кең мағнасында) көзқарастардың дамуына, нығаюына, және тарауына көп еңбек сіңірген «Русское Богатствоның» шонжарлары ендігі жерде «орыс шәкірттерінің» сынынан олар халықшылдар (тар мағнасында) емес деп, олар мүлдем ерекше бір «этикалық-әлеуметтік ағым» деп жарыялаумен оңай құтыламыз деп ойлайтын болса, — онда, әрине, мұндай айлакерлікпен құтылушылық соншалық батыр және сонымен бірге соншалық дипломат адамдардың әділ түрде мазақ болуын ғана туғызады.

Өзінің мақаласының 182-ші бетінде Михайловский мырза «шәкірттерге» қарсы тағы да мынадай бір таңқаларлық дәлелді келтіреді. Каменский мырза халықшылдарға¹¹⁰ өшіге шабуыл жасайды; мұнысы, қараңызшы, оның ашұланғандығын көрсетеді ғой, ал бұған олай етуге болмайды (sic!!*). Біздер, «субъективті қарттар», бейнебір «субъективті жастар» сыяқты, өзімізге өзіміз қайшы келместен, бұл осалдығымызды өзімізге рұхсат етеміз. Бірақ «өзінің ешбір көнбейтін объективтілігіне әділ мақтан ететін» («шәкірттердің» біреуінің айтқан сөзі) ғылымның өкілдері басқаша жағдайда болып отыр».

* — солай!! Ред.

Мұның өзі не нәрсе?! Егер жұрт әлеуметтік құбылыстарға көзқарастар *шындықты* және шын дамуды ешнәрсеге көнбейтін объективті анализге сүйенсін деп талап ететін болса — мұнан олардың ашулануына болмайды деген мағна туа ма екен?! Мұнысы барып тұрған былшыл, мағнасыздық қой! Қоғамдық құбылыстарды зерттеуде ешнәрсеге көнбейтін объективтіліктің тамағна үлгісінің бірі ретінде «Капитал» туралы белгілі ғылыми шығарманың әділ айтылып жүргенін сіздің, Михайловский мырза, естігеніңіз бар ма? Ғалымдар мен экономистердің толып жатқан бір тобы бұл ғылыми шығарманың басты және негізгі кемшілігі алдымен оның ешнәрсеге көнбейтін объективтілігінде деп есептейді. Алайда, артта қалған көзқарастарға қарсы, қоғамдық таптардың, автордың көзі жетуі бойынша, қоғамдық дамуды кідіртіп отырған өкілдеріне қарсы айтыстарда мұншалық шын «жүректен» айтушылықты, мұншалық қызып айтушылықты және мұншалық беріліп айтушылықты сіз өте сирек шығып тұратын ғылыми шығармамларда ғана кездестіресіз. Айталық, Прудонның көзқарастары Француз *petit bourgeois** көзқарастарымен ой-өрісінің табиғи, түсінікті, лажсыз сәулесі екенін ешнәрсеге көнбейтін объективтілікпен көрсеткен жазушы, — сөйте тұрып, ұсақбуржуазияның осы идеологіне зор зейінмен, күшті ызамен «килігеді». Михайловский мырза Маркс бұл жерінде «өзіне өзі қайшы келеді» деп шамалап жүрмей ме екен? Егер белгілі ғылым шындықты және осы шындықтың негізінде құралған түрліше таптардың арасындағы шын қарым-қатнастарды ешнәрсеге көнбейтін объективті түрдегі анализді әрбір қоғам қайраткерінен талап ететін болса — онда мұнан қоғам қайраткері белгілі бір тапқа тілектес болуға тиіс емес, оған мұның өзі «болмайды» деген қортындыны қандай кереметпен шығаруға болады? Бұл жерде борыш туралы сөз етудің өзі де тіпті күлкі, өйткені бірде-бір тірі жан белгілі бір таптың *жағына шықпай* (олардың қарым-қатнастарын бір түсініп алған соң) *тұра алмайды*, сол таптың табысына шаттанбай *тұра алмайды*, оның сәтсіздігіне күйінбей *тұра алмайды*, бұл тапқа дұшпан адамдарға, артта қалған көзқарасты

* — ұсақ буржуаның. *Ред.*

дәріптеу арқылы оның дамуына бөгет жасаушыларға ызаланбай тұра алмайды, т. т. және т. с. Михайловский мырзаның түкке тұрғысыз қылығы детерминизм мен фатализмнің айырмашылығы туралы оп-оңай мәселені оның әлі күнге дейін түсіне алмай жүргендігін ғана көрсетеді.

««Капитал келе жатыр»! — бұл сөзсіз, — дейді Михайловский мырза, — бірақ (sic!!) мәселе оны қалай қарсы алуда болып отыр» (189-бетінде).

Михайловский мырза Американы ашқан кісі сыяқты көрінеді, «орыс шәкірттері», сірә, тіпті де ойланбаған «мәселені» көрсеткен болады! «Орыс шәкірттерінің» халықшылдармен келісе алмауы тіпті де, мүмкін, бұл мәселе емес! Россияда дамып келе жатқан капитализмді тек екі түрде ғана қарсы алуға болады: не оны прогрестік құбылыс, не регрестік құбылыс деп тану керек; не нағыз дұрыс жолмен ілгері бір адым басқандық, не ақыйқат жолдан ауғандық деп тану керек, не оны капитализм қыйрататын ұсақ өндірушілер табының тұрғысынан бағалау керек, не — капитализм тудыратын қожайын емес өндірушілер табының тұрғысынан бағалау керек. Аралық жағдай мұнда жоқ*. Демек, егер Михайловский мырза капитализм жөнінде «шәкірттер» қатты қолдап отырған көзқарастың дұрыстығын теріске шығаратын болса, онда ол, демек, өзінің бұрынғы мақалаларында талай рет өзі толық белгілеп айтқан халықшылдық көзқарасты қабылдайды. Михайловский мырза, бұрынғыша халықшыл болып қала отырып, бұл мәселе жөніндегі өзінің ескі көзқарастарына ешбір қосымша, ешбір өзгеріс енгізген жоқ және енгізбейді де. — Ешнәрсе болған емес. Ол — кұдай сақтасын, халықшыл емес! Ол — «этикалық-элеуметтік ағымның» өкілі...

«Капитализмнің мұнан былайғы дамуы әкелетін (?)

* Біз, әрине, еңбек мүддесінен негіздеуді тіпті де керек емес деп санайтындардың, немесе «капитализм» деген терминмен айтылатын жалпылаудың өзі түсініксіз, ақылға сыйымсыз деп санаушылардың капитализмді қарсы алуы туралы айтып отырғанымыз жоқ. Орыс өмірінде соған байланысты қоғам пікірінің ағымдары қаншалық маңызды болғанмен, халықшылдар мен олардың дұшпандарының арасындағы айтысқа бұл ағымдардың мүлдем қатысы жоқ, сондықтан бұларды әкеліп қыстырмалаудың керекі жоқ.

болашақ (??) игілігі туралы тіпті сөз айтпасыншы», дейді соған кейін Михайловский мырза.

Михайловский мырза — халықшыл емес. Ол тек халықшылдардың хателерін және олардың ой-өрістерінің теріс әдістерін ғана бүтіндей қайталайды. Осы халықшылдарға мәселені «болашақ туралы» деп қоюдың дұрыс емес екендігі, әңгіме «болашақ» туралы емес, капиталистікке дейінгі қатнастардың шын мәнісінде осы кездің өзінде-ақ орын теуіп отырған, прогрестік өзгерістері туралы — Россияға капитализм дамуын әкеліп отырған (әкелетін емес) өзгерістері туралы екендігі талай рет айтылған болатын. Мәселені «болашақ» дүниеге алып барып тірейді, сөйтіп Михайловский мырза «шәкірттердің» көтеріп, нақ сол таласып отырған қағыйдаларын асылында дәлелденген деп мойындайды. Ол, шындығында, көз алдымызда болып жатқан ескі қоғамдық-экономикалық қатнастарға капитализмнің дамуы ешқандай прогрестік өзгерістер әкеліп отырған жоқ дегенді дәлелденген деп мойындайды. Халықшылдық көзқарастың өзі атап айтқанда осында болып отыр, «шәкірттер» атап айтқанда осы көзқарасқа қарсы айтысып, мұның керісінше екенін дәлелдеп отыр. «Орыс шәкірттері» бастырып шығарған кітапшалардың қайсысында болсын: егіншілікте істеп өтеуді еркімен жалданатын еңбекке ауыстыру, «майдагерлік» деп аталатын өнеркәсіпті фабрикалық өнеркәсіппен ауыстыру қайдағыбір заманда болатын «болашақ» емес, көз алдымызда болып жатқан (және зор қарқынмен болып жатқан) шын құбылыс екендігін; бұл ауысудың өзі барлық жағынан алғанда да прогрестік құбылыс екендігін мұның өзі ғасырлар бойы табылмай келген ескілікті, бытыраңқы, ұсақ қол өндірісін бұзатындығын; мұның өзі қоғамдық еңбектің өнімділігін арттыратынын, сөйтіп еңбекшілердің тұрмыс дәрежесін көтеруге мүмкіндік туғызатынын; осының өзі бұл мүмкіншілікті қажеттілікке айналдыруға жағдай жасайтынын, атап айтқанда: «түкпірде» елеусіз қалған «отырықты пролетарды», *физикалық* мағнасында да, адамгершілік мағнасында да отырықты пролетарды жүріп-тұрғыш пролетарға айналдыруға жағдай туғызатынын, кіріптарлық жағынан шексіз дамыған, жеке бастың кіріптарлығының неше алуан түрлері бар еңбектің азиялық түрін — европалық түрге ай-

налдыратынын; «ой-пікір мен сезіктің европалық үлгісінің машиналарды ойдағыдай жаңалауда қажеттігі, (аңғарып қалыңыздар — қажеттігі. В. И.) бұдан, көмірден және техникадан тіпті кем» емес*, т. т. екендігін айтып көрсеткен болатын. Қайталап айтайын, осының бәрін әрбір «шәкірт» айтып та келеді, дәлелдеп те келеді, бірақ «жолдастарымен» болып жүрген Михайловский мырзаға мұның бәрінің де, мүмкін ешқандай қатынасы болмаса керек: мұның бәрі де «Русское Богатство»ға «қатнасы жоқ» халықшылдарға қарсы жазылады. «Русское Богатство» — «этикалық-социологиялық ағым» ғой, мұның мәні — жаңа жалаудың астымен ескі қоқсықты өткізіп жіберуде болып отыр.

Жоғарыда өзіміз айтқандай, біздің мақаламыздың міндеті «орыс шәкірттері» «мұрадан» ат-тонын ала қашадымыс, орыс қоғамының алдыңғы қатарлы тобының жақсы дәстүрлерінен қол үзеді-міс, т. т. деп, либералдық-халықшылдық баспасөзде аса көп таралып, ойдан шығарылған сөздердің өтірігін шығару болады. Михайловский мырза осы жауыр болған сөздерді қайталап айта бергенде, оның айтып жүргені шынына келгенде «Р. Богатство»ға «қатнасы жоқ халықшыл» В. В. мырзаның мұнан әлдеқайда бұрын және әлдеқайда батыл айтқан сөздері екенін көрсете кету керексіз бола қоймас. Сіздердің оқушы, П. Б. Струвенің кітабына берген жауабында осыдан үш жыл бұрын, 1894 жылы, осы жазушының «Неделяға»¹¹¹ бастырған мақалаларымен таныстығыңыз бар ма? Мойынға алуға тиіспін, егер сіздер бұлармен таныспаған болсаңыз, меніңше, сіздердің жоғалтқан ешнәрсеңіз де жоқ. Бұл мақалалардың негізгі мағнасына қарағанда орыстың қоғамдық пікірінің барлық прогрестік ағымдарының бойымен жалғасып келе жатқан демократиялық жіпті «орыс шәкірттері» үзеді-міс. «Московские Ведомости» өшіге килігіп жүрген «мұрадан» бас тартты деп «шәкірттерді» айыптағанда, Михайловский мырза енді жаңағының өзін тек бірқатар басқа сөздермен қайталап қана отырған жоқ па екен? Шынында, жоғарыда біздің

* „Schmollers Jahrbuch“ («Ежегодник Шмоллера». Ред.) дағы Шульце-Геверництің сөздері, 1896 жыл, Москва-Владимирдің мақта тоқыма өнеркәсібі туралы мақаласында келтірілген.

көргеніміздей, бұл жалған өтірікті ойлап шығарушылар «шәкірттердің» *халықшылдықпен* ада-жұда қол үзуі орыс қоғамының алдыңғы қатарлы тобының жақсы дәстүрлерінен қол үзу болып табылады деп, өз басының кінасын басқаға аудара салып отыр. Керісінше емес пе екен, мырзалар? Бұл қол үзушіліктің өзі осы жақсы дәстүрлерді *халықшылдықтан тазартудың* кезеңі болып табылмас па екен?

ЕСКЕРТУЛЕР.

- 1 «Работник» — «Орыс социал-демократтары одағының» 1896 — 1899 жылдары шетелде анда-санда ғана шығып тұрған жыйнағы. «Работникті» шығару ісіне бас болған Ленин еді. Ленин «Еңбекті азат ету» тобымен байланыс жасап, батыс-европалық жұмысшы қозғалысымен танысу үшін 1895 жылғы 25 апрельде (7 майда) шетелге жүріп кетті. Швейцарияда Ленин жыйнақты шығару және оның редакциясын басқару жөнінде Г. В. Плехановпен, П. Б. Аксельродпен және «Еңбекті азат ету» тобының басқа да мүшелерімен келісті. 1895 жылғы сентябрьде Россияға қайтып келген соң, Ленин жыйнаққа арнап Россиядан мақалалар мен хат-хабарлар жібертіп тұру жөнінде, сонымен қатар осы жыйнаққа қаражат жағынан көмек ұйымдастыру жөнінде үлкен жұмыс жүргізді. «Работниктің» бірінші номерінің шыққан кезі 1896-жылғы марттан әрі емес, мұнда Лениннің «Фридрих Энгельс» деген мақаласы басылған және бұл номерге арнап Ленин бірнеше хат-хабар әзірлеп жіберген.
- «Работниктің» небәрі 3 кітап болып 6 номері және «Работник» листогінің 10 номері шықты. — 1.
- 2 Ленин «Фридрих Энгельс» деген мақалаға эпиграф ретінде берілген сөздерді Н. А. Некрасовтың «Добролюбовты еске түсіру» деген өлеңінен келтірген. Қараңыз: Н. А. Некрасов: Өлеңдерінің толық жыйнағы, II т., I кітабы, 1937, 94—95-беттер. — 5.
- 3 Ф. Энгельс. «Германиядағы шаруалар соғысына» алғысөз». Қараңыз: К. Маркс. Таңдамалы шығармалар, II т., 1940, 441-бет. — 8.
- 4 К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, III т., 1930, 293 — 573-беттері. — 9.
- 5 К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, III т., 1930, 21—244-беттері. — 10.

- 6 Лениннің айтып отырғаны К. Маркстің Парижда А. Ругемен бірлесіп шығарған „Deutsch-Französische Jahrbücher“ («Неміс-француз жылдық журналы») деген журнал. 1844 жылы небәрі жалғыз ғана (көп) номері шықты. — 10.
- 7 К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, II т., 1931, 293—323-беттері. — 10.
- 8 «Коммунистер одағы» — революцияшыл пролетариаттың тұңғыш халықаралық ұйымы; революцияшыл пролетариат ұйымдарынан келген делегаттардың конгресінде 1847 жылдың жазында Лондонда құрылған. «Коммунистер одағының» басшылары Маркс пен Энгельс еді; бұлар осы ұйымның тапсыруы бойынша «Коммунист партиясының манифестін» жазды. «Коммунистер одағы» 1852 жылға дейін өмір сүрді. Оның тарихын Ф. Энгельстің «Коммунистер одағының тарихына» деген мақаласынан қараңыз (К. Маркс. Таңдамалы шығармалар, II т., 1940, 3—21-беттері). — 11.
- 9 «Жаңа Рейн Газеті» („Neue Rheinische Zeitung“) 1848 жылғы 1 июньнен бастап 1849 жылғы 19 майға дейін Кельнде шығып тұрған. Газетке басшылық еткендер К. Маркс пен Ф. Энгельс; бас редактор — Маркс еді. «Бұрын-соңды, — деп жазды Энгельс, — «Жаңа Рейн Газетінен» басқа неміс газеттерінің бір де-бірінің күші мен ықпалы мұндай болған емес, пролетариат бұқарасына бұлай әсер ете білген емес». (К. Маркс. Таңдамалы шығармалар, II т., 1940, 30-бет). «Карл Маркс» деген мақаласында Ленин бұл газетті «революцияшыл пролетариаттың теңдесі жоқ, таңдаулы органы» деп атайды. — 11.
- 10 Ф. Энгельстің «Анти-Дюринг» деген кітабының орысша аудармасы тұңғыш рет 1904 жылы шықты. «К. Маркстің Л. Кугельманға жазған хаттарының орысша аудармасына арналған алғысөзінде» Ленин «Анти-Дюрингтың» осы аудармасын өте нашар деп бағалайды. МЭЛИ баспасынан қараңыз: Ф. Энгельс. «Анти-Дюринг», 1938, немесе К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XIV т., 1931, 1—388-беттері. — 12.
- 11 К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVI т., I бөлімі, 1937, 3—153-беттері. — 12.
- 12 К. Маркс. Таңдамалы шығармалар, I том, 1940, 383—426-беттері. — 12.
- 13 «Социал -Демократ» — «Еңбекті азат ету» тобы 1890—1892 жылдары шетелде шығарған әдеби-саяси шолу; небәрі төрт кітабы шықты. Лениннің айтып отырғаны — Энгельстің: «Орыс патшалығының сыртқы саясаты» деген мақаласы. Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVI т., II бөлімі, 1936, 3—40-беттері. — 12.

- 14 Ф. Энгельс. «Пәтер-үй мәселесіне». Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XV т., 1935, 1—81-беттері. — 12.
- 15 Ф. Энгельс. «Россиядағы қоғамдық қатнастар туралы». Қараңыз: К. Маркс. Таңдамалы шығармалар, II т., 1940, 536—549-беттері. — 12.
- 16 Энгельстің айтуына сәйкес, Лениннің «Капиталдың» төртінші томы деп отырғаны Маркстің: «Қосымша кұн теориялары» деген шығармасы. «Капиталдың» екінші томына арналған алғы-сөзінде Энгельс былай деп жазды: «Бұл қолжазбаның сын бөлімін («Қосымша кұн теорияларын». *Ред.*) «Капиталдың» IV кітабы ретінде жарыялауды мен өз міндетіме аламын, бірақ оның көп жерлері, II және III кітаптарда түгел айтылған жерлері, алынып тасталады (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалары, XVIII т., 1939, 2-бет). Аталған шығарма Энгельс өлгеннен кейін Каутскийдің өңдеуімен 1905—1910 жылдары неміс тілінде жарыяланды. Қараңыз: К. Маркс. «Қосымша кұн теориялары», I—III томдары, төрт кітап, 1936. — 12.
- 17 Энгельстің — И. Ф. Беккерге 1884 жылғы 15 октябрьде жазған хаты. Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXVII т., 1935, 415-бет. — 13.
- 18 «*Фабрикалар мен заводтарда жұмысшылардан алынатын штрафтар туралы заңды түсіндіру*» деген кітапшасын Ленин 1895 жылдың күзінде жазған; ол кітапша декабрьдің бас кезінде Петербургтегі «Народовольцтер тобының» Лахтин баспаханасы дейтін кұпия баспаханада үш мың дана болып басылып шықты.
- Кітапшаның сыртында — полицияның көзін бояу үшін — мынадай теріс мәліметтер көрсетілген: «А. Е. Васильевтің кітап дүкені бастырған». «Херсон. К. Н. Субботиннің баспаханасы, Екатерина көшесі, Калининнің үйі». «Москва мен С.-Петербургтың барлық кітап дүкендерінде сатылады». «Цензура рұхсат еткен. Херсон, 1895 жылғы 14 ноябрь. Кітапша 1897 жылы Женевада екінші рет басылып шықты. — 17.
- 19 «*Новое Время*» («Жаңа Заман») — 1868 жылдан 1917 жылғы октябрьге дейін Петербургте шығып келген газет; әралуан баспа иелерінің қолынан қолына өтіп, өзінің саяси бағытын әлденеше рет өзгертіп отырды. Бастапқы кезде баяу либералдық газет еді, 1876 жылдан бастап ол реакцияшыл дворяндық және төрешіл топтардың органына айналып кетті. Патша үкіметіне сатылған бұл газет, тек революцияшыл қозғалысқа ғана қарсы күрес жүргізіп қоймай, сонымен қатар либералды-буржуазиялық қозғалысқа да қарсы күрес жүргізді. 1905 жылдан бастап қаражүздіктер органының бірі болды. — 25.
- 20 «*Московские Ведомости*» («Москва Ведомостілері») — ең ескі орыс газеттерінің бірі; алғашқы кезде (1756 жылдан бастап)

Москва университеті кішкене листок етіп бастырып отырды; XIX ғасырдың 60-шы жылдарынан бастап, өзінің бағыты жағынан — монархиялық-ұлтшыл орган болып, помещиктер мен дін иелерінің аса реакцияшыл топтарының көзқарастарын таратып келді. 1905 жылдан бастап каражүздіктердің басты органдарының бірі. 1917 жылғы Октябрь революциясына дейін шығып келді. — 26.

21 «Русское Богатство» («Орыс Байлығы») — 1876 жылдан бастап 1918 жылдың ортасына дейін, ай сайын шығып келген журнал. Бұл журнал 90-шы жылдардың бас кезінде либералдық халықшылдардың органы болып, оны С. Н. Кривенко мен Н. К. Михайловский редакциялап отырды. Журнал: патша үкіметімен татуласып, оған қарсы революциялық күрестің қандайынан болса да бастарту керек деген пікірді уағыздады, марксизмге қарсы өршеленіп күрес жүргізді және орыс марксистерін ылғый қаралаумен болды. — 67.

22 «Самарский Вестник» («Самара Хабаршысы») — Самарада (қазіргі Куйбышев қаласы) 1883 жылдан 1904 жылға дейін шығып келген газет. Өткен ғасырдың 90-шы жылдарында бұл газетте орыс марксистерінің кейбір жеке мақалалары басылып отырған. — 75.

23 «Торнтон фабрикасының жұмысшылары мен жұмысшы әйелдеріне» деген үндеухатты Ленин 1895 жылғы ноябрьде жазған. Петербургтегі «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағының» басшылығы арқасында 1895 жылы 5 ноябрьде сол фабрикада 500 тоқымашының ереуілі бұрқ ете түсті; бұл ереуіл жұмысшылар тұрмысының адам шыдағысыз ауырлығынан туған еді. Лениннің ереуілге байланысты шығарылған үндеухаты фабрикадағы барлық жұмысшылар мен жұмысшы әйелдерді ереуіл жасаушы тоқымашыларды қолдауға шақырды. Үндеухатта Торнтон жұмысшыларының тұрмыс халі жөнінде материалдар келтірілген; бұл материалдарды ұқыптылықпен жыйнаған Лениннің өзі. Үндеухат фабрика жұмысшыларына орасан зор әсер етті. Ереуіл жұмысшылар үшін табыспен аяқталды. Үндеухат 1896 жылғы көктемде шетелдегі «Работник» жыйнағының 1—2-номерінде көшіріліп басылды. — 76.

24 *Ноллес* — жүннің қалдық түгі, қысқа қылшық; жүнге қарағанда иіруге онша келмейді, мұндай қалдық тараштау машиналары арқылы жүнді сұрыптау нәтижесінде пайда болады.
Кноп — шұғаны қыркқанда түсетін қысқа қылшық, иіруге келмейді. — 77.

25 *Шмиц* — бес кезге тең (3,5 метрге жуық) ұзындық өлшеуіш; тоқушыларға ақы белгілерде қолданылған. — 77.

26 «*Бибер*» және «*урал*» — шұға сорттарының аттары: драп бибер, драп урал делінеді. — 79.

27 «Біздің министрлер не ойлайды?» — Петербургтегі «Жұмысшылар табын азат ету жолындағы күрес одағы» дайындаған «Рабочее Дело» газетіне басылуға тиісті мақаланың бірі. «Рабочее Делоның» бірінші номерін құрастырып, редакциялаған Ленин. Барлық негізгі мақалаларды: «Орыс жұмысшыларына» деген басмақаланы, «Біздің министрлер не ойлайды?», «Фридрих Энгельс», «1895 жылғы Ярославль стачкасы» деген мақалаларды жазған да Ленин. Осы газеттің бірінші номерінің мазмұны туралы «Не істеу керек?» деген кітабында Ленин былай дейді: «Газеттің баспаға толық дайын тұрған номерін 1895 жылы 8 ноябрьден 9 ноябрьге қараған күнгі шабуылда, «Күрес одағы тобы» мүшесінің бірі Ант. Алекс. Ванеевтен жандармерия тартып әкетті, сондықтан «Рабочее Делоның» бірінші формациясы жарыққа шықпай қалды. Бұл газеттің басмақаласы (оны мүмкін 30 жылдан кейін «Орыс Кәриясының» бірі полиция департамент архивынан шығарып алар) Россия жұмысшы табының тарихи міндеттерін суреттеп, саяси бостандыққа жетуді осы міндеттердің бастысы етіп қойды. Онан кейін «Біздің министрлер не ойлайды?» деген, полицияның Сауаттану комитетін жойғандығына арналған мақала да бар және тек Петербургтен ғана емес, Россияның басқа жерлерінен де түскен хат-хабарлар жазылған. (Мысалы: Ярославль губерниясында жұмысшыларды қырғынға ұшырату туралы). Бұл мақалалардың қолжазбалары осы күнге дейін табылған жоқ. 1924 жылғы январьда полиция департаментінің «Күрес одағы» туралы ісінен тек «Біздің министрлер не ойлайды?» деген мақаланың көшірмесі ғана табылды. — 83.

28 «Социал-демократиялық партияның программасының жобасы және оны түсіндіру» деген еңбегін Ленин Петербургте түрмеде жазды: «Программа жобасын» 1895 жылдың аяқ кезінде, «Программаға түсіндіруді» — 1896 жылғы жазда жазған.

МЭЛИ архивында «Программа жобасының» үш тізімі сақтаулы. Бірінші тізім — Лениннің 1900—1904 жылдар дәуіріндегі өз архивынан табылды. Мұның өзі «Научное Обозрение» журналының 1900 жылғы № 5-дегі бір мақаланың жолдарының арасына белгісіз қолмен, химиялық сыямен жазылған. Бұл тізімге ат қойылмаған. Тізім беттерінің номерлері Лениннің қолымен — қарындашпен қойылып, конвертке салынған, конверт сыртында Лениннің қолымен жазылған — «Программаның ескі (1895) жобасы» деген сөз бар.

Екінші тізім де Лениннің 1900—1904 жылдар дәуіріндегі өз архивынан табылды; жұқа шылым қағазына машинкамен басылған, бұған: «Социал-демократиялық партия программасының ескі (1895) жобасы» деп ат қойылған.

Үшінші тізім — гектографпен жазылған дәптер. Бұл тізімнің алғашқы екі тізімнен айырмасы, мұнда тек «Программаның жобасы» ғана емес, «Программаны түсіндіруі» де бар, екеуі тұтас бір шығарма болып біріккен. — 89.

- 29 *Төлем салығы.* Крепостниктік правоны жою туралы 1861 жылғы «19 февральдағы заң» бойынша, «Атамзаманнан өздеріне тиісті және қандары сорғалап енбек еткен» (Сталин) жерлеріне Россия патша үкіметі шаруаларға төлем төлетті. Төлем салығы шаруаларға тиесі жер үлесінің нақтылы бағасынан екі-үш есе артық болды. «Шаруаларды өздерін «азат еткені» үшін «помещиктерге екі миллиард сомдай ақы төлеуге күштеп көндірді» («БК(б)П тарихы. Қысқаша курс», 5-бет). — 94.
- 30 *Жаппай кепілдік* — деп мемлекет пен помещиктер пайдасына ақшалай төленетін алым-салықтардың уақтылы, толық өтелуі үшін және әралуан міндетті жұмыстардың орындалуы үшін (алым-салығы, төлем салығы, солдатқа беру, т. т.) әрбір селолық қауымдағы шаруалардың еріксіз түрде жалпылама жауапты болуын айтады. Шаруаларды қанаудың осы түрі, Россияда крепостниктік правоны жойғаннан кейін де сақталып келіп, тек 1906 жылы ғана жойылды. — 95.
- 31 Онан әрі «бастартады» деген сөзден кейін көшіріп жазушы түп нұсқадан бірнеше сөзді айыра алмаған болуы керек. Гектографпен жазылған дәптерде осы арада «[сөз қалған I*]» деген сөз бар, ал одан соң: «үкімет ісіне қоғамның қандайда болса қол сұғуынан гөрі жауапсыз чиновниктердің өктемдігі, оның соғұрлым іркілмей жасайтын мүмкіндігі — [сөз қалған II*]» деген сөйлемнің үзіндісі. — 110.
- 32 «*Патша үкіметіне*» деген үндеухатты Ленин 1896 жылғы күзде түрмеде отырып жазған, мұны Петербургтегі «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағы» ноябрьде басып шығарды.
Бұл үндеухат 1896 жылғы Петербургтегі жазғы стачкалар туралы үкіметтің «Правительственный Вестниктің» («Үкімет Хабаршысы») 1896 жылғы 19 (31) июльдегі № 158 де жарыяланған хабарына жауап ретінде жазылған. — 121.
- 33 «*Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағын*» 1895 жылдың күзінде Ленин ұйымдастырды. Бұған Петербургтегі марксистік жұмысшы үйірмелерінің барлығы бірікті. «Күрес одағын» Ленин бастаған Орталық топ басқарды.
Лениндік «Күрес одағы» революциялық жұмысшы қозғалысына басшылық етті, ол жұмысшылардың экономикалық талаптар жолындағы күресін патша үкіметіне қарсы жүргізілетін саяси күреспен байланыстырды. «Күрес одағы» социализмді жұмысшы қозғалысымен біріктіру ісін, алдыңғы қатарлы аз ғана жұмысшылар арасында марксизмді насихаттаудан жұмысшы табының қалың бұқарасы арасында саяси үгіт жүргізу ісін Россияда тұңғыш рет жүзеге асыра бастады. «Күрес одағы» жұмысшыларға арнап үндеухаттар мен кітапшалар шығарды, ереуілді қозғалысқа басшылық етіп отырды. «Күрес одағының» ықпалы Петербургтен тысқары да көп жерлерге тарады. Ол «Россияның басқа қалалары мен облыстарында да

жұмысшылар үйірмелері дәл осындай одақтарға бірігуіне үлкен демеу болды». («БК(б)П тарихы. Қысқаша курс», 19-бет).

1895 жылғы декабрьдің 8інен 9на (20нан 21не) қараған түні «Күрес одағының» Ленин бастаған жетекші тобы тұтқынға алынды. Түрмеде отырса да, Ленин революциялық күресті тоқтатқан жоқ. Ол «Күрес одағына» ақылын айтып, нұсқау беріп көмектесіп отырды, өзі жазған кітапшалар мен үндеухаттарды түрмеден жіберіп тұрды. Ленин партия программасының жобасын да сол түрмеде отырып жазды.

«Жұмысшы табын азат ету жолындағы Петербургтік күрес одағының» маңызы сол — ол, Ленин айтқандайын, *жұмысшы қозғалысына сүйенетін революциялық партияның, алғашқы үлкен бастамасы болды*. («БК(б)П тарихы. Қысқаша курс», 19—20-бет). — 127.

34 «Экономикалық романтизмнің сыйпаттамасы жөнінде» деген өз еңбегін Ленин Сибирьде айдауда жүрген кезінде, 1897 жылғы көктемде жазған. Тұңғыш рет «Новое Слово» журналының төрт (7—10) номерінде (1897 жылғы апрель—июль) «К. Т — н» деген қол қойылып, басылды, онан кейін мына жыйнаққа кірді: Владимир Ильин — «Экономикалық этюдтер мен мақалалар»; басылып шыққан кезі 1898 жылғы октябрь (жыйнақтың тысында және титулдік бетінде 1899 жыл көрсетілген). Бұл еңбек 1908 жылы, біраз түзетіліп, қысқартылған соң, «Аграрлық мәселе» деген жыйнақта басылды.

1897 және 1898 жылдары Ленин осы еңбегін жарыя түрде басып шығаруға әзірлеген кезде, цензуралық жағдайларды еске ала отырып: «Маркстің теориясы» және «марксизм теориясы» деудің орнына — «ең жаңа теория»; «Маркс» және «Карл Маркс» деудің орнына — «немістің белгілі экономисі»; «марксист» деудің орнына — «реалист»; «Капитал» деудің орнына — «трактат» деп, тағы басқа сол сыяқты сөздерді өзгертіп жазуға мәжбүр болды. Кітаптың 1908 жылғы басылуында Ленин жоғарыдағы сөздердің көпшілігін текстің өзінде түзеткен, немесе бет соңындағы ескертулерде түсінік беріп отырған. Шығармалардың екінші-үшінші басылуында Лениннің түзетулері бет соңындағы ескертулерде көрсетілген. Қазіргі басылуында бұл түзетулер текске енгізілді. — 129.

35 «Новое Слово» («Жаңа Сөз») — ғылыми-әдеби және саяси журнал; Петербургте 1894 жылдан бастап либералдық халықшылдар, 1897 жылдың көктемінен бастап — «жарыя марксистер» шығарып отырған. Ленин кұпия баспасөзбен қатар, патшалық Россияның жарыя баспасөзін де пайдаланды. Сибирьде айдауда жүрген кезінде Ленин «Новое Слово» журналына: «Экономикалық романтизмнің сыйпаты жөнінде» және «Бір газет мақаласы жөнінде» деген екі мақаласын бастырды. Бұл журналда Г. В. Плехановтың мақалалары да, М. Горькийдің әңгімелері де басылып отырған. 1897 жылғы декабрьде патша үкіметі журналды жауып тастады. — 129.

- 36 В. В. (В. П. Воронцовтың жасырын аты) және Н. —он, немесе Николай —он (Н. Ф. Даниельсонның жасырын аты), — XIX ғасырдың 80—90-шы жылдарындағы либералдық халықшылдардың идеологтері. — 135.
- 37 *Үстеме күн* — қосымша күн. 90-шы жылдары жазған еңбектерінде Ленин «үстеме күн» деген терминді «қосымша күн» деген терминмен қатар қолданады. Кейінірек ол тек «қосымша күн» деген терминді ғана пайдаланды. — 142.
- 38 К. Маркс. «Капитал», II т., 1936, 323-бет, немесе К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVIII т., 1939, 399-бет. — 155.
- 39 К. Маркс. «Капитал», II т., 1936, 303—455-беттері, немесе К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалары, XVIII т., 1939, 374—561-беттері. — 155.
- 40 1897 және 1898 жылғы басылуларында Ленин бұл арада М. И. Туган-Барановскийдің «Өнеркәсіп дағдарыстары» деген кітабының II бөлімін көрсеткен-ді. Ал 1908 жылғы басылуында Ленин мұның орнына «Россияда капитализмнің дамуы» деген өз кітабын көрсетті; бұл кітап алғаш рет 1899 жылы басылып шықты. — 155.
- 41 К. Маркс. «Капитал», II т., 1936, 339-бет, немесе К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVIII т., 1939, 418-беті. — 158.
- 42 К. Маркс. «Капитал», III т., 1936, 225-бет, немесе К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XIX т., I бөлімі, 1939, 269-беті. — 161.
- 43 К. Маркс. «Капитал», II т., 1936, 272, немесе К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар. XVIII т., 1939, 336-беті. — 175.
- 44 К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, III т., 1930, 378-беті. — 188.
- 45 *Протекционизм* — өз елінің капиталистік өнеркәсібін, сонымен қатар, помещик пен кулак шаруашылығын шет ел бәсекесінен қорғау мақсатымен, шетелден әкелінетін товарларға асыра баж салу (алым, салық) системасы. Империализм тұсында протекционизм саясаты товарларды ішкі рынокте жоғары бағамен сатуына, халық бұқарасын тонау арқылы капиталистік монополиялық үстеме пайда табуына жағдай жасау мақсатын көздейді. — 203.
- 46 *Фритредерлер* — көбінесе өнеркәсіпті буржуазияның мүдделерін көздеп, еркін сауданы жақтаушылар. XIX ғасырдың 30—40-шы жылдарында Англияда фритредерлердің тірегі Манчестер қаласындағы өнеркәсіп иелері болды, сондықтан фритредерлерді «манчестерліктер» деп те атайтын. А. Смит пен Д. Рикардоның шығармаларында фритредерлікке теориялық негіз берілді.—209.

- 47 «*Zur Kritik*» — К. Маркстің «*Zur Kritik der politischen Oekonomie*» — «Саяси экономия сынына» деген кітабына қойылған аттың алғашқы сөздері, Ленин сол кітаптан цитата келтіріп отыр. (Қараңыз: К. Маркс. «Саяси экономия сынына», 1938, 36-беті, немесе К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XII т., I бөлімі, 1935, 48-беті). Ленин осы кітаптың П. П. Румянцев аударып, 1896 жылы басылған орысша аудармасынан үзінді келтіреді; кітаптың аудармасында бірқатар дәл емес жерлері бар. — 212.
- 48 1897 және 1898 жылғы басылуларында Ленин цензура жағдайларын еске ала отырып, бұл жерінде тіке Маркстің өзін атамай, Маркстің «Гота программасына сын» деген кітабынан мынадай цитата келтірген Струвені атайды:
«Жоғарыда айтылғандардың бәрінен тыс, істің мәні бөліс деп аталатында деп білу және оны баса көрсету тегі хате еді. Тұғыну заттарын бөлу—үлесудің қандайы болса да әруақытта өндіріс жағдайларының өзін бөлудің нәтижесі ғана... Тұрпайы социализм (онан үлгі алып жүрген демократияның бір бөлегі де) бөлісті өндіріс әдісіне тәуелсіз бір нәрсе деп таныйтын, солай деп түсіндіретін экономистердің салтын үйреніп алды... Ал істің шын мәні көптен айқындалып отырғанда, оған кері оралып соғудың қандай қажеті бар?» (К. Маркс. Таңдамалы шығармалар, II т., 1940, 454-беті).
1908 жылғы басылуында Ленин Маркстің «Гота программасына сын» деген кітабын тікелей атап көрсетеді, Лениннің осы түзетуі Шығармалардың қазіргі басылуындағы текске енгізілді. — 217.
- 49 К. Маркс. «Капитал», III т., 1936, 774, 777 және 779-беттері. — 218.
- 50 К. Маркс. «Капитал», III т., 1936, 741-беті. — 219.
- 51 Г. В. Плеханов (Н. Бельтов). «Тарихқа монистік көзқарастың дамуы туралы мәселеге», 1938, 32-беті. — 221.
- 52 К. Маркс. «Қосымша кұн теориялары», II т., I бөлімі, 1936, 203 және сонан кейінгі беттер. — 222.
- 53 XIX ғасырдың аяқ кезіндегі «алдыңғы қатарлы» публицист деп Лениннің мысқылмен айтып отырғаны либералдық халықшыл С. Н. Южаков. — 226.
- 54 Цензура жағдайларын еске алып, Ленин бұл жерде «социалистер» (немісше нұсқасында «*Sozialisten*») деген сөздің орнына «жазушылар» деген сөзді қолданған. Қараңыз: К. Маркс. «Философия бишаралығы», 1938, 118—119-беттері, немесе К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, V т., 1929, 396-беті. — 228.
- 55 К. Маркс. «Философия бишаралығы», 1938, 51—52-беттері,

- немесе К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, V т., 1929, 329—330-беттері. — 231.
- 56 К. Маркс. «Саяси экономия сынына», 1938, 61-беті, немесе К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XII т., I бөлімі, 1935, 80-беті. — 235.
- 57 Осы еңбектің бірінші және екінші басылуында («Новое Слово» журналында, 1897 жыл, және «Экономикалық этюдтер мен мақалалар» деген жыйнақта, 1898 жыл) Ленин цензуралық жағдайларды еске ала отырып, К. Маркстің атын атамайды, сөйтіп Маркстің «Луи Бонапарттың он сегізінші брюмері» деген еңбегінен алынған осы цитатаны Н. Бельтовтың (Г. В. Плехановтың) «Тарихқа монистік көзқарастың дамуы туралы мәселеге» деген кітабынан келтірген.
- Үшінші басылуында («Аграрлық мәселе» деген жыйнақта, 1908 жыл) Ленин тіке Маркстің өзін және оның кітабын көрсетіп, цитатаны мынадай жыйнақтан келтіреді: К. Маркс — «Тарихи еңбектер жыйнағы», С.-Петербург, 1906 жыл. Лениннің осы түзетуі Шығармалардың кәзіргі басылуындағы текске енгізіліп отыр. Лениннің цитата келтірген жерін қараңыз: К. Маркс. Таңдамалы шығармалар, II т., 1940, 278—279-беттері. — 239.
- 58 «Русская Мысль» («Орыс Пікірі») — 1880 жылдан бастап ай сайын шығып тұрған, либералдық-халықшылдар бағытындағы журнал. 1905 жылғы революциядан кейін бұл журнал кадет партиясының органы болып, П. Б. Струвенің редакциясымен шықты. 1918 жылдың ортасында жабылған. — 239.
- 59 К. Маркс пен Ф. Энгельс. «Коммунист партиясының манифесі». Қараңыз: К. Маркс. Таңдамалы шығармалар, I т., 1940, 160-беті. — 245.
- 60 К. Маркс. «Капитал», III т., 1936, 562-беті. 246:
- 61 К. Маркс. «Капитал», I т., 1935, 392-бет, немесе К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVII т., 1937, 552-беті. — 247.
- 62 Ф. Энгельс. «Англиядағы жұмысшы табының жағдайы». Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, III т., 1930, 293—589-беттері. — 247.
- 63 К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, III т., 1930, 314-беті.— 256.
- 64 К. Маркс. «Капитал», I т., 1935, 390-беті, немесе К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар XVII т., 1937, 550-беті. 1897 және 1898 жылғы басылуларында цитатаның соңындағы К. Маркстің «әлеуметтік революцияның» («der sozialen Revolution») деген сөздерін Ленин, цензура жағдайларын еске алып: «қо-

- ғамдық өзгерістің» деп алған. 1908 жылғы басылуында Ленин бұл сөздерді: «әлеуметтік төңкерістің» деп аударыпты. Лениннің осы түзетуі Шығарманың қазіргі басылуындағы текске енгізілді. — 266.
- 65 К. Маркс пен Ф. Энгельс. «Коммунист партиясының манифесі». Цензура жағдайларын еске алып, Ленин «осы социализм» («dieser Sozialismus») деген сөздерді «осы ғылым» деп, ал «байлықты бөлудегі сорақы әділетсіздіктер» деген сөйлемді «өндірістегі сорақы әділетсіздіктер» деп аударған. В. И. Ленин шығармаларының екінші-үшінші басылуларынан қазіргі басылуының өзгешелігі сол — мұнда «өндірістегі» деген сөздің орнына «байлықты бөлудегі» деген сөздер алынды. Лениннің цитата алып отырған жерін қараңыз: К. Маркс. Таңдамалы шығармалар, I т., 1940, 159—160-беттері. — 269.
- 66 Астық заңы 1815 жылы Англияда енгізілген болатын. Осы заң бойынша, шет елдерден әкелінетін астыққа өте көп баж салынатын болған, кейде шет елден астық әкелуге мүлдем тыйым салынып та отырған. Астық заңы ірі жер қожаларының ішкі рынокте астық нарқын арттырып, одан орасан көп рента алуына мүмкіндік берді. Астық заңы жайында ірі жер қожалары мен буржуазия арасында ұзақ уақыт қатты күрес жүрді, ақырында ол күрес 1846 жылы астық заңдарының жойылуымен аяқталды. — 275.
- 67 К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, V т., 1929, 445—461-беттері. — 280.
- 68 *Anti-Corn-Law-League* (Астық заңына қарсы лига) XIX ғасырдың 30-шы жылдарының аяғында Манчестерде құрылған. Лига басшылары тоқымашы фабриканттар Кобден мен Брайт дегендер болған. Лига ірі жер қожаларына орасан табыстар келтіріп отырған бажды, шет елдерден әкелінетін астыққа салынатын өте көп бажды жою үшін күресті. Лига астық бағасын төмендетуді көздеді; ондағы мақсаты — жұмысшылардың жазақысын азайтып, капиталистердің пайдаларын арттыру еді. Лига жалпы сауда бостандығының қажеттігін жақтады, соның талабы бойынша 1846 жылы үкімет астық заңын жойды. «Сауда еркіндігі туралы сөйленген сөз» деген еңбегінде Маркс бұл қозғалысқа сыйпаттама берген (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, V т., 1929, 445—461-беттері). — 281.
- 69 К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, III т., 1929, 447-беті. — 282.
- 70 К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалары, III т., 1930, 545-беті. — 282.
- 71 «*Die Neue Zeit*» («Жаңа Заман») — герман социал-демократия-

- сының 1883 жылдан 1923 жылға дейін Штутгартта шыққан журналы. Оны 1917 жылға дейін К. Каутский, 1917 жылдан бастап Г. Кунов редакциялады. 1885—1895 жылдары „*Die Neue Zeit*“ те Ф. Энгельстің кейбір мақалалары жарыяланған. Энгельс журналдың редакциясына жиі-жиі нұсқау беріп, марксизмнен ауытқығаны үшін оны қатты сынап отырды. 90-шы жылдардың екінші жартысынан бастап журнал ұдайы ревизионистердің мақалаларын баса бастады. Бірінші империалистік соғыс жылдары кезінде журнал центристік, каутскийшілдік позицияда болып, социал-шовинизмді жақтады. — 282.
- 72 Бұл жерде К. Маркс пен Ф. Энгельстің «Неміс идеологиясы» деген еңбегінің бір бөлегі туралы айтылып отыр; К. Маркс өзінің қолын қойып, бұл еңбекті жеке мақалалар ретінде 1847 жылы айсайын шығып тұратын «Вестфаль Пароходы» („*Westphälisches Dampfboot*“) деген журналда жарыялаған, 1899 жылы бұл еңбек герман социал-демократиясының органы *Die Neue Zeit* журналында қайта басылды. Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, IV т., 1938, 481—528-беттері. — 282.
- 73 К. Маркс. «Капитал», I т., 1935, 541 — 542-беттері, немесе К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVII т., 1937, 742—743-беттері. — 284.
- 74 К. Маркс. «Капитал», III т., 1936, 640-беті. — 285.
- 75 К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, III т., 1930, 545—546-беттері. — 289.
- 76 Маркстің «Сауда еркіндігі туралы сөйленген сөзінен» цитата келтіргенде Ленин, цензура жағдайларын еске алып, бұл цитатадағы кейбір сөздердің түрін өзгерткен (немесе тастап кеткен). Мысалы, «элеуметтік революцияны тездетеді» деген сөздерді Ленин «осы «қыйратуды» тездетеді» деп аударған; «тек осы, революциялық мағнада» деген сөйлемді — «тек осы мағнада» деп аударған. Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, V т., 1929, 461-беті. — 289.
- 77 «*Фабрикалық жаңа заң*» деген кітапшаны Ленин Сибирьде айдауда жүргенде, 1897 жылғы жазда, ал кітапшадағы қосымшаны, — осы заңды қолдану туралы ереже жарыяланғаннан кейін, — сол жылдың күзінде (октябрьдің басында) жазған. Кітапшаның қолжазбасы шет елге тек 1898 жылдың күзінде ғана жеткізілді. Кітапшаны «Еңбекті азағ ету» тобы Женевада «Орыс социал-демократтары одағының» баспаханасында 1899 жылы басып шығарған. — 291.
- 78 «*Русские Ведомости*» («Орыс Ведомостілері») — 1886 жылдан бастап Москвада шыққан газет; революцияға қарсы шыққан баяу либералдық интеллигенцияның көзқарастарын жақтаған.

1905 жылдан бастап буржуазиялық кадет партиясының оңшылдарының органы болды. 1918 жылы контрреволюциялық басқа газеттермен бірге бұл да жабылды. — 348.

79 Либералдық халықшыл С. Н. Южаковтың «Ағарту утопиясы» деген мақаласы «Бүкіл халыққа міндетті орта білім беру жоспары» деген атпен «Русское Богатствоның» 1895 жылғы майдағы кітапшасында басылған. «Гимназия шаруашылықтары және құлық түзету гимназиялары» (осы томның 67-бетін қараңыз) және «Халықшылдардың қыяли жобаға әуестігінің үлгілері» (осы томның 507-бетін қараңыз) деген мақалаларында Ленин осы «жоспардың» утопиялы және реакциялық жоспар екенін әйгіледі. — 354.

80 «Орыс социал-демократтарының міндеттері» деген кітапшаны Ленин 1897 жылы Сибирьде айдауда жүргенде жазған, кітапшаны тұңғыш рет «Еңбекті азат ету» тобы 1898 жылы Женевада бастырып шығарған.

«Орыс социал-демократтарының міндеттері» деген Лениннің кітапшасының негізгі қолжазбасы табылған жоқ. Бұл қолжазбаның белгісіз біреудің қолымен жазылған тек көшірмесі ғана бар. Кітапша 1902 жылы екінші рет, 1905 жылы үшінші рет басылды. Осы екі жолғы басылуында да Ленин алғысөздер жазды. Кітапша: Вл. Ильиннің 1907 жылы шыққан, «12 жыл ішінде» деген жыйнағына да енген. Қолжазбаның көшірмесінде бар және кітапшаның бірінші басылуында қосымша ретінде келтірілген, ««Күрес одағынан» Петербург жұмысшылары мен социалистерге» деген үндеухат кітапшаның 1902, 1905 және 1907 жылдардағы басылуында жоқ. Шығармалардың бірінші, екінші және үшінші басылуында басылған осы үндеухат — кәзіргі басылуына да енді. Қолжазба көшірмесінде көшірушіден кеткен кейбір жазу хателері бар. «Еңбекті азат ету» тобы шет елде шығарған бірінші басылуында да кейбір хателер кетіпті, ол хателерді Ленин келесі басылуларында түзеткен. — 357.

81 «Народное право» партиясы — бұрынғы народволяшылардың қатысуымен 1893 жылы құрылған, демократияшыл интеллигенцияның құпия ұйымы; бұл ұйымды 1894 жылғы көктемде патша үкіметі жойып жіберді. Осы ұйым «өте қажетті мәселе» және «манифест» деген программалық екі документ басып шығарған. Саяси партия ретіндегі народоправошыларға Лениннің берген сыйпаттамасын қараңыз: Шығармалар, I т., 356—360-беттері және осы томның 381—382-беттері. Народоправошылардың көпшілігі соңынан эсер партиясына енді. — 361.

82 «Народная Воля тобы» 1891 жылы пайда болып, 1896 жылы тыйылды. Бұл топ народволяшылықтан бірте-бірте социал-демократизмге көшті. Осы топтың жеке мүшелері соңынан РСДЖП-ның белсенді қайраткерлері болды. Бұл топ өзінің баспаханасында «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағының» кейбір шығармаларын басып шығарды. Мысалы «Фабрикалар

- мен заводтарда жұмысшылардан алынатын штрафтар туралы заңды түсіндіру» деген Лениннің кітапшасын басып шығарды. 1896 жылы Лениннің түрмеден жіберілген «Стачка туралы» деген кітапшасы да осы баспаханада басылуға тиісті еді. Алайда патша үкіметі баспахананы жойғандықтан, кітапшаны бастырудың сәті түспеді (кітапшаның қолжазбасы осы күнгө дейін табылған жоқ). — 361.
- 83 «Шет елдегі орыс социал-демократтарының одағы» «Еңбекті азат ету» тобының ынтасымен, 1894 жылы Женевада ұйымдас-тырылған. Ұйымның өз баспаханасы болды, онда революция-шыл әдебиеттерді, сонымен қатар «Работник» журналын басып шығарды. Алғашқы кезде «Одаққа» «Еңбекті азат ету» тобы басшылық етті, оның жазғандарын редакциялап отырды. Кейінгі кезде «Одақта» оппортунист элементтер («жастар» — «экономистер») басым болып кетті. «Одақтың» 1898 жылғы ноябрьдегі бірінші съезінде «Еңбекті азат ету» тобы оның жазғандарын редакциялаудан бас тартты. «Еңбекті азат ету» тобы 1900 жылғы апрельде «Одақтың» екінші съезінде «Одақтан» біржола бөлініп шықты; «Еңбекті азат ету» тобы және оның пікірлестері съезді тастап кетті де, өздерінің «Социал-демократ» деген дербес ұйымын құрды. — 361.
- 84 «Орыс социал-демократтарының міндеттері» деген кітапшаның қолжазбасының осы жерінде «қоғамды» («общества») деп жазылмай, «пр—ва» («производства» — «өндірісті») деп жазылған. Кітапшаның бірінші басылуында (1898 жылы) осы сөз хатеден: «правительства» — «үкіметті» — деген мағнада ұйғарылып, сол күйінде басылған. Кітапшаның Ленин шығарған екінші басылуында (1902 жылы) осы көрінеу хате түзетілген. «Үкіметті» деген сөздің орнына, «қоғамды» деген сөз алынған. 1905 жылы да, «12 жыл ішінде» деген жыйнақта 1907 жылы да кітапша Лениннің осы түзетуімен басылды. — 362.
- 85 «Еңбекті азат ету» тобы — орыс марксистерінің тұңғыш тобы, 1883 жылы Женевада (Швейцарияда) құрылған. Оның негізін құрған Г. В. Плеханов болды. Топ РСДЖП-ның II съезіне дейін (1902 жыл) өмір сүрді.
- «Еңбекті азат ету» тобы «Россияда марксизмді үгіттеу жөнінде көп жұмыс істеді, социал-демократияның теориялық негізін салды, сөйтіп, жұмысшы қозғалысына қарай бір қадам алға басты» («БК(б)П Тарихы. Қысқаша курс», 26-бет). Бұл топ марксизмнің негізін салушылардың шығармаларын: Маркспен Энгельстің «Коммунист партиясының манифесі», Маркстің «Жалдамалы еңбек және капитал», Энгельстің «Социализмнің утопиядан ғылымға қарай дамуы» деген кітаптарын, тағы басқа еңбектерді орыс тіліне аударды, ол еңбектерді шет елдерде бастырып шығарып, жасырын жолмен Россияда тарата бастады. Г. В. Плеханов және оның «Еңбекті азат ету» тобы халықшылдарға үзілді-кесілді соққы берді. Бірақ «Еңбекті азат ету» тобының үлкен хателері де болды, бұл хателер Плехановтың

және сол топтың басқа мүшелерінің болашақ меньшевиктік көзқарастарының ұрығы болды.

Осы топтың істеген істері, тарихи маңызы жөніндегі берілген бағаны қараңыз: «БК(б)П тарихы. Қысқаша курс», бірінші тарауы. — 373.

- 86 *Бланкизм* — француздың социалистік қозғалысындағы ағым; бұл ағымды көрнекті революционер Луи-Огюст Бланки (1805—1881) бастаған. Бланки Франциядағы революциялық қозғалысқа белсенді түрде қатысты, екі рет өлім жазасына кесілді, жалпы алғанда өмірінің жартысын түрмеде отырып өткізді.

Марксизм-ленинизм классиктері Бланкиді күмансыз революционер және социализмнің жалынды жақтаушысы деп есептей отырып, сонымен қатар сектанттығы үшін, астыртын әрекет әдісін қолданғаны үшін оны батыл сынаған болатын. Ленин 1906 жылы, «Съездің қортындысына» деген мақаласында былай деп жазды: «Бланкизм дегеніміз — тап күресін жоққа шығаратын теория. Бланкизм: адамзат жалдамалы құлдықтан құтылғанда пролетариаттың тап күресі арқылы емес, шағындау интеллигенттер азшылығының астыртын әрекеті арқылы құтылады деп дәмеленеді». — 376.

- 87 «Пермь губерниясындағы 1894/95 жылғы майдагерлік санақ және «майдагерлік» өнеркәсіптің жалпы мәселелері» деген мақаланы Ленин 1897 жылы Сибирьде айдауда жүргенде жазған. Бұл мақаладағы материалдарды Ленин «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітабында да пайдаланған (Шығармалар, 3-том).

Бұл мақала тұңғыш рет 1898 жылы «Экономикалық этюдтер мен мақалалар» деген жыйнақта басылып, онан кейін 1908 жылы «Аграрлық мәселе» деген жыйнақта қайта басылды. — 390.

- 88 К. Маркс. «Капитал», I т., 1935, 600—601-беттері, немесе К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVII т., 1937, 818-беті. — 422.

- 89 К. Маркс. «Капитал», I т., 1935, 296-беті, немесе К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVII т., 1937, 429-беті. — 445.

- 90 Лениннің айтып отырғаны «Финанс министрлігінің жыл сайынғысы». I басылуы, С.-Петербург, 1869, 225-беті. — 468.

- 91 *Truck system* — жұмысшыларға жалақыны фабриканттарға қарасты фабрикалық дүкендерден товардай төлеу системасы. Қожайындар ақшалай жалақы төлеудің орнына жұмысшыларға осы дүкендерден сапасы нашар заттарды қымбат бағамен зорлап алғызады. Жұмысшыларды қанаудың қосымша құралы болған осы система Россияда майдагерлік кәсіпшіліктері басым аудандарда өте-мөте көп тараған еді. — 471.

- 92 *«Юридический Вестник» («Зан Хабаршысы»)* — буржуазиялық-либералдық бағыттағы, ай сайын шығып тұрған журнал. 1867 жылдан 1892 жылға дейін Москвада шыққан. — 479.
- 93 *«Деловой Корреспондент» («Ескер Тілші»)* — 1886—1898 жылдары Екатеринбургте (қазіргі Свердловск) шыққан газет. — 485.
- 94 *«Манчестерліктер»* — буржуазиялық саяси экономиядағы «манчестерлік ағымды» жақтаушылар, олар ХІХ ғасырдың алғашқы жартысында сауда бостандығын және капитализмнің дамуын бөгеген заңдардың (астық заңы, тағы басқалары) жойылуын көзден күрес жүргізді. Бұл қозғалыстың орталығы Англияның ірі өнеркәсіпті қаласы Манчестер болды. «Манчестерлік ағымды» басқарғандар Кобден мен Брайт еді. — 505.
- 95 *«Халықшылардың қыяли жобаға әуестігінің үлгілері»* деген мақаланы Ленин Сибирьде айдауда жүріп 1897 жылдың аяқ кезінде «Новое Слово» журналына арнап жазған; үкімет ол журналды 1897 жылғы декабрьде жауып тастағанын Ленин білген жоқ еді.
Ленин 1898 жылы бұл мақаланы «Экономикалық этюдтер мен мақалалар» деген жыйнаққа енгізді. — 507.
- 96 *«Шәкірттер»* — Маркс пен Энгельстің жолын қуғандар. Бұл термин марксистердің жарыя түрдегі аты есебінде ХІХ ғасырдың 90-шы жылдарында қолданылған. — 510.
- 97 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс, Шығармалар, ІІІ т., 1930, 546-беті. — 518.
- 98 *Орыстың ұлы утопшісі* — орыстың ұлы ғалымы және сыншысы, көрнекті демократ революционер, Н. Г. Чернышевский (1828—1889). Өзі редакциялаған «Современник» журналында Чернышевский — «цензураның кұрған тұзақ-торына карамастан — шаруалық революция идеясын, бұқараның барлық ескі өкіметтерді күлату жолындағы күрес идеясын» таратты (Ленин, «Шаруалық реформа» деген мақаласы). Шаруаларды «азат ету» туралы манифестен (1861 жылғы) кейін жазған, «Ақ сүйектердегі шаруаларға» деген революциялық үндеухатында Чернышевский шаруалар бұқарасын патша мен помещиктерге қарсы көтеріліс жасауға шақырды, Маркс Чернышевскийді буржуазиялық саяси экономияның күйрегенін шеберлікпен көрсеткен, орыстың ұлы ғалымы және сыншысы деп атады. «Чернышевский, — деп жазды Ленин, — 50-ші жылдан 88-ші жылға дейін бүтін философиялық материализм дәрежесінде қала алған, орыстың шын мағнада, дара ұлы жазушысы. Бірақ, өрыс өмірінің артта қалғандығы салдарынан Маркс пен Энгельстің диалектикалық материализміне Чернышевский жете алмады, дұрысырақ айтқанда жетуге шамасы келмеді» (Ленин, «Материализм және эмпириокритицизм»), 1862 жылы патша үкіметі Чернышевскийді тұтқынға алып, оны 7 жыл каторгалық

- жұмыс істеуге және өмір бойына Сибирьге жер аударуға үкім етті. Патша үкіметінің бұл қудалауы Чернышевскийдің сағын сындыра алмады. Ол өз өмірінің ақырына дейін патша үкіметіне қарсы батыл күресті. — 532.
- 99 *Novus* — П. Б. Струвенің жасырын аты. — 539.
- 100 К. Маркс пен Ф. Энгельс. «Коммунист партиясының манифесі». Қараңыз: К. Маркс. Таңдамалы шығармалар, I т., 1940, 142-беті. Төменде Ленин осы жерден толығырақ цитата келтіреді (осы томның 540-бетіндегі үшінші ескертуді қараңыз). — 539.
- 101 Лениннің бұл жерде көрсетіп отырғаны «Новое Слово» журналының 39-беті (9-кітап, 1897 жылғы июнь); оның «Экономикалық романтизмнің сыйпаты жөнінде» деген мақаласындағы ауызға алып отырған жері сол бетте (осы томның 247-бетін қараңыз). — 540.
- 102 К. Маркс. «Капитал», I т., 1935, 392-беті, немесе К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVII т., 1937, 552-беті. — 540.
- 103 К. Маркс. Таңдамалы шығармалар, II т., 1940, 249—339-беттері. — 540.
- 104 «Біз қай мұрадан бас тартамыз?» деген мақаланы Ленин 1897 жылдың аяқ кезінде Сибирьде айдауда жүріп жазған, 1898 жылы осы мақала «Экономикалық этюдтер мен мақалалар» деген жыйнақта басылған. — 543.
- 105 „Soziales aus Russland“ («Россиядағы қоғам қатнастары туралы») (1875) деген кітапшасында Энгельс баяу консерватор болған Скалдинді сыпаттап көрсетті. Қараңыз: К. Маркс. Таңдамалы шығармалар, II т., 1940, 547-беті. — 559.
- 106 XIX ғасырдың 60-шы жылдарындағы идеялық «мұра» туралы айта келіп Ленин, цензура жағдайларына сәйкес, Скалдинді атауға мәжбүр болды. Шындығында Ленин аталған «мұраның» басты өкілі деп Н. Г. Чернышевскийді айтқан, 1899 жылғы 25 январьда Сибирьде айдауда жүріп жазған хатында Ленин былай деп жазады: «...дәл Скалдиннен мұра алу керек дегенді мен еш жерде де айтқан жоқпын. Ал басқа адамдардан мұра алу керек екендігі — даусыз нәрсе. Меніңше, өзіме қорған боларлық нәрсе (дұшпандардың ықтыымал шабуылына қарсы қорған боларлық нәрсе) 237-беттегі ескерту (осы томның 559 бетінде. *Ред.*); сол бетте менің еске алғаным Чернышевскийдің нақ өзі және салыстыру үшін оны алудың ыңғайсыздығын дәлелдеп көрсеттім». — 559.
- 107 «Земледельческая Газета» («Егіншілік Газет») мемлекеттік мүліктер мен егін шаруашылығы министрлігінің 1834 жылдан бастап шығарған газеті.
Бұл газет 1917 жылы жабылды. — 565.

- ¹⁰⁸ «Вестник Европы» («Европа Хабаршысы») — 1866 жылдан бастап 1918 жылға дейін Петербургте ай сайын шығып тұрған журнал. Журнал орыстың либералдық буржуазиясының көз-қарастарын жақтады; 90-шы жылдардан бастап марксизмге қарсы ұдайы күрес жүргізді. — 570.
- ¹⁰⁹ К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, III т 1930, 105-беті: — 579.
- ¹¹⁰ Н. Каменский — Г. В. Плехановтың жасырын аты; ол «Новое Слово» журналындағы өз мақалаларына осылай қол қойып отырған. Ленин «Новое Словоның» 1897 жылғы сентябрьдегі кітапшасында басылған, Плехановтың «Тарихты материалистік жолмен тану туралы» деген мақаласына Н. К. Михайловскийдің жасаған шабуылы туралы айтып отыр. — 587.
- ¹¹¹ «Неделя» («Апта») — 1866 жылдан 1901 жылға дейін Петербургте апта сайын шығып тұрған, либерал-халықшылдар газеті. Бұл газет самодержавиемен күресушілерге қарсы шықты, «кіші істер» теориясы дейтін теорияны уағыздады, яғни интеллигенцияны революциялық күрестен бастартуға, сөйтіп «мәдениетшілдікпен» шұғылдануға шақырды. — 591.
-

В. И. ЛЕНИННИҢ
ӨМІРІ МЕН ІСІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

(1895—1897 жылдар)

1895

- Февраль, 18 немесе 19 (март, 2 немесе 3).* Ленин Россияның әртүрлі қалаларындағы социал-демократиялық топтар мүшелерінің Петербургтегі кеңесіне қатысады. Кеңесте марксистік тар көлемді үйірмелерде насихаттаудан көпшілік арасында саяси үгіт жүргізуге көшу туралы және жұмысшылар үшін жеңіл-желпі өдебиет шығару туралы мәселелер талқыланады.
- Апрель.* Лениннің (К. Тулин деген жасырын атпен) «Халықшылдықтың экономикалық мазмұны және оған Струве мырзаның кітабында берілген сын» деген еңбегі «Біздегі шаруашылық дамуының сыйпаттамасына материалдар» деген жыйнақта басылды. Жыйнақты патша цензурасы қолға түсіріп, тиражының бәрін дерлік өртеп жіберді.
- Апрель, 25 (май, 7).* Ленин «Еңбекті азат ету» тобымен байланыс жасау үшін және батыс-европалық жұмысшылар қозғалысымен танысу үшін шет елге кетеді.
- Май.* Ленин Швейцарияда «Еңбекті азат ету» тобының мүшелерімен (Г. В. Плехановпен және басқалармен) танысады, олармен тұрақты байланыс жасап отыру туралы және шет елде «Работник» жыйнағын шығару туралы келіседі.
- Майдың ақыры — июнь (июнь — июльдің басы).* Ленин Парижде тұрады. П. Лафаргпен танысады.
- Июль.* Ленин Швейцариядағы санаторийлердің бірінде емделеді.

- Июльдің екінші жартысы — сентябрьдің басы (августің бірінші жартысы — сентябрьдің ортасы).* Ленин Берлинде болған уақытында көпшілік кітапханасында жұмыс істейді, шет елдегі марксистік әдебиетпен танысады, жұмысшылардың жыйналыстарына катысады.
- Июль, 25 (август, 6).* Ленин Берлин маңындағы жұмысшылар тұрағында (Niederbarnim округі) болған социал-демократиялық жыйналысқа катысады.
- Сентябрь, 7 (19).* Ленин шет елден қайтып келеді. Ол қос түпті чемоданға салып, марксистік құпия әдебиет ала келеді.
- Сентябрьдің 7 мен 29 (сентябрьдің 19 мен октябрьдің 11) арасында.* Ленин Вильно, Москва және Орехово-Зуево қалаларында болады, жергілікті социал-демократиялық топтар мүшелерімен байланыс жасайды, шет елде шығатын «Работник» жыйнағына көмектесу жөнінде олармен келіседі.
- Сентябрь, 29 (октябрь, 11).* Лениннің Петербургке қайтуы.
- Күз.* Ленин Петербургте «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағын» құрады.
- Ноябрь.* Ленин Россиядағы жұмысшылар қозғалысы туралы «Работник» жыйнағына арнап шет елге бірнеше хат-хабарлар жібереді.
- Ноябрьдің 7 (19) пен бұрын емес.* Петербург «Күрес одағы» «Торнтон фабрикасының жұмысшылары мен жұмысшы әйелдеріне» деген Ленин жазған үндеухатты басып шығарады.
- Ноябрь, 25 (декабрь, 7).* Лениннің «Гимназия шаруашылықтары және құлық түзету гимназиялары» деген мақаласы «Самарский Вестник» газетінде шығады.
- Ноябрь — декабрьдің басы (ноябрь — декабрьдің ортасы).* Ленин Петербург «Күрес одағының» органы «Рабочее Дело» деген құпия газеттің бірінші номерін баспаға дайындайды; «Орыс жұмысшыларына» деген басмақаланы, «Біздің министрлер не ойлайды?» деген мақаланы және басқаларын жазады; сол номердегі барлық материалдарды редакциялайды.

- Декабрь, 3 (15).* Лениннің «Фабрикалар мен заводтарда жұмысшылардан алынатын штрафтар туралы заңды түсіндіру» деген кітапшасы басыла бастайды.
- Декабрь, 8 (20).* «Күрес одағының» Ленин бастаған жетекші тобының мәжлісінде «Рабочее Дело» газетінің баспаға дайындалған бірінші номері талқыланады.
- Декабрь, 8нен 9на (20нан 21не) қараған түн.* Лениннің және оның Петербург «Күрес одағындағы» серіктерінің тұтқынға алынуы. А. А. Ванеевті тінтіп тұтқынға алғанда «Рабочее Дело» газетінің бірінші номерінің баспаға дайындалған материалдары полицияның қолына түседі. Ленин тұтқынға алынғаннан кейін соттаудан бұрын қамау үйіне жіберіледі.
- Декабрь, 21 (2 январь, 1896 ж.).* Лениннен түрмеде бірінші жауап алу.
- Жылдың ақыры.* Ленин социал-демократиялық партия программасының жобасын жазады.

1896

- 1896 жыл.* Ленин Петербург «Күрес одағының» еркіншілікте қалған мүшелерімен түрмеде жатып, байланыс жасайды, «Одаққа» ақылын айтып, нұсқаулар беріп көмектесіп отырады, өзі жазған кітапшалар мен үндеухаттарды жіберіп тұрады.
- Январьдың басы.* Ленин «Россияда капитализмнің дамуы» деген өзінің еңбегін түрмеде дайындауға кіріседі.
- Марттан бұрын емес.* Лениннің 1895 ж. жазылған, «Фридрих Энгельс» деген мақаласы «Работник» жыйнағының 1—2-номерінде шығады.
- Март, 30 (апрель, 11).* Лениннен түрмеде екінші жауап алу.
- Май, 7 (19).* Үшінші жауап алу.
- Май, 27 (июнь, 8).* Төртінші жауап алу.
- Жаз.* Ленин социал-демократиялық партияның программасына түсінік жазады.

25 ноябрьден
(7 декабрьден)
бұрынғырақ. Петербург «Күрес одағы» Лениннің түрмеде жазған «Патша үкіметіне» деген үндеухатын шығарады.

1897

Январь, 29
(февраль, 10). Ленинді полицияның жарыя түрде бақылауына алып, үш жылға Шығыс Сибирьге жер аудару туралы патша үкіметінің әмірі.

Февраль, 13 (25). Шығыс Сибирьге жер аударылуы туралы Ленинге үкім жарыяланады.

Февраль, 14 (26). Ленин соттан бұрын қамау үйінен шығарылып, Петербургте 17 февральдың (1 марттың) кешіне дейін болуына рұхсат алады.

Февраль, 14 (26)
(февраль, 26 —
март, 1). Ленин Петербургте «Күрес одағының», жер аударылар алдында босатылған «қарт» мүшелерімен және «жас» мүшелерімен кездеседі. «Одақтың» «қарт» және «жас» мүшелерінің жыйналысында Ленин «жастардан» көріне бастаған «экономизмді» қатты сынайды.

Февраль, 17
(март, 1). Лениннің Петербургтен Сибирь айдауына Москва арқылы сапар шегуі.

Февраль, 18—22
(март, 2—6). Айдалып бара жатқан бетінде Ленин Москвадағы шешесінің үйіне түседі, мұнда полиция рұхсат еткен мерзімнен тыс екі күн кідіреді.

Февраль, 22
(март, 6). Лениннің Москвадан Сибирь айдауына сапар шегуі.

Март, 4 (16). Ленин Красноярскіге келеді.

Март, 9 —
апрель, 30
(март, 21 —
май, 12). Ленин Красноярскіде болған уақытында жергілікті купец Г. В. Юдиннің меншікті кітапханасындағы кітаптарды пайдаланып, Россияның экономикалық даму мәселелері жөнінде еңбек етеді.

Апрель—июль. Лениннің «Экономикалық романтизмнің сыйпаттамасы жөнінде» деген еңбегі «Новое Слово» журналының 7—10-номерінде шығады.

Апрельдің ақыры
(майдың бірінші жартысы). Ленин Красноярск түрмесінде Н. Е. Федосеевпен кездеседі.

- Апрель, 30*
(май, 12). Ленин Красноярскіден Минусинск арқылы айдау мерзімін өтеуге белгіленген Шушенское селосына жүріп кетеді.
- Май, 6 (18).* Лениннің Минусинскіге келуі.
- Май, 8 (20).* Лениннің Енисей губерниясына қарасты, Минусинск округіндегі Шушенское селосына келуі.
- Жаз бен күз.* Ленин «Фабрикалық жаңа заң» деген кітапшаны және оған қосымшаны жазады.
- Сентябрь, 27—28*
(октябрь, 9—10). Лениннің Минусинскіге баруы; айдаудағы народволяшылармен және народоправошылармен танысуы.
- Сентябрь, 29 —*
октябрь, 4 (октябрь, 11—16). Ленин Минусинскіден Тесинское селосындағы социал-демократтарға келіп, онда бес күн болады.
- Ноябрь.* Лениннің Шушенское селосынан Минусинскіге «рұхсатсыз кетуі».
- Жылдың екінші жартысы.* Ленин «Орыс социал-демократтарының міндеттері» деген кітапшаны және «Пермь губерниясындағы 1894/95 жылғы майдагерлік санақ және «майдагерлік» өнеркәсіптің жалпы мәселелері», «Халықшылдардың қыяли жобаға әуестігінің үлгілері», «Біз қай мұрадан бастартамыз?» деген мақалаларды жазады.
- 1897 жыл.* Ленин айдауда жүрсе де, Россиядағы жұмысшы қозғалысының орталықтарынан және шет елдегі «Еңбекті азат ету» тобынан байланысын үзбейді; басқа жерлерде айдауда жүрген социал-демократтармен де хат жазысып тұрады; «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітабын әзірлеу жолында жұмыс істей береді.
Ленин Шушенское селосындағы және сол маңайдағы шаруаларға заң жөнінде ақылын айтып көмектесіп отырады, олардың арасында беделі артады.

М А З М У Н Ы

Алғысөз	IX
<i>1895 ж.</i>	
ФРИДРИХ ЭНГЕЛЬС	1—15
ФАБРИКАЛАР МЕН ЗАВОДТАРДА ЖҰМЫСШЫЛАРДАН АЛЫНА- ТЫН ШТРАФТАР ТУРАЛЫ ЗАҢДЫ ТҮСІНДІРУ	17—66
I Штраф деген не?	21
II Бұрын штраф қалай салынып келді және штраф туралы жаңа заңның шығуына не себеп болды?	23
III Фабрикант қандай себептермен штраф сала алады?	29
IV Штрафтың көптігі қандай болуы мүмкін?	37
V Штраф салудың тәртібі қандай?	41
VI Штрафтан түскен ақша, заң бойынша, қайда жұмсалуға тиіс?	46
VII Штрафтар туралы заңдар жұмысшылардың бәріне қолданыла ма?	60
VIII Қортынды	63
ГИМНАЗИЯ ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫ ЖӘНЕ ҚҰЛЫҚ ТҮЗЕТУ ГИМНА- ЗИЯЛАРЫ („Русское Богатство“)	67—75
ТОРНТОН ФАБРИКАСЫНЫҢ ЖҰМЫСШЫЛАРЫ МЕН ЖҰМЫСШЫ ЭЙЕЛДЕРІНЕ	76—81
БІЗДІҢ МИНИСТРЛЕР НЕ ОЙЛАЙДЫ?	82—88
СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ПАРТИЯНЫҢ ПРОГРАММАСЫНЫҢ ЖОБАСЫ ЖӘНЕ ОНЫ ТҮСІНДІРУ	89—120
Программаның жобасы	91
Программаны түсіндіру	95

1896 ж.

ПАТША ҮКІМЕТІНЕ	121
---------------------------	-----

1897 ж.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ РОМАНТИЗМНІҢ СЫЙПАТТАМАСЫ ЖӨНІНДЕ (Сисмонди және өз еліміздің сисмондистері)	129—289
---	---------

<i>I тарау</i>	Романтизмнің экономикалық теориялары	134
	I Ұсақ өндірушілердің күйзеліске ұшырағандығынан ішкі рынок шағындала ма?	135
	II Сисмондидың ұлттық табыс пен капитал жөніндегі көзқарасы	141
	III Капиталистік қоғамдағы жылдық өнімнің екі бөлімі туралы хатә ғылымнан Сисмондидың жасаған қортындылары	148
	IV Адам Смит пен Сисмондидың ұлттық табыс туралы ғылымдарының хатесі неде?	153
	V Капиталистік қоғамдағы қор жыйнау	158
	VI Сыртқы рынок үстеме құнды орналастырудары «қыйыншылықтан құтылудың жолы»	166
	VII Дағдарыс	172
	VIII Капиталистік рента және капиталистік халық артылысы	182
	IX Капиталистік қоғамдағы машиналар	194
	X Протекционизм	203
	XI Сисмондидың саяси экономия тарихындағы жалпы маңызы	211
	Пост-скрипtum	221

<i>II тарау</i>	Романтиктердің капитализмді сынау түрі	222
	I Капитализмді сентименталды түрде сынау	223
	II Романтизмнің ұсақбуржуазиялық сыйпаты	236
	III Егіншіліктегі халықтың есебінен индустрия халқының өсуі туралы мәселе	243
	IV Романтизмнің практикалық тілектері	249
	V Романтизмнің реакцияшылдық сыйпаты	258
	VI Англияда астыққа түсетін баж салығы туралы мәселені романтизм мен ғылми теорияның бағалауы	274

ФАБРИКАЛЫҚ ЖАҢА ЗАҢ	291—347
-------------------------------	---------

I Фабрикалық жаңа заңның шығуына не себеп болды?	295
II Нені жұмыс уақты деп есептеу керек?	298
III Жаңа заң жұмыс уақтыын қанша қысқартады?	301

IV Заң жұмысшылардың «түлгі уақыты» деп нені есептейді?	303
V Мерзімнен тыс жұмыстарға шек қою жұмысшыға «әділсіздік» істегендік болар еді, дегенді финанс министрлігі қалай дәлелдейді?	307
VI Жаңа заң министрлерге қандай праволар береді?	312
VII Біздің «христиандық» үкімет жұмысшылардың мейрам күндерін қалай кемітеді?	317
VIII Жаңа заңның орындалуы немен қамтамасыз етілген?	324
IX Жаңа заң жұмысшылардың тұрмыс-халін жақсарта ма?	327
X Жаңа заңның қандай маңызы бар?	331
<i>Қосымша</i>	334
I	334
II	335
III	337
IV	338
V	341
VI	342
VII	346
БІР ГАЗЕТ МАҚАЛАСЫ ЖӨНІНДЕ	348—355
ОРЫС СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТТАРЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ	357—384
Петербург жұмысшылары мен социалистеріне «Күрес одағынан»	385
ПЕРМЬ ГУБЕРНИЯСЫНДАҒЫ 1894/95 ЖЫЛҒЫ МАЙДАГЕРЛІК САНАҚ ЖӘНЕ „МАЙДАГЕРЛІК“ ӨНЕРКӘСІПТІҢ ЖАЛПЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ	391—505
<i>Бірінші мақала</i>	393
I Жалпы мәліметтер	394
II «Майдагер» және жалдамалы еңбек	407
III «Қауымдық-еңбек сабақтастылығы»	420
<i>Екінші мақала</i>	426
IV «Майдагерлердің» егіншілік кәсібі	426
V Ірі және ұсақ кәсіпорындар.—Майдагерлердің табыстары	443
<i>Үшінші мақала</i>	462
VI Алып сатар дегеніміз не?	462
VII Майдагерлік өнеркәсіптегі «сүйсінерлік жардайлар»	481
VIII Өнеркәсіптік саясаттың халықшылдық программасы	489

ХАЛЫҚШЫЛДАРДЫҢ ҚЫЯЛИ ЖОБАҒА ӘУЕСТІГІНІҢ ҮЛГІЛЕРІ
(С. Н. Ю ж а к о в: *Ағарту мәселелері: Публицистикалық тәжірибелер. — Орта мектеп реформасы. — Жоғары дәрежелі білім алудың системалары мен міндеттері. — Гилнәзиялық оқу кітаптары. — Бүкіл халықты оқыту мәселесі. — Әйелдер және ағарту жұмысы. СПб. 1897. VIII (+ 283 бет. Бағасы 1 сом 50 тыйын).* 507 — 542

I	509
II	510
III	519
IV	522
V	526
VI	531
VII	538

БІЗ ҚАЙ МҰРАДАН БАС ТАРТАМЫЗ? 543—592

I «Мұра» өкілдерінің бірі	547
II Халықшылдардың «мұраға» қосқаны	560
III «Мұра» халықшылдықпен байланыс жасаудан ұтты ма?	568
IV «Ағартушылар», халықшылдар және «шәкірттер»	580
V Михайловский мырза «шәкірттердің» мұрадан бас тартуы туралы	583

Ескертпелер 593

В. И. Лениннің өмірі мен ісінің кезеңдері 613

Ө Р Н Е К С У Р Е Т Т Е Р

В. И. Лениннің портреті. — 1897 ж. X—1

«Работник» жыйнағының ішкі беті, онда В. И Лениннің «Фридрих Энгельс» деген некролог мақаласы бірінші рет басылған. — 1896 ж. 3

В. И. Лениннің «Фабрикалар мен заводтарда жұмысшылардан алынатын штрафтар туралы заңды түсіндіру» деген кітапшасының тысы. — 1895 ж. 19

В. И. Лениннің: «Экономикалық романтизмнің сыйпаттамасы жөнінде» және «Бір газет мақаласы жөнінде» деген мақалалары бірінші рет басылып шыққан «Новое Слово» журналының тысы. — 1897 ж. 131

В. И. Лениннің: «Фабрикалық жаңа заң» деген кітапшасының тысы. — 1899 ж.	293
В. И. Лениннің «Орыс социал-демократтарының міндеттері» деген кітапшасының 2-ші басылуының тысы.—1902 ж.	359
В. Ильиннің (В. И. Лениннің) «Экономикалық этюдтер мен мақалалар» деген мақалалар жыйнағының тысы	389
В. И. Лениннің айдауда жүрген кезінде Шушенское селосындағы тұрған үйі	506—507

Тираж 50 тыс. экз. (25001 - 50000).

Подписано к печати

19/VI 1947 г. - 20/V 1948 г.

Объем 39,75 п. л. + 2 вклейки

(0,25 п. л.) Ф. 6. 82 × 110^{1/2} мм

Издательский № 1. Зак. № 616.

Цена 6 р. 50 копеек.

Набрано в Гостипографии № 1, отпечатано
в Гостипографии № 2

Управления полиграфии и издательства
при Совете Министров Казахской ССР

АЛМА-АТА





2

